

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП»
ҰЛТТЫҚ АТОМ КОМПАНИЯСЫ» АҚ

(Қазақстан Республикасында тіркелген)

Өтеу мерзімі 2015 жыл және 6,25 % купондық сыйақы мөлшерлемесімен 500 000 000 АҚШ доллары көлеміндегі Облигациялар

Облигацияларды шығару құны: 98,947%

Ұлттық Атом «Қазатомөнеркәсіп» Компаниясы АҚ («Компания») өтеу мерзімі 2015 жылға белгіленген негізгі қарыздың 6,25 % купондық сыйақы мөлшерлемесімен 500 000 000 АҚШ доллары сомасына облигациялар шығарады («Облигациялар»). Облигациялар бойынша пайыздық сыйақы негізгі қарыз сомасының 6,25% жылдық мөлшерлемесі бойынша, 2010 жылдың 20 мамырынан бастап есептелінеді және 2010 жылдың 20 қарашасынан бастап, жартыжылдық негізде, жыл сайын 20 мамыр және 20 қараша күндері төлеуге болады. Облигациялар, Компания және Облигация ұстаушылардың Сенімгер басқарушысы («Сенімгер басқарушы») ретіндегі BNY Corporate Trustee Services Limited арасында, 2010 жылдың 20 мамырында жасалған Сенімгерлік басқару туралы келісімге («Сенімгерлік басқару туралы келісім») негізделіп, реттелетін болады.

Облигациялар бойынша төлемдер Қазақстанда қолданылатын, төлем көздерінен ұсталатын қандай да бір табыс салықтарын ұстаусыз толық көлемде, «Облигация шарттарында» жазылған деңгейде жүзеге асырылатын болады. Егер Компания белгілі бір қосымша сомаларды немесе «Облигация шарттарында - Өтеу мен сатып алу – салық салу себептері бойынша өтеуде» жазылғандай басқа сомаларды төлеуге міндетті болса, онда Компания Облигацияларды, есептелген бірақ төленбеген купондық сыйақыны қосқанда, негізгі қарыздың 100 пайызын толығымен өтей алады. Облигациялар «Облигациялар шарттарында – мәртебе өзгерген жағдайда Облигация ұстаушының қалауы бойынша өтеу» бөлімінде көрсетілгендей, Компанияның шығарылған және өтелмеген акцияларының 100% (тікелей немесе жанама түрде) Қазақстанға тиесілі болудан шыққан жағдайды қосқанда, кейбір жағдайларда, Облигация ұстаушылардың қалауы бойынша, Облигациялардың негізгі сомасының 101 пайызын құрайтын баға бойынша сатып алына алады. Егер өтелген немесе сатып алынған және жойылған болмаса, ноталар негізгі қарыздың 2010 жылдың 20 мамырындағы көлемінде өтелетін болады.

Облигациялар Компанияның қамтамасыз етілмеген және субординацияланбаған міндеттемесіне айналып, Компанияның қазіргі және алдағы қамтамасыз етілмеген және субординацияланбаған міндеттемелерімен тең төлеу құқығына ие болатын болады.

Бұл құжат («Анықтамалық»), 2000 жылдың Қаржылық қызмет пен нарық туралы Заңына («Ұлыбританияның листингтік басқаруы») («FSMA») және 2003/71/ЕО Директивасына («Анықтамалық туралы Директива») сәйкес құзырлы орган болып табылатын, Қаржылық қызметті бақылау басқармасына бекітуге табысталған. Ұлыбританияның Листингтік басқармасының ресми тізіміне қосу үшін («Ресми тізім»)

Ұлыбританияның Листингтік басқармасы мен Қор биржасының реттелуші нарығында («Реттелуші Нарық») саудалауға рұқсат беру үшін Лондондық Қор Биржасына («Қор Биржасы») тапсырыс берілген. Анықтамалықтағы «листингтелген» Облигацияларға (және осыған байланысты барлық сілтемелер) берілген сілтемелер Облигациялардың Ресми Тізімге енгізілгенін және Реттелуші Нарықта саудаласуға рұқсат етілгенін білдіреді. Бұл құжат Анықтамалық туралы Директива мақсаттарына және 2005 жылғы Реттеу Анықтамалықтың (2003/71/ЕО Директивасы) мақсаттарына «Анықтамалық» болып табылады («Анықтамалықты Реттеу»). Реттеліп басқарылатын Нарық дегеніміз - Нарықтар және Қаржылық құралдар туралы 2004/39/ЕО Директивасының мақсаттарына арналған ретімен басқарылатын нарық. Сондай-ақ Облигациялар Қазақстанның Қор Биржасында да ("KASE") листингіленетін болады. Облигациялар бойынша саудалардың кез келген нарықта әрі қарай дамитынына немесе қолдау алатынына кепілдік жоқ.

Облигациялар АҚШ-тың Бағалы қағаздар туралы 1933 жылғы заңы мен оның қолданыстағы редакциясы бойынша («Бағалы қағаздар туралы АҚШ Заңы») немесе қандай да бір Штаттың бағалы қағаздарға байланысты реттеп бақылаушы органында немесе Құрама Штаттардың басқа да құзыретті мекемесінде тіркелмеген және тіркелмейді, сонымен қатар, Бағалы қағаздар туралы АҚШ заңының тіркелген талаптарымен қамтылмаған транзакцияларды қоспағанда, АҚШ аумағында ұсынылмайды, сатылмайды немесе жеткізіліп берілмейді. Облигациялар Америка Құрама Штаттарынан тыс жерлерде АҚШ-тың Бағалы қағаздар туралы Заңына сәйкес, S бақылауымен («S Ережесі») және АҚШ аумағында АҚШ-тың Бағалы қағаздар туралы Заңының 144А Ережесіне сәйкес («144А Ережесі») білікті институттық сатып алушыларға («БИС») ұсынылады және сатылады. Осы құжат арқылы ықтималды сатып алушылар, Облигация сатушыларының 144А Ережесіне сай ұсынылатын АҚШ-тың Бағалы қағаздар туралы Заңының 5-Секциясының шарттары бойынша ерекшеліктерге сүйенетінінен хабардар етіледі. Не Бағалы қағаздар және Қор биржалары бойынша комиссия не қандай да бір штаттың құнды қағаздар бойынша комиссиясы аталмыш құнды қағаздарды бекіткен немесе бекітпеген немесе осы Анықтамалықтың сәйкестігі мен ұқыптылығын тексермеген. Осыны жоққа шығарып куәлік ету, қылмысты іс болып табылады. Облигациялар беру және қайта сатылу мүмкіндігі бойынша шектелген және АҚШ-тың Бағалы қағаздар туралы Заңы мен осы тіркеуге сәйкес қолданыстағы бағалы қағаздар туралы заңдар бойынша рұқсат етілген жағдайлардан басқа жағдайларда беріле немес қайта сатыла алмайды. Ұсыну, сату немесе беру бойынша шектеулердің толығырақ сипаттамасын алу үшін «Жазылу және сатуды» және «Тапсырысқа қойылатын шектеулерді» қараңыз.

S Ережесі бойынша сатылатын және ұсынылатын Облигациялар, шамамен 2010 жылдың 20 мамырында («Жабылу мерзімі») Clearstream Banking, société anonyme («Clearstream, Люксембург») және Euroclear Bank S.A./N.V. («Euroclear»)-тың жалпы депозитарийінде депозитке салынатын және нақты ұстаушының атына тіркелетін, қосымша пайыздық купонсыз тіркелген күйі S Ережесі бойынша Жаһандық Облигациямен («S Ережесі бойынша Жаһандық Облигация») алдын ала ұсынылады. 144А Ережесі бойынша ұсынылатын және сатылатын Облигациялар, нақты The Depository Trust

Company («DTC») ұстаушысы ретінде Cede & Co. атына тіркелген шамамен кастодиандағы Жабылу мерзіміне депозитке салынған болатын және қосымша пайыздық купонсыз тіркелген күйде шектелген Жаһандық Облигациядағы («Жаһандық Облигациялар», S Ережесі бойынша Жаһандық Облигациямен бірге «144А Ережесі бойынша Жаһандық Облигация») бенифициарлық қатысумен ұсынылатын болады. Бенефициардың Жаһандық Облигацияларға иелік етуі және аударымдар тек DTC, Euroclear және Clearstream, Люксембургтағы жазбалар және сол жерлердегі есеп-шот иелері арқылы жүзеге асады. S Ережесі бойынша Жаһандық Облигация және 144А Ережесі бойынша Жаһандық Облигациядағы бенефициардың үлестеріне қатысты түбегейлі Облигациялар («S Ережесі бойынша түбегейлі жаһандық Облигация» және «144А Ережесі бойынша түбегейлі жаһандық Облигация» екеуі бірге «Түбегейлі Облигациялар») «Облигацияның жаһандық үлгіге қатысты шарттарын қорытуда» сипатталған ерекшелікті қоспағанда басқаша шығарылмайтын болады.

Облигацияларға және Moody's Investors Service-тен «Baa3» және Fitch Ratings-тен «BBB» рейтингі беріледі деп күтілуде.

Рейтинг құнды қағаздарды сатып алуға, сатуға немесе ұстауға кепілдік болып табылмайды және рейтингті берген рейтингтік ұйым тарапынан кез келген уақытта қайта қаралуға, тоқтатылуға немесе кері қайтарылып алынуға тиісті емес.

Облигациядағы инвестициялар белгілі бір тәуекелдікке ие. Ықтимал инвесторлардың 11 беттегі «Тәуекелдік факторлары» деген секцияда сипатталған факторлармен танысулары керек.

Бірлескен жетекші менеджерлер мен букраннерлер
BNP PARIBAS

J.P.

Morgan
Қазақстандық тең басқарушы Менеджер
Halyk Finance

Анықтамалықтың күні 17 мамыр 2010 жыл

Осы Анықтамалық, Анықтамалық директивасының мақсаттарындағы және толық ақпараттың негізінде инвесторларға Компания мен Облигациялардың ерекше сипатына орай Компанияның перспективасы мен құқықтары, табыстары мен шығындары, қаржылық жағдайы, активтер мен пассивтерді сараптауға мүмкіндік беру үшін қажетті Компания мен Облигацияларға қатысты ақпарат ұсыну мақсатында жасалған құжат болып табылады. Осы Анықтамалықта қамтылған ақпарат үшін, Компания өз мойнына жауапкершілік алады. (Осы бекітуді кепілдеу үшін барлық қолайлы шараларды қолданған) Компанияға да белгілі болғандай, осы Анықтамалықтағы ақпарат дәлелдермен сәйкес келеді және мұндай ақпараттың мән-мағынасына әсер ететін ешқандай факторларға жол бермейді.

Компания және Компанияның бәсекелестері қызмет атқаратын экономикалық салаға қатысты осы Анықтамалықта орын алған ақпарат (бағаларды және соған ұқсас мағынаны қоса алатын) жалпыға бірдей көздерден алынған. Компания осындай ақпараттар мен мәліметтердің нақты орындалуы үшін және Компанияның мүмкіндігінше, осындай ақпарат көздері тарапынан жарияланған ақпараттан бұларды нақты емес және жаңылысуға әкеп соқтыратын ешқандай деректің тыс қалмағанына қатысты өз мойнына жауапкершілік алады. Алайда, Компания оның тәуелсіз бекітілуін орындамай-ақ, аталмыш ақпараттың дұрыс екеніне сенім артады. Бұдан басқа, Компания Анықтамалықтағы ақпараттың бір бөлігін, Қазақстанның мемлекеттік мекемелері тарапынан жарияланған ресми мәліметтерден алған. Компания аталмыш деректердің осындай ақпарат көздерінен дұрыс көшірілгенін растайды. Алайда Компания мұндай ақпараттың дұрыстығы үшін жауапкершілікті мойнына алмайды. Қазақстанның өңірлік және жергілікті билік органдары тарапынан жарияланған ресми мәліметтер, Батыс елдерінің мемлекеттік мекемелері тарапынан жарияланған мәліметтерге қарағанда, анағұрлым жеткіліксіз немесе аз зерттелген. Ресми статистика Батыс елдерінде қолданылатыннан өзгеше негізде құрылуы мүмкін. Осы Анықтамалықтағы Қазақстанға қатысты кез келген мәселенің талқылануы, қол жетімді ресми және қоғамдық ақпараттың сенімділігі мен толықтығына деген күдікке байланысты, нақтыланбаған болуы мүмкін.

ОБЛИГАЦИЯЛАР АРНАЙЫ СИПАТҚА ИЕ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ САУДАЛАУДЫ ТЕК ИНВЕСТИЦИЯ САЛАСЫНДА АРНАЙЫ БІЛІМІ БАР ИНВЕСТИТОРЛАР ҒАНА ЖҮЗЕГЕ АСЫРА АЛАДЫ. ОБЛИГАЦИЯЛАРДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР АЛЫПСАТАРЛЫҚ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ, ТӘУЕКЕЛДІКТІҢ ЖОҒАРҒЫ ДЕҢГЕЙІНЕ ИЕ ЖӘНЕ БАРЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫҢ НЕ ОЛАРДЫҢ БІР БӨЛІГІНІҢ ЖОҒАЛУЫНА АЛЫП КЕЛУІ МҮМКІН.

Ешбір тұлға осы Анықтамалықта қамтылғандардың сыртында, кез келген ақпарат беріп, кез келген мәлімдеме жасауға өкіл етілмеген және осы Анықтамалықта қамтылмаған кез келген ақпарат пен ұсынысты Компания, Сенімгер басқарушы немесе Менеджерлер тарапынан не олардың атынан мақұлданған ақпарат ретінде қарастырмауға тиісті. Не осы Анықтамалықтың жеткізілуі, не осыған байланысты жасалған кез келген сатуларға орай, барлық жағдайларда Анықтамалықтың шыққан күнінен бастап

Компанияның істерінде ешқандай өзгерістер жасалмаған немесе Компанияның қаржылық жағдайында ешбір қолайсыз өзгерістер болмаған, ондағы ақпарат немесе Облигацияларға байланысты ұсынылған барлық басқа ақпараттардың ұсынылған мерзімнен кейінгі кез келген уақытта немесе (Анықтамалық күнінен өзгеше күн болса) құжатта белгіленген мерзім үшін дұрыс деген тұжырым жасалмауы тиіс.

Осы Анықтамалықта қамтылған немесе Облигацияларға байланысты берілген басқа да ақпараттардың толықтығы мен нақтылығына қатысты, анық не болмаса түспалданған ешбір түсінік, кепілдік не міндеттеменің жауапкершілігі Менеджерлерге не Сенімгер басқарушыға жүктелмейді және қабылданбайды. Осы Анықтамалықты алушы әр тұлға, Ұйымдастырушылардың біреуіне немесе Сенімгер басқарушыға мұндай ақпараттың не инвестициялық шешімнің дұрыстығын тексеруге қатысты сенім артпағанын және әр тұлғаның, Компания мен Облигациялардағы инвестициялауға қатысты жетістіктері мен тәуекелдіктерін әр тұлға өзі зерттеп білуі керектігін мойындайды. Менеджерлердің ешқайсысы осы Анықтамалықтың мазмұны үшін, Компания не Облигацияларға байланысты, Анықтамалық негізінде жасалған немесе жасалуы мүмкін мәлімдеме үшін жауапкершілік алмайды. Менеджерлердің әр қайсысы талапты орындамау, келісім-шарт немесе осы Анықтамалық және басқа да осындай мәлімдемелерге байланысты туындаған қандай да болмасын міндеттемеден бас тартады.

Осы Анықтамалық кез келген Облигацияны сатуға ұсыныс немесе сатылуы үшін кез келген құзіретті мекемеде жазылымға шақыруды қамтымаған. Белгілі бір құқықтық органдағы заңдар осы Анықтамалықтың таралуын, сонымен қоса Облигацияларды ұсыну мен сатуды шектеуі мүмкін. Қарауына осы Анықтамалық немесе Облигация түскен тұлғалар осындай шектеулер туралы хабардар болуы және оларды орындауы тиіс. Облигацияның әр бір нақты сатып алушысы өзі Облигацияларды сатып алатын, ұсынатын және сатып алатын не өзі иелік ететін, аталмыш Анықтамалықты тарататын құзырлы орган аясында барлық қолданылатын заңдарды бұлжытпай орындауы тиіс. Сонымен қатар, әрбір ықтимал сатып алушы, өзі бағынатын және соның аясында Облигацияны сатып алатын, ұсынатын немесе сататын кез келген құзыретті органның қолданыстағы заң актілерінің негізінде талап етілетін келісім мен мақұлдау немесе рұқсат алуы тиіс. Компания мұндай келісім, мақұлдама немесе рұқсат алу үшін ешқандай жауапкершілікке тартылмайды. Жекешелеп алғанда, осы Анықтамалықты таратуда, сонымен қатар, Облигацияларды Америка Құрама Штаттары мен Ұлыбританияда ұсынуға немесе сатуға қойылған шектеулер бар. Осы Анықтамалықтың кез келген ұсыныспен немесе кез келген заң құзырындағы кімнің болмасын жағынан жасалған өтінішке байланысты немесе мүлдем басқа жағдайларда, егер мұндай ұсыныс немесе өтініш өкіл етілмеген немесе заңсыз болып табылса, қолданылуына болмайды. Облигацияларды ұсыну мен сатуға және осы Анықтамалықты таратуға қойылатын басқа да шектеулермен таныс болу үшін «*Жазылу және сату*» бөлімін қараңыз.

Осындай мақсаттарда әрекет ету талап етілетін кез келген заң құзыретінде (кез келген үлгіде) Облигацияларды ашық ұсыну немесе Анықтамалықты ашық таратуға рұқсат ету мақсатымен ешқандай әрекет жасау қабылданбаған.

Бұл Анықтамалықтың мазмұнын заң, қаржы, іскерлік немесе салықтық кеңес ретінде қабылдау керек емес. Әр ықтимал инвестор сатып алуға қатысты немесе Облигацияны сатып алу болжамына қатысты құқықтық, қаржылық немесе салықтық кеңес алу үшін өзінің заң, қаржы немесе салық кеңесшілерімен ақылдасуға тиіс. Ықтимал сатып алушылар анықталмаған уақыт кезеңіндегі Облигациядағы инвестицияға байланысты қаржылық қауіптерге ұшырауы мүмкін екендіктері туралы хабардар етілуге тиіс.

Облигацияның ұсынысына байланысты Менеджерлер мен өздерінің есеп-шоттары бойынша әрекет ететін инвесторлар ретіндегі олардың кез келген аффилирленген тұлғалары Облигацияларды сатып ала алады және осы құзыретте осындай Облигациялар бойынша өздерінің есеп-шоттарына қатысты немесе Компанияның басқа құнды қағаздары немесе Облигацияны немесе басқа әрекеттерді ұсынумен байланысты инвестицияларға қатысты басқа әрекеттер жасауға немесе сатуға, ұстауға, ұсынуға мүмкіндіктері бар. Сондықтан, бұл Анықтамалықта шығарылатын, ұсынылатын, сатып алынатын немесе басқалай айналымдағы Облигацияларға қатысты сілтемелерді, Менеджерлер мен өзінің есеп-шоттары бойынша инвесторлар ретінде жұмыс атқаратын басқа аффилирленген тұлғалар тарапынан шығарылатын, ұсынылатын, сатып алынатын Облигациялар деп есептеген жөн. Егер тиісті құқықтық немесе реттеуші міндеттемелермен қарастырылмаған болса, Менеджерлердің мұндай инвестиция немесе келісімдердің көлемін ашуға ниеттері болмайды.

Бұл Анықтамалықты алушылар, оны тек Облигациядағы инвестицияға қатысты ғана қолдануға құқылы және олардың бұл Анықтамалықты толық не бөлшектеп орындауға не болмаса таратуға, сонымен қатар, осы Анықтамалықтың мазмұнын ашуға немесе Анықтамалықтағы кез келген ақпаратты Облигациядағы инвестициялаудан өзгеше басқа мақсаттарда қолдануға құқы жоқ. Инвестициялау туралы шешім қабылдай отырып, ықтимал инвесторлар мүмкін тәуекелдіктермен бірге өзінің жеке Компанияны зерттеуі мен осы Анықтамалықтың шарттарына сүйенуі тиіс.

Не Компания, не Менеджерлер, не Сенімгер басқарушы кез келген тұлға немесе Облигация сатып алушыға инвестициялау заңдылықтарына қатысты ешбір түсініктеме бермейді.

Менеджерлер мен олардың аффилирленген тұлғалары келешекте түрлі консультативті қызмет көрсетуге, банктік инвестициялар жасап және Компания мен оның аффилирленген тұлғаларына коммерциялық банктік қызметтер көрсетуге және қарыздар мен басқа ішкі нарықтық қаржыландыруларды жасауға, сонымен қоса, Компания мен оның аффилирленген тұлғаларымен (оның акционерлерін қосқанда) өндірістік қаржылық құралдармен бірге келісім-шарттар жасауға ниетті.

НЬЮ-ГЕМПШИР ШТАТЫНЫҢ РЕЗИДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРДЫҢ ТІРКЕЛГЕНІ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТ НЕ ЛИЦЕНЗИЯ ҮШІН БЕРІЛГЕН ӨТІНІШТІҢ НЬЮ-ГЕМПШИР ШТАТЫНЫҢ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН

ЗАҢДАР ЖИЫНТЫҒЫНЫҢ («ҚЗЖ») 421-В БАБЫНА СӘЙКЕС ТІРКЕЛГЕНІ НЕМЕСЕ ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДЫҢ ІС ЖҮЗІНДЕ ТІРКЕЛГЕНІ НЕ БОЛМАСА ТҰЛҒАНЫҢ НЬЮ-ГЕМПШИР ШТАТЫНДА ЛИЦЕНЗИЯ АЛУЫ, НЬЮ-ГЕМПШИР ШТАТЫНЫҢ ХАТШЫСЫНЫҢ 421-В ҚЗЖ БАБЫНА СӘЙКЕС ТІРКЕЛГЕН ҚАНДАЙ ДА БІР ҚҰЖАТТЫҢ СЕҢІМДІ, ТОЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢЫЛЫСУҒА ЖОЛ БЕРМЕЙТІНІН РАСТАП ӨТІНІШ БЕРУІН ҚАРАСТЫРМАЙДЫ. ҚҰНДЫ ҚАҒАЗ НЕМЕСЕ КЕЛІСІМГЕ ҚАТЫСТЫ БОСАТУ НЕМЕСЕ ЖЕҢІЛДІК БЕРІЛУІ, ШТАТ ХАТШЫСЫ АРТЫҚШЫЛЫҚТАР НЕ КВАЛИФИКАЦИЯЛАРДЫ ЕСКЕРДІ НЕМЕСЕ ҚАНДАЙ ДА БІР ТҰЛҒА, ҚҰНДЫ ҚАҒАЗ НЕ КЕЛІСІМГЕ ҚАТЫСТЫ МАҚҰЛДАМА БЕРДІ ДЕГЕНДІ БІЛДІРМЕЙДІ. БЫҚТИМАЛ САТЫП АЛУШЫ, АЛУШЫ НЕМЕСЕ ТҰТЫНУШЫНЫҢ ОСЫ ПАРАГРАФТЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙТІН ТҮСІНІККЕ ИЕ БОЛУЫНА АПАРАТЫН ӘРЕКЕТТЕРДІ ЖАСАУ НЕМЕСЕ СОҒАН БЫҚПАЛ ЕТУ ЗАҢСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

ІШКІ ТАБЫСТАР ҚЫЗМЕТІНІҢ 230 ЦИРКУЛЯРЫНА СӘЙКЕС АШУ

ІШКІ ТАБЫСТАР ҚЫЗМЕТІНІҢ 230 ЦИРКУЛЯРЫНА СӘЙКЕС, ОСЫ АРҚЫЛЫ СІЗДЕРГЕ, АҚШ-ТЫҢ ФЕДЕРАЛДЫ САЛЫҚ САЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ОСЫ ҚҰЖАТТА БАЯНДАЛҒАН СИПАТТАМАНЫҢ ІШКІ САЛЫҚ САЛУ ТУРАЛЫ ЗАҢҒА СӘЙКЕС САЛЫҚ ТӨЛЕУШІГЕ АЙЫППҰЛ САЛУҒА ЖОЛ БЕРМЕУ МАҚСАТЫНДА ЕШҚАНДАЙ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІ ТАРАПЫНАН ҚОЛДАНЫЛУЫНА АРНАЛМАҒАНЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАЙМЫЗ. АТАЛМЫШ СИПАТТАМА ОБЛИГАЦИЯ БОЙЫНША МАРКЕТИНГТІ ҚОЛДАУ МАҚСАТЫНДА БЕРІЛГЕН. САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР, ТӘУЕЛСІЗ САЛЫҚТЫҚ КЕҢЕСШІДЕН, САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРДІҢ ЕРЕКШЕ ШАРТТАРЫН ДА ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, КЕҢЕС АЛУЫ ҚАЖЕТ.

ТҰРАҚТАНДЫРУ

J.P. Morgan Securities Ltd. («Тұрақтандырушы Менеджер») (немесе Тұрақтандырушы Менеджер атынан әрекет етуші тұлғалар) Облигациясының шығуына байланысты Облигацияның нарықтық бағасының бола алатын деңгейінен жоғары ұстау мақсатында келісімдерге әсер ету немесе жоғарылатылған опцион жасауы мүмкін. Алайда, Тұрақтандырушы Менеджер (немесе Тұрақтандырушы Менеджер атынан әрекет етуші тұлғалар) тұрақтандырушы әрекеттер қабылдайды деп батыл айтуға болмайды. Кез келген тұрақтандырушы әрекет Облигация ұсыныстарының шарттарын ашық ашу болып жатқан мерзімде немесе сол мерзімнен кейін басталуы мүмкін, ал егер басталған болса, Облигация шығарылған күннен кейінгі ең кеш 30 күн және Облигацияны таратқан күннен кейінгі 60 күн ішінде кез келген уақытта аяқталуы тиіс. Кез келген тұрақтандырушы әрекет немесе жоғарылатылған опцион қолданыстағы барлық құқықтар мен ережелерге сәйкес өткізілуі тиіс.

ҚОЛДА БАР АҚПАРАТ

1934 жылғы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген Бағалы қағаздарды саудалау туралы АҚШ Заңының («АҚШ-тың сауда туралы Заңы») 13 немесе 15 бөлімдеріне сәйкес, Компанияға кезеңдік есептер жасау талап етілмейді. 144А Ережесіне сәйкес, қайтадан сату мен тапсыру үшін босатуды сақтау үшін, Бағалы қағаздарды саудалау туралы АҚШ Заңының 144(a)(3) Ережесіне сәйкес, барлық Облигациялар «шектеулі бағалы қағаздар» болып табылатын болғандықтан, Компания Бағалы қағаздарды саудалау туралы АҚШ Заңының 13 немесе 15(d) баптарына тәуелді болмаған кез келген уақытта және Бағалы қағаздарды саудалау туралы АҚШ Заңының 12g3 2(b) Ережесіне сәйкес есеп беруден босатылмайды, осындай «шектеулі құнды қағаздардың» кез келген ұстаушысы немесе бенефициарлық меншік иесіне немесе осындай шектеулі бағалы қағаздардың кез келген ықтимал сатып алушысына осындай ұстаушы мен бенефициарлық меншік иесімен белгіленген, 144А(d)(4) Ережесінде анықталған және осындай ұстаушы мен бенефициарлық меншік иесінің талабы бойынша Бағалы қағаздарды саудалау туралы АҚШ Заңының 144А(d)(4) Ережесінің талаптарына сәйкес ақпаратты ұсынып отыруға міндетті.

Бұл Анықтамалық, Бағалы қағаздарды саудалау туралы АҚШ Заңына сәйкес тіркелу бойынша міндеттемелерден босатылған ұсынысқа байланысты, тек ықтимал инвесторға осы құжатта сипатталған Облигацияларды сатып алу туралы мәселені қарастыруға мүмкіндік беру мақсатында, Компания тарапынан жасалады. Аталмыш Анықтамалықта баяндалған ақпарат Компания мен осы құжатта көрсетілген басқа да дерек көздері тарапынан ұсынылған. Бұл Анықтамалық АҚШ-тағы БИС үшін құпия негізде жасалған. Бұл Анықтамалықтың жалпы толық күйінде не бөлшектеу арқылы АҚШ-та жаңғыртылуы немесе таратылуы және оның мазмұнының ашылуы немесе ондағы кез келген ақпараттың АҚШ-та қолданылуы мақсатында, Облигациядағы инвестициялауды қарастыру мәселесінен өзгеше, тыйым салынған. Осы Анықтамалықты қабылдау арқылы, Облигациядағы әр бір ықтимал инвестор жоғарыда айтылған талаптармен сәйкес келісім береді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА АҚПАРАТТАРДЫҢ ТҰСАУ КЕСЕРІ

Қаржылық ақпарат

Егер мәтінде басқа мағына болмаса, «Компания» атауы компанияны және оның консолидацияланған еншілес кәсіпорындарын білдіреді. Компанияның осы Анықтамалыққа енгізілген («Қаржылық есептілік») 2007, 2008 және 2009 жылдардағы 31-желтоқсанында аяқталған мерзімдердің консолидацияланған қаржылық есептілігі Қазақстан теңгесінде берілген және Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (КЕХС) сәйкес дайындалған. Компанияның және оның әр бір еншілес кәсіпорындарының қолданатын валютасы теңге болып табылады. Сөйтіп, теңгеден басқа барлық валютадағы келісім-шарттар келісім жасау күні басым болған айырбастау курсы бойынша теңгеге ауыстырылады. Қаржылық есептіліктің аудиты Делойт LLP тарапынан жасалған.

Осы Анықтамалықта Компания тарапынан, ҚЕХС-ға сәйкес есептелмеген кейбір көрсеткіштерге қоса, пайыздар мен салықтарды (ЕВІТ) төлеуге дейінгі табыстың түзетілген көрсеткішін, салық, пайыз, шығын және амортизацияларды (ЕВІТДА) төлеуге дейінгі табыстың түзетілген көрсеткіші және берілген көрсеткіштердің негізінде есептелген коэффициенттер ұсынылған. ЕВІТ пайыздық табыс пен табысқа салынатын салықты төлеуге дейінгі жылдық табыс ретінде анықталады. ЕВІТ түзетілген көрсеткіші ассоциацияланған ұйымдар мен бірлесіп басқарылатын кәсіпорындардың табыстарының әсерін болғызбау, валюта ауыстырудан болған табыстар мен шығындардан, қаржылық табыстан, инвестицияларды және басқа кіріс пен шығыстардан, сатудан түсетін табыстары мен шығындары түзетілген ЕВІТ ретінде анықталады. ЕВІТДА мен ЕВІТДА түзетілген көрсеткіші ЕВІТ және ЕВІТ түзетілген көрсеткіші ретінде анықталады, әрине оған шығын мен амортизация қоса есептеледі. Компанияның ЕВІТ түзетілген көрсеткіші және ЕВІТДА түзетілген көрсеткішімен есебі басқа компаниялар қолданатын есептен өзгеше болуы мүмкін, сондықтан берілген көрсеткіштердің салыстырмалы талдауы шектеулі болуы мүмкін. Осы Анықтамалықта көрсетілген ҚЕХС-ға сәйкес есептелмеген көрсеткіштер, Қаржылық есептіліктен алынған мәліметтерді қолданумен есептеледі.

Компанияның пікірінше, ЕВІТ, ЕВІТДА, ЕВІТ түзетілген көрсеткіші, ЕВІТДА түзетілген көрсеткіші және берілген көрсеткіштердің негізінде есептелген коэффициенттер, Компанияның қызметін жүзеге асыру тұрақтылығы мен күшінің индикаторларын және оның капиталды шығындар сияқты дискреционды шығындарын қаржыландыру қабілеттігін және өзіне парыздық міндеттемелерді қабылдап және оларды орындау қабілеттігін білдіретін болғандықтан, инвесторлар үшін пайдалы ақпарат болып табылады. Алайда, қаржылық тұрақтылықтың осы көрсеткіштері ҚЕХС-ға сәйкес есептелмеген. Сондықтан, олар операциялық қызметті бағалау үшін берілген кезең ішіндегі табыстың баламасы ретінде немесе өтімділікті бағалауға арналған операциялық қызметтен түсетін түсімнің ақшалай баламасы ретінде қарастырылмауы тиіс. Оның үстіне, ҚЕХС-ға сәйкес емес есептелінген көрсеткіштер аналитикалық құралдар ретінде маңызды шектеулерге ие және инвесторлар оларды ҚЕХС-ға сәйкес жасалған Компанияның нәтижелерінің сарапталуының орнына немесе одан бөлек қарастырмауы тиіс.

Мысалы, ЕВІТДА және ЕВІТДА түзетілген көрсеткіші:

- бос ақшалай қаражаттардағы азаюды болдыруы мүмкін нақты салықтық төлемдерді қоспайды;
- келешекте ауыстырылуы мүмкін тозу мен амортизацияға жататын активтерге арналған капиталдық шығындар бойынша кез келген ақшалай талаптарды көрсетпейді;
- айналымдағы капиталдардың қажеттіліктері арналған ақшалай талаптарды немесе өзгерістерді көрсетпейді;
- өтелмеген қарызға сыйақы төлеуді жүзеге асыру үшін қажетті ақшалай талаптар немесе маңызды қаржылық шығындарды көрсетпейді.

Компанияның нарығы мен индустриясына қатысты үшінші жақтардан алынатын ақпарат

Анықтамалықта ұсынылған статистикалық мәліметтер мен басқа ақпараттар және жалпы қазып шығаратын өндіріске және жартылай уран өндірісіне жататын Экономикалық өзара серіктестік пен даму ұйымының жарияламасынан, Ядролық энергетика агенттігі және Атом энергетикасы жөніндегі халықаралық агенттік, Уран 2007: Ресурстар, Өндіріс және Сұраныс 22 (2008) басылымнан (**Қызыл кітап**) алынған. Жылына екі рет шығатын, Ядролық энергетика агенттігі (**ЯЭА**), Атом энергетикасы жөніндегі халықаралық агенттік (**АЭХА**) және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы тарапынан жылына 2 рет шығарылатын Қызыл кітап, уранға сұраныс пен ұсыныс туралы ағымдағы ақпаратты іздейді және уран нарығының динамикасын бағалайды. Бірінші шығарылым 1965 жылы басылған. Сол уақыттан бастап 22 басылым шығарылған және басылымның шығу күніне арнап ЯЭА мен АЭХА 23 басылымды дайындап жатыр. ЯЭА мен АЭХА-ға сәйкес Қызыл кітап мемлекет қаржыландыратын жалғыз басылым, уран ресурстары, өндіріс және сұранысқа қатысты әлемдік тенденциялар мен жағдайлардың дамуын айқындайтын және нарық қатысушыларымен статистика мен ақпараттың сенімді көздері ретінде қарастырылады. Бұл басылымдағы Қызыл кітапқа қатысты сілтемелер, 2007 жылдың 1 қаңтарына тиесілі ақпаратты да қамтитын 22-басылымға жатады.

Жалпы қазып шығаратын өндіріске және жартылай уран өндірісіне жататын осы Анықтамалықта ұсынылған статистикалық мәліметтер мен басқа ақпараттар, Қазақстанның Ұлттық Статистикалық Агенттігінің жарияланымдары мен құжаттарынан, Қазақстанның Мұнай және газ министрлігінен, Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінен (**Білікті орган**), Қазақстан Ұлттық Банкі (**ҚҰБ**), Халықаралық банк, Халықаралық валюталық қор, уран индустриясындағы Ux Consulting консультативті фирмалардың (**Ux Consulting**), Бүкіләлемдік ядролық ассоциация (**БЯА**), Қазақстандық есептер мен жарияланымдар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулы мен шешімдері (бұдан әрі **Үкімет**) және Компания бағасының (менеджмент білімінде және Компания жұмыс жасайтын нарықтағы тәжірибеде негізделген) жыл сайынғы есеп беруімен қоса Қазақстандағы басқа ашық көздердерінен алынған. Алайда негізгі болжамдар мен әдістемелер, сонымен қоса, ақырғы ақпарат бір түпнұсқадан екінші түпнұсқаға ерекшеленетін болғандықтан, ұсынылған статистикалық жағдайда ұқсас статистика басқа түпнұсқадан алына алады. Бұл Анықтамалықтағы Қазақстан Республикасына (**Қазақстан**) қатысты кез келген талқылама ресми ақпараттардың қолжетімділігі мен түбегейлі болу мәселелерінің салдарынан белгісіз болып табылады. *«Тәуекелдік факторлары – Қазақстанға және жалпы дамып келе жатқан нарықтарға қатысты тәуекелдік факторлары – Компания Қазақстанның билік органдарымен жарияланған осы Анықтамалықтағы ресми статистика мен басқа ақпараттың дұрыстығына сенімді бола алмайды»* дегенді қараңыз.

Жоғарыда сипатталған ақпарат нақты орындалған және Компания сенімді болғандай, үшінші жақтың жариялаған ақпаратын қайта тексере алуы мүмкін, сонымен

қатар, аталмыш ақпараттың дұрыс болмауы немесе жаңылуға алып келу ықтималы тіркелмеген. Сондықтан да Компания бұндай ақпараттың күмәнді болуына байланысты жауапкершілікті қабылдамайды. Анықтамалықта үшінші жақ ұсынған ақпарат қолданылған барлық жерде дерек көзі көрсетілген.

Компанияның есептері бірлесіп басқарылатын кәсіпорындар, ассоциацияланған ұйымдар, саудалық ұйымдардың жабдықтаушылары, тұтынушылар және Компания жұмыс жасайтын нарықтағы басқа да дерек көздерінен, Компанияның еншілес кәсіпорындарынан алынған ақпаратқа сүйене отырып жасалған. Компания бұл есептерді көрсетілген мерзімдердегі барлық маңызды аспектілерде нақты деп есептейді. Алайда, ақпарат алу үшін Компания қолданған есептеу әдістері салдарынан, бұл ақпарат дұрыс болмауы мүмкін немесе мәліметтердің қолжетімсіздігі не сенімсіздігі салдарынан тексеріле алмауы, сонымен қатар, ақпарат жиынтығының негізсіз үрдісі және басқа да шектеулер мен күңгірттіктер салдарынан ақпарат нақты болмауы мүмкін.

Осы Анықтамалықта, егер басқа көрсетілмеген болса, Компанияның тәуелсіз тексерісі жасалмаған ішкі ақпараттарына және бірлесіп басқарылатын кәсіпорындары, серіктестіктері мен еншілес кәсіпорындарының ішкі ақпараттарына негізделген суреттер мен кестелер қамтылған.

Кейбір сипаттамалар мен терминология

Осы Анықтамалықта кейбір нақты атаулар қолданылған. «Облигация шарттарында» анықталмаған, өте жиі қолданылатын атаулардың мағынасын ашу үшін II және III Қосымшаларды қараңыз. Анықтамалықта қолданылған өлшем бірліктерінің және техникалық атаулардың глоссарийлері.

Валюта және айырбастау курстары туралы ақпарат

Бұл Анықтамалықта «теңге» және «KZT» сілтемелері Қазақстанның заңды валютасы болып табылатын теңгені білдіреді, “U.S. Dollar” немесе “U.S.\$” берілген сілтемелер болса, Америка Құрама Штаттарының заңды валютасы АҚШ долларын білдіреді.

Төмендегі кестеде көрсетілген кезеңдер мен мерзімдерге орай берілген KZT/USD айырбас курстары туралы нақты ақпарат қамтылған. Бұл кесте үшін бағаның құрылуының аралас көздерін қолданатын ҚҰБ айырбас курстары ақпарат көздері болып табылады. Бұрын болған KZT/USD айырбас курстарының тұрақсыздығы болашақта болуы мүмкін тұрақсыздық үшін міндетті түрде индикативті болып табылмайды. Берілген курстар Анықтамалықта ұсынылған қаржылық есеп пен басқа ақпаратты дайындауда іс жүзінде қолданылған курстардан ерекшеленуі мүмкін.

1.00 U.S.\$ шаққандағы KZT

31 желтоқсанда аяқталған жыл	Орташа			Кезең сонында
	Жоғарғы	Төменгі	бойынша	
2005	129.83	136.12	132.88	133.98
2006	117.25	133.85	126.09	127.00
2007	118.79	127.00	122.55	120.55
2008	119.48	120.87	120.30	120.77
2009	120.79	151.40	147.50	148.36
Айдың аяғы				
31 Қантар 2010.....	147.88	148.46	148.09	148.19
28 Ақпан 2010.....	147.32	148.21	147.87	147.33
31 Наурыз 2010.....	146.89	147.45	147.10	147.11
30 Сәуір 2010	146.60	146.39	146.43	146.50

1 АҚШ долларын сатып алу курсы 2010 жылдың 30 сәуірінде 146.50 теңгені құрады.

Әдетте теңге Қазақстаннан басқа елдерде конверсияланбайды. Қазақстанда теңгені және басқа валюталарды конверсиялау нарығы бар, бірақ басқа валюталардың ұсынылуының шектеулілігі оларды теңгеге қатысты бекітілуге алып келуі мүмкін. Осы Анықтамалықта көрсетілген теңге немесе АҚШ долларындағы сомалар конверсияланған немесе осы курстар немесе басқа кез келген курстар бойынша конверсиялануы мүмкін екені туралы ешқандай растаулар жасалмайды.

2009 жылдың 4 ақпанында ҚҰБ 1 АҚШ долларына 143.98-ге дейін теңгені 18 пайызға девальвациялаған. Қараңыз: *«Тәуекелдік факторлары – Қазақстанға және жалпы дамып келе жатқан нарықтарға қатысты тәуекелдік факторлары – теңге девальвациясының айырбас курсының саясаты Компанияға, қаржы секторына және Қазақстанның экономикасына жағымсыз әсер етуі мүмкін».*

Жинақталу

Бұл Анықтамалықтағы кейбір сандар жинақталған, сондықтан түрлі кестелерде келтірілген бір деңгейдегі сандар, бір-бірінен аздап ерекшеленуі мүмкін және кейбір кестелердегі қорытынды белгідегі сандар, осындай қорытынды белгіні құрастыратын сандардың арифметикалық сомасы болмауы мүмкін. **ОРЛАР МЕН РЕСУРСТАР БОЙЫНША АҚПАРАТ ҰСЫНУ**

Қазақстандық әдістеме

Бұл Анықтамалықтағы минералды ресурстардың сыныптамасы, АҚШ-тың Бағалы қағаздар туралы федералды Заңнамасымен және басқа да құзыретті органдардың Бағалы қағаздар туралы федералды Заңнамасына сай қабылданған Ашу стандарттарынан елеулі

түрде ерекшеленетін әдістемеге (**Қазақстандық әдістеме**) сәйкес дайындалған. Сондықтан да бұл Анықтамалықта АҚШ-тың Бағалы қағаздар туралы федералды Заңнамасы мен басқа да құзыретті органдардың Бағалы қағаздар туралы федералды Заңнамасына сәйкес ақпаратты ашу туралы талаптарға жататын, американдық компаниялар тарапынан ұсынылған ұқсас ақпараттармен салыстыруға келмейтін Компанияның минералды шикізаты орналасқан жерінің сипаттамасы бар. Инвесторлар Компанияның қорлары мен ресурстары Қазақстандық әдістемеге сәйкес бағаланғанын назарға алуы керек.

Қазақстандық әдістеме бұрынғы Кеңес Одағында әзірленген және минералды концентраттарды өткізілген зерттеулерге негізделе отырып, басты 3 топқа және 7 категорияға бөледі: зерттелген қорлар (А,В,С1), бағаланған қорлар (С2) және болжанатын ресурстар (Р1,Р2,Р3). Категориялар зерттеудің әр сатысында қолданылатын шамамен алғандағы мөлшердің дәйектілігін көрсетеді. Басқаша айтатын болсақ, қорлар мәліметтердің дәлдік деңгейіне негізделе отырып, сыныптарға бөлінген.

Келесі кесте Қазақстандық әдістемеді қолданылған категорияларды анықтайды.

**Қазақстандық
әдістемелер
бойынша
категория**

Сипаттама

А.....	Жақсы танымал болып табылатын қолдағы бар қорлар. Кен орнының шекаралары жерді қазу, бұрғылау және жерасты жұмыстарының көмегімен анықталған. Кен сапасы мен қасиеттері болжанатын қазу көлемдерін нақтылау үшін жеткілікті бөлшектерде белгілі болған. Бұл болса, іс жүзінде аталмыш қорлардың үдемелі қайта өңдеу үрдісінде екенін білдіреді.
В.....	Қолда бар қорлар зерттелген, бірақ егжей-тегжейіне дейін анықталмаған. Кен орнының шекаралары жерді қазу, бұрғылау немесе жерасты жұмыстарының көмегімен анықталған. Кен сапасы мен қасиеттері болжанатын қазу көлемдерін нақтылау үшін жеткілікті егжей-тегжейіне дейін белгілі болған.
С1.....	Қолда бар қорлар жеке жер қазулармен, бұрғылау ұңғымаларымен және жерасты жұмыстарымен бағаланған. Бұл категория, сонымен қоса, ресурстардың таралуы бұрғылаудың жиілік торымен анықтала алмайтын өте күрделі кен орындарындағы қорлар сияқты А және В категорияларындағы қорларымен кен орындарына тиісті есептік қорларды да қамтиды. Зерттеу бұрғылауының торларының тығыздығы кем дегенде 200 ден 50 метрге дейін болуы тиіс. Пайдалы қазбалардың сапасы мен қасиеттері өткізілген сараптаулардан кейін және сол типтегі кен орнының ұқсастығына қарай алдын ала анық болады. Уран

кенінің көлемімен қоса, кен орнының көлемі мен геологиялық құрылымы белгілі болады. Тонна берілген кен саны кендік дененің орташа қуаттылығы мен бату тереңдігі, созылу бойынша ұзындығынан келе отырып есептелінеді. Құнарлы емес блоктарға рұқсат статистикалық түрде есептеліне алады. Бұл категорияның қорлары көбінесе қазудың ерте кезеңдерінде болады.

C2 Әдетте бір ұңғыманың шектелген мәліметтерінің негізінде, қорлар өте жақсы өңделген. Бұл категорияға А, В және С1 категорияларының қорлары бар кен орындарына тиісті қорлар жатады. Бұл категорияға арналған зерттеу торының тығыздығы 800-400 ден 100-50 метрге дейіннен ем болмайды. Осы категорияда кеннің құрылымдық ерекшеліктері жеткілікті түрде бір текті және олардың таратылуы мен геотехнологиялық сипаттамалары анықталған. Осы категорияның қорлары тек бастапқы деңгейде белгіленген және құжатталған.

P1, P2 және P3 Бұл болжамдық ресурстар. Бұл ресурстар зерттелген аймақтар үшін кен орындарының шекараларының кеңею мүмкіндігін есептейді және көбінесе пайдалы қазбалар табылуы мүмкін жер қойнауы учаскелерінің геологиялық, геофизикалық және геохимиялық ақпараттарына негізделеді.

С1 және С2 категорияларының қорлары Компанияның барлық кен орындарында қолданылатын, қайта өңдеу жерасты ұңғымалық шаймалау (ЖҰШ) әдісімен өткізілетін кен орындарында өндірістік табысты бастау үшін жеткілікті болып табылады.

Басқа әдістемелерге қарағандағы Қазақстандық әдістемелер бойынша сыныптамааның шамамен алынған эквиваленті төмендегідей:

Қазақстандық әдістеме	Канада/Австралия	АЭХА	АҚШ энергетика департаменті
А и В	Өлшенгендер/ Нақтыланғандар	Жеткілікті кепілденгендер (Өлшенгендер)	Жеткілікті кепілденгендер
С1	Өлшенгендер/ Нақтыланғандар (мүмкіндер)	Жеткілікті кепілденгендер	Жеткілікті кепілденгендер
С2	Болжанатындар/ Болжанатындар	Болжанатындар	Қосымша бағаланғандар
P1, P2 және P3	Болжанатындар немесе алыпсатарлық/	Болжанатындар немесе алыпсатарлық	Қосымша бағаланғандар

Ашылмағандар

Бағалы қағаздар және биржалар (SEC) бойынша АҚШ Комиссиясы тарапынан жарияланған 7-Өндірістік нұсқаулыққа сәйкес, қорлар бойынша есеп құру үшін «ақырғы» немесе «банк үшін қолдануға болатын» техникалық экономикалық дәйектеме қажет; қорлар немесе ақшалай ағымдардың кез келген сараптамасында соңғы 3 жыл ішіндегі орташа тарихи баға қолданылуы мүмкін; және бастапқы экономикалық сараптау немесе есеп, тиісті мемлекеттік органдар тарапынан тіркелген болуы керек. Сонымен қатар, 7 SEC Өндірістік нұсқаулықта келесі терминология қолданған:

Өндірістік нұсқаулық бойынша категория Қорлар

Сипаты

Қорларды анықтау кезінде, экономикалық және ресми түрде алынуы мүмкін минералдардың көп жатып қалған бөлігі. «Экономикалық» атауы, қорларды сипаттау аясында олардың пайдалы табысын немесе табу, қайта өндеу бойынша жоспарларға және ақшалай ағымдардың модельдеріне сәйкес нақтыланған инвестициялық жорамалданған өндірісті білдіреді. Жасалған жорамалдар жобаның барлық жұмысының барысы бойынша басым болатын шығындар мен операциялық қызметтерге негізделген болуы тиіс. «Ресми» атауы, қорларды сипаттау аясында міндетті түрде табу мен өндеуге арналған барлық қажетті рұқсаттар әлдеқашан алынған немесе басқа қандай да бір заңды мәселелердің реттелгенін білдірмейді. Алайда жалпы қорларға осындай қорларды есепке алу үшін берілген рұқсаттарды алуда және заңды мәселелерді шешуде негізделген сенімділік қажет.

Дәлелденген (өлшенген) қорлар

Жалаңаш тұқымдардың, қазан шұңқырлардың, өнделетін терезелер немесе бұрылғы ұңғымалар, (б) сынып және үлгілердің егжей тегжейлі нәтижелері бойынша сапасы, сонымен қоса зерттеу, сынау және өлшеу үшін (в) қорлар учаскелері соншалықты жақын орналасқан, ал олардың геологиялық сипаттамасының жақсы анықталғаны соншалықты олардың көлемі, үлгісі, тереңдігі және минералды құрамы жақсы анықталған. Дәлелденген (өлшенген) қорлары оның геологиялық, физикалық сипаттамасы, химиялық құрамы мен өндеуге қойылуы

мүмкін талаптарымен бірге жоғары деңгейдегі сенімділігі бар көп жатып қалған кеннің бөлігін білдіреді.

Ықтимал қорлар Саны, типі немесе сапасы дәлелденген (өлшенген) қорларды анықтау үшін қолданылатынға ұқсас ақпараттан анықталатын қорлар, алайда зерттеу, сынау және өлшеу бір-бірінен алыс қашықтықта немесе нақты өлшеу үшін жеткіліксіз басқа тәсілмен жүзеге асады. Ықтимал қорлардың, дәлелденген қорларға карағанда, көбінесе бұрғылаудың кең торына ие екенін көрсетеді. Алайда, сенімділік деңгейі дәлелденген ресурстарға арналғанға карағанда төмен болғанымен бақылау нүктелерінің арасындағы қорлардың үздіксіздігін болжау үшін жеткілікті биік.

Қазақстандық әдістемелермен және 7 SEC Өндірістік нұсқаулықта қолданылатын сыныптамалар арасындағы жалпы эквиваленттілік, бұл категориялардың арасында толық күйде қатынас орнату мүмкін болмағанымен келесі тәсілмен ұсынылуы мүмкін:

<u>Қазақстандық әдістеме</u>	<u>7 SEC Өндірістік нұсқаулық</u>
А және В.....	Дәлелденген (өлшенген) қорлар
С1.....	Ықтимал (болуы мүмкін) қорлар (1)
С2.....	Сыныпқа жатқызылмайды
Р1, Р2 и Р3.....	Сыныпқа жатқызылмайды

(1) Берілген категория С1 дәлелденген қорлармен немесе мүмкін қорлармен сәйкес келетін бөлігіне ғана қолданылуы мүмкін.

7 SEC Өндірістік нұсқаулыққа сәйкес, дәлелденген (өлшенген) қорлардан басқа қорлардың бағасы ашып қарауға жатпайды. Сондықтан, SEC ережелеріне сәйкес, ақпаратты ашу C2 мен C1 қорлар бөлігін қосуға рұқсат бермейді.

C1 және C2 қорлары олардың маңыздылығына қатысты және олардың экономикалық және заңды негізделгеніне қатысты белгісіздіктің жоғарғы деңгейіне ие. C1 немесе C2 қорларының барлығы немесе жартысы немесе олардың қандайда бір бөлігі бар немесе олардың өндірісіне экономикалық және ресми негіздер бар деп күту керек емес. Қараңыз: *«Тәуекелдік факторлары – Компанияның қызметіне қатысты тәуекелдік факторлары – Компания уранының нақты қорлары қазақстандық әдістемені қолдануға байланысты есеп беруге қарағанда төмен болуы мүмкін».*

Қорлар мен ресурстарды қайта бағалау

Қазақстанның қорлары мен ресурстары туралы мәліметтер Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне қарасты Геология комитеті тарапынан ресми түрде тіркеледі («**Геология комитеті**»). Кен орнымен байланысты қорлар мен ресурстардың саны депозитті ашу кезінде Геология комитетімен тіркеуге алынады. Кен орнының қорлары мен ресурстарының ресми бағасы табыс деңгейіне және төменде сипатталғандай жиналған жаңа барлаушы ақпаратқа байланысты өңдеу кезінде (тәжірибелік немесе коммерциялық өңдеу екеніне қарамастан) жылдан жылға артады немесе азаяды.

Кен орнының операторы әр кен орнынан табылған уран көлемі туралы тоқсан сайын есеп беріп тұруы қажет. Есептік кезең ішінде кен орындарында қорлардың қаншалықты өндірілгенін және жер қойнауын пайдалану туралы келісім-шартқа сәйкес, талап етілетін табыстың алдағы деңгейін қолдауға арналған C1 категориясының қалған қорларының жеткіліктігін анықтау қажеттілігі тоқсан сайын есеп берудің мақсаты болып табылады. Егер Геология комитетімен жүргізілетін ресми баға тоқсандық есеп беруде берілген табыс көлеміне азайған болса, табыстың талап етілетін деңгейі сақталуы мүмкін, қайта бағаланбайтынын көрсетеді. Алайда, егер ресми баға өндірісті қажет деңгейде қолдау үшін жеткіліксіз деңгейге дейін азаятын болса, кен орнының операторлары C1 категориясына ауыстырыла алатын C2 және C2 категориясына ауыстырыла алатын P категориясының ресурстарын табу мақсатында барлау жүргізуді жалғастырады.

Зерттеу жұмыстары, Компанияның еншілес кәсіпорны Волковгеология АҚ («**Волковгеология**») дайындаған және Геология комитетімен бекітілген зерттеу бағдарламасына сәйкес жүзеге асады. Барлау жұмыстары барысында операторлар сараптау және тексеру үшін Компанияға тоқсандық және жылдық есептер тапсырады. Берілген есептер C2 қорларынан бастап, C1-ге дейінгі немесе P ресурстарынан бастап, C-ге дейін сыныптаманың болжанатын ұғымы үшін ғылыми растауды ұсынады. Егер берілген есептер Компаниямен бекітілген болса, Геология комитетіне беріледі. Барлау жұмыстарының бағдарламасы аяқталғаннан кейін және Волковгеология қорларды

есептеудің қолайлы параметрлерін анықтағаннан кейін, соңғы есеп шығарылады. Геология комитеті өткен жылы шығарылған соңғы есептердің негізінде, әр жылдың маусымы мен шілдесінде Қазақстанның ресми қорлары мен ресурстарына қатысты мәліметтерін жаңартып отырады. Сөйтіп, 2009 жылдың 31 желтоқсанындағы қорлар мен ресурстар бойынша мәліметтер 2010 жылдың маусымы мен шілдесіне дейін қолжетімсіз болады.

БОЛЖАМДЫҚ МӘЛІМДЕМЕ

Анықтамалық Компанияның коммерциялық және операциялық қызметінің нәтижелері, қаржылық жағдайын белгілі бір болжамдау мәлімдемесін, сонымен қатар, жоспарларын, мақсат-мүдделерін, ой-пікірлерін қамтыған. Мәлімдеме тарихи факті болып табылмайтын түсініктерге негізделеді, онымен қоса, әрдайым келесі сөздермен ғана анықталмайды: «күтіледі», «ойымызша», «ықтимал», «міндетті», «есеп бойынша», «болады», «жалғастырады», «мүмкін», «жоспарланады» және де әр түрлі вариациялар мен олардың болымсыз мәндері немесе осыған ұқсас терминология.

Әлеуетті инвесторлар болжамдық мәлімдеменің, қызметтің болашақтағы көрсеткіштерінің кепілдігі болып табылмайтыны туралы ескертілгендері тиіс және операциялық қызмет пен Компанияның қаржылық жағдайының нақты нәтижелері, сонымен қатар, Компанияның қызмет етіп отырған саласының дамуы осы Анықтамалықта болжамданған және жоспарланған көрсеткіштерден өзгеше болуы мүмкін, сонымен бірге бұл нәтижелер алдағы кезеңде даму индикаторлары бола алмайды.

Компанияның күтіліп отырған көрсеткіштері мен нақты нәтижелердің айырмашылығына әкелетін факторлар Анықтамалық мазмұнында бар және олар төмендегідей:

- Құрамында металл бар өнеркәсіптік тауарларға деген ұсыныс пен сұраныс;
- Уран мен ядролық отын нарығында және Компанияның қызмет етіп отырған нарығындағы бағалардың тұрақсыздығы және осы өнімдерге деген сұраныстың ауытқушылығы;
- Жерасты ұнғымалық шаймалау әдісімен уран шығару үрдісінде қолданылатын күкірт қышқылының бар болуы мен бағасы;
- Қайта өндіру бойынша шектеулер мен ереуілдер, құралды істен шығару;
- Мерзімі болжауға келмейтін жаһандық қаржы дағдарысының әсері;
- Көлік бағыттарының бар болуы мен бағасы, сонымен қоса, көліктік қызмет көрсету үшін тарифтер өлшемі;
- Шикізат бағасымен қоса, жалпы экономикалық және бизнестік орта;

- Мемлекеттік және халықаралық реттеулердегі өзгерістер, уран және уран өнімін шығару, сонымен қатар, рұқсаттарға әсер ететін реттеуші өзгерістер, Компанияның қызметіне немесе даму туралы жоспарларына ықпал ететін Үкіметтік іс-әрекет;
- Компания қызметіне немесе оның өндірістік қуаттарына әсер етуі мүмкін жоспарланбаған жағдайлар мен қайғылы оқиғалар;
- Салықтық талаптардың өзгерістері, онымен қоса салық мөлшерлемесінің өзгерісі, жаңа заңнама мен салық заңнамасындағы талқылаудың өзгерісі;
- Компанияның өз өнімінің нарықтық үлесін ұлғайту мен шығындарын реттеу мүмкіндігі;
- Қазақстанда және халықаралық нарықтағы экономикалық, саяси жағдайлар, үкіметтегі өзгерістерді қоса алғанда;
- Ядролық отын мен уран экспорттына әсер етуші факторлар мен жағдайлар;
- Ынтымақтастық бойынша Компания стратегиясының сәттілігі мен отын жинау мен отын түтікшесі сияқты қосылған құнының жоғарылығымен өнімдерді сатуды ұлғайту бойынша стратегиясы (Сипаттаманы Анықтамалықта көре аласыз);
- Ықтимал иеленулердің жүзеге асырылмауы немесе Компания ұсынып отырған талап бойынша үлес иемденудің мүмкін еместігі; және
- Болашақ іс-әрекеттерге байланысты уақытша мерзімдер, әсерлер мен басқа да белгісіздіктер.

Анықтамалықтың *«Тәуекелдік факторлары» және «Компания басшылығының операциялық қызмет және қаржылық жағдайды сипаттау мен сараптау нәтижелері»* атты тараулары, Компанияның болашақтағы жағдайы мен оның қызмет етіп отырған индустриясына әсер етуі мүмкін факторлардың толық талқылауларын қамтыған. Осындай тәуекелдіктер, белгісіздік пен болжамдар аясында, болжамдық мәлімдемелердің жүзеге аспауы да мүмкін.

Компания болжамдық мәлімдемелерді қайта қарастыру немесе жаңарту, жаңа ақпарат, болашақтағы жағдайларға немесе басқа да себептерге байланысты міндеттемелер алмайды. Компанияға немесе оның атынан әрекет етуші тұлғаларға байланысты келесі барлық жазбаша және ауызша болжамдық мәлімдемелер, жоғарыда не осы Анықтамалықтың басқа тарауларында көрсетілген барлық ескерту мәлімдемелерімен квалификацияланады.

АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ОРЫНДАУ

Компания Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес ұйымдастырылған акционерлік қоғам болып табылады және оның барлық қызметкерлері мен директорлары және осы Анықтамалықта айтылатын басқа тұлғалары Қазақстанның резиденттері болып табылады. Компанияның активтерінің барлық немесе маңызды бөлігі, сонымен қоса жоғарыда айтылған тұлғалардың активтері Қазақстанның шекарасында болады. Компанияға немесе осындай тұлғаларға Қазақстан шекарасынан тыс сот құжатын беруді жүзеге асыру мүмкіндігінің (а) болмауы ықтимал немесе осындай құзыретті органның заңнамасына сәйкес шығарылған Қазақстанның юрисдикциясы немесе сот шешімдеріне қарағанда да басқа юрисдикцияның соттарымен қабылданған сот шешімдерінің орныдалуына алып келуіне қол жеткізу (b) немесе Қазақстанға қарағанда басқа юрисдикцияларда шығарылған шешімдерді қазақстандық соттарда орындалуы, Англияның соттарындағы Сенімгерлік басқару туралы келісім-шарт немесе Облигацияға қатысты шығарылған не АҚШ-тың Бағалы қағаздар туралы федералды Заңнамасының негізінде АҚШ-та шығарылған шешімдермен қоса салдарының ретінде.

Облигациялар мен Сенімгерлік басқару туралы келісім-шарт Англияның құқығына негізделеді және Компания Облигациялармен және Сенімгерлік басқару туралы келісім-шартта Облигацияларға қатысты туындаған даулар және Сенімгерлік басқару туралы келісім-шарттың негіздері Лондондағы арбитраждың немесе Англияның соттарындағы ерекше емес арбитраждағы Сенімгер басқарушының таңдауы бойынша рұқсатына жатады. «Облигация шарттарындағы» 18- Шартты қараңыз. Қазақстан соты, егер Қазақстан және сондай елдің арасында соттық шешімдердің орындалуына алып келетін өзара келісім болған жағдайларда, ал мұндай келісім болған кезде – тек оның шарттарына сәйкес, Қазақстаннан басқа елдегі сот шығарған қандай да бір шешімді орындалуға алып келмейді. Қазақстан мен Ұлыбритания немесе АҚШ арасында мұндай келісім жоқ. Алайда Қазақстан, Ұлыбритания және АҚШ 1958 жылғы Шетелдік арбитраждық шешімдердің орындалуы мен танылуы туралы Нью-Йорктік конвенция (**Конвенция**) тараптары болып табылады, сонымен қатар, Конвенцияға сәйкес шығарылған арбитраждық шешімдер заң бойынша танылуы және Конвенциядағы қарастырылған сот шешімдерін орындау талаптарын жүзеге асырғанда, Қазақстанда орындалуы тиіс.

2004 жылдың 28 желтоқсанында Қазақстан Парламенті «Халықаралық коммерциялық арбитраж туралы» Заң (**«Арбитраж туралы Заң»**) қабылдаған. Аталмыш заң 2002 жылдың 15 ақпанында және 2002 жылдың 12 сәуірінде күшіне енген және 2008 жылдың ақпанында Конституциялық Кеңеспен жойылған Қазақстанда Конвенцияны қолдануға қатысты Қазақстанның Конституциялық Кеңесінің ерте қабылданған шешімдерінің нәтижесінде туындаған белгісіздікті жоюға бағытталған. Арбитраж туралы Заңда Конвенция шарттарына сәйкес арбитраждық шешімдердің орындалуының нақты заңдық негізі қарастырылған.

Бұдан басқа, Компания 1994 жылдың желтоқсан айында қабылданған, иемденуі мен қолданылуы Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне ықпал ететін, Қазақстанның тұрақты дамуы үшін әлеуметтік-экономикалық мағынаға ие, өзгертулер мен толықтырулар енгізілген (**Азаматтық кодекс**) Қазақстанның азаматтық кодексінде «Стратегиялық нысан» ретінде анықталған және 2008 жылдың 30 маусымында Үкімет қаулысымен

бекітілген стратегиялық активтердің тізіміне енгізілген. Сонымен қоса, Азаматтық кодекс Үкіметтің рұқсатынсыз стратегиялық активтерді кепіл ретінде сатуға немесе қолдануға тыйым салады, ал егер бұл акциялар сатуға шығарылса, онда Үкімет мұндай акцияларды сатып алу артықшылық құқығына ие болады. Стратегиялық активтер кепіл болған жерде егер несие бойынша дефолт болса, кепіл жүзеге асыру кезінде Үкіметтің сатып алуға артықшылық құқы болады. Сондықтан да, сот шешімі соның пайдасына шығарылған Облигация иелері Компанияның активтеріне борышын төлету аясында шектеулермен қақтығысуы мүмкін.

МАЗМҰНЫ

КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ	1
ҰЖЫМДЫҚ ҰЙЫМДАСТЫРУ	3
ЫҚШАМДАЛҒАН КОНСОЛИДАЦИЯЛАНҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА АҚПАРАТ	4
ОБЛИГАЦИЯ ШЫҒАРУДЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ	14
ТӘУЕКЕЛДІК ФАКТОРЛАРЫ.....	19
ТҮСІМДЕРДІ ҚОЛДАНУ	35
КАПИТАЛИЗАЦИЯ	36
ЖЕКЕ КОНСОЛИДАЦИЯЛАНҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА ДА АҚПАРАТ	37
КОМПАНИЯ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ СИПАТТАУ МЕН САРАПТАУ НӘТИЖЕЛЕРІ	ОШИБКА! ЗАКЛАДКА НЕ ОПРЕДЕЛЕНА. 42
ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТ ЕТУ	106
МЕНЕДЖМЕНТ	120
АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ, ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЖАҚТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР.....	129
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ	131
ОБЛИГАЦИЯ ШЫҒАРУ ШАРТТАРЫ	142
ОБЛИГАЦИЯ ТАЛАПТАРЫН ЖАҒАНДЫҚ ФОРМАДА МАЗМҰНДАУ ЖИЫНТЫҒЫ	167
САЛЫҚ САЛУ	175
ТАПСЫРУ БОЙЫНША ШЕКТЕУЛЕР.....	179
ЖАЗЫЛУ МЕН САТУ	182
ЖАЛПЫ АҚПАРАТТАР	185
I – ҚОСЫМША: ГЕОЛОГИЯ, ОРНАЛАСУ ЖӘНЕ ӨЗГЕ АҚПАРАТ	187
II – ҚОСЫМША: КЕЙБІР АНЫҚТАЛҒАН АТАУЛАРДЫҢ ТІЗІМІ.....	197
III – ҚОСЫМША: ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ АТАУЛАР МЕН ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ	203
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БЕРУДІҢ ИНДЕКСІ	206

КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

Осы сипаттама Анықтамалыққа кіріспе ретінде қарастырылуы тиіс және Облигацияларды қаржыландыру туралы кез келген шешім, Анықтамалықтың біртұтас ретінде ескерілуі арқылы қабылдануы тиіс.

Анықтамалықта ақпарат жоғарыдағы «Қаржылық және басқа ақпараттардың ұсынылуы» және «Қорлар мен ресурстар бойынша ақпараттың ұсынылуы» бөлімдерінде баяндалған нақты толықтырулардың негізінде ұсынылған.

Компанияның жалпы сипаттамасы

Компания Қазақстанның ұлттық атом компаниясы болып табылады және Қазақстандағы уран өндіруге, экспорттауға және шетелмен байланысына жауапты. Ұлттық атом компаниясы бола отырып, ядролық циклдың бірінші кезеңіндегі Қазақстан өкілі болып табылады (анықтаманы төмендегі мәтіннен қараңыз) және барлығына Үкіметпен тікелей қатынас жасау арқылы Қазақстанның қорларынан уран өндіру мақсатымен, жер қойнауын пайдалануға рұқсат алу құқығын басқаларымен алғанда, нақты артықшылықтарға ие.

Қызыл кітапқа сәйкес, 2007 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша (Қызыл кітап ақпараты бар ең соңғы мерзім), әлемдік уран қорының категориялары бойынша барланған және болжамдық ресурстардың шамамен 16 пайызы Қазақстанға тиесілі болған. *«Қаржылық және басқа ақпараттың ұсынысы – Компанияның нарығы мен өндірісіне қатысты үшінші жақтардан алынған ақпарат»* бөлімін қараңыз. 2008 жылдың 31 желтоқсанындағы көрсеткіш бойынша (ресми ақпарат бар ең соңғы мерзім), Қазақстандық әдістемеге сай есептелінетін А+В+С1+С2 категориялары бойынша Қазақстандағы уран резерві шамамен 199,540 тоннаны құраған. Қазақстандық әдістеменің сипаттамасын *«Қорлар мен ресурстар туралы ақпараттың ұсынылуы – Қазақстандық әдістеме»* тарауынан қараңыз. 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде Компания 4,177.0 тонна уран өндірген және 6,609.3 тонна уран өнімін сатқан.

Уран өндіру және өндеу бойынша қызметімен қоса, Компания жылу мен электр қуатын өндіру, беру және таратумен; теңіз суынан тазартылған техникалық және ас суын өндіру мен сату және тантал, бериллий өнімдерін өндірумен айналысады. 2009 жылдың 31 желтоқсанынан аяқталған жыл ішінде, Компанияның барлық кірісінің 65,3% уран өндірісіне, 13,8% - энергия және су өндірісіне, 2,7% - тантал өндірісіне, 1,7% - бериллий өндірісіне және 16,5% ұңғымаларды бұрғылау және тасымалдау бойынша жұмыстармен қоса, Компанияның табыс қызметінің негізіне байланысты өнімді өндіру мен сату және қызмет көрсетумен бірге басқа қызмет түрлеріне тиесілі болған.

Компания өзінің қызметін бірнеше еншілес кәсіпорындары арқылы басқарады. Негізгі еншілес кәсіпорындарының қатарына уран өндірумен айналысатын «Тау-кен компаниясы» ЖШС (ТКК) және барлау мен бұрғылауды жүзеге асыратын Волковгеология кіреді. «Үлбі металлургия зауыты» АҚ (Үлбі АҚ) Өскемен қаласындағы зауытта (ҮМЗ)

Компанияның атынан жоғарғы технологиялық уран, бериллий және тантал өнімдерін өндіреді. «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» (МАЭК) ЖШС – Компанияның энергия және су өндіретін кешені және Батыс Қазақстандағы Маңғыстау облысының тұтынушыларының электр қуатымен, ас, ыстық және техникалық сумен жалғыз жабдықтаушысы болып табылады. Компания ТКК, Волковгеология, Үлбі АҚ және МАЭК-қа тиесілі барлық дауыс беруші акцияларға тікелей немесе жанама түрде иелік етеді. «Әппақ» ЖШС және «Семізбай-У» ЖШС кен орындарының өнделуін жүргізетін және бухгалтерлік есеп беру мақсатында Компаниямен толық консолидацияланған, сәкесінше 65% және 51% Компанияға жататын еншілес кәсіпорындар болып табылады.

Сонымен қатар, Компания жетекші халықаралық ядролық өндіріс қатысушыларымен бірлескен кәсіпорындар құрған. Меншікті капитал бойынша есептеу әдісімен Компанияның қаржылық есептілігінде ескерілетін қызмет нәтижелеріне, кейбір жағдайларда осы бірлескен кәсіпорындарды бақылау жағдайларына Компания маңызды ықпал етеді. Мұндай ассоциацияланған ұйымдардың құрамына мыналар жатады: «КАТКО» БК ЖШС (КАТКО) (49% Компанияға тиесілі) АРЕВА-мен бірге; «Инкай» БК ЖШС (Инкай ЖШС) (40% Компанияға тиесілі) Camoco Corporation-мен бірге; өзара бірлескен 3 кәсіпорын Uranium One, БК «Бетпақ Дала» ЖШС (Бетпақ Дала) (30% Компанияға тиесілі), «Қаратау» ЖШС (50% Компанияға тиесілі) және «Қызылқұм» ЖШС (Қызылқұм) (30% Компанияға тиесілі).

Қазақстандық әдістеме бойынша, 2008 жылдың 31 желтоқсанындағы көрсеткіш бойынша есептелген Компанияның бақыланатын кәсіпорындары мен ассоциацияланған ұйымдарымен бірге А+В+С1+С2 категорияларындағы уран қорлары шамамен 370,069 тоннаны құраған. 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде, Компанияның бірлесіп бақыланатын кәсіпорындары мен ассоциацияланған ұйымдары 8,391.0 тонна уран өндірген.

Компанияның 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі табысы 51,4 млрд. теңгеге немесе 40,4 пайызға артқан, 2008 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 178,5 млрд. теңгеге артқан.

2009 жылдың 31 желтоқсанында Компанияның жалпы активтері, 2008 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, 45,6 млрд. теңгеге немесе 13,3% артық болып, 387,3 млрд. теңгені құрады. 2009 жылдың 31 желтоқсанында Компанияның міндеттемелері, 2008 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда, 4,1 млрд. теңгеге немесе 3% артық болып, 143,0 млрд. теңгені құраған.

Несиелік рейтингтер


Компания тарапынан шетел валютасындағы «Тұрақты» рейтингілік болжаммен келесі ұзақ мерзімдік рейтинг берілген: Moody's Investors Service (**Moody's**)-тен Baa3 және Fitch Ratings (**Fitch**)-тен BBB.

Тәуекелдік факторлары

Осы Анықтамалыққа сәйкес шығарылатын Облигацияларға қатысты инвестициялық шешім қабылдау кезінде ескерілуі қажет тәуекелдіктер мен басқа факторлардың толық талдауын *«Тәуекелдік факторлары»* және *«Болжамдық мәлімдемелер»* тарауларынан қараңыз.

КОРПОРАТИВТІК ҰЙЫМДАСТЫРУ

Еншілес кәсіпорындар, бірлесіп бақыланатын кәсіпорындар мен осы Анықтамалықтың шығу күнінде Компанияның ассоциацияланған ұйымдастырулары



(1) Компанияның 100% «Самұрқ-Қазына Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ арқылы Үкіметке тиесілі.
 (2) Компаниямен афиллирленбеген жеке тұлғаларға конверсиялануға жатпайтын, дауыс бермейтін, ерекше артықшылыққа ие акциялар түріндегі акционерлік капиталдың 9.8% тиесілі.
 (3) Компания, Westinghouse Electric Company LLC холдингтік компанияға толығымен ие болып табылатын Toshiba Nuclear Energy Holdings US, Inc. компаниясындағы 10% үлеске ие. Сонымен қоса, Компания Westinghouse Electric UK Ltd компаниясына толық иелік ететін Toshiba Nuclear Energy Holdings UK, Ltd. компаниясындағы 10% үлесіне ие.
 (4) Үлбі металлургиялық зауытына АҚ ацияның 24.9% тиесілі. Компаниямен афиллирленбеген жеке тұлғаларға конверсиялануға жатпайтын, дауыс бермейтін, ерекше артықшылыққа ие акциялар түріндегі акционерлік капиталдың 10% тиесілі.
 (5) Компания «Семізбай – У» ЖШС-дағы 11 пайызды үлеске тікелей, ал 40 пайыздық үлеске «Тау-кен компаниясындағы» акцияларының үлесі арқылы жанама түрде иелік етеді.

ЫҚШАМДАЛҒАН КОНСОЛИДАЦИЯЛАНҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА АҚПАРАТ

Компанияның төменде 2009, 2008 және 2007 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайы бойынша ұсынылған қаржылық ақпараты, осы Анықтамалықтың басқа тарауларына енгізілген қаржылық есептіліктен алынған және сонымен бірге қарастырылуы тиіс және ескертулермен қоса оған толығымен сәйкес болуы керек.

Ықтимал инвесторлар жеке қаржылық және басқа ақпаратты «Тәуекелдік факторлары», «Капитализация», «Компания басшылығының операциялық қызмет және қаржылық жағдайды сипаттау мен сараптау нәтижелері», «Өндірістік қызмет» және ескертулермен бірге қаржылық есеп беру, сонымен бірге осы Анықтамалықтың басқа бөлімдеріне енгізілген басқа қаржылық ақпараттармен бірге қарастырулары тиіс.

Жиынтық кіріс бойынша ықшамдалған консолидацияланған есептілік

	31 желтоқсанда аяқталған жыл		
	2009 ж.	ішінде 2008 ж.	2007 ж.
	(мың тенге)		
	178,506,81	127,104,89	117,758,28
Түсімдер	8	8	9
Сатылған өнімнің өзіндік құны	(112,709,539)	(82,695,061)	(61,213,761)
	65,797,279	44,409,837	56,544,528
Жалпы табыс	(1,824,124)	(2,014,923)	(1,494,101)
Өтім шығындары		(12,920,966)	(11,989,385)
Әкімшілік шығындар	(8,984,719)))
Қаржылық кірістер	3,111,251	2,031,266	3,444,144
Қаржылық шығындар	(7,834,292)	(4,099,430)	(2,552,941)
Бірлесіп реттелетін кәсіпорындар мен ассоциацияланған ұйымдардың үлесі	16,849,096	5,724,687	8,810,384
Курсқа байланысты шығындар	(9,653,705)	(239,961)	(1,708,676)
Үлесін иеліктен шығаруға байланысты	–	(2,796,207)	1,462,925

кірістер/(шығындар).....			
Басқа да кірістер	865,510	544,782	1,274,269
Басқа да шығындар.....	<u>(4,254,120)</u>	<u>(5,314,367)</u>	<u>(2,172,694)</u>
Табыс салығын төлеуге			
дейінгі кіріс	54,072,176	25,324,718	51,618,453
Табыс салығы бойынша	(12,612,443	(14,279,460	(15,615,271
шығындар)))
Бір жыл ішіндегі пайда ...	<u>41,459,733</u>	<u>11,045,258</u>	<u>36,003,182</u>
Компания иелері үшін...	40,683,975	11,119,990	35,615,769
Реттелмейтін үлестер			
үшін	<u>775,758</u>	<u>(74,732)</u>	<u>387,413</u>
Бір жыл ішіндегі пайда :	<u>41,459,733</u>	<u>11,045,258</u>	<u>36,003,182</u>

Қаржылық жағдай бойынша ықшамдалған консолидацияланған есептілік

31 желтоқсанға қатысты

	2009 ж.	2008 ж.	2007 ж.
	<i>(мың теңге)</i>		
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Жылжымайтын мүлік, көлік және құралдар	79,207,32	74,736,38	57,771,40
	2	9	6
Кен орындарын игеру бойынша активтер.....	18,351,13	15,955,30	
	6	6	8,821,951
Барлау мен бағалау активтері	3,865,138	438,833	3,342,297
Бірлесіп реттелетін кәсіпорын мен ассоциацияланған ұйымдарға инвестициялар.....	42,241,42	23,058,53	17,407,83
	5	0	0
	66,045,67	66,045,64	65,313,08
Басқа да инвестициялар.....	1	7	3
Алуға болатын және басқа да есептер мен аванстық төлемдер	1,769,348	7,307,023	5,401,914
ТМҚ.....	7,077,867	9,148,251	9,968,853
Жедел депозиттер	1,040,154	875,112	386,527
Бөлінген салықтық активтер.....	1,639,226	2,877,676	1,083,777
	222,318,3	201,100,3	169,663,4
Барлық ұзақ мерзімді активтер	81	44	01
Қысқа мерзімді активтер			
ТМҚ.....	52,103,35	34,447,26	21,700,50
.....	4	7	0
Басқа да инвестициялар.....		22,653,41	
	–	3	1,942,559
Алдын ала төленген табыс салығы.....	3,876,978	1,974,202	5,026,689
Саудалық дебиторлық	54,466,23	47,318,70	36,336,55

қарыз.....	4	3	6
Шұғыл депозиттер.....	22,742,73		
	5	15,201	3,092,484
Қолда бар ақша қаражаттары мен ақша эквиваленттері.....	30,082,94	34,160,62	10,287,76
	8	8	0
Қолдануға шектеулі ақшалай құралдар.....	1,662,066	—	—
Барлық қысқа мерзімді активтер	164,934,3	140,569,4	78,386,54
	15	14	8
	387,252,6	341,669,7	248,049,9
Барлық активтер.....	96	58	49

	31 желтоқсанға қатысты		
	2009 ж.	2008 ж.	2007 ж.
	<i>(мың тенге)</i>		
ЖЕКЕМЕНШІК КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Жекеменшік капитал.....			
Акционерлік капитал.....	36,692,362	36,692,362	36,692,362
Қосымша төленген капитал.....	5,330,324	5,573,807	4,187,732
Валюталарды қайта есептеу резерві.....	(1,316,787)	(1,614,661)	(3,056,951)
	194,418,74	153,742,50	143,663,11
Бөлінбеген пайда	6	8	9
Компания иегерлеріне қатысты барлық жекеменшік капитал.....	235,124,64	194,394,01	181,486,26
	5	6	2
Реттелмейтін үлес.....	9,109,619	8,372,715	5,349,122
Барлық жекеменшік капитал.....	244,234,26	202,766,73	186,835,38
	4	1	4
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Ссудалар мен қарыздар.....	34,974,316	35,671,281	20,265,040
Басқа да қаржылық міндеттемелер...	38,592,034	28,273,845	–
Провизиялар.....	4,667,555	4,437,811	3,620,988
Саудалық несиелік қарыз.....	280,125	254,808	231,501
Ерекше артықшылықтарға ие акциялар.....	264,827	264,827	271,275

Демеу қаражаттар.....	353,309	334,552	353,619
Кейінге шегерілген салықтық міндеттемелер...	<u>1,200,547</u>	<u>584,485</u>	<u>1,353,187</u>
Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер	<u>80,332,713</u>	<u>69,821,609</u>	<u>26,095,610</u>
Қысқа мерзімді міндеттемелер.....			
Ссудалар мен қарыздар.....	26,007,475	32,808,527	17,500,641
Жеткізушілермен есеп айырысу.....	16,454,593	6,452,330	9,754,855
Саудалық кредиторлық қарыз.....	32,747,554	29,873,893	14,602,765
Басқа да ағымдағы міндеттемелер....	<u>3,930,690</u>	<u>6,398,998</u>	<u>3,015,549</u>
Барлық қысқа мерзімді міндеттемелер.....	<u>62,685,719</u>	<u>69,081,418</u>	<u>35,118,955</u>
Барлық міндеттемелер.....	<u>143,018,43</u>	<u>138,903,02</u>	<u>61,214,565</u>
	2	7	
Барлық жекеменшік капитал мен міндеттемелер.....	<u>387,252,69</u>	<u>341,669,75</u>	<u>248,049,94</u>
.....	<u>6</u>	<u>8</u>	<u>9</u>

Негізгі қаржылық коэффициенттер

Төмендегі кестеде Компания қызметінің нәтижелерін бағалауға арналған Компанияның басшылығымен қолданылатын басты қаржылық коэффициенттер бойынша мәліметтер келтірілген. Осы кестеде көрсетілген қаржылық коэффициенттер Компанияның операциялық қызметін білдіреді.

31 желтоқсанға және көрсетілген жылдарға

	2009 ж.	2008 ж.	2007 ж.
	<i>(коэффициенттерден басқа, мың тенге)</i>		
ЕБИТДА түзетілген көрсеткіштер ⁽¹⁾	60,629,889	35,055,233	47,177,309
Барлық қарыздар ⁽²⁾ / ЕБИТДА бойынша түзетулер ⁽¹⁾	1.64	2.76	0.80
Таза қарыздар ⁽³⁾ / ЕБИТДА бойынша түзетулер ⁽¹⁾	1.15	1.87	0.58
Жабу коэффициенті (ЕБИТ бойынша түзетулер ⁽⁴⁾ / пайыздарды төлеуге таза шығындар) ⁽⁵⁾	11.39	13.84	147.39
Барлық қарыздар / жекеменшік капитал ⁽⁶⁾	0.41	0.48	0.20

(1) Компаниямен қолданылатын ҚЕХС-мен қарастырылмаған есептілікті құрастыру әдістерінің сипаттамасын «Қаржылық және басқа ақпарат –Қаржылық ақпарат» бөлімінен қараңыз. Компания «ЕБИТДА бойынша түзетілген көрсеткішті» ЕБИТ бойынша түзетілген көрсеткіш (төменде анықталғандай) тозу мен амортизацияны қосқандағы сияқты анықтайды.

(2) Қарыз сәйкес жылдың 31 желтоқсанында ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қарыздардан және басқа қаржылық міндеттемелерден құралады. Қаржылық есептілікке келтірілген 34 Ескертуді қараңыз. Қаржылық есептілікке ескертулердегі 34 Ескертуді қараңыз.

(3) Таза қарыз – ол қарыздан ақша қаражаты алынады және сәйкес кезеңнің 31 желтоқсандағы жағдай бойынша олардың эквиваленттерін алғанда. Қаржылық есептілікке ескертулердегі 31 Ескертуді қараңыз.

(4) Компаниямен қолданылатын ҚЕХС-мен қарастырылмаған есептілікті құрастыру әдістерінің сипаттамасын «Қаржылық және басқа ақпарат –Қаржылық ақпарат» бөлімінен қараңыз. Компания ЕБИТ-ті кез келген сәйкес кезең үшін пайыздар мен табыс

салығын төлеуге дейінгі жыл ішіндегі табыс сияқты анықтайды. Компания ЕВІТ бойынша түзетілген көрсеткішті ассоциацияланған ұйымдар мен бірігіп басқарылатын кәсіпорындар табысын, курстың айырмашылықтан түсетін табысын, сонымен қоса шығындар, қаржылық табыстар, қатысу үлестерін иеліктен шығаруға қатысты шығындар немесе кез келген түсімдер және басқа барлық кірістер мен шығыстарды алып тастауға арнап түзетілген ЕВІТ сияқты қарастырады.

(5) Пайыздарды төлеуге кеткен таза шығын қаржылық шығындарды есептемегендегі қаржылық кіріс сияқты анықталады.

(6) Меншікті капитал – сәйкес жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жинақталған капитал.

Төмендегі кестеде ЕВІТ бойынша түзетілген көрсеткішпен және ЕВІТДА бойынша түзетілген көрсеткішпен салыстырылған кездегі тиісті мәліметтер келтіріледі:

	31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде		
	2009	2008	2007
	<i>(мың теңге)</i>		
Бір жыл ішіндегі пайда.....	41,459,73 3	11,045,2 58	36,003,1 82
Табыс салығын төлеу үшін шығындар.....	12,612,44 3	14,279,4 60	15,615,2 71
Пайыздарды төлеу үшін шығындар.....	6,652,427	3,244,86 1	1,723,45 2
ЕВІТ.....	60,724,60 3	28,569,5 79	53,341,9 05
Тозу мен амортизация.....	6,823,318	6,435,85 4	4,945,75 6
ЕВІТДА.....	67,547,92 1	35,005,4 33	58,287,6 61
Түзетулер:			
Курстық айырмашылық бойынша шығындар	9,653,705	239,961	1,708,67

Қаржылық табыс	(3,111,25 1)	(2,031,2 66)	(3,444,1 44)
Бірлесіп реттелетін кәсіпорындар мен ассоциацияланған ұйымдардың нәтижелері бойынша үлесі	(16,849,0 96)	(5,724,6 87)	(8,810,3 84)
Қатысу үлесін иелігінен шығаруға байланысты кірістер/(шығындар).....	–	2,796,20 7	(1,462,9 25)
Басқа да кірістер	(865,510)	(544,782)	(1,274,2 69)
Басқа да шығындар.....	4,254,120	5,314,36 7	2,172,69 4
ЕВІТ бойынша түзетілген көрсеткіш	53,806,57 1	28,619,3 79	42,231,5 53
Тозу мен амортизация.....	6,823,318	6,435,85 4	4,945,75 6
ЕВІТДА бойынша түзетілген көрсеткіш.....	60,629,88 9	35,055,2 33	47,177,3 09

ОБЛИГАЦИЯ ШЫҒАРУДЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Төменде Облигация шарттарына шолу жасалған. Бұл шолуды Облигация шығаруға қатысты Шарттардың және Сенімгерлік басқару туралы келісім-шарттың толық мәтініне сәйкес қарастыру керек және аталмыш жалпы сипаттамада баяндалған шарттармен кез келген сәйкессіздік жағдайында, Сенімгерлік басқару туралы келісім-шарт басым болып келеді. Осы бөлімде қолданылатын бас әріппен жазылған атаулар тиісті сәйкес шарттарда сипатталған мағыналарға ие.

Ұсынылатын Облигациялар: % 6.25 пайыздық мөлшерлемесі бар U.S.\$ 500 000 000 сомасындағы және 2015 жылдың 20 мамырында өтелуі тиіс Облигациялар (**Облигациялар**)

Облигациялар нақты білікті институционалды сатып алушыларға (**БИСА**) (Бағалы қағаздар туралы Заң бойынша 144А Ережесінде анықталғандай), АҚШ-тың Бағалы қағаздар туралы Заңына сәйкес (i) Менеджерлер арқылы Компания тарапынан ұсынылады; сонымен қоса (ii) S Ережесіне сәйкес, оффшорлы келісімдерде АҚШ-тан тыс жерде АҚШ резиденттері болып саналмайтын белгілі тұлғалар үшін қараңыз: “*Жазылу және сату*”.

Эмитент: Компания, «Қазақатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ болып табылады.

Шығару бағасы: 98,947%

Шығару мерзімі 20 мамыр 2010ж.

Өтеу мерзімі: 20 мамыр 2015ж.

Сыйақы мөлшерлемесі: Облигациялар бойынша сыйақы төлеудің жылдық мөлшерлемесі 2010 жылдың 20 мамырынан бастап, жылына 6,25% құрайды.

Сыйақыны төлеу мерзімдері Купондар бойынша төлем, 2010 жылдың 20 қарашасынан бастап, жылына екі рет 20 қараша және 20 мамырда жүзеге асырылып отырады.

Облигация мәртебесі: Облигациялар тікелей, шартсыз және бір-біріне қатысты артықшылықсыз тең мәртебеге ие болатын (қолданыстағы заңнамадағы императивті ережелер

мен басқа да қарастырылған жағдайларды қоспағанда), сонымен қатар, кезеңдік төлемге қатысты басқа барлық қазіргі және болашақ Компанияның міндеттемелерімен реттелген төлеу құқығына қатысты болатын Компанияның (*Кепілдіктен бас тарту* 4(а) шартына сәйкес) қамтамасыз етілмеген міндеттемелері болып табылады.

Түсімдерді қолдану:

Комиссияны есептегеннен кейін сомасы шамамен 492 935 000 АҚШ долларын құрайтын Облигацияларды шығарудан түскен таза түсім, сонымен қоса заңдық, бухгалтерлік, баспалық және басқа шығындар мен ұстап қалулардан бұрын жалпы ұжымдық мақсаттарда қолданылатын болады.

Алдағы шығарулар:

Эмитент уақыт өте келе Облигация иелерінің келісімінсіз Облигацияларға қатысты (немесе оларға алғашқы пайыздық төлемді қоспағанда) (мұндай құнды қағаздар айналысқа бастапқы дисконттан *минималдық* көлемде немесе құнды қағаздар АҚШ-тың федералды табысқа салынатын салыққа қатысты жаңаруына жауап беруші шарттың бөлігі болып табылатын жағдайда) барлық қатынастардағы сол шарттағы келесі құнды қағаздарды айналымға шығаруға және құруға және Сенімгерлік басқару туралы келісім-шартқа сәйкес және сонымен қатар, осындай кезекті эмиссия өтелмеген Облигациялармен бірге бір серияны құру және нығайту туралы *“Облигациялардың шарттары – келесі кезектегі эмиссиялар”*ға қараңыз.

Қосымша сомалар:

Ұстап қалу немесе Облигациялардың кез келгені бойынша төлем сомасынан төленетін көзден ұсталатын Қазақстандық салықтың сомасын есептеу қажет болған жағдайда, Компания Анықтамалықта сипатталған кейбір ерекшеліктерден басқа есептеу немесе сомалардан аталмыш салықтарды ұстап қалудан кейінгі тиісті қосымша сомаларды төлейді, төлеуге қатысты сомалар сондай Облигацияларға қатысты төленуі тиіс. Егер ондай ұстап қалулар немесе есептеулер қажет болмаса, *«Облигация шарттары – салық салу»* тарауына қараңыз.

Салық бойынша Облигациялар Компанияның шешімі бойынша, Компанияның бөлшектенбей, толығымен, сыйақысын қоса алғандағы шешімімен өтем негізгі сомасының 100% көлемінде, кез келген жасау: уақытта *«Облигация шарттары – салық салу мақсатымен өтеуде»* сипатталғандай Компаниядан қосымша сомалардың төленуін талап ететін нақты жағдайлардың туындауы жағдайында сатып алынуы мүмкін.

Статус өзгергендегі сатылым опционы:

Егер Қазақстан Республикасы Компанияның айналымға шығарылған немесе айналымда жүрген, дауыс беруші акцияларымен ұсынылған немесе қайта құрылған жағдайда жағымсыз рейтинг жағдайының туындауына алып келген капиталдың 100 пайызын иелену мен қадағалауды тоқтатса, онда Облигациялар Облигация иесінің шешімімен, оның негізгі сомасының 101 пайызы көлемінде өтелуі мүмкін. *«Облигациялар шарттары – Статус өзгергендегі Облигация иелерінің шешімімен өтеу»* бөлімінде анықталғанындай.

Ауыстыру:

Сенімгерлік басқару туралы келісім-шартта Сенімгер басқарушыға Облигация иелерінің келісімінсіз Сенімгерлік басқару туралы келісім-шарт және Облигациялар бойынша негізгі қарыз беруші ретінде Компанияны басқа заңды тұлғаларға ауыстырумен келісуге мүмкіндік беретін ережелер жазылған. Қараңыз: 12(с)- Шарты *«Ауыстыру»*).

Пішін номинал:

және Облигациялар 100,000 АҚШ доллары немесе 1,000 АҚШ доллары номиналындағы сыйақы төлеу купонысыз атаулы үлгіде шығарылады. Облигациялар әр қайсысы купонсыз үлгіде тіркелген 144А Ережесі бойынша Жаһандық Облигациялар және S Ережесі бойынша Жаһандық Облигация үлгісінде шығарылатын болады. S Ережесі бойынша Жаһандық Облигация номиналды ұстаушы атына тіркеледі және Euroclear және Clearstream, Люксембургтың жалпы депозитында депозитке салынады. 144А Ережесі бойынша Жаһандық Облигациялар DTC көрсетілген

баға ұстушысы ретінде Cede & Co. атына тіркеледі және сол үшін кастодианада депозитке салынған болады. S Ережесі бойынша Жаһандық Облигация және 144A Ережесі бойынша Жаһандық Облигациялардағы үлестер көрсетіледі және олардың аударымы тек DTC, Euroclear және Clearstream, Люксембург және олардағы есеп-шот иелері арқылы жүзеге асатын болады. Тек шектеулі жағдайларда ғана Облигациялар ақырғы үлгіде шығарылуы мүмкін.

Листинг және сауда: Бұл Анықтамалық, Анықтамалық бойынша Директиваға сәйкес, білікті орган ретіндегі Ұлыбританияның листингтік басқармасымен мақұлданған. Облигацияны Ұлыбританияның листингтік басқармасының Ресми Тізіміне енгізуіне, сонымен қоса Облигацияны Қор биржасының Реттелуші нарығына саудалауға жіберуге өтініш берілген. Облигациялар Қазақстанның Қор биржасында тіркелген.

Міндеттемелерді және белгіленген ковенанттарды орындамау жайы : Облигациялардың шарттары алдағы *«Облигация шарттары – міндеттемелерді орындамау оқиғасы»* және *«Облигация шарттары – Кепілден бас тартуда»* сипатталғандай (дивиденттерді төлеу, активтерді сату, міндеттерді орындау және кепілдіктен бас тарту) міндеттердің және шектеулердің орындалмау жағдайларын қарастырады.

Сенімгер басқарушы: BNY Corporate Trustee Services Limited

Негізгі төлеуші агент және Трансферттік агент: The Bank of New York Mellon, Лондондық филиал.

Тіркеуші: The Bank of New York Mellon (Люксембург) S.A.

Американдық төлеуші агент Нью-Йорк бөлімшесі арқылы қызмет көрсететін The Bank of New York Mellon.

Қолданылатын Заңнама: Облигациялар, Сенімгерлік басқару туралы келісім-шарт және Төлеуші агентпен жасалған келісім, ағылшын құқығына сәйкес реттелетін және

талқыланатын болады

Тәуекелдік факторлары:

Ықтимал сатып алушыларға осы Анықтамалықтағы барлық ақпаратты толығымен қарастырып шығу қажет және әсіресе, Облигацияда инвестициялау шешімін қабылдамас бұрын төмендегі «Тәуекелдік факторлары» бөліміндегі ақпаратты қарастыру қажет.

Сату бойынша шектеулер:

Облигациялар құнды қағаздар туралы Заңға немесе құнды қағаздар туралы басқа мемлекеттік заңдарға сәйкес тіркеуге алынбаған және алынбайды, сонымен қоса, 144А Ережесіне сәйкес құнды қағаздар туралы Заңның тіркеме талаптарынан немесе басқа тәсілмен құнды қағаздар туралы заңның тіркеме талаптарына қатысты емес босатылған БИС басқа АҚШ-тың кез келген азаматының пайдасына немесе соның арқасында АҚШ шекарасында ұсынылуы немесе сатылуы мүмкін емес. Облигацияларды ұсыну мен сату да сонымен қоса Ұлыбританиядағы, Гонконгтағы, Сингапурдағы және Қазақстандағы шектеулерге жатады. *«Жазылу және сатуды»* қараңыз.

Құнды қағаздың кодтары:

S Ережесі бойынша ISIN: XS0510820011

S Ережесі бойынша жалпы код: 051082001

144А Ережесі бойынша ISIN: US63253RAA05

144А Ережесі бойынша жалпы код: 051127641

CUSIP (стандарттық нөмірлер мен кодтарды беру бойынша Комитет тарапынан осы бағалы қағазға берілген нөмір) 144А Ережесі бойынша: 63253RAA
KASE Сауда коды

Облигацияның күтілетін рейтингі:

Moody's-тен Baa3 және Fitch-тен BBB

Рейтинг сатып алуға, сатуға немесе құнды қағаздарды ұстауға ұсыныс болып табылмайды және оған берілген деңгейлік ұйым тарапынан кез келген уақытта қайта қарастырылуы, тоқтатылуы немесе жойылуы мүмкін.

ТӘУЕКЕЛДІК ФАКТОРЛАРЫ

Компания, келесі факторлар Облигациялар бойынша оның міндеттемелерінің орындалуының мүмкіндігіне әсер етуі ықтимал деп есептейді. Бұл факторлардың кейбіреулері болуы не болмауы мүмкін, алдын ала болжасуы мүмкін жағдайлар балып табылады және Компания мұндай жағдайлардың болу не болмау мүмкіндігі туралы пікірді білдіретін жағдайда емес.

Одан басқа, төменде Облигацияға байланысты нарықтық тәуекелдерді бағалауға маңызды мәнге ие факторлар сипатталған. Төменде сипатталған қандай да бір тәуекелдіктердің орын алу кезінде, ол Компанияның қызметінің нәтижесіне немесе ақша қаражаттарының айналымына, болашақтағы күтімдеріне, қаржылық жағдайына және қызметіне елеулі әсер тигізе алады. Егер ол болатын болса, Облигациялармен жасалған келісім бағасы төмендеп кетуі мүмкін немесе Компания пайыздары, негізгі қарызды немесе Облигациялар немесе солармен байланысты басқа сомалар бойынша төлем жасауға қабілетсіз болуы мүмкін.

Компания төменде сипатталған факторлар Облигациялардағы инвестицияға сай негізгі тәуекелдіктерді білдіреді деп есептейді, бірақ Компанияның пайыздарды, негізгі қарызды немесе Облигациялар бойынша басқа сомаларды немесе осылармен байланысты төлей алмау қабілетсіздігі немесе Облигацияларға байланысты міндеттемелерді басқа тәсілмен орындауды қоспағанда, Компания қолдағы бар ақпараттың негізінде маңызды тәуекелдіктер ретінде қарастырылмауы мүмкін немесе алдын ала болжамы мүмкін емес басқа себептермен байланысты болуы мүмкін. Ықтимал инвесторлар сонымен қоса Анықтамалықта ұсынылған ақпаратпен таныс болуы және инвестициялық шешім қабылданғанша өздерінің қорытындыларын жасауы тиіс.

Тәуекелдік факторлары келтірілген тәртіп, олардың орын алу мүмкіндігін немесе Компанияның қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қаражаттарының айналымына ықпал ету ауқымын көрсетпейді.

Компанияның қызметімен байланысты тәуекелдік факторлары

Ағымдағы жаһандық қаржылық және экономикалық нарықтың қолайсыз шарттары Компанияның операциялық қызметіне жағымсыз ықпал тигізуі мүмкін.

Қаржылық нарықтар әлемде де, Қазақстанда да маңызды құбылмалылықты бастан кешірді және нарықтың қатысушылары 2007 жылдың күзінен өрістеуді бастаған және 2008 жылдың тамызында нашарлап кеткен әлемдік қаржылық дағдарыс басталғаннан бастап ликвидтік қаражаттың жетіспеушілігіне кезікті. Әлемдік қаржылық дағдарыс Қазақстан Республикасының экономикасына елеулі әсер етті, соның нәтижесінде

Қазақстан Республикасының ішкі жалпы пайдасында азаю, жылжымайтын мүлік нарығында күйреу, банктердің қайта құрылымы мен дефолттары, ұзақ мерзімді құралдардың нарығындағы бағаның елеулі құлдырауы және акционерлік капитал мен капиталдың қайта тартылуы орын алды. Осы оқиғалардың жанама нәтижесі жалпы қаржылық нарықтардың тұрақтылығы бойынша және контрагенттердің төлем жасау қабілеттіліктері бойынша мазасыздану болған, көптеген қарызгерлер мен институционалды инвесторлар жаһандық қаржылық жүйесінің өтімділігін елеулі түрде азайтқан қаржылық қарыз алушыларды қысқартқан.

Дағдарысқа жауап ретінде көп елдердің үкіметтері, оның ішінде Қазақстан да инвесторлардың сенімін қайта ақтау үшін, өтімділікті қамтамасыз ету және орта шұғыл өсуді қолдау үшін теңдессіз шараларды қолданды. Алайда, Қазақстанмен қоса көптеген елдерде жақында қаржылық нарықтардағы жағдайдың жақсарғаны, алдағы экономикалық құлдыраудың әлі де орын алуы мүмкін және қосымша мемлекеттік қолдаулар қажет болуы мүмкін екені хабарланды. Әлемдік қаржылық жүйенің жүйелік тәуекелдіктеріне байланысты жағымсыз өзгерістер Қазақстан Республикасының экономикасын баяулатуы немесе жоюы, Компанияның несиелік капиталға және жалпы капиталға қолжетімділігіне, оның қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақшалай қаражаттардың қозғалысына және қызметінің нәтижелеріне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Қазақстандық банктар мен компаниялардың өтімділігін қамтамасыз ету бойынша Үкіметтің жұмсаған күшіне қарамастан, Компания және оның контрагенттері үшін капиталдың қол жетімділігі мен құнына қатысты әлі де белгісіздік бар. Компанияның контрагенттеріне өтімділіктің төмендеуінің жалпы шарттары әсер етуі мүмкін, өз кезегінде олардың Компания алдындағы қарыздарын өтеу қабілеттігіне ықпал етеді. Бұл қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақшалай қаражаттардың қозғалысына немесе Компанияның қызметінің нәтижелеріне жағымсыз әсер етеді. Онымен қоса қарыз берушілердің операциялық жағдайының нашарлауы, ақшалай қаражаттар бойынша менеджмент болжамына, қаржылық және қаржылық емес активтердің құнсыздануы қорларының бағасына ықпал етуі мүмкін. Басшылық Компанияның қаржылық жағдайының әсерін, Қазақстандағы жалпы экономикалық жағдайдың келешектегі кез келген нашарлауына немесе қаржылық нарықтардың өтімділігі және валюталық және қор нарықтарындағы құбылмалылықтың күшеюін дұрыс бағалай алмайды.

Уранның бағалары Компанияның тиімділігіне және оның қаржылық жағдайына ықпал ететін өзгермелі болып табылады.

Компанияның тиімділігі уранның нарықтық бағасымен тікелей байланысты. Уранның нарықтық бағасы тұрақсыз болуы және Компанияға тәуелді емес көптеген факторлардың әсеріне ұшырауы мүмкін:

- ядролық энергияға деген сұраныс және АЭС құрылысының қарқыны;
- АЭС-ке жеткізу үшін U3O8 бойынша форвардтық келісім-шарттардың жасалуы;
- Уран өндіруші және тұтынушы елдердегі саяси және экономикалық шарттар;
- өндірілген отынның ядролық реакторларының қайта өнделуі және өндірілген уран соңдарының қайталап байытылуы;
- үкімет және кәсіпорын салалары тарапынан уранның азаматтық және әскери артық қорларын сату (оның ішінде ядролық қарудың демонтажы);
- уранды өндіру деңгейі және өнімнің өзіндік құны;
- уран шығарудағы елеулі үзілістер немесе кеңею жоспарларындағы кідірістер;
- уран нарығындағы инвестициялық және хеджингтік қорлардың әрекеті;
- ядролық қалдықтарды сақтау саласындағы саяси және технологиялық өндеулер;
- әлемнің кез келген нүктесіндегі атомдық электростанциясындағы апат;
- құрамында металл бар өндіріс өніміне деген сұраныстар мен ұсыныстар;
- орталық банктер мен басқа да металл иелерінің, сатушыларының және өндірушілердің операциялары; және
- мұнай, табиғи газ, көмір, гидроэнергетика, күн және жел энергиясымен қосқандағы энергияның балама көздерінің бағасы.

Компания бұл факторлардың уранның бағасына әсер етуін алдын ала болжай алмайды. Соңғы жылдары U3O8 бағалары қатты тұрақсыз болып, 2008 жылдан бастап төмендеген. Нарықтағы бағалардың алдағы төмендеуі, кідіріс туралы шешімге немесе табыстың басын кенге ауыстыруға немесе оның басталғаннан кейін табысының рентабельдік емес екеніне алып келуі мүмкін. Нарықтық бағалардың төмендеуі, сонымен қатар, Компанияның қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақшалай қаражаттардың қозғалысына немесе Компанияның жұмысының нәтижесіне не даму жобаларын қаржыландыру қабілеттігіне кері әсер ете алады.

Компанияның қолда бар қорларды қолдай алмауы немесе жаңа қорларды аша алмауы, Компанияның болашақтағы қызмет нәтижелеріне және қаржылық жағдайына жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Компанияның минералдық қорлары мен резервтері, Компания қызметінің негізі және оның жетістіктерінің кепілдігі болып табылады. Соңғы жылдары Компанияның табыс көлемінің өсімі қолда бар қорлардың тез тозуына алып келген. Сонымен қоса, Компанияның еншілес кәсіпорындары тарапынан өндіріліп жатқан көптеген кен орындары көп жылдар бойы қолданыста болып келеді. Компанияның кірісі мен пайдасы, табысы және олардың нәтижелері бойынша операцияларға байланысты, ал қаржылық жағдайы тікелей Компанияның жеткілікті қорларға қол жетімділігімен байланысты. Компания, оның есептік қорлары жақын уақытта күтілетін өнім деңгейін қанағаттандыру үшін жеткілікті деп есептейді және белсенді барлау жүргізуді жоспарламайды. Сонымен бірге, қорлардың тозуы, ең соңында Компанияның геологиялық барлау қызметін іске қосуына алып келеді. Компания, оның геологиялық барлау қызметі болашақта жаңа экономикалық кен орындарының меңгерілуіне немесе ағымдағы қорлардың орнына жаңа қорлардың табылуына немесе оларға толықтыруларға алып келуіне ешқандай кепіл бере алмайды. Компанияның жаңа қорларды табу, бар қорларды арттыруға немесе өнімнің болашақтағы күтілетін деңгейін қанағаттандыру үшін жеткілікті көлемдегі жаңа операцияларды өндеу қабілетсіздігі болашақта қызметіне, келешегіне, қаржылық жағдайына, ақшалай қаражаттардың қозғалысына немесе Компанияның қызметінің нәтижесіне елеулі әсерін тигізеді.

Кен орындарынан уран шығару коммерциялық жағынан тиімсіз болуы мүмкін

Урандық кен орындарын барлау мен өндіру ісінің, өндірістің өз мақсатына сай болмау немесе өндіріс көлемінің барлау, меңгеру және өндіруге кеткен шығындарды өтеу үшін жеткіліксіз болу мүмкіндігін қарастырады. Урандық кен орнының коммерциялық тиімді болуы, кен орнының көлемі және дәрежесі секілді жеке ерекшеліктерін қосқандағы факторларға; қолданылуы мүмкін өндіру әдістерінің тиімділігі мен құны; қаржылық шығындар; сонымен қоса, баға белгілеу, инфрақұрылым, жерді қолдану, тауардың импорты мен экспорты және қоршаған ортаны қорғауға қатысты ережелерді қосқандағы мемлекеттік бақылауларға тәуелді. Осы факторлардың бірге немесе жекеше әсер етуі, алдын ала айтылуы мүмкін емес, олардың әсері Компанияның айқындалған барлық минералды ресурстардың пайдалы қазбалар экономикалық тиімді шығаруының қабілетсіздігіне алып келуі мүмкін. Компанияның кен орындарының болашақта коммерциялық жағынан тиімді болатынына кепілдік беру мүмкін емес. Уранның үнемді түрде меңгеріле алатын коммерциялық тиімді кен орындарын анықтау қабілетсіздігі қызметіне, келешегіне, қаржылық жағдайына, ақшалай қаражаттардың қозғалысына немесе Компанияның қызметінің нәтижесіне елеулі түрде жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Компанияның нақты уран қорлары Қазақстандық әдістемелеріне қолдануға байланысты есеп беруге қарағанда төмен болуы мүмкін

Инвесторларға Компанияның қорлары және бірігіп бақыланатын, ассоциацияланған ұйымдарына қатысты осы Анықтамалықта берілген ақпараттың

дұрыстығына шексіз сенуіне болмайды. Егер басқа көрсетілмеген болса, қорлары мен резервтері бойынша осы Анықтамалықта берілген мәліметтер қазақстандық әдістеме мен ҚР заңнамасына сәйкес дайындалған аналитикалық материалдардан алынған болып табылады. Қазақстандық әдістемелік пайдалану арқылы алынған болжамдар, басқа саладағы стандарттарды пайдалану арқылы алынғандарға, мысалы АҚШ, Канада немесе Австралияда қолданылғандарға қарағанда, анағұрлым ерекшеленеді. Бұл мәліметтер, басқа салалық стандарттармен салыстырғанда, шығарылатын қорларды анағұрлым арттыруы мүмкін.

Компания, АҚШ-тың құнды қағаздар мен биржалар бойынша Ұлттық комиссияның немесе басқа салалық стандарттардың талаптарына сәйкес, өзінің кен орындарының кез келгеніне қатысты қорлары бойынша есепті дайындау үшін тәуелсіз эксперттерді тартуды көздемейді. Осындай тәуелсіз есепті дайындау жағдайында оның Компанияның қорларын анағұрлым төмен және жағымсыз деп бағаламайтынына ешқандай кепілдік жоқ. Егер Компанияның нақты қорлары мен резервтері есептіге қарағанда аз болады, Компания және оның бірігіп басқарылатын және ассоциацияланған ұйымдары қызметіне, келешегіне, қаржылық жағдайына, ақшалай қаражаттардың қозғалысына немесе Компанияның қызметінің нәтижесіне елеулі түрде жағымсыз әсер етуі мүмкін тарихиға қарағанда төмен деңгейде уран шығару жағдайында болмауы мүмкін. *«Қорлар мен резервтері – Қазақстандық әдістеме»* бөлімін қараңыз.

Компанияның уран қорларының есептік көлемдері немесе классификациясы, қорларды есептеу кезінде белгісіздіктің ерекше факторларының нәтижесінде болжамдықтардан төмен болуы мүмкін.

Компанияға тәуелді емес факторларды қоса есептегенде, қорлардың көлемін бағалауға және болашақтағы өндірістің қарқынын болжауға тән көптеген факторлар бар. Қорлардың бағалануы – субъективті процесс болып табылады және түрлі эксперттер жасалған бағалаулары бір-бірінен жиі ерекшеленіп тұрады. Онымен қоса, бұрғылау, сынақ нәтижелері және бағалау мерзімінен кейінгі өндіру мұндай бағалаудың қайта қаралуына алып келуі мүмкін. Сөйтіп, Компанияның бағаланатын уран қорлары өндірістің нақты көлемдерінен өзгеше болуы мүмкін және оларды сатудан түскен табыс күткеннен кем болуы мүмкін. Бағалаудың өзектілігі елеулі деңгейде ол негізделген нақты болжамына және қолда бар ақпараттың сапасы мен оны салалық стандарттармен салыстыру мүмкіндігіне тәуелді.

Қорлар бойынша барлық мәліметтер бағаланатын болады және нақты көлемдер бойынша ақпарат ретінде қарастырылмауы тиіс. Бұл баға берулеу, табыс, құн, ұстап қалулар, жеке меншік құқығы, геологиялық және инженерлік мәліметтер және еншілес, бірге басқарылатын және Компанияның ассоциацияланған ұйымдары жинаған басқа ақпарат бойынша мәліметтерге негізделген. Басқаларға қарағанда олар Компанияның урандық кен орындарын меңгеру деңгейі және оның бірігіп басқарылатын және

ассоциацияланған ұйымдары және ондай уранның нарықтық өтімділігі болашақта өткендегі меңгеру және өтімділік деңгейіне балама болады деген болжамдарға негізделген. Бұл болжамдар нақты болмауы да мүмкін.

Егер Компанияның қорлар мен резервтерді бағалайтын болжамы дұрыс болмаса, Компания және оның бірігіп басқарылатын және ассоциацияланған ұйымдары қызметіне, келешегіне, қаржылық жағдайына, ақшалай қаражаттардың қозғалысына немесе Компанияның қызметінің нәтижесіне елеулі түрде жағымсыз әсер етуі мүмкін тарихилікке қарағанда төмен емес деңгейде уран шығарудың жүзеге асырылмайтын жағдайда болып қалуы мүмкін.

Компанияның меңгеруді жоспарлайтын уран қорларының маңызды бөлігі, бірігіп меңгеурдің жобаларымен байланысты, тәуекелдерді білдіретін Компанияның бірігіп басқарылатын және ассоциацияланған ұйымдарының жекеменшігінде болып табылады.

Компания, оның табысының ағымдағы және келешегі бар көздерінің маңызды бөлігін құрайтын біріккен кәсіпорындардың қатысушысы болып табылады және болашақта жаңа біріккен кәсіпорындар құруды жоспарлайды. Компания пайда алып отырған қорлар мен өндірістің маңызды бөлігі Компания бухгалтерлік есепті қатысу үлесінің әдісі бойынша жүргізетін бірігіп басқарылатын және Компанияның ассоциацияланған ұйымдарына жатады. 2008 жылдың 31-желтоқсанындағы жағдайы бойынша Компанияның бірігіп басқарылатын және ассоциацияланған ұйымдары 370 069 тоннаға бағаланған қорлары бар кен орындарынан уран шығару құқығына ие Компанияның үлесімен салыстырғанда 199 540 тонна. 2009 жылдың 31-желтоқсанында аяқталған жыл ішінде, Компанияның бірігіп басқарылатын және ассоциацияланған ұйымдары 8 391,5 тонна уран шығарған Компанияның үлесімен салыстырғанда 4 177,0 тонна. Компания, өзінің бірігіп басқарылатын және ассоциацияланған ұйымдарының табысын жүргізетін кен орнының меншік иесі болып табылмайды.

Компания біржақты тәртіпте өзінің бірігіп бақыланатын ұйымдарының қызметін бақылауды немесе біржақты тәртіпте осындай активтердің ара қатынасында өте маңыды шешімдер қабылдай алмайды. Компания серіктестерінің Компанияның мүдделері мен мақсаттарына сәйкес емес немесе қайшы келетін экономикалық немесе іскерлік мүдделері мен мақсаттары болуы мүмкін. Серіктестер сонымен қоса, Компанияның пікірі бойынша оның немесе бірігіп басқарылатын ұйымдардың мүддесіне орай әрекеттерді тоқтату үшін veto құқығын жүзеге асыра алады. Бұл факторлардың кез келгені Компанияның бірігіп басқарылатын немесе ассоциацияланған ұйымдарында қызметіне, келешегіне, қаржылық жағдайына, ақшалай қаражаттардың қозғалысына немесе Компанияның қызметінің нәтижесіне елеулі түрде жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Компания, Компанияның УЗО8 маңызды бөлігін алушы тұтынушылардың аз санына тәуелді және алда бұл концентрация артуы мүмкін.

Ядролық энергетика секторы нығаюдың жоғарғы деңгейімен сипатталады. Компанияның сараптауы бойынша, әлемде уранды қолданушылардың саны шамамен 80. Компания ұзақ мерзімді келісім-шарт аясында оның уран өнімін сатып алушы тұтынушылардың анағұрлым аз санына тәуелді. 2009 жылдың 31-желтоқсанында аяқталған жыл ішінде, Компанияда ұзақ мерзімді келісім-шарт бойынша тоғыз тапсырушы болған. Компанияның бес ірі тапсырушысының үлесіне бірігіп 86% және жекеше Компанияның сатуының жалпы көлемінен 10% кем келмеген. Компания ядролық энергетиканың дамуының шамасы бойынша Қытайда оның осы мемлекеттегі тұтынушылық базасы артатынын болжайды. Компанияның ірі тапсырушылығының кез келгенін жоғалтып алу, осы тапсырушылармен сатып алулардың қысқаруы немесе Қазақстан мен Қытай арасындағы жағымсыз өзгерістер оның қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қаражатының қозғалысына немесе Компанияның қызметінің нәтижесіне қолайсыз әсер етуі мүмкін.

Компания қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау, қауіпсіздік ережесі және басқа талаптар бойынша ұлттық және халықаралық заңдылықты сақтауы тиіс.

Уранды өндіру мен қайта өндеумен қоса ядролық саланың Компания орындайтын барлық фазалары және Компания өнімдерінің оның тапсырушылары тарапынан қолданылуы қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау, қауіпсіздік ережесі бойынша халықаралық және ұлттық заңдылықтардың талаптарына ұшырауы мүмкін. Атомдық энергия бойынша халықаралық комиссия БҰҰ сияқты халықаралық ұйымдардың стандарттары мен тәжірибесі Компанияның қызметіне әсер етеді және қоғамдық мүддені білдіре отырып, әрі қарай дамуда. Қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі бойынша ҚР нормативті-құқықтық базасы кешендірек және кең ауқымды болуда. Компания, берілген стандарттарды орындауға кеткен өзінің шығындары осындай ұлттық және халықаралық ұйымдармен орнатылған стандарттардың әсер етуіне ұшырауы мүмкін деп күтіледі. Сонымен қоса, болашақта Компанияға табиғатты қорғаушы органдар тарапынан салынатын айыппұлдар мен талаптар жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Табиғат қорғау талаптарына сәйкестік Компаниядан қауіпті материалдар мен қалдықтардың қолданылуы немесе өнделуі, тасымалдануы, айналысқа жіберілуі, сақтаумен байланысты елеулі болуы мүмкін шығындар, сонымен қоса ластануды жою, оның ішінде Кеңес Үкіметі кезінен қалған сондай шаралардың жүзеге асырылуын талап етуі мүмкін. Компания уранды жераты сілітісіздендіру әдісін қолдану нәтижесінде аздап кідірістерге ие. Бұл әдіс уран өндіру үшін күкірт қышқылының жерасты тартып алынуын білдіреді. Бұл әдіс, осы уранды шығару әдісінің экономикалық артықшылықтарының қысқаруына алып келуі мүмкін табиғатты қорғау талаптарының қосымша затына айналуы мүмкін. Табиғатты қорғаудағы осындай кез келген өзгеріс

оның қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қаражатының қозғалысына немесе Компанияның қызметінің нәтижесіне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Алайда, Компания табиғатты қорғау талаптарының өзгеріп отыратын сипатын ескере отырып, қолданыстағы барлық табиғатты қорғау заңдары мен нормаларын орындауы тиіс болғанымен, ол бұлардың кез келген уақытта орындалуына кепілдік бере алмайды. Табиғатты қорғау талаптарының кез келгенінің орындалмауы бәрінен бұрын Компанияның азаматтық жауапкершілікке алуға немесе оған айыппұлдық санкциялардың тағайындалуына алып келуі мүмкін. Сонымен қатар, табиғатты қорғау талаптарының көлемі артпайтынына ешқандай кепілдік жоқ. Табиғатты қорғау талаптарының кез келген артуы оның қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қаражатының қозғалысына немесе Компанияның қызметінің нәтижесіне қолайсыз әсер етуі мүмкін.

Компанияның бұрынғы бірінші жетекшісі қылмыстық әрекетке байланысты кінәлі болып табылды және қазіргі уақытта соған қатысты қылмыстық іс жүріп жатыр.

2009 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Бас прокуратураның бақылауында, Компанияның бұрынғы бірінші жетекшісіне және оның мүліктің ұрлануында және кейбір уран кен орындарындағы оффшорлы компаниялар мен аффилирленген бұрынғы жетекшісімен заңсыз саудалауда кінә тағылған оққағарына қатысты қылмыстық іс қозғады. 2010 жылдың наурыз айында сот Компанияның бұрынғы бірінші жетекшісін 14 жылға бас бостандығынан айырған, ал оның оққағарын аз мерзімді қамауға алған. Сонымен қоса, 2010 жылдың наурыз айында прокуратура бұрынғы бірінші жетекшіні ақша қаражаттарын заңсыз рәсімдеу бойынша кінәлауына байланысты жаңа тергеу жұмысының басталғаны туралы хабарлаған. Осы тергеулердің бұрынғы немесе қазіргі фигуранттарының ешқайсысы қазіргі таңда Компанияның қызметкері болып табылмайды және Компанияның басқару жетекшілерінің пікірі бойынша бұл тергеу жұмыстары мен кінәлаушылар Компанияның қызмет етуіне жағымсыз әсер етпейді. Алайда, жаңа тергеу жұмысы өз уақытында аяқталады немесе бұрынғы бірінші жетекші қол қойылған жаңа келісім- шарттар табылмайтынына ешқандай кепілдік жоқ; сонымен қоса, осы тергеу жұмысының фигурантына кез келген Компания қызметкерлерінің бірі айналмайтына, Компанияның бірігіп басқарылатын кәсіпорындары мен ассоциацияланған ұйымдарының қызметкерлері фигурантқа айналмауына ешқандай кепілдік жоқ немесе кез келген жаңа тергеу Компанияның қызметіне қаржылық жағдайынан ақша қаражатының қозғалысына немесе қызметінің нәтижесіне және оның болашағына жағымсыз әсер етпейтініне ешқандай кепілдік жоқ.

Компанияның бизнесі және жергілікті инфрақұрылым маңызды капиталды шығындарды талап етеді және Компания қажетті қаржыландыруға қол жеткізуі мүмкін.

Кен шығатын жерлердің ағымдағы қолданысы, дамуы, кеңейтілуі мен қуатты қайта өңдеуі шығарып алуға дейінгі және өндірістік қызметке байланысты капиталдың маңызды көлемін талап етеді. Мұндай капиталды сұраныстары бәрінен бұрын жер қойнауын немесе кен орындарын пайдалану құқықтарын алуға, рұқсат пен келісім алуға, кен орындарының жер асты конфигурациясын анықтауға арналған барлау мен бұрғылауға, кен шығаратын және қуатты қайта өңдеу жаңа орындардың құрылысына және жобалауына тау-кен шығару жабдығы мен табыс табатын учаскелерді қайта құруға кеткен, сонымен қоса кеңейту мен даму Компаниядан қосымша қаржыландыру шығындарымен қосымша инфрақұрылым объектілерінің құрылысының, онымен қоса жолдардың, электр қуатын беру жерлерін және электростанция құрылыстарымен талап етуі шығындармен байланысты. Компанияның сол немесе басқа жоба бойынша серіктестігі болса, ондай серіктес кеңейту мен дамумен байланысты кейбір шығындарды өз мойнына алуы мүмкін. Дегенмен, бұған кепілдік жоқ. Компания қолайлы шарттарды қажетті уақтылы қаржыландырылуы мүмкін немесе жалпы қаржыландыру алуы мүмкін екеніне ешқандай кепілдік жоқ. Ол Компанияның қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қаражатының қозғалысына және оның қызметінің нәтижесіне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Күкірт қышқылының болуы және оның құны Компанияның кен орнының коммерциялық тиімділігіне елеулі әсер етеді.

Компания жерасты ұнғымалық шаймалау әдісінің көмегімен уран өндіру үшін көп мөлшерде күкірт қышқылын қолданады. 2009 жылдың 31-желтоқсанында аяқталған жыл ішінде Компанияның өндірісі аясында және оның бірігіп басқарылатын, ассоциацияланған ұйымдары күкірт қышқылының шамамен 1 млн.тоннасын қолданған. Компания соңғы бірнеше жыл ішінде күкірт қышқылының жеткізілуінде қолайсыз жағдайға тап болды. Тіпті қажетті көлем болғанымен күкірт қышқылының жеткізілуіне логистика бөліміндегі шектеулер әсер етуі мүмкін, мысалы, Қазақстан және оның аймақтарына күкірт қышқылын тасымалдауға арналған вагондардың жеткіліксіздігі. Қышқылдың таратылуын бөгеуші күкірт қышқылы немесе логистикалық шектеулердің жеткіліксіздігі жоспарланғанмен салыстырғанда Компанияның кен орындарынан шығарылатын көлемдердің төмендеуіне алып келуі мүмкін. Егер нәтижесінде өндіріс графигі бұзылса, ол Компанияның қызметіне, болашағына, қаржы жағдайына, ақша қаражатының қозғалысына немесе оның қызметінің нәтижелеріне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

1 грамм уранды шығару үшін шамамен 100 мл күкірт қышқылы қажет. Компания төлеп отырған күкірт қышқылының бір тоннасының бағасы соңғы үш жылда едәуір ұлғайды, 2007 жылы 5 737 теңгеден 2008 жылы 9 093 теңгеге дейін және 2009 жылы 15 089 теңгеге дейін көтерілген. 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде, күкірт қышқылының бағасы, өндіріс барысында Компания U3O8 тарапынан қолданылған жалпы материалдарға кеткен шығын көлемінің шамамен 50% құрады. Күкірт қышқылының бағасы әрі қарай өсуі мүмкін және қазіргі уақытта Компания

болжамдап отырған бағадан асып түсуі мүмкін. Егер өндіру шығындары бюджетте көрсетілгеннен жоғарылап кетсе Компанияның нәтижелілігіне, ақша қозғалысына, қаржылық жағдайына, перспективасына кері әсерін тигізуі мүмкін.

Компанияның жаңа жобаларды игеруі сәтсіз болуы мүмкін және осы жобалардың тиімді болуына ешқандай кепілдік жоқ.

Компания ағымдағы операцияларды орындауды жалғастырады, жаңа операцияларға қатысып, жаңа серіктестік қатынастарды дамытады, себебі олар бәсекеге қабілетті халықаралық ядролық отын циклдерінің бастапқы кезеңдеріне қатысуды көздейді. Осының нәтижесінде, Компания тау-кен өндірісі мен кәсіпорындарын құруға байланысты барлық тәуекелді қабылдайды, соның ішінде:

- қайта өңдеуші кәсіпорындар мен тау-кен өндірісінің эксплуатациясы мен құрылысының мерзімі мен шығындар (маңызды болуы мүмкін);
- құралдар мен еңбек ресурстарының құны мен бар болуы;
- сәйкес серіктестіктерді табу;
- қажетті мақұлдау, рұқсат, лицензия мен сертификаттердың болуы мен оларды алу мерзімі;
- жаңа операцияларды қамтамасыз ету үшін Компанияның бақылау механизмі мен үрдістері, жүйесі, қызметкерлердің жеткіліктігі;
- меңгеруді кідіріске не тыйым салынуға соқтыратын жергілікті тұрғындардың не топтардың ықтимал қарсыласуы.

Осы факторлардың әрқайсысы белгісіздік ерекшеліктеріне ие және елеулі өзгерістерге әкелуі мүмкін. Соның салдарынан нақты капитал және эксплуатациялық шығындар мен экономикалық табыс болжамдалынғаннан өзгеше болуы мүмкін. Осындай өзгерістер Компанияның нәтижелілігіне, ақша қозғалысына, қаржылық жағдайына, перспективасына кері әсерін тигізуі мүмкін. Онымен қоса, өзінің кез келген жаңа блогын экономикалық жағынан тиімді жүзеге асыруға ешқандай кепілдік бере алмайды.

Компания өзінің тікелей интеграциялық стратегиясын жүзеге асыру барысында, өзінің көптеген қайта өндіру процестері бойынша ҮМЗ-ға, сонымен қатар, Үкіметтің және өзге елдердің үкіметтерінің іс-әрекеттеріне тәуелді.

Компанияның ағымдағы қызметі мен оның өзінің тікелей интеграциялық стратегиясын жүзеге асыруы ҮМЗ операцияларына тәуелді. Қазіргі уақытта U3O8

жалпы Компания өндірісінің шамамен 16,5 пайызы және бериллий, тантал мен сирек кездесетін металл өндірісінің барлық өндіріс көлемі ҮМЗ-ға тиесілі. Компанияның ҮМЗ өндіріс көлемінің ұлғаюын қолдай алмауы және оны қамтамасыз ете алмауы, Компанияның қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қозғалысына немесе қызметінің нәтижесіне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Компанияның тікелей интеграциялық стратегиясы ҮМЗ отын желісінің және отын таблеткаларын өндіру конверсиялық құрылысын білдіреді. Компания қазіргі уақытта осындай конверсиялық өндірістің құрылысын жүргізгенмен, осындай келісім орындалатынына немесе жақын арада және болашақта конверсиялық өндіріс құрылатынына ешқандай кепілдік бере алмайды. Компанияның өз мақсатына жетуі, Компанияға тәуекелді емес білгілі бір талаптардың орындалуына да тәуелді болып келеді. Олардың қатарына Үкіметтің бір немесе бірнеше келісімді орындау міндеттемелері жатады, олар Компанияның отын дық өзек өндірісіне дейін, ядролық отын жасау технологиясын реттейді. Онымен қоса, ҮМЗ қазіргі уақытта отын таблеткаларын өндіруге қуаты аз болса да. Компания ерекшеліктеріне сәйкестікті алып және әр бір тапсырыс берушіден сертификация алуы керек. Егер Үкімет келісім-шарттар орнатпаса, кейбір тапсырыс берушілер отын таблеткаларын сертификаттамайды, ал ол болса, Компанияның қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қозғалысына немесе қызметінің нәтижесіне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Қырғыз Республикасының Үкімет құрамының өзгеруі, Компанияның бірігіп реттелетін және ассоциациялық ұйымдарының қайта өңдеу операцияларына әсерін тигізуі мүмкін.

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған 2009 жыл ішінде, Компанияның U3O8 16,9% Қырғыз Республикасының Қара-Балта тау-кен комбинатында өндірілді. Республикадағы азаматтық қозғалыстан кейін, 2010 жылдың сәуір айында бұрынғы Президент Құрманбек Бәкиевтің үкіметі биліктен аластатылып, жаңа уақытша үкімет құрылды. Қырғыз Республикасындағы аталмыш жағдай мен үкіметтегі өзгерістер Компанияның Қара-Балтық тау-кеніндегі қызметінде іркіліске әкеп соқтырмайтынына кепілдік жоқ. Компанияның Қара-Балта тау-кен комбинатындағы қызметінде кез келген іркіліс болған жағдайда немесе осындай қызметте шығынның көбеюі кезінде Компания тиімді талаптармен альтернативті қайта өңдеуге рұқсат ала алмайды немесе бұл жағдай тіпті Компанияның қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қозғалысына немесе қызметінің нәтижесіне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Компанияның ақша салу немесе операцияларының жоспарлары өзгеруі мүмкін

Компания ақша салу және операция жоспарларын жасау кезінде, қолда бар эксперттік қорытынды мен ақпаратқа сүйенеді. Жаңа ақпарат түсуі мен эксперттік

қорытындылардағы өзгеріс нәтижесінде, Компанияның ақша салуы мен операцияларының өзгермейтініне ешқандай кепілдік жоқ.

Капиталдық және эксплуатациялық шығындар, өндірістік және экономикалық пайдалар мен басқа да техника-экономикалық негіздемелерде бар бағалаулар, нақты көлемнен әжептеуір өзгеше болуы мүмкін және нақты капиталдық, эксплуатациялық шығындар ашылғандардан және осы уақытта болжамданатындардан жоғары болмайтынына ешқандай кепілдік жоқ. Сондай-ақ Компания бағалары өзге компаниялардың ұқсас көрсеткіштерінен өзгеше болуы мүмкін және болжамдалып отырған операциялық табыс индикаторы болып табылмайды.

Ядролық энергия басқа энергия көздерімен бәсекелеседі және қоғамның келеңсіз пікір тәуекелдігімен байланысты.

Ядролық энергия басқа да энергия көздерімен, мысалы, мұнай, табиғи газ, көмір, гидроэнергетика, күн және жел энергиясымен бәсекеге түседі. Энергияның бұл көздері кейбір жағдайда, әсіресе, ұзақ мерзімді перспективада, ядролық энергияның орнын ала алады және осындай энергия көздерінің бағаларының тұрақты төмен болуы, ядролық энергияға деген сұранысты азайтуы мүмкін. Онымен қоса, атомдық энергетика өсімі электр энергиясын өндіру көзі ретінде ядролық технологияны тұрақты және жоғарғы деңгейде қолдануға тәуелді болады. Ядролық энергетиканың саяси, технологиялық және табиғатты қорғау тұрғысынан бірегейлігіне байланысты, аталмыш сектор қоғамдық кері пікірге ұшырауы мүмкін, ал бұл болса атомдық энергетиканың сұранысына кері әсерін тигізіп, ядролық энергетиканың қатаң реттелуіне әкелуі мүмкін. Әлемнің кез келген жеріндегі ядролық реактордың кез келген апаты ядролық энергетика мен ядролық энергия өндірісінің перспективаларын қабылдауға ықпал етуі мүмкін, ал бұл болса Компанияның қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қозғалысына немесе қызметінің нәтижесіне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Егер Компания білікті кадрларды жеткілікті мөлшерде жұмылдыра алмаса, өзінің өсуі мен дамуын тиімді жүзеге асыра алмауы мүмкін.

Компанияның өзінің бәсекелестік бағытын қолдау мен өз қызметінің стратегиясын жүзеге асыру қабілеттілігі қызметкерлерге, оның ішінде маңызды инженерлік-техникалық, басқарушылық, қаржылық, коммерциялық, маркетингтік және өңдеуші қызметкерлерге, сондай-ақ оңтайлы еңбек қарым-қатынасын қолдауға тәуелді. Соңғы кезде Компанияда кейбір жобалар бойынша мамандандырылған кадрлардың жетіспеушілігінің салдарынан кідірістер пайда болған. Әсіресе, инженерлік-техникалық, тау-кен қазу, металлургия, геология салаларында білікті қызметкерлердің аз болуы мен оларға деген сұраныстың үлкендігіне байланысты, білікті мамандар үшін қарқынды күрес жүргізілуде. Маңызды қызметкер санының азаюы не олардан айрылып қалу немесе қосымша білікті қызметкерлерді тарту және ұстап қалудың мүмкін

болмауы, Компанияның қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қозғалысына немесе қызметінің нәтижесіне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Компанияны жанама түрде бақылайтын үкімет, Компанияның және оның еншілес, бірігіп реттелетін немесе ассоциацияланған ұйымдарының, Облигация иелерінің мүдделеріне қарама-қайшы келетін немесе Компанияның жетекшісі лауазымына тағайындау немесе одан алып тастауға қатысты қызметпен айналысуы туралы үкім ете алады.

Компания Қазақстан Республикасының Ұлттық атом компаниясы болып табылады. «Ұлттық әл-ауқат қоры «Самрұқ-Қазына»» АҚ («Самрұқ-Қазына») ретінде Үкімет Компанияның 100 пайыздық иесі болып табылады және оның қызметін бақылайды. Үкімет Компанияның коммерциялық негізде жұмыс істеу қабілетіне кері әсерін тизуі мүмкін қызметпен немесе Облигация иелерінің мүдделеріне сәйкес келмейтін қызметпен айналысуы туралы үкім бермейтініне ешқандай кепілдік жоқ. Сонымен қоса, Үкімет Компанияға оның негізгі тұрмыстық қызметінен тыс қызметпен айналысуға немесе қызығушылықпен келісім жасаудақандай да бір активтерді алуға мәжбүрлеуі мүмкін. Үкімет сонымен қоса, Компанияға әлеуметтік мәдени инфрақұрылым нысандарының құрылысы, қоғамдық даму бағдарламаларын жүзеге асыру мен қайырымдылық қызметі секілді басқа да әлеуметтік міндеттерді Компанияға жүктеуі мүмкін.

Сонымен қоса, Үкімет Компанияның және оның еншілес кәсіпорындарының жетекшілерін тағайындау және орнынан босату немесе тағайындалу мен қызметінен босатылуына ықпал ету мүмкіндігіне ие.

Белгілі бір тұлғалар мен қызметтердің жүргізілуіне байланысты санкциялады қарастыратын түрлі мемлекеттердің заңнамалары Компанияға әсер етуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының Заңнамасынан басқа, Компания халықаралық қызметіне байланысты өзі жұмыс істеп жатқан түрлі мемлекеттер мен аймақтардың заңдарының ықпалына ұшырайды. АҚШ қаражат министрлігінің шетел активтерін бақылау бойынша Басқармасы тағайындаған немесе Иранға қатысты АҚШ Заңымен реттелетін санкциялар кейбір елдерге ықпал ете алады. Компанияның пікірі бойынша, ол қазіргі таңда бұндай елдердің ешқайсысында қызмет жүргізбейді және Облигациядан түскен түсімдердің ешқайсысы американдық немесе басқа да қолданылатын санкциялардың ықпалына түсетін қандай да бір қызметті қаржыландыруға пайдаланылмайды. Дегенмен, болашақта Компанияға және оның қызметкерлеріне қатысты осындай заңдар мен ережелерді орындау туралы сұрақтар туындамайтынына ешбір кепілдік жоқ. Мұндай заңдар мен ережелердің орындалмауы бәрінен бұрын үкіметпен немесе АҚШ-тың кез келген үкіметтік ведомствасымен келісім жасау құқықтарынан айырылуға алып келуі мүмкін. Қолданыстағы заңдар мен ережелердің орындалмауы, сонымен қатар, Компания директорларының жауапқа тартылуына алып

келуі немесе қомақты айыппұлдар төлетуге және Компанияның жағымсыз аты мен имиджінің қалыптасуына алып келуі мүмкін.

Жоғарыда айтылған салдардың кез келгені, Компанияның қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қозғалысына немесе Компанияның қызметінің нәтижесіне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Вандализм мен террорлық актілерін қоса есептегендегі күтпеген төтенше жағдайлар Компанияның қызметіне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Компания өз операцияларының көбісін Қазақстанда қатаң климаттық шарттарда орындайды және өзінің барлық өнімін экспорттайды. Компанияның қызметі, оның үрдістері мен процедуралары кеме және көлік оқиғалары, өрт пен жарылыстар, энергиямен жабдықтаудың тоқтатылуы, теміржол оқиғалары және механикалық зақымданулар сияқты тәуекелдердің әсеріне ұшырауы мүмкін. Компанияның қызметі, сонымен бірге, жер сілкінісі және топан су басу сияқты күтпеген стихиялық апаттардан зиян шегуі мүмкін. Сонымен қоса, Компанияның нысандары атомдық энергетикаға қарсы бағытталған вандализм және террорлық актілердің нысанасына айналуы мүмкін. Мұндай оқиғалар қазып алудағы тоқтатуларға және активтерден айрылып қалу жағдайына ұшыратуы мүмкін, сонымен қатар, Компанияның қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қозғалысына немесе қызметінің нәтижесіне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Компанияның сақтандырулары күтпеген кідірістер мен ықтимал қауіпті операцияларға байланысты шығындарды өтеуге жеткіліксіз болуы мүмкін.

Компания сақтандыруды жүзеге асырғанымен (Компанияның нысандарында болған оқиғалар нәтижесінде қоршаған ортаға келтірілген зиян және мүлікке қатысты үшінші жақтың алдындағы жауапкершілікті сақтандыруды қосқанда), осындай сақтандырудың мөлшері мен ауқымы, дамыған елдердегі осы секілді компаниялармен салыстырғанда, анағұрлым шектеулі болып келеді. Сақтандыру нарығы Қазақстанда құрылу кезеңін бастан өткеруде және басқа елдерде кеңінен таралған сақтандыру түрлері Қазақстанда дамымаған. Компания өзінің өндірістік қуаттарын немесе өндіріс қызметіндегі үзілістерден сақтандыру хұқына толық ие емес. Компания сақтандырылмаған не сақтандыруға жатпайтын тәуекелдер немесе жеткілікті емес сақтандыру салдарынан, елеулі шығынға ұшырауы мүмкін, ал бұл болса Компанияның қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қозғалысына немесе қызметінің нәтижесіне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

«Трансферттік база белгілеу туралы» Заң Компанияның өз өнімін сатуына кедергі жасауы мүмкін.

2008 жылдың 5 шілдесінде Қазақстан Республикасында «Трансферттік баға белгілеу туралы» Заң (өзгерістер және толықтырулармен қоса) қабылданды, ол құны нарық механизмімен немесе «споттық баға» арқылы анықталмайтын тауар жеткізу бойынша ұзақ мерзімді келісім-шарттарға байланысты салықтың өсуіне әкелуі мүмкін. Трансферттік баға белгілеуді бақылау мақсатымен заң уранға биржа тауарларына қойған баға белгілеу әдісін қолданады және ұзақ мерзімді келісім-шартпен уранды жеткізу мен баспада жарияланған уран құны арасындағы айырмашылыққа қосымша салық салуды талап етеді. Аталмыш заң Компанияны уран өнеркәсібінде басымдық көрсеткен және уран тұтынушыларының таңдауына ие құбылмалы немесе тұрақты баға негізінде ұзақ мерзімді келісім-шартқа ынталандырмайды. Егер заң жойылмаса немесе уран өнеркәсібі үшін ерекше жағдай болмаса, Компанияның заңды қолдануы, анағұрлым дәстүрлі келісім-шарттар қолдануы мүмкін уран өндірушілерімен өнімді сату саласындағы бәсекелестік қабілетіне кері әсерін тигізуі мүмкін, сонымен қатар Компанияның жаңа әлемдік нарықта уран өнімін сатуды ұлғайту мүмкіндігіне кедергі жасауы мүмкін. Ол дегеніміз Компанияның қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қозғалысына немесе қызметінің нәтижесіне кері әсерін тигізуі ықтимал.

Компания, Қазақстанның Ақтау қаласындағы БН-350 реакторына қатысты міндеттемелерді өз жауапкершілігіне алуы мүмкін.

Компания, өзінің еншілес компаниясы МАЭК арқылы, Қазақстанның Ақтау қаласында орналасқан және қолданыстан шығарылған БН-350 жылдам нейтронды ядролық реакторына **(БН-350 Реакторы)** иелік етеді. Үкімет қаулысына сәйкес, реактордың қолданыстан шығарылуы 1999 жылы басталды және радиоактивті қалдықтардың қауіпсіз түрде сақталуына негізделген қолданыстан шығарудың бірінші кезеңі 2018 жылы аяқталады деп күтілуде. АҚШ-тың энергетика департаменті және Қазақстан Республикасының энергетика, индустрия және сауда министрлігінің арасында 1999 жылдың 19 желтоқсанында жасалған келісімге сәйкес, АҚШ Үкіметі мен Қазақстан Үкіметі 35 млрд. теңгеге бағаланып отырған реакторда пайда болған радиоактивті материалдарды сақтау мен реакторды қолданыстан шығаруға қатысты міндеттемелерін мойнына алды. Дегенмен, егер Америка Құрама Штаттары және Қазақстандағы басқа да қаржыландыру көздері қажетті қаржыны ұсына алмаса, Компаниядан осы шығындарды немесе оның бір бөлігін қаржыландыру талап етілуі мүмкін. Ал бұл жағдай, Компанияның қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қозғалысына немесе қызмет нәтижесіне кері әсерін тигізуі ықтимал.

Компанияның жер қойнауларын пайдалануға қатысты құқықтарының кейбіреулері тоқсаныншы жылдары, жер қойнауларын пайдалану құқықтарының алыну тәсілі тиісті түрде болмаған кезде алынған.

Компанияның атына рәсімделген жер қойнауларын пайдалану туралы келісім-шарттарының кейбіреулері, жер қойнауын пайдалану туралы Қазақстанның заңнамасы

әлі туындау үрдісінде және жер қойнауларын пайдалану туралы келісім-шарттар жасау процедурасы тиісті деңгейге жетпеген кезде, тоқсаныншы жылдардың ортасында жасалған болатын. Оның үстіне, Компания өзінің жер қойнауын пайдалану туралы келісім-шарттарының кейбіреулерін атомдық энергетика мен өндірісі бойынша Ұлттық акционерлік компания АҚ-ға тиісті келісім-шарттар берілген кезде алған. Сондай-ақ, процедураларды тапсыру кезінде жер қойнауын пайдалану туралы келісім-шарттарды беруге қатысты құқықтық база жеткілікті түрде нақты анықталмаған болатын. Компанияға жер қойнауын пайдалану туралы келісім-шарттарына қатысты дауласу сияқты ешқандай оқиғалар және осындай дауға алып келетін ешқандай жағдаяттың таныс болмауына қарамастан, осындай дауласулар болашақта да болмайды деп нақты айту мүмкін емес. Егер Компанияның жер қойнауын пайдалану туралы келісім-шарттарының кез келгені дау тудырса және Компанияның оларға деген құқықтары жойылған немесе шектелген болса, бұл Компанияның қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қозғалысына немесе қызмет нәтижесіне кері әсерін тигізуі ықтимал.

Компанияның, оның бірлесіп басқарылатын кәсіпорындары мен ассоциацияланған компанияларының жер қойнауын пайдалану туралы келісім-шарттары, олардың талаптары немесе қолданыстағы заңнамаға сәйкес күшін жоюы мүмкін.

Қазақстанда жер қойнауларын пайдалану құқығы, тиісті органдар тарапынан жасалатын келісім-шарттарға сәйкес, жер қойнауын пайдаланушыларға барлау жүргізу немесе минералды шикізат қазып алу құқықтарымен қоса беріледі. Аталмыш келісім-шарттар тиісті білікті органдарда тіркеуге алынуы тиіс және бұрғылау, құпиялылық, инвестиция, Қазақстандық жұмыс күштері мен қызмет көрсету мекемелерін тартуға қатысты міндеттемелер, сонымен қатар салықтық және әлеуметтік міндеттемелер, сақтандыру, экологиялық мониторинг және минералды шикізат шығаруға байланысты міндеттемелер аясында әртүрлі талап пен ережелерді қамтиды.

Бұдан бұрын Компанияның жер қойнауын пайдалану келісімдері бойынша өз міндеттемелерінің кейбіреулерін толық орындамаған жағдайы орын алған. Компанияның, оның бірігіп басқарылатын кәсіпорындарының және ассоциацияланған компанияларының кез келгені жер қойнауын пайдалануға байланысты келісім-шарт талаптарын бұзғаны немесе аталмыш келісімдердің тиісті түрде білікті органдарда тіркеуге алынбағаны белгілі болған жағдайда, мұндай келісімдердің күшінің тоқтатылуы, жоюлуы мүмкін немесе мұндай келісімдерге жағымсыз сипаттағы өзгертулер енгізілуі мүмкін.

Осыған қосымша, Компания, оның бірігіп басқарылатын кәсіпорындары және ассоциацияланған ұйымдары тарапынан өнделіп жатқан уран кеніштерінің көбісі, олардың жер қойнауын пайдалану туралы келісім-шарттарына сәйкес, Қазақстанның заңнамасы бойынша стратегиялық нысандар болып табылады. Егер жер қойнауын

пайдаланушының іс-әрекеті мемлекеттік мүдделерге үлкен зиян келтіретін болса және соның салдарынан ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін болса, стратегиялық нысандарға қатысты жер қойнауын пайдалану туралы келісімдер бір жақты тәртіпте өзгертіліп, ең соңында білікті органмен бұзылуы мүмкін. Компанияның немесе оның бірігіп басқарылатын кәсіпорындарының және ассоциацияланған ұйымдарының кезкелгеніне қатысты жер қойнауын пайдалану келісімі ұлттық қауіпсіздікке қатысты бір себептермен бір жақты тәртіпте өзгертілетін не бұзылатын немесе басқа тәсілдермен тоқтатылатын, жойылатын не болмаса жоғарыда айтылғандай өзгертілетін болса, бұл жағдай Компанияның бизнесіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қозғалысына немесе қызметінің нәтижесіне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Қазақстан Республикасына және жалпы дамушы нарықтарға қатысты тәуекел факторлары

Компания валюталар курсының төмендеуін, азаматтық тәртіпсіздіктер, валюталық бақылаудың өзгертілуі немесе нақты валютаның жеткіліксіздігі, энерготасымалдауларының бағасының өзгеруі, салыққа қатысты өзгерістер, шетел инвесторларына төленетін сомадан ұстап қалу, антимонополиялық заңнамадағы өзгерістер, меншікті ұлттандыру немесе экспроприациялау, уранды немесе басқа стратегиялық материалдарды экспорттауға үзілістер немесе эмбаргоны қосқанда, бірақ осымен шектелмейтін Қазақстан Республикасымен байланысты өзіндік тәуекелдердің нысаны болып табылады. Осы аталған немесе төменде сипатталған оқиғалардың кез келген біреуінің орын алуы, Компанияның бизнесіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қозғалысына немесе қызметінің нәтижесіне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Әдетте, дамушы нарықтар, дамыған нарықтарға қарағанда, тәуекелге көбірек душар болуы мүмкін, сонымен қатар дамушы экономиканы инвестициялауға қатысты нақты не болжамды тәуекелдіктер Қазақстанға келіп жатқан шетел инвестицияларын тоқтатып қояуы мүмкін.

Соңғы уақыттарда халықаралық және қазақстандық капитал нарығында орын алған құлдырау өтімділіктің төмендеуіне және нарықтың кейбір қатысушылары үшін несиелік тәуекелдіктің артуына және қаржыландырудың қысқартылуына алып келген. Қазақстан сияқты дамушы нарықтарда орналасқан компаниялар қаржылық қиындықтарға алып келуі мүмкін осындай құлдырауларға ерекше сезімтал болып келеді. Сонымен қоса, дамушы нарықта жұмыс істейтін компаниялар үшін несиелендірудің қол жетімділігі, көбінесе, осы нарықтардағы инвесторлар жағынан болатын сенім деңгейімен анықталады және осындай нарықтың сеніміне әсер ететін кез келген фактор, мысалы несиелік рейтингінің төмендеуі немесе бір нарықта мемлекеттің не орталық банктің араласуы, осы нарықтардың кез келгеніндегі кәсіпорындарды қаржыландырудың қол жетімділігіне немесе бағасына әсерін тигізуі мүмкін.

Қазақстан сияқты дамушы нарықтардағы инвесторлар, осы нарықтар жеткілікті дамымағандықтан, кейбір жағдайлардағы құқықтық, экономикалық және саяси тәуекелдіктерді қоса есептегенде, анағұрлым көбірек тәуекелдікке душар болуы мүмкін екенін білуі қажет. Сонымен қатар, инвесторлардың Қазақстан сияқты дамушы нарықтардың жиі өзгеріске тап болатынын және осы Анықтамалықта баяндалған ақпараттың тез ескіруі мүмкін екенін ескерулері керек.

Сол себепті, инвесторлар тәуекелдіктерді бағалау барысында ерекше абай болулары керек және өздері үшін осы тәуекелдіктердің аясында инвестициялаудың тиімділігін анықтаулары керек. Заң бойынша дамушы нарықтардағы инвестиция, тек қана тәуекелдіктердің маңызын толығымен бағалайтын тәжірибелі инвесторлар үшін сәйкес болып табылады және ықтимал инвесторларға Облигацияларды инвестициялауды жүзеге асырмас бұрын өзінің меншікті заң және қаржы кеңесшілерінен кеңес алу ұсынылады.

Бұрын болғандай, дамушы экономиканы инвестициялауға байланысты қаржылық қиыншылықтар немесе болжанатын тәуекелдердің артуы, Қазақстан Республикасындағы шетел валютасының инвестициясын тоқтатуы және Қазақстан Республикасының экономикасына жағымсыз әсер етуі мүмкін. Сонымен бірге, осындай жағдайларда дамушы нарықтарда жұмыс жасайтын компаниялар шетелдік қаржыландыру көздерін жоғалтуына байланысты өтімділік бойынша елеулі шектеулерге ұшырайды. Сондықтан Қазақстан Республикасының экономикасының тұрақты болуы не болмауына қарамастан, кез келген дамушы нарықтағы, жекеше алғанда, соңғы уақыттардағы маңызды саяси тұрақсыздықты (оның ішінде терроризм) сезінген ТМД және Орталық Азия елдеріндегі қаржылық дағдарыс, Компанияның бизнесін тоқтатуы мүмкін. Осы сияқты кез келген шартты бұзушылық Компанияның бизнесіне, қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қозғалысына немесе Компания қызметінің нәтижесіне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Компания көп жағдайларда Қазақстан Республикасындағы экономикалық және саяси шарттарға тәуелді.

Компания операцияларының көбісі Қазақстан Республикасында өткізіледі және оның активтерінің маңызды бөлігі Қазақстанда орналасқан. Бұрынғы Кеңес Үкіметінің құлауының нәтижесінде, Қазақстан 1991 жылы тәуелсіз егеменді мемлекетке айналды. Сол кезден бастап, орталықтандырылған экономикадан нарықтық экономикаға өтуге байланысты күрделі өзгерістерді бастан кешуде. Бұл өтпелі кезең алғашқы сәттен бастап, саяси белгісіздік, құнсыздандудың жоғарғы деңгейімен сипатталатын экономиканың рецессиясы, ұлттық валютаның тұрақсыздығы және құқықтық ортадағы шұғыл, бірақ аяқталмаған өзгерістермен ерекшеленген болатын.

1992 жылдан бастап Қазақстан мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру және экономиканы мемлекеттік реттеуден бас тарту нәтижесінде еркін нарықтық экономика құруға бағытталған экономикалық реформалар бағдарламасын белсенді дамытуда және

осы тұрғыда өзге посткеңестік елдерге қарағанда келешегі бар мемлекет болып табылады. Дегенмен, кез келген ауыспалы экономикадағы сияқты, аталмыш реформалар мен осы Анықтамалықта сипатталған басқа да реформалар жалғасатынына және осы реформалардың барлық немесе болжанатын мақсаттардың кез келгеніне қол жеткізетініне ешқандай кепілдік болуы мүмкін емес.

Қазақстан өзінің негізгі экспорттау салалары, соның ішінде мұнай, табиғи газ, болат, мыс, ферробалқығыш, темір кені, алюминий, көмір, қорғасын, цинк және бидай бойынша әлемдік нарыққа қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін, көрші елдерге тәуелді. Сондықтан да Қазақстан өзінің экспорттау мүмкіндіктерін қолдау үшін көрші елдермен жақсы қарым-қатынаста болуы тиіс. Егер осы экспорттық маршруттарға деген қол жетімділік елеулі түрде бұзылған болса, ол Қазақстан Республикасының экономикасына жағымсыз әсер етуі мүмкін. Аймақтық нарықтардағы жағымсыз экономикалық факторлар, Қазақстан Республикасының экономикасына жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Кеңес Үкіметі тарағаннан кейін оның құрамында болған елдер, жуырда Қырғыз Республикасында болғандай, саяси тұрақсыздық азаматтық тәртіпсіздік, әскери әрекеттер мен үіметтегі өзгерістер немесе жәбірлеу оқиғалары секілді қиын кезенді бастан кешірді. 2007 жылдың мамыр айындағы Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілген өзгертулермен бірге «бірінші президент» ұғымы енді және бірінші президент (яғни қазіргі кездегі президент) бір қатар артықшылықтарға ие және кезекті қайта сайлану бойынша шектеулерге ілікпейді. 1990 жылдан бастап КСРО Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болған, 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының бірінші президенті болып сайланған Н.Ә.Назарбаевтың билік жүргізіп отырған осы кезеңде, Қазақстанда бұрынғы Кеңес республикаларының көбісімен салыстырғанда, үлкен тұрақтылық пен молшылық сезіледі. Дегенмен, мұндай нәтижелер қазіргі әкімшілікпен сақталып қалады немесе бұдан кейінгі әкімшіліктің осы секілді немесе одан да жоғары нәтижелерге қол жеткізетініне ешқандай кепілдік жоқ. Сонымен қоса, егер қазіргі әкімшілік өзінің саяси көзқарастарын өзгертсе немесе жаңа әкімшілік басқа саяси көзқарастарға ие болса, Қазақстандағы іскерлік тәртібі өзгеріске ұшырауы мүмкін. Қазақстанның іскерлік тәртібіндегі өзгерістер, соның ішінде мүліктік, салықтық не реттеуші тәртіптер немесе басқа да өзгерістер Компанияның қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қаражатының қозғалысына немесе Компания қызметінің нәтижесіне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі факторлар да Қазақстан Республикасының экономикасына, оның ішінде қаржы және банк секторына әсер етеді. Мысалы, 2009 жылдың ақпан айында S&P Қазақстанның бес ірі коммерциялық банктерінің несиелік рейтингін төмендеткен, ал Moody's алты банктің қаржылық тұрақтылығының рейтингін төмендеткен. Рейтингтік агенттіктер бұл төмендетулердің ғаламдық экономикалық дағдарыстың Қазақстан Республикасының экономикасына және оның қаржылық институттарына одан әрі жағымсыз әсер етуінің салдары болып

табылатынын мәлімдеді, бұлар, атап айтқанда, активтердің сапасының нашарлауы, өтімділікке байланысты проблемалар және 2009 жылдың ақпан айындағы теңге девальвациясының салдарынан Қазақстан банктері үшін өзінің ірі шетел міндеттемелерін қайта қаржыландырудың елеулі түрде мүмкін болмауы. Қазақстан Республикасындағы бір қатар коммерциялық банктердің сыртқы қарыздарды өтеу мерзімдерін қайта қаржыландыру қиыншылықтарға душар болған және соның нәтижесінде қысқа мерзімді қаржыландыру бойынша ҚҰБ барған және жаңа қарыздарды беруге шектеу жасаған. 2009 жылдың ақпан айында Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған қаржылық тұрақтылық туралы заңнама талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасының екі ірі банкі БТА Банкі және Альянс Банкі Үкімет тарапынан жаңа қаржылық тұрақтылық туралы заңнама аясында ұлттандырылды. Ал оның Компаниямен қоса Қазақстан банктері мен оның клиенттеріне қандай әсер беретіні анық емес. Ірі компаниялар, мемлекетке тиесілі компаниялар мен жер қойнауын пайдаланушы компаниялар, шектеулі ауқымда және анағұрлым аз пайдалы шарттарда болса да, оффшорлық қаржыландыруға рұқсат алуды жалғастырып жатқан кезде, әсіресе тұрғын үй және құрылыс өндірісі, кіші және шағын бизнес зиян шеккен. Қазақстан Республикасының егеменді несиелік рейтингінің төмендеуі және Қазақстан экономикасындағы өтімділік проблемасы оның экономикалық дамуына кері әсер етеді, ал бұл болса Компанияның қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қозғалысына немесе Компанияның қызметінің нәтижесіне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Қазақстанда жақында, Компанияның шетел валюталарымен келісім жасауға әсер етуі мүмкін валюталалық реттеу туралы заң қабылданды.

2009 жылдың шілде айында Қазақстан Президенті Қазақстанның валюталық заңнамасына кейбір өзгертулер енгізу туралы заңға қол қойды. Түзетулер Президентке арнайы тәртіпте және Қазақстанның экономикалық тұрақтылығына қауіп төнген жағдайда, (1) Қазақстанның резиденттері алған шетел валюталарының міндетті сатылуын талап ететін; (2) валюталық операциялардың нәтижесінде алынған қаражаттардың кейбір бөлігін өкілетті банкке немесе ҚҰБ-на пайызсыз депозитке салуды талап ететін; (3) шетел банктеріндегі есеп-шоттардың қолданылуын шектеуді талап ететін; (4) валюталық операциялар бойынша валюталық есеп айырысуларды, сомаларды шектеуді талап ететін, сонымен қоса (5) валюталармен келісім жасауда арнайы ҚҰБ рұқсатын талап ететін ерекше валюталық тәртіп орнатуға құқық береді. Сонымен бірге, Қазақстанның экономикалық тұрақтылығы қауіп-қатерде болған жағдайда, Президент валюталық операцияларға басқа талаптар мен шектеулер енгізуі мүмкін. Халықаралық валюталық қор жарлығына сәйкес, Қазақстанның өзінің мүшелік міндеттемелерін орындау мақсатында, жаңа валюталық тәртіппен ұсынылған ауқымды өкілдікке қарамастан, жаңа валюталық тәртіп шетел валютасында несиені өтеуші резиденттеріне шектеу қоя алмайды. Жаңа валюталық тәртіптің Компанияның қызметіне қандай әсер тигізуі мүмкін екені анық емес, алайда, ол Компанияның

қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қозғалысына немесе Компанияның қызметінің нәтижесіне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Қазақстанда алдағы экономикалық реформаларды жүзеге асыру нәтижелері белгісіз болып табылады.

Көптеген кәсіпорындарға елеулі инвестициялардың қажеттілігі, Үкімет тарапынан жекешелендіру бойынша бағдарламалардың енгізілуін талап етті. Бұл бағдарламаға Үкімет тарапынан стратегиялық маңызды деп есептелетін кейбір кәсіпорындар енгізілмеген, алайда, жекешелендірудің үлкен бөлігі маңызды секторларда орындалған, мысалға алатын болсақ, кейбір ірі мұнай-газ компанияларының, тау-кен қазушы компаниялардың және ұлттық телекоммуникациялық компаниялардың толық және жартылай сатылулары болған. Соған қарамастан, Қазақстан экономикасының көптеген секторларына маңызды инвестиция қажеттілігі әлі сезіледі және бизнестің тиісті инфрақұрылымының болмауына байланысты экономикалық көрсеткіші бұрынғыдай баяулаған күйде қалып қойған аймақтары бар. Сонымен қоса, Қазақстандағы көлеңкелі экономиканың (немесе қара нарық) үлкен ауқымды болуы, реформалардың жүзеге асуына жағымсыз әсер етеді және салықтардың тиімді жиналуына бөгет жасайды. Үкімет осы мәселелерді бизнестік инфрақұрылымды жақсарту, салықтық әкімшілік ету және жекешелендіру үрдісін жалғастыру арқасында шешу ниеті туралы хабарлаған. Дегенмен, бұл әрекеттердің қолайлы болатынына ешқандай кепілдік жоқ және олардың кез келгенінің орындалмауы Компанияның қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қозғалысына немесе Компанияның қызметінің нәтижесіне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Қазақстан белгілі деңгейде экспорт пен шикі өнімдер базасына тәуелді және экспорттық өнімге деген болмашы сұраныс пен шикізаттардың төмен бағалары Қазақстанның болашақтағы экономикасына жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Компания бизнесінің үлкен бөлігі және оның активтерінің маңызды бөлігі Қазақстанда орналасқан. Сондықтан да, Компания негізінен алғанда Қазақстанда басым болатын экономикалық және саяси шарттарға тәуелді. Қазақстанның экономикасына шикізаттардың төмен бағасы, әсіресе мұнай-газ секторындағы бағалар және әлемдегі экономикалық тұрақсыздық жағымсыз әсер ететін болғандықтан, Үкімет экономикалық реформалар, шетел инвестицияларын тарту және экономиканың диверсификациясы секілді мәселелерді дамытуда. Үкіметтің қаншалықты тырысқанына қарамастан, экспорт нарықтарындағы әлсіз сұраныс және шикі өнімдердің бағасының төмендеуі, әсіресе мұнай-газ секторында, Қазақстанның болашақ экономикасына кері әсерін тигізіп, ал бұл болса Компанияның қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қозғалысына немесе Компанияның қызметінің нәтижесіне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Қазақстанның заңдық, соттық, салықтық және реттеуші нормативтік-құқықтық базалары жеткілікті дамымаған және әрі қарай даму үстінде.

1995 жылдың басында қабылданған заңдардың көптігіне қарамастан (оның ішінде жаңа салық кодекстері 2002 жылдың қаңтар айындағы және 2009 жылдың қаңтар айындағы шетел арбитражына және шетел инвестициясына қатысты, банк секторын реттеу бойынша қосымша заңдар және қор биржасы, тұрмыстық қоғамдар және серіктестіктер, мемлекеттік кәсіпкерлік реформалар және жекешелендірулер мәселелерін реттейтін басқа да заң актілері), Қазақстанның нормативтік – құқықтық базасы посткеңестік елдерінің ішінде ең дамығандарының бірі болып саналғанымен, дамыған нарықтары бар елдермен салыстырғанда өзінің дамуын жалғастыруда.

Қазақстанның сот жүйесі, сот органдарының қызметкерлері және басқа да мемлекеттік лауазымды тұлғалар сыртқы әлеуметтік, экономикалық және саяси күштерден толық тәуелсіз емес. Мысалы, лауазымды тұлғаларға төленген төлемдердің құқықтық негізде болмау оқиғалары бар. Сондықтан да, сот шешімі оңай болжамданбауы мүмкін және жеке жағдайларда әкімшілік шешімдер қарама-қайшы болуы мүмкін. Қазақстан азаматтық құқыққа негізделген юрисдикция болып табылады және соттағы прецеденттер соттың кейбір шешімдерді қабылдауы барысында міндетті күшке ие болмайды.

Сонымен қоса, заң және салық органдары еркін шешімдер қабылдай алады, салықтық міндеттемелерді бағалай алады және бұдан бұрынғы шешімдер мен баға беруге шек келтіре алады, ал бұл болса компаниялардың қосымша салық, айыппұл немесе өсім төлеуге байланысты міндеттемелерінің болғанын не болмағанын анықтауды қиындата түседі. Осы белгісіздіктің нәтижесінде, жекешелеп айтқанда, 2009 жылдың қаңтар айында салық кодексіне (**2009 жылғы Салық кодексі**) сәйкес қабылданған шешім, сонымен қатар, орнатылған прецеденттік жүйенің немесе заңды талқыламаның кезектілігінің болмауы салдарынан, Қазақстанда бизнес жүргізумен байланысты құқықтық және салықтық тәуекелдіктер дамыған құқықтық және салықтық жүйесі бар юрисдикцияға қарағанда анағұрлым маңызды болып табылады.

Сонымен қатар, Қазақстанның салықтық заңнамасы қосымша салықтардың жүруіне алып келетін өз дамуын жалғастырады. Қосымша салықтық тәуекелдік Компанияның қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қозғалысына немесе Компанияның қызметінің нәтижесіне елеулі түрде жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Қазақстандағы парақорлық жағдай Компанияның бірге жұмыс жасау стратегиясына жағымсыз әсер етуі мүмкін.

1991 жылы тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстандағы саяси, экономикалық және құқықтық жағдайлардың өзгеруіне қарамастан, Қазақстанда жеке тұлғалар және үкіметтік органдар тарапанап орын алған парақорлық жағдайлары бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген. Халықаралық БАҚ үкіметтік шенеуніктердің Үкімет мүдделерімен қоса, жекелеген шенеуніктер мен бизнес-топтарды қадағалай отырып, сайлау зерттеулері мен коммерциялық кәсіпорындарды, олардың басшылығын,

директорлар мен акционерлер кеңесін бақылаумен айналысатынын мәлімдеген. «Transparency International» да жарияланған, 180 елдің қоғамында қолданылатын парақорлық деңгейін өлшейтін индекске сәйкес, 2009 жылдың ішінде Қазақстан 120-орынға ие болған, ал бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда жақсарудың орын алғанына қарамастан парақорлықтың елде кең таралған қалпында қалғанын білдіреді. Қазақстанның саяси жүйесінде бір партия үстем болғандықтан, Үкімет қызметінің немесе оппозицияның Үкіметке не үкіметтік шенеуніктерге деген іс-әрекеттерінің толық және жеткілікті түрде қадағаланбау тәуекелдігі бар. Компания өз қызметін орындау барысында қолданыстағы заңнамаға сәйкес әрекет ететінін растайды және қылмыс пен парақорлық әрекетіне қарсы тұру үшін ішкі бақылау процедураларын құрған. Алайда, болашақта Басқарушы, директорлар кеңесі және Компания акционерлерінің парақорлық әрекеттер жасағаны немесе олардың заңсыз әрекеттерға қатысуы туралы мәлімдемелердің жариялан жағдайда, бұл Компанияның бірлескен кәсіпорындар құру үшін тиімді шетел серіктестерін тартуын қиындатуы мүмкін. Егер мұндай оқиға шынымен болатын болса, ол Компанияның қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қозғалысына немесе Компанияның қызметінің нәтижесіне жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Айырбастау курсының саясаты Компанияға және Қазақстанның қаржылық, экономикалық жағдайына жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Теңге Қазақстаннан тыс жерлерде ағымдағы есеп-шоттар бойынша конверсияланатын және капиталдық шоттар бойынша бөлшектеліп конверсияланатын болып табылады. Қазақстанның Ұлттық Банкі 1999 жылдың сәуір айында теңгенің құбылып тұрған айырбас курсының саясатын қабылдағаннан бері, теңге маңызды құбылуларға ұшыраған. Жуырдағы девальвацияға дейін теңге жалпы соңғы жылдар ішінде АҚШ долларына қатысты бекітіліп келген.

2007, 2008 және 2009 жылдардың желтоқсан айларына қатысты теңгенің/АҚШ долларының ҚҰБ жариялаған ресми курсы сәйкесінше 120,55 теңге, 120,77 теңге және 148,36 теңгені құраған. 2009 жылың 4 ақпанында ҚҰБ 1 АҚШ долларына теңгені 18 пайызға, 143,98 теңгеге дейін девальвациялаған. Бұл девальвация халықаралық нарықтардағы шикі өнімдердің (жекеше алғанда мұнай мен газ) бағаларының құлдырауының нәтижесінде пайда болған Қазақстанның төлем балансына жасалған қысым көрсетудің салдарынан болған. Теңгенің девальвациялануы Қазақстандық тауарлардың экспорттағы бәсекеге қабілеттігін жоғарылату мақсатына да ие болған. 2008 жылдың 31 желтоқсанынан бастап АҚШ долларына қатысты теңге шамамен 22% құнсызданған.

2009 жылы Компанияның өнімді сатудан түскен түсімінің 70% АҚШ долларында көрсетілді, ол кезде теңгеден басқа валюталарда көрсетілген материал импортының шығындары барлық материал шығындарының 28% құрады. Содан соң, Компания 2009 жылы АҚШ долларының теңгенің қатынасына қарағанда күштірек болуының нәтижесінде пайда тапты. Осы кезде, ҚҰБ теңге курсының төмендеуін қолдауға бағытталған реттелетін валюта саясатының әрі қарай жүргізетініне ешқандай кепілдік

жоқ. Егер Компания түсімдері АҚШ долларымен түсіп отырса, Компания шығындары көбіне теңгемен жасалса және АҚШ долларына қатысты теңге курсының өсуі, Компания қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қозғалысына немесе қызмет нәтижесіне кері әсерін тигізеді.

АҚШ, Ұлыбритания және Батыс Еуропа елдерінің нарықтарына қарағанда Қазақстандағы базалы қағаздар нарығы жетік дамымаған, бұл Қазақстан экономикасының дамуына кедергі келтіруі мүмкін.

Ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы Қазақстанда тек 1990 жылдардың ортасында құрыла бастады, сондықтан бағалы қағаздармен келісім, клиринг және тіркеу процедураларында құқықтық белгісіздік, техникалық қиындықтар мен кідірістер болуы мүмкін. Соңғы жылдардағы елеулі өзгерістерге қарамастан, оның ішінде аймақтық қаржылық орталық ретінде Алматыны дамыту бастамасымен қоса, қор нарығының тиімді қызметі етуі үшін қажетті дамыған нормативтік-құқықтық және реттеуші база Қазақстанда әлі толығымен әзірленбеген. АҚШ, Ұлыбритания және Батыс Еуропаның басқа елдерімен салыстырғанда, Қазақстанда нарықтық манипуляциялардан және инсайдерлік ақпараттың қолданылуынан құқықтық қорғау жеткілікті деңгейде қалыптаспаған немесе жеткілікті түрде қатаң сақталмайды, сонымен қатар, қолданыстағы заңдар мен нормативтік актілердің кезексіз қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ, Америка Құрама Штаттарына, Біріккен Корольдік және Батыс Еуропаның басқа елдеріне қарағанда, еншілес компаниялар, бірігіп басқарылатын және біріккен ұйымдар сияқты байланысқан қазақстандық ұйымдар туралы ашық ақпараттың аз көлемі ғана Қазақстандық қоғамға қолжетімді болып, ал заң шығарушы және реттеуші актілер жүйесіз қолданылуы мүмкін. АҚШ, Ұлыбритания және басқа да Батыс Еуропа елдерінде құрылған осы тәріздес компаниялармен салыстырғанда, Компанияның еншілес кәсіпорындары, оның бірігіп басқарылатын және ассоциацияланған компаниялары сияқты қазақстандық заңды тұлғалар туралы ақпараттың анағұрлым аз көлемі ғана қоғамға жарияланады. Жоғарыда айтылған факторлар Қазақстан экономикасының дамуына бөгет жасайтын шетел инвестицияларының азаюына алып келуі мүмкін.

Компания Қазақстанның ресми органдары жариялаған Анықтамалықта берілген ресми статистиканың және басқа мәліметтердің дұрыстығына кепілдік бере алмайды.

Дамыған елдермен салыстырғанда, Қазақстанның ресми органдары жариялаған статистикалық және басқа мәліметтер толық және дұрыс болмауы мүмкін. Дамыған елдерде қолданылатын принциптермен салыстырғанда, ресми статистика және басқа да мәліметтер өзгеше базалық принциптерге негізделуі мүмкін. Компания ресми статистика мен басқа мәліметтердің тәуелсіз тексерісін өткізбеген және Анықтамалықтағы Қазақстанға байланысты барлық мәселелердің талқылануы ақпараттың толықтығы және дұрыстығына қатысты белгісіз болып табылады.

Жекешелеп айтқанда, инвесторлар Анықтамалықтағы кейбір статистикалық және басқа да мәліметтердің ресми көздерден алынғаны және осы Анықтамалықтың шығуына қатысты дайындалмағаны туралы хабардар болуы тиіс.

Сонымен қоса, Анықтамалықтағы кейбір ақпарат ресми емес көздерден алынған мәліметтерді қолдану арқылы, Компания менеджментінің білгірлігі мен зерттеулеріне негізделеді. Бұл ақпаратқа тәуелсіз тексеріс жүргізілмеген, сондықтан Анықтамалықтың шығуына қатысты дайындалмаған ақпараттың толықтығы мен дұрыстығы тұрғысынан белгісіз болып табылады.

Облигацияларға байланысты тәуекелдік факторлары

Компания Облигациялар бойынша жалғыз қарызгер болып табылады. Облигациялар Компанияның еншілес кәсіпорындары, оның бірігіп басқарылатын кәсіпорындары, ассоциацияланған ұйымдары, Үкімет немесе қандай да бір басқа мемлекеттік орган тарапынан кепілденбеген.

Компания Облигациялар бойынша жалғыз қарызгер болады. Компанияның меншікті иесі Қазақстан Республикасының Үкіметіне қарайтын «Самрұқ-Қазына» болуына қарамастан, Компания «Самрұқ-Қазына» қорынан және Үкіметтен бөлек заңды тұлға болып табылады. Осы Облигацияларға қатысты төленетін Облигациялар және Облигациялар бойынша сыйақы Компанияның міндеттемелері болып табылады және «Самрұқ-Қазына» қорының, Үкімет немесе қандай да бір басқа мемлекеттік органның кепілдігі немесе міндеттемесі ретінде қарастырылмайды.

Облигация иелері Компанияның еншілес кәсіпорындарының, оның бірігіп басқарылатын кәсіпорындарының және ассоциацияланған компанияларының қарыз берушілеріне құрылымдық субординацияланған болып табылады.

Облигациялар тек Компанияның міндеттемесі болып табылады. Компанияның еншілес кәсіпорындары және оның бірігіп басқарылатын кәсіпорындары мен ассоциацияланған ұйымдары жеке заңды тұлғалар болып табылады және дивидендтерді, бөлінетін қаражат, қарыз немесе басқа да төлемдерді қоса алғанда, осы Облигациялар бойынша немесе осы мақсат үшін берілген соманы төлеу бойынша міндеттемелерге ие емес.

Облигациялар қамтамасыз етілмеген және Компанияның қамтылған несиелерінің талаптарына қатысты нақты субординацияланған болып табылады. Сонымен қатар, кез келген еншілес кәсіпорындардың, оның бірігіп басқарылатын кәсіпорындарының және ассоциацияланған ұйымдарының жойылуы немесе қайта құрылуынан кейінгі Компанияның олардан белгілі бір активтерді алу құқығы және осыған сәйкес Облигация иелерінің осы активтерге қатысу құқығы осындай еншілес кәсіпорындарының, оның бірігіп басқарылатын кәсіпорындарының және

ассоциацияланған ұйымдарының, оның ішінде коммерциялық қарыз берушілердің талаптарына құрылымды субординацияланатын болады. Сондай-ақ, Компания кез келген еншілес кәсіпорынның, оның бірігіп басқарылатын кәсіпорынның және ассоциацияланған ұйымының қарыз берушісі болса да, Компанияның қарыз беруші ретіндегі құқығы осындай тұлғалардың активтеріне қарыздық құқықты қамтамасыз етуге субординацияланатын болады және мұндай қарыздардың кез келгені осы тұлғалардың Компанияның алдындағы қарыздарына қатысты анағұрлым маңызды болып табылады. 2009 жылдың 31 желтоқсаны бойынша, Облигациялары құрылымды немесе нақты болатын Компанияның, оның бірігіп басқарылатын кәсіпорындарының және ассоциацияланған ұйымдарының жиынтық қарызы шамамен 1,6 млрд. АҚШ долларын құраған.

Компанияның тікелей қарызы бар және консолидацияланбаған бірігіп басқарылатын кәсіпорындар мен ассоциацияланған ұйымдардың үлкен көлемдегі қарызы бойынша қаржылық көмек көрсетіп, кепілдік береді. Ал бұл болса Компанияның қаржылық жағдайына кері әсерін тигізіп, Облигациялар бойынша сыйақы мен негізгі соманы төлеуге кедергі келтіруі мүмкін.

2009 жылдың 31 желтоқсанында Компанияның 26,0 млрд. теңгесі ағымдық болып табылатын, несиелер мен қарыздары бойынша қарызы 60,9 млрд. теңгені құрады. Қарыз шарттарына сәйкес, өз капиталына деген қарыз коэффициентін, пайыздарын төлеуге дейінгі түсімдер бойынша қарыздарды, салық, амортизацияны, таза пайыздық шығындарға салынатын салықты қоса алғанда, өзінің консолидацияланған қаржылық есептілігі мен қарыз құнына деген жинақ шоттарындағы қаражат негізінде Компания негізгі қаржылық көрсеткіштерді белгілі бір деңгейде ұстап тұруы тиіс. Компанияның тікелей қарызы Облигация иелері үшін елеулі салдарға ие болуы мүмкін, мысалы:

- Компанияның Облигацияларға және басқа да қарыздарына қатысты өз міндеттемелерін орындауға кедергі келтіруі мүмкін;
- Жалпы Компанияның және жеке салалары бойынша экономикалық жағымсыз салдарға деген сезімталдығын арттыру;
- Компанияның болашақтағы айналыс капиталына қосымша қаржыландырулар, капиталды шығындар және басқа жалпы ұжымдық мақсаттардағы қабілеттігін шектеу;
- Компанияның негізгі қызметінен түсетін қаражатының негізгі бөлігін қарызды жабуға бөлуді талап ету, осы арқылы операциялық және басқа да мақсаттарда пайдаланылатын қаражатқа қолжетімділікті азайту;

- Бизнес пен саладағы өзгерістерге және мұндай өзгерістерге жауап беру бойынша Компанияның жоспарлауында іс-әрекет еркіндігін шектеу;
- Компанияны қарыздары анағұрлым аз бәсекелестерімен салыстырғанда жағымсыз жағдайларға ұшырату;
- Компания өзінің басқа қарыздарына қатысты келісімдерінің шарттарын сақтай алмайтын болған жағдайда, оған жағымсыз әсер ету.

Тікелей қарыздарымен бірге Компания өзінің Қаржылық есебінде нығайтылмайтын кейбір бірігіп басқарылатын кәсіпорындарының және ассоциацияланған ұйымдарының қарыздарын кепілдеген. 2009 жылдың 31 желтоқсаны бойынша, Компания байланысқан тараптарға жасалған қаржыландыру бойынша қамтамасыз ету болып табылатын кепіл бойынша 57,2 млрд. теңге сомасында жауапкершілікке тартылған, оның 5 млрд. теңгесі несиелік желілер бойынша кепілдікті білдіреді. Сонымен қатар, Компания өзінің кейбір активтерін, негізгі қаражаттарын және кейбір несиелік желілер бойынша дебиторлық "Үлбі" АҚ қарыздарын салған.

Егер Компанияның консолидацияланбаған бірігіп басқарылатын кәсіпорындары мен ассоциацияланған ұйымдары өздеріне қарыз берушілердің алдында міндеттерін орындамаса, Компанияға өз кепілдіктерін орындауы міндеттелуі мүмкін, Компания мен осы қарыздар бойынша орындауды қамтамасыз етуші ретінде салынған «Үлбі» АҚ активтері жазаға тартылуы мүмкін. Егер Компания берілген кепілдіктерді орындауға міндетті болса, онда ол Компанияның операциялық қызметіне арналған қаражаттарын азайтып, өзінің тікелей қарыздарын өтеу қабілетіне ықпал етуі, ал бұл болса Компанияның қызметіне, болашағына, қаржылық жағдайына, ақша қаражатының қозғалысына немесе қыметінің нәтижесіне жағымсыз әсер ету мүмкін.

Оған қосымша, Компания өзінің несиелік желілеріндегі шектеулерді орындау шартымен, қосымша қарыздық міндеттемелер алып, болашақта кепілдіктер бере алады. Сенімгерлік басқару туралы келісімнің Облигацияларға қатысты талаптары Компанияның қосымша қарыз алуын немесе оның бірігіп басқарылатын кәсіпорындары мен ассоциацияланған тұлғаларына қарызды кепіл ету қабілетін шектемейді және Компаниядан қаржы коэффициенттерін немесе таза құнның не өтімділіктің ерекше деңгейлерін қолдауды талап етпейді. Егер Компания елеулі қосымша қарыз алса немесе өзінің бірігіп басқарылатын кәсіпорындары мен ассоциацияланған компанияларының қосымша қарыздарын кепілдікке алса, аталмыш жоғарылатылған қарыз дәрежелері Компанияның негізгі қарыз сомасын және Облигациялар бойынша сыйақы төлеу қабілеттігіне және оның жалпы несиелендіру қабілеттігіне әсер етуі мүмкін.

Облигациялар инвестициялау үшін инвесторлардың талаптарына сәйкес келмей қалуы мүмкін.

Облигациядағы инвестициялауды жүзеге асырушы әр ықтимал инвестор, өз жағдайын ескере отырып, аталмыш инвестициялаудың тиімділігін анықтауы тиіс. Нақтылап айтқанда әр ықтимал инвестор төмендегідей әрекет етуі керек:

- Облигациялардағы инвестициялаудың артықшылықтары мен тәуекелдіктерін, Облигацияны және Анықтамалықтағы немесе жасалған сілтемелердің нәтижесінде Анықтамалыққа енгізілген ақпараттарды дәйекті түрде бағалау үшін жеткілікті дәрежеде білім мен тәжірибеге ие болу;
- Нақты қаржылық жағдайдағы, Облигациялардағы инвестициялау және осындай инвестициялардың ықтимал инвестордың барлық портфеліне әсері туралы контексте баға беру үшін тиісті құралдарға қолжетімділік пен білімге ие болу;
- Облигациялардағы инвестициялармен байланысты барлық тәуекелдікті қабылдау үшін қажет жеткілікті қаржылық ресурстар мен өтімділікке ие болу;
- Облигацияларды шығару шарттарын жете түсіну;
- Инвестициялық қызметке әсер ететін экономиканың, пайыздық мөлшерлеме мен басқа да факторлардың өзгеруінің ықтимал сценарийлерін (өз бетінше немесе қаржы кеңесшісінің көмегімен) бағалау және сәйкес тәуекелдікті қалыптастыру қабілеттігі.

Өзгерту, құқықтан және ауыстырудан бас тарту

Облигация шығару шартында Облигация иелерін олардың жалпы мүддесін қозғайтын мәселелерді қарастыру үшін отырысты шақыруға қатысты ережелер бар. Бұл ережелер, тиісті отырыстарға қатыспаған және дауыс бермеген Облигация иелерімен қоса, көпшіліктің шешіміне қарсы шығатын Облигация иелері мен барлық Облигация иелеріне міндетті шешім қабылдауға қажетті көпшілікке қойылатын нақты талаптарды қарастырады.

Облигация шығарудың шарттарында, сонымен қатар, Сенімгер басқарушының Облигация иелерінің келісімінсіз (i) Облигацияның кез келген ережесінің ықтимал бұзылуы мен қандай да бір нақты бұзылуына байланысты санкциядан немесе құқықтардан бас тарту немесе қандай да бір өзгерістермен келісуге, (ii) қандай да бір міндеттемелерді орындамау оқиғасы немесе міндеттемелерді орындамаудың ықтимал оқиғасы осы тұрғыдан қарастырылмауы мүмкін екендігі туралы шешімді Облигация иелерінің келісімінсіз қабылдауға немесе (iii) Облигация шығару шарттарының 12(с) шартында баяндалған негізде Компанияны кез келген Облигация бойынша негізгі

қарызгер ретінде басқа компаниямен ауыстыруға құқығының бар екендігі қарастырылады.

Жинаған қаржылар туралы Еуропа Одағының Директивасы

Еуроодаққа мүше әр мемлекет, соның ішінде 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап Бельгияны қосқанда, жинаған қаржыларына салық салу туралы 2003/48/ЕО Еуропалық Кеңесінің Директивасына сәйкес, өзінің юрисдикциясы шеңберіндегі жеке тұлғалардың ЕЭЗ-ға мүше басқа мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлғаларына немесе осындай мемлекеттің басқа да тұлғаларына төленетін пайыздар (немесе осы тәріздес кірістер) бойынша, Еуроодаққа мүше басқа елдің салық органына ақпарат беріп отыруы тиіс. Сонымен бірге, ауыспалы кезең барысында Люксембург және Австрия оның орнына (егер осы уақыттың ішінде олар басқа шешім қабылдамаса) мұндай төлемдерге қатысты ұстап қалу жүйесін қолдануға тиісті (ауыспалы кезеңнің аяқталуы кейбір басқа елдермен ақпарат айырбастау туралы басқа келісімдердің жасалуына тәуелді). Еуропа Одағына кірмейтін елдер мен аймақтар, соның ішінде Швейцария да бар, жинақтар туралы Еуропалық Кеңесінің Директивасына сәйкес күннен бастап ұқсас шаралар (Швейцария жағдайында ұстап қалу жүйесін) қабылдады.

Облигация үшін қалыптасқан екінші нарықтың болмауы және Облигациялар үшін белсенді екінші нарықтың қалыптасу мүмкіндігі.

Облигациялар – қазіргі таңда айналымы үшін арнайы нарығы қалыптаспаған жаңа бағалы қағаздар болып табылады. Облигациялар нарығының өтімді болуына, Облигациялардың нақты бір уақытта сатылатынына немесе Облигацияларды сатудан түскен бағаның оңтайлы болатынына ешқандай кепілдік берілмейді. Облигацияларды беруге қатысты шектеулер қарастырылған, олар Анықтамалықтың «Сату және жазылу» және «Беру бойынша шектеулер» бөлімдерінде сипатталған. Облигациялар үшін кез келген нарықтың өтімділігі бірқатар факторға байланысты, оның ішінде:

- Облигация иелерінің саны;
- Операциялық көрсеткіштер және Компанияның қаржылық жағдайы;
- Осы тәрізді бағалы қағаздарға арналған нарықтың болуы;
- Дилерлердің Облигация нарығының дамуына қызығушылық танытуы;
- Пайыздық мөлшерлемелер.

Облигацияларға арналған белсенді нарықтың қалыптаспауы мүмкін, қалыптасқан жағдайда да жалғастырылмауы мүмкін. Өтімділіктің болмауы Облигациялардың

нарықтық құнына тым жағымсыз әсер етіп, Облигация иелері өздерінің Облигацияларын сата алмауы мүмкін.

Сәйкес несиелік рейтингтегі жағымсыз өзгерістер Ноталардың нарықтық бағасына кері әсер етуі мүмкін.

Несиелік рейтинг бағалы қағаздарды сатып алудың, сатудың немесе ұстаудың ұсынысы болып табылмайды және кез келген уақытта тоқтатылуы, төмендеуі немесе оны берген рейтингтік агенттік тарапынан қайтарылып алынуы мүмкін. Несиелік рейтингтің кез келген жағымсыз өзгерісі Облигацияның нарықтық бағасына кері әсер етуі мүмкін.

Болжамдар бойынша Облигацияларға Muddy's рейтингтік агенттігінен «Вaa3» және Fitch рейтингтік агенттігінен «BBB» рейтингі берілуі мүмкін. Бұл несиелік рейтингтер Облигациялардың инвестициялау үшін қолайлы болып табылатынын білдірмейді. Рейтинг бағалы қағаздарды сатып алудың, сатудың немесе ұстаудың ұсынысы болып табылмайды және кез келген уақытта тоқтатылуы, төмендеуі немесе оны берген рейтингтік агенттік тарапынан қайтарылып алынуы мүмкін. Рейтинг Облигацияның негізгі сомасын мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігін немесе белгіленген соңғы өтеу күні толығымен төленетінін не болмаса заңға сәйкес белгіленген Облигацияны өтеу мерзімі аяқталғанға дейінгі қандай да бір нақты мерзімде өтелуін де білдірмейді. Рейтингтер Облигациялардың бәсекеге қабілеттілігін немесе олардың нарықтық бағасын ескермейді. Әр рейтингтің мәнін кез келген басқа рейтингтен тәуелсіз талдау қажет. Компанияның немесе Облигациялардың несиелік рейтингіндегі кез келген өзгерістер Облигациялардың құнына және келесі сатып алушының Облигациялар үшін төлеуге дайын бағасына жағымсыз әсер етуі мүмкін.

ТҮСІМДЕРДІ ҚОЛДАНУ

Комиссияларды шығарып, төлегеннен кейінгі, алайда заңдық, бухгалтерлік, басылымдық және басқа да шығындар мен ұстап қалуларға дейінгі, сомасы шамамен 492 935 000 АҚШ долларын құрауға тиісті Облигацияларды шығарудан түскен таза түсім жалпы ұжымдық мақсатта пайдаланылатын болады.

КАПИТАЛИЗАЦИЯ

Төмендегі кестеде көрсетілген мерзім ішінде Компанияның Облигацияларды шығару мен оларды қолданудан түскен түсімінің есебімен Компанияның капитализациясы бойынша мәліметтері келтірілген, Кестедегі мәліметтер «Қаржылық және басқа ақпарат», «Компания басшылығының операциялық қызмет және қаржылық жағдайды сипаттау және сараптау нәтижелері» бөлімдерінің мәліметтерімен, сонымен қоса қаржылық есеп беру және оған ескертулермен бірге қарастырылады.

	2009	
	жылдың	Түзетуле
	31	рді
	желтоқса	ескерген
	нына	де
	қатысты	де
	<i>(мың теңге)</i>	
Қарыз		
Қысқа мерзімді қарыздар және ұзақ мерзімді қарыздың ағымдағы бөлігі ⁽¹⁾	26,007,47	26,007,47
	5	5
Ағымдағы бөлікті алып тастағандағы ұзақ мерзімді қарыз ⁽²⁾	34,947,31	34,947,31
	6	6
Осы Анықтамалыққа сәйкес ұсынылған Облигациялар ⁽³⁾		74 180
	-	000
Басым акциялар	264,827	264,827
Жалпы қарыз қорытындысы	<u>61,219,61</u>	<u>135 399</u>
	8	618
Меншікті капитал	244,234,2	244,234,2
	64	64
Капиталға айналдыру қорытындысы	<u>305,453,8</u>	<u>379 633</u>
	82	882

(1) Оның ішінде: қамтамасыз етілген қарыздар 25,9 млрд. теңге және қаржылық лизинг бойынша міндеттемелер 65,6 млн. теңге.

(2) Оның ішінде: қамтамасыз етілген қарыздар 34,9 млрд. теңге, қаржылық лизинг бойынша міндеттемелер 85,9 млн. теңге және Облигацияны өтеуге жататын 20,3 млн. теңге.

(3) Мәліметтер 2009 жылғы 31 желтоқсандағы 1 АҚШ долларын 148,36 теңгеге шаққандағы айырбас сомасы жолымен есептеу арқылы алынған. Осы есептеу аталған ставка немесе қандай да бір ставка бойынша теңгенің АҚШ долларына конверсияланған немесе конверсияланған болуы мүмкін екендігінің мәлімдемесі ретінде талқыланбайды.

Осы Анықтамалықтың күніне сәйкес, 2009 жылдың 31 желтоқсанынан кейін Компанияның капитал айналымында ешқандай өзгерістер болмаған.

ЖЕКЕ КОНСОЛИДАЦИЯЛАНҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА АҚПАРАТ

2007, 2008, 2009 жылғы және басқа да көрсетілген жылдардың 31 желтоқсаны бойынша, Компанияның төменде келтірілген қаржылық ақпараты осы Анықтамалықтың басқа бөлімдеріне енгізілген қаржылық есеп беру және оған берілген ескертулермен қатар қарастырылуы және оған толығымен сәйкес келуі қажет.

Ықтимал инвесторлар жеке қаржылық ақпарат пен басқа да ақпараттарды «Тәуекелдік факторлары», «Капиталдандыру», «Компания басшылығының операциялық қызмет және қаржылық жағдай нәтижелерін сипаттауы мен сараптауы», «Өндірістік қызмет» бөлімдеріндегі ақпаратпен, қаржылық есеп беру және оған берілген ескертулермен және Анықтамалықтың басқа бөлімдеріне енгізілген өзге де ақпараттармен қоса қарастыруы қажет.

Жиынтық табыстар бойынша консолидацияланған есептілік

	2009 жылдың 31 желтоқсан ындағы жағдай бойынша (1) (аудирлен беген)	31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде		
		2009 ж.	2008 ж.	2007ж.
	(мың АҚШ долл.)		(мың теңге)	
Түсім.....	1,210,216	178,506,81	127,104,89	117,758,28
Сатылған өнімнің өзіндік құны	(764,132)	(112,709,53 9)	(82,695,061)	(61,213,761)
Жалпы табыс	446,083	65,797,279	44,409,837	56,544,528
Өтімге кеткен шығындар...	(12,367)	(1,824,124)	(2,014,923)	(1,494,101)
Әкімшілік шығындар	(60,913)	(8,984,719)))
Қаржылық кірістер.....	21,093	3,111,251	2,031,266	3,444,144
Қаржылық шығындар	(53,114)	(7,834,292)	(4,099,430)	(2,552,941)
Курстық шығындар.....	(65,449)	(9,653,705)	(239,961)	(1,708,676)
Қатысу үлесінен бас			(2,796,207)	1,462,925

тартудан түскен табыстар/шығындар				
Ассоциацияланған ұйымдардың үлесі	91,547	13,503,206	5,164,270	8,880,688
Бірігіп басқарылатын кәсіпорындардың үлесі.....	22,684	3,345,890	560,417	(70,304)
Өзге табыстар	5,868	865,510	544,782	1,274,269
Өзге шығындар	(28,841)	(4,254,120)	(5,314,367)	(2,172,694)
Табыс салығын төлеуге дейінгі түскен табыс	366,591	54,072,176	25,324,718	51,618,453
Табыс салығы бойынша шығындар.....	(85,508)	(12,612,443)	(14,279,460)	(15,615,271)
Жыл ішіндегі табыс.....	281,083	41,459,733	11,045,258	36,003,182
Басқа жиынтық табыстар:				
Шетелдік операцияны конвертациялау нәтижесінде туындаған курстық айырмашылықтар	2,019	297,874	1,442,290	(1,824,315)
Салықтарды есептемегенде жыл ішіндегі басқа жиынтық табыстар (шығындар).....	2,019	297,874	1,442,290	(1,824,315)
Төмендегілерге қатысты жыл ішіндегі жалпы табыс:	283,102	41,757,607	12,487,548	34,178,867
Төмендегілерге қатысты бір жылдық табыс:				
Компания иелері.....	275,824	40,683,975	11,119,990	35,615,769
Қадағаланбайтын үлестер.....	5,259	775,758	(74,732)	387,413

	<u>281,083</u>	<u>41,459,733</u>	<u>11,045,258</u>	<u>36,003,182</u>
Төмендегілерге қатысты барлық жинақтық табыс:				
Компания иелері.....	277,843	40,981,849	12,562,280	33,791,454
Қадағаланбайтын үлестер.....	<u>5,259</u>	<u>775,758</u>	<u>(74,732)</u>	<u>387,413</u>
Жалғасып жатқан операциялардың акцияларынан түсетін пайда	<u>283,102</u>	<u>41,757,607</u>	<u>12,487,548</u>	<u>34,178,867</u>
Таза базалық және ажыратылмайтын (теңге)		1,109	303	1,595

- (1) Қолайлы болу үшін, бұл сандар 2009 жылғы орташа айырбас курсы бойынша бір АҚШ долларына 148,36 теңге бойынша ауыстырылған. Бұл теңгемен көрсетілген сома осы немесе басқа да курс бойынша АҚШ долларына ауыстырылады немесе ауыстырылғандығының кепілдігі ретінде қарастырылмауы тиіс.

Қаржылық жағдай бойынша консолидацияланған есептілік

	2009 жылдың 31 желтоқс анындағ ы жағдай бойынш а (аудирле нбеген	31 желтоқсандағы жағдайы		
		2009 ж.	2008 ж.	2007ж.
	<i>(мың АҚШ долл.)</i>	<i>(мың теңге)</i>		
АКТИВТЕР				
Ұзақ мерзімді активтер				
Жылжымайтын мүлік, көлік және құрал-жабдықтар	533,886	79,207,322	74,736,389	57,771,406
Кен орындарын игеру бойынша активтер	117,656	17,455,372	13,305,121	7,170,185
Инвестициялық жылжымайтын мүлік.....	5,996	889,547	473,037	—
Материалды емес активтер.....	1,291	191,547	184,540	166,123
Жер қойнауын пайдалану құқықтары.....	6,038	895,764	2,650,185	1,651,406
Барлаушы және бағалаушы активтер	26,052	3,865,138	438,833	3,342,297
Ассоциацияланған ұйымдарды инвестициялау.....	240,941	35,745,953	18,731,370	14,647,023
Бірігіп басқарылатын кәсіпорындарды инвестициялау.....	43,782	6,495,472	4,327,160	2,760,807
Басқа инвестициялар.....	445,172	66,045,671	66,045,647	65,313,083
Төленген аванстар және алынатын басқа есептер.....	11,926	1,769,348	7,307,023	5,401,914
ТМҚ.....	47,707	7,077,867	9,148,251	9,968,853
Жедел депозиттер.....	7,011	1,040,154	875,112	386,527

Кейінге қалдырылған салықтық активтер.....	<u>11,049</u>	<u>1,639,226</u>	<u>2,877,676</u>	<u>1,083,777</u>
Ұзақ мерзімді активтердің қорытындылары.....	<u>1,498,506</u>	<u>222,318,381</u>	<u>201,100,344</u>	<u>169,663,401</u>
Қысқа мерзімді активтер				
ТМҚ.....	351,195	52,103,354	34,447,267	21,700,500
Басқа инвестициялар.....	–	–	22,653,413	1,942,559
Алдын ала төленген табыстық салық.....	26,132	3,876,978	1,974,202	5,026,689
Саудалық дебиторлық қарыз.....	217,212	32,225,631	25,580,012	25,337,692
Төленген аванстар және алынатын басқа есептер.....	149,910	22,240,603	21,738,691	10,998,864
Шұғыл депозиттер.....	153,294	22,742,735	15,201	3,092,484
Қолда бар ақша және ақша эквиваленттері.....	202,770	30,082,948	34,160,628	10,287,760
Пайдалануға шектелген ақша қаражаттары.....	11,203	1,662,066	–	–
Қысқа мерзімді активтердің қорытындысы.....	<u>1,111,717</u>	<u>164,934,315</u>	<u>140,569,414</u>	<u>78,386,548</u>
Активтердің қорытындысы.....	<u>2,610,223</u>	<u>387,252,696</u>	<u>341,669,758</u>	<u>248,049,949</u>

(1) Қолайлы болу үшін, бұл сандар 2009 жылғы 31 желтоқсандағы айырбас курсы бойынша бір АҚШ долларына 147,5 теңге бойынша ауыстырылған. Бұл теңгемен көрсетілген сома осы немесе басқа курс бойынша АҚШ долларына ауыстырылатынының немесе ауыстырылғандығының кепілдігі ретінде қарастырылмауы тиіс.

	2009 жылдың 31 желтоқсан ындағы жағдай бойынша (аудирлен беген) <i>(мың АҚШ долл.)</i>	31 желтоқсандағы жағдай бойынша		
		2009 ж.	2008 ж.	2007ж.
			<i>(мың теңге)</i>	
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕР				
Меншікті капитал				
Акционерлік капитал.....	247,320	36,692,362	36,692,362	36,692,362
Қосымша төленген капитал.....	35,928	5,330,324	5,573,807	4,187,732
Валюталарды қайта есептеу қорлары.....	(8,876)	(1,316,787)	(1,614,661)	(3,056,951)
Бөлінбеген табыс.....		194,418,74	153,742,50	143,663,11
	1,310,453	6	8	9
Компания иелеріне қатысты меншікті капитал қорытындысы..		235,124,64	194,394,01	181,486,26
	1,584,825	5	6	2
Қадағаланбайтын үлес	61,402	9,109,619	8,372,715	5,349,122

Меншікті капитал қорытындысы	1,646,227	244,234,264	202,766,731	186,835,384
Ұзақ мерзімді міндеттер				
Несие мен қарыздар.....	235,740	34,974,316	35,671,281	20,265,040
Басқа қаржылық міндеттер ..	260,124	38,592,034	28,273,845	–
Азық-түлік	31,461	4,667,555	4,437,811	3,620,988
Жабдықтаушылармен есеп айырысу	1,724	255,706	208,153	207,343
Төленген аванстар және төленуі тиіс басқа есептер	165	24,419	46,655	24,158
Басым акциялар.....	1,785	264,827	264,827	271,275
Демеу қаражаттар	2,381	353,309	334,552	353,619
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттер.....	8,092	1,200,547	584,485	1,353,187
Ұзақ мерзімді міндеттердің қорытындысы.....	541,472	80,332,713	69,821,609	26,095,610
Қысқа мерзімді міндеттер				
Ссудалар мен қарыздар.....	175,300	26,007,475	32,808,527	17,500,641
Тағамдар	1,927	285,906	450,016	237,571
Жабдықтаушылармен есеп айырысу	110,910	16,454,593	6,452,330	9,754,855
Төленген аванстар және қолға алынатын басқа есептер	109,820	16,292,961	23,421,563	4,847,910
Аударылған міндеттер.	24,409	3,621,286	5,873,045	2,667,068
Субсидиялар	158	23,498	75,937	110,910
Қысқа мерзімді міндеттердің қорытындысы	422,524	62,685,719	69,081,418	35,118,955
Міндеттердің қорытындысы	963,996	143,018,432	138,903,027	61,214,565
Меншікті капитал және міндеттердің	2,610,223	387,252,696	341,669,758	248,049,949

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

(1) Қолайлы болу үшін, бұл сандар 2009 жылғы орташа айырбас курсы бойынша бір АҚШ долларына 147,5 теңге бойынша ауыстырылған. Бұл теңгемен көрсетілген сома осы немесе басқа курс бойынша АҚШ долларына ауыстырылатынының немесе ауыстырылғандығының кепілдігі ретінде қарастырылмауы тиіс.

Басты қаржылық коэффициенттер

Төмендегі кестеде Компания басшылығы Компанияның қызметінің нәтижелерін бағалау үшін қолданатын басты қаржылық коэффициенттер бойынша мәліметтер беріледі. Осы кестеде берілген қаржылық коэффициенттер Компанияның операциялық қызметін көрсетеді.

	31 желтоқсанға қатысты		
	2009 ж.	2008 ж.	2007 ж.
	<i>(коэффициенттерден басқа, мың теңге)</i>		
ЕБИТДА түзетілген көрсеткіш ⁽¹⁾	60,629,889	35,055,233	47,177,309
Қарыздың барлығы ⁽²⁾ / ЕБИТДА бойынша түзету	1.64	2.76	0.80
Таза қарыз ⁽¹⁾ / ЕБИТДА бойынша түзету	1.15	1.87	0.58
Өтеу коэффициенті (ЕБИТ бойынша түзету ⁽⁴⁾ / пайыздарды төлеуге кеткен таза шығын) ⁽⁵⁾	11.39	13.84	147.39
Қарыздың барлығы / меншікті капитал ⁽⁶⁾	0.41	0.48	0.20

(1) ҚЕХС-пен қарастырылмаған Компания қолданатын есептілікті дайындау әдісінің сипаттамасын «Қаржылық және басқа ақпарат – Қаржылық ақпарат» бөлімінен қараңыз. Компания «ЕБИТДА бойынша түзетілген көрсеткішті» ЕБИТ бойынша (төменде көрсетілгендей) түзетілген көрсеткіш және оған қоса тозу мен амортизация ретінде анықтайды.

(2) Қарыз сәйкес кезеңнің 31 желтоқсандағы басқа қаржылық міндеттемелермен қоса, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қарыздардан тұрады. Қаржылық есептілікке 34 Ескертуді қараңыз. Қаржылық есептілікке Ескертулердің 34 Ескертуін қараңыз.

(3) Таза қарыз – сәйкес кезең бойынша 31 желтоқсандағы ақша қаражаты және олардың эквиваленттерін алып тастағандағы қарыз. Қаржылық есептілікке Ескертулердің 31 Ескертуін қараңыз.

(4) ҚЕХС-пен қарастырылмаған Компания қолданатын есептілікті дайындау әдісінің сипаттамасын «Қаржылық және басқа ақпарат – Қаржылық ақпарат» бөлімінен қараңыз. Компания кез келген сәйкес кезеңнің ЕБИТ-ін пайыздар мен табыстық салық төлеуге дейінгі бір жыл ішіндегі пайда ретінде анықтайды. Компания ЕБИТ бойынша түзетілген көрсеткішті ассоциацияланған ұйымдар мен бірігіп басқарылатын кәсіпорындар табысын алып тастау, курстық айырмашылықтан түсетін табыс, сонымен қоса шығындар, қаржылық табыстар, қатысу үлестері мен басқа табыстар мен шығындарды мүліктен айырудан келген кез келген шығындар мен түсімдер үшін түзетілген ЕБИТ ретінде есептейді.

(5) Пайыздарды төлеуге кететін таза шығын қаржылық шығындарды есептемегендегі қаржылық табыс ретінде анықталады.

(6) Меншікті капитал – сәйкес кезеңнің 31 желтоқсанындағы жинақтық капитал.

Төмендегі кестеде ЕВІТ және ЕВІТДА бойынша түзетілген көрсеткіштермен салыстырғандағы мәліметтер беріледі:

	31 желтоқсанда аяқталған		
	жыл ішінде		
	2009	2008	2007
	<i>(мың теңге)</i>		
Жыл ішіндегі табыс.....	41,459,73 3	11,045,2 58	36,003,1 82
Табыс салығын төлеуге кеткен шығындар.....	12,612,44 3	14,279,4 60	15,615,2 71
Пайыздарды төлеуге кеткен шығындар.....	6,652,427	3,244,86 1	1,723,45 2
ЕВІТ.....	60,724,60 3	28,569,5 79	53,341,9 05
Тозу мен амортизация.....	6,823,318	6,435,85 4	4,945,75 6
ЕВІТДА	67,547,92 1	35,005,4 33	58,287,6 61
Түзетулер:			
Курстық айырмашылықтардан келетін шығындар.....	9,653,705	239,961	1,708,67 6
Қаржылық табыстар	(3,111,25 1)	(2,031,2 66)	(3,444,1 44)
Ассоциацияланған ұйымдар мен бірігіп басқарылатын кәсіпорындардың нәтижесі бойынша үлестер	(16,849,0 96)	(5,724,6 87)	(8,810,3 84)
Қатысу үлесінен айырудан келшен шығындар/табыстар.....	–	2,796,20 7	(1,462,9 25)

Басқа табыстар.....	(865,510)	(544,782)	(1,274,269)
Басқа шығындар.....		5,314,367	2,172,694
	4,254,120		
ЕВІТ бойынша түзетілген көрсеткіш.....	53,806,571	28,619,379	42,231,553
		6,435,854	4,945,756
Тозу мен амортизация.....	6,823,318		
ЕВІТДА бойынша түзетілген көрсеткіш	60,629,889	35,055,233	47,177,309

КОМПАНИЯ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ СИПАТТАУ МЕН САРАПТАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Төменде көрсетілген сипаттама мен сараптама Компанияның операциялық қызметінің және қаржылық жағдайының нәтижесінде тенденциялар мен елеулі өзгерістерді түсінуге және бағалауға көмекші ретінде берілген. Тарихи мәліметтер қызметтің болашақтағы нәтижелерін көрсетуі міндетті емесі. Бұл сипаттама Қаржылық есептілік және оған берілген ескертулердің негізінде дайындалған және сонымен қоса, Анықтамалықтың басқа бөлімдеріне енгізілген өзге де ақпаратпен бірге қарастырылуы тиіс. Бұл сипаттама нақты тәуекелдіктер мен белгісіздікті құрайтын болжамдық мәлімдемелерді қамтиды. Компания қызметінің нақты нәтижелері болжамдық мәлімдемелерде көрсетілгендерден едәуір айырмашылық көрсетуі мүмкін. Осындай пікір айырмашылықтарына себепші болуы мүмкін факторлар «Тәуекелдік факторлары» және «Болжамдық мәлімдемелер» бөлімдерінде сипатталғандарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес, Компания қазақстандық акционерлік қоғам болып табылады. Компанияның акциясының 100% «Самрұқ-Қазына» қоры ретінде Мемлекетке тиесілі. Компания «Қазақстанның стратегиялық активтері мен кәсіпорындарының тізіміне» енгізілген. «Акционерлік капитал, ұйымдастырушылық құрылым және байланысты тараптармен келісімдер - Самрұқ-Қазына» және «Азаматтық-құқықтық міндеттемелерді орындау» бөлімін қараңыз.

Компания Қазақстанның ұлттық атом компаниясы болып табылады және Қазақстандағы уранды қазып алуға және шетелге экспорттауға жауапты. Ұлттық атом

компания бола отырып, Компания ядролық циклдің (төмендегі анықтаманы қараңыз) бастапқы деңгейіндегі Қазақстан өкілі болып табылады және осыған сәйкес нақты артықшылықтарға, соның ішінде Қазақстандағы елеулі резервтерден уран өндіру мақсатымен жер қойнауын пайдалануға қатысты тікелей Үкіметпен келіссөздер жүргізу арқылы құқық алу артықшылығына ие.

2009 жылдың 31 желтоқсанымен аяқталған жыл ішінде, Компания уран өнімінің 6 609,3 тоннасын сатқан. 2008 жылдың 31 желтоқсаны бойынша (ресми ақпараты бар соңғы мерзім) А+В+С1+С2 категориялары бойынша Компания қорларының орнын басу коэффициенті уран бойынша 0,7% құрады. Есеп А+В+С1+С2 категориялары бойынша тонна есебіндегі резервтің таза өсімін уран өндірудің тонна есебіндегі көлемімен салыстыру арқылы жүзеге асқан.

Уранды қазып алу мен қайта өндеуден басқа Компания электр және жылу энергиясын өндіру, беру және сату, теңіз суын тазалау нәтижесінде алынған техникалық және ас суын өдіру, сонымен қоса бериллий және тантал өнімдерін өндіру мен сату жұмыстарын жүзеге асырады.

2009 жылдың 31 қаңтарымен аяқталған жыл ішінде, Компанияның түсімдері 178,5 млрд. теңгені құрып, 51,4 млрд. теңгеге немесе 40,4% өскен.

2009 жылдың 31 желтоқсанының көрсеткіші бойынша, Компанияның жалпы активтері 2008 жылдың сол кезеңімен салыстырғанда, 45,6 млрд. теңгеге немесе 13,3% артып, 387,3 млрд. теңгені құраған. 2009 жылдың 31 желтоқсанындағы көрсеткіш бойынша, Компанияның жалпы міндеттемелері 2008 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4,1 млрд. теңгеге немесе 3,0% артып, 143,0 млрд. теңгені құраған.

Операциялық қызметтің нәтижесіне әсер ететін негізгі факторлар

Сараптау кезеңінің барысында Компанияның операциялық қызметінің нәтижесіне әсер еткен және болашақтағы Компанияның операциялық қызметінің нәтижесіне ықпал етуі мүмкін негізгі факторлар мыналар: (i) қазып алынған, өндірілген және сатылған уран өнімінің көлемі; (ii) уран өнімдерін сатқаннан алынған бағалар және уран өнімдерінің бағасының өзгеруі; (iii) энергия және суды сату көлемдері; (iv) энергия мен суды сатқаннан алынған бағалар және энергия мен су бағаларының өзгеруі; (v) айырбас курстарының өзгерісінің әсері; (vi) пайдалы қазбаларды табуға салынатын салықтармен қоса басқа да салық салу; (vii) күкірт қышқылының бағасы және (viii) алынуы.

Өндірілген және сатылған уран өнімінің көлемі

Төмендегі кестеде Қазақстандағы барлық өндірушілер тарапынан шығарылатын, өндірілетін уранның көлемдері және уран тотығы мен шала тотығының көлемдері,

сонымен қатар көрсетілген кезеңдердегі Компания сатқан уран тотығы-шала тотығының көлемі көрсетілген:

	31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде		
	2009 ж.	2008 ж.	2007 ж.
	(тонна)		
Қазақстанда қазып алынған уранның жалпы көлемі.....	14,020	8,513	6,633
Қазақстанда өндірілген U ₃ O ₈ уран тотығының-шала тотығының жалпы көлемі.....	12,722	8,130	6,246
Компания сатқан U ₃ O ₈ уран тотығының-шала тотығының жалпы көлемі.....	6,537	4,311	3,584

(1) Компания сатқан барлық өнім көрсетілген әр кезеңге сәйкес экспортталған.

Уран тотығы-шала тотығын сатудан алынған бағалар және уран тотығы-шала тотығының бағасының өзгеруі

Төмендегі кестеде көрсетілген кезең ішінде Компанияның уран тотығы мен шала тотығын сату бойынша орташа өлшенген бағалар бойынша мәліметтері берілген:

	31 желтоқсанға аяқталған жыл ішінде		
	2009 ж.	2008 ж.	2007 ж.
1 килограмм үшін АҚШ доллары.....	118	136	159
1 килограмм үшін теңге ⁽¹⁾	17,334	16,399	19,528

(1) 2009 жылдың 31 желтоқсанымен аяқталған жыл ішіндегі теңгедегі бағаның өсуі, 2008 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 2009 жылғы теңге девальвациясының нәтижесінде жүзеге асқан.

Энергия мен суды сату көлемдері

Төмендегі кестеде көрсетілген кезең ішінде Компанияның энергия мен суды сатуы бойынша мәліметтері беріледі:

**31 желтоқсанда аяқталған жыл
ішінде**

	2009 ж.	2009 ж.	2009 ж.
--	---------	---------	---------

Электр энергиясы сатылымының көлемі, мың кВт/сағат	3,323,344	3,323,344	3,323,344
Жылу энергиясын сату көлемі, Гкал.....	749,537	749,537	749,537
Ас суын сату көлемі, мың текше метр	6,179	6,179	6,179
Басқа су сатылымының көлемі, мың текше метр	141,434	141,434	141,434

Энергия мен суды сатудан алынған бағалар және энергия мен су бағаларының өзгеруі

Төмендегі кестеде Компания сататын электр, жылу және ас суының орташа бағасы бойынша мәліметтер берілген:

**31 желтоқсанда аяқталған жыл
ішінде**

	2009 ж.	2009 ж.	2009 ж.
--	---------	---------	---------

Электр қуаты (теңге/кВт.с) ⁽¹⁾	6.66	5.13	5.17
Жылу қуаты (теңге/Гкал)	1.2	1.2	1.2
Ас суы (теңге/текше метр)	121.60	125.90	122.50

(1) Орташа тарифтік ставкалар. Қосымша ақпаратты «Қазақстандағы нормативтік реттеу – Бағаны реттеу» бөлімінен қараңыз.

Курстардың өзгеруінің әсері

Қазақстанда теңгенің АҚШ долларына айырбасталу курсы Компанияның операциялық қызметінің нәтижесіне әсер етеді, бұл мына жағдайдарға байланысты болады: (а) Келісімдердің көбі бағаларды АҚШ долларында қарастыратын болғандықтан, споттық бағалардың едәуір бөлігінің анықталуында валюта ретінде АҚШ доллары қолданылатындықтан, сонымен қатар Компания шығындарының көп бөлігі теңгемен көрсетілсе де, уран өнімдерін сатудан түскен консолидацияланған түсімдердің үлкен бөлігі АҚШ долларымен көрсетілген; және (б) Компанияның қарыздары мен несиелік қарыздарының үлкен бөлігі АҚШ долларымен көрсетілген. Сәйкесінше теңгенің АҚШ долларына айырбастау курсының тұрақсыздығы

Компанияның операциялық қызметінің консалидацияланған нәтижесіне елеулі түрде әсер етуі мүмкін.

2008 жылдың бірінші жартысында АҚШ долларына қатысты теңгенің едәуір тұрақтануына қарамастан, 2008 жылдың екінші жартысында теңге құлдырай бастаған. Бір жағынан шикі тауарлар (әсіресе, мұнай мен газ) бағасының төмендеуінің нәтижесінде Қазақстанның төлем балансына жасалған қысым көрсету нәтижесінде, екінші жағынан Қазақстан экспортының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін, ҚҰБ 2009 жылдың 4 ақпанында теңгені АҚШ долларына қатысты 18% девальвациялаған. 2008 жылдың 31 желтоқсанынан бастап, теңге АҚШ долларына қатысты шамамен 22% құлдыраған.

Компания сататын өнімнің бағасы көбінесе АҚШ долларымен, ал шығындар көбінесе теңгемен көрсетілгеніне (2009 жылы теңгеден басқа валюталарда көрсетілген материалдарды импорттауға кеткен шығындар, материалдарға кеткен жалпы материалға кеткен шығындардың 28% құраған кезде, Компания түсімінің 70% АҚШ долларымен көрсетілген) қарамастан, теңге девальвациясы Компанияның сатылымнан түскен консалидацияланған түсіміне оңтайлы әсер етуде. Компанияның консалидацияланған жалпы қарыздары көбінесе АҚШ долларымен көрсетілгендіктен, теңге девальвациясы Компанияның қаржылық жағдайына және оның операциялық қызметінің нәтижесіне жағымсыз әсер етеді. Компания мүмкіндігінше төленетін сыйақы мен ақша ағымдарын бір ғана валютада жүзеге асыру арқылы, осы тәуекелдікті азайтуға тырысады. Осылайша, Компания деривативтерді қолданбай-ақ экономикалық хеджирлеумен қамтамасыз етеді. Теңгеден басқа валюталарда көрсетілген өзге де ақшалай активтер мен міндеттемелерге қатысты, Компания уақытша орын алған дисбалансты жою үшін, осы валюталарды қажет кезінде споттық курстар бойынша сатып алу немесе сату арқылы таза тәуекелдіктерді тиімді деңгейде ұстап қалуға тырысады.

Төмендегі кестеде көрсетілген кезеңдегі Ұлттық банк есептеріне сәйкес теңге/АҚШ доллары айырбас курсы бойынша жыл және жылдың аяғына дейінгі орташа жинақталған мәліметтер берілген:

31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде	Орташа жылдық курс	Жылдың аяғында
2009 ж.....	147.50	148.36
2008 ж.....	120.30	120.77
2007 ж.....	122.55	120.55

Салық салу, оның ішінде пайдалы қазба өндіруге салынатын салық

2009 жылдың 1 қаңтарында өз күшіне енген 2009 жылғы Салық кодексін қабылдауға дейін, Компания кәсіпорындарының көбі орналасқан Қазақстандағы

ұжымдық табыс салығының қолданыстағы ставкасы 30% құраған. 2009 жылғы Салық кодексіне сәйкес, 2013 жылы 17,5% және 2014 жылы 15% дейін төмендеуі жоспарлануымен қатар, 2009 жылдағы ұжымдық табыс салығының ставкасы 20% дейін төмендеген.

Сонымен қатар, 2009 жылғы Салық кодексімен роялтидің орнын ауыстыра алатын пайдалы қазба өндіруге салық салу енгізілген. Компания басшылығының пікірі бойынша, пайдалы қазбаларға салынатын жаңа салық бұрын қолданылған роялти жүйесінен анағұрлым жоғары және ұжымдық табыс салығының ставкасын кезеңдік төмендету артықшылығының орнын толтырады. Бұрын қолданылған роялти ставкалары өнімдік ерітіндідегі (бұдан әрі көрсетілгендей) уран құнының 3%-нан аспаған. Есептік кезеңде, яғни күнтізбелік тоқсанда минералды шикізат түріндегі пайдалы қазбалар қорының өтелген құны, пайдалы қазба өндіруге салынатын салықты есептеудің салықтық базасы болып табылады. Қорлар толығымен өтелмеген жағдайда, пайдалы қазба өндіруге салынатын салықты анықтауға арналған салықтық база 20% өсіп кеткен өңдеу және алғашқы өңдеуге (байыту) кеткен нақты шығындардың негізінде анықталады. Пайдалы қазба өндіруге салынатын салық, 2010 жылдан 2012 жылға дейінгі кезеңде 22%, 2012 жылға 23% және одан кейінгі жылдарға 24% ставкасы бойынша уранның өндірісіне қолданылады. Өкілетті органның талабы бойынша, Бетпақ дала, Қызылқұм және «Қаратау» ЖШС өздерінің қызметтеріне қатысты 2009 жылғы Салық кодексін қолдануға байланысты Өкілетті органмен келіссөздер жүргізуде. Осы келіссөздер барысында олар Өкілетті органға жер қойнауын пайдалану келісім-шарттарына өзгертулер енгізу туралы ұсыныс жасаған. Қазіргі кезде Өкілетті органмен келіссөздер жүргізу жалғасуда.

Төмендегі кестеде Компанияның көрсетілген кезеңдерде төлеген кейбір салықтары бойынша мәліметтер берілген:

31 желтоқсанда аяқталған жыл	Барлық есептеп жазылған ы	Ұжымдық табысқа салынаты н салық	Роялти/ пайдалы қазбалар ғасалына тын салық⁽¹⁾	Үстеме пайда салығы	Басқа салықта р және бюджетт ік емес төлемде р⁽²⁾
			<i>(мың. теңге)</i>		
2009 ж.....	42,220,377	10,758,460	5,787,897	–	25,674,020
2008 ж.....	42,281,618	16,728,006	521,986	34,309	24,997,317
2007 ж.....	34,636,567	14,936,952	369,238	21,521	19,308,856

(1) 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап Салық кодексіне сәйкес роялтидің орнына пайдалы қазба өндіруге салынатын салық енгізілген.

(2) Мүлік салығы, жер салығы, көлік салығы, әлеуметтік салық және басқа төлемдерден құралады.

Күкірт қышқылының бар болуы және құны

Компания уранды жерасты сілтісіздендіру әдісімен өндіру үшін күкірт қышқылын көп мөлшерде пайдаланады. Уранның бір грамын өндіру үшін шамамен 100 мл күкірт қышқылы қажет. Күкірт қышқылының бір тоннасына Компания төлеген баға соңғы үш жылдың ішінде 163%-ға, 5 737 теңгеден 9 093 теңгеге дейін, 2007, 2008 және 2009 жылдары 15 089 теңгеге өскен. 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде күкірт қышқылының құны, уран өндіру үшін Компания қолданған материалдарға кеткен жалпы шығындардың 50% құрады. Күкірт қышқылының болмауы Компанияның өндіріс кестесіне жағымсыз әсер етуі мүмкін, ал күкірт қышқылының бағасының өсуі Компанияның жалпы табысының қысқаруына алып келуі мүмкін.

Алу

Ядролық отын циклының барлық бастапқы кезеңдерінде халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілетті болу туралы стратегиялық тапсырмаға сәйкес, Компания отындық циклдың барлық бастапқы кезеңдерінде Компанияның қуаттылығын толықтыратын күші бар ядролық отын циклының қатысушыларын инвестициялауға тырысады. 2007 жылы Компания толығымен Westinghouse Electric Company LLC холдингтік компаниясына толығымен иелік ететін Toshiba Nuclear Energy Holdings US, Inc. компаниясының 10% қатысу үлесіне және Westinghouse Electric UK Ltd. (**бipre - Westinghous**) компаниясына толығымен иелік ететін Toshiba Nuclear Energy Holdings UK, Ltd. компаниясының 10% қатысу үлесіне ие болған. Westinghouse – ядролық отынның бүкіләлемдік нарығындағы өндірістік тұтынушылар мен электр станциялары үшін отын, қызмет көрсету, технология, құрал-жабдық және жобалық қызметтің жетекші жабдықтаушысы болып табылады. Westinghouse қатысу үлесіне ие болу Компанияның операциялық қызметіне өз әсерін тигізген, ал болашақтағы кез келген мұндай операциялар Компанияның болашақтағы қызметінің нәтижелеріне де әсер етуі мүмкін.

Қызмет сегменттері

Компанияның қызметі келесі негізгі сегменттерді қамтиды:

- **Уран тотығы-шала тотығы.** Уран шығару және қайта өңдеу, уран тотығы мен шала тотығын өндіру және сату.
- **Басқа уран өнімдері.** Басқа уран өнімдерін өндіру және сату (ұнтақтар, отындық таблеткалар және т.б.).

- **Бериллий өнімдері.** Бериллий өнімдерін өндіру және сату.
- **Тантал өнімдері.** Тантал өнімдерін өндіру және сату.
- **Энергоресурстар.** Электр және жылу энергиясын, ауыз су өндіру мен сату.
- **Басқа қызмет түрлері.** Басқа өнімдерді өндіру, дайындау және Компанияның негізгі өндірістік кәсіпорындарына қызмет көрсету, оның ішінде бұрғылау, ғылыми-зерттеу жұмыстары, қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қызметтер, көліктік, жүк тиеу және түсіру қызметтері, телекоммуникациялық қызметтер, газ тасымалдау, сонымен қатар, үшінші жаққа көрсетілетін әлеуметтік сала қызметтері.

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде, уран тотығы-шала тотығы сегментінің үлесіне Компанияның жалпы түсімдерінің 63,5% және оның жалпы табысының 80,6% тиесілі болған. Компанияның стратегиялық дамуына сәйкес, Компания басқа да уран өнімдерінің сегментінен алынатын түсімдері мен табысын арттыруға бел байлаған. *«Өндірістік қызмет – ядролық отын циклын дамыту стратегиясы»* бөлімін қараңыз.

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде, қалған сегменттердің үлесіне Компанияның жалпы түсімінен 16,5% (Компания ішіндегі сегменттер арасындағы пайданы есептемегенде) және оның жалпы табысынан 13,8% тиесілі болған.

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде, Компанияның энергоресурстарының сегментінің үлесіне Компанияның жалпы түсімдерінен 13,8% және оның жалпы табысынан тек 4,6% тиесілі болған. Компанияның энергоресурстарының сегменті МАЭК қызметін қамтиды.

Компания қызметінің сегменттерінің толығырақ сипаттамасын «Қаржылық есептілікке ескертулердегі» 5 Ескертуді қараңыз.

2009, 2008 және 2007 жылдардың аяғындағы операциялық қызметтердің консолидацияланған нәтижелері.

Түсім

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде, 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 127,1 млрд. теңгемен және 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 117,8 млрд. теңгемен салыстырғанда 178,5 млрд. теңгені құрап, 2009 жылы өсім көлемі 2008 жылмен салыстырғанда 51,4 млрд. теңгеге немесе 40,4%-ға артқан. Ал 2008 жылғы өсім көлемі 2007 жылмен салыстырғанда 9,3 млрд. теңге немесе 7,9% құраған. 2009 жылғы түсімдердің өсімі, 2008 жылмен салыстырғанда, негізінен уран өнімін сатудан түскен түсімдердің 42.9 млрд. теңгеге немесе 58,1%-ға артуының нәтижесінде жүзеге асқан. 2008 жылғы түсімнің өсімі, 2007 жылмен салыстырғанда, уран өнімін сатудан

түскен түсімнің 4,9 млрд. теңгеге немесе 6,2%-ға төмендеуімен бөлшектеп компенсацияланған барлық тараулар бойынша мардымсыз өсімнің нәтижесінде болған.

Төмендегі кестеде көрсетілген кезеңдердегі Компанияның түсімдері бойынша мәліметтер берілген:

	31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде			кезеңдер арасындағы пайыздық өзгерістер	
	2009 ж.	2008 ж.	2007 ж.	2008 және 2009 жж.	2007 және 2008 жж.
	<i>(мың. теңге)</i>				
Түсімдер:					
Уран өнімдерін сатудан	116,643,3	73,785,1	78,666,7	58.1	(6.2)
	56	50	00		
Энергия мен су сатудан	24,717,00	20,044,7	17,970,5	23.3	11.5
	0	53	77		
Қайта өндеу бойынша қызметтер ұсыну.....	6,415,459	7,938,95	5,176,08	(19.2)	53.4
		9	7		
Ұңғымаларды бұрғылау.....	8,718,343	6,709,38	3,697,27	29.9	81.5
		0	1		
Алынған тауарларды сату...	9,604,652	6,309,72	3,068,09	52.2	105.7
		7	2		
Тантал өнімдерін сату.....	4,811,288	5,072,02	2,731,27	(5.1)	85.7
		3	9		
Бериллий өнімдерін сату	2,951,628	5,032,39	4,854,09	(41.3)	3.7
		6	4		
Көлік қызметтері	3,033,515	1,501,39	865,873	102.0	73.4
		0			
ҒЗТКЖ.....	210,532	345,969	389,993	(39.1)	(11.3)
Басқа түсімдер.	1,401,045	365,151	338,323	283.7	7.9
Қорытынды.....	178,506,8	127,104,	117,758,	40.4	7.9
	18	898	289		

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде, уран өнімінің сатылуынан түскен пайда 116,6 млрд. теңгені құрады, 2008 жылдың дәл осындай кезеңімен салыстырғанда, бұл көрсеткіш 73,8 млрд. теңге болған, ал 2007 жылғы көрсеткіш 78,7 млрд. теңгені құрастырған. 2009 жылдағы көрсеткіштің 2008 жылға қарағанда жоғары болуының себебі, негізінен алғанда уран өнімінің жалпы сатылым көлемінің өсуінен болды, яғни 2008 жыл ішінде 4 566,5 тонна болса, 2009 жыл ішінде 6 609,3 тоннаға

жетіп, пайызбен есептегенде 44,7%-ға артқанын көреміз. 1 тонна уран өнімінің бағасы 2008 жылғы 134 000 АҚШ долларынан 2009 жылы 120 000 АҚШ долларына, яғни 10,4% төмендеген. Алайда уранға деген бағаның құлдырауы біздің елдегі 2009 жылдың басындағы теңгенің долларға деген девальвациясына байланысты аса сезілмеді, керісінше уранның бағасы теңгеге байланысты өсті. 1 тонна уранның құны 2009 жылы 17,6 млн. теңгеге дейін көтерілсе, бұл көрсеткіш 2008 жылы 16,2 млн. теңгені көрсеткен еді. 2007 жылмен салыстырғанда 2008 жылы бағаның құлдырауына уранның 1 тоннасына бағаның 16,9%-ға, яғни 2007 жылы 19,5 млн. теңгеге, ал 2008 жылы 16,2 млн. теңгеге азаюы себепші болды. Уран өнімінің жалпы сатылым көлемінің 2007 жылы 4 076,7 тоннадан, 2008 жылы 4 566,5 тоннаға, яғни 12,0%-ға арттырылуы арқылы, уран құнының төмендеуі елеусіз болса да компенсацияланды.

2009 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі энергия мен су сатылымынан түскен түсім 24,7 млрд. теңгені құрады, 2008 жылы бұл көрсеткіш 20,0 млрд. теңгені, 2007 жылы 18,0 млрд. теңгені құраған, бұдан көрсеткіштің 4,7 млрд. теңгеге артқанын көреміз, немесе 2008 жылмен салыстырғанда 2009 жылы 23,3%, 2007 жылмен салыстырғанда 2008 жылы 2,1 млрд. теңге немесе 11,5% құрайтынын көреміз. 2008 жылмен салыстырғанда 2009 жылғы өсудің негізгі себебі электр қуатының тарифтерінің 2008 жылдағы 5,13 теңге/кВт.с-тан 2009 жылы 6,66 теңге/кВт.с, яғни 30%-ға өсуі есебінен болды. Ол біртіндеп электр қуатын сату көлемінің 2009 жылы 3 323 344 мың кВт.с немесе 2%-ға төмендегені арқылы компенсацияланды. 2007 жылмен салыстырғанда 2008 жылғы өсім, негізінен алғанда, электр қуатын сату көлемінің 2008 жылы 3 005 704 кВт.с-тан 3 375 949 мың кВт.с-қа, яғни 12%-ға өсуімен жүзеге асқан. Сонымен қатар, тарифтер 2007 жылғы 5,17 теңге/кВт.с-пен салыстырғанда 2008 жылы 5,13 теңге/кВт.с азайған.

Қайта өңдеуге қатысты ұсынылған қызметтер, Компанияның бірігіп басқарылатын кәсіпорындары мен ассоциацияланған ұйымдарына ұсынылған қайта өңдеу қызметінен түскен, сонымен қатар, құрал-жабдық жасап шығару мен лабораториялық сараптамалар жасау қызметтерін пайданы қамтиды. 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде, қайта өңдеу қызметінен түскен пайда 6,4 млрд. теңгені құрап, 2008 жылдың дәл сондай кезеңіндегі 7,9 млрд. теңгемен салыстырғанда, 1,5 млрд. теңге не болмаса 19,2% азайды. 2009 жылғы қызметтердің 2008 жылға қарағандағы азаюына себепші негізінен алғанда мыналар: ҮМЗ-да стандарттық емес құрал-жабдықтарды жасап шығару туралы «Қаратау» ЖШС, «Байкен-У» ЖШС және тапсырыс берушілермен жасалған келісімдердің мерзімдерінің аяқталуы және «Үлбі» АҚ-ның еншілес кәсіпорнындағы акцияларынан айырылуы. 2008 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде, қайта өңдеу қызметтерінен түскен түсім 2007 жылғы дәл осы кезіндегі 5,2 млрд. теңгелік көрсеткішпен салыстырғанда, 2,8 млрд. теңгеге, яғни 53,4% арты. 2007 жылға қарағандағы 2008 жылдың көрсеткішінің өсуіне, негізінен алғанда, Компанияның уран өндіруге байланысты жұмыстарының кеңейтілуі нәтижесінде уран өндірумен айналысатын, бірігіп басқарылатын кәсіпорындары мен ассоциацияланған ұйымдарына көрсетілетін қайта өңдеу қызметінің артуы себепші болды.

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі ұңғымаларды бұрғылаудан түскен түсім 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 6,7 млрд. теңгелік көрсеткішке қарағанда, 8,7 млрд. теңгені құраған және 2007 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3,7 млрд. теңге, 2009 жылды 2008 жылмен салыстырғанда 2,0 млрд. теңге немесе 29,9% артқан, 2008 жылды 2007 жылмен салыстырғанда 3,0 млрд. теңге немесе 81,5% артқан. Бұл жыл сайынғы өсу қарқыны, негізінен алғанда, тиісті өндіріс кәсіпорындарының қызметінің кеңейтілуі нәтижесінде, Волковгеологияның Компанияның ассоциацияланған тау-кен қазушы операторларына көрсетіп отырған бұрғылау қызметінің көлемінің арттырылуы арқылы жүзеге асырылып отырған.

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі алынған тауарларды сатудан түскен түсім 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 6,3 млрд. теңгемен салыстырғанда және 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 3,1 млрд. теңгемен салыстырғанда, 9,6 млрд. теңгені құраған, 2009 жылды 2008 жылмен салыстырғанда 3,3 млрд. теңге немесе 52,2%, 2008 жылды 2007 жылмен салыстырғанда 3,2 млрд. теңге немесе 105,7% артқан. Бұл жыл сайынғы өсу, негізінен алғанда, Тау-кен Компаниясы тарапынан Компанияның ассоциацияланған тау-кен қазушы операторларына, осындай кәсіпорындардың қызметтерінің кеңеюі нәтижесінде, күкірт қышқылы, аммоний нитраты және каустикалық сода сату көлемінің артуы арқылы жүзеге асырылып отырған.

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі тантал өнімдерін сатудан түскен түсім 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 5,1 млрд. теңгемен салыстырғанда, 0,3 млрд. теңге немесе 5,1% азайып, 4,8 млрд. теңгені құраған. 2009 жылды 2008 жылмен салыстырғанда, қысқару тантал өнімдерін өндіру көлемінің 108,2 тоннаға немесе 40,7% қысқарғанына байланысты болған. 2008 жылы 265,7 тоннадан 2009 жылы 158,5 тоннаға дейін азайған. 2008 жылмен салыстырғанда, 2009 жылы тантал өнімдерін өндіру көлемі, негізінен алғанда, әлемдік экономикалық дағдарыс шарттарында танталдың басты тұтынушылары болып табылатын, тұрмыстық электроника жасаумен айналысатын компаниялардың танталға деген сұранысының азаюы салдарынан қысқарған. Осы кезеңдегі өндірістің қысқартылуы, тантал өндірісіне қажет шикізаттың анағұрлым жоғары бағасымен, АҚШ долларының теңгеге айырбастау курсының өсуімен және көрсетілген кезеңдегі толлинг негізінде тантал өнімдерін өндіру көлемінің қысқаруымен аздап компенсацияланған. 2008 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі тантал өнімдерін сатудан түскен түсім 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 2,7 млрд. теңгемен салыстырғанда, 2,3 млрд. теңге немесе 85,7% өскен. 2007 жылмен салыстырғанда, 2008 жылғы өсу, негізінен алғанда, 87,8 тоннаға немесе 49,4% артуының арқасында, тантал өнімдерін өндіру көлемінің 2007 жылмен салыстырғанда, 177,9 тоннадан 2008 жылы 265,7 тоннаға артуы арқылы, танталдың анағұрлым жоғары бағасы, АҚШ доллары/теңгенің айырбастау курсының артуы және осы кезең ішіндегі толлинг негізінде тантал өнімдерін өндіру көлемінің қысқаруы арқылы жүзеге асқан.

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі бериллий өнімдерін сатудан түскен түсім, 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 5,0 млрд. теңгемен салыстырғанда, 2,1 млрд. теңге немесе 41,3% азайып, 3,0 млрд. теңгені құраған. 2008 жылмен салыстырғанда, 2009 жылғы азаю, негізінен алғанда, бериллий өнімдерін өндіру көлемінің 724 тоннаға, яғни 45,0% азаюынан, 2008 жылды 1 608,0 тоннадан 2009 жылы 884 тоннаға дейін қысқаруынан болған. 2008 жылмен салыстырғанда, 2009 жылы бериллий өнімдерін өндіру көлемі әлемдік экономикалық дағдарыстың нәтижесінде бериллийге сұраныстың азаюының салдарынан қысқартылған. 2008 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі бериллий өнімдерін сатудан түскен түсім, 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 4,9 млрд. теңге мен салыстырғанда 0,2 млрд. теңгеге немесе 3,7% өскен. 2008 жылды 2007 жылмен салыстырғанда, арту, негізінен алғанда, бериллий өнімдерін өндіру көлемінің 121,2 тоннаға немесе 8,2% артуының нәтижесінде жүзеге асып, 2007 жылғы 1 486,8 тоннамен салыстырғанда 2008 жылы 1 608,0 тоннаны құраған.

Компанияның көлік қызметтерінен түсетін түсімі, Компанияның бірігіп басқарылатын кәсіпорындары мен ассоциацияланған ұйымдарының атынан Тау-кен компаниясының тауарларды тасымалдауы және сақтауы кезінде жүзеге асады. 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі көлік қызметінен түскен түсім, 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 1,5 млрд. теңгемен салыстырғанда және 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 0,9 млрд. теңгемен салыстырғанда, 3,0 млрд. теңгені құраған, олар 2009 жылды 2008 жылмен салыстырғанда, 1,5 млрд. теңге немесе 102%, 2008 жылды 2007 жылмен салыстырғанда, 0,6 млрд. теңге немесе 73,4% артқан. Бұл жыл сайынғы арту, негізінен алғанда, Тау-кен компаниясы ұсынатын күкірт қышқылын сақтау және тасымалдау бойынша қызмет көлемінің артуының нәтижесінде болған.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарынан түскен түсім Компания түсімдерінің негізгі бөлігі болып табылмайды.

Компанияның басқа да түсімдері, Компанияның бірігіп реттелетін кәсіпорындары мен ассоциацияланған ұйымдарының экспорттық келісімдері бойынша қызмет көрсетуге байланысты болып табылады, оның ішінде сақтандыру, брокерлік, көліктік және логистикалық қызметтер және қажетті барлық рұқсаттар мен лицензияларды алу, жоғарғы тазалау деңгейіндегі уран тотығы-шала тотығын сатудан, сонымен қатар, тапсырыс бойынша «Үлбі» ЖШС-де жасап шығарылған стандарттық емес өнімдер, қосалқы бөлшектер мен құрал-жабдықтарды үшінші жақтарға сатудан түскен табысы. 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі басқа түсімдер, 2008 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 0,4 млрд. теңге және 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 0,3 млрд. теңгемен салыстырғанда 1,4 млрд. теңгені құраған. 2008 жылмен салыстырғанда, 2009 жылғы 1,0 млрд. теңгеге немесе 283,7% арту, негізінен алғанда, экспорттық келісімдерге сәйкес Компанияның бірігіп реттелетін кәсіпорындары мен ассоциацияланған ұйымдарына көрсетілген қызмет көлемінің артуының нәтижесінде жүзеге асқан.

Сатылған өнімдердің өзіндік құны

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде, сатылған өнімдердің өзіндік құны, 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 82,7 млрд. теңгемен салыстырғанда, 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 61,2 млрд. теңгемен салыстырғанда, 112,7 млрд. теңгені құраған, 2008 жылмен салыстырғанда, 2009 жылы 30,0 млрд. теңге немесе 36,3% артқан және 2007 жылмен салыстырғанда 2008 жылы 21,5 млрд. теңге немесе 35,1% артқан. Бұл жыл сайынғы өсуге, негізінен алғанда, 2009 жылды 2008 жылмен салыстырғанда, жабдықтау заттары мен материалдардың 19,6 млрд. теңге немесе 37,0% артуы және 2008 жылды 2007 жылмен салыстырғанда, 14,0 млрд. теңге немесе 35,9% артуының арқасында қол жеткізілген.

Төмендегі кестеде көрсетілген кезең ішіндегі Компанияның сатылған өнімінің өзіндік құны бойынша мәліметтер берілген:

	31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде			кезеңдер арасындағы пайыздық өзгерістер	
	2009 ж.	2008 ж.	2007 ж.	2008 және 2009 жж.	2007 және 2008 жж.
	<i>(мың теңге)</i>				
Жабдықтау құралдары мен материалдар	72,677,91	53,046,6	39,034,1	37.0	35.9
Еңбекақы	0	71	49	(0.2)	41.9
Тозу мен амортизация.....	10,846,99	10,872,6	7,663,86		
	4	21	5		
Қайта өңдеу бойынша қызметтер және басқа қызметтер	6,277,075	5,876,22	4,579,86	6.8	28.3
		9	8		
Техникалық қызмет және жөндеу	7,952,290	3,538,05	2,377,59	124.8	48.8
		5	0		
Табыс салығынан басқа салықтар	4,567,376	3,424,50	3,549,30	33.4	(1.5)
		6	8		
Коммуналдық төлемдер.....	5,217,999	1,557,06	1,333,41	235.1	16.8
		7	4		
Көлік шығындары.....	1,630,933	1,463,15	605,017	11.5	141.8
		7			
Жалға кеткен шығындар.....	337,654	450,783	397,292	(25.1)	13.5
ҒЗТКЖ.....	493,705	367,652	405,253	34.3	(9.3)
Басқалар.....	75,472	30,096	25,525	150.8	17.9
	2,632,131	2,068,22	1,242,48	27.3	66.5
		4	0		
Қорытынды	112,709,5	82,695,0	61,213,7	36.3	35.1
	39	61	61		

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі жабдықтау құралдары мен материалдардың құны, 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 53,0 млрд. теңгемен салыстырғанда және 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 39,0 млрд. теңгемен салыстырғанда, 72,7 млрд. теңгені құраған, 2009 жылды 2008 жылмен салыстырғанда 19,6 млрд. теңге немесе 37,0% артқан және 2008 жылды 2007 жылмен салыстырғанда 14,0 млрд. теңге немесе 35,9% артқан. Бұл жыл сайынғы өсу, негізінен алғанда, уран өндірісінің көлемінің артуы, уран өндіру үшін қолданылатын күкірт қышқылының бағасының өсуі, сонымен қатар, электр энергиясы өндірісінде қолданылатын табиғи газдың бағасының артуының арқасында жүзеге асқан. 2007 жылы 1 тонна күкірт қышқылының бағасы 5 737 теңгеден 2008 жылы 9 093 теңгеге және 2009 жылы 15 089

теңгеге дейін көтерілген. Күкірт қышқылының үлесіне Компания уранды шығару кезінде қолданатын материалдарға кеткен жалпы шығынның 50% құрайды. Табиғи газдың бағасы 2007 жылы 1 мың текше метрі үшін 5 496 теңгеден 2008 жылы 1 мың текше метрі үшін 6 160 теңгеге дейін және 2009 жылы 1 мың текше метрі үшін 7 500 теңгеге дейін өскен.

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі (Кен орындарының және кәсіпорындарының жұмыскерлеріне) еңбекақы төлеуге кеткен шығындар, 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 10,9 млрд. теңгемен салыстырғанда және 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 7,7 млрд. теңгемен салыстырғанда, 10,8 млрд. теңгені құраған. Еңбекақы төлеуге кеткен шығындар (Кен орындарының және кәсіпорындардың жұмыскерлеріне), 2009 жылды 2008 жылмен салыстырғанда, Компания қызметкерлерінің саны 583 адамға немесе 3,1% қысқартылғанына қарамастан еш өзгермеген, 2009 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, МАЭК кәсіпорындарында, Тау-кен компаниясы және Волковгеологиядағы орташа жалақының өсуі, сонымен қоса жұмыссыздық жәрдемақысы секілді қосымша төлемдердің салдарынан 18 093 қызметкерді құраған. Қызметкерлердің санын қысқарту, негізінен алғанда, ҮМЗ-дағы отындық таблеткалар, уран тотығы мен шала тотығы, тантал және бериллий өнімдерінің өндірісінің қысқартылуына байланысты орын алған. 2007 жылмен салыстырғанда, 2008 жылы көлемінің 3,2 млрд. теңге немесе 41,9% артуы, негізінен алғанда, Компанияның қосымша жұмыскерлерді жалдағанынан жүзеге асқан. 2008 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, Компания қызметкерлерінің саны 528 адамға немесе 2,9% артып, 2007 жылдың дәл сол күнгі жұмыскер саны 18 148 болған көрсеткішпен салыстырғанда, 18 676 жұмысшыны құраған. Бұл өсу, негізінен алғанда, Волковгеологиядағы бұрғылау жұмыстарының көлемінің артуы, «Әппак» ЖШС және «Семізбай-У» ЖШС өндіріс көлемдерінің артуы және «Қорған-Қазатомөнеркәсібі» ЖШС қызмет көлемінің артуының нәтижесінде жаңа жұмысшыларды жалдауға байланысты жүзеге асқан.

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде, тозу мен амортизация, 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 5,9 млрд. теңгемен және 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 4,6 млрд. теңгемен салыстырғанда, 6,3 млрд. теңгені құраған, 2008 жылмен салыстырғанда, 2009 жылы 0,4 млрд. немесе 6,8%, 2007 жылмен салыстырғанда, 2008 жылы 1,3 млрд. теңге немесе 28,3% артқан. Бұл жыл сайынғы ұлғаю, негізінен алғанда, жаңа уран өндіріс орындарының құрылысының аяқталуы, сонымен қатар, жоғары сыйымды тантал ұнтақтарын өндіретін өндіріс орындары құрылысының аяқталуы нәтижесінде болды.

Компанияның қайта өңдеу және басқа да қызметтеріне кеткен шығындар, негізінен алғанда, өндірілген уранды уран тотығы мен шала тотығына айналдыру, бұрғылау қызметтері мен өндіру қызметтеріне жұмсалған шығындармен анықталады. 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде, қайта өңдеу мен басқа да қызмет көрсету шығындары, 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 3,5 млрд. теңгемен және

2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 2,4 млрд. теңгемен салыстырғанда, 8,0 млрд. теңгені құраған, 2008 жылмен салыстырғанда, 2009 жылы 4,4 млрд. теңге, яғни 124,8%-ға, 2007 жылмен салыстырғанда, 2008 жылы 1,2 млрд. теңге, яғни 48,8% өскен. Бұл жыл сайынғы ұлғаю, негізінен алғанда, уран тотығы мен шала тотығын өндіруге жұмсалған шығындарды ұлғайту есебінен жүзеге асқан.

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде, техникалық қызмет көрсету мен жөндеуге кеткен шығындар, 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 3,4 млрд. теңгемен және 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 3,5 млрд. теңгемен салыстырғанда, 4,6 млрд. теңгені құраған. 2008 жылмен салыстырғанда, 2009 жылғы 1,1 млрд. теңге, яғни 33,4% көлеміндегі ұлғаю, негізінен алғанда, уран шығару бойынша қайта салынған өндіріс орындарына, сонымен қатар, жоғары сыйымды тантал ұнтақтарын өндіретін өндіріс орындарына техникалық қызмет көрсету нәтижесінде жүзеге асты.

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде, табыс салығынан қоспағанда, салық шығындары, 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 1,6 млрд. теңгемен және 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 1,3 млрд. теңгемен салыстырғанда, 5,2 млрд. теңгені құрады, 2008 жылмен салыстырғанда, 2009 жылы 3млрд. теңге немесе 235,1%, 2007 жылмен салыстырғанда, 2008 жылы 0,2 млрд. теңге немесе 16,8% артқан. 2009 жылғы өсім, 2008 жылмен салыстырғанда, негізінен алғанда, жаңа пайдалы қазба өндіру салығының енгізуі нәтижесінде жүзеге асқан. 2008 жылғы ұлғаю, 2007 жылмен салыстырғанда, негізінен алғанда, роялти бойынша тиісті төлемдердің ұлғаюына себепші болған, өндіріс көлемінің ұлғаюы нәтижесінде жүзеге асты.

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде, коммуналдық қызмет шығындары, 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 1,5 млрд. теңгемен және 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 0,6 млрд. теңгемен салыстырғанда, 1,6 млрд. теңгені құрады, 2008 жылмен салыстырғанда, 2009 жылы 0,2 млрд. теңге немесе 11,5%, 2007 жылмен салыстырғанда, 2008 жылы 0,9 млрд. теңге немесе 141,8% артты. Бұл жыл сайынғы ұлғаю, негізінен алғанда, энергия тарифінің және өндіріс көлемінің ұлғаюы нәтижесінде жүзеге асты.

Көлік шығындары газды тасымалдау МАЭК еншілес газ кәсіпорны «Ақтаугазсервис» АҚ-ның газ тасымалдау шығындарымен байланысты. 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде, көлік шығындарының құны, 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 0,5 млрд. теңгемен және 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 0,4 млрд. теңгемен салыстырғанда, 0,3 млрд. теңге құрады. 2009 жылғы 0,1 млрд. теңге немесе 25,1% қысқару, 2008 жылмен салыстырғанда, негізінен алғанда, газ тасымалдау көлемінің 2008 жылғы 1 906 млн. текше метрден 2009 жылы 1 758 млн. текше метрге дейін қысқару есебінде болды. 2007 жылмен салыстырғанда, 2008 жылғы 0,1 млрд. теңге немесе 13,5% өсу, негізінен алғанда, газ тасымалдау көлемінің 2007 жылғы 1 740 млн. текше метрден 2008 жылы 1 906 млн. текше метрге дейін ұлғаюы, осы кезеңдегі газ тұтынушылық деңгейінің өсуі нәтижесінде жүзеге асқан.

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі жалгерлік ақы төлеуге кеткен шығындар, 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 0,4 млрд. теңгемен және 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 0,4 млрд. теңгемен салыстырғанда, 0,5 млрд. теңгені құрады. 2008 жылмен салыстырғанда, 2009 жылғы 0,1 млрд. теңге немесе 34,3% өсім көлемі, негізінен алғанда, жалға алынған ғимараттарға техникалық қызмет көрсету үшін кеткен шығындардың ұлғаюы нәтижесінде жүзеге асқан.

ҒЗТКЖ шығындары 2009, 2008 және 2007 жж. Компания қызметінің дамуына сәйкес ұлғайып отырда, бірақ Компанияның сатылған өнімдерінің өзіндік құнының негізгі компоненті болып табылмайды.

Компанияның сатылған өнімінің өзіндік құнының бір бөлігін құраған өзге де шығындары, негізінен алғанда, тамақтану, профилактикалық медициналық тексеру, үшінші жақтың еңбек пен өрт қауіпсіздігі бойынша қызметтерін және үшінші жақтың машина мен құрал-жабдықтарының сертификациялауды қамтиды. 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде, сатылған өнімнің өзіндік құнына кіретін басқа да шығындар, 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 2,1 млрд. теңгемен және 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 1,2 млрд. теңгемен салыстырғанда, 2,6 млрд. теңгені құрады, 2008 жылмен салыстырғанда, 2009 жылы 0,6 млрд. теңге немесе 27,3%, 2007 жылмен салыстырғанда, 2008 жылы 0,8 млрд. теңге немесе 66,5% ұлғайды. Бұл жыл сайынғы ұлғаю, негізінен алғанда, қоймада сақтау мен МАЭК қауіпсіздігін қамтамасыз етуге кеткен шығындар есебінен болды, бұл шығындар 2009 жылы әкімшілік шығындардан сатылған өнімнің өзіндік құнына ауыстырылды.

Жалпы табыс

Компанияның 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі жалпы табысы, 2008 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылғы 44,4 млрд. теңгемен және 2007 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылғы 56,5 млрд. теңгемен салыстырғанда, 65,8 млрд. теңгені құрады. Бұл болса, 2008 жылмен салыстырғанда, 2009 жылы өсімнің 21,4 млрд. теңге немесе 48,2% артқанын, ал 2007 жылмен салыстырғанда, 2008 жылы 12,1 млрд. теңге немесе 21,5% азайғанын көрсетеді. 2008 жылмен салыстырғанда, 2009 жылғы өсім, негізінен алғанда, сатылған өнімнің өзіндік құнына қарағанда (36,3%), түсімдердің жоғары қарқынмен ұлғаюы (40,4%), сонымен қатар, теңгенің АҚШ долларына қатысты девальвациясы және теңгеге шаққандағы тиімді бағамен өндірілуі мүмкін сатылған уран тотығы мен шала тотығының көлемінің едәуір өсуі есебінен болды. 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде, Компанияның өнімдерін сатудан түскен түсімдерінің 70% АҚШ долларымен көрсетілді, ол кезде теңгеден басқа валютада көрсетілген материал импорттауға кеткен шығындар жалпы материалға кеткен шығынның 28% құраған еді. 2007 жылмен салыстырғанда, 2008 жылғы қысқарту, негізінен алғанда, уран тотығы мен шала тотығының құнының төмендеуі

себепті, түсімдермен салыстырғандағы (7,9%), сатылған өнімнің өзіндік құнының қарқынды ұлғаюы нәтижесінде (35,1%) болды.

Өтімге байланысты шығындар

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі өтімге кеткен шығындар, 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 1,5 млрд. теңгемен салыстырғанда, 1,8 млрд. теңгені құрады. 2008 жылмен салыстырғанда, 2009 жылғы 0,2 млрд. теңге көлемінде немесе 9,5% қысқару, негізінен алғанда, жүкті тиеу, тасымалдау мен сақтауға кеткен шығынның 0,2 млрд. теңге немесе 25,4% қысқаруы нәтижесінде болды. 2007 жылмен салыстырғанда, 2008 жылғы 0,5 млрд. теңге немесе 34,9% өсім, жүкті тиеу, тасымалдау және сақтауға кеткен шығынның 0,3 млрд. теңге немесе 56,8% ұлғаюы нәтижесінде, сонымен қатар, сол кезеңдегі өтімге байланысты шығындардың 0,1 млрд. теңге немесе 49,9% қысқаруымен бөлшектеніп компенсацияланған комиссияның 0,2 млрд. теңге немесе 212.2% ұлғаюы нәтижесінде жүзеге асты.

Төмендегі кестеде белгіленген мерзімдердегі Компанияның өтімге кеткен шығындары көрсетілген:

	<u>Аяқталған жыл ішінде</u>			Кезеңдер арасындағы пайыздық өзгерістер	
	<u>2009 ж.</u>	<u>2008 ж.</u>	<u>2007 ж.</u>	2008	2007
				және 2009 жж.	және 2008 жж.
	<i>(мың теңге)</i>				
Жүкті тиеу, тамысалдау және сақтау	642,279	860,855	549,013	(25.4)	56.8
Жалақы	363,239	323,413	253,904	12.3	27.4
Комиссиялар	238,286	260,902	83,572	(8.7)	212.2
Жабдықтау заттары мен материалдары	174,240	163,128	161,114	6.8	1.3
Жүкті сақтандыру	43,697	70,031	38,968	(37.6)	79.7
Жарнамалық және маркетингтік шығындар	42,025	77,360	90,612	(45.7)	(14.6)
Тозу мен амортизация	54,749	52,242	23,440	4.8	122.9
Жал	62,105	43,859	26,804	41.6	63.6
Салық, салықтан басқа пайда	34,685	30,359	33,030	14.2	(8.1)
Іссапар шығындары	22,867	19,812	12,371	15.4	60.1
Кедендік баж және жинақ ...	36,062	5,048	6,001	614.4	(15.9)
Басқалар	109,890	107,914	215,272	1.8	(49.9)
Барлығы	<u>1,824,124</u>	<u>2,014,92</u>	<u>1,494,10</u>	(9.5)	34.9
		<u>3</u>	<u>1</u>		

Жүкті тиеу, тасымалдау және сақтау жұмысына кеткен шығындар 2009, 2008 және 2007 жылдардың 31 желтоқсанында сәйкесінше 0,6 млрд. тенге, 0,9 млрд. тенге және 0,5 млрд. тенгені құрады. 2008 жылмен салыстырғанда, 2009 жылғы қысқарту, негізінен алғанда, басқа бағыттарға қарағанда анағұрлым көп Қытайдағы көлік шығындарын ұлғайту, сонымен қатар, 2009 жылы теңізбен тасымалдаудың орнына айырбас туралы келісімдерді қолдану нәтижесінде жүзеге асты. 2007 жылмен салыстырғанда, 2008 жылғы шығынның артуы, негізінен алғанда, темір жол немесе жүк көлігімен тасымалдауға қарағанда, қымбатырақ болып келетін теңіз арқылы тасымалдауды қажет ететін өнімдердің көлемінің ұлғаюы нәтижесінде жүзеге асты.

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі комиссиялар, 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 0,3 млрд. теңгемен және 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 0,1 млрд. теңгемен салыстырғанда, 0,2 млрд. теңгені құраған. Комиссиялар, әдетте, «Әппақ» ЖШС жұмысының басталуынан кейін пайда болады. Өз қатысушылары

арасындағы келісім-шарттарға орай, «Әппак» ЖШС Компанияға және Sumitomo Corporation компаниясына, сонымен қатар, өтім шығындарына кіретін кәсіпорындарға сыйақы беріп отырады.

Өтімге байланысты өзге де шығындар, тауардың шығу тегі туралы сертификатын дайындау, жүкті өлшеу, сонымен қатар, МАЭК есептік – кассалық орталығын ұйымдастыруға кеткен шығындарды қамтиды. Өтімге байланысты шығындар 2009 жылдың аяғында 0,1 млрд. теңге, 2008 жылдың аяғында 0,1 млрд. теңге және 2007 жылдың аяғында 0,2 млрд. теңгені құрады. 2007 жылмен салыстырғанда, 2008 жылғы шығындардың қысқаруы, негізінен алғанда, КЕГОК келісім-шартына сәйкес, 2007 жылы жаңа МАЭК диспетчерлік қызметінің енгізілуі арқасында жүзеге асқан. Бұл шығындар алғашқыда өтім шығындарына жататын, ал кейінірек өндіріс шығындарына ауыстырылды.

Әкімшілік шығындар

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі әкімшілік шығындар, 2008 жылдың сол кезеңіндегі 12.9 млрд. теңгемен және 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 12,0 млрд. теңгемен салыстырғанда, 9,0 млрд. теңгені құрады. 2008 жылмен салыстырғанда, 2009 жылғы 3,9 млрд. теңге немесе 30,5% қысқару көлеміне, негізінен алғанда, (әкімшілік қызметкерлердің) жалақысының 0,8 млрд. теңге немесе 11,0% қысқаруы және 2,1 млрд. теңгеге есептелген сыйақы өтемінің жүзеге асырылмауы нәтижесінде қол жеткізілген. 2007 жылмен салыстырғанда, 2008 жылғы 0,9 млрд. теңге немесе 7,8% ұлғаю көлемі, негізінен алғанда, есептелген сыйақының 0,8 млрд. теңге немесе 51,4%-ға қысқартылуы арқылы бөлшектеніп компенсацияланған (әкімшілік қызметкерлердің) жалақысының 1,7 млрд. теңге немесе 30,4%-ға өсуінің нәтижесінде жүзеге асты.

Төмендегі кестеде көрсетілген мерзімдердегі Компанияның әкімшілік шығындарына байланысты мәліметтер берілген:

	<u>Аяқталған жыл ішінде</u>			Кезеңдер арасындағы пайыздық өзгеріс	
				2008	2007
	2009 ж.	2008 ж.	2007 ж.	және 2009 жж.	және 2008 жж.
	(мың теңге)				
Жалақы	6,614,293	7,432,54	5,699,45	(11.0)	30.4
Табыс салығынан басқа салықтар	1,003,186	1,002,78	1,104,46	–	(9.2)
Есептелген сыйақы (есептелген сый ақыны төлемеу).....	(2,125,96	5) 755,860	1,554,07	(381.3) (51.4)
Тозу мен амортизация.....	491,494	507,383	363,544	(3.1)	39.6
Консалтингтік, аудиторлық, ақпараттық қызметтер	408,605	483,533	312,065	(15.5)	54.9
Техникалық қызмет көрсету және жөндеу.....	387,287	421,911	291,968	(8.2)	44.5
Іссапар шығындары.....	224,760	343,336	313,573	(34.5)	9.5
Жабдықтау заттары мен материалдар	241,123	331,403	212,531	(27.2)	55.9
Жал.....	306,936	247,468	190,527	24.0	29.9
Қызметкерлерді оқыту шығыны	219,850	272,715	197,067	(19.4)	38.4
Корпоративтік мерекелер мен демалыстарға кеткен шығындар.	96,706	232,528	120,164	(58.4)	93.5
Банктік комиссия.....	165,348	160,569	154,655	3.0	3.8
Байланыс	110,721	113,707	87,294	(2.6)	30.3
Зерттеу жұмыстарына кеткен шығындар.....	244,475	109,884	100,241	122.5	9.6

Өкілдік шығындары	55,132	91,781	80,788	(39.9)	13.6
Кеңселік шығындар.....	78,780	85,957	64,739	(8.3)	32.8
Коммуналдық шығындар.....	77,745	62,430	42,996	24.5	45.2
Сақтандыру шығындары.	24,926	36,029	70,751	(30.8)	(49.1)
Қауіпсіздік шығындары.....	27,152	21,267	81,769	27.7	(74.0)
Басқалары	332,165	207,877	946,719	59.8	(78.0)
Барлығы.....	<u>8,984,719</u>	<u>12,920,9</u>	<u>11,989,3</u>	(30.5)	7.8
		<u>66</u>	<u>85</u>		

2009, 2008 және 2007 жылдардың аяғындағы әкімшілік қызметкерлердің жалақысы, сәйкесінше 6,6 млрд. теңге, 7.4 млрд. теңге және 5.7 млрд. теңгені құрады. 2008 жылмен салыстырғанда, 2009 жылғы қысқару, негізінен алғанда, штаттар мен сыйақының азайтылуы нәтижесінде жүзеге асты. 2007 жылмен салыстырғанда, 2008 жылғы ұлғаю, негізінен алғанда, жалақы және жұмысшылар санын көтеру нәтижесінде болды.

Қазақстан Республикасы Президентінің бұйрығына сәйкес Самрұқ-Қазына 2008-2010 жылдар аралығында өзінің басқарушы қызметкерлеріне сыйақы төлеуге тыйым салды және Компания 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде, аталмыш бұйрыққа орай, 2, 1 млрд. теңге көлеміндегі сыйақыны төлеуді тоқтатты. 2008 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі есептелген сыйақы сомасы, 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 1,6 млрд. теңгеге қарағанда, 0,8 млрд. теңгеге дейін қысқартылды.

Қаржылық кіріс

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі қаржылық кіріс, 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 2.0 млрд. теңгемен салыстырғанда, 1,1 млрд. теңге немесе 53.2% артып, 3,1 млрд. теңгені құрады. 2008 жылға қарағанда, 2009 жылғы өсу, негізінен алғанда, депозиттердегі қомақты сома есебінен жүзеге асты. 2008 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі қаржылық кіріс, 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 3,4 млрд. теңгемен салыстырғанда, 1,4 млрд. теңге немесе 41,0% қысқарды. 2007 жылмен салыстырғандағы, 2008 жылғы қысқару, негізінен алғанда, жыл ішіндегі жедел депозиттарды жабу нәтижесінде орын алған.

Жедел және сұраныс депозиттері, ағымдағы шотқа байланысты пайыздан түскен кіріс, 2009, 2008 және 2007 жылдардың аяғында Компания қаржылық кірісінің сәйкесінше 91,0%, 21,0% и 96,6% құрады. 2008 жылғы қысқару, 2008 жылдың 31 желтоқсанында 15 201 теңгені құраған және жедел депозиттардан алынған активтерді қайта реттеу нәтижесінде болған еді, ал бұл активтер 2009 жылы 22,7 млрд. теңге және 2007 жылы 3,1 млрд. теңгені құраған болатын.

Қаржылық шығындар

Компанияның қаржылық шығындары негізінен қысқа және ұзақ мерзімді қарыз, лизингпен байланысты пайда болған пайыздық шығын нәтижесінде туындайды. 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі қаржылық шығындар, 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 4,1 млрд. теңгемен салыстырғанда, 7,8 млрд. теңгені құрады. 2008 жылмен салыстырғанда, 2009 жылғы пайыздық шығынның 3,4 млрд. теңге немесе 105%-ға өсуі, негізінен алғанда, 2008 жылдың шілде айында алынған 300 млн. АҚШ доллары көлеміндегі синдицирленген заем бойынша пайыз төлеу және 2009 жылдың басындағы теңге девальвациясының нәтижесінде болды. 2008 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі пайыздық шығынның 1,5 млрд. теңге немесе 88,3%-ға артып, 3,2 млрд. теңгені құрауы, 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 1,7 млрд. теңгемен салыстырғанда, негізінен алғанда, 2008 жылдың 31 желтоқсанында 30,7 млрд. теңге немесе 81,3%-ға өсіп, 68,5 млрд. теңгені құраған қысқа және ұзақ мерзімді заем мен қарыздардың көлемінің өсуі нәтижесінде жүзеге асты. Бұл көрсеткіш 2007 жылы сәйкес кезеңінде 37,8 млрд. теңге болған.

Курс айырмашылығынан туындаған шығындар

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі курс айырмашылығынан болған шығын, 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 0,2 млрд. теңгемен және 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 1,7 млрд. теңгемен салыстырғанда, 9,7 млрд. теңгені құрады. 2008 жылмен салыстырғанда, 2009 жылғы шығынның 9,4 млрд. теңге немесе 3 923% өсуі, негізінен алғанда, 2009 жылдың бірінші жартысындағы АҚШ долларына қатысты теңгенің девальвацияға ұшырауы нәтижесінде болды. 2007 жылмен салыстырғанда, 2008 жылғы 1,5 млрд. теңге немесе 86,0%-ға қысқаруы, негізінен алғанда, 2007 жылғы АҚШ долларына қатысты теңгенің тұрақталуы нәтижесінде болған еді.

Қатысу үлесін иеліктен шығарудан келген табыс (залал)

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл бойынша, 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 2,8 млрд. теңге көлеміндегі залалмен және 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 1,5 млрд. теңге көлеміндегі пайдамен салыстырғанда, Компанияның инвестицияны шығынға жазуға қатысты пайдасы (залалы) жоқ. 2008 жылғы залалдар, негізінен алғанда, «Семізбай-У» ЖШС-дағы қатысу үлесінің 49% иеліктен шығару нәтижесінде болған. 2007 жылғы табыстар болса, негізінен алғанда, «Каратау» ЖШС-дағы қатысу үлесінің 50% иеліктен шығару нәтижесінде келген.

Ассоциацияланған кәсіпорындардың кіріс үлесі

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі ассоциацияланған кәсіпорындардың кіріс үлесі, 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 5,2 млрд. теңгемен және

2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 8,9 млрд. теңгемен салыстырғанда, 13,5 млрд. теңгені құрады. 2008 жылмен салыстырғанда, 2009 жылғы кірістің 8.3 млрд. теңгеге немесе 161,5% көбеюі, негізінен алғанда, Компанияның ассоциацияланған ұйымдарының, атап айтқанда, Бетпак Дала мен КАТКО-ның рентабельділігін арттыру нәтижесінде болды. 2007 жылмен салыстырғанда, 2008 жылғы кірістің 3,7 млрд. теңге немесе 41,8%-ға қысқаруы, негізінен алғанда, Компанияның еншілес кәсіпорындарының біреуі болып табылатын КАТКО-ның рентабельділігінің төмендеуі нәтижесінде болды. Ол уақытта кейінірек 2008 және 2009 жылдары өндірісті бастаған өзге еншілес кәсіпорындар пайдалануға әлі берілмеген еді.

Бірлесіп басқарылатын кәсіпорындардың қызмет нәтижесінің үлесі

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі бірлесіп басқарылатын кәсіпорындардың үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін кіріс үлесі, 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 0,6 млрд. теңгемен және 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 0,1 млрд. теңгемен салыстырғанда, 3,3 млрд. теңгені құрады, бұл болса, 2008 жылдан 2009 жылға дейін 2,8 млрд. теңгеге (497,0%) және 2007 жылдан 2008 жылға дейін 0,5 млрд. теңгеге (697,1%) артқанын көрсетеді. Жыл сайынғы мұндай елеулі өсім, аталмыш Компаниямен аффилирленген бірқатар тау-кен операторларының аталмыш уақыттарда кен өндіру мен сатуды бастағанының нәтижесі болып табылады.

Басқа кірістер мен шығындар

Басқа кірістер Компанияның операциялық қызмет нәтижесінің небәрі елеусіз бөлігін ғана құрайды.

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі басқа шығындардың көлемі, 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 5,3 млрд. теңгемен және 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 2,2 млрд. теңгемен салыстырғанда, 4,3 млрд. теңгені құрады. 2008 жылдан 2009 жылға дейінгі шығынның 1,1 млрд. теңге (20%) төмендеуі, негізінен алғанда, қайтарылмайтын қосылған құн салығының көлемінің 1,4 млрд. теңгеге (82,8%) азаюы нәтижесінде жүзеге асты. Ал 2007 жылдан 2008 жылға дейінгі шығынның 3,1 млрд. теңгеге (144,6%) төмендеуі, негізінен алғанда, қайтарылмайтын қосылған құн салығының көлемінің 1,2 млрд. теңгеге (248,7%) артуы, сонымен қатар, демеушілік және қайырымдылық қызметтерге кеткен шығынның 0,8 млрд. теңгеге (119,3%), әлеуметтік салаға кеткен шығынның 1,1 млрд. теңгеге (540,9%) артуы нәтижесінде болды.

Төмендегі кестеде көрсетілген мерзімдерде Компанияның басқа шығындары берілген:

31
желтоқсанда
аяқталған
жылдар
арасындағы
пайыздық
көрсеткіш
2008 **2007**
және **және**
2009 **2008**

31 желтоқсанмен аяқталған
бір жыл ішінде

	2009 2008 2007				
	<i>(мың. тенге)</i>				
Қайтарылмайтын қосылған құн салығы.....	301 483	1 749 413	501 725	(82,8)	248,7
Демеушілік және қайырымдылық көмек	1 234 125	1 537 652	701 174	(19,7)	119,1
Әлеуметтік салаға кеткен шығын	1 421 856	1 278 466	199 474	11,2	540,9
Сенімсіз қарыздар.....	95 346	244 816	145 088	(61,1)	68,7
Иеліктен шығару және айналысқа түспейтін активтердің құнсыздануына байланысты шығындар	247 791	253 431	289 971	(2,2)	(12,6)
Өндірістің тоқтауынан болған шығындар.....	414 611	38 636	43 460	973,1	(11,1)
Басқалар	538 908	211 953	291 802	154,3	(27,4)
Барлығы	4 254 120	5 314 367	2 172 694	(20,0)	144,6

2009, 2008 және 2007 жылдардың 31 желтоқсанында қайтарылмайтын қосылған құн салығының көлемі, сәйкесінше, 0,3 млрд. тенге, 1,7 млрд. тенге және 0,5 млрд. тенгені құрады. 2008 жылғы қайтарылмайтын қосылған құн салығының көлемі, 2007 жылдан 2009 жылға дейінгі аралықпен салыстырғанда, ең алдымен Компанияның «Семізбай-У» ЖШС-дағы қатысу үлесінің 49% сатуымен байланысты. Бұл үлес қосылған құн салығынан босатылғандықтан, Компанияның корпоративтік табыс салығынан шегерілуге тиісті болмайтын.

Әлеуметтік шығындар мектеп, аурухана, балабақша және әлеуметтік нысандардың құрылысына бөлінген шығындардан тұрады. 2007 жылдан 2008 жылға дейінгі демеушілік және қайырымдық қызметтер, әлеуметтік шығындардың ұлғаюы, балабақша, сауықтыру және демалыс орындары секілді жаңа әлеуметтік нысандардың

құрылысының және оларға қызмет көрсету мен жабдықтауға кететін шығындардың ұлғаюы нәтижесінде жүзеге асқан.

Табыс салығын төлегенге дейінгі пайда

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі табыс салығын төлегенге дейінгі пайда, 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 25,3 млрд. теңгемен және 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 51,6 млрд. теңгемен салыстырғанда, 54,1 млрд. теңгені құрады. 2008 жылдан 2009 жылға дейінгі 28,7 млрд. теңгеге (113,5%) және 2007 жылдан 2008 жылға дейінгі 26,3 млрд. теңгеге (50,9%) өсудің басты себептері жоғарыда көрсетілген.

Табыс салығы бойынша шығындар

Табыс салығы бойынша шығындар 2009, 2008, 2007 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған бір жылдық мерзім ішінде 12,6 млрд. теңге, 14,3 млрд. теңге және 15,6 млрд. теңгені құрады. 2008 жылдан 2009 жылға дейінгі 1,7 млрд. теңгеге (11,7%) төмендеу, негізінен алғанда, Компанияның 2008 жылы кейінге шегерілген салықтық жеңілдіктер ретінде көрсеткен 2,5 млрд. теңгемен салыстырғанда, 2009 жылы кейінге шегерілген салық шығындары ретінде көрсеткен 1,9 млрд. теңгенің бөлшектеліп есептелуі нәтижесінде, Компанияның ағымдағы салыққа кеткен шығындарының 6,1 млрд. теңгеге (36,4%) қысқаруы арқылы жүзеге асты. Ағымдағы салыққа кеткен шығындардың көлемі, бірінші кезекте, 2009 жылы Салық кодексінің қабылдануымен байланысты болған. 2009 жылдың Салық кодексі сол жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енгеннен кейін, корпоративтік табыс салығының ставкасы 30%-дан 20%-ға дейін төмендеген. *«Операциялық қызметтің нәтижесіне әсер ететін негізгі факторлар – Салық салу, оның ішінде пайдалы қазба өндіру салығы»* бөлімін қараңыз.

Компания үшін табыс салығының тиімді мөлшерлемесі 2009, 2008, 2007 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған бір жылдық мерзім ішінде, сәйкесінше, 23,33%, 56,39% және 30,25% құрады. 2008 жылдан 2009 жылға дейінгі тиімді салық мөлшерлемесінің төмендеуі, негізінен алғанда, 2009 жылы Салық кодексін қабылдаумен байланысты болған, соның нәтижесінде корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап 30% -дан 20% -ға төмендетілген.

Бір жыл ішіндегі пайда

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі түскен пайда, 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 11,0 млрд. теңгемен және 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 36,0 млрд. теңгемен салыстырғанда, 41,5 млрд. теңгені құрады. 2008 жылдан 2009 жылға дейінгі 30,4 млрд. теңгеге (275,4%) және 2007 жылдан 2008 жылға дейінгі 25,0 млрд. теңгеге (69,3%) өсуінің басты себебі жоғарыда көрсетілген.

Бір жыл ішіндегі жалпы жиналған пайда

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішіндегі жалпы жиналған пайда, 2008 жылдың сәйкес кезеңіндегі 12,5 млрд. теңгемен және 2007 жылдың сәйкес кезеңіндегі 34,2 млрд. теңгемен салыстырғанда, 41,8 млрд. теңгені құрады. Компанияның 2009, 2008, 2007 жылдардағы басқа жинақ табыстары елеусіз болды. Жоғарыда көрсетілген Компанияның жылдық табыс көлемінің өзгеру себептерін қараңыз.

Өтімділік және капиталды ресурстар

Шолу

Компанияның өндірістік қызметтен, несиелік келісімдер бойынша қарыздардан, Облигация шығарылымынан, ассоциацияланған кәсіпорындардағы қатысу үлесін және сатылатын қатысу үлесін иеліктен шығарудан түсетін ақша ағымы, Компания қызметінің өтімділігі мен капитал қызметін атқарған және күтілгендей, жақын болашақта да осындай болып қала бермек.

Қазақстан Республикасының 100% балама еншілес кәсіпорны бола отырып, Компания әдетте үлестік қатысудың орнына қаржыландыруға қызығушылық танытпайды. 2007 жылы Өкілетті орган, сол уақыттағы Компанияның акционері болып табылған Үкіметтің атынан, Компания қызметін халықаралық нарықтарда диверсификациялауға байланысты бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында, Компанияның 28 711 647 акциясына айырбас ретінде Компанияның жарғылық капиталына 28,7 млрд. теңге көлемінде салым салды. Компания, сонымен қатар, өз қызметін қаржыландыру үшін, сала бойынша серіктестерімен бірлескен кәсіпорындар құру арқылы капитал тартқан. Компанияның салымы актив түрінде жүзеге асқан, сала бойынша серіктестері ақша қаражатын ұсынған және Компания қатысу үлесінің басым бөлігін алып отырған.

Компанияның капиталы, көбінесе, мүлік, құрал-жабдық, барлау және бағалау активтерін, тау-кен активтерін және ассоциацияланған кәсіпорындарының қатысу үлесін алу үшін қажет.

Компанияның ақша қаражаттары мен олардың эквиваленттерінің көлемі 2009, 2008, 2007 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған бір жылдық мерзімі ішінде, сәйкесінше, 30,1 млрд. теңге, 34,2 млрд. теңге және 10,3 млрд. теңгені құрады. 2007 жылдың 31 желтоқсанымен салыстырғанда, 2008 жылдың 31 желтоқсанындағы елеулі өсімге, тұтынушылардан түскен түсімнің 44,8 млрд. теңгеге артуы және 2008 жылғы «Семізбай-У» ЖШС қатысу үлесінің 49%-ның 234 млн. АҚШ долларына сатылуы әсер еткен. *«Өндірістік қызмет – Серіктестік туралы келісім - Қытай»* бөлімін қараңыз.

Айналым капиталы

2009 жылдың 31 желтоқсанында Компанияның айналым қаражатының көлемі, 2008 жылдың 31 желтоқсанындағы 140,6 млрд. теңгемен (соның ішінде 34,2 млрд. теңге ақша қаражаттары және олардың эквиваленттерінде) салыстырғанда, 164,9 млрд. теңгені құрады (соның ішінде 30,1 млрд. теңге ақша қаражаттары және олардың эквиваленттерінде). Айналым қаражатының көлемінің, 2008 жылдың 31 желтоқсанымен салыстырғанда, 2009 жылдың 31 желтоқсанында 24,4 млрд. теңгеге артуы, негізінен алғанда, споттық нарықта уран сатып алу және «Эппак» ЖШС мен «Семізбай-У» ЖШС өндіріс көлемінің өсуі нәтижесінде, (ағымдағы) тауарлық-материалдық қорлардың 17,7 млрд. теңгеге (51,3%) артуына байланысты жүзеге асқан.

Ағымдағы міндеттемелер және 2008 жылдың 31 желтоқсанында 69,1 млрд. теңге және 2009 жылдың 31 желтоқсанында 62,7 млрд. теңгені құрады. 2008 жылдың 31 желтоқсанымен салыстырғанда, 2009 жылдың 31 желтоқсанында ағымдағы міндеттемелердің көлемінің 6,4 млрд. теңгеге азаюы, ең алдымен, 2,1 млрд. теңге көлеміндегі сыйақыны төлеуді алып тастауға байланысты болған. 2008 бен 2009 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, айналым капиталының Компанияның ағымдағы міндеттемелеріне деген консолидацияланған ара қатысы, 2,03 1,00-ге және 2,63 1,00-ге сәйкес құраған.

Операциялық қызметтен түсетін ақша ағымы

Операциялардан түсетін ақша ағымы соңғы үш жыл ішінде Компанияның өз операцияларын кеңейтуіне байланысты едәуір ұлғайып отырған, өйткені жабдықтаушылар мен жұмыскерлерге кеткен төлемдерге қарағанда, тұтынушылардан түсетін түсім көлемі анағұрлым тез тез өсіп отырған. 2009, 2008, 2007 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған бір жылдық мерзімдерде операциялардан түскен ақша ағымы, сәйкесінше, 46,3 млрд. теңге, 27,4 млрд. теңге және 14,3 млрд. теңгені құрады. Табыс салығы мен пайыздарды төлегеннен кейінгі, 2009, 2008, 2007 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған бір жылдық мерзімдерде операциялық қызметтен түскен таза ақша ағымы, сәйкесінше, 30,0 млрд. теңге, 12,3 млрд. теңге және (34,9) млрд. теңгені құраған. Негативті ақша ағымы 2007 жылы әдеттегіге қарағанда қомақты табыс салығын төлеуге байланысты болған – 47,4 млрд. теңге, ал бұл болса өз кезегінде, 2006 жылғы Компанияның «Байкен-У» ЖШС және «Қызылқұм» ЖШС-дағы өзінің қатысу үлестерін сатуына байланысты туындаған 2007 жылы салық міндеттерінің төлемінің нәтижесі болып табылған. 2006 жылы қаражаттың жеткіліксіз болуының салдарынан Салық Комитеті Компанияға салық төлеуді кейінге қалдыруды ұсынған, аталмыш салық 2007 жылдың бірінші тоқсанында толық көлемде төленген.

Инвестициялық қызметте қолданылатын ақша ағымы

Инвестициялық қызметте қолданылатын ақша ағымы, мүлік, құрал-жабдық пен пайыздық түсімдерді иеліктен шығарудан түсетін түсімдерді шегергенде, әдетте, Компанияның мүлік, құрал-жабдық, тау-кен активтерін, ассоциацияланған кәсіпорындардың қатысу үлесін, сатылатын қатысу үлесін, бағалау және барлау активтерін, сонымен қатар, Компанияның қызметімен байланысты немесе қолданылатын өзге де активтерді алуға кететін шығындарды қамтиды. 2009, 2008, 2007 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған бір жылдық мерзімдерде инвестициялық қызметте қолданылатын Компанияның ақша ағымы, сәйкесінше, 16,7 млрд. теңге, 46,6 млрд. теңге и 17,9 млрд. теңгені құрады.

2009 жылы инвестициялық қызметте қолданылған ақша ағымының таза көлемі 16,7 млрд. теңгені құраған және негізінен мүлік пен құрал-жабдық сатып алуға кеткен - 8,7 млрд. теңге, тау-кен активтерін сатып алуға кеткен - 5,0 млрд. теңге, ассоциацияланған кәсіпорындарының қатысу үлесін сатып алуға кеткен - 2,8 млрд. теңге көлеміндегі шығындардан және 23,3 млрд. теңге көлеміндегі банк депозитінен құралған. Бұл депозиттің қаражаттары «Семізбай-У» ЖШС қатысу үлесінің 49% иеліктен шығарудан түскен ақшалай түсімі, қазақстандық эмитенттердің құнды қағаздарынан түскен түсім және экспорттық операциялардан түскен түсімнің есебінен құрылған болатын. депозиттің міндеті – жалпы ұжымдық мақсаттарда қолдану. Бұл шығындар, бұдан бұрын Сенімгерлік басқаруда болған активтерді инвестициялық портфельден шығарғаннан кейін, 2009 жылы 20,2 млрд. теңгелік түсіммен бөлшектеліп компенсацияланды. 25-Ескерту, Қаржылық есепке ескертуді қараңыз. Сол сияқты, 2009 жылы инвестициялық қызметте қолданылған ақша қаражаттарының бір бөлігі 3,1 млрд. теңге көлеміндегі пайыз түсімімен және мүлік пен құрал-жабдықты иеліктен шығарудан түскен түсіммен компенсацияланған болатын.

Инвестициялық қызметте қолданылған ақша қаражаттарының таза көлемі 2008 жылы 46,6 млрд. теңгені құраған және бұрын Сенімгерлік басқаруда болған активтерді инвестициялық портфельден шығаруға байланысты, негізінен мүлік пен құрал-жабдық сатып алуға кеткен - 18,1 млрд. теңге және басқа қатысу үлестерін алуға - 18,6 млрд. теңге көлеміндегі шығындардан құралған. Бұл шығындар 2008 жылы, қайтарылу мерзімі келген банк депозиттері бойынша 3,2 млрд. теңгелік түсіммен және пайыздар бойынша 1,2 млрд. теңгелік түсіммен бөлшектеліп компенсацияланған болатын.

Инвестициялық қызметте қолданылған ақша қаражаттарының таза көлемі 2007 жылы 17,9 млрд. теңгені құраған және көбінесе, мүлік пен құрал-жабдық алуға кеткен - 17,5 млрд. теңге, жалпы ұжымдық мақсаттарға қол жеткізу және пайда табу мақсатындағы банк депозитін алуға кеткен - 5,1 млрд. теңге және басқа қатысу үлестерін алуға кеткен - 1,6 млрд. теңге көлеміндегі шығындардан құралған. Бұл шығындар 2007 жылы Компанияның «Қаратау» ЖШС-дағы қатысу үлесінің 50% иеліктен шығаруынан түскен 72,6 млрд. теңгелік түсіммен, қайтарылу мерзімі келген банк депозиттері бойынша 6,5 млрд. теңгелік түсіммен және пайыздардан түскен 3,3 млрд. теңгелік түсіммен бөлшектеліп компенсацияланған болатын.

Қаржылық қызметте қолданылатын немесе генерацияланатын ақша ағымы

Қаржылық қызметте қолданылған ақша қаражаттарының таза көлемі 2009 жылы 21,1 млрд. теңгені құраған, бұл болса, қарыздардан түскен және 51,2 млрд. теңге көлемінде қарыздарды жабу арқылы компенсацияланған 30,2 млрд. теңгелік түсімді білдіреді.

Қаржылық қызметтен алынған ақша қаражаттарының таза көлемі 2008 жылы 58,2 млрд. теңге құраған, бұл болса, қарыздардан түскен 96,2 млрд. теңгелік түсімді, басқа қаржылық қызметтен - 64,0 млрд. теңге көлеміндегі қарызды жабу және 2,0 млрд. теңге көлеміндегі Облигацияларды өтеу арқылы бөлшектеліп компенсацияланған, «Семізбай-У» ЖШС қатысу үлесінің 49% иеліктен шығарудан - түскен 28,3 млрд. теңгелік түсімді білдіреді.

Қаржылық қызметтен алынған ақша қаражаттарының таза көлемі 2007 жылы 36,4 млрд. теңгені құраған, бұл болса, акцияларды шығарудан түскен 28,7 млрд. теңгелік түсім, 34,5 млрд. теңге көлеміндегі қарыздарды жабу арқылы бөлшектеліп компенсацияланған қарыздардан түскен 43,6 млрд. теңгелік түсім және 1,4 млрд. теңге көлеміндегі облигацияларды өтеуден түскен түсімді білдіреді.

Несиелік келісімдер

2009 жылдың 31 қаңтарында Компанияда 61,0 млрд. теңге көлемінде (ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді) несие мен қарыздары болды. Соның ішінде 26,0 млрд. теңге - қысқа мерзімді, 35,0 млрд. теңге - ұзақ мерзімді болып табылады. 26,0 млрд. теңгелік қысқа мерзімді несиелер мен қарыздардың 25,9 млрд. теңгесі қамтамасыз етілген қарыздарға тиесілі. Компанияның қамтамасыз етілген несиелері бойынша кепілі U308 жеткізілімі туралы келісімдерді, жылжымайтын мүлік пен тауар-материалдық қорды қамтиды. Сонымен қатар, 2009 жылдың 31 желтоқсанында Компания жалпы сомасы 0,2 млрд. теңгені құраған жалдау төлемдерін келесі бес жыл ішінде төлеуі тиіс болды. 34 Ескерту, Қаржылық есептерге ескертуді қараңыз.

Компанияның несиелік келісімдері оңтайлы міндеттемелерден тұрады, соған сәйкес Компания барлық елеулі істерде тиісті заңнамаларды және тыйым салушы міндеттемелерді сақтауды өз міндетіне алады. Осы тыйым салушы міндеттемелерге сәйкес, қарыз берушілердің мақұлдауынсыз Компанияның қандай да бір активіне кепіл құқығын беруге, Компанияның әдеттегі қызметінен басқа жағдайда кез келген активін иеліктен шығаруға, сонымен қатар, бірігу, сіңісу және иеліктен шығаруға қатысуға тыйым салынады. Сонымен қатар, Компанияның қарыз берушілермен жасаған келісімдері бойынша, Компания уранды әскери емес мақсатта және тек ядролық қаруды таратпау жөніндегі шартқа қол қойған АЭХА мүшесі елдердің резиденттеріне ғана сатуға тиісті. Компания басшылығы Компания осы міндеттерді атқаруда деп есептейді.

Компанияның қысқа мерзімді өтімділігін қамтамасыз ету үшін, оның қарамағында «Қазақстан Ситибанкі» АҚ және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да жаңартылатын несиелік желілері бар. «Қазақстан Ситибанкі» АҚ-дағы жыл сайын жаңартылып отыратын және Компанияға 40 млн. АҚШ долларына дейін ақша алуға мүмкіндік беретін несиелік желісі, 2010 жылдың 31 наурызында толығымен белгіленді (39,5 млн. АҚШ доллары). «Қазақстан Халық Банкі» АҚ несиелік желісінің мерзімі 2011 жылдың 18 тамызында бітеді, бірақ белгілі бір шарттарды орындау арқылы, Компанияның таңдауы бойынша 2 жылға ұзартылады. Аталмыш желі бойынша Компания 50 млн. АҚШ долларына дейін ақша ала алады. Бұл соманың 16,4 млн. АҚШ доллары, 2010 жылдың 31 наурызындағы жағдай бойынша, Компанияның еншілес кәсіпорындары тарапынан сайланды.

Капиталдық шығындар

Компанияның сегменттер бойынша белгіленген жылдардағы жалпы капиталдық шығындары төмендегі кестеде көрсетілген.

	31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша			2008, 2009 жж. 31 желтоқсаны нда аяқталған жылдар арасындағы өзгеріс (%)	2007, 2008 жж. 31 желтоқсаны нда аяқталған жылдар аралығынд ағы өзгеріс (%)
	2009	2008	2007		
	<i>(млн. теңге)</i>				
Уран шығару	17	35			
	292	076	23 314	(50,7)	50,5
Уран өндіру	893	519	66 217	72,1	(99,2)
Бериллий өндіру.....	83	85	79	(2,4)	7,6
Тантал өндіру	172	4 004	2 248	(95,7)	78,1
Электр қуатын өндіру	2 507	3 711	3 732	(32,4)	(0,6)
Басқа операциялар	4 655	4 841	5 292	(3,8)	(8,5)
Капиталдық шығындардың барлығы	25	48	100		
	<u>603</u>	<u>235</u>	<u>882</u>	(46,9)	(52,2)

Компанияның капиталдық бюджетіне сәйкес, 2010 жылы капиталдық шығындар 289 млн. АҚШ долларын құрайды деп күтілуде. Компания төмендегідей шығындарды жоспарлауда:

	2010 жылғы бюджет бойынша сома <i>(мың АҚШ доллары)</i>
Уран шығару.....	117 529
Конверсия	4 000
Байыту.....	2 827
Урандық отын (таблеткалар, жиынтықтар, уран костотығының ұнтағы)	6 800
Атом электр станциясын салу	28 533
Электр қуатын өндіру (МАЭК-Қазатомөнеркәсіп)	17 285
Басқалары (сирек кездесетін металл, энергияның балама көздері, Компания кеңсесінің Алматыдан Астанаға	<u>111 829</u>

көшуі)

Барлығы

288 802

Келісімдік міндеттемелер

Төменде Компанияның, 2009 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, деривативті емес қаржылық міндеттемелерін орындаудың мерзімі (олар бойынша пайыздарды қоспағанда) көрсетілген:

	Өтеу мерзімі ⁽¹⁾				
	Барлығы	1 жылға дейін	1-3 жыл <i>(мың. теңге)</i>	3-5 жыл	5 жылдан артық
Қамтамасыз етілген банк ссудасы.....	59 602	26 609	19 480	9 098	4 414
Артықшылыққа ие акциялар	653	192	198	968	295
Қаржылық лизинг бойынша міндеттемелер	264 827	–	105 930	105 930	52 967
Қамтамасыз етілген банкілік емес несие ..	151 488	65 576	85 912	–	–
Басқа да қаржылық міндеттемелер	5 497	505 078	3 475	876 075	640 700
Сауда кредиторлық берешек	758	82 043	906	15 125	98 552
Барлығы.....	120 257	353	6 497	748	432
	16 454	16 454	–	–	–
	593	593	–	–	–
	202 228	43 716	29 645	25 206	103 660
	<u>672</u>	<u>482</u>	<u>076</u>	<u>721</u>	<u>394</u>

⁽¹⁾ Алынған аванстар мен басқа да кредиторлық берешектерді немесе сатып алу бойынша міндеттемелерді қоспағанда.

Есеп саясатының негізгі ережелері

Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарттарына (ҚЕХС) сәйкес, консолидацияланған қаржылық есептілікті дайындау үшін, Компания басшылығы бухгалтерлік есептің қолайлы саясатын таңдап, активтердің, міндеттемелердің, табыстар мен шығындардың есептік сомасына, шартты активтер мен міндеттемелерді түсіндіруге ықпал ететін болжамдар мен жорамалдар жасауға тиісті. Қаржылық есептер ҚЕХС-ға сәйкес құрылған. Компанияның есеп саясатының негізгі ережелерінің толық сипаттамасы 3 Ескертуде және Қаржылық есептерге басқа да ескертулерде көрсетілген. Компанияның есеп саясатының ережелерінің кейбіреулерінде белгісіздік пайымдаулары

мен факторлары бар, ал басқа жорамалдарды пайдалану кезінде есептерге айтарлықтай өзгеше соманы енгізу мүмкін болар еді.

Компания басшылығының пікірінше, 2(д) Ескертуде және Қаржылық есептерге басқа да ескертулерде сипатталған қаржылық есептілікті дайындаудың төменде келтірілген негізгі қағидалары, анағұрлым сын болжамдар мен жобалауды талап етеді немесе қаржылық есептілікті дайындаудың басқа қағидаларымен салыстырғанда, Компанияның қаржылық есептілігін дайындау қағидаларын пайдалануда үлкен қиындықтарға ие болып табылады.

Табыс салығы

Ағымдағы және кейінге шегерілген салықтарды қоса алғанда, табыс салығына кететін шығындар тікелей өз капиталына әсер ететін салалардан басқа, табыстар мен шығындар туралы есепте көрсетіледі. Консолидацияланған қаржылық есептерді құрастыру кезінде Компания табыс салығын өзінің жыл бойғы салық салынатын табысы негізінде бағалауы тиіс. Табыс салығын есептеу пайымдау мен бағалауды талап етеді. Табыс салығын есептеу барысында қолданыстағы салық мөлшері, ұстап қалуға жатпайтын шығындар, бағаға түзетулер енгізу, салық заңнамасының өзгеруі және басшылықтың болашақ нәтижеден үміті сияқты факторлар да қарастырылады.

Компания болашақ табыс салығын өзінің қаржылық есептерінде көрсетілген шығындары мен табыстарының және қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес анықталатын салық салынатын шығыстар мен табыстардың арасындағы уақытша айырмашылық негізінде бағалайды. Кейінге шегерілген салықтар салық өлшеміне сәйкес өлшенеді. Олар, күтілгендей, толығымен немесе есепті датаға қатысты қабылданған заңнаманың негізінде өздерінің пайда болу кезеңіне орай, уақытша айырмашылыққа қатысты пайдаланылады. Мұндай уақытша айырмашылықтың салықтық эффекті консолидацияланған қаржылық есептерде келешекте салық салынатын табыстар есебінен уақытша айырмашылықты пайдалануға болатындай кейінге шегерілген актив ретінде көрсетіледі. Егер бұл пайымдаулар мен бағалаулар дәл болмай шықса, бұл болашақ табыстарға айтарлықтай жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Қараңыз: 2(д), 3(ф), 16 және 29 Ескертулер, Қаржылық есептерге ескертулер.

Кен қорлары

Кен қорларын сандық анықтау Компанияның айналымдық емес активтері мен амортизациялық алымдардың есесі қайтарылатын сомаларын анықтауы үшін маңызды болып табылады. Қорларды сандық анықтау белгілі бір деңгейде анық емес болып табылады, бұл ең алдымен, қолда бар геологиялық және техникалық ақпараттың толықтығына және шынайылығына байланысты. Кен қорлары жыл сайын сарапталып, бағаланады. Қор көлемі өндірістік қуаттың және игеру стратегиясының өзгеруі нәтижесінде қайта қаралуы мүмкін.

Кен қорларын сандық бағалау процедурасы бірқатар болжамдар мен жорамалдардан тұрады. Егер мұндай бағалаудың негізінде жатқан болжамдар мен

жорамалдар нақты болмаса, бұл болашақ табыстарға айтарлықтай жағымсыз ықпал етуі мүмкін.

Қараңыз: 2(д) Ескерту, Қаржылық есептерге ескертулер.

Амортизациялық шығындар

Уран өндіру және алдын ала өңдеу кезінде пайдаланылатын құрал-жабдық пен мүлікті амортизациялау, өндірістік ғимараттар мен құрал-жабдықтарды, машиналар мен кәсіптік құралдарды қоса алғанда, өнім бірлігін нысандарға қатысты амортизациялау әдісімен есептеледі. Бұл нысандар бойынша осы әдіс тұтыну құрылымын өте жақсы деңгейде көрсетеді. Бұл активтер лицензияның әрекет ету мерзімі ішінде аталмыш активтердің қатысы бар нақты бір блоктан алынатын қорлар негізінде амортизацияланады. Тау-кен активтері мен жерді пайдалануға берілетін құқық та уран өндіруді бастау мерзімінен бастап, дәлелденген қорлардың ішкі бағалауын пайдалану арқылы өнім бірлігін амортизациялау әдісі бойынша амортизациялануға жатады. Басшылықтың барлау және бағалау активтерінің амортизациясына қатысты бағасы аталмыш активтерге қатысы бар мүмкін және болжанатын қорларға негізделеді.

Амортизацияны есептеу үшін кеннің бағалау қорларын пайдалану, қор көлемін, қорды шығаруға қатысты жалпы дисконтталмаған сомаларды, жоспарланатын ақша қаражатының қозғалыс графигін, дисконттау мөлшерлемесін қамтиды. Егер мұндай бағалаудың негізінде жатқан болжамдар нақты болмай шықса, бұл болашақ табыстарға айтарлықтай жағымсыз ықпал етуі мүмкін.

Қараңыз 2(д), 3(д)(iii), 18 және 19 Ескертулер, Қаржылық есеп ескертулері.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Компанияның қаржылық емес активтерінің баланстық құны, тауарлық-материалдық қорлар мен кейінге шегерілген салықтық активтермен қатар, құнсыздану нышандарын анықтау үшін әрбір есептік мерзімде қайта қаралып отырады. Егер активтің баланстық құны (немесе ақша қаражаттарын генерациялайтын активтің) оның есесі қайтарылатын құнынан артық болатын болса, құнсызданудан келетін шығындар кірістер мен табыстар туралы есепте көрсетіледі. Активтің есесі қайтарылатын құнын бағалау қолданылатын активтің құнын қарастыруды қамтиды. Ал бұл болса, өз кезегінде, аталмыш активке тән ақша қаражаттары мен тәуекелдің уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағалауын көрсететін, салықты шегеруге дейінгі дисконттау мөлшерлемесін қолдану арқылы белгіленетін ағымдағы құны ескеріле отырып дисконтталған аталмыш актив бойынша ақша қаражаттарының қозғалысының болжамдық келешегін бағалауды қамтиды.

Активтерді құнсыздануға байланысты тексеру үрдісі, активтен келетін ақша ағымының болжамдық графигі мен дисконттау мөлшерлемесін қоса алғанда, бірқатар бағалау мен болжамдарды пайдалануды қамтиды. Егер мұндай бағалаудың негізінде жатқан бағалау мен болжамдар нақты болмаса, бұл болашақ табыстарға айтарлықтай жағымсыз әсер етуі мүмкін.

Қараңыз: 2(д), 3(о)(ii), 18 және 19 Ескертулер, Қаржылық есепке ескертулер.

Қоршаған ортаны қорғау және өндіріс учаскелерін қалпына келтіру

Өндіріс учаскелерін қалпына келтіруге қатысты қоршаған ортаны қорғау бойынша бірқатар заңдар мен ережелер Компанияға қатысты болып табылады. Компания қалпына келтірудің құнын, басшылықтың қолданыстағы нормативтік-құқықтық базаны және Компанияның келісім талаптарын дұрыс түсінуі негізінде бағалайды. Қоршаған ортаны қорғау бойынша мұндай болжамдардың немесе заңнамалардың өзгеруі болашақтағы провизияның өзгеруіне алып келуі мүмкін.

Қараңыз: 2(д), 35(г) және (д) Ескертулер, Қаржылық есептерге ескертулер.

Нарық тәуекелдігі бойынша сапалық және сандық ақпаратты ашу

Нарық тәуекелдігі объективті нарықтық бағаның, капиталдың және табыстардың, тауар бағаларының, валюта айырбастау курсының, пайыздық мөлшерлемелер мен басқа да тиісті нарықтық бағалар мен мөлшерлемелердің өзгерісіне деген сезімталдығын көрсетеді. Компания, уран құнының өзгеруіне қатысты баға тәуекелдігін, тұтынушыларға және қаржылық құралдар бойынша контрагенттерге байланысты несие тәуекелдігін, өтімділік тәуекелдігін, валюта тәуекелдігін, пайыз тәуекелдігін қоса алғанда, өз қызметі барысында пайда болатын әр түрлі нарық тәуекелдігіне тәуелді. Директорлар кеңесінің және Тәуекелдік комитетінің басшылығымен Компания аталмыш тәуекелдіктерді азайту үшін арнайы саясат пен үрдістерді қабылдады. Нарық тәуекелдігін басқарудың мақсаты – бір уақытта капитал салымдарының табыстылығын оңтайландыра отырып, мүмкін шамада нарық тәуекелдігін бақылау және мониторинг жасау.

Баға тәуекелдігі

Әлемдік нарықта АҚШ долларымен бағаланатын уранға деген бағаның құбылуы Компанияға әсер етпей қоймайды. Компанияның қолданыстағы валютасы – теңге. Компания уранның болашақ бағаларын болжай отырып, жылдық бюджетті белгілейді.

Уран бағасы тарихи тұрғыдан өзгермелі және Компанияға қатысы жоқ көптеген факторларға тәуелді, оның ішінде энергия кәсіпорындарының сұранысы, қайта өңдеу және сұраныстың ұсыныстан артық болуының алдын алу мақсатында қайта өңдеу және қолда бар жоғары байытылған қорларды араластыру сияқты екінші реттік қайнаркөздердің таусылуы, АЭХА ережелері қолда бар жоғары байытылған қорларды араластыру сияқты, және уранға байланысты басқа да факторлар бар. Соңғы жылдары уранның нарықтық бағасы 2007 жылдың шілде айында бір фунт үшін 136 АҚШ долларынан бастап, 2010 жылдың сәуір айында бір фунт үшін 41,5 АҚШ долларына дейін өзгеріп отырды. 2009 жылғы 31 желтоқсанында уранның споттық бағасы бір фунт үшін 44,5 АҚШ долларына тең болған..

Уран өнеркәсібінің ерекшелігіне байланысты, Компания келісімдерінің 90%-нан астамы белгіленген бағалар бойынша ұзақ мерзімге жасалады. Басшылықтың пікірі

бойынша, 2009 жылғы 31 желтоқсанда баға тәуекелдігі Компанияның қаржылық активтері мен пассивтеріне айтарлықтай әсер ете алмады.

Несие тәуекелдігі

Жалпы ақпарат

Несие тәуекелдігі – тұтынушы немесе қаржылық құрал бойынша контрагент келісім аясындағы өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда Компания үшін қаржылық шығындар тәуекелдігі. Бұл тәуекелдік Компанияның тұтынушылар тарапынан және оның инвестициялық құнды қағаздары бойынша дебиторлық қарыздарына байланысты туындайды. Компанияның несие тәуекелдігі негізінен әрбір тұтынушының жеке ерекшеліктеріне байланысты. Тұтынушылар жұмыс істейтін ел мен саланың дефолт тәуекелдігін қоса алғанда, Компанияның тұтынушылар базасының демографиялық құрамы несие тәуекелдігіне айтарлықтай әсер ете алмайды. Компанияның сатылым көлемінің шамамен 86% бес негізгі тұтынушымен жасалған сатып алу-сату келісім-шарттарымен байланысты болып табылады. *«Өндірістік қызмет – Уран шикізаты мен уран өнімдерін тасымалдау және сату – Сату – Сату және тұтынушылар»* бөлімін қараңыз.

Компания несие саясатын қабылдады. Бұл саясат бойынша, әрбір жаңа тұтынушыға Компанияның төлеу және жеткізілім бойынша стандарттық қызметтерін ұсынбастан бұрын, несиені төлеу қабілетіне жекеше сараптама жасалады. Компанияның көпшілік тұтынушылары Компаниямен 10 жылдан астам уақыт бойы бірге жұмыс істеп келеді. Компания саудалық және басқа да дебиторлық қарыздарға қатысты кепілдік талап етпейді.

Қаржылық активтердің баланстық құны несие тәуекелдігінің ең жоғарғы деңгейін көрсетеді. Кестеде несие тәуекелдігінің берілген мерзімдегі ең жоғарғы өлшемі көрсетілген:

	31 желтоқсан		
	2009	2008	2007
	<i>(мың теңге)</i>		
Сатуға арналған қатысу үлесі.....	66 045 671	66 045 647	65 313 083
Басқа инвестициялар.....	–	20 433 413	1 942 559
Қызметкерлерге арналған несиелер.....	491 027	559 965	462 675
Басқа несиелер бойынша дебиторлық қарыз.....	–	2 220 000	–
Жерді пайдаланушылардың дебиторлық қарызы.....	397 085	673 371	492 540
Саудалық дебиторлық қарыз.....	32 225 631	25 580 012	25 337 692
Жедел депозиттер.....	23 782 889	890 313	3 479 011
Ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері.....	30 082 948	34 160 628	10 287 760
Барлығы.....	153 025 251	150 563 349	107 315 120

Кестеде географиялық аймақтар мен белгіленген мерзім бойынша, саудалық дебиторлық қарызға қатысты несиелер тәуекелділігінің ең жоғарғы өлшемі көрсетілген.

	31 желтоқсан		
	2009	2008	2007
	<i>(мың теңге)</i>		
Ішкі нарық.....	6 515 718	4 998 773	5 929 038
Қытай.....	23 616	11 810 447	11 864 364
АҚШ.....	266 165	2 823 268	4 441 936
Жапония.....	1 346 515	5 642 978	–
Еуропалық мемлекеттер.....	69 640	57 924	2 643 232
Басқа аймақтар.....	410 931	246 622	459 122
Барлығы.....	32 225 631	25 580 012	25 337 692

Компанияның ең ірі тапсырыс берушісіне қатысты саудалық дебиторлық қарызының балансы, 2008 жылдың 31 желтоқсанындағы 11,8 млрд. теңге және 2007 жылдың 31 желтоқсанындағы 11,8 млрд. теңгемен салыстырғанда, 2009 жылғы 31 желтоқсанда 11,3 млрд. теңгені құрады.

Кейбір байланысты ұйымдарды қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін берілген қаржылық кепілдіктер бойынша несие тәуекелдігінің ең жоғарғы көлемі, 2008 жылдың 31 желтоқсанындағы 37,7 млрд. теңге және 2007 жылдың 31 желтоқсанындағы 37,6 млрд. теңгемен салыстырғанда, 2009 жылғы 31 желтоқсанда 57,2 млрд. теңгені құрады.

Күмән тудыратын қарыздарға провизиялар

2009 жылдың 31 желтоқсанында саудалық дебиторлық қарызды өтеу мерзімі төмендегідей болды:

	31 желтоқсанға					
	2009		2008		2007	
	Жалп ы	Құнсыз д.	Жалп ы	Құнсыз д.	Жалп ы	Құнсыз д.
	<i>(мың.теңге)</i>					
Кешіктірілмеген	31 028		23 423		23 380	
	522	–	344	–	952	–
0-30 күнге кешіктіру	226 788	–	1 870	–	1 663	–
31-120 күнге кешіктіру	737 643	–	279 661	114 419	421 738	129 416
120 күннен астам кешіктіру	782 322	549 644	496 302	375 083	285 136	284 700
Барлығы.....	32 775		26 069		25 751	
	275	549 644	514	489 502	808	414 116

Есептік кезең барысында саудалық дебиторлық қарыздың құнсыздануына провизия бойынша қозғалыс төмендегідей болды:

	31 желтоқсан		
	2009	2008	2007
	<i>(мың теңге)</i>		
1 қаңтардағы баланс	489 502	414 116	619 170
Күмән тудыратын қарыздарға провизияны көбейту	145 574	191 067	108 799
Жыл ішінде шығынға жазылған сома.....	(85 432)	(115 681)	(313 853)
31 желтоқсандағы баланс	549 644	489 502	414 116

Өтімділік тәуекелдігі

Өтімділік тәуекелдігі Компанияның өз міндеттемелерін орындау мерзімі туғанда орындай алмауына байланысты болады. Компанияның өтімділікті басқаруға қатысты әдіс-тәсілдері, мүмкіндігінше тиімсіз шығындарсыз және Компанияның беделіне нұқсан келтірмей, қалыпты жағдайларда да, дағдарыс жағдайларында да мерзімі келген кезде

өз міндеттемелерін орындау үшін жеткілікті өтімділікпен үнемі қамтамасыз ету болып табылады.

Әдетте, Компания қаржылық міндеттемелермен байланысты, жоспарлы операциялық шығындарға деген қажеттілікті қамтамасыз ету үшін жеткілікті қаражаттың болуын қамтамасыз етеді. Алайда, бұл табиғат апаты секілді төтенше жағдайлардың ықтимал әсерін қамтымайды.

Қараңыз: 40(в) Ескерту, Қаржылық есептерге ескертулер.

Валюта тәуекелдігі

Жалпы ақпарат

Компания АҚШ долларында көрініс тапқан айналымдағы валютасына қарағанда, басқа валютада көрініс тапқан сату, сатып алу, шеттен алып пайдалануға қатысты валюта тәуекелдігіне ұшырайды.

Шеттен алып пайдалану бойынша пайыз, Компанияның операциялық бөлімшелерімен генерацияланатын ақша ағымдарына сәйкес валюталарда көрініс тапқан. Осылайша, көпшілік жағдайда деривативтерді пайдаланбай экономикалық хеджирлеу жүзеге асырылады. Шетел валюталарында көрініс тапқан басқа да ақша активтері мен міндеттемелерге қатысты Компания, егер қысқа мерзімдік дисбаланстарды жою үшін қажет болатын болса, споттық курстар бойынша шетел валютасын сатып алу немесе сату арқылы оның тәуекелдік дәрежесінің қажетті деңгейге сәйкестілігін қамтамасыз етеді. *«Операциялық қызметтің нәтижесіне ықпал ететін негізгі факторлар – Айырбас курстары өзгерістерінің ықпалы»* бөлімін қараңыз.

Компанияның белгіленген мерзімде валюта тәуекелдігіне ұшырау ықтималы төменде көрсетілген:

31 желтоқсан

	<u>2009</u>	<u>2008</u>	<u>2007</u>
	<i>(мың АҚШ долларында көрсетілген)</i>		
Саудалық дебиторлық қарыз	26 505 897	20 751 467	5 892 976
Басқа да инвестициялар	–	18 816 010	–
Жедел депозиттер	20 813 711	–	–
Ақша қаражаттары және оның эквиваленттері	16 984 091	26 214	6 892 547
Барлығы активтер	64 303 699	65 781 683	12 785 523
Несиелер және шеттен алып пайдалану ...	(52 880 615)	(64 068 004)	(5 001 626)
Басқа да қаржылық міндеттемелер	(38 592 034)	(28 273 845)	–
Саудалық кредиторлық қарыз.....	(478 033)	(796 873)	(9 004 984)
	(91 950 682)	(93 138 722)	(14 006 610)
Барлығы міндеттемелер.....	27 646 983	27 357 039	1 221 087
Таза тәуекелдік.....			

Сезімталдықты сараптау

2007, 2008, 2009 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, теңге құнының АҚШ долларына қатысты 10% әлсіреуі мен 15% күшеюі, пайда немесе шығынның төменде көрсетілген сомаларда көбеюі/азаюына алып келеді. Бұл сараптау кез келген басқа ауыспалы өлшемдер (мысалы, пайыздық мөлшерлемелер) өзгермейді деген болжамға негізделеді. 2008 жылдың индекстері дәл сол негізде қарастырылады:

Пайда немесе шығын

(мың теңге)

2009

АҚШ доллары	
+10%	(2 764 698)
-15%	4 147 047

2008

АҚШ доллары	
+10%	(2 735 704)
-15%	4 103 556

2007

АҚШ доллары	
+10%	122 109
-15%	(183 163)

Пайыз тәуекелдігі

Жалпы ақпарат

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі, негізінен несиелер мен шеттен алып пайдалануға, не олардың объективті құнын (белгіленген мөлшерлемесі бар қарыз), не олардың болашақ ақша ағымдарын (өзгермелі мөлшерлемесі бар қарыз) өзгерту арқылы ықпал етеді. Басшылық тәуекелдікті басқару саясатын қабылдайды. Осы саясат аясында, ең алдымен пайыздық своптар жасау арқылы, 20%-дан 40%-ға дейінгі шеттен алып пайдалануы бекітілген ставка бойынша жүзеге асырылады. Компания деривативтерді (пайыздық своптар) объективті құнды хеджирлеудің бухгалтерлік үлгісіндегі хеджирлеу құралдары ретінде белгілемейді. Своптың ағымдағы құны 2009 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша көрсетілген консолидацияланған қаржылық есептер үшін маңызды емес.

Жаңа несиелер мен шеттен алып пайдалануларды тарту кезінде, басшылық өзінің болжамдары негізінде, белгіленген немесе өзгермелі мөлшерлеменің қайсысы Компания үшін жоспарлы мерзім ішінде өтеу күні келгенге дейін анағұрлым қолайлы болатындығы туралы шешім қабылдайды.

Пайыздық мөлшерлемені бөлу

Берілген мерзім ішінде Компанияның пайыздық қаржылық құралдары бойынша пайыздық мөлшерлемелерін бөлу төмендегідей жүзеге асты:

31 желтоқсан

2009	2008	2007

(мың теңге)

Белгіленген мөлшерлемесі бар

құралдар			
Қаржылық активтер.....	28 391	23 979	
	407	582	8 375 742
Қаржылық міндеттемелер	(7 844	(6 053	(7 956
	897)	940)	216)
	<u>20 546</u>	<u>17 925</u>	
	510	642	419 526
Өзгермелі мөлшерлемесі бар құралдар.....			
	(53 643	(61 681	(29 709
Қаржылық міндеткерліктер	846)	866)	035)

Белгіленген мөлшерлемесі бар құралдар бойынша объективтік құнның сезімталдығын сараптау

Компания объективтік құн бойынша белгіленген мөлшерлемесі бар қандай да бір қаржылық активтерді немесе міндеттемелерді шығын немесе табыс ретінде ескермейді. Сондықтан 2009 жылдың 31 желтоқсанындағы пайыздық мөлшерлемелердің өзгерісі табысқа немесе шығынға ықпал ете алмайды.

Өзгермелі мөлшерлемесі бар құралдар бойынша объективтік құнның сезімталдығын сараптау

Есептік мерзімде пайыздық мөлшерлемелердің негізгі 100 пунктке өсуі және базистік 25 пунктке төмендеуі, меншікті капиталдың көбеюіне/азаюына және төменде көрсетілген сомаларда табыс/шығынға әкелер еді. Берілген сараптама барлық басқа ауыспалы өлшемдер, соның ішінде валюта айырбастау курсы өзгермейді деген болжамға негізделген. 2008 жыл бойынша сараптама дәл сол негізде жасалған.

	Табыс немесе пайда		Меншікті капитал	
	100 бп-ға көбею	25 бп-ға азаю	100 бп-ға көбею	25 бп-ға азаю
	(мың теңге)			
2009				
Өзгермелі мөлшерлемесі бар құралдар.....	(536 438)	134 110	(536 438)	134 110
Ақша ағымдарының сезімталдығы (таза).....	(536 438)	134 110	(536 438)	134 110
2008				
Өзгермелі мөлшерлемесі бар құралдар.....	(616 819)	154 205	(616 819)	154 205
Ақша ағымдарының сезімталдығы (таза).....	(616 819)	154 205	(616 819)	154 205
2007				
Өзгермелі мөлшерлемесі бар құралдар.....	(297 090)	74 273	(297 090)	74 273
Ақша ағымдарының сезімталдығы (таза).....	(297 090)	74 273	(297 090)	74 273

Объективтік және баланстық құн

Қаржылық жағдай туралы консолидацияланған есепте көрсетілген қаржылық активтер мен міндеттемелердің объективтік құны мен олардың баланстық құны арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ.

Қаржылық құралдардың объективтік және баланстық құны

Төменде көрсетілген схемада қаржылық құралдардың сараптамасы көрсетілген. Олардың құны объективтік құн бойынша алғашқы көрсетілуінен кейін өлшенген. Құралдар олардың объективтік құнын өлшеу деңгейінің негізінде 1-ден 3-ке дейінгі деңгейлерге бөлінген.

- 1-деңгей: объективтік құн ұқсас активтер немесе міндеттемелердің қолданыстағы нарықтарындағы белгіленген бағаларынан (түзетілмеген) алынған.
- 2-деңгей: объективтік құн белгіленген бағалармен (1 деңгейге қосылған) қатар, актив немесе міндеттеме үшін тікелей (мысалы, баға) немесе жанама түрде (мысалы, бағаның негізінде алынған) өлшенетін қайнаркөздерден алынған.

- 3-деңгей: объективтік құн айқын нарықтық деректерге (айқын емес қайнаркөздер) негізделмеген, активтер немесе міндеттемелер бойынша деректерден құралатын бағалау әдістемесін пайдалану арқылы алынған.

Компанияның басқа қаржылық міндеттемелері 3-деңгейге қосылған және 2007 жылғы 31 желтоқсанда 0, ал 2008 жылғы 31 желтоқсанда 28,3 млрд. теңге, ал 2009 жылдың 31 желтоқсанында 38,6 млрд. теңгені құрады.

Төменде берілген мерзім ішіндегі 3-деңгей иерархиясы негізінде объективтік құнның бастапқы және соңғы балансын салыстыру көрсетілген:

	31 желтоқсан		
	2009	2008	2007
		<i>(мың теңге)</i>	
Бастапқы баланс.....	28 273 845	–	–
Алу	–	28 273 845	–
Жыл ішіндегі табыста көрініс тапқан шығындар	10 318 189	–	–
Соңғы баланс.....	<u>38 592 034</u>	<u>28 273 845</u>	<u>–</u>

Компанияның саясаты инвесторларды, несиелік берушілерді, тұтастай нарықты қолдау және бизнестің болашақ дамуын қамтамасыз ету үшін күшті капиталдық базаны қолдауға бағытталған. Компания келесі көрсеткіштердің мониторингін жүзеге асырады:

- Алынған қорларды игеру деңгейін анықтайтын, несиелік менеджменттің көрсеткіштері немесе қаржылық тұрақтылық;
- Шаруашылық қызметі нәтижесінде өтімділікті, активтерді және капиталды басқарудың жиынтық эффектісін анықтайтын рентабельділік.

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған бір жыл ішінде, Компанияның капиталды басқаруға қатысты әдіс-тәсілдерінде ешқандай өзгеріс бола қойған жоқ.

Баланстан тыс келісімдер

Компания өзінің шаруашылық қызметі стратегиясы шеңберінде, кейде өзінің біріккен кәсіпорындарының және Компанияның қарауына жатпаса да үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілдіктер береді. 2009 жылғы 31 желтоқсанға Компания өз қарауына жатпайтын ұйымдардың қаржыландыруын қамтамасыз етуге берілген кепілдік бойынша 57,2 млрд. теңге көлемінде жауапкершілік алған болатын. Оның ішінде 5,0 млрд. теңгесі несиелік желілермен байланысты болды.

Төмендегі кестеде, 2009 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, қарыз алушының аты, кепілденген қарыз сомасы және Компанияның қарыз алушыдағы қатысу үлесі көрсетілген:

Қарыз алушының аты	Компанияның қарыз алушыдағы қатысу үлесі (%)	
	Кепілденген қарыз сомасы	
<i>(мың теңге)</i>		
Қарыз бойынша кепілдіктер:		
«Байкен-У» ЖШС	25 208 369	5%
«Қызылқұм» ЖШС	23 737 600	30%
«Заречное» ⁽¹⁾ АҚ	3 189 740	49,67%
Барлығы қарыз бойынша кепілдіктер	52 135 709	
Несиелік желілер бойынша кепілдіктер:		
«Заречное» АҚ	3 489 130	49,67%
«Қаратау» ЖШС	1 483 600	50%
«Қызылту» ЖШС	60 383	50%
Барлығы несиелік желілер бойынша кепілдіктер	5 033 113	
БАРЛЫҒЫ кепілдіктер	57 168 822	

(1) Компанияның кепілдіктерімен қатар, аталмыш БК несиелері басқа қатысушылардың кепілдіктерімен, дебиторлық қарыз кепілдігімен және экспорттық келісімдермен қамтамасыз етілген.

Инфляцияның ықпалы және бағаның өзгеруі

Компанияның операциялық қызмет нәтижелері мен ақша ағымдарына уран бағасының өзгеруі ықпал етеді. Уран бағасының көтерілуі қысқа мерзімдік перспективада табыстар мен рентабельділіктің өсуіне, ал ұзақ мерзімдік перспективада барлау жұмыстарына ену белсенділігінің артып, соған сәйкес барлау жұмыстарының көлемінің ұлғаюына әкелуі мүмкін. Мұның нәтижесінде қызметтің осы түріне қатысты шығындардың өсуі мүмкін. Яғни, бағаның өсуі рентабельділіктің өсімінсіз, табыстардың артуына әкелуі мүмкін.

Компанияның активтері мен операциялары Қазақстанда орналасқан. Қазақстан, Халықаралық Валюта Қорының ақпараттық бұқаралық хабарландыруларына және есептеріне сәйкес, қазіргі таңда экономикалық даму қарқынының баяулауын бастан өткеруде. Халықаралық Валюта Қоры Қазақстан экономикасының 2010 жылы орташа 2,0%-ға өсетінін жобалап көрсетеді, сонымен қатар, банк секторындағы проблемалар қала бермек, ал бұл болса, экономикалық өсуді тежейді. Қазақстан экономикасының нәзіктігіне қарамастан, НАС есептеріне сүйенсек, өндірушілердің бағалары 2008 жылы 18,6%-ға төмендегеннен кейін, 2009 жылы 31,0%-ға өскен. Компанияның болашақ операциялық қызметіне бағаның және инфляцияның өзгерісінің ықпалын анық болжау

мүмкін емес. Компанияның болашақта баға өзгерісінің өзінің болашақ операциялық қызметінің нәтижесіне ықпалын қаншалықты жақсартатынына ешқандай кепілдік жоқ.

ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТ

Жалпы ақпарат

Компанияның ресми атауы - «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ. Компания Алматы қаласы Әділет Департаменті тарапынан 2005 жылдың 13 сәуірінде берілген № 18975-1910-АҚ мемлекеттік тіркеу туралы куәлігіне сәйкес әрекет ететін, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес қазақстандық акционерлік қоғам болып табылады. Компанияның акциясының 100% «Самрұқ-Қазына» қорымен өкілденетін Мемлекетке тиесілі. Компания «Қазақстанның стратегиялық активтері және кәсіпорындарының тізіміне» енгізілген. «*Акционерлік капитал, ұйымдастыру құрылымы және байланысты тараптармен келісім*» және «*Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті орындау*» бөлімдерін қараңыз. Алғаш рет 1997 жылдың 22 қарашасында Компанияның негізі қаланды, ал 1997 жылдың 14 маусымында оған ұлттық атом компаниясы мәртебесі берілді.

Компанияның заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ-сы, Бөгенбай Батыр к-сі, 168, телефон: +7 (727) 261 54 25.

Шолу

Негізінен уран өнімдерінен өндірілетін атомдық энергия, дәстүрлі әдістермен алынатын энергиямен салыстырғанда айтарлықтай артықшылықтарға ие. Болжаулар бойынша, келесі жиырма жыл ішінде ядролық қайнаркөздерден алынатын элеткр энергиясын пайдалану көлемі айтарлықтай өседі деп күтілуде. «– *Энергияның дәстүрлі қайнаркөздері және ядролық энергетика*» және «– *Уран нарығы*» бөлімдерін қараңыз.

Атомдық энергияны өндіру үшін, уранды жерасты (немесе жер бетіндегі қорларды) көздерінен шығарудан бастап, осы Анықтамалықта біріге отырып «ядролық отындық цикл» деп аталатын атом электр станцияларында электр энергиясын өндіру мен радиоактивті қалдықтарды пайдаға асыруға дейінгі түрлі қызмет түрлерін жүзеге асыру қажет. Бұл Анықтамалықта ядролық отындық циклдің «бастапқы кезеңі» аясындағы атом электр станцияларындағы электр энергиясын өндіруді қоса алғанда, осы қызмет түрлерінің барлығы сипатталады. Төменде көрсетілген кестеде ядролық отындық циклдың бастапқы кезеңдерінің қысқаша сипаттамасы келтірілген. Олар төмендегідей ретпен жүзеге асырылған.

Кезең

Қысқаша сипаттама

Өндіру және өңдеу

Уран кен орындарынан алынады және U_3O_8 болып өңделеді. « – *Уран өндіру және өңдеу*» бөлімін қараңыз. Уран ашық (карьерлік), жерасты (шахталық) тәсілдерімен және жерасты ұңғымалық шаймалау (ЖШ) әдісімен өндіріледі. « -*Уран өндіру және өңдеу – Уран тотығы мен*

шала тотығын өндіру – Уран шығару (жерасты сілтіден айыру)» бөлімін қараңыз.

Конверсия	U ₃ O ₈ газ тәрізді фораға, байытуға жарамды уран гексафторидіне (UF ₆) айналдырылады. « – <i>Конверсиялық қызметтер</i> » бөлімін қараңыз.
Байыту	UF ₆ бөлшектеу үшін қажет 235 уран концентрациясын көбейту үшін байытылады. Содан кейін байыту үрдісінде уран диоксидіне (UO ₂) айналдырылады. « – <i>Байыту бойынша қызметтер</i> » бөлімін қараңыз.
Соңғы өнімді өндіру	UO ₂ ұнтағы кішірек цилиндр таблеткаларға тығыздалады (отындық таблеткалар), олар цирконий қорытпасынан жасалған түтікшелерге салынады (отындық өзек) және «отындық жиынтықтарға» біріктіріледі. « – <i>Соңғы өнімді өндіру</i> » бөлімін қараңыз. Отындық жиынтықтар энергияның босауын бақылау арқылы атом электр станциясын энергиямен қамтамасыз ететін, ядролық реактордың белсенді аймағының конструкциялық болып табылады.
Электр энергиясын өндіру	Атом электр станцияларында ядролық реактордың белсенді аймағында отындық жиынтықтардан изотоптардың бөлінуі үрдісінде энергия босап шығды. Бұл энергия суды жылыту немесе бу пайда болуы үшін суды қайнатуға пайдаланылады. Бу электр қуатын өндіретін генераторлармен байланысқан үлкен турбиналарды қозғалысқа түсіреді.

Ұлттық атом компаниясы мәртебесіне ие Компания Қазақстанның атынан ядролық-отындық циклдің бастапқы кезеңдерінде өкілдік етеді және осы негізде белгілі бір артықшылықтарға ие болады, соның ішінде стандарттық талап болып табылатын тендер үрдісінен өтпей-ақ, Үкіметпен тікелей келіссөздер жүргізу арқылы жер қойнауын пайдалану туралы келісім-шарттар жасау мүмкіндігі де бар. «*Қазақстандағы реттеу – жер қойнауын пайдалану құқығын реттеу – Жер қойнауын пайдалану туралы келісім-шарттар*» бөлімдерін қараңыз. Ұлттық атом компаниясы ретінде, Компания қазақстандық кен орындарында уран шығару мен өңдеуді жүзеге асырады, сонымен бірге, ядролық-отындық циклдің басқа да бастапқы кезеңдеріне қатысу үшін

қуаттылықты арттырады. « –Ядролық- отындық циклді дамыту стратегиясы» бөлімін қараңыз.

2009 жылдың аяғына қарай Компанияның уран өндіру көлемі 4 177 тоннаны құрады, ал Компанияның бірлесіп басқарылатын және ассоциацияланған ұйымдарының (олар бойынша Компания үлестік қатысу әдісі негізінде есеп жасайды) өндіру көлемі 8 391,5 тоннаны құрады. 2009 жылдың аяғына қарай Компанияның уран өнімдерін сату көлемі 6 609,3 тоннаны құрады, оның 6 537,0 тоннасы уран тотығы мен шала тотығының (U_3O_8) үлесіне тиесілі.

Компания әлемдегі ең ірі кен орындарының қатарына кіретін қазақстандық кеніштерде уран өндіруді жүзеге асырады. Төмендегі кестеден көрінетіндей, 2007 жылғы 1 қаңтарда (АЭХА-нің Қызыл кітабында тиісті ақпарат жарияланған ең соңғы күн) Қазақстан барлық категория бойынша қор көлемінен әлемде екінші орынға ие болды:

2007 жылғы 1 қаңтар ⁽¹⁾

Ел	Шығыстардың барлық категориялары ⁽²⁾	Жалпы әлемдік көлемнің пайызы			
		<130 АҚШ долл./кгU ⁽³⁾	<80 АҚШ долл./кгU ⁽³⁾	<40 АҚШ долл./кгU ⁽³⁾	
<i>(мың теңге)</i>					
Австралия		3,655,0	1,243,0	1,216,0	1,196,0
	28.3	00	00	00	00
Қазақстан		2,086,2	817,300	751,60	517,30
	16.2	00		0	0
Канада		1,198,8	423,200	423,20	352,40
	9.3	00		0	0
Ресей Федерациясы		1,124,6	545,600	495,40	83,600
	8.7	00		0	
Оңтүстік Африка		1,013,0	435,100	343,20	234,70
	7.9	00		0	0
Барлығы		9,077,6	3,464,2	3,229,4	2,384,0
	70.4	00	00	00	00
Басқа елдер	29.6	3,817,6	2,004,6	1,227,0	586,00
		00	00	00	0
Жалпы әлемдік көлем	100.0	12,895,200	5,468,800	4,456,400	2,970,000

Қайнаркөз: АЭХА Қызыл кітабы. «Қаржылық және басқа ақпарат – Компанияның салалары және нарықтар туралы үшінші тараптардың ақпараттары» бөлімдерін қараңыз.

- (1) Көрсетілген сандар барланған қорлар және болжанған ресурстардың категориялары, яғни Қазақстандық әдістемені пайдаланылмайтын категориялар бойынша жалпы деректер болып табылады. «Қорлар мен ресурстар – Қазақстандық әдістемені» бөлімін қараңыз.
- (2) Барлығы <130 АҚШ долл./кгU, <80 АҚШ долл./кгU и <40 АҚШ долл./кгU.
- (3) Барланған қорлар мен болжанған ресурстарды өндіруге кеткен шығындар сәйкесінше уранның бір килограммына 130 АҚШ долларын, 80 АҚШ долларын және 40 АҚШ долларын құрайды.

Компанияның Қазақстандық әдістемені қолдану арқылы есептелген

A+B+C1+C2 категориялары бойынша уран қорлары 2008 жылдың 31 желтоқсанында (ресми ақпарат бар соңғы күн) 199 540 тоннаны құрады. Қазақстандық әдістеменің сипаттамасын «Қорлар мен резервтер бойынша ақпарат – Қазақстандық әдістемені» бөлімінен қарауға болады.

Уран өндіру мен өңдеуден басқа, бұл Анықтамалықтың мерзіміне сәйкес, Компания тікелей немесе өзінің бірлесіп басқарылатын кәсіпорындары мен ассоциацияланған ұйымдары арқылы төмендегідей қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- Отындық таблеткаларды дайындау. « –*Соңғы өнімді дайындау*» бөлімін қараңыз.
- Уран бойынша іздестіру-барлау жұмыстары. «– *Іздестіру-барлау және бұрғылау жұмыстары*» бөлімінен қараңыз.
- Уран тотығы мен шала тотығын, отындық таблеткаларды тасымалдау, экспорттау және сату. « – *Уран шикізаты мен өнімдерін тасымалдау және сату*» бөлімін қараңыз.
- Бұрғылау, қайта өңдеу және ғылыми зерттеу қызметтері, соның ішінде өзінің бірлесіп басқарылатын кәсіпорындары мен ассоциацияланған ұйымдарына осы қызметтерді көрсету. « –*Барлау және бұрғылау*» бөлімін қараңыз.
- Электр және жылу энергиясын өндіру, беру және сату, сонымен қатар теңіз суынан техникалық және ауыз су өндіру. « –*Су, электр және жылу энергиясын өндіру*» бөлімінен қараңыз.
- Бериллий және тантал өнімдерін дайындау мен сату. « –*Қызметтің басқа түрлері – Бериллий*» және « – *Қызметтің басқа түрлері – Тантал*» бөлімдерін қараңыз.
- Компания Қазақстан заңнамасына сәйкес қызмет жасап жатқан аймақтардың халқына әлеуметтік қызметті көрсету. « –*Қызметтің басқа түрлері – Әлеуметтік жобалар*».

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде, Компанияның түсімі 51,4 млрд. теңге немесе 40,4% өсіп, 178,5 млрд. теңгені құрады.

2009 жылғы 31 желтоқсанда жиынтық активтер 387,3 млрд. теңгені құрады. Бұл болса, 2008 жылдың сол кезеңімен салыстырғанда, 45,6 млрд. теңге немесе 13,3% өсімді білдіреді. 2009 жылғы 31 желтоқсанда міндеттемелердің жалпы сомасы 143,0 млрд теңгені құрады. Бұл болса, 2008 жылдың сол кезеңімен салыстырғанда, 4,1 млрд. теңге немесе 3,0% өсімді білдіреді.

Ядролық-отындық циклдің даму стратегиясы

Қазақстанның ұлттық атом компаниясы ретінде, Компания әлемдік уран өндіруші көшбасшыларының қатарында қалуға, сонымен қатар, ядролық-отындық циклдің барлық бастапқы кезеңдері бойынша халықаралық нарықта бәсекеге қабілетті болуға тырысады. Өз қызметін кеңейту арқылы Компания, жоғары бағаға ие экспортқа бағытталған өнім шығаруды жоспарлайды, ал бұл болса, Қазақстандағы уран ресурстарының базаларын тиімді дамыту арқылы және өзінің өндірістік үрдістерінде

заманауи технологияларды пайдалану арқылы Компанияның табысын ұлғайтуға себепші болады.

Уран тұрақты және экологиялық таза энерготасымалдағыштарға деген әлемдік сұранысты қамтамасыз ету үшін стратегиялық шикізат болып табылады. WNA деректері бойынша, 2010 жылдың бірінші тоқсанында, бүкіл әлем бойынша он үш елде елуден астам ядролық реакторлар құрылысымен және кәсіпорындарды модернизациялау үрдісінде қосымша қуаттылықты арттыру арқылы атом электр станциялары қуаттылығының тұрақты өсімі байқалады. WNA болжамдары бойынша, Шығыс Азияда да ең үлкен өсім болады деп күтілуде. WNA деректері бойынша, 2008 жылы уран тотығы мен шала тотығының шамамен 51 600 тоннасының жеткізілімі жүзеге асты. Бұл энергия кәсіпорындарының жылдық қажеттілігінің шамамен 68% қамтамасыз етті. WNA деректері бойынша, тапшылық энергия кәсіпорындарының уран өнімдері қорларын қоса алғандағы екінші реттік қайнаркөздер есебінен қанағаттандырылады. Бірақ уранның бұл азаматтық қорлары да өте тез азайып келеді. Сұраныстың өсуі және уранның жер бетіндегі қорларының азаюы жағдайында, болашақта сұранысты қанағаттандыру үшін атомдық отынды шығару мен өндіру елеулі түрде кеңейту қажеттілігі туатыны айқын.

Ядролық-отындық циклдің барлық бастапқы кезеңдеріндегі қуаттылықты дамыту үшін уран өндіру саласындағы болжанатын тапшылықты көрсететін мүмкіндіктерді пайдалану үшін, Компания халықаралық ынтымақтастық стратегиясын қабылдады. 2005 жылдан бастап Компания ынтымақтастық және ядролық энергетика секторының негізгі қатысушыларымен біріккен кәсіпорындар құру туралы келісімдер жасау арқылы, вертикалды интеграцияланған ұйымға айналу турады стратегияны жүзеге асырып келеді. Соның ішінде:

- 2009 жылдың қаңтарында Компания және Үндістанның Ядролық энергетикалық корпорациясы (NPCIL) өзара түсінушілік туралы меморандумға қол қойды. Бұл меморандум көптеген мәселелерді реттейді, соның ішіне табиғи уран өндіру және жеткізілім, қазақстандық уран өнімдерін NPCIL үшін отындық таблетка және отындық жиынтықтар түрінде жеткізілім, мамандарды оқыту кіреді. Сонымен қатар, үнділік дизайнмен жасалған ауыр су реакторлары негізінде түрлі қазақстандық жобалар үшін ТЭН дайындап шығару қарастырылуда. « *-Ынтымақтастық туралы келісім -Үндістан*».
- Компания өзінің болашақтағы уран өңдеу және сату мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында, 2007 жылы Westinghouse компаниясының жанама түрде қатысу үлесінің 10% 400 млн. АҚШ долларына сатып алды. « *- Уран өндіру және өңдеу – Соңғы өнімді дайындау*» бөлімін қараңыз.
- 2005 жылдан бастап, Буденовское, Заречное және Оңтүстік Заречное кен орындарындағы №1, №3, №4 учаскелерінде уран өндіру үшін, сонымен қатар уранды байыту үшін Компания Ресей мемлекеттік атом энергиясы корпорациясының (бұдан әрі - **РесейАтом**) еншілес кәсіпорындарымен бірнеше біріккен кәсіпорындар құрды. «*- Бірлескен кәсіпорындардың*

жобалары – РесейАтомның қатысуымен болатын жобалар» бөлімдерін қараңыз.

- Компания 2006-2007 жылдары Қытай Ұлттық Ядролық корпорациясымен (бұдан әрі - **CNNC**) және Қытай Гуандон ядролық энергетикалық корпорациясымен (бұдан әрі - **CGNPC**) бірнеше келісімдерге қол қойды. Бұл келісімдер тараптардың уран өндірудегі стратегиялық әріптестігінің және Компания инвестицияларын Қытай ядролық энергетикасына салудың негізін құрайды. « - *Ынтымақтастық туралы келісім - Қытай*» және «-*Бірлескен кәсіпорындардың жобалары - «Семізбай-У» ЖШС*» бөлімдерін қараңыз.
- 2004 жылдан бастап, Компания Ақдала, Инкай (№4 учаске), Солтүстік Харасан (№1 учаске) және Буденовское (№2 учаске) кен орындарында уран өндіру үшін канадалық Uranium One Inc. (бұдан әрі - **Uranium One**) компаниясының аффиляцияланған кәсіпорындарымен біріккен кәсіпорындар құрды. «-*Бірлескен кәсіпорындардың жобалары - Uranium One-ның қатысуымен жүзеге асырылатын жобалар*» бөлімдерін қараңыз.
- 1997 жылы Компания Инкай кен орнының №1 және №2 учаскелерінде уран өндіру үшін, канадалық Cameco Corporation (бұдан әрі - **Cameco**) компаниясының біріккен кәсіпорны болып табылатын «Инкай» ЖШС қатысу үлесін алды. Оның қызмет ету саласы кейін кеңейтіліп, қазіргі таңда Инкай кен орнындағы №3 учаскедегі геологиялық іздеулерді де қамтиды. 2008 жылы Компания конверсиондық зауыт салу және пайдалану үшін Cameco компаниясымен тағы бір бірлескен кәсіпорын құрды. «-*Бірлескен кәсіпорындардың жобалары – Cameco-ның қатысуымен жүзеге асырылатын жобалар*» бөлімін қараңыз.
- 1996 жылы Компания француздың AREVA компаниясымен біріккен кәсіпорын құрды. Бұл кәсіпорын қызметінің негізгі түрлері Мойынқұм кен орнының Төртқұдық учаскесінде және №1 учаскесінде (солтүстік) геологиялық барлау жұмыстары, тау кен және құрылыс жұмыстарын жүргізу болып табылады. 2009 жылы Компания және AREVA компаниясының аффиляцияланған кәсіпорны, ядролық отын маркетингі бойынша біріккен кәсіпорын құру туралы келісімге қол қойды. Келісімде біріккен кәсіпорын құру қарастырылған және ядролық отын өндірісінің жеке желісі ТЭН құрылысын дайындап шығаруды қоса алғандағы қызмет түрлері анықталған. «- *Бірлескен кәсіпорындардың жобалары - AREVA компаниясының қатысуымен жүзеге асырылатын жобалар*» бөлімдерін қараңыз.

Сонымен қатар, Компания Ресей Федерациясы және Франциямен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. « - *Ынтымақтастық туралы келісім*» бөлімін қараңыз. Компания өзінің ынтымақтастық орнатуға деген талпынысын, ядролық-отындық циклдің барлық бастапқы кезеңдерінде Компанияның халықаралық деңгейде бәсекелестік қабілеттілігін қамтамасыз етудің ажырамас бөлігі ретінде қарастырады.

Негізгі артықшылықтар

Компанияның пікірінше, ол төмендегідей негізгі артықшылықтарға ие:

- **Қазақстан Республикасының ұлттық атом компаниясы мәртебесі.** Қазақстан Республикасының ұлттық атом компаниясы бола отырып, Компания Қазақстанға ядролық-отындық циклдің бастапқы кезеңдерінде өкілдік етеді және осы тұрғыдан белгілі бір артықшылықтарға ие, соның ішінде стандарттық талап болып табылатын тендер үрдісінен өтпей-ақ, Үкіметпен тікелей келіссөздер жүргізу арқылы жер қойнауын пайдалану туралы келісім-шарттар жасау да бар. « - *Қазақстанның тау-кен өнеркәсібі – Жер қойнауын пайдалану туралы келісім-шарттар*» бөлімін қараңыз.
- **Өндірудің жоғары деңгейі.** 2009 жылдың аяғына қарай Компанияның уран өндіру көлемі 4 177 тоннаны құрады, ал бірлесіп басқарылатын кәсіпорындар мен ассоциацияланған ұйымдардың өндіру көлемі (олар бойынша Компанияның есебі үлестік қатысу әдісі бойынша құрылады) – 8 391,5 тоннаны құрады. Компанияның айтарлықтай өндірістік қуаттылығы бар, бұл оған талап етілетін көрсеткіштерге ие өнімдерді өндіру мақсатымен, оның өндірістік циклін нарықтық сұранысқа жедел бейімдейтін технологияларды пайдалану арқылы уран өнімдерінің кең спектрін өндіруге мүмкіндік береді. Компания өнімдері алдыңғы қатарлы әлемдік ядролық компаниялар тарапынан жоғары сапалы өнім ретінде мойындалды. « -*Уран өндіру және өңдеу – Өндіріс*» бөлімін қараңыз.
- **Уран қорларын шығарудың жоғары тиімді әдісі.** Компания басшылығы жалпыға қолжетімді ақпарат негізінде, Қазақстанда уран қорының үлкен көлемін өндірудің өзіндік құны ортасалалық көрсеткіштен төмен болуы мүмкін деп санайды. Бұл, ең алдымен, Компанияның өндірудің негізгі әдісі ретінде, үнемді әдіс болып табылатын жерасты ұңғымалық шаймалау әдісін пайдалануы арқасында жүзеге асырылады. Компанияның ішкі деректеріне сәйкес, Қазақстанда әлемдік уран қорының 78% орналасқан және бұлар жерасты ұңғымалық шаймалау әдісі арқылы өндіріледі. « -*Уран өндіру және өңдеу – Уран тотығы мен шала тотығы концентратын өндіру – Уран өндіру (жерасты ұңғымалық шаймалау)*» бөлімін қараңыз.
- **Уранның үлкен қорлары.** АЭХА-ның Қызыл кітабына сәйкес, 2007 жылдың 1 қаңтарындағы (АЭХА-ның Қызыл кітабында тиісті ақпарат бар соңғы күн) жағдай бойынша, уранның әлемдік барланған және жоспарланған қорларының 2,1 млн. тоннасы немесе шамамен 16% Қазақстанға тиесілі және уран қорлары бойынша Қазақстан әлемде Австралиядан кейінгі екінші орынды иеленген. Қазақстандағы 2009 жылғы өндіріс қарқыны 14 020 тоннаны құрады, ал бұл болса, осы қорлардың 149 жыл бойы өндіруге жеткілікті екенін көрсетеді. « -*Шолу*» бөлімін қараңыз. Компания басшылығының пікірінше, ұлттық атом компаниясы мәртебесінің және Үкіметпен қарым-қатынасының арқасында,

Компания қазақстандық кен орындарында уран өндіру құқығын алуда үлкен артықшылыққа ие.

- **Ірі ядролық энергетикалық компаниялармен ынтымақтастық туралы халықаралық келісімдер.** Компания ядролық энергетикалық саладағы халықаралық компаниялармен және бірқатар елдердің үкіметтерімен ынтымақтастық және бірлескен кәсіпорын құру туралы бірнеше келісімге қол қойды. Бұл келісімдер Компанияға халықаралық нарықтарда белсенділігін арттыруға және ядролық-отындық циклдің барлық бастапқы кезеңдерінде интеграциялануға мүмкіндік береді. «- *Бірлескен кәсіпорындардың жобалары*» және «- *Ынтымақтастық туралы келісім*» бөлімдерін қараңыз.
- **Ұзақ мерзімді экспорттық келісімдер.** Компания өзі өндірген уранды ең алдымен инвестициялық класстағы ірі компаниялармен жасалған ұзақ мерзімді келісімдер бойынша экспорттайды. Атом энергетикасы саласы жоғары дәрежеде дамыған елдердің мемлекеттік компаниялары мен энергетикалық кәсіпорындары сатып алушылар болып табылады. 2009 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, Компания 2015 жылға дейін өндірілетін уранның 63% сату туралы келісімдерге қол қойды. «— *Уран шикізатын мен өңделген өнімдерін тасымалдау және сату — Сату*» бөлімін қараңыз.


Уран резервтері мен қорлары

Қазақстанның уран кен орындары

Жалпы ақпарат

Қазақстанда бірнеше уран кен орындары табылды, олардың үлкен бөлігі алты геологиялық уран өндірісі аймағына біріктірілді: Шу-Сарысу, Солтүстікқазақстандық, Сырдариялық, Ілелік, Каспийлік және Балқаштық. Осы Анықтамалықтың мерзімі бойынша, тек Шу-Сарысу, Солтүстікқазақстандық, Сырдариялық кен орындары ғана жұмыс істейді.

Төмендегі картада қазақстандық алты уран өндірісі аймағының орналасуы көрсетілген:



Қазақстандағы танымал уран кеніштері екі топқа бөлінеді: мезозойға дейінгі құрылымдардағы эндогендік кен орындары (Солтүстікқазақстандық және Балқаштық уран аймақтарын қамтиды) және мезозойлық-кайнозойлық қалдықтық құрылымдардағы экзогендік кен орындары (Шу-Сарысу, Сырдариялық, Ілелік, Каспийлік уран аймақтарын қамтиды).

Шу-Сарысу уран өндірісі аймағы

Геологиялық тұрғыдан Қазақстанның оңтүстік-орталық бөлігі салыстырмалы түрде бор және неоген кезеңдерінің қалдықтық жыныстарынан құралған жазық бассейн болып келеді. Шу-Сарысу бор-кайнозой бассейні өзінен оңтүстік және оңтүстік-шығысқа қарай орналасқан Тянь-Шань тау бөктерлерінен 1000 шақырымнан артық жерге дейін созылып жатыр және солтүстік-батысында Арал теңізінің горизонтальды жазықтығымен шектесіп жатыр. Бассейннің ені 250 шақырымға жетеді, оңтүстік-батысында Үлкен Қаратау жотасымен, ал солтүстік-шығысында Шу жотасымен шектесіп жатыр. Бассейн горизонтальды жазық борпылдақ аллювиальды шөгінділерден құралған. Ол шөгінділердің өзі құм, алевролит және жергілікті саз қабаттарынан құралған.

Бор-кайнозой шөгінділері қуыс әрі құм-алевролиттік қабаттарда орналасқан қышқылдық-қайта қалпына келтіру процестер аймағының ролдық типінің бірнеше көпқабатты және салыстырмалы түрде үздіксіз иректеле келген кен орындарынан тұрады. Бұл қышқылдық-қалпына келтіру үрдістерінің аймақтық зоналарында шөккен минералдылық аймақтық зонасының айналасында қалыптасқан бірнеше уран кен орны және жерасты ұңғымалық шаймалау кеніштері орналасқан. Шу-Сарысу уран өндірісі аймағының өнімді кеніштері мыналар:

- Ақдала кен орны;

- Буденовское кен орны;
- Инкай кен орны;
- Қанжуған кен орны;
- Мойынкүм кен орны;
- Мыңқұдық кен орны;
- Уванас кен орны.

Бұл кен орындарының геологиялық құрылымы, орналасуы және басқа да ақпаратты І Қосымшадан алуға болады.

Сырдария геологиялық уран өндірісі аймағы

Сырдария уран өндірісі аймағы Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарының территориясында орналасқан. Ол Сырдария өзенінің еңсіз атырабына жалғасатын қабат-қабат құмдардан құралған ашық жазықтықты құрайды. Сырдария атырабы солтүстік-шығыс және оңтүстік-шығыста Үлкен Қаратау және Қаржантау, Угамский, Пскемский, Шатқал және Құрам жоталарымен, оңтүстігінде Нұратау жотасымен, батысында Орталық-Қызылқұм қыратымен, солтүстігінде Жосалы үстіртімен шектеліп жатыр. Осылайша, аймақ қалыңдығы 2,5 - 3,0 шақырымды құрайтын бор, палеогендік және неогендік қабаттардан құралған.

Сырдария уран өндірісі аймағының өнімді кен орындарының құрамына төмендегілер кіреді:

- Іркөл кен орны;
- Солтүстік Харасан;
- Оңтүстік Қарамұрын және Солтүстік Қарамұрын;
- Заречное және Оңтүстік Заречное кен орындары.

Бұл кен орындарының геологиялық құрылымы, орналасуы және т.б. ақпаратты І Қосымшадан алуға болады.

Солтүстік Қазақстан уран өндірісі аймағы

Солтүстік Қазақстан уран өндірісі аймағы Көкшетау-Солтүстік Тянь-Шань уранды белдеуінің солтүстік бөлігінде орналасқан және әкімшілік тұрғыда Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола облыстарының бір бөлігін алып жатыр. Солтүстік Қазақстан уран өндірісі аймағы негізгі екі кезең: геосинклинали (кембрийлік және ордовиктік), оргогена (жоғарғы девонның силур және франк кезеңдері) және субплатформалар мен ауыспалы аймақтар (фамен кезеңі – пермь) кезеңінде қалыптасқан палеозой қозғалмалы белдеуінің бір бөлігін құрайды.

Барлық уран кен орындары палеозой ороген және активация кезеңдерімен байланысты. Минералдану қайта бөлінуі бірнеше кезеңдерде жүрді: кейінгі триас, әктас–палеогендік және неотектоникалық.

Компанияның және оның бірлесіп басқарылатын кәсіпорындары мен ассоциацияланған ұйымдарының уран кеніштері

Қорлар мен резервтердің осы Анықтамалықта берілген барлық бағалары «Қорлар мен резервтер» бөлімінде көрсетілген қазақстандық әдістемеге сүйене отырып жасалған.

Төмендегі кестеде Компанияның кен орындары, рудалы аймақтары, жер қойнауын пайдалану туралы келісім-шарттарының аяқталатын мерзімі және қорлар бойынша кейбір соңғы деректер берілген:

Кәсіпорын /Кен орны (кен орындары)	А+В+С1+С2 категориялары бойынша 2008 жылдың 31 желтоқсанында	Жер қойнауын пайдалану туралы келісім-шарттың аяқталу жылы	Уран өндірісі аймағы
Компания:⁽¹⁾			
Мыңқұдық (орталық учаскесі) ⁽¹⁾	49,625	2032	Шу-Сарысу
Тау-кен компаниясы:⁽²⁾			
Қанжуған	20,434	2022	Шу-Сарысу
Мыңқұдық (шығыс учаскесі)	18,269	2022	Шу-Сарысу
Оңтүстік Қарамұрын және Солтүстік Қарамұрын.....	28,413	2022	Сырдария
Мойынқұм (№1 учаске) (оңтүстік)	5,686	2019	Шу-Сарысу
Уванас	6,017	2022	Шу-Сарысу
Барлығы	78,819		

«Семізбай-У» ЖШС:⁽³⁾

Іркөл	29,143	2023	Сырдария Солтүстік- Қазақстандық
Семізбай.....	17,108	2030	
Барлығы.....	<u>46,251</u>		
«Әппақ» ЖШС :			
Мыңқұдық (батыс учаскесі).....	24,845	2034	Шу-Сарысу
Барлығы	<u><u>199,540</u></u>		

(1) 2010 жылдың 18 ақпанындағы сот бұйрығына сәйкес алынды. « – Сот тексеруі» бөлімін қараңыз.

(2) Соның ішінде еншілес кәсіпорындар арқылы.

(3) 2008 жылдың қазан айында Компания «Семізбай-У» ЖШС үлесінің 49% CGNPC компаниясының еншілес кәсіпорнына берді.

Төмендегі кестеде Компанияның бірлесіп басқарылатын кәсіпорындары мен ассоциацияланған ұйымдарының кен орындары (олар бойынша Компанияның есебі үлестік қатысу әдісімен көрсетіледі), осы кәсіпорындарға қатысу үлесі, кен орындары орналасқан уранды аймақтар, сәйкес жерді пайдалану келісімінің мерзімінің өту жылы, сонымен қатар соңғы уақыттағы қор туралы соңғы ақпараттар көрсетілген:

<u>Кәсіпорын /Кен орны (кен орындары)</u>	<u>Компани яның кәсіпоры ндағы қатысу үлесі</u>	<u>А+В+С1+ С2 категори ялары бойынша 2008 жылдың 31 желтоқса нында (тонна)</u>	<u>Жер қойнау ын пайдала ну туралы келісім- шартты ң аяқталу жылы</u>	<u>Уран өндірісі аймағы</u>
«Инкай» ЖШС:	40%		№1 учаске (2023), №2 және №3 учаскеле р (2029)	Шу- Сарысу
Инкай (№1, №2 және №3 учаскелер)		159,600		
Бетпақ Дала:	30%		Ақдала (2025) №4 учаске (2028)	Шу- Сарысу
Ақдала және Инкай (№4 учаске)		38,230		
Барлығы		38,230		
Қызылқұм:	30%			
Солтүстік Харасан (№1 учаске)		34,340	2053	Сырдария
«Ақбастау» АҚ:	50%		№1 учаске (2036), №3 және №4 учаскеле р (2037)	Шу- Сарысу
Буденовское (№1, №3 және №4 учаскелер)		25,100		

«Байкен-У» ЖШС:	5%			
Солтүстік Харасан (№2 учаске)		24,824	2054	Сырдария
«БК Заречное» АҚ:	49.67%			
Заречное және Оңтүстік Заречное		18,694	Заречно е (2027) Заречно е (2037)	Сырдария
КАТКО:	49%			
Мойынкүм (Төрткүдүк учаскесі) және Мойынкүм (№1 учаске) (солтүстік)		52,352	Төрткүд ык және №1 учаске (2039)	Шу- Сарысу
«Қаратау» ЖШС:	50%			
Буденовское (№2 учаске) ... Барлығы		16,929 <u>370,069</u>	2035	Шу- Сарысу

Уран өндіру және өңдеу

Ядролық-отындық циклдің барлық бастапқы кезеңдеріне қатысу стратегиясына сәйкес, Компания өз бетімен не бірлесіп басқарылатын кәсіпорындары немесе ассоциацияланған ұйымдары арқылы ядролық- отындық циклдің барлық бастапқы кезеңдерінде дамыған өндіріс қуатына ие немесе мұны дамытып отырады. Қазіргі таңда Компания уран ұнтағы мен отындық таблеткалар шығарады. Сонымен қатар, Компания өзінің өндірістік қызметін кеңейтіп, конверсия қызметі, отындық өзектер мен отындық жиынтықтарды өндіру және байыту қызметтерін бастамақшы. Жекеше алғанда байыту қызметі арқылы, ал жалпы алғанда ядролық-отындық циклдің барлық бастапқы кезеңдеріне қатыса отырып, Компания Қазақстанда өндірілген уранның әр килограммының құнын жоғары деңгейде арттыра алады.

ӨНДІРІС

Жалпы ақпарат

Компанияның ішкі ақпараттары негізінде, төмендегі кестеде көрсетілген мерзімдерде Қазақстандағы уран өндірудің жалпы көлемі бойынша деректер берілген:

Өндіретін кәсіпорын	31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде		
	2009 ж.	2008 ж.	2007 ж.
		(тонна)	
Компания	4,177.0	576.1	3,277.6
Компанияның бірлесіп басқарылатын кәсіпорындары және ассоциацияланған ұйымдары ⁽¹⁾	8,391.5	3,890.3	2,896.2
Басқа да өндіретін кәсіпорындар ⁽²⁾	1,451.5	1,046.2	459.0
Қазақстандағы жалпы өндіру көлемі	<u>14,020.0</u>	<u>8,512.6</u>	<u>6,632.8</u>

(1) Компанияның осы кәсіпорындар бойынша есебі үлестік қатысу әдісіне сәйкес құрылады.

(2) Компания, оның бірлесіп басқарылатын кәсіпорындары мен ассоциацияланған ұйымдарымен аффилияцияланбаған кәсіпорындар.

Төмендегі кестеде Компанияның көрсетілген мерзімде өндірген уранның жалпы көлемі бойынша деректер берілген. Компанияның барлық учаскелерінде уран шығару жұмыстары жерасты ұңғымалық шаймалау әдісін пайдалану арқылы жүргізіледі:

Кәсіпорын /Кен орны (кен орындары)	31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде		
	2009 ж.	2008 ж.	2007 ж.
		(тонна)	
Тау-кен компаниясы: ⁽¹⁾ Қанжуған, Мыңқұдық (шығыс учаскесі), Оңтүстік Қарамұрын, Солтүстік Қарамұрын, Мойынқұм (№1 учске)(оңтүстік), Уванас және Іркөл ⁽²⁾	3,361.8	3,449.0	3,277.6
«Семізбай-У» ЖШС: ⁽³⁾ Іркөл ⁽²⁾ және Семізбай	510.6	76.0	–
«Әппақ» ЖШС: Мыңқұдық (батыс учаскесі).....	304.6	51.1	–
Барлығы	<u>4,177.0</u>	<u>3,576.1</u>	<u>3,277.6</u>

(1) Еншілес кәсіпорындардың өнімін қоса алғанда.

(2) 2008 жылдың қазан айында Іркөл кен орнындағы уран шығару жұмыстары Тау-кен компаниясынан «Семізбай-У» ЖШС-ға берілді.

(3) 2008 жылдың қазан айында Компания «Семізбай-У» ЖШС үлесінің 49% CGNPC компаниясының еншілес кәсіпорнына берді.

Төмендегі кестеде Компанияның бірлесіп басқарылатын кәсіпорындары мен ассоциацияланған ұйымдары (олар бойынша Компанияның есебі үлестік қатысу әдісі бойынша жасалады) берілген мерзім ішінде өндірілген уранның жалпы көлемі бойынша деректер келтіріледі. Уран өндіру бойынша бірлесіп басқарылатын кәсіпорындар мен ассоциацияланған ұйымдардың барлық учаскелердегі барлық жұмыстары жерасты ұңғымалық шаймалау әдісін пайдалану арқылы жүргізілуде немесе жүргізілетін болады:

Кәсіпорын /Кен орны (кен орындары)	Компанияның кәсіпорындағы үлесі	31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде		
		2009 ж.	2008 ж. (тонна)	2007 ж.
«Инкай» ЖШС:	40%			
Инкай (№1, №2 және №3 учаскелер)		916.0	215.0	237.7
Бетпақ Дала:	30%			
Ақдала және Инкай (№4 учаске).....		1,855.1	1,475.3	1,033.4
Қызылқұм:	30%			
Солтүстік Харасан (№1 учаске).....		102.9	3.7	—
«Ақбастау» АҚ:	50%			
Буденовское (№1, №3 және №4 учаскелер)		390.4	—	—
«Байкен-У» ЖШС:	5%			
Солтүстік Харасан (№2 учаске).....		73.1	—	—
«Заречное БК» АҚ⁽¹⁾:	49,67%			
Заречное және Оңтүстік Заречное.....		494.0	167.0	105.2
КАТКО БК:	49%			
Мойынқұм (Төрткұдық учаскесі) және Мойынқұм (№1 учаске) (солтүстік).....		3,145.0	1,367.4	1,049.6
«Қаратау» ЖШС:	50%			
Буденовское (№2 учаске).....		1,415.0	661.9	470.3
Барлығы		8,391.5	3,890.3	2,896.2

(1) Оңтүстік Заречное кен орнында өндіріс әлі басталған жоқ.

Төмендегі кестеде Компанияның өнеркәсіптік және тәжірибелік пайдаланудағы көрсетілген мерзім ішінде бұрғыланған ұңғымаларының жалпы саны берілген:

Кәсіпорын /Кен орны (кен орындары)	Қолданыстағы				
	Бұрғыланған ұңғымалардың жалпы саны			ұңғымалардың орташа саны	
	31 желтоқсандағы жағдай бойынша				
	2009 ж.	2008 ж.	2007 ж.	2009 ж.	2008 ж.
«Тау-кен компаниясы» ЖШС⁽¹⁾ :					
Қанжуған, Мыңқұдық (шығыс учаскесі), Оңтүстік Қарамұрын және Солтүстік Қарамұрын, Мойынқұм (№3 учаске) (орталық), Мойынқұм (№1 учаске)(оңтүстік), Уванас, Іркөл ⁽²⁾	965	1,105	1,102	5,010	4,542
«Семізбай-У» ЖШС:⁽³⁾					
Іркөл ⁽²⁾ және Семізбай	348	302	121	673	230
«Әппак» ЖШС:					
Мыңқұдық (батыс учаскесі)	306	200	171	404	104
	<u>1,619</u>	<u>1,607</u>	<u>1,394</u>	<u>6,087</u>	<u>4,876</u>

(1) Соның ішінде еншілес кәсіпорындардың өндіріс көлемі.

(2) 2008 жылдың қазан айында Іркөл кен орнында уран шығару жұмыстары «Тау-кен компаниясы» ЖШС-дан алынып, «Семізбай-У» ЖШС-ға берілді. Бұл Анықтамалықтың мақсаттары үшін 2008 жылы бұрғыланған барлық ұңғымалар ЖШС «Семізбай-У» жолында көрсетілген.

(3) 2008 жылдың қазан айында Компания «Семізбай-У» ЖШС үлесінің 49% CGNPC компаниясының еншілес кәсіпорнына берді.

Төмендегі кестеде көрсетілген мерзімдерде Компанияның өнеркәсіптік және тәжірибелік пайдалануда бұрғылаған ұңғымаларының жалпы саны, сонымен қатар, Компанияның бірлесіп басқарылатын кәсіпорындары мен ассоциацияланған ұйымдарының қолданыстағы ұңғымаларының көрсетілген мерзімдердегі орташа саны берілген:

Кәсіпорын /Кен орны (кен орындары)	Барлық бұрғыланған ұңғымалардың саны			Қолданыстағы ұңғымалардың орташа саны	
	31 желтоқсандағы жағдай бойынша				
	2009 ж.	2008 ж.	2007 ж.	2009 ж.	
«Инкай» ЖШС:					
Инкай (№1 учаске)	189	250	–	219	301
Бетпақ Дала:					
Ақдала және Инкай (№4 учаске)	502	593	457	1,242	750
Қызылқұм:					
Солтүстік Харасан (№1 учаске)	192	213	94	242	141
«Ақбастау» АҚ:					
Буденовское (№1, №3 және №4 учаскелер)	160	–	–	77	–
«Байкен-У» ЖШС:					
Солтүстік Харасан (№2 учаске)	191	98	40	248	74
«Заречное БК» АҚ:					
Заречное және Оңтүстік Заречное	166	155	243	435	263
КАТКО:					
Мойынкүм (Төрткүдық учаскесі) және Мойынкүм (№1 учаске) (солтүстік)	590	438	334	1,230	1,047
Қаратау:					
Буденовское (№2 учаске)	269	109	85	330	147
Барлығы	2,259	1,856	1,253	4,023	2,723

«Тау-кен компаниясының» қызметі туралы толығырақ сипаттама төменде көрсетілген. «Семізбай-У» ЖШС, «Әппак» ЖШС және Компанияның бірлесіп басқарылатын кәсіпорындары мен ассоциацияланған ұйымдарының ішіндегі ең маңыздыларының қызметі туралы толығырақ сипаттама «Бірлескен кәсіпорындардың жобалары», «Тау-кен компаниясы» ЖШС жобалары» атты бөлімде берілген.

Тау-кен компаниясы Компанияның 100 пайыздық еншілес және негізгі тау-кен кәсіпорны болып табылады. 2004 жылы Компания Тау-кен компаниясына өзінің уран шығаратын кәсіпорындарын басқару функциясын тапсырды. *«Тау-кен компаниясының сенімгерлік басқару функциялары»* бөлімін қараңыз. Тау-кен компаниясының басқаруындағы кәсіпорындарға келер болсақ, Тау-кен компаниясының көрсеткен қызмет көлемі негізге алына отырып, аталмыш қызметтеріне орай төленетін сыйақының сомасы жыл сайын әрбір кәсіпорын бойынша жеке анықталады. Компания мен Тау-кен компаниясы арасындағы Сенімгерлік басқару туралы келісім-шарт, бір тараптың жазбаша түрде мәлімдеуі арқылы келісімді бұзу шартын негізге ала отырып, әрекет ете береді. Осы Анықтамалықтың қабылдану күніне сәйкес, тараптардан ешқайсысы өзінің келісімді бұзатындығы туралы хабарлаған емес.

Тау-кен компаниясы еншілес кәсіпорындары немесе Сенімгерлік басқару туралы келісім-шарт арқылы не болмаса өз бетімен әрекет ете отырып, келесі алты учаскенің операторы болып табылады. Бұл алты учаске сервистік қызмет көрсету туралы келісімдердің негізінде, Тау-кен компаниясының еншілес кәсіпорындары арқылы игеріледі:

- Қанжуған
- Мыңқұдық (шығыс учаскесі);
- Мыңқұдық (орталық учаске) 2010 жылдың 18 ақпанындағы сот шешіміне сәйкес алынған (қараңыз: 41 Ескерту, Қаржылық есептерге ескертулер);
- Оңтүстік Қарамұрын;
- Солтүстік Қарамұрын;
- Мойынқұм (№1 учаске)(оңтүстік);
- Уванас.

Тау-кен компаниясы және оның барлық еншілес кәсіпорындарының уран өнімдерін шығару, конверсиялау, өңдеу және тасымалдауға қатысты халықаралық сертификаттары бар.

Қанжуған, Мойынқұм (№1 учаске) (оңтүстік), Уванас және Мыңқұдық (шығыс учаскесі) кен орындары Бетпақдаладағы эпикаледондық құрылымдық ойпат болып табылатын Шу-Сарысу уран өндірісі аймағында орналасқан. Қараңыз: *«Қосымша I – Ақдала кен орны – Қолжетімділік, климат, жергілікті ресурстар, инфрақұрылым және физиография»*. Әкімшілік жағынан бұл кен орындары Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданында орналасқан. Солтүстік Қарамұрын және Оңтүстік Қарамұрын кен орындары Қызылорда облысының Сырдария уран өндірісі аймағында орналасқан. *«Уран қорлары мен резервтері – Қазақстанның уран кен орындары – Сырдария уран өндірісі аймағ»* бөлімін қараңыз. Сырдария және Шу-Сарысу аймақтары Шығыс Тұрандық мега-аймағына кіреді.

Тау-кен компаниясының барлық кен орындарында уран шығару ионайналымдық шайырды қолдану арқылы, ал Қанжуған кен орнында сорбенттерді қолдану арқылы жерасты ұңғымалық шаймалау әдісімен жүзеге асады. «Уран шығару және өңдеу – Өндіріс – Уран шығару (жерасты шаймалау)» бөлімінен қараңыз. Тау-кен компаниясының 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылы шығарылған қуаттың жиынтық мөлшері 3 361 800 тоннаны құрады.

Тау-кен компаниясының геологиялық құрылымы мен орналасқан орнының сипаттамасын және басқа да ақпаратты I Қосымшадан қараңыз.

Тау-кен компаниясының қызметі, барлық еншілес кәсіпорындары мен қол астындағы кәсіпорындарды қоса алғанда, мыналарды қамтиды:

- Уран және басқа да минералды ресурстар шығару мен өңдеу;
- Ядролық материалдар тасымалдау;
- Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу;
- Инженерлік қызмет көрсету;
- Ядролық компаниялары мен түрлі шетелдік ядролық-энергетикалық компаниялармен ынтымақтастық туралы келісімдер әзірлеу;

Уранды үздіксіз өндіруді қамтамасыз ету үшін Тау-кен компаниясы келесі шараларды қолданады:

- Жаңа қорларды растау үшін геологиялық барлау және бұрғылау жұмыстарының көлемін ұлғайту;
- Түрлі инвесторлардың қатысуымен жаңа кеніштер салу;
- Қанжуған кен орнында тау-кен қызметін 2011 жылы жылына 700 тонна өнім шығаратындай дәрежеге жеткізу үшін кеңейту;
- Компаниядан Тау-кен компаниясына берілу кезіндегі Мойынқұм кен орнының №3 учаскесінде (орталық) өндірісті бастау.

Төмендегі кестеде Тау-кен компаниясы өндіріс жұмыс атқарып жатқан кен орындарына қатысты кейбір ақпарат берілген:

<u>Кен орны</u>	<u>2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылға тиесілі өнім</u>	<u>A+B+C1+C2 категориялары бойынша 2008 ж.31 желтоқсанындағы қор</u>	<u>Табылған жыл/өндіріс басталған жыл</u>	<u>Жер қойнауын пайдалану туралы келісім-шарттың аяқталу жылы⁽¹⁾</u>	<u>Оператор</u>
Канжуған	(тонна)	20,434	1972/1982	2022	«Таукент тау-химия кәсіпорны» ЖШС
Мыңқұдық (шығыс учаскесі).....		18,269	1973/1983	2022	«Степное-РУ» ЖШС
Оңтүстік Қарамұрын және Солтүстік Қарамұрын		28,413	1979/1999 (Оңтүстік) 1972/1983 (Солтүстік к)	2022	«РУ-6» ЖШС
Мойынкүм (№1 учаске) (оңтүстік)		5,686	1974/2005	2019	«Таукент тау-химия кәсіпорны» ЖШС
Уванас		6,017	1963/1977	2022	«Степное-РУ» ЖШС
Барлығы.....	<u>3,361.8</u>	<u>78,819</u>			

(1) Жер қойнауын пайдалану туралы келісім-шарт, Тау-кен компаниясына келісім мерзімі аяқталғанға дейін, кен орындарында геологиялық барлау, уран шығару, өндіру және сату үшін айрықша құқық береді.

Уран өндіру (жерасты ұңғымалық шаймалау)

Уран кенін өндіру үш әдіспен жүзеге асырылады: карьерлік, шахталық және жерасты шаймалау (ЖШ) әдісі. Белгілі бір кен орнында пайдаланылатын әдістің тиімділігі, кен орнының геологиялық құрылымы, сонымен қатар қауіпсіздік және экономикалық факторлармен анықталады. Ашық әдіс кезінде де, жерасты әдісі кезінде де кен уран алу үшін жер бетіне шығарылады. Карьерлік әдіс, әдетте, жер бетіне жақын орналасқан кен орындарында пайдаланылады. Ашық карьерлердегі өндіру учаскесінің

көлемі, карьерлердің жиектері опырылып құламауын қамтамасыз ету үшін кен көлемінен артық болуы тиіс. Бұл кезде кеннің өзіне қол жеткізу үшін дайындалған материалдың үлкен көлемін тасу қажеттілігі туындайды. Жерасты шахталары терең кен орындары үшін пайдаланылады. Олар көбіне 120 метрден де терең болып келеді. Шахталық әдісті пайдалану кезінде жер бетіне әсер ету салыстырмалы түрде үлкен емес, бұл кезде алынатын материал көлемі ашық әдіспен алынған материалдан айтарлықтай аз болады.

Соңғы кездері әлемде жерасты ұңғымалық шаймалау әдісі көп пайдаланыла бастады. Дүниежүзілік ядролық қауымдастықтың (WNA) деректеріне сүйенсек, 2010 жылдың бірінші тоқсанында шамамен 36% уран жерасты ұңғымалық шаймалау әдісімен алынған. Ал Қазақстанда уранның барлығы осы әдіспен алынады. Жерасты ұңғымалық шаймалау әдісі өткізгіш жыныстардан пайда болған уран тотығы кен орындарында пайдаланылады. Операторы Компания және оның бірлесіп басқарылатын кәсіпорындары мен ассоциацияланған ұйымдары болып табылатын барлық кен орындарында өндіру жерасты бұрғылау әдісімен жүзеге асырылады. Жерасты ұңғымалық шаймалау әдісі табиғи уранның иондарын күкірт қышқылына тікелей жер қыртысында ауыстыру арқылы кенді жер бетіне шығармай-ақ кен орнын игеру әдісі болып табылады. Төмен концентрациялы күкірт қышқылының ерітіндісі инъекциялық ұңғыма арқылы кенді горизонтқа енгізіледі. Онда ерітінді кеннің өзіндегі грунттық сулармен араласады. Тотықтану нәтижесінде уран өнімді ерітіндіге айналады. Одан кейін бұл ерітінді ұңғымадан алынады да, әрі қарай өңдеу үшін арнайы құмтұндырғышқа құйылады. «—Уран өнімін өңдеу» бөлімін қараңыз. Уран алудан кейін қалған ерітіндіні қалпына келтіру жүзеге асырылады, бұл кезде оны қайтадан жер астына айдайды. Бұрғылаудың төмен радиобелсенділігі бар барлық қатты қалдықтары арнайы жинағыштарға жиылады, ал сұйық қалдықтары қышқыл ерітінді дайындау үшін өнімдік циклге қосылады.

Жерасты ұңғымалық шаймалау әдісі дәстүрлі карьерлік және шахталық әдістермен салыстырғанда бірнеше артықшылықтарға ие. Жерасты ұңғымалық шаймалау әдісі кезінде жылдық пайдалану шығындары, қызметкерлерге кететін шығындар, кен орындарын құруға кететін негізгі шығындар аз болып келеді. Жерасты ұңғымалық шаймалаудың салдарының қоршаған ортаға әсер ету деңгейі, ең алдымен дәстүрлі әдістермен салыстырғанда, жерасты әдісін пайдалану кезінде кенді жер бетіне шығарумен байланысты қалдықтар қалмайтындықтан азаяды. Бұл кезде шаң пайда болмайды және ауаға шығатын зиянды қалдықтардың да үлесі азаяды. Жерасты ұңғымалық шаймалау әдісі кезінде жер қыртысында 5% радиоактивті элементтер қозғалысқа түсіп, жер бетіне шығады. Ал дәстүрлі әдістерді пайдалану кезінде 100% мобилизация орын алады. Сонымен қатар, дәстүрлі әдістердегідей радиация деңгейі жоғары болып келетін қалдықтарды сақтау үшін арнайы орын дайындаудың қажет жоқ. Жерасты ұңғымалық шаймалау әдісінің негізгі кемшілігі, грунттық сулардың ластануы (қышқылдануы) және грунттық суларда ықтимал зиянды заттардың болуы. Сөйте тұра, шамамен Қазақстанның барлық ураны өндірілетін Оңтүстік Қазақстанның табиғи гидрохимиялық ортасына байланысты судың ластану деңгейіне және жерасты суларының қозғалыс жылдамдығына байланысты шамамен 2-10 жыл ішінде қайта қалпына келу қабілеті бар.

Компанияның деректері бойынша, ол әлемде бір жылдық өндіріс қуаты 1000 тонна болатын жерасты шаймалау кенішін ашып іскен қосқан бірден бір компания болып табылады. Қазіргі таңда Компания қуаттылығы жылына 3000 тонна болатын кен орнын салу үстінде. Техникалық жаңашылдықтар да Компанияға пайдалануға берілген күннен бастап 18 ай ішінде жаңа объектілерде жерасты шаймалау әдісімен сауда өнімдерін алуға мүмкіндік берді. Уран өндірудің барлық процестері механизацияланған және Компанияның тұрақты бақылауында. Компанияның кен орындарындағы техникалық құрал-жабдықтар қазақстандық қауіпсіздік және сапа талаптарына сәйкес келеді. Орта есеппен, Компания кен орындарымен байланысты шығындарын 3-6 жыл ішінде қайтарып алады, ал бұл болса, негізгі деректер бойынша, дәстүрлі әдістерді пайдаланатын қазақстандық басқа кәсіпорындармен салыстырғанда, анағұрлым тез екенін көрсетеді.

Уранды жерасты ұңғымалық шаймалау әдісі бойынша алу жобаларын жүзеге асыру үшін, Компанияға күкірт қышқылының үлкен көлемі керек. Қолда бар күкірт қышқылы 2007 жылдың үшінші тоқсанында Қазақстанның күкірт қышқылын шығаратын зауыттарының бірінде болған өрттің және жаңа зауытты пайдалануға беруді кешіктіру салдарынан айтарлықтай азайды. Осының нәтижесінде уранды жерасты шаймалау әдісімен өндіру жобаларын бөлінетін күкірт қышқылының азайтылған көлемін пайдалана отырып жүзеге асыруға тура келді. Күкірт қышқылының жетіспеушілігі 2008 жылы орын алды, осыған байланысты Компания жеткізілім көздерін екеуден төртеуге жеткізді. Сонымен бірге, күкірт қышқылын шығаратын зауыттардың құрылысы жоспарлануда, кейбірі жүргізіліп те жатыр. « — *Инфрақұрылым*» бөлімін қараңыз.

Инфрақұрылым

Құрылыстың жоғары қарқыны мен кен орындарын пайдалануға беруді қолдау үшін, 2002 жылдан бастап Компания бірнеше инфрақұрылымдық нысандардың құрылысын және жөндеу жұмыстарын жүзеге асырып келеді. Олар:

- 783 шақырымдық электр желісі;
- 13 шағын электр станциясы;
- Жалпы ұзындығы 557 шақырым болатын автомобиль жолдары;
- Сырдария және Арыс өзендерінен өтетін көпір;
- Таукент және Көкшоқы елді мекендерінде, сонымен қатар, Жаңақорған және Тимур станцияларында орналасқан жүк қоймалары;
- 2,5 шақырымдық теміржол станциясы және бөлімшелер.

Оңтүстік Қазақстан облысы тау-кен операторлары үшін электр энергиясын беру және бөлу қызметін «Тау-кен компаниясы» ЖШС (36,55% қатысу үлесі), «Кен Дала.KZ» АҚ, «Қызылқұм» ЖШС, «Қаратау» ЖШС, «Бетпақ Дала БК» ЖШС, «Инкай

БК» ЖШС, «Әппак» ЖШС, «Байкен-У» ЖШС және Ақбастау арасында құрылған «Уранэнерго» ЖШС (бұдан әрі - Уранэнерго) жүзеге асырады. Уранэнергоның негізгі қызметтері – трансформаторлық шағын станциялар, электр энергиясын бөлу жүйелері мен электр тасымалдаудың ауа және кабельдік желілерін салу және пайдалануға беру, сонымен қатар, электр энергиясын беру және бөлу, электр қуатын шығару үшін керекті құрал-жабдықтардың монтажи мен жөнделуі. Уранэнерго 2008 жылы пайдалануға берілді және қазіргі таңда Оңтүстік Қазақстан облысының солтүстік және батыс бөліктерінде қолданыстағы және салынып жатқан уран учаскелерін энергиямен тәуелсіз қамтамасыз ету жобасын жүзеге асырумен айналысуда. 2010 жылдың екінші тоқсанында 110 кВ электр беру резервті желісін пайдалануға беру жоспарланып отыр. Уранэнергоның электр тарату желілері өзіне тиесілі екі электр тарату станциясы арқылы, мемлекеттік электр тарату желілері болып табылатын «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (КЕГОК) АҚ және «Жезқазған электр желісін тарату компаниясы» АҚ-ға қосылған.

Осы Анықтамалықтың мерзіміне, Компания өзің Іркөл, Заречное, Солтүстік Харасан (№1 учаске), Солтүстік Харасан (№2 учаске) және Оңтүстік Қарамұрын сияқты бірнеше кен орындарын күкірт қышқылымен қамтамасыз ету мақсатында, Жаңақорған ауданында (Қызылорда облысы) күкірт қышқылын өндіру зауытының құрылысымен айналысуда. Бұл жобаны жүзеге асыру үшін «СКЗ-У БК» ЖШС құрылды. Оған қатысу үлестері мынадай: Тау-кен компаниясы (49%), SAP-Жарап корпорациясы (32%) және Uranium One Inc. (19%). Зауыттың жобалық қуаттылығы жылына шамамен 500 000 тоннаны немесе бір күнде 1 370 тоннаны құрайды. Құрылыс 2009 жылғы наурыз айында басталған болатын. Пайдалануға беру 2011 жылдың аяғына жоспарланып отыр. Жобаға байланысты шығындардың 24% бірлескен кәсіпорындар қаржыландыратын болады. Ал 76%-ы несиелік қаражат есебінен қаржыландырылады. Жобаның құны шамамен 216,7 млн. АҚШ долларын құрайды.

Компания Тау-кен компаниясы арқылы Степногорскідегі күкірт қышқылын өндіру зауытын қайта жабдықтауға қатысуда. Бұл жобаны жүзеге асыру үшін, «Самрұқ-Қазына» Ұлттық әл-ауқат Қоры (51%), Тау-кен компаниясы (29%) және «СГХП» ЖШС қатысуымен, «Бірлескен кәсіпорын күкірт қышқылы зауыты Қазатомөнеркәсіп» ЖШС салынған болатын. Зауыттың жобалық қуаты шамамен жылына 180 000 тонна, күніне 493 тонна күкірт қышқылын құрайды. Зауыт жөндеуден кейін 2011 жылдың аяғына пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Жобалық қаржыландырудың шамамен 29,3%-ын бірлескен кәсіпорынның қатысушылары тікелей қамтамасыз ететін болады, ал шамамен 70,8%-ы болса шеттен алып пайдалану арқылы қамтамасыз етіледі. Жобаның құны шамамен 65 млн. АҚШ долларын құрайды. Осы екі жобаны жүзеге асыру Компанияның күкірт қышқылына қол жетімділігін жақсартатынына қарамастан, Компания күкірт қышқылын басқа көздерден алуға мәжбүр болады. Бұл жобалар аяқталысымен Компания өз қажеттіліктерінің шамамен 30% қанағаттандырып отырады.

Уран өнімдерін қайта өңдеу

Жерасты шаймалау кезінде өнімді ерітінділер жер бетіне шыққаннан кейін иониналымдық шайыр арқылы әрі қарай сорбциялану үшін жіберіледі. Оның

нәтижесінде өнімді ерітіндідегі уран концентрациясы мың есеге артады. Ерітінділер геотехнологиялық алаңнан магистральды құбыр жолдары арқылы уранның таңдамалы сорбциясы үшін жіберіледі. Уран иониналымдық шайырға енгізілетін ұстындарда уран сорбциясы жүреді. Өнімді ерітіндінің сорбент қабаты арқылы өтуі кезінде уранның сорбциясы жүзеге асады.

Уранға қаныққан және ион сульфаты мен ылғалды будан жуылған сорбент уран десорбциясы операциясына түседі. Десорбция (уранды шайырдан тауарлық десорбатқа айналдыру) ұстындарда жүзеге асырылады, онда уран иониналым шайырынан бөлінеді. Десорбция операциясынан шыққан сорбент қайта жаңару үрдісінен өткеннен кейін сорбциялық ұстынға қайта келеді. Сорбентті бірнеше рет пайдалануға болады. Тауарлық десорбат десорбциялық ұстындардан шығарылады да сарғыш түсіне байланысты «сары кек» деп аталатын табиғи уранның химиялық концентратын, ұнтағын алу үшін арнайы бөлімге жіберіледі немесе кен орнында тиісті өндіріс болған жағдайда уран тотығы мен шала тотығына ауыстырылады. Уранның тауарлық десорбаттан шөгілуі көмір аммонийлі тұзбен немесе каустикалық содамен жүргізіледі. Сары кек алдымен артық ылғалды жою және құрамын 40 немесе 45% көбейту үшін фильтрация және кептіру үшін операцияға жіберіледі, одан кейін контейнерлерге салынады, одан соң табиғи уранның тотығы мен шала тотығын алу үшін аффинаж өндірісіне қайта өңдеуге жіберіледі.

Қазақстанда үш жеке аффинаж зауыты бар, сонымен қатар кейбір кен орындарында жеке аффинаж зауыттары да бар. Жеке аффинаж өнеркәсіптері Компанияның жанама еншілес кәсіпорындары болып табылатын «ҮМЗ» АҚ және «ТГХП» ЖШС, «СГХК» ЖШС орналасқан. Табиғи уранның тотығы мен шала тотығын өндіруге арналған аффинаж өнеркәсіптері Қазақстанда «ҮМЗ» АҚ Қазатомөнеркәсіп кәсіпорындарында орналасқан. Бірақ қайта өңдеу қуаттылығының жетіспеушілігіне байланысты Компанияның кейбір бірлесіп бақыланатын кәсіпорындары мен ассоциацияланған ұйымдары Қырғызстанға «КГРК» ААҚ-ға жібереді.

«Тау-кен компаниясы» ЖШС өндіретін уран тотығы мен шала тотығының 30% «ТГХП» ЖШС, қалған 70% ҮМЗ-да өндіріледі.

Уран тотығы мен шала тотығын өңдеу кәсіпорнының өндіретін учаскеге жақын орналасқан жағдайда тауарлық десорбат ерітінділерінен немесе алыс орналасқан жағдайда табиғи уранның химиялық концентратынан (ТУХК) алады. ТУХК-ны өңдеу кәсіпорындарына жеткізу теміржол көлігі арқылы жүзеге асырылады. Көрсетілген кәсіпорындардан «ТГХП» ЖШС тек тауарлық десорбаттардың, ал «СГХК» ЖШС тауарлық десорбаттарды да, ТУХК-ны да, «ҮМЗ» АҚ және «КГРК» ААҚ тек ТУХК-ны қабылдайды.

Кәсіпорындарда пайдаланылатын табиғи уранның тотығы мен шала тотығын алудың технологиялық сызбалары, белгілі бір технологиялық көрсеткіштері және пайдаланылатын реагенттері бойынша ерекшеленеді, бірақ технологиялық үрдістердің негізінде (i) уранды уранды ерітіндіден экстракциялау/реэкстракциялау, (ii) шөгу, (iii) фильтрация, (iv) термиялық кептіру операциялары жатыр. Қолданылатын

технологиялар өнімнің тұрақты сапасын қамтамасыз етеді. Компанияның пікірінше, «ҮМЗ» АҚ кәсіпорнында пайдаланылатын технологиялар сапасы жақсартылған өнім алуға мүмкіндік береді. Тапсырыс берушінің тілегі бойынша, «ҮМЗ» АҚ уран өнеркәсібі әрі қарайғы өңдеуі конверсиялық зауыттарда қосымша фторлау дайындығын талап ететін қарапайым техникалық уран тотығы мен шала тотығын да, конвертер зауытта тікелей фторлау үшін жарамды уран тотығы мен шала тотығын өндіруге қабілетті. Қазатомөнеркәсіпте пайдаланылатын технологиялардың шетел технологияларынан айырмашылығы осында.

2009-2010 жылдары кәсіпорындардың бір бөлігі, атап айтқанда, «Әппак» ЖШС, «Катко» ЖШС, «Инкай» ЖШС, «Қаратау» ЖШС, «Бетпақ Дала БК» ЖШС өздері өндіретін уранды өңдеуге көше бастады. Аталмыш кәсіпорындарда уран концентратын алудың қарапайымдандырылған жүйесі енгізілді, себебі олар уранды уран ерітіндісінен экстракциялау/реэкстракциялау операцияларын қолданбайды. Кәсіпорындарға енгізілетін жаңа технология әлемдік стандарттарға сәйкес келетін уран тотығы мен шала тотығының сапасын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, бұл кәсіпорындардың өздері өндіретін уранды өңдеп, дайын өнімге айналдыруға көшуі Қазақстандағы өңдеу қуаттылығының жетіспеушілігін жояды.

2009 жылдың аяғына қарай Компанияда өндірілетін табиғи уран тотығы мен шала тотығы, қайта өңдеу кәсіпорындарының аффинажды зауыттарына бөлінген. Олар басқалай көрсетілмесе, Қазақстанда төмендегі ретпен орналасқан:

Кәсіпорын	Компания өнімінің %
Қайта өңдеу кәсіпорындары:	
«Үлбі» АҚ ⁽¹⁾	16.5
«Таукент тау-химия кәсіпорны» ЖШС ⁽¹⁾	8.2
«Степногорск тау-химия комбинаты» ЖШС	20.1
«Қарабалтық тау-кен комбинаты (Қырғызстан Республикасы) ААҚ	16.9
Қайта өңдеу кәсіпорындары барлығы	61.8
Өзіндік қайта өңдеу қуаттылығы бар операторлар:	
«Әппак» ⁽¹⁾ ЖШС	1.4
Бетпақ Дала ⁽²⁾	3.3
«Инкай» ⁽²⁾ ЖШС	8.2
«Қаратау» ⁽²⁾ ЖШС	11.4
КАТКО ⁽²⁾	13.9
Өзіндік қайта өңдеу қуаттылығы бар операторлардың барлығы	38.2
Барлығы	100.0

(1) Компанияның тікелей немесе жанама еншілес кәсіпорындары.

(2) Компанияның бірлесіп басқарылатын немесе ассоциацияланған ұйымдары.

Конверсиялық қызметтер

U_3O_8 қосымша өңдеуден өтпейінше ядролық реакторлар үшін отын ретінде пайдаланыла алмайды. Уранды байытуға кіріспес бұрын, U_3O_8 алдымен газ тәрізді формаға, яғни уранның гексафторидіне (UF_6) айналдыру керек. Байытылғаннан кейін уранның гексафториді ұнтақ түріндегі UO_2 қатты формасына ауысады. Ол таблетка түрінде жиынтықталып, реакторлар үшін отынға айналады.

Өндірілген уранның бір килограммына үшін қосылған құнды өсіру үшін және тұтынушыны отындық-ядролық циклдің толық қызметтерімен қамтамасыз ету мақсатында, Компания конверсиялық қызметтер нарығына шығуды көздеп отыр. Осы Анықтамалықтың мерзіміне, Компания конверсиялық қызметтер көрсетпейді. Көптеген мамандар конверсиялық қызметтер нарығындағы географиялық баланстың (Солтүстік Америка конверсиялық кәсіпорындарының қуаттылығы Еуропа мен Азия кәсіпорындарының қуаттылығынан артық) жоқтығын айтады. 2015 жылға қарай Азия аймағындағы ядролық энергетиканың кең ауқымды дамуы жағдайында бұл дисбаланс тіптен бұзылады. Компанияның пікірінше, оның кәсіпорындарының географиялық орналасуы қосымша мүмкіндіктер тудырады, Азия және Еуропа аймақтарындағы мүмкіндіктерді пайдалануға артықшылықтар береді. Компанияның пікірінше, ол сонымен қатар, конверсиялық қызметтер нарығында бәсекелестікке ие, себебі Қазақстан өзіндік ерекше флюориттік кен орнына ие, ол UF_6 өндірісінде пайдаланылатын сусыздандырылған фторсутегінің шикізаты болып табылады.

Компания конверсиялық қызметтер көрсету мақсатында Самесо компаниясымен бірлескен кәсіпорын - «Үлбі Конверсиясы» ЖШС құрған болатын. Ол қазіргі таңда конверсиялық өнеркәсіпті құрудың техникалық және экономикалық тұрғыдан орынды болатынын не болмайтынын зерттеумен шұғылдануда. *« — Бірлескен кәсіпорындардың жобалары — Самесо — Үлбі Конверсиясының қатысуымен жүзеге асырылатын жобалар» бөлімін қараңыз.*

Байыту бойынша қызметтер

Табиғи уран негізінен екі изотоп қоспасынан тұрады. Табиғи уран изотобының тек 0,7% ғана бөлінетін немесе ядролық бөлінуге, яғни ядролық реакторда энергия бөлінетін үрдіске қабілетті болып табылады. Бөліну кезінде жылу энергиясы бөлініп шығады. Ол кейін электр қуатын өндіруде пайдаланылады. 235 ураны (U-235) уранның бөлінетін изотобы болып табылады. 238 ураны (U-238) табиғи уран изотоптарының қалған 99,3% құрайды. Ядролық реакторлардың көбірек таралған типтері үшін U-235 уранының жоғары концентрациясы қажет. Әдетте 3% - 5% жететін мұндай жоғары концентрация байыту кезінде алынады. Әлемнің бірнеше елінде ғана (Қазақстан олардың құрамына кірмейді) өнеркәсіптік ауқымда қолданылатын байытудың тек екі ғана әдісі бар: газ диффузиясы және газдық центрифугирлеу. Газ диффузиясы және газдық центрифугирлеу кезінде изотоптардың бөлінуі 1% құрайтын U-235 және U-238 салмақта-

рының айырмашылығы есебінен орын алады. Осы үрдістің нәтижесінде байытылған уран гексафториді алынады. Ол кейін ядролық отын ретінде пайдаланылатын байытылған UO_2 өндіру үшін конверсияланады.

Осы Анықтамалықтың мерзіміне Компания байыту бойынша қызметтер көрсетпейді. Сөйте тұра, Компания РесейАтомның 100%-дық еншілес кәсіпорны болып табылатын ресейлік «Техснабэкспорт» ААҚ (бұдан әрі - Технабэскпорт) бірлескен кәсіпорны арқылы, Ресейдің байыту кәсіпорындарынан ТЭН байыту өндірісін алуды жоспарлауда. « — Бірлескен кәсіпорындардың жобалары — РесейАтомның қатысуымен жүзеге асырылатын жобалар – Уран байыту жөніндегі халықаралық орталық» бөлімін қараңыз. 2007 жылдың мамыр айында Компания және РесейАтомның еншілес кәсіпорны Техснабэкспорт бірлескен кәсіпорын құрды. Оның негізгі мақсаты байытылған уранды ядролық қаруы жоқ елдерге сату болып табылады. Ал бұл болса осы елдер үшін өзіндік байыту өнеркәсіптерін құру қажеттілігін жою үшін істелінеді. « - Бірлескен кәсіпорындардың жобалары —РесейАтомның қатысуымен жүзеге асырылатын жобалар» бөлімін қараңыз.

Соңғы өнімді дайындау

Өзінің вертикалды-интеграцияланған компания болу стратегиялық міндетіне сәйкес, Компания отындық таблеткалар, отындық өзектер, отындық жиынтықтар сияқты жоғары шекті уран өнімдерін шығарып, сатумен айналысады.

Ядролық-отындық циклдің байытудан кейінгі келесі кезеңі уран қостотығынан (UO_2) отындық таблеткалар дайындау болып табылады. Отындық таблеткалар атом электр станциялары үшін ядролық отынның негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. Отындық таблеткалар UO_2 ұнтағын шағын ғана цилиндр таблеткаларға нығыздап салу арқылы және одан әрі жоғары температурада (1 400°C-тан жоғары) біріктіру арқылы жасалады. Олардың ядролық реактордың жұмысындағы міндеті таблеткадан электр қуатын шығару үшін турбинаны айналдырып тұрған жылу тасығышқа жылудың үлкен көлемін (атомдық салмағы 235 уран изотобының ыдырау процесінде пайда болады) шығарып, жеткізу. Ядролық энергетикалық құрылымдардың жұмысқа қабілеттілігі және оның экономикалық көрсеткіштері отындық таблеткалардың сапасына айтарлықтай тәуелді. Отындық таблеткалардың сапасы спецификация талаптарына сәйкестігімен ғана емес, сонымен қатар бір таблеткадағы қажетті қасиеттер мен сапалық көрсеткіштердән екіншісінде қайталанып отыруымен анықталады. Таблеткалар қаншалықты бірдей болса (геометриялық өлшемдері, химиялық құрамы, механикалық қасиеттері мен реактордағы жұмыста өзгеріп отыратын жоғары температураларға төзімділігі бойынша), ядролық реактордың жұмысы соншалықты қауіпсіз әрі үнемді болады.

Отындық жиынтықтарды өндіру отындық-ядролық циклдің соңғы кезеңі болып табылады. Отындық таблеткаларды цирконийден жасалған түтікшелерге салу арқылы отындық өзектер алынады, олар жылубөлгіш элементтер деп аталады. Олар ядролық реакторларда пайдалануға дайын жылубөлгіш жиынтықтардың (ЖБЖ) 200 бірлігінен құралады.

Отындық таблеткаларды дайындау – жоғары технологиялық күрделі өндіріс. Ядролық реакторларға арналған ресейлік дизайнға ие отындық таблеткалар батыстық дизайндағы отындық таблеткалардан қажетті талаптар, өндіру технологиясы, өзіндік құны және өндіру тиімділігі бойынша ерекшеленеді. Ресейлік және батыстық дизайндағы ядролық реакторларға арналған отындық таблеткалар бір-бірінің орнын баса алмайды және тек сәйкес реакторларда ғана пайдалануға жарамды. Әлемдегі ең ірі зауыттардың бірі саналатын әрі отындық таблеткаларды шығару қуаттылығына ие Үлбі металлургия зауыты шамамен 40 жыл бойы ресейлік дизайндағы реакторлар үшін отындық таблеткаларды дайындап шығарып отырған. Бірақ 2008 жылы Ресей ҮМЗ-дан отындық таблеткаларды алуды доғарып, ресейлік өндірушілерге көшті.

Үлбі металлургиялық зауыты тек байытылған UF₆ уранынан ғана емес, сондай-ақ уран тотығынан, ураниттерден, уран фторидінен, уран концентратынан, металдық ураннан, құрамында ураны бар скраптар, қалдықтардан және уранның ерімейтін қоспаларынан, соның ішінде дәстүрлі әдіспен қайта өңдеуге келмейтін, жанатын құрамды сіңіргіштерден отындық таблеткаларды дайындау қуаттылығына ие. 2000 жылдан бастап Үлбі металлургия зауытында жылдық қуаттылығы 110 тонна болатын уран скрабын өңдеу бойынша цех жұмыс істейді. Оны, Компанияның пікірінше, қажет болған жағдайда кеңейтуге болады. Үлбі металлургия зауытында трибутил фосфатын алу бойынша жұмыстың жүргізілуіне орай, құрамында UO₂ көп кездесетін және жоғары деңгейде тазартылған өнімдерді өндіру мүмкіндігі бар. ҮМЗ-да уран өнімдерін өндіру үшін пайдаланылатын негізгі реагенттердің қатарына отындық таблеткалармен қатар, Өзбекстаннан әкелінетін аммиак және азот қышқылы, қазақстандық өндірушілерден алынатын трибутилфосфат кіреді. Олар отындық таблеткаларды дайындауға қажетті барлық реагенттердің 90% құрайды. Сонымен қатар, Компанияның қауіптерді азайту мақсатында басқа да өндірушілермен байланысы бар.

ҮМЗ-дағы тұрақты технологиялық дамумен қатар, Компания РФ шекарасынан тыс орналасқан ресейлік дизайндағы реакторларды қоса алғанда, ядролық реакторлардың бірнеше типтеріне арналған өзінің UO₂ ұнтағын (табиғи және аз байытылған) және отындық таблеткаларын әлемдік нарыққа шығаруды маңызды деп анықтады. Компания General Electric (АҚШ) компаниясы үшін UO₂ ұнтағын негізгі тасымалдаушы болып табылады және Жапония, Оңтүстік Корея, Қытай, АҚШ, Франция және Канадада өз өнімін сертификациялаумен белсенді түрде айналысуда. 2007 жылы Компания және CGNPC қытайлық атом электр станциялары үшін отын шығаруда ынтамақтастық туралы келісімге келген болатын. *«-Ынтымақтастық туралы келісім - Қытай»* бөлімін қараңыз. Компания сонымен қатар отынның жаңа түрлері үшін лицензия алу бағытында жұмыс істеуде. Олардың қатарына уран-гадолиндік, уран-нитридтік және уран-бериллийлік отын кіреді. Мұның бәрі ядролық отындық циклға деген өсіп келе жатқан қажеттілікті қанағаттандыру мақсатында жасалуда.

2008 жылғы маусым айында отындық жиынтықтарды өндіру бойынша қуаттылықты дамыту мақсатымен Компания және AREVA Қазақстанда отындық жиынтықтарды өндіруді біріге дамыту туралы келісімге қол қойды. *« - Бірлескен кәсіпорындағы жобалары - AREVA – IFASTAR қатысуымен жүзеге асырылатын жобалар»* бөлімін қараңыз.

Сонымен қатар, 2007 жылы Компания Westinghouse компаниясының 10% алды. Westinghouse – ядролық отынның әлемдік нарығында электр станциялары мен өнеркәсіптік тұтынушылар үшін отынды, қызметтерді, технологияларды, құрал-жабдықтарды, жобалық қызметтерді ұсынушы алдыңғы қатарлы американдық компания. Бұл инвестициялар Компанияның Westinghouse технологиясымен құрылған ядролық реакторларға отын жеткізу саласында позициясын күшейтеді. 2010 жылғы наурыз айына бүкіл әлемде әрекет ететін ядролық реакторлардың шамамен 21% Westinghouse дайындап шығарған реакторларда пайдалану үшін ҮМЗ отындық таблеткаларына сертификация алу үшін өтініш білдірген. Бұл қазіргі таңда қарастырылу үстінде. Компания шығаратын отындық таблеткалардың сертификациядан өтуі жағдайында Компания басқа да отындық таблетка өндірушілермен бәсекеге түсе алады. Бірақ сертификация Компания өнімінің сатылымына кепілдік бермейді.

Компания Westinghouse компаниясының жанама қатысу үлесін алу туралы келісімге сәйкес, егер ҮМЗ-да шығарылатын отындық жиынтықтар Westinghouse сертификациясын алмаған жағдайда, Компания сатылым опционын алады. Сатылым опционына байланысты Компания қатысу үлесінің 67% толық бағасына, ал қалған 37% сату бағасының 90%-на сатып алуы тиіс. Компания сатылым опционын 2013 жылдың 20 ақпанына дейін кез келген уақытта жүзеге асыра алады. Сонымен қатар, келісім сатушыға сатылым опционын да береді. АҚШ Шетел инвестициялары комитеті АҚШ Президентіне Компанияға тиесілі Westinghouse қатысу үлесін сату туралы бұйрық шығаруға кеңес берген жағдайда, Компания өзінің Westinghouse үлесін сатуы тиіс. Сатылым опционын жүзеге асырған жағдайда Компания акцияларды тәуелсіз халықаралық бағалаушы анықтаған бағамен сатуы тиіс.

Геологиялық барлау жұмыстары

Компанияның бірлескен кәсіпорындары жүргізетін геологиялық барлау жұмыстарынан басқа, Компания өзінің еншілес кәсіпорны «Волковгеология» арқылы жеке геологиялық барлау жұмыстарын жүргізеді. Осы Анықтамалықтың мерзімі бойынша, Волковгеология төмендегідей жұмыстарды атқарады:

- іздеу-барлау жұмыстары, уран кен орындарын сараптау;
- барлау және өндіру ұңғымаларын бұрғылау мен жобалау;
- табиғатты қорғау мақсаттарында бұрғылау жұмыстарын жүргізу, соның ішінде тау жыныстары мен жер асты суларының құрамындағы радиактивті элементтерді сараптау;
- геологиялық барлау жұмыстарының жобаларын, техникалық-экономикалық негіздерін және барлау нәтижелері жөнінде есеп дайындау;
- жерасты ұңғымалық шаймалаудың қоршаған ортаға тигізетін әсерін анықтау және радиоэкологиялық зерттеулер жүргізу;

- бұрын алынған геологиялық-геофизикалық ақпаратты кодтау және сандау, мәліметтер қорын жүргізу.

Сонымен қатар, Волковгеология Қазақстанда жүргізілетін радиоэкологиялық зерттеулерге байланысты, басты инспектор әрі сарапшы ретінде Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің (бұдан әрі - ҚОҚМ) атынан қызмет көрсетеді. Волковгеология өзі жүзеге асырып жатқан қызметтеріне байланысты түрлі мемлекеттік мекемелер тарапынан берілген 13 лицензия мен 2 рұқсатнамаға ие.

Волковгеология жер асты және жер үсті геофизикалық барлау (мысалы, гравиметрия, электромагнитометрия, радиометрия), сондай-ақ жер үсті геологиялық-геофизикалық зерттеу әдістерін қолдану арқылы, минерал-индикаторларды жер асты және жер үсті анықтау көмегімен жаңа кен орындарын іздеу мен барлау жұмыстарын жүргізеді. Бұл жұмыстар аяқталған соң, кен орны қорларын алғашқы бағалау мақсатында барлау-бұрғылау жұмыстары жүргізіледі. Кен орнын жобалаудың коммерциялық тиімділігі расталған соң, техникалық-экономикалық сараптама негізінде оның табыстылығын растау мақсатында бұрғылау кестесі құрылады. Жұмыстардың геологиялық-геофизикалық бөлігінің аясында жергілікті ұңғымаларды бұрғылау, инъекциялық ұңғымалар мен өндіру ұңғымаларының алмасушы қатарларынан тұратын ұзындық бойынша орналастыру әдістемесінің негізінде жүргізіледі. Ұңғыма қатарларының арасындағы стандарт аралық – 25x50. Волковгеология жүргізген жұмыстардың нәтижесінде Қазақстанның түрлі аймақтарында 40-тан астам уран кен орны табылды, олардың 19-ы жерасты ұңғымалық шаймалау әдісімен игерілуге қолайлы. 2006 жылы Компания 2030 жылға дейінгі жаңа кен орындарын барлау бағдарламасын бекітті; сонымен қатар, анықталған кен орындарын барлау жұмыстарына байланысты, бұрғылау жұмыстарының көлемі Волковгеология кәсіпорнының геологиялық барлау жұмыстарының көлемінен асып түсті. Компания уран өндіру көлемін жылына 25 000 – 30 000 тоннаға дейін жеткізу арқылы геологиялық барлау жұмыстарының көлемін арттыруды жоспарлап отыр. Соңғы үш жылдың ішінде Компанияның бұрғылау жұмыстарының көлемі үш есе артты. Компанияның мәліметтері бойынша, Волковгеология 2008 жылы 1,7 млн. метрмен салыстырғанда, 2009 жылы 1,9 млн. метрлік бұрғылау жұмыстарын жүргізді.

Қазіргі уақытта Волковгеология Компания, оның бірлесіп басқарылатын кәсіпорындары мен ассоциациялық ұйымдары жүргізетін ірі көлемді барлау жұмыстарына тартылып отыр. 2009 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, бұрғылау қызметінен түскен табыс көлемі Волковгеологияның жалпы табыс көлемінің 85% құрады, ал осы қызмет көлемінің жартысынан астамы Тау-кен компаниясы, КАТКО және «Байкен-У» ЖШС-ға көрсетілген болатын.

Бұрғылау үрдісінің тиімділігін арттыру мақсатында, жақында Волковгеология мен жапондық Marubeni және Koken компаниялары бір ұңғыманы толығымен небәрі 4 күннің ішінде бұрғылап шығуға мүмкіндік беретін алғашқы интеграциялық бұрғылау кешенін дайындады. «Байкен-У» ЖШС К3800 ауыр бұрғылау құрылғысын сатып алды, ал Волковгеология 2009 жылы бұл құрылғыны сынақтан өткізді. Қазіргі уақытта Волковгеология «Байкен-У» ЖШС-мен бұрғылау құрылғыларын сатып алу жөнінде

келіссөздер жүргізіп, 2010 жылдың тамыз айына қарай шамамен 3 млн. АҚШ долларына 2 бұрғылау құрылғысын сатып алуды жоспарлап отыр. Компанияның болжамы бойынша, бұл жаңа кен орындарын барлау жұмыстарының көлемін арттыруға мүмкіндік беріп, өндірістің тұрақты түрде уранмен жабдықталуын қамтамасыз етеді.

Уран шикізаты мен қайта өңделген уран өнімдерін тасымалдау және сату

Тасымалдау

Қазақстанға экспортталатын және Қазақстаннан импортталатын радиоактивті материалдардың тасымалы, радиоактивті және ядролық өнімдердің тасымалы мен қауіпсіздігіне қатысты Ресей Федерациясы мен Қазақстан Үкіметінің арасында қол қойылған түрлі келісімдердің аясында жүзеге асырылады. Уран тотығы мен шала тотығының тасымалы арнайы 20-футтық ауа кірмейтін контейнерлер арқылы жүзеге асырылады, бұл жағдайда контейнерлер белгіленген орнына келгенше бақылауда болады. Сонымен қатар, Компания уран тасымалына қатысты тәуекелдікті сақтандыруды жүзеге асырады.

Компания уран тотығы мен шала тотығын конверсиялау үшін төмендегі белгіленген орындарға жеткізуді жүзеге асырады:

- **Батыс бағыты.** Компания конверсиялық кәсіпорында серіктестермен U_3O_8 айырбасын қарастыратын своп (айырбас) келісімдерінің аясында U_3O_8 тасымалын ConverDyn (АҚШ), Cameco (Канада) және Comurhex (Франция) сияқты батыс компанияларына жүзеге асырады. «— Сатылымдар — Жабдықтау үрдісі және меншік құқығын тапсыру» бөлімінен қараңыз. Алайда, конверсиялық кәсіпорындағы айырбассыз, батыстағы жеткізу орындарына Компанияның тарапынан жеке жабдықтау қажет болса, батыс елдеріне тасымалдау ең алдымен теміржол арқылы Ресейдің Санкт-Петербург станциясына дейін, содан соң теңіз жолымен АҚШ, Канада мен Францияның түрлі кемежайларына және ең соңында теміржол немесе автокөлік құралдары арқылы батыстың конверсиялық кәсіпорындарына жеткізу негізінде жүзеге асырылуы тиіс.
- **Қытай бағыты.** Компания Қытайдағы Хэньян атом станциясын жабдықтау жұмыстарын Қазақстан-Қытай шекарасына жақын Алашанькоу теміржол станциясына дейін жеткізу арқылы жүзеге асырады.
- **Ресейлік бағыт.** Компания федералдық мемлекеттік унитарлық кәсіпорындар болып табылатын «Ангарск электролиздік химиялық комбинат» (АЭХК), «Химиялық кәсіпорындардың Сібір тобы» (ХКСТ) АҚ және «Чепец механикалық зауыты» (РесейАтом) АҚ секілді ресейлік тұтынушыларды жабдықтау кезінде жүкті Шуховская теміржол станциясына дейін жеткізеді, ол жерден жүк Ангарскідегі АЭХК кәсіпорнына, Северскідегі ХКСТ жеткізілу үшін Томск-2 станциясына, Глазовтағы (РФ) «Чепец механикалық зауытына» жеткізілу үшін Глазов теміржол станциясына жөнелтіледі.

- **Аргентиналық бағыт.** Компания Аргентинаға тасымалданатын U_3O_8 -ді Санкт-Петербургтегі (Ресей) «Изотоп» МӨК арқылы жеткізеді, жүктің ары қарайғы тасымалын сатып алушы өзі қамтамасыз етеді.
- **Үнділік бағыт.** 2010 жылы Компания үнділік тұтынушыларға теміржол арқылы Санкт-Петербург станциясына (Ресей) дейін, әрі қарай теңіз көлік құралдары арқылы Мумбай (Үндістан) кемежайына U_3O_8 тасымалдайтын болады.

Аталған жеткізу орындарына дейінгі тасымалдың орташа құны бір килограмм уран үшін 0,5-2,0 АҚШ долларын құрайды.

Жабдықтау мерзімі мен тасымал шығындарын қысқарту мақсатында (іс жүзіндегі жабдықтау мерзімі 100 күн, ал айырбас келісімдерінің негізінде жүзеге асырылатын жабдықтаулардың мерзімі - 25 күнді құрайды), своп (айырбас) келісімін қолданады. « - Іске асыру – Жабдықтау үрдісі және меншік құқығын тапсыру» бөлімін қараңыз.

Сату

Сату және тұтынушылар

Компанияның барлық тапсырыс берушілері ашық компаниялар немесе ядролық энергетика саласының жетекші компанияларының еншілес кәсіпорындары болып табылады. 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған бір жылдың ішінде, Компанияның ірі тапсырыс берушілерінің бестігіне China Nuclear Energy Industry Corporation (Қытай), Nukem Inc. (АҚШ), Korea Hydro & Nuclear Power Company (Оңтүстік Корея), CGNPC (Қытай) және Itochu Corporation (Жапония) компаниялары енді, олардың әрбіреуінің үлесіне Компанияның сату көлемінің 10%, ал бәрін қоса алғанда Компанияның сату көлемінің 86% сәйкес келеді. *«Тәуекелдік факторлары – Компанияның қызметіне қатысты тәуекелдік факторлары – Компания өзінен уран тотығы мен шала тотығының басым бөлігін сатып алатын шектеулі тұтынушыларға тәуелді»* бөлімін қараңыз. Компанияның пікірінше, әлемдегі уранның соңғы тұтынушыларының саны шамамен 80-ге жуық. Компанияның сәттілігіне кепілдік беру мүмкінсіздігіне қарамастан, алдағы уақытта Компания өз тұтынушыларының санын көбейтуді көздеп, қазіргі кезде АҚШ, Жапония мен Еуропадағы ықтимал тапсырыс берушілермен келіссөздер жүргізіп жатыр.

Бұл Анықтамалықтың шығу күніне қарай, Компания қытайлық тапсырыс берушілермен арадағы бар келісімдердің мерзімін ұзарту және тапсырыс көлемдерін арттыру жөніндегі келісімге келу мақсатында келіссөздер жүргізіп жатыр. Келісімдердің біріне немесе екеуіне қатар қол қойылған жағдайда, Компания алдағы уақытта осы тапсырыс берушілерге уран тотығы мен шала тотығының басым көлемін сатуды жоспарлап отыр.

Төмендегі кестеде белгіленген кезеңдегі Компанияның уран өнімін сату мен одан түскен табыс көлемі жөніндегі мәлімет берілген:

31 желтоқсанда аяқталған бір жылдың

Өнім	ішінде		
	2009	2008	2007
	(тонна)		
U ₃ O ₈ сатудың жалпы көлемі	6 536,6	4 311,2	3 583,9
Уран өнімін сатудың жалпы көлемі	7 167,1	4 566,5	4 076,7

Өнім	31 желтоқсанда аяқталған бір жылдың ішінде		
	2009	2008	2007
	(мың теңге)		
	113 305		69 987
U ₃ O ₈ сатудың жалпы көлемі	789	688 923	323
Уран өнімін сатудың жалпы көлемі (U ₃ O ₈ қоса алғанда)	116 643	73 537	78 666
	356	380	700

Еншілес компаниялар және бірлескен кәсіпорындармен арадағы сатып алу-сату келісім-шарттары

Тау-кен компаниясы өндіретін уранды сату, Компания мен тапсырыс берушілердің арасындағы келісім-шарт негізінде жүзеге асырылады.

Төмендегі кестеде бірлескен кәсіпорындар бойынша өндірілген уранды бөлуге қатысты Компания мен оның бірлескен кәсіпорындары арасындағы келісімдер жөніндегі мәлімет келтірілген:

БК ⁽¹⁾ бойынша серіктес, Компанияның атауы және дауыс беруші акциялар немесе қатысу үлесінің %	Уран өнімін бөлу
AREVA	
«КАТКО БК» ЖШС (49%)	Барлық өнім AREVA тарапынан сатып алынады.
Самесо	
«Инкай» ЖШС (40%)	Қатысушыларға уран өнімін сату олардың БК қатысу үлесіне пропорционалды түрде ең көп дегенде 2000 тонна көлемінде жүзеге асырылады. 2000 тоннадан асқан өнім Компания мен Самесо арасында тең бөлінеді.
РесейАтом	
«Ақбастау» АҚ (50%)	Сатуды Компания жүзеге асырады. БК бойынша серіктестің өнімдік үлесін Компания өзі белгілейді.
«Заречное БК» ЖШС (49,67%) ⁽²⁾	Сатуды Компания жүзеге асырады. БК бойынша серіктестің өнімдік үлесін Компания өзі белгілейді.
Uranium One	
Бетпақ Дала (30%)	Қатысушыларға өнімді сату олардың БК қатысу үлесіне пропорционалды түрде жүзеге асырылады.
«Қаратау» ЖШС (50%)	Сатуды Компания жүзеге асырады. Uranium Ore-дың өнімдік үлесін Компания өзі белгілейді.
«Қызылқұм» ⁽³⁾ ЖШС (30%)	Қатысушыларға өнімді сату олардың БК қатысу үлесіне пропорционалды түрде жүзеге асырылады.
Жапондық кәсіпорындар	
«Байкен-У» ⁽²⁾ ЖШС (5%)	Қатысушыларға өнімді сату олардың БК қатысу үлесіне пропорционалды түрде жүзеге асырылады.

**БК⁽¹⁾ бойынша серіктес,
Компанияның атауы
және дауыс беруші
акциялар немесе қатысу
үлесінің %**

Уран өнімін бөлу

«Әппак» ЖШС (65%)

Жапондық энергетикалық компаниялар өнімді толығымен тікелей «Әппак» ЖШС-дан сатып алады, ал Компания агент ретінде әрекет етеді.

CGNPC (Қытай)

«Семізбай-U» ЖШС
(51%)

Beijing Sino-Kaz Uranium Resources Investment Company компаниясы өнімді тек қана CGNPC реакторларында қолдану мақсатында сатып алады.

- (1) Кей жағдайларда, БК бойынша серіктестер қатысу үлестеріне БК бойынша осындай серіктестердің аффилирленген тұлғалары арқылы ие болады.
- (2) БК қатысу үлесінің 0,7% Қырғыз Республикасына тиесілі.
- (3) Energy Asia Limited (B.V.I.) (бұдан әрі - **Energy Asia Limited**) компаниясы арқылы БК жанама қатысушыларына Marubeni Corporation, The Tokyo Electric Power Company, Inc., Toshiba Corp., Chubu Electric Power Co., Inc., Tohoku Electric Power Co., Inc. және Kyushu Electric Power Co., Inc компаниялары жатады.

U₃O₈ уран тотығы мен шала тотығын экспорттау жөніндегі келісім-шарттардың басты ерекшеліктері

Компанияның барлық өнімдері экспортқа шығарылу үшін өндіріледі, ал олардың басым бөлігін U₃O₈ уран тотығы мен шала тотығы құрайды.

Компанияның қол қойған экспорттық келісім-шарттар төмендегілерді қоса алғанда, осы саладағы стандартты шарттар мен талаптардан тұрады:

- **Куәландырулар мен кепілдіктер.** Әрбір келісім-шартта сатып алушының уранды бейбіт мақсатта пайдаланатыны туралы куәландырулар мен кепілдіктерді қамтиды. Уран ядролық қаруы жоқ мемлекеттерге немесе осындай мемлекеттерде жұмыс жасайтын компанияларға сатылған жағдайда, Қазақстан Республикасының Атом энергетикасы комитеті (АЭК) сатып алушы елдің үкіметінен уранды бейбіт мақсатта пайдалану туралы куәландырулар мен кепілдіктер беруін талап етеді.
- **Саны.** Келісім-шарт бойынша міндеттемелердің көлемі, әдетте, бір жылдағы уранның негізгі көлемі (болуы мүмкін ауытқушылықтарды қоса-азайта алғанда) ретінде алынады.

- **Жеткізілім.** Уранды конверсиялық кәсіпорынға жеткізу DDU, Incoterms 2000 шартымен жүзеге асырылады, сонымен қатар, мұндай тапсыру туралы жазба Компанияның есеп-шотынан сатып алушының есеп-шотына конверсиялық кәсіпорынның балансына енгізіледі. « - *Жеткізу тәртібі және меншік құқығын тапсыру*» бөлімін қараңыз. Конверсиялық кәсіпорынның мақсатты міндеті мен жеткізілуі тиіс уран көлемі жеткізілімге дейін бір жыл бұрын анықталады.
- **Төлеу.** Әдетте, төлемдер АҚШ долларымен немесе, бір жағдайда АҚШ долларына қатысты евро түрінде, балансқа жазба енгізу уақытынан бастап 30 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады.
- **Тоқтату.** Тараптар өздерінің келісімдік міндеттемелерін орындамаған жағдайда, *форс-мажорлық жағдайларды есепке алмағанда*, келісім-шарт бұзылады.

Әрбір келісім-шарт қол қойылудан бұрын іріктеу мен тексерістен өтеді. Компания сатып алушының қызметі және уран өнімін қолданудың жоспарланған мақсаты жөніндегі ақпаратты сұрату арқылы ықтимал сатып алушыларды тексереді. Компания қазақстандық заңнама талаптарына сәйкес, АЭК-ға сатып алушылар туралы ақпарат пен мерзімдік есептерді жіберіп тұрады. АЭК қосымша тексеріс пен БҰҰ бекіткен тыйым салынған елдер тізімі және «қара тізіммен» салыстыру жүргізеді, ал бұл болса, сатып алушының жаппай қырып-жою қаруын жасау немесе таратуға қатысының жоқтығына көз жеткізу мақсатында жүзеге асады. Осыдан кейін АЭК келісім-шарт бойынша уранды сатып алуға қатысты алынған ақпаратпен бірге АЭХА-ға есеп тапсырады.

Әрбір келісім-шарт бойынша уран өнімін экспорттауға, Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Атом энергетикасы Комитетінің мақұлдауынан кейін, Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Индустрия Комитетінен экспорттық лицензияның алуынан кейін ғана рұқсат беріледі.

Бағаны қалыптастыру механизмі

Уранның халықаралық нарықтық бағасын бекітуді жүзеге асыратын уран тауарлық биржасы немесе ортақ сауда алаңы жоқ. Спот (айырбас) келісімдері үшін бағаны қалыптастыру мақсатында, әдетте, уран өнімдері үшін апта немесе ай сайынғы баға индикаторлары қолданылады. Ресми бағаларды ағымдағы келісім бойынша нарықтық ақпаратты жинаумен айналысатын мына компаниялар хабарлайды: TradeTech (Денвер, Колорадо, АҚШ), Ux Consulting (Розуэлл, АҚШ) және Energy Intelligence (Дэнбери, Коннектикут, АҚШ). Тасымалдау, конвертерге салып өлшеу және қабылдауға байланысты шығындар ресми бағаның ішіне енбейді. Ux Consulting ресми мәліметі бойынша, 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдың ішінде, айырбас нарығында шамамен 53,8 млн. фунт (шамамен 24 400 тонна) уран тотығы мен шала тотығы сатып алынды. UO_2 , жанармай дәрілері мен жанармай жинақтары үшін мұндай нарықтық индикаторлар орнатылмаған.

Табиғи уранның басым бөлігі ұзақ мерзімді келісім-шарттардың негізінде сатылады. Баға механизмдері келісуші тараптар үшін жабдықтау тұрақтылығы мен бағаның қалыптастырылуын алдын ала болжауды қамтамасыз ету мақсатында қолданылады. Әдетте, ұзақ мерзімді келісім-шарттарда көрсетілген баға споттық бағадан артық болады. Мұның басты себептерінің бірі мынада: келісім-шартқа қол қою кезінде қолданылатын негізгі баға споттық бағаның индикаторына тең немесе одан артық. Алайда, спот бағалардың құбылмалылығы себебінен бұл бағалар кез келген уақытта ұзақ мерзімді келісім-шарттарда қарастырылған бағалардан артық болуы мүмкін, мысал ретінде 2007 жылы уранға деген споттық бағаларға қатысты болған жағдайды келтіруге болады. Негізінде, бағалар басты эскалация әдісімен анықталады. Басты эскалация әдісіне сәйкес, келісім бойынша белгіленген баға негізгі бағаның (i) пайызының сомасы (келісім-шартқа қол қою сәтінде анықталған және арттыру жағына қарай өзгертілген) мен жабдықтау айынан бір ай бұрын жарияланған споттық бағаның (ii) пайызына тең. Басты эскалация әдісіне балама ретінде келісім бағасын нарықтық механизмдерді, атап айтқанда, жабдықтау айына дейінгі айдың соңындағы уранға деген споттық бағаны қолдану арқылы анықтау болып табылады. Нарықтық механизм қолданылған жағдайда, бағаның максималды және минималды шегі орнатылады.

2010-2015 жылдар аралығында қолданылатын келісім-шарттар бойынша, Компания уран өнімінің 60%-ын бағаны қалыптастырудың нарықтық (споттық) әдісі бойынша, ал 40%-ын басты эскалация әдісі бойынша сатады. Компанияның бағаны қалыптастырудың нарықтық әдісін қолдануындағы басымдық, ең алдымен, «Трансферттік бағаны қалыптастыру туралы» заңның қолданылуына тікелей байланысты. *«Қазақстандағы нормативтік реттеу - Бағаны реттеу»* бөлімін қараңыз. Компанияның ағымдағы стратегиясы, мүмкіндігінше, белгіленген бағалардың ұзақ мерзімді қолданылуын қысқарту және 3 жылдан 5 жылға дейінгі орта мерзімді келісім-шарттарға көшуге бағытталған.

2005-2009 жж. Компания тоғыз тұтынушыға U_3O_8 экспорттау туралы 13 ұзақ мерзімді келісім-шартқа ие болды. Ұзақ мерзімді келісім-шарттардың әрекет ету мерзімі 5-7 жылды құрайды. 2010 жылдың 31 наурызындағы мәлімет бойынша, Компания уран тотығы мен шала тотығын экспорттау бойынша 13 ұзақ мерзімді, 5 спот келісімін және 2 своп келісімін жүргізді.

Жеткізу тәртібі және меншік құқығын тапсыру

Компания AREVA, ConverDyn (АҚШ) және Camco компанияларына тиесілі конверсиялық кәсіпорындарының U_3O_8 уран концентратын қабылдауы, өлшеуі, сынақтан өткізуі мен сақтауына келісетіндігі туралы келісім-шартқа қол қойды. Әрбір конвертердің своп (айырбас) мәмілесі бойынша Компания үшін есеп-шоттары бар. Белгіленген аумаққа конвертердің жеткізілуінен кейін, салмақ анықтаудың зауытта қабылданған әдісіне сәйкес уранның сапасын анықтау үшін өлшеу, байқау және сынақтан өткізу жүзеге асырылады. Осыдан кейін конвертер Компанияға уранның соңғы салмағы көрсетілген салмақ жөніндегі сертификатты жібереді, сондай-ақ ол туралы мәлімет Компанияның есебіне жазылады. Компаниядан уранды тарату туралы бұйрық түскен соң, конвертер сатып алушының есебіне уранның салмағы туралы

мәліметті енгізеді. Меншік құқығының Компаниядан сатып алушыға берілу уақыты своп мәмілесі бойынша ақша аударымын жүзеге асыру уақытымен дәл келеді. « — *Тасымалдау*» бөлімін қараңыз.

Бірлескен кәсіпорындардың жобалары

Төмендегі кестеде Компанияның негізгі бірлескен кәсіпорындары, Компанияның осы бірлескен кәсіпорындардағы қатысу үлесі және олардың қызмет аясы туралы мәлімет келтірілген:

**БК⁽¹⁾ бойынша серіктес,
Компанияның атауы және
дауыс беруші акциялар
немесе қатысу үлесінің %**

Қызмет сипаттамасы

AREVA

КАТКО
(49%)

КАТКО Төртқұдық учаскесінде және Мойынқұм кен орнының №1 учаскесінде (солтүстік) уран өндірісін жүзеге асырады. 2008 жылдың 31 желтоқсанындағы мәлімет бойынша, Төртқұдық учаскесі мен Мойынқұм кен орнының №1 учаскесіндегі (солтүстік) А+В+С1+С2 категориялары бойынша біріккен қорлардың көлемі 52 352 тоннаны құраса, 2009-дың 31 желтоқсанында аяқталған жылы осы учаскелердегі уран өндірісінің жиынтық көлемі 3 145 тоннаны құраған болатын.

Integrated Fuel Asia Star
(49%)

Integrated Fuel Asia Star (**IFASTAR**) жылуотатқыш құрылғылар өндірісін салу желілерінің техникалық-экономикалық негізін қамтамасыз етеді.

Самесо

«Инкай» ЖШС
(40%)

«Инкай» ЖШС Инкай кен орнының №1 учаскесінде уран өндірісін, Инкай кен орнының №2 және №3 учаскелерінде геологиялық барлау жұмыстарын жүргізеді. 2008 жылдың 31 желтоқсанындағы мәлімет бойынша, Инкай кен орнының №1, №2 және №3 учаскелерінде А+В+С1+С2 категориялары бойынша бірлескен қорлардың көлемі 159 600 тоннаны құраса, 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылы Инкай кен орнының №1 учаскесіндегі уран өндірісінің жалпы көлемі 916 тоннаны құрады. Инкай кен орнының №2 және №3 учаскелерде тау-кен өндірісін бастауға дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр.

«Үлбі Конверсия» ЖШС
(51%)

«Үлбі Конверсиясы» ЖШС (**Үлбі Конверсиясы**) Қазақстан аумағында жобалық қуаты жылына 12 000 тонна UF₆ құрайтын конверсиялық өндірістің жобасы мен құрылысын аяқтап, қолданысқа тапсыруды жоспарлап отыр. Соңғы келісім-шартқа қол қойылып, өндіріс құрылысы аяқталған жағдайда, Компания кәсіпорындағы жұмыстардың басталуын 2014 жылға, ал өндіріс қуаттарын толығымен іске қосуды 2018 жылға қарай жоспарлап отыр.

РесейАтом

«Ақбастау» АҚ
(50%)

«Ақбастау» АҚ (**Ақбастау**) Буденовское кен орнының №1, №3 және №4 учаскелеріндегі уран өндірісін жүзеге асырады. 2008 жылдың 31 желтоқсанындағы мәлімет бойынша, Буденовское кен орнының №1, №3 және №4 учаскелеріндегі А+В+С1+С2 категориялары бойынша бірлескен қорлардың көлемі 25 100 тоннаны құраса, 2009-дың 31 желтоқсанында аяқталған жылы Буденовское кен орнының №1, №3 және №4 учаскелеріндегі уран өндісінің жалпы көлемі 390,4 тоннаны құраған болатын.

«Заречное БК» АҚ
(49,67%)⁽²⁾

«Заречное БК» АҚ (**Заречное БК**) Заречное кен орнында уран өндірісін жүзеге асырады, 2013 жылға қарай Оңтүстік Заречное кен орнында барлау жұмыстарын бастауды жоспарлап отыр. 2008 жылдың 31 желтоқсанындағы мәлімет бойынша, Заречное және Оңтүстік Заречное кен орындарындағы А+В+С1+С2 категориялары бойынша өндірістің жалпы көлемі 18 694 тоннаны құраса, 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылы Заречное кен орындарындағы уран өндірісінің көлемі 494 тоннаны құрады.

Уран байыту жөніндегі
халықаралық орталық
(10%)

Уран байыту жөніндегі халықаралық орталық (**УБХО**) ядролық қаруы жоқ мемлекеттерде уран байыту кәсіпорындарын құру қажеттілігін жою мақсатында, осы елдерге байытылған уран жеткізілімін жүзеге асырады.

«Уран байыту орталығы»
ЖАҚ (50%)

«Уран байыту орталығы» ЖАҚ (**Уран байыту орталығы**) Ресей Федерациясындағы конверсиондық зауыттарды сатып алудың тиімділігін анықтап, олардың қолданысқа енгізілуін жүзеге асыратын болады.

Uranium One Inc. (Canada)

Бетпақ Дала
(30%)

Бетпақ Дала Ақдала кен орнын және Инкай кен орнының №4 учаскесін игеру жұмыстарын жүргізуде. 2008 жылдың 31 желтоқсанындағы мәлімет бойынша, Ақдала кен орнындағы және Инкай кен орнының №4 учаскесіндегі А+В+С1+С2 категорияларының жалпы қоры 38 230 тоннаны құраса, 2009-дың 31 желтоқсанында аяқталған жылы, осы кен орындарындағы уран өндірісінің көлемі 1 855,1 тоннаны құрады.

«Қаратау» ЖШС
(50%)

«Қаратау» ЖШС Буденовское кен орнында уран өндірісімен айналысады. 2008 жылдың 31 желтоқсанындағы мәлімет бойынша, Буденовское кен орнының №2 учаскесіндегі А+В+С1+С2 категориялары бойынша бірлескен қорлардың көлемі 16 929 тоннаны құраса, 2009-дың 31 желтоқсанында аяқталған жылы осы учаскедегі уран өндірісінің көлемі 1 415 тоннаны құраған болатын.

«Қызылқұм»⁽³⁾ ЖШС
(30%)

«Қызылқұм» ЖШС Солтүстік Харасан кен орнының №1 учаскесінде уран өндірісін жүргізеді. 2008 жылдың 31 желтоқсанындағы мәлімет бойынша, Солтүстік Харасан кен орнының №1 учаскесіндегі А+В+С1+С2 категориялары бойынша уран өндірісінің жалпы көлемі 34 340 тоннаны құраса, 2009-дың 31 желтоқсанында аяқталған жылы осы учаскедегі уран өндірісінің көлемі 102,9 тоннаны құраған болатын.

Жапондық кәсіпорындар

«Байкен-У»⁽⁴⁾ ЖШС
(5%)

«Байкен-У» ЖШС Солтүстік Харасан кен орнының №2 учаскесінде уран өндірісін жүргізеді. 2008 жылдың 31 желтоқсанындағы мәлімет бойынша, Солтүстік Харасан кен орнының №2 учаскесіндегі А+В+С1+С2 категориялары бойынша уран өндірісінің жалпы көлемі 24 824 тоннаны құраса, 2009-дың 31 желтоқсанында аяқталған жылы осы телімдегі уран өндірісінің көлемі 73,1 тоннаны құраған болатын.

«Әппақ»⁽⁵⁾ ЖШС
65%

«Әппақ» ЖШС Мыңқұдық кен орнының батыс учаскесіндегі уран өндірісін жүзеге асырады. 2008 жылдың 31 желтоқсанындағы мәлімет бойынша, Мыңқұдық кен орнының батыс учаскесіндегі А+В+С1+С2 категориялары бойынша уран өндірісінің жалпы көлемі 24 845 тоннаны құраса, 2009-дың 31 желтоқсанында аяқталған жылы батыс учаскесіндегі уран өндірісінің көлемі 304,6 тоннаны құраған болатын.

CGNPC (Қытай)

«Семізбай-U»⁽⁶⁾ ЖШС
(51%)

«Семізбай -U» ЖШС Іркөл және Семізбай кен орындарындағы уран өндірісін жүзеге асырады. 2008 жылдың 31 желтоқсанындағы мәлімет бойынша, Іркөл және Семізбай кен орындарындағы А+В+С1+С2 категориялары бойынша уран өндірісінің жалпы көлемі 46 251 тоннаны құраса, 2009-дың 31 желтоқсанында аяқталған жылы Іркөл және Семізбай кен орындарындағы уран өндірісінің көлемі 510,6 тоннаны құраған болатын.

- (1) Кей жағдайларда, БК бойынша серіктестер қатысу үлестеріне БК бойынша осындай серіктестің еншілес кәсіпорны арқылы ие болады.
- (2) БК қатысу үлесінің 0,7% Қырғыз Республикасына тиесілі.
- (3) 100% Uranium One еншілес кәсіпорнына БК қатысу үлесінің 30% тиесілі, ал қалған 40% Energy Asia Limited-ке тиесілі.
- (4) Қалған 95% Energy Asia Limited иелігінде.
- (5) Қалған 35% Sumitomo Corporation және The Kansai Electric Power Co., Inc. компанияларының иелігінде.
- (6) 11%-ын Компания тікелей, ал 40%-ын Тау-кен компаниясы арқылы иеленіп отыр.

AREVA-ның қатысуымен жүзеге асырылған жобалар

КАТКО

«КАТКО» БК 1996 жылы құрылды. КАТКО БК-ның қатысу үлесінің 49% Компанияның иелігінде, ал 51% AREVA-ның бақылауында. Есептілікті қатысу үлесі әдісі бойынша Компания құрастырады. «КАТКО» БК, негізінен алғанда, Төртқұдық учаскесі мен Мойынқұм кен орнының №1 учаскесінде (солтүстік) геологиялық барлау, өндіру, қайта өңдеу қуаттарының құрылысымен айналысады.

Мойынқұм кен орны 1975 жылы ашылып, 2005 жылы қолданысқа берілді. Кен орнының геологиялық құрылымы, орналасуы мен өзге мәліметтердің сипаттамаларын І Қосымшадан таба аласыз.

Төртқұдық учаскесі мен Мойынқұм кен орындарына байланысты жер қойнауын КАТКО-ның пайдалануына беру жөніндегі келісім-шартқа (өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда) 2000 жылдың 3 наурызында қол қойылды, бұл келісім-шарт бойынша (келісім-шарт мерзімінен бұрын бұзылмаған жағдайда) КАТКО БК-на 2039 жылдың 4 наурызына дейін Төртқұдық учаскесі мен Мойынқұм кен орнында уранды барлау, өндіру, шығару және сату құқығы беріледі. Мойынқұм кен орнының №1 учаскесін (солтүстік) КАТКО-ның пайдалануына беру жөніндегі (өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда) келісім-шартқа 2000 жылдың 3 наурызында қол қойылды, бұл келісім-шарт бойынша (келісім-шарт мерзімінен бұрын бұзылмаған жағдайда) КАТКО БК-ға 2020 жылдың 4 наурызына дейін Мойынқұм кен орнының №1 учаскесінде (солтүстік) уранды барлау, өндіру, шығару және сату құқығы беріледі.

Уран өнімін БК қатысушыларының арасында бөлу жөніндегі ақпаратты «Уран өнімі мен қайта өңделген уран өнімін тасымалдау және сату — Қазақстандағы уран кен орындары — Шу-Сарысу уран өндірісі аймағы» тарауынан қараңыз.

2008 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, Төрткұдық учаскесі мен Мойынқұм кен орнының №1 учаскесіндегі (солтүстік) А+В+С1+С2 категориялары бойынша уран өнімінің жалпы көлемі 52 352 тоннаны құрады.

Төрткұдық учаскесі мен Мойынқұм кен орнының №1 учаскесіндегі (солтүстік) уран өндірісі қышқылдық ионалмастырушы шайырдың қолданылуымен жерасты шаймалау әдісінің негізінде жүзеге асырылады. «Уранды барлау және өндіру - Өндіріс – Уран өндірісі (жерасты шаймалау)» тарауын қараңыз. 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдың ішінде учаскелердегі уран өндірісінің жалпы көлемі 3 145 тоннаға жетті.

2008 жылы Компания мен AREVA компаниясы КАТКО БК-ның уран өндірісін 2039 жылға дейін жылына 4000 тоннаға дейін арттыру жайында келісті.

IFASTAR

2008 жылы Компания уран өндірісі мен жанармай өндірісі салаларында AREVA компаниясымен ынтымақтастық туралы протоколдық келісімге қол қойды. Осы келісімге сәйкес, AREVA компаниясының аффилирленген кәсіпорны болып табылатын AREVA NP SAS компаниясы ҮМЗ-де жанармай мен жанармай қоспаларының өндірісін орнатуда Компанияға техникалық қолдау көрсетеді.

Бірлескен іс-әрекет аясында, Компания мен AREVA NP SAS 2009 жылдың қазан айында IFASTAR атты бірлескен кәсіпорын құрды, бұл БК-ның 49%-ы Компанияға, 51%-ы AREVA NP SAS компаниясына тиесілі. IFASTAR жобалық қуаты жылына 400 тоннаға жететін ҮМЗ-де жанармай қоспалары мен өзге өнімдерді өндіру жөніндегі ТЭН-ді орындау мақсатында құрылған болатын. Аталған 400 тонналық көлемнің түгелімен француз үлгісіндегі реакторларға арналған жанармай қоспаларының өндірісіне жұмсалатыны жоспарланып отыр, ал бұл жанармай қоспаларына арналған жанармай таблеткаларымен Компания, жанармай технологияларымен AREVA қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, тараптардың жоспарлары бойынша, IFASTAR Азияда жұмыс істейтін электр энергиясын өндірушілерге жылына 400 тонна жанармай қоспаларын сататын болады.

Сатесо қатысуымен іске асырылған жобалар

«Инкай» ЖШС

Компания «Инкай» ЖШС қатысу үлесін 1997 жылы сатып алды. «Инкай» ЖШС-нің 40%-ы Компанияға, 60%-ы Сатесо компаниясына тиесілі, аталған БК бойынша

бухгалтерлік есеп үлестік қатысу әдісі бойынша жүргізіледі. «Инкай» ЖШС Инкай кен орнындағы уран өндірісімен айналысады.

Инкай кен орны өзара шектескен үш лицензиялық блоктан тұрады: екі өндіру (№1 және №2 учаскелері) және бір барлау блогы (№3 учаске). 1999 жылдың 20 сәуірінде берілген АҮ №1370D сериялы лицензия №1 учаскеде (16,6 шаршы км-ге жуық) уран өндірісін жүргізуге рұқсат етеді. 1999 жылдың 20 сәуірінде берілген АҮ №1371D сериялы лицензия №2 (шамамен 230 шаршы км) және №3 (шамамен 240 шаршы км) учаскелердегі барлау және барлаудан кейінгі өндіру жұмыстарына рұқсат етеді. «Инкай» ЖШС-нің минералды қорлары №1 және №2 учаскелерде орналасқан. Қазіргі уақытта №3 учаскеде минералды қорларды анықтау мақсатында бұрғылау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Инкай кен орнының №1 учаскесі 1976 ашылып, 2006 жылы қолданысқа берілген болатын. Кен орнының геологиялық құрылымы, орналасуы мен өзге мәліметтердің сипаттамалары I Қосымшада келтірілген.

Инкай кен орнының №1 учаскесін «Инкай» ЖШС-нің пайдалануына беру жөніндегі келісім-шартқа (өзгерістер мен толықтыруларды ескергенде) 2000 жылдың 13 шілдесінде қол қойылды, бұл келісім-шарт бойынша (келісім-шарт мерзімінен бұрын бұзылмаған жағдайда) «Инкай» ЖШС-ге 2023 жылдың 20 сәуіріне дейін Инкай кен орнының №1 учаскесінде уранды барлау, өндіру, шығару және сату құқығы беріледі. «Инкай» ЖШС 2000 жылдың 13 шілдесінде қол қойылған келісім-шарт бойынша (өзгерістер мен толықтыруларды ескергенде) Инкай кен орнының №2 учаскесі мен Инкай кен орнының №3 учаскесінде қазып шығару жұмыстарына дайындық жүргізеді, бұл келісім-шарт бойынша (келісім-шарт мерзімінен бұрын бұзылмаған жағдайда) «Инкай» ЖШС-ге 2029 жылдың 20 сәуіріне дейін Инкай кен орнының №2 және №3 учаскелеріндегі уранды барлау, өндіру, шығару және сату құқығы беріледі. БК қатысушыларының арасында уран өндірісінің көлемін бөлу туралы ақпаратты *«Уран шикізаты мен қайта өңделген уран өнімін тасымалдау және сату – Сату – Өнімді сату жөнінде БК және еншілес кәсіпорындармен арадағы келісім»* тарауынан қараңыз.

2008 жылы Самесо компаниясы «Инкай» ЖШС-ге жобаны игеру мақсатында 370 млн. АҚШ доллары көлемінде қаржы беруге келісті. 2009 жылдың 31 желтоқсанындағы мәліметке сәйкес, осы несиені бойынша қайтарылмаған сома 337 млн. долларды құрады. Жыл сайын «Инкай» ЖШС Самесо компаниясына таратылуға жататын түсімнің 80%-ын жобаны игеруге берілген несиені жабу есебінде төлейді.

2008 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, Инкай кен орнының №1, №2 және №3 учаскелеріндегі А+В+С1+С2 категориялары бойынша уранның жалпы көлемі 159 600 тоннаны құраған болатын.

2009 жылы «Инкай» ЖШС өзінің негізгі қайта өңдеу қондырғысын қолданысқа енгізіп, алғашқы қосымша қондырғыны іске қосу үрдісін бастады. Негізгі қайта өңдеу қондырғысы №1 учаскеде, ал алғашқы қосымша қондырғы №2 учаскеде орналастырылған. Сонымен қатар, №1 учаскеде әкімшілік кеңсе, цехтер, көлік тұрағы, зертханалар, апаттық жағдайларда көмек көрсету қызметі, радиактивтілігі төмен қалдықтар мен тұрмыстық қалдықтар алаңы, инженерлік және құрылыс кеңселері

орналасқан. Сондай-ақ, №1 учаскеде 400 жұмысшыға арналған, қоғамдық тамақтану және демалыс орындарымен жабдықталған қалашық бар. №2 учаскеде кеңсе, кішігірім цехтер мен қоғамдық тамақтану кәсіпорындары орналасқан.

Инкай кен орнының №1 учаскесінде уран өндірісі қышқылдық ионалмастырушы шайырдың қолданылуымен жерасты шаймалау әдісінің негізінде жүзеге асырылады, сондай-ақ бұл әдіс №2 және №3 учаскелерде өндіру жұмыстары басталған жағдайда осы учаскелерде де қолданылатын болады. («Уран өндіру және өңдеу – Өндіріс – Уран өндіру (жерасты ұңғымалық шаймалау)»). 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған бір жылдың ішінде Инкай кен орнындағы №1 учаскедегі уран өндірісінің жалпы көлемі 916 тоннаны құрады.

Анықталған минералды қорларды есепке ала отырып, Инкай кен орнында ұсақтау әдісімен шамамен 48,9 млн. кг U_3O_8 өндіру жоспарланып отыр. Жоспар бойынша, U_3O_8 2,4 млн. кг көлемінде максималды түрде өндіру жүзеге асырылатын болса, Компанияның ойынша, қолда бар қорлар Инкай кен орнының №1 және №2 учаскелерін пайдалану жөніндегі әрбір келісім-шарттың әрекет ету мерзімінің ішінде уранның белгіленген көлемін өндіру үшін жеткілікті. Кенішті пайдаланудың жобалық мерзімі 21 жылды құрайды.

Самесо мен Компанияның арасында 2007 жылдың 29 мамырында қол қойылған, келісімдік күші жоқ өзара түсіністік туралы Меморандум (бұдан әрі – **Самесо Меморандумы**), Инкай кен орнының жылдық өндірістік қуатын шамамен 4700 тоннаға дейін (алайда, әлі бекітілмеген жоспар бойынша) арттыруға бағытталған. Ағымдағы меншік құрылымының өзгеріссіз қалатынына қарамастан, әрбір компания 50% қосымша өндіріс көлемін алады. Өнімділікті арттырудың осы жетістіктеріне жету, Самесо Меморандумын бекіту, түрлі келісулер мен мемлекеттік мекемелердің рұқсатнамаларын алу үшін екі тарап үшін міндетті келісімге қол қою қажет.

«Үлбі конверсиясы» ЖШС

Сондай-ақ, Самесо Меморандумы уран конверсиясын жүргізуге арналған нысан құрылысының ТЭН жобалау және уранды конверсиялау саласындағы өзге де ынтымақтастық жолдарын қарастырады. Самесо жоба үшін конверсия технологиясын беріп, бірлескен кәсіпорынның 49% қатысу үлесіне ие болады. «Үлбі конверсиясы» ЖШС конверсиондық зауыттың ТЭН жобалау және конверсиондық зауыттың құрылысы үшін жауап беретін, 2008 жылы құрылған бірлескен кәсіпорын болып табылады. «Үлбі конверсиясы» ЖШС-нің 51% Компанияға, 49% Самесо-ға тиесілі. «Үлбі конверсиясы» ЖШС ҮМЗ- ні конверсиондық зауыттың орналасу жері ретінде қарастырады. Компанияның пікірінше, ҮМЗ конверсиондық зауыт үшін таптырмас орын, себебі ол фторсутекті қышқыл өндірісі бойынша ірі өндірістік қуат, төртфторлы уран өндірісін жақсы білетін мамандандырылған жұмысшылар, ядролық өндіріс нысандарын жобалауға рұқсат ететін лицензиясы бар ғылыми-зерттеу институты, сапаны тексеру жүйелерінің ISO-9001-2000 стандарттары бойынша сертификатталған жоғары сапалы менеджмент, сондай-ақ іске қосылмаған өндірістік алаңға ие.

Келісімге қол жеткізілген жағдайда, Компания нысандағы конверсия үрдісін 2014 жылы бастап, 2018 жылы толыққанды қуатты өндіріске көшуді жоспарлап отыр. Компанияның жоспары бойынша, конверсиондық зауыттың жобалық қуаты жылына 12 000 тонна UF₆ өндіруге мүмкіндік береді. «Уран өндіру және өңдеу – Конверсиялық қызмет» тарауынан қараңыз.

РесейАтомның қатысуымен жүзеге асырылған жобалар

Ақбастау

«Ақбастау» ЖШС-нің негізі 2006 жылы қаланған болатын. 50 пайыздық қатысу үлесі бойынша Компания мен «Атомредметзолото» АҚ (РесейАтомның еншілес кәсіпорны) Ақбастау құрылтайшылары болып табылады. Ақбастау Буденовское кен орнының №1, №3 және №4 учаскелерінің операторы. Компания Ақбастау бойынша бухгалтерлік есепті үлестік қатысу әдісі бойынша жүргізеді.

Буденовское кен орны 1979 жылы ашылып, 2008 жылы қолданысқа берілді. Кен орнының геологиялық құрылымы, орналасуы мен өзге мәліметтердің сипаттамалары І Қосымшада келтірілген.

2008 жылдың 31 желтоқсанындағы мәлімет бойынша, Буденовское кен орнының №1, №3 және №4 учаскелеріндегі А+В+С1+С2 категориялары бойынша жалпы қор көлемі 25 100 тоннаны құраған болатын.

Буденовское кен орнының №1, №3 және №4 учаскелерін пайдалануға беру жөніндегі келісім-шартқа (өзгерістер мен толықтыруларды ескергенде) 2007 жылдың 20 қарашасында қол қойылды, бұл келісім-шарт бойынша (келісім-шарт мерзімінен бұрын бұзылмаған жағдайда) «Ақбастау» ЖШС-ге 2037 жылдың 20 қарашасына дейін Буденовское кен орнының №3 және №4 учаскелерінде, сондай-ақ 2036 жылдың 20 қарашасына дейін Буденовское кен орнының №1 учаскесінде уранды барлау, өндіру, шығару және сату құқығы беріледі.

Буденовское кен орнының №1, №3 және №4 учаскелерінде уран өндірісі қышқылдық ионалмастырушы шайырдың қолданылуымен жерасты ұңғымалық шаймалау әдісінің негізінде жүзеге асырылады. «Уран өндіру және өңдеу – Өндіріс – Уран өндіру (жерасты ұңғымалық шаймалау)» тарауын қараңыз. 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған бір жылдың ішінде Буденовское кен орнының №1, №3 және №4 учаскелеріндегі уран өндірісінің жалпы көлемі 390,4 тоннаны құрады.

«Заречное» БК

«Заречное» БК 2001 жылы Компания (49,67%), РесейАтом (59,67%) және Қырғыз Республикасының аффилирленген кәсіпорнының (0,66%) қатысуымен құрылған болатын. «Заречное» БК Заречное және Южное Заречное кен орындарының операторы болып табылады. Компания «Заречное» БК бойынша бухгалтерлік есепті үлестік қатысу әдісі бойынша жүргізеді.

Заречное кен орны 1977 ашылып, 2007 жылы қолданысқа берілді. Южное Заречное кен орны 1989 жылы ашылса, оны қолданысқа беру 2013 жылға жоспарланып отыр.

Кен орнының геологиялық құрылымы, орналасуы мен өзге мәліметтердің сипаттамалары I Қосымшада келтірілген.

2008 жылдың 31 желтоқсанындағы мәлімет бойынша, Заречное және Южное Заречное кен орындарындағы А+В+С1+С2 категориялары бойынша жалпы қор көлемі 18 694 тоннаны құрады.

Заречное кен орнын пайдалануға беру жөніндегі келісім-шартқа (өзгерістер мен толықтыруларды ескергенде) 2002 жылдың 23 қыркүйегінде қол қойылды. Бұл келісім-шарт бойынша (келісім-шарт мерзімінен бұрын бұзылмаған жағдайда) «Заречное» БК-на 2027 жылдың 23 қыркүйегіне дейін Заречное кен орнындағы уранды барлау, өндіру, шығару және сату құқығы беріледі. Южное Заречное кен орнын пайдалануға беру жөніндегі келісім-шартқа (өзгерістер мен толықтыруларды ескергенде) 2002 жылдың 20 қарашасында қол қойылды, бұл келісім-шарт бойынша (келісім-шарт мерзімінен бұрын бұзылмаған жағдайда) «Заречное» БК-на 2038 жылдың 20 қарашасына дейін Южное Заречное кен орнының батыс учаскесінде уранды барлау, өндіру, шығару және сату құқығы беріледі.

Заречное кен орнындағы уран өндірісі ионалмастырушы шайырдың қолданылуымен жерасты ұңғымалық шаймалау әдісінің негізінде жүзеге асырылады. «Уран өндіру жіне өңдеу – Өндіріс – Ура өндіру (жерасты ұңғымалық шаймалау)» тарауын қараңыз. Южное Заречное кен орнында барлау жұмыстары әлі басталған жоқ. 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған бір жылдың ішінде, Заречное кен орнындағы уран өндірісінің жалпы көлемі 494 тоннаны құрады.

УБХО

2007 жылы Компания және Техснабэкспорт УБХО-ны құрған болатын, оның басты міндеті ядролық қаруы жоқ мемлекеттерде уранды байыту үрдісінің әскери мақсаттарда жүргізілуін болдырмау үшін осындай мемлекеттерді байытылған уранмен қамтамасыз ету болып табылады. УБХО құрылуын АЭХА мақұлдады. УБХО Сібірдегі «Ангарск электролиздік химиялық комбинат» (АЭХК) атты федералдық мемлекеттік унитарлық кәсіпорында орналасатын болады. Осы Анықтамалықты шығару сәтіндегі мәлімет бойынша, Техснабэкспорт компаниясының акцияларының бір бөлігін сату жүзеге асырылады, соның нәтижесінде Техснабэкспорт қатысу үлесінің 51% иеленетін болады. Армения, Украина, Бельгия, Оңтүстік Корея және Финляндия УБХО-ға деген қызығушылықтарын танытты. Осы Анықтамалықты құру кезіндегі мәлімет бойынша, Армения мен Украинаның жақын болашақта УБХО -ға қосылу үрдісінің аяқталуы күтілуде.

Компания УБХО арқылы Компанияның байыту қуаттарын кеңейтуге мүмкіндік беретін, уран изотоптарын бөлудің анағұрлым экономикалық тиімді ресейлік технологиясына ие болды.

Уран байыту орталығы

Компания мен Техснабэкспорт арасындағы (БК акцияларының 50% үлесімен) бірлескен кәсіпорын Уран байыту орталығы арқылы Ресей Федерациясының жұмыс

істеп тұрған уран байыту кәсіпорындарының басымдырақ өндірістік қуаттарына қол жеткізу мақсатында ТЭН жүргізеді. Уран байыту орталығының негізі 2006 жылы қаланып, қазіргі уақытта орталық жылына 5 млн. ажырату жұмыстары (SWU) көлемінде байытудың жалпы көлемін анықтау қолжетімділігіне ие болудың техникалық-экономикалық негізін қалыптастырумен айналысады. Аталған көлем РФ-ның Қазақстандағы қатысуымен Компанияның бірлескен кәсіпорындарындағы уран өндірісінің толық көлемін байытуға мүмкіндік береді. Дегенмен де, ресейлік байыту зауыттарына бірден қол жеткізу оңай емес, себебі Ресей Федерациясында байыту үрдісі туралы қандай да бір ақпарат мемлекеттік құпия болып саналады. Келісімге қол жеткізілген жағдайда, Компания көп ұзамай UF6 өндірісін бастауды жоспарлап отыр. Осыдан кейін байытылған уран АЭС үшін ядролық жанармай өндірісінде пайдаланылатын болады.

Uranium One қатысуымен жүзеге асырылған жобалар

Бетпақ Дала

«Бетпақ Дала» бірлескен кәсіпорнының негізі 2004 жылы қаланған болатын. Қатысу үлесінің 30%-на ие Компания және Uranium One компаниясының 100% еншілес кәсіпорны ретінде үлестің 70%-на ие «Астана» қазақстандық инвестициялық тобы» ЖШС «Бетпақ Дала» акционерлері болып табылады. «Бетпақ Дала» БК Ақдала кен орны мен Инкай кен орнының №4 учаскесін игеру жұмыстарын жүргізеді. «Бетпақ Дала» БК бойынша бухгалтерлік есепті үлестік қатысу әдісінің негізінде Компания жүргізеді.

Ақдала кен орны 1982 жылы ашылып, 2004 жылы қолданысқа берілді. Инкай кен орны 1976 жылы ашылып, 2006 жылы қолданысқа енгізілді. Кен орнының геологиялық құрылымы, орналасуы мен өзге мәліметтердің сипаттамалары I Қосымшада келтірілген.

Ақдала кен орнын «Бетпақ Дала» ЖШС-ның пайдалануына беру жөніндегі келісім-шартқа (өзгерістер мен толықтыруларды ескергенде) 2001 жылдың 28 наурызында қол қойылды, бұл келісім-шарт бойынша (келісім-шарт мерзімінен бұрын бұзылмаған жағдайда) «Бетпақ Дала» БК-ға 2025 жылдың 28 наурызына дейін Ақдала кен орнындағы уранды барлау, өндіру, шығару және сату құқығы беріледі. Инкай кен орнының №4 учаскесін пайдалануға беру жөніндегі келісім-шартқа (өзгерістер мен толықтыруларды ескергенде) 2005 жылдың 8 шілдесінде қол қойылды, бұл келісім-шарт бойынша (келісім-шарт мерзімінен бұрын бұзылмаған жағдайда) «Бетпақ Дала» БК-на 2028 жылдың 8 шілдесіне дейін Инкай кен орнының №4 учаскесінде уранды барлау, өндіру, шығару және сату құқығы беріледі. БК қатысушыларының арасындағы уран өнімін бөлу туралы ақпарат *«Уран шикізаты мен қайта өңделген уран өнімін тасымалдау және сату – Сату – Өнімді сату жөнінде БК және еншілес кәсіпорындармен арадағы келісім»* бөлімін қараңыз.

2008 жылдың 31 желтоқсанындағы мәлімет бойынша, Ақдала кен орны мен Инкай кен орнының №4 учаскесіндегі А+В+С1+С2 категориялары бойынша қордың жалпы көлемі 38 230 тоннаны құраған болатын.

Летний ауданындағы орталық қайта өңдеу қуаттарынан батысқа қарай 11 км жерде орналасқан өндіру блоктарында ерітінділерді өңдеу үшін қосымша қондырғыларды жобалау басталды. Жобалау жұмысын қолға алған жобалық мекеме қосымша қондырғының жобасын 2010 жылдың екінші тоқсанында аяқтайды деп жоспарланып отыр. Қосымша қондырғы құрылысын бастау 2010 жылға жоспарланып, құрылыс шығындары шамамен 19 млн. АҚШ долларын құрайды. Жобаны аяқтау 2011 жылға жоспарланды. Летний ауданындағы жаңа технологиялық алаңдарда өндіріс жұмыстарын бастау 2011 жылға жоспарланды.

Ақдала кен орны мен Инкай кен орнының №4 учаскесіндегі уран өндірісі қышқылдық ионалмастырушы шайырдың қолданылуымен жерасты ұңғымалық шаймалау әдісінің негізінде жүзеге асырылады. «Уран өндіру және өңдеу – Өндіріс – Уран өндіру (жерасты ұңғымалық шаймалау)» тарауын қараңыз. 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған бір жылдың ішінде осы кен орнындағы уран өндірісінің жалпы көлемі 1 855,1 тоннаны құрады.

«Қаратау» ЖШС

«Қаратау БК» ЖШС Буденовское кен орнының №2 учаскесінде уран өндірісін жүзеге асыру мақсатында 2005 жылы құрылған болатын. 2007 жылдың сәуір айында «Атомредметзолото» ААҚ-ның еншілес кәсіпорны Effective Energy N.V. Компаниядан «Қаратау» БК ЖШС қатысу үлесінің 50% сатып алды. 2009 жылдың шілде айында Uranium One компаниясының 100% еншілес кәсіпорны Uranium One Netherlands B.V. «Қаратау» БК ЖШС қатысу үлесінің 50% сатып алды. Қазіргі уақытта Компания (50%) мен Uranium One Netherlands B.V. (50%) «Қаратау» БК ЖШС-нің акционерлері болып табылады. «Қаратау» ЖШС бойынша бухгалтерлік есепті үлестік қатысу әдісінің негізінде Компания жүргізеді.

Буденовское кен орны 1979 жылы ашылып, 2008 жылы қолданысқа берілді. Кен орнының геологиялық құрылымы, орналасуы мен өзге мәліметтердің сипаттамалары І Қосымшада келтірілген.

2008 жылдың 31 желтоқсанындағы мәлімет бойынша, Буденовское кен орнындағы А+В+С1+С2 категориялары бойынша жалпы қор көлемі 16 929 тоннаны құрады.

Буденовское кен орнының №2 учаскесін «Қаратау» ЖШС-ның пайдалануына беру жөніндегі келісім-шартқа (өзгерістер мен толықтыруларды ескергенде) 2005 жылдың 8 шілдесінде қол қойылды, бұл келісім-шарт бойынша (келісім-шарт мерзімінен бұрын бұзылмаған жағдайда) «Қаратау» ЖШС-ге 2035 жылдың 8 шілдесіне дейін Ақдала кен орнындағы уранды барлау, өндіру, шығару және сату құқығы беріледі. БК қатысушыларының арасындағы уран өнімін бөлу туралы ақпарат «Уран

шикізаты мен қайта өңделген уран өнімін тасымалдау және сату – Сату – Өнімді сату жөнінде БК және еншілес кәсіпорындармен арадағы келісім» тарауын қараңыз.

Алғашқы тәжірибелік-өндірістік қондырғы өз жұмысын 2006 жылдың желтоқсан айында бастаған болса, өндірістік қолданысқа беру 2008 жылдың 1 қаңтарында жүзеге асырылды. Осы уақыттан бастап, өнім өндірісінің көлемін жылына 3000 тоннаға дейін жеткізу мақсатында қондырғының қуатын арттыру жүйелі түрде жүргізіліп отырды.

Компания 2010 жылы 2000 тонна уран өндіруді жоспарлап отыр. Уранды ажыратып алу қондырғысы толығымен бір ғимараттың ішінде орналастырылған, оған жеке жұмысшылар тобы қызмет көрсетеді. Жалпы алғанда, қондырғы техника саласының соңғы жетістіктерімен жабдықталған, ұңғымалар мен қондырғыларды тексеру және бақылау алдыңғы қатарлы технологиялардың негізінде жүзеге асырылады. Элюат ерітіндісінен уран алу кезінде құбырлық экстракция технологиясы қолданылады.

Буденовское кен орнының №2 учаскесіндегі уран өндірісі қышқылдық ионалмастырушы шайырдың қолданылуымен жерасты ұңғымалық шаймалау әдісінің негізінде жүзеге асырылады.. «Уран өндіру және өңдеу – Өндіріс – Уран өндіру (жерасты ұңғымалық шаймалау)» бөлімін қараңыз. 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған бір жылдың ішінде Буденовское кен орнының №2 учаскесіндегі уран өндірісінің жалпы көлемі 1 415 тоннаны құрады.

Қызылқұм

«Қызылқұм» ЖШС Солтүстік Харасан кен орнының №1 учаскесінде уран өндірісін жүргізу үшін 2005 жылы «ҮМЗ» АҚ тарапынан құрылған болатын. 2005 жылы Компания «ҮМЗ» АҚ-нан «Қызылқұм» ЖШС қатысу үлесінің 30%-ын, Uranium One еншілес кәсіпорны Қызылқұмдағы қатысу үлесінің 30%-ын РосАтомның еншілес кәсіпорны «Атомредметзолото» ААҚ-нан сатып алған болатын. 2006 жылы Energy Asia Limited компаниясы «ҮМЗ» АҚ-ның Қызылқұмдағы қатысу үлесінің 40%-ын сатып алды. Қазіргі уақытта «Қызылқұм» ЖШС-нің 30%-ын Компания, 30%-ын Uranium One еншілес кәсіпорны, ал 40%-ын Energy Asia Limited компаниясы иеленіп отыр. «Қызылқұм» ЖШС-нің бухгалтерлік есебін үлестік қатысу әдісінің негізінде Компания жүргізеді.

Солтүстік Харасан кен орны 1979 жылы ашылып, тәжірибелік-өндірістік қолданыс 2008 жылы басталды, өндірістік қазып шығару жұмыстарын бастау 2013 жылға жоспарланып отыр. Кен орнының геологиялық құрылымы, орналасуы мен өзге мәліметтердің сипаттамалары I Қосымшада келтірілген.

2008 жылдың 31 желтоқсанындағы мәлімет бойынша, Солтүстік Харасан кен орнындағы А+В+С1+С2 категориялары бойынша жалпы қор көлемі 34 340 тоннаны құрады.

Солтүстік Харасан кен орнының №1 учаскесін «Қызылқұм» ЖШС-ның пайдалануына беру жөніндегі келісім-шартқа (өзгерістер мен толықтыруларды ескергенде) 2005 жылдың 8 шілдесінде қол қойылды, бұл келісім-шарт бойынша

(келісім-шарт мерзімінен бұрын бұзылмаған жағдайда) «Қызылқұм» ЖШС-ге 2053 жылдың 8 шілдесіне дейін Солтүстік Харасан кен орнының №1 учаскесінде уранды барлау, өндіру, шығару және сату құқығы беріледі. БК қатысушыларының арасындағы уран өнімін бөлу туралы ақпарат *«Уран шикізаты мен қайта өңделген уран өнімін тасымалдау және сату – Сату – Өнімді сату жөнінде БК және еншілес кәсіпорындарымен арадағы келісім»* бөлімін қараңыз.

Солтүстік Харасан кен орнының №1 учаскесіндегі уран өндірісі қышқылдық ионалмастырушы шайырдың қолданылуымен жерасты ұңғымалық шаймалау әдісінің негізінде жүзеге асырылады. *«Уран өндіру және өңдеу – Өндіріс – Уран өндіру (жерасты ұңғымалық шаймалау)»* тарауын қараңыз. 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған бір жылдың ішінде Солтүстік Харасан кен орнының №1 учаскесіндегі уран өндірісінің жалпы көлемі 102,9 тоннаны құрады.

2009 жылы Солтүстік Харасан кен орнының №1 учаскесіндегі уран өндірісі мен технологиялық алаңдардағы өндіру көлемі жоспарланған көлемнен әлдеқайда төмен болды. Технологиялық алаңдардың өнімділігінің төмендеу себептері анықталды. Өндіріске берілген ұңғымалардың қор мүмкіндігі жоспарланған көлемнен төмен болып шықты. Кен орнындағы ұсақ құмның болуынан ұңғымалардың құм астында қалып қоюы, елегіштер жұмысын бақылаусыз қалдыру, ұңғымаларды күрделі жөндеу жұмыстарынан өткізу, ал бұл, өз кезегінде, ұңғымалар дебитінің төмендеуіне әкеп соқтырды. Сонымен қатар, ұңғымаларды теңестіру немесе ретсіз қышқылдандыруды болдырмау мақсатында адам факторының тиімсіз араласуының нәтижесі ретіндегі елегіштердің химиялық бітелуі есесінен де дебиттің төмендеуінің орын алуы әбден мүмкін. Химикаттардың жиналуына байланысты туындаған мәселелерді шешу мақсатында ұңғымаларды тексерудің автоматтандырылған жүйесін енгізу мүмкіндігі қарастырылуда.

Қазіргі уақытта ұңғымаларда елегіш тесіктерінің бекітілген өлшемінен аздаған ауытқулары бар тот баспайтын елегіштер қолданылып жүр, сондай-ақ қазіргі уақытта өндіру жұмыстары жүріп жатқан Маастрихт руда көкжиегіне тән бөлшектердің кішкентай көлемінен туындайтын жағымсыз әсерді жою әдістерін бағалау үрдісі жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар, Солтүстік Харасан кен орнының №1 учаскесінде дебитті арттыру, жұмыс істеп жатқан және болашақ технологиялық алаңдардың жалпы өнімділік деңгейін жақсарту жұмыстарына мамандандырылған түрлі кеңесшілерді тарту жүзеге асырылып отыр.

Солтүстік Харасан кен орнының №1 учаскесіндегі өндіруші технологиялық алаңдардың толыққанды игерілмеу себебінен, түрлі геологиялық көкжиектерде жаңа ұңғымаларды бұрғылау туралы ұсыныс жасалды. Жаңа ұңғымаларды өндіру жұмыстарының басталуы 2010 жылға жоспарланып отыр. Жаңа ұңғымалардың өнімділігін арттыру негізінде, ТЭН бен өндірістік тапсырыстар 2011 жылға қарай орындалып, өндірісті мақұлдауды 2012 жылы ұсыну жоспарланып отыр.

Өзге тараптардың қатысуымен жүзеге асырылған жобалар

«Байкен-У» ЖШС

«Байкен-У» ЖШС-ны 2006 жылы Компания және Energy Asia Limited компаниясы құрған болатын. «Байкен-У» ЖШС Солтүстік Харасан кен орнының №2 учаскесінің операторы болып табылады. «Байкен-У» ЖШС қатысу үлесінің 5%-ын Компания, 95%-ын Energy Asia Limited компаниясы иеленіп отыр; «Байкен-У» ЖШС бойынша бухгалтерлік есепті үлестік қатысу әдісінің негізінде Компания жүргізеді.

Солтүстік Харасан кен орнының сипаттамасын « - *Uranium One қатысуымен жүзеге асырылған жобалар – Қызылқұм*» тарауынан қараңыз, кен орнының геологиялық құрылымы, орналасуы мен өзге мәліметтердің сипаттамалары І Қосымшада келтірілген.

2008 жылдың 31 желтоқсанындағы мәлімет бойынша, Солтүстік Харасан кен орнының №2 учаскесіндегі А+В+С1+С2 категориялары бойынша қордың жалпы көлемі 24 824 тоннаны құрады.

Солтүстік Харасан кен орнының №2 учаскесін «Байкен-У» ЖШС-нің пайдалануына беру жөніндегі келісім-шартқа (өзгерістер мен толықтыруларды ескергенде) 2001 жылдың 1 наурызында қол қойылды, бұл келісім-шарт бойынша (келісім-шарт мерзімінен бұрын бұзылмаған жағдайда) «Байкен-У» ЖШС-не 2054 жылдың 1 наурызына дейін Солтүстік Харасан кен орнының №2 учаскесінде уранды барлау, өндіру, шығару және сату құқығы беріледі.

Солтүстік Харасан кен орнының №2 учаскесіндегі уран өндірісі қышқылдық ионалмастырушы шайырдың қолданылуымен жерасты ұңғымалық шаймалау әдісінің негізінде жүзеге асырылады. «*Уран өндіру және өңдеу – Өндіріс – Уран өндіру (жерасты ұңғымалық шаймалау)*» бөлімін қараңыз. 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған бір жылдың ішінде Солтүстік Харасан кен орнының №2 учаскесіндегі уран өндірісінің жалпы көлемі 73,1 тоннаны құрады.

«Әппақ» ЖШС

2005 жылы Компания (қатысу үлесі 65%), Sumitomo Corporation (20%) және The Kansai Electric Power Co., Inc. (15%) тарапынан құрылған «Әппақ» ЖШС Мыңқұдық кен орнының операторы болып табылады. «Әппақ» ЖШС-ге қатысты бухгалтерлік есепті толығымен Компания жүргізеді.

Мыңқұдық кен орны 1973 жылы ашылып, 1983 қолданысқа берілді. Кен орнының геологиялық құрылымы, орналасуы мен өзге мәліметтердің сипаттамалары І Қосымшада келтірілген.

2008 жылдың 31 желтоқсанындағы мәлімет бойынша, Мыңқұдық кен орнындағы А+В+С1+С2 категориялары бойынша қордың жалпы көлемі 24 845 тоннаны құрады.

Мыңқұдық кен орнының батыс учаскесін «Байкен-У» ЖШС-ге пайдалануға беру

жөніндегі келісім-шартқа (өзгерістер мен толықтыруларды ескергенде) 2005 жылы 8 шілдесінде қол қойылды, бұл келісім-шарт бойынша (келісім-шарт мерзімінен бұрын бұзылмаған жағдайда) «Байкен-У» ЖШС-ге 2034 жылдың 8 шілдесіне дейін Мыңқұдық кен орнының батыс учаскесінде уранды барлау, өндіру, шығару және сату құқығы беріледі.

Мыңқұдық кен орнының батыс учаскесіндегі уран өндірісі қышқылдық ионалмастырушы шайырдың қолданылуымен жерасты ұңғымалық шаймалау әдісінің негізінде жүзеге асырылады. «Уран өндіру және өңдеу – Өндіріс – Уран өндіру (жерасты ұңғымалық шаймалау)» тарауын қараңыз. 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған бір жылдың ішінде Мыңқұдық кен орнының батыс учаскесіндегі уран өндірісінің жалпы көлемі 304,6 тоннаны құрады.

«Семізбай-У» ЖШС

«Семізбай-У» ЖШС 2006 жылы Компанияның 100% еншілес кәсіпорны ретінде құрылды және Іркөл және Семізбай кен орындарының операторы болып табылады. 2008 жылдың қазан айында Компания «Семізбай-У» ЖШС қатысу үлесінің 49%-ын CGNPC компаниясына тапсырды. « - *Ынтымақтастық туралы келісім – Қытай*» тарауын қараңыз. «Семізбай-У» ЖШС-ге қатысты бухгалтерлік есепті толығымен Компания жүргізеді.

Іркөл кен орны 1976 жылы ашылып, 2007 қолданысқа берілді. Семізбай кен орны 1976 жылы ашылып, 2009 қолданысқа берілді. Кен орнының геологиялық құрылымы, орналасуы мен өзге мәліметтердің сипаттамалары I Қосымшада келтірілген.

2008 жылдың 31 желтоқсанындағы мәлімет бойынша, Іркөл және Семізбай кен орындарындағы А+В+С1+С2 категориялары бойынша қордың жалпы көлемі 46 251 тоннаны құрайды.

Іркөл кен орнын «Семізбай-У» ЖШС-ге пайдалануға беру жөніндегі келісім-шартқа (өзгерістер мен толықтыруларды ескергенде) 2005 жылы 14 шілдесінде қол қойылды, бұл келісім-шарт бойынша (келісім-шарт мерзімінен бұрын бұзылмаған жағдайда) «Семізбай-У» ЖШС-ге 2023 жылдың 4 шілдесіне дейін Іркөл кен орнында уранды барлау, өндіру, шығару және сату құқығы беріледі. Семізбай кен орнын «Семізбай-У» ЖШС-ге пайдалануға беру жөніндегі келісім-шартқа (өзгерістер мен толықтыруларды ескергенде) 2006 жылы 2 маусымында қол қойылды, бұл келісім-шарт бойынша (келісім-шарт мерзімінен бұрын бұзылмаған жағдайда) «Семізбай-У» ЖШС-ге 2030 жылдың 2 маусымына дейін Семізбай кен орнында уранды барлау, өндіру, шығару және сату құқығы беріледі.

Іркөл және Семізбай кен орындарындағы уран өндірісі ионалмастырушы шайырдың қолданылуымен жерасты ұңғымалық шаймалау әдісінің негізінде жүзеге асырылады. «Уран өндіру және өңдеу – Өндіріс – Уран өндіру (жерасты ұңғымалық шаймалау)» тарауын қараңыз. 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған бір жылдың ішінде бұл кен орындарындағы уран өндірісінің жалпы көлемі 510,6 тоннаны құрады.

Тау-кен компаниясы қызмет көрсету туралы кәсіпорындар арасындағы келісімнің негізінде «Семізбай-У» ЖШС-ға Іркөл кен орнын игеруге қатысты қызмет көрсетеді. Тау-кен компаниясының еншілес кәсіпорны «Семізбай-У» ЖШС Іркөл және оған тікелей байланысты өндірістік нысандарды жалға алады. Жалгерлік құн, амортизациялық шығындар, меншік салығы, қызмет көрсету мен ұстау шығындарынан тұрады. Жалгерлік құн еншілес кәсіпорын арқылы өндіру жөніндегі қызмет көрсетуді жүзеге асыратын Тау-кен компаниясына «Семізбай-У» ЖШС жүзеге асыратын төлемдердің есесінен алынады.

Тау-кен компаниясының басқаруға қатысты қызметі

Тау-кен компаниясы КАТКО, «Инкай» ЖШС, Ақбастау, «Заречное» БК, Бетпак Дала, «Қаратау» ЖШС, Қызылқұм, «Байкен-У» ЖШС, «Әппак» ЖШС және «Семизбай-У» ЖШС-ны қоса алғанда, Компанияның уран өндіруші барлық бірлескен кәсіпорындарына сенімгерлік басқару бойынша қызмет көрсетеді. 2008 жылдың 17 наурызында қол қойылған басқару жөніндегі келісімге сәйкес, Тау-кен компаниясы Компанияның атынан бірлескен кәсіпорындарға қатысты меншік құқығы мен пайдалану құқығын іске асыруға, БК қызметтеріне қатысты барлық және кез келген мәселелерді шешуге, басқару органдарындағы өзінің өкілдері арқылы БК қызметтеріне қатысты күнделікті жұмыстарға белсенді араласу құқығына ие. Дегенмен де, Тау-кен компаниясының Компанияның бірлескен кәсіпорындардағы қатысу үлесін/акцияларын иелігінен шығару немесе кепілдікке беруге құқығы жоқ. Сонымен қатар, Тау-кен компаниясымен игерілетін әрбір кен орнынан түскен табыстың 200 000 АҚШ доллардан 300 000 АҚШ долларына дейінгі сомадағы қаражат әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобаларға, жыл сайынғы өндірістік шығындардың 1% жергілікті мамандарды оқытуға жұмсалуды тиіс. *«Қызметтің өзге түрлері – Әлеуметтік жобалар».*

Ынтымақтастық туралы келісім

Өзінің ядролық жанармай циклі стратегиясына сәйкес, Компания ядролық жанармай циклінің барлық бастапқы кезеңдерінде қатысу үлесін арттыру мақсатында ынтымақтастық туралы бірқатар келісімдерге қол қойды. Төменде Компанияның түрлі мемлекеттермен ынтымақтастық және инвестициялар туралы халықаралық келісімдеріне шолу жасалған.

Ресей Федерациясы

2006 жылы Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының Президенттері ядролық жанармай өндірісі мен сәйкес инфрақұрылымның құрылысын дамытуға бағытталған атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласында бірлескен мәлімдеме жасаған болатын. Осы Анықтамалықты шығару сәтіндегі мәлімет бойынша, Компания РесейАтом компаниясымен арадағы бірнеше бірлескен кәсіпорындардың қатысушысы болып табылады. *«–Бірлескен кәсіпорындардың жобалары – РесейАтом қатысуымен іске асырылған жобалар»* бөлімін қараңыз.

Қытай

Түрлі ақпарат агенттіктерінің мәліметтері бойынша, Қытай алдағы 20 жылдың ішінде 31 атом реакторын жасап шығару арқылы ядролық энергияның әлемдегі ең ірі өндірушісі және тұтынушысына айналуы көздеп отыр. 2006-2007 жылдардан бастап CGNPC және CNNC стратегиялық серіктестік туралы Компаниямен бірнеше келісімге қол қойды. 2007 жылы CGNPC, CNNC мен Компанияның арасында Компанияның Қытай атом өндірісіне инвестиция салуы және уран өндірісі саласындағы стратегиялық серіктестіктің қағидаларын анықтайтын аралық келісімге қол қойылды.

2008 жылдың қазан айында Қазақстандағы уран кен орындарын бірлесіп игеру және Қытайдың атом электр станцияларына ядролық жанармайды жеткізу жөніндегі келісімге қол қойылды. Бұл келісім бойынша Компания Іркөл және Семізбай кен орындарын игеру жұмыстарын жүргізумен айналысатын «Семізбай-U» ЖШС қатысу үлесінің 49% иелігінен шығарды. *«Бірлескен кәсіпорындардың жобалары – Өзге тараптардың қатысуымен жүзеге асырылған жобалар – «Семізбай-U» ЖШС»* тарауын қараңыз. «Семізбай-U» ЖШС-нің қатысу үлесінің бұл пайызы 234 млн. АҚШ доллары мен қытай ядролық реакторларында қолдану үшін Үлбі металлургия зауытында уран диодоксидінен жанармай таблеткалары мен ұнтақтарды дайындау технологиясын CGNPC тарапынан сертификациялау міндетімен CGNPC еншілес кәсіпорны сатып алған болатын. Осы келісімдердің талаптары бойынша, CGNPC ҮМЗ сертификациясын 2010 жылдың қазан айына дейін қамтамасыз етпеген жағдайда, Компания 2010 жылдың соңына дейін қатысу үлесінің 49%-ын бастапқы баға (түскен пайданың CGNPC-ге тиесілі бөлігін есепке алмағанда) бойынша сатып алу құқығына ие (тараптармен басқа жағдайлар қарастырылмаған болса). Сонымен қатар, Үкімет «Семізбай-U» ЖШС-нің жер қойнауын пайдалануы туралы келісім-шарттардың кез келген біреуін бұзғанда, «Семізбай-U» ЖШС өндіретін уранды экспортқа шығаруға тыйым немесе эмбарго салынғанда немесе Компания тараптар арасындағы кез келген бір келісім-шартты бұзған жағдайда, кез келген уақытта CGNPC еншілес кәсіпорны 2035 жылға дейін қатысу үлесінің 49%-ын бастапқы баға (түскен пайданың Компанияға тиесілі бөлігін есепке алмағанда) бойынша Компанияға қайтарып бере алады. Сондай-ақ, бұл келісімдер бойынша, Компания CGNPC компаниясына уран мен ядролық жанармайдың негізгі жабдықтаушысы болып табылады. Үлбі металлургия зауытын сертификациялаудан кейін, «Семізбай-U» ЖШС өндіретін уран Қытайда конверсия және байыту үрдістерінен өтіп, CGNPC атом станцияларының сұранысын қамтамасыз ету үшін Қазақстанға тасымалданып, Үлбі металлургия зауытында жоғары шекті өнім деңгейіне дейін өңдеуден өтеді.

2009 жылы CGNPC және Компания Қытайдағы атом электр станцияларын салу және тексеру жұмыстарын жүргізу жөніндегі арнайы мамандандырылған компания құру туралы өзара түсіністік Меморандумына қол қойған болатын. Осы Анықтамалықты шығару сәтіндегі ақпарат бойынша, аталған жобаның техникалық-экономикалық негізін дайындау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Компания жыл сайын Қытайға UO₂ ұнтағын шығару қарастырылған ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес, 2009 жылы Қытайға UO₂ ұнтағын шығара

бастады. Ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес, Компания 2010 жылдың төртінші тоқсанынан бастап, Қытайға жанармай таблеткаларын шығаруды жоспарлап отыр. Сондай-ақ, ынтымақтастық туралы келісім бойынша, Қытайдың ядролық реакторларында пайдалану үшін Қытай мемлекеті Компанияның жанармай қоспаларын сертификациямен қамтамасыз етеді. Сертификациялау жүзеге асырылып, Компания сату-сатып алу жөнінде мәмелеге келсе, Компания 2015 жылы Қытайға жанармай қоспаларын шығаруды жоспарлап отыр. Компанияның жанармай қоспаларын сертификаттау, бұл қоспалардың міндетті түрде сұранысқа ие болатындығына кепілдік бермейді.

Компанияның пікірінше, Қытайдың тек отандық компанияларды тарту саясатының аясында бұл мемлекетаралық ынтымақтастықтың мәнісі зор, сонымен қатар, Қытайдағы уран жанармайының нарығына жол ашқан өзге мемлекеттер немесе ядролық реакторларды жабдықтаушылардың саны жоқтың қасы.

Жапония

2006 жылы Компания ядролық жанармай циклінің түрлі салаларында әрекет ететін жапондық компаниялармен әріптестік қатынастардың аясын кеңейткен болатын. Айта кететін жайт, Компания жапон нарығына уран шығара бастаған әлемдегі бірінші компания болып табылады, сондай-ақ Компания Sumitomo Corporation және The Kansai Electric Power Co., Inc. компанияларымен бірлесе отырып, «Әппак» ЖШС бірлескен кәсіпорнын құрды.

2007 Компания мен Жапония арасында Жапонияға уран шығару және ядролық реактордың салынуына байланысты техникалық көмек көрсету туралы келісімдерге қол қойылды. Компания жақын арада UO_2 ұнтағын экспорттауға Kansai Electric Power Co. сертификациясын алуды жоспарлап отыр. Сонымен қатар, Компания жанармай таблеткаларын экспорттау және сертификациялау туралы жапондық тапсырыс берушілермен келіссөздер жүргізуде. Дегенмен де, жанармай таблеткаларын сертификациялау, олардың міндетті түрде сұранысқа ие болатындығына кепілдік бермейді. 2012 жылы Компания Үлбі металлургия зауытынан 18 тонна UO_2 ұнтағын Жапонияға шығаруды жоспарлап отыр.

Сонымен қатар, Компания Жапониямен сирек кездесетін металлдарды өңдеу саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Ақпараттық агенттіктердің мәліметтері бойынша, бүгінгі таңда Жапония сирек кездесетін металлдардың ең ірі импортері болып табылады. 2010 жылдың наурыз айында Компания мен Sumitomo Corporation арасында Summit Atom Rare Earth Company атауына ие болған алғашқы бірлескен кәсіпорын құру туралы келісімге қол қойылған болатын. Бұл даму жобалары Компания мен оның жапондық серіктестеріне Қазақстан аумағында сирек кездесетін металлдардың негізінде жоғары технологиялық өнімдерді шығаруға мүмкіндік береді, ал бұл, өз кезегінде, Компанияның іс-әрекетіндегі жаңа бағыт болып табылады. *«Қызметтің өзге түрлері»* тарауын қараңыз.

Франция

Франция мен Қазақстан мемлекеттері атомд энергетикасы өндірісінде ұзақ мерзімді әріптестікті нығайтуға бағытталған бірқатар қадамдарға барды. Компания AREVA реакторларында қолданылатын жанармай таблеткалары мен UO₂ ұнтағымен жабдықтау үшін AREVA компаниясынан сертификациялауды сұратқан болатын. Сонымен қатар, сертификациялау үрдісін бағалаудың бірінші кезеңі аяқталып, Компания бұл үрдістің 2010 жылдың қазан айына дейін толығымен жүзеге асатынын жоспарлап отыр.

2008 жылы AREVA, КАТКО бірлескен кәсіпорнындағы уран өндірісін 4000 тоннаға дейін арттыру, Үлбі металлургия зауытында жылдық қуаты 400 тонналық жанармай дайындау желісінің құрылысы, өндірілген жанармайды үшінші бірлескен кәсіпорынға сату туралы стратегиялық ынтымақтастық жөнінде Компаниямен келісімге келді. «Уран өндіру және өңдеу — Бірлескен кәсіпорындардың жобалары– AREVA-ның қатысуымен жүзеге асырылған жобалар» атты тарауды қараңыз. 2009 жылы AREVA және Компания ядролық жанармай өндірісі және өнімді азиялық нарықтарға шығарумен айналысатын IFASTAR бірлескен кәсіпорнын құру туралы келісімге қол қойды. IFASTAR БК-ның бас кеңсесі Париж қаласында орналасатын болады. Осы Анықтамалықты шығару кезіндегі мәлімет бойынша, Азияның энергетикалық кәсіпорындарына жанармай қоспаларын сату нарығын бағалау (Компания ресурстары мен ядролық жанармай өндіру бойынша AREVA технологияларын біріктіру арқылы), Үлбі металлургия зауытында жанармай қоспаларын өндіру желісінің құрылысының техникалық-экономикалық негіздемесін дайындау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Үндістан

2009 жылы Компания және NPCIL компаниясы Үндістанға U3O8 шығару, Қазақстан аумағында үнділік үлгі бойынша ядролық реакторлар құрылысының техникалық-экономикалық негіздемесін дайындау туралы келісімге қол қойған болатын. U3O8-бен жабдықтау 2010 басталады.

Дәстүрлі энергия көздері және атом өнеркәсібі

Атом электр станцияларынан басқа, энергия көздерінің негізгі үш түрі бар: гидроэлектр станциялары (ГЭС), жылу электр станциялары (ЖЭС) (мысалы, газ немесе көмірді жағу) және балама энергия көздері (мысалы, жел, күн және биомасса энергиясы). Аталған үш энергия көздерінің ішінде, жылу электр энергиясы ең көп тараған түрдің бірі болып табылады, оны себебі мынада: гидроэлектр станцияларын салуға жарамды аймақтардың басым бөлігі игеріліп қойғандықтан, жаңа гидроэлектр станцияларының салу мүмкіндігі шектеулі, ал балама энергия көздерінің қоршаған орта үшін қауіпсіз әрі үнемі жаңарып отыру қасиеттеріне қарамастан, өндірістік көлемдегі үздіксіз энергия қорын жабдықтау үшін жеткіліксіз болып табылады.

Жылу электр станцияларының бірқатар кемшіліктері бар. Жылу электр станциясында өндірілген энергияның бағасын айтып болжау мүмкін емес, себебі мұндай станциялар жанармай ретінде қолданылатын газ, көмір және мұнайдың болуы мен оның бағасына тікелей тәуелді. ЖЭС-тің тағы бір кемшілігі – қоршаған ортаға

тигізетін кері әсері болып табылады. ЖЭС үлкен көлемде оттегіні тұтынып, көмірқышқыл газының көп көлемін атмосфераға шығарады, ал бұл, ғалымдардың пікірінше, жаһандық жылыну мәселесіне алып келеді.

Жылу электр энергиясымен салыстырғанда, атом энергиясының бірнеше артықшылықтары бар. Атом электр станциялары ЖЭС-ке қарағанда, қоршаған орта үшін қауіпсіз, себебі олар оттегінің көп көлемін тұтынбайды және атмосфераға зиянды заттарды шығармайды. Сонымен қатар, жылу немесе өзге жанармай түрлерінің ірі көлемін пайдалану арқылы өндірілген энергия көлеміндей энергия алу үшін, АЭС-те уранның аз ғана мөлшерін пайдалану жеткілікті. Атом энергиясын өндірудегі негізгі экономикалық тиімділік бағаның тұрақтылығында жатыр. Атом энергиясының бағасы АЭС-тің жұмысына қажетті жанармай құнына соншалықты тәуелді емес. Атом электр энергиясына қойылатын тарифтер өзге энергия көздерімен салыстырғанда, әлдеқайда төмен. Сондай-ақ, уран тасымалы органикалық жанармай тасымалынан біршама оңай болып табылады.

Технологиялардың дамуы АЭС-ке қауіпсіздік шараларын нығайтуға мүмкіндік берді. АЭС қауіпсіздігі – атом энергетикасы және өнеркәсібінің үздіксіз өсімі жағдайында міндетті талаптардың бірі болып табылады. Ядролық реакторлардың жаңа буыны мүлдем қауіпсіз, сондай-ақ, апаттық жағдайда оператордың қолдануы тиіс шаралардың орнына реактордың автоматты түрде сөнуін қарастыратын қорғаныс жүйелерімен жабдықталған.

Уран нарығы

Уранмен жабдықтау

Уран өнеркәсібі уранның басым бөлігін өндіретін бірнеше ірі компаниялардан тұратын шағын сала болып табылады. Уранмен жабдықтау, көбінесе уран өндірушілердің өздері, сондай-ақ екінші реттік сатушылар тарапынан жүзеге асады. 1985 жылдан бастап, уранды тұтынудың жылдық көлемі өндіру көлемінен бірнеше есе асып түсетін болды. WNA мәліметтеріне қарасақ, 2008 жылы жалпыәлемдік уран өндірісі 51 600 тонна U3O8 немесе энергетикалық кәсіпорындардың жылдық сұранысының 68% құрады. Сондай-ақ, WNA жариялаған есептер бойынша, сұраныстың қалған бөлігін екінші реттік сатушылар қанағаттандырды, соның ішінде энергетикалық кәсіпорындардың қолындағы уран шикізатының қорлары есебінен алынды, дегенмен де, бұл қорлар тез таусылуда.

Әлемдік уран қорлары

Уран қорларын жіктеу әлемдік мәліметтердің біртектілігін қамтамасыз ету мақсатында түрлі мемлекеттердің бағаланған қорларын біріктіруге арналған әдістің негізінде жүзеге асырылады. "Әлемдік анықталған қорлар" атауы техникалық-экономикалық және алғашқы техникалық-экономикалық негіздемелерді дайындау үшін жеткілікті болатын тікелей өлшеу жұмыстары жүргізілген уран кен орындарына қатысты қолданылады.

АЭХА Қызыл кітабының мәліметтеріне сүйенсек, 2005 жылдың қорларымен салыстырғанда 2007 жылы Әлемдік анықталған қорлар 17%-ға артып, бір кг уран үшін 80 АҚШ доллары бойынша шамамен 4 456 000 тонна уранды құраса, бір кг уран үшін 130 АҚШ доллары бойынша 5 469 000 тонна уранды құрап, 15%-ға артқан болатын. Бұл өсімнің бір жағынан жаңа кен орындарының ашылуына байланысты болғанына карамастан, көбінесе бұл өсім Әлемдік анықталған қорларды бағалаудың нәтижелерін қайта қарастыруға байланысты болды. "Қызыл кітапта" 2005 жылмен салыстырғанда, 2007 жылдың қорларының өсімі уран бағасының артуының қорлар туралы мәліметтерге тигізетін әсерінің өзгермегені атап өтілді.

Әлемдік уран өндірісінің көлемі

Географиялық жағынан алып қарағанда, уран өндірісі негізінен Канада, Австралия мен Қазақстан аумағында шоғырланған. 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдың ішінде, осы елдердегі өндірудің жалпы мөлшері әлемдік көлемнің шамамен 70% құраған болатын.

Жабдықтау болжамы

Жұмыс істеп тұрған және жаңа кеніштерден басқа, ядролық жанармайды екінші реттік сату көздерінен алуға болады. Екінші реттік сату көздері тауар нарықтарында да, уран нарығында да кеңінен қолданылады. 1985 жылдан бастап, екінші реттік сату көздерінің есесінен сұраныс пен ұсыныстың арасындағы айырмашылық қысқартылып келеді. Екінші реттік сату көздеріне:

- энергетикалық кәсіпорындар, өндірушілер және жанармай нарығының өзге де қатысушыларының қорларының артығы;
- мемлекеттік және әскери қорлардың артығы;
- қайта өңдеуден өткен өзге өнімдер (мысалы, екінші рет өңдеуден өткен уран) жатады.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін, жабдықтау деңгейі ірі уран кенішінің өндіріс көлеміне тең келетін ядролық қарудың әлемдік қорлары жабдықтаудың маңызды көзіне айналды. Дегенмен, мұндай екінші реттік сату көздерінің көлемі қысқарып, уақыт өте келе мүлдем таусылады.

Уранға деген сұраныс

Негізгі тұтынушылар: Ядролық реакторлар

U_3O_8 көбінесе АЭС үшін жанармай ретінде пайдаланылады. Реакторларға арналған уранға деген сұраныс негізінен электр энергиясына деген сұранысқа тікелей тәуелді орнатылған қуатқа байланысты. 2009 жылғы Бүкіләлемдік ядролық қауымдастықтың (WNA) мәліметтері бойынша, әлемдегі барлық ядролық реакторлардың уранды тұтынуы кезінде уранның жылдық көлемі 65 мың тоннаны

құраған болатын. Сондай-ақ, WNA есептеріне сәйкес, 2010 жылдың бірінші тоқсанында электр энергиясына деген әлемдік сұраныстың 15%-ын қамтамасыз еткен 438 ядролық реакторлар жұмыс істеп, 13 мемлекетте 50 ядролық реактордың құрылысы жүргізілді.

АЭХА Қызыл кітабының мәліметтеріне сүйенсек, соңғы уақыттағы атом энергиясын пайдалануға қатысты қызығушылықтың артуына байланысты, көптеген елдер уранға деген жалпы сұраныстың артуына алып келетін ірі ядролық бағдарламаларды дамыту стратегияларын жүзеге асыруды қолға алды. Жасалған болжамдар бойынша, уранға деген сұраныс жаңа ядролық реакторлардың салынуы мен олардың қолданысқа берілуіне байланысты арта түседі. Сондай-ақ, уранға деген сұраныс, орнатылған қуаттылықтың бұрынғы деңгейде қалуына қарамастан, қолданысқа берілген атом электр станциялары мен ядролық жанармай циклы бар кәсіпорындардағы өндіріс өнімділігінің өзгеруіне тікелей байланысты болмақ. Уран сұранысына ықпал ететін өзге факторларға атом электр станцияларының қажеттіліктері, жанармай циклы мен жанармайдың жанып біту ұзақтығы, сондай-ақ табиғи U3O8 бағасы мен байыту жөніндегі қызмет көрсетулердің қатынасын оңтайландыру стратегиясы жатады.

Сұраныс болжамдары

2020 жылдан кейін ядролық жанармайдың өндірістік қуаттарының жетіспеушілігі орын алады деп болжанып отыр. Болашақта ірі өсім мүмкіндігімен алдағы онжыл ішінде уран өндіру, өңдеу және конверсиялау бойынша қызмет көрсетудің орташа өсімі атом энергетикасының жалпы дамуының есесінен жүзеге асырылады. Болжанып отырған өсім, негізінен, АЭС өндіретін электр энергиясына деген сұраныстың арту есесінен қамтамасыз етіледі.

Уранға деген сұраныстың артуын уран бағасының көтерілуі тежей алады, оның нәтижесінде ядролық кәсіпорындар уранды байыту бойынша қызмет көрсетудің басым бөлігін пайдалану мен пайдаланылатын уран көлемін қысқартуға тырысатын болады. Уранды байыту зауыттарының қуаты ажырату жұмыстарының бірлігі SWU-мен өлшенеді. Уранды байытуға қажетті SWU көлемі қайта өңдеуден өтетін уранның көлемі (i), оны байыту дәрежесі (ii), қайта өңдеуден өткеннен кейінгі U-235 атомдарының шоғырлануына (iii) тәуелді. Бұл факторлар өзіндік құны төмен байытылған уранның қажет көлеміне байланысты өзгеруі мүмкін. Сәйкесінше, уранға деген сұраныс SWU салыстырмалы құнына тәуелді болмақ. Уранға деген сұраныстың артуын конверсиялық өндіріс есесінен қысқартуға болады. Қазіргі уақытта конверсия қызметке деген әлемдік сұраныс қолданыстағы конверсиялық қуаттардың әлемдік көлемінен әлдеқайда артық.

Ux Consulting агенттігінің мәліметтері бойынша, 1995-2003 жж. аралығында бір фунт U₃O₈-дің орташа жылдық споттық бағасы 8,20-15,61 АҚШ долларын құрады. 2003 жылдан бастап орташа бағалар өзгермелі бола бастады. Төмендегі кестеде Ux Consulting агенттігінің мәліметі бойынша, көрсетілген уақыт аралығындағы U₃O₈-дің орташа споттық бағалары келтірілген:

Жыл	U₃O₈ бағасы
	(доллар/ фунт)
2004.....	18,56
2005.....	28,52
2006.....	49,27
2007.....	99,33
2008.....	61,75
2009.....	46,23
2010 (қаңтар – ақпан).....	42,13

Бәсекелестік

Уран өндіру және өңдеу өнеркәсібіне жоғары бәсекелестік тән, сондай-ақ, бұл өнеркәсіпте халықаралық нарықта өзара бәсекелесуші аздаған компаниялар әрекет етеді. 2009 жылы уран өндірісінің әлемдік көлемінің 70% мына елдердің үлесінде болды: Қазақстан (14 020 тонна немесе 28%), Канада (11 997 тонна немесе 24%) және Австралия (9 413 тонна немесе 19%).

2009 жылы U₃O₈ өндірісінің әлемдік көлемінің шамамен 85%-ын тоғыз өндіруші қамтамасыз еткен болатын. Көпшілікке жария етілген ақпараттың негізінде, Компанияның негізгі бәсекелестері AREVA компаниясы (8600 тонна немесе әлемдік қордың 17%), Camco (8000 тонна немесе әлемдік қордың 16%) және Rio Tinto (5 400 тонна немесе әлемдік қордың 11%) компаниялары болып табылады. UO₂ ұнтағын сату нарығындағы Компанияның негізгі бәсекелестері AREVA (Франция), Westinghouse (АҚШ) және «Атомэнергопром» компаниясының еншілес кәсіпорны «ТВЭЛ» ААҚ (Ресей) болып табылады.

«Үлбі Конверсиясы» ЖШС іске қосылған жағдайда, конверсиялық нарықтағы Компанияның негізгі бәсекелестері AREVA (Франция), Comurhex (Франция), ConverDyn (АҚШ) және Атомэнергопром (Ресей) компаниялары болмақ. Жанармай таблеткаларын сату нарығындағы Компанияның негізгі бәсекелестері AREVA (Франция), Westinghouse (АҚШ), МСЗ (Ресей) және CNNC (Қытай) болып отыр.

Электр энергиясы, жылу мен тұщы су өндірісі

2003 жылы Компания Каспий теңізінің жағалауында, Ақтау қаласында орналасқан ірі энергетикалық комбинат МАЭК-ты сатып алды, мұндағы басты көзделген мақсат: МАЭК-те орнатылған БН-350 реакторы болып табылады. 1968 салынған МАЭК БН-350 реакторынан басқа, жылу электр станциялары, көпкешенді тазарту және тұщыландыру қондырғылары бар электр энергиясы мен тұщы су

өндірісінің бірыңғай кешенін құрайды. Сондай-ақ, МАЭК Маңғыстау облысындағы заңды және жеке тұлғаларға электр және жылу энергиясы мен тұщы судың жалғыз жабдықтаушысы болып табылады. Бұл аймақта Компания ешбір өзге іс-әрекетпен айналыспайды.

МАЭК өндірістік қуаттары бір сағат ішінде 900 МВт электр энергиясын, 1000 Гкал жылу энергиясын және бір тәулік ішінде 180 000 тонна су өндіруге мүмкіндік береді. Аймақтағы тұщы су тапшылығы жағдайында комбинат облыс халқы мен кәсіпорындарын тұщыландырылған сумен (Каспий теңізінен алынған су термикалық өңдеуден өткізіледі) қамтамасыз етеді. МАЭК өзінің өндірістік қуаттарын сақтау және жаңарту жұмыстарын жүргізу мақсатында, алдағы бес жылдың ішінде 81,6 млн. АҚШ доллары көлемінде инвестиция салуды жоспарлап отыр.

МАЭК ірі тұтынушыларының қатарында комбинат табысының 30%-ын қамтамасыз етіп отырған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «МаңғыстауМұнайГаз» АҚ мен «Қаражанбасмұнай» АҚ сияқты ірі мұнай-газ компаниялары бар. Өнеркәсіптік тұтынушылармен арадағы келісім-шарттар несие тәуекелдігін азайту мақсатында бір жылдық мерзімге жасалып, электр энергиясының келісілген көлемінің 50% үшін алдын ала төлеуді қарастырады.

МАЭК электр энергиясын жіктеу желілерінің шектеулі мүмкіндіктеріне байланысты, облысты электр энергиясының шектеулі көлемімен қамтамасыз етуге мәжбүр болып отыр. Электр энергиясын жіктеудің жеке желісінің жоқтығынан, МАЭК өз тұтынушыларына электр энергиясын жеткізу үшін мемлекеттік кәсіпорындар болып табылатын «Атырау электр тарату тораптары компаниясы» АҚ мен «Маңғыстау электр тарату тораптары компаниясы» АҚ қызметіне жүгінеді. МАЭК Маңғыстау облысындағы электр энергиясы, жылу мен тұщы судың жалғыз қайнар көзі болғандықтан, МАЭК орнататын коммуналдық қызмет көрсетулердің бағасы антимонопольдық заңнамаға сәйкес бекітіледі, ал бұл өз кезегінде экономикалық тиімділіктің төмендеуіне алып келеді. Сонымен қатар, аталған аймақтағы жанармай (бензин) жабдықтаушыларының аздығынан, МАЭК қызметіндегі негізгі шикізат болып табылатын жанармай (бензин) тапшылығы мәселесі туындайды. 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдың ішінде, жанармай сатып алу шығындары комбинаттың жалпы шығындарының 43%-ын құрады.

2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдың ішінде МАЭК Компанияның жалпы кірісінің қалыптасуына айтарлықтай үлес қосқанымен (жылына 13,9%), МАЭК-ке қатысты Компанияның жалпы табыс көлемі небары 4,6% құраған болатын. Ең алдымен, бұл тарифтік реттеуге байланысты болып отыр. «Қазақстандағы нормативтік-құқықтық реттеу – Бағаны реттеу» бөлімін қараңыз. Компанияның болжауынша, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді негізде МАЭК-тің табыс, өндіріс, түсім және шығындарының көлемі тұрақты болмақ.

МАЭК-тің қолданыстан шығарылған ядролық реакторы және оған қатысты мәліметтері ғылыми қауымдастықтың қызығушылығын тудырмай қоймады. БН-350 1972 қолданысқа беріліп, 1999 жылы қолданыстан шықты. БН-350 реакторын қолданыстан шығару үшін, ең алдымен, радиактивті қалдықтардың сақталуын, содан кейін құрылғыны бөлшектеуді қамтамасыз ету қажет. Осы Анықтамалықтың шығу

кезіндегі мәлімет бойынша, тараптар радиоактивтік қалдықтарды сақтау әдісі мен орнын анықтау жұмыстарын жүргізіп жатыр. АҚШ энергетика министрлігі мен ҚР энергетика, индустрия және сауда министрлігінің арасында 1999 жылы қол қойылған келісім бойынша, бірнеше үкіметаралық бағдарламалар, соның ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына техникалық көмек көрсету Бағдарламасы (ТАСИС) және АЛЬСТОМ, сондай-ақ Үкімет тарапынан қаржыландырылатын өзге де бағдарламалар аясында БН-350 реакторына қызмет көрсету үшін қаржыландыру қамтамасыз етілді. Қазіргі уақытта, БН-350 реакторын қолданыстан шығару үрдісі бастапқы кезеңде, Компанияның болжауынша 2018 жылы аяқталуы тиіс радиоактивті қалдықтарды қауіпсіз сақтау орнын дайындау жұмыстары жүргізіліп жатыр. МАЭК-те орналасқан радиациялық технологиялар мен техникалық диагностика орталығы ғылыми зерттеулер, жалпы тексеру және бақылау, сондай-ақ БН-350 реакторын жөндеу және оған қызмет көрсетумен айналысады. Қаржылық есептерге ескертулердің 41(с) Ескертуін қараңыз. *«Тәуекелдік факторлары – Компанияның қызметіне қатысты факторлар – Компания Қазақстанның Ақтау қаласындағы БН-350 реакторына байланысты жауапкершілікке тартыла алады».*

Қызметтің өзге түрлері

Бериллий

Ураннан басқа, Компания бериллий өнімдерін де шығарады. 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған бір жылдың ішінде бериллийді сатудан түскен табыс көлемі Компанияның жалпы табысының 1,7%-ын құраған болатын. Ең жеңіл металлдың бірі бериллий болаттан да берік және оның балқу температурасы алюминийдің балқу температурасынан жоғары. Көбіне бериллий ұшу құрылғыларының басты бөлшектерінің бірі ретінде әуе және ғарыш өнеркәсібінде кеңінен қолданылады. Сондай-ақ, ол реактивті ракеталардың жанармай форсуноктарында, медицина, атом және электрон өнеркәсіптерінде қолданылады.

Бериллий өндірісі 1951 жылы рудалық концентраттарды өңдеуден бастап бериллий құймаларын өндіруге дейінгі бериллийді өңдеудің толық циклдік жүйесі бар әлемдегі үш зауыттың бірі Үлбі металлургия зауытында басталған болатын. «ҮМЗ» АҚ Кеңес Одағы заманынан қалған бериллий рудасының ірі қорларына ие, бұл көлем қазіргі өндіріс қарқынымен алдағы 15 жыл бойы зауыттың қажеттіліктерін қамтамасыз етуге әбден жеткілікті. Қазіргі уақытта Компания бериллий өндірісімен айналысып жатыр. ҮМЗ-де құрылған технология бериллий шикізатының кез келген түрін изотропты қасиеттері бар өнімдерді қоса алғанда, бериллий өнімінің алуан түрлі қорытпалары мен өнімдерін жасап шығаруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, кәсіпорында бериллий тотығын карботермикалық қалпына келтіру әдісі арқылы жез-бериллий қорытпаларын өндірудің экономикалық тиімді технологиясы қолданылады. Компания өндіретін бериллий өнімдері мен қорытпалары ISO 9001:2000 және EN 14001:2004-ке сәйкес сертификатталған. ҮМЗ-де бериллий өнімін шығару үшін қолданылатын реагенттердің 70%-ын құрайтын негізгі реагент ретінде жез қолданылады. ҮМЗ-ге қажетті жез «Қазақмыс» АҚ-дан алынады. Сондай-ақ, Компания ресейлік жез жабдықтаушыларымен де жұмыс істейді.

2009 жылдың 31 желтоқсанындағы Компанияның көпшілікке қолжетімді және жеке ақпаратқа негізделген бағалауы бойынша, әлемдік жабдықтаудың 20%-ына сәйкес келетін таза бериллий мен бериллий қорытпаларын қоса алғанда, әлемдік бериллий нарығында үшінші орын алатын ірі компания аталды. 2009 жылы Компания 1997 жылғы 1 608 тоннамен салыстырғанда, бериллий өнімін сату көлемін 884 тоннаға дейін қысқартты. Бұл, ең алдымен, Brush Wellman компаниясымен қол қойылған келісім-шарттың әрекет ету мерзімінің аяқталуымен және оның қайта жаңартылмауымен тікелей байланысты. Бериллий өндірісі саласындағы Компанияның басты мақсаты нарықтағы иеленген орындарды нығайту, уран-бериллий жанармайын өндіру арқылы инновациялық өнімдерді жаңа нарықтарға шығару болып табылады.

Төмендегі кестеде таза бериллий мен бериллий қорытпаларын қоса алғанда, бериллий нарығындағы өнімді сату жөніндегі ақпарат келтірілген:

31 желтоқсанда аяқталған бір жылдың

Бериллий өнімінің сатылуы	ішінде		
	2009	2008	2007
Тонна.....	884,0	× 608,0	1 486,8
Мың тенге.....	2 951 628	5 032 396	4 854 094
Компанияның жалпы табыс көлемінің %	1,7	4,0	4,1

Бериллий нарығы

Компания өндіретін бериллий өнімінің негізгі тұтынушылары Ulba-China (Қытай), Tropag (Германия), «БериллиУМ» АҚҚ (Ресей), Yingtan Ulba Shine Metal Materials (Қытай), «Базальт» ААҚ (Ресей) және Freedom Alloys (АҚШ) компаниялары болып табылады. 2009 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, Компания бериллий өнімін жабдықтау бойынша 35 келісім-шартқа қол қойды, олардың 20-сы қысқа мерзімді (әрекет ету уақыты бір жыл) және 15-сі орта мерзімді (әрекет ету уақыты бір жылдан астам) келісім-шарттар болып табылады. 2009 жылы бериллий өнімін тұтынудың әлемдік көлемі 160 тоннаны құраған болатын, ал оның 105 тоннасын немесе 65,6%-ын Brush Wellman компаниясы, 45 тоннасын немесе 28,1%-ын Компания өндіреді. Бериллий нарығындағы жетекші орындарды негізгі үш ірі ойыншы алып отыр: Brush Wellman, SKS Nonferrous Metals Group Co. және Компания. Бериллий лигатуралары мен қорытпаларының басым бөлігі Батыс Еуропа, Қытай мен Ресей тұтынушыларына агенттер немесе олардың жеке кәсіпорындары (Компанияның қатысуымен құрылған кәсіпорындар) арқылы жеткізіледі. Бериллий өнімдерін сату, келісім-шартқа қол қою кезіндегі сыртқы жағдайларға байланысты бекітілетін баға бойынша келісім-шарттардың негізінде жүзеге асырылады. Негізгі сатылатын өнім жез, алюминий мен никель қоспалары болатын қорытпаларды сату келісім-шарттары бойынша, бериллий бағасы мен қорытпадағы бериллийдің үлес салмағының көбейтіндісіне жабдықтау айынан бір ай бұрын Лондон биржасындағы негізгі металл бағасының қосындысы өнімнің бағасын береді.

Тантал

Тантал ҮМЗ-де өндіріледі, 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған бір жылдың ішінде, тантал өнімін сатудан түскен пайда Компанияның жалпы табысының 2,7%-ын құрады. Тантал – жылу мен электрді жақсы өткізетін баяу балқитын, оңай штампталатын, қышқыл коррозиясына төтеп беру қасиеті жоғары металл. Тантал ұнтағы негізінен тантал конденсаторлары сияқты электрондық элементтерді өндіруде пайдаланылады. Тантал конденсаторларының негізгі тұтынушылары ұялы телефондар, дербес компьютерлер мен автокөлік электроникасын өндірушілер болып табылады. Басқа металлдармен қоспа түзген кезде тантал металл өңдеу құрылғыларын жасау немесе реактивті қозғалтқыштардың құрамдас бөлшектері үшін арнайы қорытпаларды дайындау кезінде қолданылуы мүмкін.

ҮМЗ тантал өндірісі бойынша өз өндірістік қуаттары бар әлемдегі ең ірі және ТМД-дағы жалғыз зауыт болып табылады. ҮМЗ тантал рудасын өңдеуден бастап, дайын өнім өндіруге дейінгі толық өндіріс циклына ие. Компания өндіретін тантал, тантал қоспалары мен дайын тантал өнімі ISO-9001:2000-ға сәйкес сертифицикатталған. 2009 жылдың 31 желтоқсанындағы көпшілікке қолжетімді және Компанияның жеке ақпаратына негізделген мәлімет бойынша, Компания танталды жабдықтаудың жалпыәлемдік көлемінің шамамен 12%-ын өндіретін төртінші ірі компания болып табылады. Осы Анықтамалықты шығару сәтіндегі мәлімет бойынша, ҮМЗ тантал өнімін өндірудің жылдық қуаты 1 154 тоннаны құрады.

Компания өзінің тантал кен орындарына ие болып отырғанына қарамастан, қазіргі уақытта экономикалық тиімділіктің төмендігінен бұл кен орындарында өндіріс жұмыстары жүргізіліп жатқан жоқ. Сәйкесінше, Компанияның тантал шикізатын беретін өзіндік қоры жоқ. Компания тантал гидроксидін жабдықтау бойынша «Соликама магний зауыты» ААҚ және тантал скраптарын жабдықтау бойынша «ВостокМашКомплект» АҚБ-мен ұзақ мерзімді келісім-шарттарға қол қойды. Сонымен қатар, Компания алыс-беріс шикізатын қайта өңдеу бойынша Н.С.Starck Inc (АҚШ) және Н.С.Starck GmbH (Германия) компанияларымен ұзақ мерзімді келісім-шарттарға қол қойды. Рудалардан металл алынған соң, тантал, ең алдымен ұнтақ және қорытпаларға дейін өңделіп, содан кейін дайын өнім шығарылады.

ҮМЗ-де қолданылатын өңдеудің икемді технологиясы тантал рудасының кез келген түрін, соның ішінде берік рудаларды өңдеуге арналып, осындай рудалардан тазалығы 99,99%-ды құрайтын, сапасы тапсырыс берушілердің талаптарына сәйкес келетін тантал рудасын өндіруге мүмкіндік береді. Тантал Үлбі металлургия зауытында фторсутек қышқылы мен күкірт қышқылы сияқты арнайы химиялық реагенттерді пайдалану арқылы өндіріледі.

Төмендегі кестеде тантал өнімін көрсетілген уақыт аралығында сату жөніндегі мәлімет келтірілген:

Тантал өнімін сату	31 желтоқсанда аяқталған жыл		
	2009	2008	2007
Тонна.....	158,5	265,7	177,9
Мың тенге.....	4 811 288	5 072 023	2 731 279
Компанияның жалпы табысының %	2,7	4,0	2,3

2008-2009 жж. Компанияның тантал өндірісіне салған инвестицияларының жалпы көлемі 11 млн. АҚШ долларын құрады. Бұл инвестициялар негізінен технологияларды дамыту, сыйымдылығы жоғары тантал ұнтақтарын өндіру, тантал өндіріс қуаттарын техникалық жаңарту жұмыстарына салынды.

Тантал нарығы

2009 жылдың 31 желтоқсанындағы мәлімет бойынша, Компанияның ірі тапсырыс берушілерінің қатарында AVX (Чех Республикасы), Vishay (Израиль), «Оксид» АҚҚ (Ресей), «Элеконд» ААҚ (Ресей), «Мезон» АҚҚ (Ресей), H.C. Starck (Германия), Tosoh SMD (АҚШ), MRC-Praxair (АҚШ/Франция) және Nikko Materials (Жапония) компаниялары болды. Танталды сату мен қайта өңдеу жөніндегі келісім-шарттар бір жылдық мерзімге құрылады. Бір реттік жабдықтау келісім-шарттары жыл сайын қайта қарастырудан өтеді. Компанияның экспорттық келісім-шарттарының баптары тантал нарығының әлемдік стандарттарына сәйкес келеді. Келісім-шарттарда белгіленетін бағалар жеке тәртіп бойынша анықталады, себебі тантал биржалық тауарлардың қатарына жатпайды, сондай-ақ, әлемдік бағалар туралы ресми дәл ақпарат жоқ. Сонымен қатар, Компания өз бәсекелестерінің кейбіреулеріне танталды қайта өңдеу жөнінде қызмет көрсетеді. Компанияның тантал өнімін өндірудің толық циклді жүйесіне ие негізгі бәсекелестерінің қатарында H.C. Starck (Германия), Cabot Supermetals (АҚШ) және Nigxia Non-ferrous Metals Smelter (Қытай) компаниялары бар.

Әлеуметтік жобалар

Компанияның негізгі басымдықтарының бірі - «Қазатомөнеркәсіп-Демеу» ЖШС (бұдан әрі – Қазатомөнеркәсіп-Демеу) еншілес кәсіпорны арқылы уран өндірісі шоғырланған аймақтардағы халықтың дамуы мен өсуіне жәрдемдесу болып табылады. «Қазатомөнеркәсіп-Демеу» ЖШС-нің негізгі міндеті – әлеуметтік инфрақұрылымдарды қалпына келтіру және дамыту, кадрларды даярлау, денсаулық сақтау саласында қызмет көрсету, кіші және орта бизнесті дамыту және қолдау көрсету, аймақты көгалдандыру және көркейту, сондай-ақ мәдени және спорттық іс-шараларды өткізу болып табылады. Қазатомпром-Демеу Компания және оның Франция, Жапония мен Ресейдегі шетелдік серіктестері құрған өкілденген қор арқылы қаржылық қолдауға ие болады. Қорға арналған салымдар кен орындарын пайдалану жөніндегі келісімдерде қарастырылған әлеуметтік міндеттеме болып табылады. *«Қазақстандағы нормативтік-құқықтық*

реттеу – Қазақстандағы жер қойнауларын пайдалануды реттеу – Жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісім-шарттар» тарауын қараңыз.

2007-2009 жж. аралығындағы Қазатомөнеркәсіп-Демеудің Оңтүстік-Қазақстан облысының Созақ, Отырар, Бәйдібек аудандарындағы және Қызылорда облысының Жаңақорған мен Шиелі аудандарындағы жобаларды қаржыландыруға жұмсаған қаражат көлемі 3,5 млрд. теңгені құрады. Әрбір аудан үшін толығымен Компания есебінен қаржыландырылатын жеке әлеуметтік бағдарлама құрылады. Компанияның пікірінше, Қазақстанның шалғай аудандарындағы тұрмыс жағдайы ядролық энергетикалық өнеркәсіптің дамуына байланысты болмақ. Компания өндірістік нысандарға жақын орналасқан аудандардың халқы мен жұмысшыларының тұрмыс жағдайын жақсартуға мүмкіндік беретін әлеуметтік қызмет көрсетулерді жалғастыруды жоспарлап отыр.

Сот істерін қарау

Осы Анықтамалықтың шығу сәтіндегі мәлімет бойынша, Компания қандай да бір маңызды сот істерін қараушы тарап болып табылмайды.

2009 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті Бас Прокуратураның бақылауымен Компанияның бұрынғы бірінші басшысы мен оның оққағарына қатысты тергеу ісін бастады. Сонымен қатар, прокуратураның мәлімдеуі бойынша, 2010 жылдың наурыз айында Компанияның бұрынғы бірінші басшысын заңсыз қаржы айналымы жөніндегі айыптау бойынша, жаңа тергеу ісі қозғалды. *«Тәуекелдік факторлары – Компанияның қызметіне қатысты тәуекелдік факторлары – Компания басқармасының бұрынғы төрағасы заңсыз іс-әрекет жасағаны үшін айыпталып, тергеуге алынды»* бөлімін қараңыз.

2010 жылы Компания Оңтүстік Қазақстан облысының ауданаралық арнайы экономикалық сотына «Кең Дала.KZ» АҚ-ның кен орындарын пайдалану жөніндегі келісім-шартына заңсыз енгізілген өзгерістерді жарамсыз деп тану туралы арыз-шағым жасады. Енгізілген өзгеріс бойынша Мыңкұдық кен орнының орталық учаскесін пайдалану құқығы «Кең Дала.KZ» АҚ иелігіне берілуі тиіс. 2010 жылдың 18 ақпанында аудандық соттың шешімімен келісім-шарт өз күшін жойып, аталмыш учаске Тау-кен компаниясына қайтарылды. Осы Анықтамалықты шығару кезіндегі мәлімет бойынша, «Кең Дала.KZ» АҚ соттың шешімін бұзу туралы шағым түсірген жоқ, дегенмен де, бұл «Кең Дала.KZ» АҚ немесе оның қандай да бір аффилирленген тұлғаларының алдағы уақытта сот шешіміне қарсы шағым білдірмеуінің кепілі емес.

Сақтандыру

Компания қол қойған сақтандыру келісімдері мен сақтандыру сомалары ҚР заңнамасына сәйкес келеді. Компания өзінің кей активтерін іріткі салу мен террорлық актілерден басқа, өрт, найзағай, жарылыс пен жер сілкіністеріне қарсы сақтандырды. Сондай-ақ, Компания өз қызметкерлерін медициналық сақтандыру және Компания өнімдерін тасымалдау кезінде орын алуы мүмкін қайғылы жағдайларға қарсы сақтандыру жөніндегі келісімдерге қол қойды. *«Тәуекелдік факторлары – қызметіне*

қатысты тәуекелдік факторлары – Компанияның сақтандыру көлемі қолданыс кезіндегі ықтимал қауіп пен күтпеген ақаулардың нәтижесінде орын алатын шығындардың орнын толтыру үшін жеткіліксіз болуы мүмкін» бөлімін қараңыз.

Ақпараттық технологиялар

Компанияның ақпараттық және технологиялық жүйелерін, ақпараттық технологиялар бағдарламаларын құру және енгізу, ақпараттық технологиялардың жобаларына қатысты техникалық талаптарды құру, ақпараттық жүйелердің енгізілуі мен қолданылуын бақылау, Компанияның ақпараттық және телекоммуникациялық инфрақұрылымының үздіксіз қызметін қамтамасыз етуге жауап беретін ақпараттық технологиялық департаменті басқарады.

2009 жылы Компанияның (оның еншілес кәсіпорындарын қоспағанда) ақпараттық технологияларға жұмсауды жоспарлаған бюджеттік шығындары 18,6 млн. теңгені құрады, оның ішінде 3,9 млн. теңге құрал-жабдықтарды жаңартуға, 2,0 млн. теңге бағдарламалық қамсыздандыруды жаңартуға жұмсалды. Компания алдағы уақытта ақпараттық технологиялар жүйесін жаңарту мен қызмет көрсету жұмыстарын жалғастыруды жоспарлап, осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін 2010 жылдың бюджетінен 16,0 млн. теңге көлемінде қаражат бөлді.

Резервтік көшірудің ішкі рәсімінің аясында Компания күнделікті және апта сайын жеке серверге жүйелік мәліметтер қорының резервтік көшірмесін жасауды жүзеге асырады. Ай сайын барлық ақпарат дискілерге көшіріліп, жеке сақтауға жіберіледі. Компанияның негізгі әкімшілік ғимараттан тыс орналасқан апаттық жағдайларда ақпаратты қалпына келтірудің арнайы орталығы жоқ.

Қызметкерлер құрамы

2009 жылдың 31 желтоқсанындағы мәліметке сәйкес, 2007 жылғы 18 148 адам және 2008 жылғы 18 676 адаммен салыстырғанда, Компанияда жұмыс істейтін қызметкерлердің (уақытша жұмыс істейтін қызметкерлерді қоса алғанда) саны 18 093 адамды құраған болатын. Төмендегі кестеде берілген уақыт аралығындағы Компания қызметкерлерінің жіктелуі жөнінде мәлімет берілген:

Жұмыс беруші	31 желтоқсандағы мәлімет		
	2009	2008	2007
Компания.....	272	263	250
Тау-кен компаниясы.....	3 760	3 594	3 715
«ҮМЗ» АҚ.....	4 766	6 110	6 078
МАЭК.....	4 233	4 105	4 145
Компанияның өзге еншілес кәсіпорындары	5 062	4 604	3 960
Барлығы.....	18 093	18 676	18 148


Компания қызметкерлерінің мүддесін екі бірдей кәсіподақ қорғайды. «Қазатомөнеркәсіп» уран өндірісінде жұмыс істейтін қызметкерлердің кәсіподағы 2006 жылы құрылған болатын, 2009 жылдың 31 желтоқсанындағы мәлімет бойынша, оның құрамында 733 мүше бар (негізінен, Компания мен Тау-кен компаниясының жұмысшылары). ҚР атом энергетикасы, өнеркәсіп пен бір-бірімен байланысты салалардың жұмысшыларының кәсіподағы 1992 жылы құрылды, 2009 жылдың 31 желтоқсанындағы мәлімет бойынша, оның құрамында 8 699 мүше бар (негізінен, Волковгеология компаниясы, «ҮМЗ» АҚ, МАЭК және Тау-кен компаниясының жұмысшылары).

МЕНЕДЖМЕНТ

Басқару органдары

Компанияның басқарушылық құрылымына толығымен Үкіметтің иелігіндегі жалғыз акционер Самрұқ-Қазына, оның директорлар кеңесі, басқарма және басқарма төрағасы кіреді. Басқарма мен басқарма төрағасы Компанияның ағымдағы басқарылуы үшін жауап береді.

Төменде осы Анықтамалықтың шығу сәтіндегі мәлімет бойынша, Компанияның ұйымдастыру құрылымы мен негізгі бөлімшелері келтірілген:



Жалғыз акционер

Компанияның жалғыз акционері, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғам туралы» заңы мен «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» заңында (Самрұқ-Қазына қоры туралы заң), Компанияның жарғысы, Самрұқ-Қазына әл-ауқат қорын құру және

оның Қазақстан экономикасындағы ролі мен қызметі туралы Елбасының бұйрықтары мен Үкімет жарлықтарында көрсетілгендей, акционерлердің жалпы жиналысының қызметін атқарады. Қараңыз: *“Акционерлік капитал, Самруқ-Қазына қорын ұйымдастыру және байланысты тараптармен жасалатын операциялар”*.

Мұндай функцияларға, сонымен қатар, төмендегілер жатады:

- Компанияның жарғысына енгізілетін кез келген өзгерістерді бекіту;
- Компания аудиторларын тағайындау;
- Компанияның жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- Компанияның дивидендтерді төлеуін бекіту;
- Компанияның акционерлік капиталының кез келген артуын бекіту;
- Директорлар кеңесінің мүшелерін тағайындау; басқарма төрағасын тағайындау;
- Компанияның өзге заңдық тұлғалардың акцияларын сатып алуын (мұндай заңдық тұлғаларды ұйымдастыру немесе өзге жағдайларда) және Компанияның сатып алу немесе қатысу үшін қолма қол немесе заттай төленген қарама-қарсы қанағаттандыру сомасы Компания активтерінің баланстық құнының 25%-ынан асып түсетін бірлескен кәсіпорындарды құруға қатысуын бекіту.

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі жалпы Компанияның қызметіне жетекшілік етеді, Компанияның саясаты мен стратегиясын басқарады және Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғам туралы» заңы мен «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» заңы және Компанияның жарғысына сәйкес жалғыз акционердің жеке құзыретіне жататын мәселелерден өзге Компания қызметінің барлық бағыттары бойынша шешім қабылдауға құзырлы. Атап айтқанда, жоғарыда айтылғандардан басқа, директорлар кеңесінің өкілеттілігіне төмендегілер жатады:

- Компанияның мақсаттарын бекіту және Компания стратегиясын бекіту;
- Компания мен оның бюджетін дамыту жөніндегі аралық жоспарларды бекіту;
- Басқарма мүшелерін тағайындау;
- Компанияның облигациялар мен деривативтерді шығару шарттарын бекіту;
- Компания активтерінің баланстық құнынан 25% артық Компания активтерін сатып алу, сыртқа шығару немесе директорлар кеңесінің барлық мүшелері транзакцияларға мүдделі тараптар болған жағдайлардан өзге (мұндай жағдайларда шешімді жалғыз акционер бекітуге тиіс), сыртқа шығару мүмкіндігімен тікелей байланысты негізгі транзакцияларды және қызығушылық танытқан тараптардың транзакцияларын бекіту;

- Компанияның өз капиталының 10%-ынан асып түсетін сомаларға қатысты міндеттемелерді иеленуіне қатысты транзакцияларды бекіту;
- Компанияның өзге заңдық тұлғалардың акцияларының 10% және астамын сатып алуларын бекіту;
- Қатысу үлесінің/акциялардың 10% немесе одан көп бөлігі Компанияға тиесілі кез келген ұйымның жалпы жиналысының акционерлері/қатысушыларының құзыретіне жататын кез келген мәселелерді, соның ішінде еншілес кәсіпорынды қайта құру немесе жою, компанияның еншілес кәсіпорнының барлық активтерін кепілдікке беру, еншілес кәсіпорынның директорлар кеңесінің мүшелерін тағайындау, тағайындалған сыйақының көлемі мен құзыреттің таралу мерзімін анықтау, қатысу Компания активтерінің баланстық құнының 25%-ынан асып түскен жағдайда еншілес кәсіпорынның өзге компанияларды құруға қатысуын бекіту, еншілес кәсіпорынның атқарушы органын бекіту және еншілес кәсіпорынды сенімгерлік басқаруға тапсыру мәселелерін шешеді.

Директорлар кеңесінің мүшелері жалғыз акционердің шешімімен үш жылдық мерзімге тағайындалып, екі жыл бойы қатарынан үш жылдық мерзімде мұндай лауазымды иеленген директордың кез келген қайта сайлануын жеке қарастыру шарты сақталған жағдайда, сансыз рет қайта сайлана алады.

Жалғыз акционердің өкілі ретінде тағайындалған (ұсынылған) немесе акционер емес жеке тұлға директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлана алады. Мұндай директорлардың саны директорлар кеңесі мүшелерінің 50%-ынан аспауы тиіс. Директорлар кеңесінің құрамында кем дегенде үштен бір бөлігі тәуелсіз директорлар болатын кем дегенде алты мүше болуы міндетті.

Осы Анықтамалықтың шығу кезіндегі мәлімет бойынша, Компанияның директорлар кеңесінің құрамына директорлар кеңесінің төрағасы лауазымын иеленіп отырған Күлібаев мырза бастаған төмендегі мүшелер кіреді:

<u>Аты-жөні</u>	<u>Жасы</u>	<u>Өзге лауазымдар</u>
Тимур Күлібаев	43	Самрұқ-Қазына Басқармасы төрағасының орынбасары
Болат Ақшолақов	39	Самрұқ-Қазына қорының атқарушы директоры, «КЕГОК» АҚ мен «ҚазМұнайГаз» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі
Ұлан Байжанов	51	Самрұқ-Қазына қорының тау-кен өндірісі мен өнеркәсіп активтерін бақылау жөніндегі атқарушы директоры
Әсет Мағауов	37	Энергетика және минералды ресурстар вице-

министрі

Серікжан Рамазанов	47	Тәуелсіз директор, "GPMI Central Asia" ЖШС қаржы директоры
Тілекқабыл Рамазанов	48	Тәуелсіз директор, Қазақ мемлекеттік университетінің жаңа технологиялар және оларды іске асыру кафедрасының меңгерушісі
Мұрат Саденов	54	Тәуелсіз директор, "SAT&Company" АҚ бас директоры және бас геологы
Владимир Школьник	61	Компания басқармасының төрағасы, Ұлбі металлургия зауытының директорлар кеңесінің төрағасы, «Степногор тау-химия комбинаты» ЖШС бақылау кеңесінің төрағасы

Тимур Күлібаев, Төраға. Күлібаев мырза 1966 жылы дүниеге келіп, 1988 жылы «Экономика» мамандығы бойынша Мәскеу мемлекеттік университетін бітірді. Өзінің қызметтік мансабын 1988 жылы ҚазССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің Жоспарлау және стандарттау экономикалық зерттеу институтында (ЖСЭЗИ) кіші ғылыми қызметкер-экономист лауазымынан бастаған болатын. 1992-1996 жылдар аралығында “Алтын-Алма Концерн” АҚ бас директоры/президенті лауазымын атқарды. 1995 жылы Алматы қаласындағы Сауда-қаржы банкі Несие комитетінің мүшесі, бақылау кеңесінің төрағасы болды. 1997 жылы Қазақстанның Мемлекеттік инвестициялық комитетінің жанындағы жобаларды тексеру басқармасының басшысы қызметіне тағайындалды. 1997 жылдың мамыр айынан 1999 жылдың наурыз айына дейін «Қазақойл» Ұлттық мұнай-газ компаниясы» ЖАҚ экономика және қаржы жөніндегі вице-президенті лауазымын иеленді. 1999 жылдың наурыз айында «ҚазТрансОйл» ЖАҚ президенті қызметіне тағайындалды. 2001 жылдың мамыр айынан 2002 жылдың ақпан айына дейін «Мұнай және газ тасымалы» Ұлттық компаниясы» ЖАҚ бас директоры қызметін атқарды. 2002 жылдың ақпан айында «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ бірінші вице-президенті лауазымына тағайындалды. 2005 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі болып тағайындалды. 2005 жылдың сәуір айынан 2007 жылдың тамыз айына дейін «Мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық «Самрұк» холдингі» АҚ басқарма төрағасының орынбасары лауазымын атқарды. 2005 жылдан бастап, Күлібаев мырза Қазақстандағы мұнай-газ және энергетика салаларында жұмыс істейтін компанияларды біріктіретін тәуелсіз ерікті саудалық емес ұйым "KazEnergy" Бірлестігінің төрағасы лауазымын атқарады. Өзінің қазіргі қызметіне 2008 жылдың қазан айында тағайындалған болатын.

Болат Ақшолақов, Директор. Ақшолақов мырза 1971 жылы дүниеге келіп, 1993 жылы Қазақ Мемлекеттік Басқару Академиясын тәмамдады. Ақшолақов мырза өз мансабын Қазақстанның Әлем Банкінің экономисті және Орталық Азия Ынтымақтастық және Даму Банкі департаментінің директоры лауазымдарынан бастаған болатын. Ол 1995 және 1997 жылдар арасында активтерді басқару департаменті

директорының орынбасары қызметін атқарды. 1997 жылы активтерді басқару департаментінің бас expertі, кейін басшысы, содан кейін ЖАҚ «ҚазақОйл» Теңгіз жобасының активтерін басқару департаменті директорының орынбасары жұмыстарын атқарды. 2001 жылдан бастап, ол "Commonwealth & British Services Ltd." Компаниясында бизнес-талдаушы және қаржы директоры лауазымдарын иеленді. 2003 жылдан бастап, Компанияның атқарушы директоры лауазымына тағайындалды. 2006 жылдың ақпан айында Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің (қазіргі уақытта құрылымы өзгертілген) вице-министрі болды. 2008 жылы мұнай-газ және энергетика активтері үшін жауап беретін «Самрұқ-Қазына» әл-ауқат қорының басқарушы директоры лауазымына тағайындалды.

Ұлан Байжанов, Директор. Байжанов мырза 1958 жылы дүниеге келіп, 1980 жылы «заңгер» мамандығы бойынша Қазақ мемлекеттік университетін аяқтады. Байжанов мырза өзінің қызметтік мансабын Қазақ мемлекеттік университетінің аға заңгері лауазымынан бастаған болатын. 1987-1991 жылдар аралығында Алматы халық депутаттары кеңесінің атқарушы комитетінің заң бөлімінің бастығы қызметін атқарды. 1991-1995 жылдар аралығында Алматы қаласының Әділет басқармасының бастығы және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі алқасының мүшесі болды. 1995 жылдан бастап 1997 жылға дейін «Алматы-Заң» орталығының бастығы қызметін атқарды. 1997-1999 жылдар аралығында «Қазақтелеком» ААҚ вице-президенті лауазымын иеленді. 1999 жылдан 2002 жылға дейін Қазақстан Республикасының мемлекеттік табыс жөніндегі вице-министрі қызметін атқарды. 2003 жылдың қаңтар айында «ҚазМұнайТеңіз» АҚ атқарушы директоры, ал 2003 жылдың наурыз айында «ҚазМұнайТеңіз» компаниясы бас директорының орынбасары лауазымына тағайындалды. «Самрұқ-Қазына» қорының тау-кен және өндіріс активтерін бақылау жөніндегі басқарушы директоры ретіндегі қазіргі лауазымына 2009 жылдың ақпан айында тағайындалған болатын.

Әсет Мағауов, Директор. Мағауов мырза 1972 жылы дүниеге келіп, 1994 жылы «Жанармай және энергетика салаларындағы экономика және басқару» мамандығы бойынша, Мәскеудегі мұнай және газ мемлекеттік академиясын тәмамдады. Мағауов мырза өзінің қызметтік мансабын 1994 жылы «Теңізмұнайгаз» компаниясында экономист қызметінен бастап, кейіннен департамент бастығы қызметіне тағайындалды. 1998-2001 жылдар аралығында ол Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінде келесі лауазымдарды атқарды: экономикалық сараптама және мониторинг департаменті бастығының орынбасары, мемлекеттік активтерді басқару департаменті бастығының орынбасары. 2001 жылы «Мұнай және газ тасымалы» ЖАҚ жобаларға қолдау көрсету департаменті бастығының орынбасары лауазымына тағайындалды. 2002-2005 жылдар аралығында ол «ҚазМұнайГаз» АҚ директордың орынбасары, кейіннен «Теңізшевройл» ЖШС бас директорының орынбасары лауазымын атқарды. 2005 жылы «Теңізшевройл» ЖШС бас директорының орынбасары лауазымына тағайындалды. 2006 жылдан бастап «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ басқарушы директоры қызметін атқарды. Өзінің қазіргі қызметіне 2008 жылдың желтоқсан айында тағайындалды.

Серікжан Рамазанов, Тәуелсіз директор, GPMI Central Asia ЖШС қаржы директоры. Рамазанов мырза 1963 жылы дүниеге келіп, 1985 жылы «Жобалау» мамандығы бойынша болат және қорытпа Мәскеу институтын, 2002 жылы «заңгер» мамандығы бойынша «Әділет» заң академиясын тәмамдады. Рамазанов мырза өзінің қызметтік мансабын 1991 жылы Capital Market Financial Grant ЖШС қаржы директоры лауазымынан бастады. 1995-1996 жылдар аралығында Альфа Банктің еншілес Банкі АҚ басқармасының төрағасы қызметін атқарды. 1996 жылдан 1998 жылға дейін «Ұлттық Жинақ банкі» АҚ басқармасы төрағасының орынбасары лауазымын иеленді. 1998 жылы ол «Темірбанк» АҚ басқармасы төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалды. 2001-2004 жылдар аралығында Рамазанов мырза «Тұтынушылық заемдарын кепілдендіру қоры» АҚ басқармасының төрағасы қызметін атқарды. 2005-2008 жылдар аралығында "Camden Partners" орталық-азиялық инвестициялық компаниясында сарапшы қызметін орындады. Компаниядағы өзінің қазіргі лауазымына 2009 жылы тағайындалған болатын.

Рамазанов Тілекқабыл, Тәуелсіз директор. Рамазанов мырза 1961 жылы дүниеге келіп, 1983 жылы "физика" мамандығы бойынша Қазақ мемлекеттік университетін тәмамдады. 1986 жылы ол КСРО Ғылым Академиясының аспирантурасын бітірді. Рамазанов мырза өзінің еңбек жолын 1987 жылы аға ұстаз ассистентінен бастады, содан кейін 1987 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің профессоры және физика факультетінің деканы болды. 2000-2007 жылдар аралығында Қазақ мемлекеттік университеті жанындағы эксперименттік физика ғылыми-зерттеу институтының басшысы болып жұмыс істеді. 2006 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылыми комитетінің төрағасы болды. Өзінің қазіргі қызметін 2007 жылдан бастап атқарып келеді.

Мұрат Саденов, Тәуелсіз директор. Саденов мырза 1956 жылы дүниеге келіп, 1980 жылы «Геологиялық ізденістер және барлау» мамандығы бойынша Қазақ политехникалық институтын бітірді. Саденов мырза өзінің мансабын 1979 жылы Ағадыр геология және геофизика экспедициясында бұрғылаушының көмекшісі қызметінен бастап, кейіннен геолог болды. 1985-1997 жылдар аралығында Жайрем тау-кен кәсіпорнында келесідей лауазымдарды атқарды: аға геолог, Геология департаментінің бастығы және кәсіпорынның бас геологы. 1997 жылдан 2006 жылға дейін Саденов мырза Қазақстан Республикасының Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің жанындағы Геология комитетінің Оңтүстік Қазақстанның Кен орындары департаменті басшысының орынбасары қызметін атқарды. "SAT&Company" компаниясындағы қазіргі лауазымына 2006 жылы тағайындалды.

Владимир Школьник, Директор. Школьник мырза туралы ақпаратты төмендегі «Басқарма» бөлімінен қараңыз.

Директорлар кеңесі мүшелерінің әрбіреуінің заңдық мекен-жайы Компанияның тіркелген кеңсесі болып табылады.

Басқарма

Басқарма Компанияның ағымдағы қызметіне жетекшілік ету мен басқаруды жүзеге асырып, директорлар кеңесі және Компанияның жалғыз акционері тарапынан бақыланады. Басқарма міндеттеріне төмендегілер жатады:

- Компанияның ішкі нұсқаулықтарын бекіту;
- бөлімшелер мен өкілдіктер басшыларын тағайындау;
- Компания бюджеті мен іскерлік стратегиясын құру және іске асыру;
- іскерлік атқарушы шешімдерді қабылдау;
- директорлар кеңесі және жалғыз акционер қабылдаған шешімдерді іске асыру;
- акционерлер\қатысушылардың жалпы жиналысы, акция\үлесінің 10% немесе одан көп бөлігі Компанияның иелігіндегі кез келген ұйымның құзыретіне жататын кез келген (жоғарыда аталғандай, директорлар кеңесінің бекітуін қажет ететін мәселелерден өзге) мәселелерді шешу, соның ішінде, еншілес компанияның жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекіту, еншілес компания акцияларының көлемінің ұлғаюын бекіту, аудиторларды тағайындау және жылдық қаржы құжаттарын бекіту сияқты мәселелер;
- Қайсы ақпараттың саудалық немесе өзге құпия қатарына жатқызылатындығын анықтау;
- Компанияны тіркеушіні таңдау;
- директорлар кеңесі мен жалғыз акционердің құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелерді шешу.

Осы Анықтамалықтың шығу кезіндегі мәлімет бойынша, Компания басқармасы алты мүшеден тұрады. Директорлар кеңесі басқарма мүшелерін белгісіз мерзімге тағайындайды. Басқарма мүшелері 2009 жылдың 1 қыркүйегінде сайланды. Директорлар кеңесі басқарма төрағасынан басқа, басқарманың кез келген мүшесін лауазымынан босата алады.

Осы Анықтамалықтың шығу кезіндегі Компания басқармасының құрамына төмендегі мүшелер кіреді:

Аты-жөні	Жасы	Өзге лауазымдары
Владимир Школьник	61	Үлбі металлургия зауытының директорлар кеңесінің төрағасы, «Степногор тау-химия комбинаты» ЖШС бақылау кеңесінің төрағасы
Сергей Яшин	44	Үлбі металлургия зауытының директорлар кеңесінің мүшесі, «Әппақ» ЖШС бақылау кеңесінің төрағасы, «Заречное БК» ЖШС директорлар кеңесінің төрағасы, «Инкай» ЖШС

Аты-жөні	Жасы	Өзге лауазымдары
		бақылау кеңесінің төрағасы, «Қаратау» ЖШС бақылау кеңесінің мүшесі, «Ақбастау БК» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы, «Атом станциялары» Қазақстан-Ресей Компаниясы БК» директорлар кеңесінің мүшесі, «Ядролық жанармай өндірісі бойынша Қазақстан-Украина БК» директорлар кеңесінің төрағасы, «Уран байыту зауыты» ЖАҚ директорлар кеңесінің төрағасы, «Степногорск тау-химия комбинаты» ЖШС бақылау кеңесінің мүшесі
Ғалымжан Пирматов	38	«Тау-кен өңдеу» ЖШС директорлар кеңесінің мүшесі, Үлбі металлургия зауытының директорлар кеңесінің мүшесі, «КАТКО БК» ЖШС бақылау кеңесінің мүшесі, «Байкен-У» ЖШС бақылау кеңесінің мүшесі, «Атом станциялары» Қазақстан-Ресей Компаниясы БК» директорлар кеңесінің мүшесі, «SKZ-U» ЖШС бақылау кеңесінің мүшесі
Нұрлан Рыспанов	48	«Байкен-У» ЖШС бақылау кеңесінің мүшесі, «Семізбай-У» ЖШС бақылау кеңесінің мүшесі, «Ядролық жанармай өндірісі бойынша Қазақстан-Украина БК» директорлар кеңесінің мүшесі, «Уранэнерго» ЖШС бақылау кеңесінің төрағасы, «Қазақстандық ядролық университет» ЖШС бақылау кеңесінің төрағасы, «SKZ-U» ЖШС бақылау кеңесінің төрағасы, «RBM-Казахстан» БК ЖШС бақылау кеңесінің төрағасы, «Кендала-KZ» АҚ бақылау кеңесінің төрағасы
Галина Окшина	64	өзге лауазымдарды иеленбейді
Сергей Полторацкий	57	«Уран байыту орталығы» ЖАҚ директорлар кеңесінің мүшесі, «Ядролық жанармай өндірісі бойынша Қазақстан-Украина БК» директорлар кеңесінің мүшесі, «Степногорск тау-химия комбинаты» ЖШС бақылау кеңесінің мүшесі

Владимир Школьник, Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма төрағасы. Школьник мырза 1949 жылы дүниеге келіп, 1973 жылы «Физикалық-энергетикалық қондырғылар» мамандығы бойынша Мәскеу инженерлік-физика институтын тәмамдады. 1992 жылы ол физика-математика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесіне ие болды. Школьник мырза өзінің қызметтік мансабын 1973 Маңғышлақ

атом комбинатында BN-350 реакторының инженер-физигі қызметінен бастап, кейіннен 1992 жылға дейін ғылым, ядролық қауіпсіздік және реакторлық өндіріс жөніндегі директордың орынбасары лауазымын атқарды. 1992-1997 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының атом энергетикасы жөніндегі агенттігінің бас директоры лауазымын иеленді. 1994 жылдан бастап 1999 жылға дейін төмендегі қызметтерді атқарды: Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрі, Ғылым министрі – ҚР Ғылым Академиясының президенті. 1999 жылы Школьник мырза Энергетика және минералды ресурстар министрі лауазымына тағайындалып, бұл лауазымды 2006 жылы Индустрия және сауда министрі лауазымына тағайындалуына дейін атқарды. 2007 жылы ол ҚР Президенті әкімшілігі жетекшісінің орынбасары лауазымына тағайындалды. 2008-2009 жылдар аралығында Индустрия және сауда министрі лауазымын атқарды. Компаниядағы қазіргі қызметіне 2009 жылдың мамыр айында тағайындалған болатын.

Сергей Яшин, Вице-президент. Яшин мырза 1965 жылы дүниеге келіп, 1988 жылы «Сирек кездесетін және шашыраңқы элементтер технологиясы» мамандығы бойынша Томск политехникалық институтын тәмамдады. Яшин мырза өзінің қызметтік мансабын 1988 жылы «Үлбі металлургия зауыты» АҚ-да бастап, 2004 жылға дейін төмендегі лауазымдарды иеленді: цех жұмысшысы, атқарушы директордың орынбасары, бас технолог, уранды қайта өңдеу жөніндегі бөлім бастығы және бас директордың бірінші орынбасары. Яшин мырза Компанияның қызметтік құрамына 2004 жылдың тамыз айында қосылып, қазіргі қызметіне 2004 жылдың қараша айында тағайындалды.

Ғалымжан Пирматов, Вице-президент. Пирматов мырза 1972 жылы дүниеге келіп, 1993 жылы «Механика және қолданбалы математика» мамандығы бойынша Новосібір мемлекеттік университетін тәмамдады. Сонымен қатар, ол 1995 жылы Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институтында іскер әкімшілдендіру магистрі дәрежесіне, 2001 жылы Atkinson Graduate School of Management, Willamette University іскер әкімшілдендіру магистрінің екінші дәрежесіне ие болды. Пирматов мырза өзінің мансабын 1994 жылы «Алтын тас» БК қаржы директоры қызметінен бастады. 1999 жылы AIG Silk Road Capital Management инвестиция жөніндегі директорлығына тағайындалды. 2002-2004 жылдар аралығында негізі АҚШ-та қаланған "AES" корпорациясының штаб-пәтерінде жұмыс істеп, кейіннен Киев қаласындағы "AES" КиевОблЭнерго компаниясының қаржы директоры және "AES" Украина компаниясының сауда жөніндегі директоры лауазымдарын атқарды. 2004 жылы Пирматов мырза "Almaty Power Consolidated" компаниясының бас директорының орынбасары қызметіне тағайындалды. 2005 жылдан бастап «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ төмендегі қызметтерді атқарды: жобалық қаржыландыру басқармасының бастығы, басқарушы директор және инвестициялық банкинг департаментінің директоры. 2007 жылдан бастап 2009 жылдың наурыз айына дейін Пирматов мырза Қазақстан Республикасының экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі лауазымын атқарды. 2009 жылдың шілде айында Компания басқармасының мүшесі болып тағайындалуына дейін, «Тұран Әлем Банкі» басқармасының бірінші вице-төрағасы лауазымын атқарды.

Нұрлан Рыспанов, Вице-президент. Рыспанов мырза 1961 дүниеге келіп, 1983 жылы «Кемелік көліктер мен механизмдер» мамандығы бойынша Ленинград су көліктері институтын бітірді. Сондай-ақ, ол «Пайдалы қазба кен-орындарын жер асты өндіру» мамандығы бойынша Қазақ ұлттық техникалық университетін тәмамдады. Рыспанов мырза өзінің мансабын 1983 жылы Жоғарғы-Ертіс бассейні басқармасында инженердің көмекшісі қызметінен бастап, кейіннен Жоғарғы-Ертіс кеме шаруашылығының бастығы лауазымына тағайындалды. 1990 жылы Павлодар өнеркәсіп институтының аға ғылыми қызметкері дәрежесін иеленді. 1993 жылы машина жасау ғылыми-инженерлік орталығының басшысы лауазымына тағайындалды. 1996-1998 жылдар аралығында Сауда-Өндірістік Компаниясының директоры қызметін атқарды. 1998 жылдан бастап 2001 жылға дейін Павлодар облысы бойынша индустрия, көлік және коммуникациялар департаментінің директоры, ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің ауыр өндіріс департаментінің директоры лауазымдарында жұмыс істеді. 2001-2008 жылдар аралығында "Тау-Кен" металлургия компаниясы, "Қазөнеркәсіп-Қызылорда" ЖШС, "Бетпақ Дала" БК ЖШС және «Қазөнеркәсіп-Неруд» Консорциумы» ЖШС сияқты түрлі компанияларда бас директор\президент лауазымдарын иеленді. 2008 жылы ҚР Индустрия және сауда министрлігінің өндіріс комитеті төрағасының орынбасары лауазымына тағайындалды. 2009 жылдың шілде айында Компания басқармасының мүшесі ретінде қабылдануына дейін, Самрұқ-Қазына қорының тау-кен өндірістік активтері дирекциясының директоры қызметін атқарған болатын.

Галина Окшина, Бухгалтерлік есеп департаментінің директоры, Бас бухгалтер. Окшина ханым 1946 жылы дүниеге келіп, 1963 жылы «Бухгалтерлік есеп» мамандығы бойынша училищені бітіріп, 1987 жылы «Экономика және бухгалтерлік есеп» мамандығы бойынша Алматы халық шаруашылығы институтын тәмамдады. Окшина ханым өзінің қызметтік мансабын 1963 жылы "Волковгеология" кәсіпорнында бухгалтер қызметінен бастап, кейіннен 1989 жылға дейін бас бухгалтер қызметін атқарды. 1989-1991 жылдар аралығында Компанияның үкіметке тәуелді және Монғолияда іс-әрекетін жүргізген «СовГео» кәсіпорнының бас бухгалтері лауазымын атқарды. 1992 жылдан бастап 1995 жылға дейін Қазақстанның Жоғарғы Кеңесінің бақылау палатасында тексеруші\инспектор қызметін атқарды. 1995 жылы «Атом энергетикасы мен өнеркәсібінің Қазақ мемлекеттік корпорациясының» бас бухгалтері лауазымына тағайындалып, бұл лауазымын 1998 жылы Компания басқармасының мүшесі болып тағайындалуына дейін атқарды. Окшина ханым 2010 жылдың мамыр айында зейнеткерлікке шығуды жоспарлап отыр.

Сергей Полторацкий, корпоративті басқару департаментінің директоры. Полторацкий мырза 1953 жылы дүниеге келіп, 1979 жылы «Гидрогеология және инженерлік геология» мамандығы бойынша Қазақ политехникалық институтын аяқтады. Полторацкий мырза өзінің қызметтік мансабын 1979 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының жанындағы гидрогеология және гидрофизика институтында инженерліктен бастап, кейіннен Қазақстан Ғылым Академиясының ғылыми хатшысы болып тағайындалды. 1990-1995 жылдар аралығында Қазақстан ҒА сейсмология институты зертханасының жетекшісі қызметін атқарды. 1995 жылдан бастап 1997

жылға дейін ҚР Үкіметінде келесідей лауазымдарды иеленді: аға референт, Үкімет аппараты мен премьер-министр кеңсесінің жетекшісі және кеңесшісі. 1997 жылы Полторацкий мырза Компания қызметкерлерінің құрамына тау-кен рудасы өндірісі жөніндегі департаменттің жетекші гидрогеологы лауазымына тағайындалды. 1998-2008 жылдар аралығында жаңа жобалар Қызметінің менеджері, бас менеджер, бірлескен және еншілес компаниялар басқармаларының бастығы лауазымдарын иеленді. Компаниядағы қазіргі қызметіне 2008 жылы тағайындалды.

Осы Анықтамалықтың шығу сәтіндегі ақпарат бойынша, басқарма төрағасы лауазымына 2009 жылдың 22 мамырында жалғыз акционердің шешімімен Владимир Школьник тағайындалды. Басқарма төрағасының қызметтік мекен-жайы Компанияның орталық кеңсесі болып табылады.

Басқарманың әрбір мүшесінің қызметтік мекен-жайы Компанияның тіркелген мекен-жайы болып саналады.

Директорлар кеңесінің тексеру комитеті

Директорлар кеңесінің тексеру комитеті 2009 жылдың қыркүйек айында директорлар кеңесінің кеңесші органы ретінде құрылған және Компанияның ішкі тексеру, қаржылық тексеру қауіп-қатерлерді басқару жөнінде ұсыныстар жасайды. Сондай-ақ, тексеру комитеті Компанияның ішкі басқару бойынша өз құжаттарында бекітілген ережелерді сақтауын қадағалайды. Жарғыға сәйкес, тексеру комитетінің құрамына директорлар кеңесінің мүшелері бола алатын кем дегенде екі және біреуі тәуелсіз директор бола алатын Компаниядан тыс эксперттер кіреді. Сонымен қатар, тексеру комитетінің кем дегенде бір мүшесінің қаржы немесе бухгалтерлік есеп саласында жұмыс тәжірибесіне ие болуы тиіс.

Осы Анықтамалықтың шығу сәтіндегі мәлімет бойынша, тексеру комитетінің құрамына директорлар кеңесінің келесі мүшелері кіреді:

Аты-жөні	Лауазым
Серікжан Рамазанов.....	Төраға, тәуелсіз директор
Ұлан Байжанов	Комитеттің мүшесі, Самрұқ-Қазына атқарушы директоры
Сая Мыңшарипова	Комитеттің мүшесі, Самрұқ-Қазына тексеру және бақылау департаментінің директоры

Ішкі тексеріс қызметі

Ішкі тексеріс қызметі Компанияның ішкі тексерісін, жүргізілген операцияларды бақылап, Қазақстан Республикасының заңдары мен ішкі рәсімдер мен саясатының сақталуын қадағалайтын Компанияның тұрақты ұжымдық органы болып табылады. Ішкі тексеріс қызметі директорлар кеңесінің тексеру комитетінің алдында есеп береді. Ішкі тексеріс қызметінің мүшелерін директорлар кеңесі өзі анықтаған мерзімде тағайындайды немесе қызметтен босатады. Ішкі тексеріс қызметі Компанияның директорлар кеңесінің кезектен тыс жиналыстарын шақыру құқығына ие. Осы

Анықтамалықтың шығу сәтіндегі мәлімет бойынша, Компанияның ішкі тексеріс қызметінің құрамына төмендегілер кіреді:

<u>Аты-жөні</u>	<u>Қызметі</u>
Дәулет Жәңгірбаев.....	Қызмет басшысы
Елнар Қазешев.....	Қызмет басшысының орынбасары
Мұрат Сатанов.....	Аға маман
Нұрлан Абдрахманов.....	Аға маман

Ішкі тексеріс бөлімінің әрбір мүшесінің қызметтік мекен-жайы Компанияның тіркелген кеңсесі болып саналады.

Басшылыққа сыйақы тағайындау

Компанияның Жарғысына сәйкес, директорлар кеңесінің мүшелеріне берілетін сыйақының мөлшерін жалғыз акционер анықтаса, басқарма төрағасы, директорлар кеңесі мен ішкі тексеріс қызметінің мүшелеріне берілетін сыйақының мөлшерін директорлар кеңесі бекітеді.

2009 жылға дейін Компания директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеген емес. Соған қарамастан, Самрұқ-Қазына қорының 2009 жылдың мамыр айында бекітілген тәуелсіз директорларға төленетін сыйақы туралы ережесіне сәйкес, тәуелсіз директорлар атқарған қызметтері үшін жарты жылда бір рет сыйақы алады. Сыйақының ішіне 1,2 миллион теңге мөлшеріндегі жыл сайынғы белгіленген сыйақы мен әрбір жиналысқа қатысқаны үшін 75 000 теңге мөлшеріндегі кеңестің жиналыстарына қатысқандығы үшін төленетін ақы кіреді.

Қазіргі уақытта Компания тәуелсіз директорлармен арадағы келісімдерге өзгерістер енгізіп, оларды Самрұқ-Қазына қорының ережелеріне сәйкестендіруді жүзеге асыруды көздеп отыр. Осы Анықтамалықтың шығу сәтіндегі мәлімет бойынша, тәуелсіз директорлардың қызметі үшін сыйақы төленген емес.

Басшылық 2009, 2008 және 2007 жылдары сәйкесінше 1 миллиард теңге, 0,9 миллиард теңге және 1,1 миллиард теңге көлемінде жалақы алды, сондай-ақ бұл қаражат қызметкерлер қорын ұстау шығындарының есебіне жазылады. Қаржы есептілікке ескерту бөліміндегі 15 және 42 (b) (i) ескертулерді қараңыз.

Жоғарғы басшылық мүшелерінің еңбек келісім-шарттары

Әдетте, Компания жоғарғы басшылық мүшелерімен белгісіз мерзімге келісім-шарттарға отырады. Мұндай келісім-шарттарға сәйкес, Компания жоғарғы басшылығының мүшелері тұрақты түрде берілетін жалақыға қосымша сыйақы немесе сыйақының өзге түрлерін алады.

Жоғарғы басшылықтың әрбір мүшесі шарттары мен ережелері «Еңбек туралы» заңды қоса алғанда, толығымен ҚР заңдарына сәйкес келетін жеке еңбек шартына отырады. Әдетте, мұндай шарттардың қатарына бес күндік 40 сағаттық апта, сегіз сағаттық жұмыс күні, 30 күнтізбелік күн көлеміндегі жыл сайынғы демалыс, Компания

тарапынан қамтамасыз етілетін жұмысшылардың өз қызметтік міндеттемелерін орындау барысында болуы мүмкін қауіп-қатерлерден сақтандыру және медициналық сақтандыру жатады.

Мүдделер қақтығысы

Директорлар кеңесі, басқарма мүшелері, басқарма төрағасы, ішкі тексеріс қызметі мүшелерінің Компанияның алдындағы міндеттері, жеке мүдделері мен өзге міндеттемелерінің арасында қандай да бір мүдделер қақтығысының орын алуы мүмкін емес.

АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ, БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН АРАДАҒЫ ОПЕРАЦИЯЛАР ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Акционерлік капитал

1997 жылдың шілде айында құрылған Компанияның шығаруға рұқсат етілген жеке капитал қоры, әрбіреуінің құны 1 000 теңгені құрайтын, 36 692 362 мың теңгелік акциядан тұрады. Компанияның акционерлік капиталы толығымен төленген. Компанияның барлық акциялары ең алдымен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне ұсынылып, Үкіметке тапсырылды. 1999 жылдың мамыр айында Компанияның мемлекеттік үлесі ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігіне берілді. 2009 жылдың ақпан айында министрліктің иелігіндегі Компанияның акциялары «Самрұқ-Қазына» қорына тапсырылды. Осы Анықтамалықтың шығу сәтіндегі мәлімет бойынша, «Самрұқ-Қазына» Компанияның жалғыз акционері болып табылады.

"Самрұқ-Қазына"

"Самрұқ-Қазына" толығымен Үкіметтің меншігіндегі барлық мемлекеттік кәсіпорындар үшін басқарушы холдингтік компания болып табылады. "Самрұқ-Қазына" 2008 жылы ҚР Президентінің 2008 жылдың 13 қазанында шыққан №669 бұйрығына және 2008 жылдың 17 қазанындағы Үкіметтік №962 жарлығына сәйкес, «Қазына» тұрақты даму қоры» АҚ мен «Самрұқ» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг» АҚ-ның бірігуі нәтижесінде құрылған болатын. "Самрұқ-Қазына"- акцияларын Қазақстан Республикасының атынан ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік меншік және жекешелендіру комитеті иеленіп отырған акционерлік қоғам болып табылады.

"Самрұқ-Қазына" қорының басты мақсаты – ұзақ мерзімді құндылығын қамтамасыз ету және әлемдік нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында өзіне тиесілі заңды тұлғалардың акция пакеттерін (қатысу үлестерін) басқару.

"Самрұқ-Қазына" қорының қызметін басқару, Қазақстандағы барлық акционерлік қоғамдарда қолданылатын іскерлік басқару ережелеріне сәйкес ұйымдастырылған. Сәйкесінше, "Самрұқ-Қазына" қорының іскер басқару құрылымы төмендегідей: жалғыз акционер ретінде Үкімет - жоғарғы басқарушы орган, директорлар кеңесі - басқарушы орган, басқарма - атқарушы орган болып табылады.

"Самрұқ-Қазына" қорының директорлар кеңесінің мүшелерін Үкімет тағайындайды, өзгелерден басқа оның құрамына төмендегілер кіреді: Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі, Қаржы министрі, Энергетика және минералды ресурстар министрі, Индустрия және сауда министрі, тәуелсіз директорлар, "Самрұқ-Қазына" басқармасының төрағасы. Сонымен қатар, директорлар кеңесін ҚР Премьер-министрі басқарады.

"Самрұқ-Қазына" қорының заңды мекен-жайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 23, байланыс телефондары: +7 7172 790 486.

Байланысты тараптармен арадағы операциялар

Компания байланысты тараптармен арадағы операцияларды жүзеге асырады. "Қаржылық есептілікке ескертулер" бөліміндегі 39-Ескертуді қараңыз. Байланысты тараптармен арадағы операциялар нарықтық мөлшерлемелерге сәйкес келмеуі мүмкін және көбінесе шығындар мен өзіндік құнға келісілген үстеме пайызынан тұратын тараптармен келісілген шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

Төмендегі кестеде белгіленген мерзім аралығындағы Компанияның еншілес кәсіпорындары, бірлесіп басқарылатын кәсіпорындары мен аффилирленген тұлғаларына қатысты жалпы табыс пен шығын көлемі берілген:

	Нарықт ық баға	Төленбе ген баланс	Нарықт ық баға	Төленбе ген баланс	Нарықт ық баға	Төленбе ген баланс
Табыс	2009	31.12.20 09	2008	31.12.20 08	2007	31.12.20 07
	<i>(мың теңге)</i>					
Тауарлард ы сату:.....						
Афф. тұлғалар	6 074 453	863 590	427 917	199 185	1 043 046	2 771 318
Бірлескен кәсіпорын дар.....	1 301 130	311 927	2 988 521	18 478	–	–
Еншілес кәсіпорын дар ⁽¹⁾	108 718	–	52 901	–	–	–
Өзгелер.....	42 653	–	760 343	–	–	–
Тауарлар сатылымы ның қорытынд ысы	7 526 954	1 175 517	4 229 682	217 663	1 043 046	2 771 318
Көрсетілге н қызметтер:						
Афф. тұлғалар	10 129 236	5 539 319	5 967 774	2 303 853	5 388 368	855 047
Бірлескен кәсіпорын дар.....	3 000 294	3 224 753	5 092 265	6 772 792	–	342
Афф. тұлғалар жариялаға н дивидендт ер	1 997 770	–	2 301 779	724 613	–	–
Еншілес кәсіпорын дар ⁽¹⁾	10 310 719	496 911	9 207 526	481 443	6 452 972	456 565
Өзгелер.....	617 767	–	728 654	–	667 480	–
Жалпы көрсетілге н қызметтер	26 055 786	9 260 983	23 297 998	10 282 701	12 508 820	1 311 954

Барлығы	33 582 740	10 436 500	27 527 680	10 500 364	13 551 866	4 083 272
Шығында р						
Тауарлард ы сатып алу:						
Афф. тұлғалар	27 422	6 296 056	10 630 945	630 443	10 245 700	86
Бірлескен кәсіпорын дар.....	276 629	408 973	5 026 455	1 935	–	–
Еншілес кәсіпорын дар ⁽¹⁾	506	39	–	44	–	–
Тауарлард ы сатып алу барлығы	304 557	6 705 068	15 657 400	632 422	10 245 700	86
Қызметтер ді сатып алу:						
Афф. тұлғалар	1 568 648	376 990	12 722	199 434	2 640 457	5 334 379
Бірлескен кәсіпорын дар.....	61 510	6 145	846 966	6 270	–	2 498
Еншілес кәсіпорын дар ⁽¹⁾	3 482 030	846 607	2 498 760	908 595	1 400 533	327 862
Өзгелер.....	100 863	–	202 246	–	–	–
Қызметтер ді сатып алу барлығы	5 213 051	1 229 742	3 560 694	1 114 299	4 040 990	5 664 739
Барлығы	<u>5 517 608</u>	<u>7 934 810</u>	<u>19 218 094</u>	<u>1 746 721</u>	<u>14 286 690</u>	<u>5 664 825</u>

⁽¹⁾ Еншілес компаниялар "Самрұқ-Қазына" қорының тікелей еншілес компаниялары болып табылады.

Байланысты тараптармен арадағы төленбеген баланстардың барлығы есеп беру күнінен бастап алты айдың ішінде төленуі тиіс. Баланстардың ешқайсысы қамтамасыз етілмеген.

Сондай-ақ, Компания "Самрұқ-Қазына" қорының өзге еншілес компанияларымен шарттар жасасады, соның ішінде "ТӘБ Банкі" АҚ мен "GSM Қазақстан" АҚ және "Қазақтелеком" ААҚ бар. "Қаржылық есептілікке ескертулер" бөліміндегі 42-Ескертуді қараңыз.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Қазақстандағы жер қойнауын пайдалану құқығын реттеу

Жалпы ережелер

Қазақстанда жер ресурстарының барлығы мемлекетке тиесілі. Бұрын жер қойнауын пайдалану құқығын Энергетика және минералды ресурстар министрлігі реттеп отырды, бірақ жақында болған қайта ұйымдастыру нәтижесінде, бұл міндет Мұнай-газ министрлігі мен Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне (**Өкілетті орган**) берілді. Бұл қайта құрылу жер қойнауын пайдалану туралы келісімге ықпал етеді деп күтілмеуде.

Өкілетті орган мемлекеттің атынан барлау мен өндіру құқығын береді. Жер қойнауын пайдалану құқығы, жер қойнауын пайдалану туралы келісімнің және лицензияның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда ұзарту мүмкіндігімен (егер бұл мүмкін болса) белгілі бір мерзімге беріледі. Жер қойнауын пайдалану құқығы Өкілетті органмен мынадай жағдайларда тоқтатылуы мүмкін: жер қойнауын пайдаланушылар өз келісімдік міндеттемелерін орындамаған жағдайда, мысалы, белгіленген мерзімде салық төлемеу, пайдалы қазбаларды өндіру кезінде негізгі шарттарды сақтамау және қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау мен денсаулық сақтау бойынша талаптарды қанағаттандырмау.

1999 жылдың тамызына дейін пайдалы қазбаларды өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын алу үшін лицензия алып, жер қойнауын пайдалану туралы келісімге қол қою керек болатын. 1999 жылдың тамызында бұл процедураны жеңілдету мақсатында Үкімет бұл екі күрделі үрдісті тоқтатты. Енді жер қойнауын пайдалану құқығы тек жер қойнауын пайдалану туралы келісімге келу арқылы беріледі, ешқандай лицензияны алуды қажет етпейді. Бұрын берілген лицензиялар әрекет ету мерзімі аяқталғанша жарамды деп танылады.

Жер қойнауын пайдалану туралы келісім-шарттар

Компания – Қазақстанның ұлттық атом компаниясы болып табылады және Қазақстандағы уран өндірісіне, уран құрамаларын, атомдық электр станциялары үшін отын, арнайы құрал-жабдық пен технология, сонымен қатар, екі мақсатта пайдаланылатын материалдардың экспорты мен импортына жауап береді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Компанияға тендер жариялау арқылы емес, тікелей келіссөздер арқылы жер қойнауын пайдалану құқығын алу ерекше өкілеттігін берген.

Тікелей келіссөздерді бастау үшін, Компания қарастырылатын кен орындарының сипаттамасын көрсете отырып өтініш береді. Өтінішті алған сәттен бастап үш ай ішінде Өкілетті орган Компанияға келіссөз жүргізу күнін хабарлайды немесе өтінішті алған сәттен бастап үш ай ішінде келіссөздер жүргізуден бас тартады. Егер келіссөздер жүзеге асып, табысты аяқталар болса, жер қойнауын пайдалану құқығы беріледі және Компания мен Өкілетті орган арасында келісім-шарт жасалады.

Жер қойнауын пайдалану туралы келісім-шарт кен орындарындағы қорлар көлеміне байланысты 25 жылға дейінгі (немесе үлкен және өте сирек резервтері бар кен орындары үшін 45 жылға дейінгі) мерзімге жасалады. Жер қойнауын пайдалану келісім-шарты бойынша операторға келісім-шартпен келісілген аймақта өндіруді жүзеге асыру мен барлау жұмыстарын, осы аймақтағы шығарылған барлық өнімді қазақстандық және халықаралық келісімдерге сәйкес экспорттау сияқты жұмыстарды жүргізуге рұқсат етіледі. Бірақ мұндай материалдардың экспорты Компания арқылы жүргізілуі тиіс. *"Компанияның реттеуші қызметін"* қараңыз. Оператор барлау мен өндіру үшін ең тиімді құралдарын пайдалануға міндетті және экологиялық, радиациялық қауіпсіздік параметрлерін қоса алғанда, барлау мен өндірудің технологиялық параметрлерінің талаптарының сақталуына жауап беруі тиіс. Оператор, сонымен қатар, бәрінен бұрын қазақстандық жұмыс күшін тартуға, жер учаскелерін рекультивациялап, пайдалы қазбалар алынатын аймақтың әлеуметтік инфрақұрылымын ұйымдастыру, дамыту және қолдауды қаржыландыруға ықпал етуі тиіс. Әдетте олардың жер қойнауын пайдалану келісім-шартында көрсетілетін өндіруге кеткен өндірістік шығынның белгілі бір пайызы қазақстандық мамандардың кәсіби дайындығына жұмсалыуы тиіс.

Сондай-ақ, жер қойнауын пайдалану келісім-шарты, бұдан басқа, өндіру мерзімі мен көлемін, салық салу, қаржыландыру, сақтандыру, қоршаған ортаны қорғау параметрлерін, еңбек қауіпсіздігі және бұзу ережелерін анықтайды. Келісім-шарт жер қойнауын пайдаланушының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңының, «Банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңының ережелерін бұзғандығын қоса алғанда, бір қатар себептерге байланысты Өкілетті орган тарапынан біржақты тәртіпте бұзылуы мүмкін. Осы Анықтамалықтың мерзімі бойынша, Компанияның қандай да болмасын еншілес немесе бірлескен кәсіпорындарымен келісім-шартты бір жақты бұзудың бірде-бір жағдайы орын алмаған.

Бұл ереже заңмен тікелей қарастырылмайтындығына қарамастан, арнайы тәжірибе дайындалып шығарылды. Осыған сәйкес оператор өндіру көлемін көбейтуді қаласа, мұндай өнімнің көбейтілген көлемі тиісті жер қойнауын пайдалану туралы келісім мен жұмыс бағдарламасына енгізілген өзгерістерде анық жазылуы тиіс.

Қазақстандық мазмұнға қойылатын талаптар

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заң жер қойнауын пайдаланушылардың қазақстандық қызметкерлер мен қазақстандық жеткізушілерді пайдалануды қоса алғанда, қазақстандық мазмұнның белгілі талаптарын сақтау туралы жалпы талапты қамтиды. Бұл жалпы талаптар әдетте тиісті жер қойнауын пайдалану туралы келісімдерде жан-жақты көрсетіледі. Ал бұл келісімдердің тараптары Компания, оның еншілес және бірлескен кәсіпорындары болып табылады.

2002 жылдан бастап Үкімет қазақстандық тауар өндірушілерді қолдау және ынталандыруға бағытталған импортты алмастыру саясатын енгізді. Бұл саясат 2009 жылы Үкімет мемлекеттік органдар, ұлттық компаниялар және жер қойнауын пайдаланушылар алатын тауарлар, қызметтер мен жұмыстардағы қазақстандық мазмұнды көбейту мақсатында «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы»

ҚР Заңын қоса алғанда бірнеше заңдарға өзгерістер (**Қазақстандық мазмұн бойынша талаптар**) енгізу арқылы әрі қарай дами түсті. Қазақстандық мазмұн бойынша талаптар қазақстандық мазмұнды есептеу мақсатында жалақының жалпы қорындағы жергілікті қызметкерлердің жалақысының пайыздық мазмұны сияқты жаңа критерийлер енгізді. Оған қоса, жер қойнауын пайдаланушылар қолданатын тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды сатып алудың орталықтанған электронды жүйесі құрылып, жүргізіліп келеді.

Мемлекеттің айрықша құқығы және жер қойнауын пайдалану құқығын реттеу

Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы №2828 «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңының («**Жер қойнауы туралы заң**») 71-бабына сәйкес, Қазақстан жер қойнауын пайдалану құқығына ие кез келген заңды тұлғаның және егер мұндай заңды тұлға қызметінің негізгі түрі Қазақстандағы жер қойнауын пайдалануға байланысты болатын болса, тікелей немесе жанама түрде жер қойнауын пайдаланушы үшін шешім қабылдай алатын немесе жер қойнауын пайдаланушының шешіміне ықпал ете алатын кез келген заңды тұлғаның акционерлік капиталына қатысу үлесін және жерді алу құқықтарын иелену айрықша құқығына ие. Мұндай заңды тұлға аталмыш құқығын немесе қатысу үлесін беру туралы ниетін білдірсе жүзеге асырылады. Осы айрықша құқық Қазақстанға басқа сатып алушыларға берілгендей оңтайлы жағдайларда ұсынылатын осындай кез келген жер қойнауын пайдалану немесе акционерлік капиталда қатысу үлесіне деген құқықты сатып алуға мүмкіндік береді. Өкілетті орган, егер қазақстандық та, шетелдік те заңды тұлғалар қолданатын айрықша сатып алу, «Жер қойнауы туралы» Заң ережелерін бұзу орын алса, жер қойнауын пайдалануға қатысты келісімнің күшін жоюға құқығы бар.

Өкілетті орган және АЭХА-ны қоса алғанда, басқа реттеуші органдар

Жалпы ақпарат

Үкімет жер қойнауын пайдаланудың үш саласында елеулі роль атқарады. Үкімет мемлекеттік қорларды ұйымдастыру және басқару үшін, жер қойнауын бөлуді есептеу, әдетте өндірілетін пайдалы қазбалардың тізімін анықтау үшін, жер қойнауын пайдалану келісімдері бойынша процедураларды анықтау, келісім үлгілерін бекіту және «Өкілетті органды» тағайындау үшін жауапты болып табылады. Соғыс, табиғи апаттар және басқа да төтенше жағдайларда Үкімет табиғи компенсация немесе реквизиция күнгі әлемдік бағалар бойынша қолма қол ақшалай беру арқылы жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі пайдалы қазбаларды толығымен немесе оның бір бөлігін реквизициялауға құқығы бар. Өкілетті органмен өкілденген Үкіметтің жер қойнауын пайдалану туралы келісімге келуге және орындауға құқығы бар. Басқа міндеттемелерімен қатар, жергілікті атқарушы органдар қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік қорғау үшін жер қойнауын пайдаланушылармен келіссөздерге қатысады, әрі жерді қорғауды бақылай отырып, жер қойнауын пайдаланушыларға жерді беру үшін жауапты болып табылады. Бірақ жергілікті атқарушы органдар жер қойнауын пайдалануды реттеуде басты рольге ие емес.

Өкілетті орган

Үкімет Өкілетті органға жер қойнауын пайдалану туралы келісімдер жасау үшін арнайы өкілеттік берген. Сонымен қатар, «Жер қойнауы туралы» Заң бойынша, Өкілетті орган төмендегілер үшін жауапты:

- жер қойнауын пайдалануға беру үшін тендерлер ұйымдастыру, пайдалы қазбаларды зерттеу мен өндіру құқығын беру;
- жер қойнауын пайдалану туралы келісімдерге қол қою және орындау;
- жер қойнауын пайдалану туралы келісімдердің шарттарын жүзеге асыру;
- жер қойнауын пайдалану құқығын («Жер қойнауы туралы» Заңның 14-бабына сәйкес) беруге рұқсат беру және жер қойнауын пайдалану құқығының кепілдігіне қатысты келісімдерді тіркеу;
- қазақстандық тауар өндірушілерден де тендер жариялау арқылы тауарлар мен қызметтерді сатып алу бойынша талаптардың сақталуы мониторингі, егер мұндай тауарлар мен қызметтер қазақстандық және халықаралық стандарттарға сәйкес келсе;
- «Жер қойнауы туралы» Заңмен бекітілген процедураларға сәйкес жер қойнауын пайдалану келісімін тоқтату және күшін жою тәртібі.

Басқа реттеуші органдар

Қазақстандағы минералды шикізатты өндіру аспектілерін реттейтін басқа да министрліктер мен билік органдары төмендегілерден тұрады:

- Қоршаған ортаны қорғау және пайдалы қазба байлықтарды сақтауға жауапты Қоршаған ортаны қорғау министрлігі;
- басқа міндеттерімен қатар, пайдалы қазба байлықтарды өндіру кезінде операциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін Төтенше жағдайлар министрлігі;
- басқа міндеттерімен қатар, жұмыс бағдарламаларын бекітіп, жер қойнауын өндіру бойынша операцияларды бақылауды жүзеге асыратын (Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі жанынан құрылған) Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті;
- басқа міндеттерімен қатар, денсаулық сақтау және қауіпсіздік мәселелерін бақылайтын Төтенше жағдайларды және өнеркәсіптік қауіпсіздікті мемлекеттік бақылау комитеті (Төтенше жағдайлар министрлігі жанынан құрылған);

- құрылыс пен құрылыс материалдарының сапасын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі;
- құрылыс жоспарларын бекіту және су мен жер ресурстарын пайдалану үшін жауапты түрлі үкіметтік органдар;
- денсаулық сақтау стандарттарының сақталуын бақылайтын Денсаулық сақтау министрлігі жанынан құрылған Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті;
- жеке қызметкерлердің арыздары мен еңбек келіспеушіліктерін қарастыру, жер қойнауын пайдаланушылардың белгілі бір пайыз бойынша қазақстандық жұмысшыларды жұмысқа алу бойынша міндеттерін орындау үшін жауапты Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;
- пайдаланылатын құрал-жабдықты тестілеу үшін жауапты (Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі жанынан құрылған) Техникалық реттеу және метрология комитеті;
- меншік, кепіл, ипотекалар және т.б. тіркеу үшін жауапты аймақтық және муниципалдық бақылаушы органдар;
- ұлттық және аймақтық салық органдары.

АЭХА

1969 жылы Қазақстан 1968 жылғы Ядролық қаруды таратпау туралы келісімді («Таратпау туралы келісім») ратификациялады. Таратпау туралы келісімнің 3-бабында қарастырылған талаптарға сәйкес, 1994 жылы Қазақстан мен АЭХА Таратпау туралы келісім аясында қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау туралы 1995 жылы ратификацияланған келісімге («Қауіпсіздік шаралары туралы келісім») қол қойды.

Қауіпсіздік шаралары туралы келісімге сәйкес, Қазақстан өзінің юрисдикциясы немесе бақылауымен өз территориясында бейбіт бағыттарда пайдаланылатын кез келген «қайнар көздер немесе арнайы жаңқаланатын материалдарға» қатысты АЭХА қауіпсіздік шараларын қабылдауға келісім береді. Мұның бәрі бұл материалдардың ядролық қару немесе басқа ядролық құрылғыларды дайындауға жіберілмейтіндігін көрсету үшін жүзеге асырылады.

Қауіпсіздік шаралары туралы келісімге сәйкес, Қазақстан қауіпсіздік шараларына тиесілі ядролық материалдарға қатысты есептеулер, арнайы есептер, кеңейтілген және түсініктеме баяндамаларын АЭХА-ға тапсырады. Қауіпсіздік шаралары туралы келісімге сәйкес, АЭХА қауіпсіздік шаралары шеңберінде қарастырылатын ядролық материалдарды арнайы және мерзімдік тексерулерден өткізеді, бұл кезде ол ядролық материалдарды есептейді, тәуелсіз тексеруден өткізеді, құрал-жабдықтар мен басқа да өлшеуіш және бақылау құралдарының қызмет етуін тексереді, сақтау және бақылау

бойынша шаралар қабылдайды. Жылдық өндірістік көлемі бес «тиімді килограмнан» аспайтын зауыттар мен «материалдардың баланстық аймақтарында» мерзімдік тексерулер жыл сайын жүргізіледі.

АЭХА тексеруіне жататын Компания нысандарының қатарына МАЭК (жылдам нейтрондарда БН-350 реакторының болуын есепке ала отырып) және Үлбі зауыты (отын таблеткалары және UO_2 ұнтағы сияқты байытылған уранды пайдалану арқылы өнімді өндіруді есепке ала отырып) кіреді.

2004 жылы Қазақстан мен АЭХА қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында, АЭХА жүйесінің тиімділігі мен пәрменділігін арттыру үшін Қауіпсіздік шаралары туралы келісімге қосымша ретінде протоколға қол қойып, оны Қазақстан 2007 жылы ("**Қосымша Протокол**") ратификациялады. Қосымша Протоколға сәйкес, Қазақстан АЭХА-ға тек қайнар көздер немесе арнайы жаңқаланатын материалдар туралы ғана емес, сонымен қатар, барлық ядролық нысандар мен материалдар туралы кейбір ақпараттар қамтылған декларация тапсыруға тиіс.

Қосымша Протоколға сәйкес, Компания жыл сайын 15 мамырға дейін өзінің ядролық материалдары туралы келесі декларацияны тапсыруы керек:

- Ядролық отынға қатысы жоқ отындық ядролық циклді дайындап шығару және зерттеуге байланысты, Қазақстанның атынан жүзеге асырылатын немесе бақыланатын, арнайы бекітілген, қаржыландырылатын шаралардың орналасуына қатысты ақпарат;
- Алаңдардағы әрбір құрылыстың жалпы суреттемесі, мұның құрамына оны пайдалану міндеттері және егер суреттеуден көрінбейтін болған жағдайда, алаңдардың картасы кіреді;
- Уран шахталары мен байыту құрылғыларының, соның ішінде торий үшін де құралдардың орналасуын, оперативтік жағдайын, бағаланатын жылдық өндіріс қуатын және ағымдағы өндіріс қуатын анықтайтын ақпарат;
- Қазақстанның тиісті өкілетті органдарының бекітуімен ядролық отындық циклдің дамуына қатысты келесі онжылдық мерзімге жалпы жоспар (отындық ядролық циклді зерттеумен және дайындап шығарумен байланысты жоспарланатын іс-шараларды қоса алғанда).

Сонымен қатар, Қосымша Протоколға сәйкес, жиырма төрт сағат бұрын ескерту жасау арқылы АЭХА Компанияның барлық өндірістік қуаттарын тексере алады.

Сонымен бірге, 2003 жылы АЭХА Қазақстандағы ядролық есептеу жүйесін жаңарту және бақылау бағдарламасын қабылдады. АЭХА-ның ағымдағы бағдарламасы Қазақстандағы техникалық қамсыздандыруды, бағдарламалық қамсыздандыруды жаңартуға, мамандардың біліктілігін көтеруге бағытталады. Қазақстандағы ядролық өндірістің қиындығын ескере отырып, осындай өндіріс орындарындағы жүйелердің жаңартылуы мен қызметкерлердің дайындығына ерекше мән беріледі.

Қазақстан АЭХА 115 қауіпсіздік стандарттары сериясына (иондаушы радиациядан қорғау мен радиацияның шығу көздерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша негізгі қауіпсіздік стандарттары) негізделген Радиациялық Қауіпсіздік

Нормаларын (РҚН-99) қабылдады және осы нормаларға сәйкестік Қазақстандағы ядролық нысандардың барлық операторлары үшін міндетті болып табылады.

Жазбаларды жүргізу

«Жер қойнауы туралы» Заңға және 2007 жылдың 9 қаңтардағы № 212 Экологиялық кодекске («**Экологиялық Кодекс**») сәйкес, жер қойнауын пайдаланушы жанама өнімдер мен қалдық заттарды өндеуді қоса алғанда, қазып алынған пайдалы қазбалар мен қорлардың дәл есебін жүргізуі тиіс. Мемлекет өндірілген қазба байлықтар мен қорлардың есебін тексеріп отырады. Жер қойнауын пайдаланушы, сонымен қатар, келісілген территорияда пайдалы қазбаларды барлау және өндіруге қатысты өз қызметі туралы геологиялық есеп беріп отыруға міндетті.

Әлеуметтік салымдар және міндеттемелер

Жер қойнауын пайдалану туралы келісімдерде, жер қойнауын пайдаланушылардың Қазақстандық қызметкерлерге, бұның ішінде қосалқы мердігер ретінде жалданған персоналға да шетелдік персоналмен салыстырғанда, тең еңбек шарттары мен әділ өтемақы төлеу кепілдемесін ұсынуы туралы міндеттемелері қамтылуы тиіс. Сонымен қатар, жер қойнауын пайдаланушы жұмыс беру және кәсіптілік деңгейін жоғарылату барысында қазақстандық қызметкерлерге айрықша мән беруі керек.

Жер қойнауын пайдалану туралы келісімдер, басқа да әлеуметтік салымдар, міндеттемелер және жер қойнауын пайдаланушыларды қамтуы мүмкін. Қараңыз. *«Қазақстандағы нормативтік-құқықтық реттеулер – Қазақстанда жер қойнауын пайдалану құқығын реттеу – Жер қойнауын пайдалану туралы келісім-шарттар» және «Қызметтің өзге түрлері – Әлеуметтік жобалар».*

2009 жылдың салық кодексі

Қазақстан, 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енетін 2009 жылдың салық кодексін, 2009 жылдың қазан айындағы түзетулерімен бірге қабылдады. 2009 жылдың салық кодексі, басқа да жайттармен бірге, корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесін өзгертті және де минералды ресурстар роялтисін пайдалы қазба өндіру салығына ауыстырды. Аталмыш салық, жер қойнауын пайдалану құқығы роялтисі бойынша бұрын қолданыста болған төлемдердің де орнын басты. Пайдалы қазба өндіру салығы, уранды қосқанда, пайдалы қазба өндірумен айналысатын барлық жер қойнауын пайдаланушыларға қолданылады. Есеп беру кезеңі, яғни күнтізбелік тоқсан ішінде өндірілген пайдалы қазба қорының толығымен жұмсалған көлемі пайдалы қазба өндіру салығына негіз ретінде алынады. Толығымен жұмсалған қор болмаған жағдайда, пайдалы қазба өндіру салығын есептеп шығару үшін салық базасы, тау-кен өндіру өнеркәсібі мен 20%-ға арттырылған алғашқы өңдеу (байыту) өндірісіне кеткен шығындар негізінде анықталады. Уран үшін қолданылатын пайдалы қазба өндіру салығының ставкасы 2009 жылдан 2012 жылға дейін 22%, 2013 жылы - 23% және бұдан кейінгі жылдар үшін - 24%. Қараңыз. *«Компания басшылығының операциялық қызмет*

және қаржылық жағдайды сипаттау және сараптау нәтижелері - Операциялық қызмет нәтижесіне әсер етуші негізгі факторлар – Салық салу, соның ішінде пайдалы қазба өндіру салығы».

Қоршаған ортаны қорғау және еңбек қауіпсіздігін сақтау талаптарының орындалуы

Компанияның бірлескен және еншілес кәсіпорындары өз қызметі барысында қоршаған ортаны қорғау және қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғау жөніндегі бірқатар заң актілері мен талаптарын орындаулары қажет. Осыған қоса, уран өндірісі жалпы қазып шығаратын өнеркәсіптерге тән қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғау ережелері және экологиялық тәуекелдікке ғана қатысты емес, сонымен қатар, тікелей уран өндіру саласына және радиоактивті заттар мен материалдармен жұмыс істеуге байланысты қосымша тәуекелдіктерге де қатысты болып табылады. Компанияның қоршаған ортаны қорғау, денсаулық және қауіпсіздік туралы қолданыстағы заң актілерін орындамауы, нұқсан әкелуімен қатар, жер қойнауын пайдалану туралы келісімді бұзу, өндіріс айыппұл төлету және Компания қызметкерлеріне байланысты қылмыстық іс қозғауға әкеліп соқтыруы мүмкін.

Қазақстандағы бақылау органдары

АЭХА тарапынан бақылаумен қатар экология, денсаулық сақтау және қауіпсіздік жөніндегі Компанияның өндірістік қызметін бақылайтын бірқатар қазақстандық агенттіктер де жұмыс атқаруда:

- Қазақстандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдары радиация мөлшерін, қызметкерлерге әсерін, қоршаған ортаға тасталған зиянды химиялық қалдықтарды бақылауда;
- Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі жанындағы Атом энергетикасы комитеті ядролық және радиациялық экологияны, радиоактивті заттардың тасымалдануы мен сақталу шарттарын бақылауда;
- Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі жанындағы Экологиялық реттеу және бақылау комитеті өнеркәсіптердегі қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заң актілерінің орындалуын бақылайды.

Сонымен қатар, Қазақстанда еңбек қауіпсіздігін қорғау ұлттық деңгейде Төтенше жағдайлар министрлігі тарапынан, ал жергілікті деңгейде болса Төтенше жағдайлар министрлігінің Мемлекеттік бақылау және қадағалау комитеті тарапынан реттеледі.

Атом энергиясы, уран және уран өнімдерін шығару, қайта өңдеу және экспорттауға байланысты қызметтерді лицензиялау

Қазақстанда уран өндіру, қайта өңдеу және экспорттауға байланысты қызметтер және радиоактивті заттар мен радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу, құрылыс және тасымалдау жұмыстары лицензиялануы тиіс.

Әдетте лицензия, осы лицензиялау талаптарының барлығына жауап беретін әр тұлғаға беріледі. Әрі лицензия алған кісі өз құқығын үшінші кісілерге бере алмайды. Лицензия тиісті лицензиялау мекемесі тарапынан беріледі, әрі лицензия алушы квалификациялық талаптарды орындамаған жағдайда осы орган тарапынан лицензия кері қайтарылып алынуы және жойылуы мүмкін.

Компания өзінің және оның негізгі еншілес кәсіпорындарының барлығының негізгі лицензиялары бар, әрі осы лицензиялар толық өз күшінде болып, тоқтатылмаған және заңдарға сәйкес деп есептейді.

Компанияның саясаттары

Компания төмендегі мәселелер бойынша реттеуші бірнеше саясат жүргізеді:

- Қызметкерлердің экологиялық сауаттылығы;
- ақпараттың қолжетімдігі және ашықтығы;
- конструктивті әлеуметтік өзара әрекеттесу;
- денсаулық сақтау жүйесінің дамуы және оны қолдау;
- радиациялық қауіпсіздік сапа кепілдігі бағдарламасының қолданылуы;
- қоршаған ортаны қорғауға қатысты басқару жүйесі мен еңбек қауіпсіздігіне қатысты халықаралық стандарттарға сәйкестік.

Бірнеше жылдардан бері Компанияда ISO 9001:2000, ISO 14001:2004, OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкес сапа менеджменті, экология, денсаулық сақтау және қауіпсіздік жүйелері бар. Осы күні Компанияның 16 кәсіпорны аталған стандарттарға сәйкес сертификатталған. Қызметкерлер мен Қазақстан халқының радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Радиациялық Қауіпсіздік Нормалары РҚН-99 қабылданған, бұл нормалар АЭХА-ның қауіпсіздікке қатысты №115 «Сәуле шығару көздерін қауіпті қолданудан және иондаушы сәуле шығарудан қорғанудың негізгі халықаралық қауіпсіздік нормалары (BSS-115)» басылымына сәйкес. Аталмыш нормалар Қазақстан Республикасы аумағындағы ядролық операторлардың баршасы үшін міндетті болып табылады. Осы Анықтамалықтың шығу кезіндегі мәлімет бойынша, Компанияның пікіріне сәйкес оның барлық еншілес және бірлесіп басқарылатын кәсіпорындары мен ассоциацияланған ұйымдары РҚН-99 талаптарына сай.

Компанияның барлық бөлімшелерінде еңбек қауіпсіздігін басқару жүйесі қалыптастырылған және қолданылуда. Жүйе барлық құрылымдық бөлімшелер мен кәсіпорынның технологиялық үрдістерін қамтуда. Бұл – еңбек қауіпсіздігіне қатысты барлық ұйымдасқан іс-шараларды басқаратын бірегей басқарма.

Еңбек қауіпсіздігін басқару жүйесінің одан әрі тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында төмендегі ереже мен нормативтер дайындалды:

- еңбек қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін қызметкерлердің жеке жауапкершілігі туралы ереже;
- еншілес кәсіпорындарда қауіпсіздік жүйесін басқару ережелері; және
- Компаниямен келісім-шартқа отырған тараптар үшін еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау талаптары.

Әрі, жүк көлігімен тасымалдаудың Компания қызметінде алатын орны елеулі болғандықтан, қауіпті заттарды және радиоактивті материалдарды тасымалдау нұсқаулығын да қамтитын көліктерді пайдалану қауіпсіздігінің жүйесі жетілдіріліп дамытылды.

Компанияның өндіріс кәсіпорындарында қоршаған ортаны қорғау қызметі қалыптастырылған. Компанияның барлық бөлімшелерінде қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік және денсаулық сақтау қызметтері жұмыс атқаруда, бұл қызмет экологиялық, радиоактивтік, техникалық және ядролық қауіпсіздік мәселелерімен айналысуда. Сонымен қатар, Компанияның өндіріс кәсіпорындары қоршаған ортаны ластау мен шығарынды, қалдықтарды қайта пайдалану және қалдықтарды шығару мөлшерін үнемі қадағалауда. Бұл үрдіс Компанияның өндіріс үрдістерін басқару, зиянды заттарды ықтимал өндірісін қадағалау, өнімдерді орау және тасымалдау үрдістерін қадағалау және қоғамға қандай да бір радиоэкологиялық ахуалдың қалыптасып қалыптаспағаны туралы білдіру мүмкіндігін ұсынады.

Компанияның бірқатар кәсіпорындары олардың тиісті менеджменттік басқару жүйесі сапасына, экологиялық менеджментке, қауіпсіздік менеджменті мен денсаулық сақтауға қатысты келесі халықаралық стандарттар: ISO 9001:2000, ISO 14001:2004 және OHSAS 18001:2007 талаптарын орындайды.

ҮМЗ-де қайта өңдеу

Компанияның барлық бөлімшелерінің ішінде ҮМЗ экологиялық қауіптің көзі болып табылу ықтималы жоғары. ҮМЗ Қазақстандағы экологиялық нормаларға сәйкес болуы үшін, бірнеше рұқсат алуы қажет, бұның ішінде қоршаған ортаны ластау және қалдықтың эмиссияның белгіленген мөлшерінен аспауды қадағалайтын рұқсат та бар. Бұған қосымша «Үлбі» АҚ ҮМЗ өнімдерінің қоршаған ортаға әсерін бақылау мақсатында 2009 және 2010 жылдарына арналған Экологиялық Бақылау Бағдарламасын қабылдады.

Уран шығару өнеркәсібі

Компания барлық негізгі уран жатақтарын ЖҰШ әдісімен шығаруда, бұл әдіс құмды жерлердегі төмен сортты кеннен уранды арзанырақ шығаруға мүмкіндік береді.

Сондықтан да қоршаған ортаға зиян беру жағынан, ландшафт пен жоғарғы қабаттағы ресурстарға зиян келтіру ең аз мөлшерде десе де болады. Жалпы қабылданған халықаралық бағамға сәйкес, радиациялық нәтиже туындайтын жазатайым оқиғалар тәуекелдігі, уранды ЖҰШ әдісімен шығаратын зауыттарда басқа әдіспен шығаратын зауыттарға қарағанда төмен екені белгілі. Қараңыз *«Өндіріс қызметі- Уран өнімі (жерасты ұңғымалық шаймалау)»*.

Сәулелендірудің азаматтық мөлшері

Уран өнеркәсібіндегі басқа әдістерге қарағанда, Компания қолданып отырған уранды ЖҰШ әдісімен шығару, яғни уран шығарудың басымырақ әдісі кезінде болатын сәулелендірудің рұқсат етілген мөлшері табиғи фондық радиациядан көп емес.

Қазақстан АЭХА-ның 1996 жылы шығарған Радиациялық қорғаудың Халықаралық Негізгі Стандарттарын қабылдаған. Стандарттар Қазақстанда 2000 жылы күшіне еніп, қолданыла бастады. Стандарттарға сәйкес радиациялық ортада ең көп жұмыс істеу мөлшері - жылына 50мЗв. Осы Анықтамалықтың шығу кезінде, Компанияның бақылауында немесе басқаруындағы жұмысшылардың 99% үшін бұл мөлшер жылына 5 мЗв-дан аспауда. Қалған 1% жұмысшылар үшін бұл мөлшер жылына 5 пен 10 мЗв шамасында. Радиоэкологиялық бақылау нәтижесіне сүйенсек, 2005 пен 2009 жылдары арасында аталмыш ең жоғары жұмыс мөлшерінің көбеймегенін көруге болады.

Компанияның кейбір аффилирленген ұйымдарында (мысалы МАЭК) радиациядан қорғану үшін ішкі ережелер қабылданған. Осы ережелерге байланысты ең жоғары жұмыс мөлшері 20 мЗв құрайды.

Радиоэкологиялық бақылау қажетті дозиметриялық және радиометриялық құрал-жабдықтармен жабдықталған радиациялық бақылау қызметтері тарапынан жүргізіледі. Экологиялық бақылау қазақстандық бақылау органдары қабылдаған бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылады. Компанияның өндіріс қуаттары Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттау агенттігі аккредитивтеген заман талаптарына сай радиоэкологиялық зертханалармен жабдықталған.

Қатты радиоактивті қалдықтар

Өндіріс барысында қалыптасқан қатты радиоактивті қалдықтар төмендегі жерлерде кездеседі:

- өндірістік ерітінділердің құбырлар арқылы тасымалданатын радиоактивті ластанған жерлерде;
- өндіріс циклындан шығатын, істен шыққан ионалмастырушы шайырдан тұратын қалдықтарда;
- құрама резервуарлардағы радиоактивті ластанған сұйық ерітінділер;

- өндірістен шығарылған құрал-жабдық пен метал конструкциялардың бөлшектері.

Бұл тип қатты радиоактивті қалдықтар активтілігі төмен қалдықтар ретінде қабылданады және 4 пен 5 деңгейдегі қалдықтарға жатады, мұндай қатты радиоактивті қалдықтар қауіптілік деңгейі төмен қалдықтар болып саналады. Компанияның өндіріс кәсіпорындары қатты радиоактивті қалдықтарды, Қазақстан заңнамасына сәйкес, арнайы қалдықтарды пайдалану жерлерінде жояды.

Жерасты суларының ластануы

Жерасты суларының бақылауы – ЖҰШ әдісімен уран шығаруда ең маңызды экологиялық шара болып табылады. Жерасты суларының ластануын бақылау мақсатында, қажетті өлшем жасау үшін әрбір ұңғымадан үлгі алынады. Жерасты суларын қорғау үшін, кен орнының айналасы кен шоғырланған жерден 500 метрге дейін жететін санитарлық аймақпен қоршалады. Сонымен қатар, ұңғымалардан үлгі ретінде алынған сулардағы радионуклидті ластану мөлшері РҚН-99 белгілеген стандарттан көп болмауы тиіс.

ҮМЗ-ні қоспағанда, Компанияның бақылауындағы кен орындарының барлығы Қазақстанның шөлейт жерлерінде орналасқандықтан, халықтың көп шоғырланған жерлерінен әлдеқайда алыста.

Ауаға бөлініп шығуы

Компанияның және Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстар министрлігі жанындағы Қоршаған ортаны қорғау комитетінің сарапшылары, Компанияның өндіріс кәсіпорындарындағы қалдықтың ауаға бөлініп шығуын үнемі бақылап отырады.

Тиісті сараптама экологиялық тиімділік көрсеткіштерінің соңғы жылдарда жақсарғанын көрсетеді. Мысалға, зиянды химикаттардың ауаға бөлініп шыққан жалпы лаस्ताуыштардың құрамындағы үлесі, 2008 жылға қарағанда, 2009 жылы 12,2 % азайғанын атап көрсетуге болады. Бұнымен қатар, Компанияның өндіріс кәсіпорындарынан ауаға бөлініп шыққан қалдық мөлшері 2009 жылы, Қазақстанның қоршаған ортаны қорғау туралы заңнамасы белгілегеннен де төмен болды. Сонымен бірге, Компанияның өндіріс кәсіпорындарынан ауаға бөлініп шығатын қалдықтардың мөлшері тұрақты.

Бағаны реттеу

Үкімет, заңды тұлғалар болып табылатын табиғи монополия мәртебесіне немесе тиісті нарықта басыңқы жағдайға ие Қазақстандық компаниялардың бағасын реттеуі мүмкін. МАЭК табиғи монополия болып есептеледі, сондықтан оның өндіретін өнімдері болып табылатын электр қуаты, жылу және су үшін антимонополиялық

реттеулер мен тарифтер қолданылуда. Электр қуаты, жылу мен су тарифтері әдетте Маңғыстау облыстық департаменті бәсекелестікті қорғау агенттігі тарапынан бекітіледі. 2010 жылдың 31 наурызындағы жағдайға сәйкес, төмендегі кестеде аталмыш агенттік тарапынан белгіленген тиімді тарифтерді көруге болады:

Өнім	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтер
Электр қуаты :		
Маңғыстау облысының халқы	тенге/кВ сағ.	2,26
Ақтау қаласының халқы	тенге/кВ сағ.	2,85
Заңды тұлғалар	тенге/кВ сағ.	7,23
Жылу	гигакалория	1 018.00
Ауыз суы.....	текше метр	105.97
Техникалық су.....	текше метр	29.00
Ыстық су	текше метр	75.00

Электр қуатының бағасы әдетте газ бағасының көтерілуі нәтижесінде өседі. Тарифтер соңғы рет 2009 жылдың соңында қайта қаралды. 2009 жылдан бастап электр қуаты тарифтері Үкімет қаулысымен бекітіледі. МАЭК-тің өзге өнімдерінің тарифтері соңғы рет 2006 жылы қайта қаралған. Негізінен алғанда, тарифтердің қайта қаралуы өндірістік шығындардың артуына байланысты жүзеге асырылып отырады.

МАЭК Индустрия және жаңа технологиялар министрлігімен 2009 және 2010 жылдар үшін инвестициялық салымдар туралы келісім-шартқа қол қойған. Бұл келісім-шарттар МАЭК үшін тарифтердің максималды деңгейін, сонымен қатар, МАЭК өзінің құрал-жабдықтарын модернизациялау үшін бұл тарифтерді қолдану арқылы қол жеткізген кіріс үлесін де анықтайды. 2010 жылы осы мақсаттарға 2,7 миллиард теңге жұмсалады.

Мемлекеттік сатып алулар, жер қойнауларын пайдалану құқығын алу және тапсыру

Сатылымдарды реттеу

2009 жылдың 13 ақпанында қабылданған №134-IV «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заң бойынша, Компания (№303 ІІІ ҚРЗ 2007 жылдың 21 шілдесіндегі мемлекеттік сатылымдарға байланысты Қазақстан Республикасының заңымен бекітілген) сатылымдарды өткізудің жалпы ережелеріне бағынбайды және сатылымдарды «Самрұқ –Қазына» бекіткен арнайы ережелер бойынша (**Бірлескен Ереже**) жасайды.

Бірлескен ереже, негізінен алғанда, мемлекеттік сатылымдар туралы жалпы ережелерге ұқсас және «Самрұқ –Қазына» мен компаниялар үшін алынатын тауарлар

мен қызметтерге міндетті шараларды қарастырады, мұнда «Самрұқ-Қазынаның» 50 пайыз не одан артық тікелей немесе жанама иегерлігі бар. Бірлескен ереже мұндай компаниялардан негізгі тауарлар мен қызмет түрлерін қамтамасыз ету мақсатында, құны 4000 еселік айлық көрсеткіштен (шамамен 38 400 АҚШ доллары) аспайтын кейбір тауар мен қызметтерді қоспағанда, ресми жария тендерлер жасап тұруды талап етеді. Қазақстанның антимонополиялық заңнамасымен реттелетін, компания ұсынатын тауарлар мен қызметтер, сонымен қатар, кейбір белгілі шектеулі тауарлар мен қызмет категорияларын алу, тендерсіз тікелей сатылымдар арқылы жасалады. Бірлескен ережелерді орындаудың жалпы бақылауын «Самрұқ-Қазына» жүзеге асырады.

Жер қойнауын пайдалану құқығын тапсыру

Үкіметтің ерекше құқығынан басқа («Жер қойнауы туралы» Заңның 71-бабына сәйкес), жер қойнауын пайдалану құқығын, үшінші тұлғаға беру, жер қойнауын пайдалану құқығындағы қандай да бір үлесті беру немесе жер қойнауын қолдану құқығына кепілдік беру, тек қана құзыретті органның алдын ала келісімін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады («Жер қойнауы туралы» Заңның 14-бабы бойынша). Құзыретті орган әдетте арыз берілгеннен кейінгі 45 күн ішінде, келісім беру немесе бермеу туралы шешім қабылдайды.

Компанияның реттеу функциясы

Компания – Қазақстанның ұлттық атом компаниясы болып табылады және Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылдың 14 шілдесіндегі №3593 жарлығына сәйкес, Қазақстанда уран өндіру, үйлестіру және экспорттау құқығына ие.

Бұған қосымша ретінде, Компания ұлттық оператор ретінде төменде көрсетілген реттеу функцияларын да қамтиды:

- 1992 жылдың 16 қазанында Қазақстан Үкіметі мен АҚШ Сауда министрлігі арасында жасалған Қазақстанда уранды антидемпингтік зерттеуді тоқтату туралы келісімнің және оның барлық қосымшаларының орындалуын бақылау, сонымен қатар, қазақстандық уранның Америка нарығына жеткізілу квоталарының пайдалануын бақылау;
- уран өнімдерінің сыртқы және ішкі нарықтарында демпинг үрдістеріне жол бермеуге қатысты мемлекеттік саясаттың жүргізілуіне атсалысу;
- ядролық резервтерді ұстау; Қазақстандағы уран кен орындары туралы геологиялық мәліметтердің мониторингіне қатысу және осы мәліметтердің сақталуы мен таралуын қадағалау;
- құрамында уран бар материалдардың зерттелуі, өндірілуі және қайта өңделуі үшін берілетін лицензияларға байланысты мәселелерді қарастыруға сарапшы ретінде міндетті түрде қатысу;

- Қазақстан Республикасында қызмет атқаратын өндіруші кәсіпорындар және уранды экспорттау, импорттау квоталарын, оның байланыстарын, құрал-жабдықтарын қатаң бақылау;
- АЭХА-ның басты материалдары негізінде, экспорт, импорт, арнайы құрал-жабдықтар, технологиялар және екінші реттік материалдарды қамтамасыз ету;
- атом энергетикалық кешен өнімдерінің сатылуы бойынша есеп жүргізу;
- белгілі квоталарға сәйкес және халықаралық ережелерді ескере отырып, құрамында уран бар шикізатты қайтадан өңдеуден өткізу үшін, Қазақстан Республикасы аумағында тасымалдану нобайы мен жеткізілім кестесін анықтау;
- Қазақстан территориясы арқылы өтетін шетелдік экспорт өнімдерін транзиттік тасымалдауға қатысты мәселелерді шешуге атсалысу.

ОБЛИГАЦИЯ ШЫҒАРУДЫҢ ШАРТТАРЫ

Облигация шығарылымы Эмитенттің директорлар кеңесінің 2010 жылдың 9 сәуіріндегі қаулысымен бекітілді. Облигациялар 2010 жылдың 20 мамырында Облигация иелерінің сенімгер басқарушылары ретіндегі (бұдан әрі – **Облигация иелері**) Эмитент пен BNY Corporate Trustee Services Limited (бұдан әрі – **Сенімгер басқарушы**; бұл анықтама дәл қазір Сенімгерлік басқару туралы келісім-шартқа сәйкес сенімгер басқарушы немесе сенімгер басқарушылар ретінде әрекет жасайтын тұлғаларды қамтиды) арасында жасалған Сенімгерлік басқару туралы келісім-шартқа (бұдан әрі - **Сенімгерлік басқару туралы келісім-шарт**; бұл анықтама талаптарға сәйкес өзгертулер енгізілуі мүмкін аталмыш келісім-шартты, сонымен қатар, Сенімгерлік басқару туралы келісім-шартқа қосымша ретіндегі өзгертулер мен толықтырулар енгізілген кез-келген шарт пен құжатты қамтиды) сәйкес әзірленген. Облигация шығарудың осы ережелері мен шарттары (бұдан әрі - **Шарттар**), Облигация пішінінің сипаттамасы да енгізілген Сенімгерлік басқару туралы келісім-шарттың толық талаптарының қысқаша мазмұндамасын қамтиды және оның талаптарына сәйкес болып табылады. Негізгі төлеуші агент және трансферттік агент ретінде (бұдан әрі – **Негізгі төлеуші агент және Трансферттік агент**; бұл анықтамалар кез-келген құқықтық мұрагерлерді қамтиды) Эмитент, Сенімгер басқарушы және Bank New York Mellon Лондон бөлімшесі, тіркеуші және трансферттік агент ретінде (бұдан әрі – **Тіркеуші және Трансферттік агент**; бұл анықтамалар кез-келген құқықтық мұрагерлерді қамтиды) Bank New York Mellon (Luxembourg) S.A. және американдық төлеуші агент пен трансферттік агент (бұдан әрі – **Американдық төлеуші агент және Трансферттік агент**; бұл анықтамалар кез-келген құқықтық мұрагерлерді қамтиды; Американдық төлеуші агент Негізгі төлеуші агентпен бірге бұдан әрі – **Төлеуші агенттер**) ретінде Bank New York Mellon (New York) арасында жасалған Сенімгерлік басқару туралы келісім-шарттың көшірмелері мен Облигацияға қатысты 20 мамыр 2010 жылғы Төлеуші агентпен жасалған келісімдер (бұдан әрі – **Төлеуші агентпен жасалған келісім**) жұмыс уақытында Сенімгер басқарушының негізгі кеңсесінде (қазіргі мекен-жайы: One Canada Square, London E14 5AL), сонымен қатар, Төлеуші агенттердің айтылмыш кеңселерінде тексерілуі мүмкін. Сенімгерлік басқару туралы келісім-шарт Облигация иелерінің пайдасына жасалған және олар үшін міндетті болып табылады, сонымен қатар, барлық ережелері мен Төлеуші агентпен жасалған келісімнің талаптары Облигация иелеріне белгілі талаптар ретінде қарастырылады.

Бас әріппен жазылған, алайда аталмыш Шарттарда анықтамасы берілмеген атаулар Сенімгерлік басқару туралы келісім-шартта көрсетілгендей мағынаға ие болып табылады.

1 Пішін, номинал және меншік хұқы

Облигациялар атаулы пішінде, пайыз төлемақысы купонысыз шығарылады және дәйекті түрде нөмірленген болуға тиіс. АҚШ-тың 1933 жылғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген бағалы қағаздар туралы заңына (бұдан әрі – **Бағалы қағаздар туралы заң**) сәйкес S Ережесіне сай оффшорлық келісімдерге байланысты немесе білікті сатып алушыларға (Сенімгерлік басқару туралы келісім-шартта көрсетілгендей) бағалы қағаздар туралы заң мен 144А Ережесіне

сәйкес сатылған Облигациялар 100 000 АҚШ доллары номиналы бойынша немесе осы сомадан еселік 1 000 АҚШ доллары құнында шығарылады (осындай әр номинал «ресми түрде қабылданған номинал» болып есептеледі).

2 Меншік хұқы, тіркеу және тапсыру

- (а) **Меншік хұқы:** Облигацияның меншік хұқын тапсыру Реестрде тіркелу арқылы жүзеге асырылады. Әрбір Облигация иесі (заң бойынша басқа жағдай ескерілмеген болса) барлық жағдайда (Облигация төлем мерзімінің кешігуі, меншік хұқына, сенімгерлік мүлкіне немесе ондағы үлесі, сенімгерлік мүлкінің сертификатындағы (тапсырыс формасында көрсетілгеннен өзгеше, бұдан әрі – **Трансферттік форма**) кез-келген ескертулер немесе бұрынғы сертификаттың жоғалғаны не ұрланғаны туралы ескертулерге қарамастан) абсолютті мүлік иесі ретінде қарастырылады, сонымен қатар, ешбір тұлға Облигация иесін аталмыш жайттарға байланысты қарастыруға жауапты емес
- (б) **Реестр:** Тіркеуші Төлеуші агентпен жасалған келісімнің талаптарына сәйкес сақтау үшін Эмитент тарапынан өзіне берілген Облигация реестрін (бұдан әрі - **Реестр**) жүзеге асырады. Аталмыш Шарттарда «Облигация иесі» атауы дәл осы кезде Реестрде атына Облигация тіркелген тұлға (немесе бірлескен меншік жағдайында иелердің есімдерінің біріншісі) үшін қолданылған, сонымен қатар, «**Облигация иесі**» атауын осыған сәйкес ұғыну керек. Облигация немесе Облигацияларды иеленудің тіркелгені туралы сертификат (әрбірі – **Түбегейлі сертификат**) әрбір Облигация иесіне тек қана белгілі бір шектелген жағдайда беріледі. Әрбір Түбегейлі сертификат Реестрде тіркелетін, дәйекті түрде теңдестірілген нөмірмен нөмірленген болуы қажет.
- (в) **Тапсыру:** төмендегі (f) мен (g) баптарына сәйкес, Тіркеушінің немесе Трансферттік агенттің аталмыш кеңсесінде тиісті түрде толтырылған тапсырыс формасы мен тиісті Түбегейлі сертификатты, Тіркеуші немесе Трансферттік агенттің Трансферттік формаға қол қойған тұлғалардың меншік хұқын және өкілеттігін растау мақсатында талап етуі ықтимал дәлелдемелермен бірге тапсырғаннан кейін, Облигация толығымен немесе ресми түрде қабылданған номинал бойынша тапсырылады. Тапсырылған Облигациялардың негізгі сомасы және (Облигация иесінің меншігіндегі барлық Облигация тапсырылмайтын болса) қалған Облигациялардың негізгі сомасы ресми түрде қабылданған номиналға сәйкес болмаған жағдайда, Облигация тапсырылмауы тиіс шартымен, Түбегейлі сертификат бойынша Облигациялардың барлығы тапсырылуға тиісті болмаған жағдайда, қалған Облигациялар үшін тапсырушыға жаңа Түбегейлі сертификат берілуі тиіс.
- Кез-келген Облигацияның тапсырылуы Реестрде тіркелген жағдайда ғана жарамды болып есептеледі. Облигация аталмыш тұлғаның (немесе тұлғалардың) ғана атына тіркеледі және тек сол тұлға (немесе тұлғаларға) тапсырылады.
- (г) **Түбегейлі сертификаттың тіркелуі мен тапсырылуы:** жоғарыдағы (с) баптарына сәйкес Түбегейлі сертификат тапсырылғаннан кейінгі бес жұмыс

күні ішінде (төменде көрсетілгендей), төмендегі (f) мен (g) баптарына сәйкес, Тіркеуші тиісті тапсырысты тіркеп, жаңа Түбегейлі сертификатты Облигация иесінің немесе (жағдайға байланысты) Трансферттік агенттің аталмыш кеңсесіне немесе (тиісті Облигация иесінің тәуекелділігі және сұранымы бойынша) сақтандырылмаған бірінші сынып поштамен (шетелге әуе поштасымен) осы мақсатпен әрбір Облигация иесі тарапынан алдын-ала белгіленген мекен-жайға жіберуге міндетті. Осы баптағы «**Жұмыс күні**» Тіркеуші немесе (жағдайға байланысты) Трансферттік агенттің аталмыш кеңсесі орналасқан қаладағы коммерциялық банктардың (сонымен қатар, шетел валютасымен жасалған келісімдер) жұмыс күнін білдіреді. Түбегейлі сертификат берілген кейбір Облигациялардың тапсырылуы қажет болса, жоғарыдағы (с) бабына сәйкес, тапсырылмаған Облигациялардың иесінің талабы бойынша, қалған Облигациялардың жаңа Түбегейлі сертификаты, алғашқы Түбегейлі сертификат тапсырылғаннан кейінгі бес жұмыс күні ішінде, сақтандырылмаған бірінші сынып поштамен (шетелге әуе поштасымен) Реестрде көрсетілген Облигация иесінің мекен-жайына жіберілуі тиіс.

- (д) **Ақы төленбеуі:** Облигациялардың тіркелуі немесе тапсырылуы, тапсырыс туралы өтініш берген тұлғаның аталмыш іске байланысты кез-келген салық, алым, баж салығын төлеген не төлемді қамтамасыз еткен және/немесе төлеуге кепілдік берген жағдайда, Тіркеуші меншік хұқы және/немесе өтініш берген тұлғаның жеке құжатын көріп, растаған жағдайда, сонымен қатар, Эмитенттің Тіркеуші және Сенімгер басқарушымен келісе отырып қойған ақылға қонымды талаптарына сай болғанда, Эмитент, Тіркеуші немесе Трансферттік агент тарапынан немесе олардың атынан тегін жүргізілуі тиіс.
- (е) **Жабық кезеңдер:** Облигация иелері Облигацияның негізгі сомасының немесе пайызының төлем мерзімінен он бес күн бұрын басталатын кезеңде тапсырыстың тіркелуін талап ете алмайды.
- (ж) **Тіркеу мен тапсырыстың ережелері:** Облигацияның кез-келген тапсырысы мен Реестрде тіркелу, Төлеуші агентпен жасалған келісімде көрсетілгендей жан-жақты ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұл ережелер, Тіркеушіден алдын ала алынған жазбаша келісімге сай, Эмитент тарапынан өзгертілуі мүмкін. Қолданыстағы ережелердің көшірмесі, жазбаша түрде сұраным жіберген әрбір Облигация иесіне, Тіркеуші тарапынан пошта арқылы тегін жіберіледі.

3 Мәртебе

Облигациялар (4 (а) Шартына сәйкес)) Эмитенттің қамтамасыз етілмеген міндеттерін қамтиды және әрдайым *барлық жағдайда тең*, өзара артықшылық хақы жоқ міндеттемелер ретінде қарастырылады. Облигацияларға байланысты Эмитенттің төлем міндеттемелері, қолданыстағы заңнама мен 4 (а) Шартына сәйкес ескерілген жағдайларды қоспағанда, әрдайым өзге де қазіргі және келешектегі қамтамасыз етілмеген міндеттемелерге тепе-тең ретінде қарастырылуы тиіс.

4 Кепілдіктен бас тарту және келісім-шартқа байланысты міндеттемелер

Облигациялар бойынша кез-келген сома өтелмеген жағдайда:

(a) **Кепілдіктен бас тарту:** Эмитент те, ешбір еншілес кісіпорны да, рұқсат етілген кепілдікті қоспағанда, қолында бар және кейіннен алған активтеріне немесе олардан түскен және кез-келген қарызды қамтамасыз ететін табыс пен кіріске қатысты, Облигациялар осы қарызға тең дәрежеде және шамалас қамтамасыз етілген жағдайды қоспағанда, ешқандай кепілдік жасамауға, алмауға, төлемеуге тиіс.

(б) Дивиденд өтеуге байланысты шектеулер

(i) Эмитент, өзінің акционерлік капиталына байланысты, қолма-қол ақшамен немесе басқалай дивиденд төлемейді немесе қандай да бір төлем (сатып алу, иелену т.б. арқылы) жасамайды;

(x) Міндеттемелерді орындамаған жағдайда кез-келген уақытта (9-Шартта көрсетілгендей) немесе жеңілдікті мерзім мен ескерту қағазын жіберу немесе басқа да талаптарды орындау уақыты біткен соң, Міндеттемелерді орындамау оқиғасын тіркейді; немесе

(y) Кез-келген уақытта Эмитенттің консолидацияланған таза кірісінің 50 пайызынан асатын жиынтық сомаға сәйкес Міндеттемелерді орындамау оқиғасы болмаған жағдайда, сол таза кіріс бойынша дивиденд төленеді немесе бөлу жүзеге асырылады.

(ii) Жоғарыда айтылған шектеудің, Эмитенттің кез-келген ерекше акциясы бойынша дивиденд төлеуге және Эмитенттің өз акционерлерінен алған ақшалай жарналарға дәл келетін немесе Эмитенттің акционерлік капиталының (күшін жойған капиталды, сонымен қатар, шығарылған немесе қызметкерлердің кіріске немесе Эмитент не болмаса оның кез-келген еншілес кәсіпорны тарапынан өз жұмыскерлерінің пайдасына құрылған сенімгерлік қорына қатысу бағдарламасы аясында, Эмитенттің еншілес мекемесіне сатылған акционерлік капиталды қоспағанда) сатылым мен шығарылымына дәл келетін және таза кірістен түскен акционерлік капиталына байланысты ешбір дивидендке қатысы жоқ.

(iii) Төмендегі жағдайларды қоспағанда, Эмитент ешбір дивидендтің төлеміне немесе өзінің ешбір еншілес мекемесінің акционерлік капиталдың кез-келген топтамасы бойынша басқа да бөліп таратуларына жол бермейді: дивиденд пен бөліп таратулар акционерлік капиталдың осы топтамасының иелері арасында пропорционалдық негізде жүзеге асырылып жатса немесе Эмитент не оның еншілес мекемесі пропорционалдық негізге сүйенгендерге қарағанда анағұрлым артық мөлшерде дивиденд пен өзге де таратылым алатындай нәтиже беретін негіз.

(в) Активтердің және еншілес кәсіпорындарының капиталының сатылымындағы шектеулер

Төмендегі жағдайларды қоспағанда, Эмитент те, ешбір еншілес мекеме де, 10 миллион АҚШ долларына тең немесе асатын (немесе оның баламасы) сыйақының жиынтық сомасындағы активтерге байланысты ешқандай үкім шығармауы тиіс:

1. Эмитент немесе осындай еншілес кәсіпорын, ең болмаса, жүзеге асырылып жатқан акция мен аталмыш үкім тұсындағы активтердің объективтік нарықтық бағасына (нақты ақшасыз формадағы барлық сыйақы құнын қосқанда) парапар сомадағы сыйақы алады; және
2. Еншілес мекеменің акционерлік капитал үлесі бойынша, активке қатысты үкімге байланысты, осындай әрбір үкім жүзеге асқаннан кейін, Эмитенттің аталмыш еншілес мекемесінің, ең болмаса, акционерлік капиталының шектеулі акция үлесіне тікелей немесе жанама бенефициар-алушы иелік хұқы (аталмыш термин Қор биржасы туралы заңның 13 (d) (3) және 13 (d) (5) Ережелерінде сипатталған) сақталады.

(г) Қаржылық мағлұматтар

- (i) Эмитент, аудиторлар тарапынан тексерілген және тиісті түрде әзірленген, бұдан бұрынғы консолидацияланған қаржылық есеп беру кезеңдерінде дәйекті түрде қолданылған, қаржы жылының мерзімі ұзартылған қарыздардың қаржылық есебінің көшірмесін Сенімгер басқарушыға, дайын болғанда, алайда әр қаржы жылы біткеннен кейінгі алты ай ішінде беруге міндетті.
- (ii) Эмитент, дайын болған жағдайда да дереу, алайда әр қаржы жылының алғашқы жарты жылдық мерзімі біткеннен кейінгі 120 күн ішінде Сенімгер басқарушыға аталмыш кезеңнің мерзімі ұзартылған қарыздарының қаржылық есебінің көшірмесін беруге міндетті.
- (iii) Эмитент, Сенімгер басқарушы талап еткен жағдайда, кешіктірмей қаржылық жағдай, өзінің немесе әрбір еншілес мекеменің атқарған қызметтерінің нәтижелері туралы қосымша мағлұматтар, сонымен қатар, Сенімгерлік басқару таралы келісім-шартқа сәйкес сертификаттар беруге міндетті.
- (iv) Осы 4 (г) Шартына сәйкес, Эмитент өзі берген әрбір қаржы жылының мерзімі ұзартылған қарыздарының қаржылық есебінің төмендегі талаптарға сай әзірленгеніне кепілдік береді:
 - (x) Осы қаржылық есептің алғашқы қаржылық есептерді (бұдан бұрын берілгендерді қосқанда) дайындау барысындағы негізге сүйене отырып, тиісті түрде әзірленгенін;
 - (y) 4 (г) (i) Шартына сәйкес жоғарыда аталған аудиторлардың есептерімен бірге тапсырылған есептер (аталмыш

аудиторларлардың ескертулер мен қосымшалары да жазылған қорытындылары);

- (z) 4 (г) (i) және 4 (г) (ii) Шарттарына сәйкес тапсырылған және Эмитенттің қол қою хұқы бар өкілетті өкілі тарапынан, 4 (г) (vi) Шартына сәйкес қаржылық есепке енгізілген Топ туралы мағлұматтардың сенімді және объективті екені куәландырылған есептер;
- (aa) Эмитент Лондон Қор Биржасының (бұдан әрі – **Қор биржасы**) (немесе Облигациялардың реестрге тіркелуі не саудаға шығарылуы мүмкін кез-келген, қосымша қор биржасы немесе тиісті орган немесе органдардың) ұйымдасқан нарығы үшін, листинг немесе осындай қор биржасында не тиісті органда саудаға жіберілуіне байланысты аталмыш биржаның талап етуі мүмкін (Сенімгер басқарушыға беру үшін көшірмесімен бірге) мағлұмат беруге міндетті.
- (v) 4 (г) (i) және 4 (г) (ii) Шарттарына сәйкес тапсырылған жарты жылдық және жылдық қаржылық есептер, Топтың алғашқы қаржылық есептерінің құрастырылу қағидаларына сәйкес, бухгалтерлік есеп қағидаларының негізінде әзірленуі тиіс, әрбір есепте тиісті қаржылық мағлұматқа байланысты күндер мен кезеңдердегі жағдай ескерілуі тиіс.

(д) Рұқсаттың алынуы

(i) Эмитент пен оның әрбір еншілес кәсіпорны өздерінің заңды тұлға ретінде жұмыс пен қызметін атқаруын қамтамасыз ететін барлық керекті іс-әрекетті алу және жүзеге асыру үшін тиісті шара қолдануға немесе жәрдем беруге міндетті; және

(ii) Эмитент пен оның әрбір еншілес мекемесі, барлық келісімдер, лицензиялар, ұйғарымдар мен рұқсаттардың жарамдылығына кепілдік беретін, сонымен қатар, кез-келген уақытта кез-келген тиісті құқықтық органда Облигациялар мен Келісімдердің көрсетілуі, орындалуы немесе рәсімделуі, не олардың жарамдылығын дәлелдеу мақсатында талап етілуі мүмкін тіркеу мен мәлімдемелерді алуға немесе алынуы үшін ықпал ету жолында, барлық керекті іс-әрекетті қолға алу және жүзеге асыру үшін тиісті шара қолдануға немесе жәрдем беруге міндетті.

(е) Меншіктің сақталуы

Эмитент пен оның әрбір еншілес кәсіпорны, өз қызметтерін жүзеге асыру үшін қолданатын барлық мүліктерінің жақсы, жарамды және жұмысқа қолайлы түрде сақталуын, керек-жарақпен жабдықталуын, сонымен қатар, тиісті қызметтерінің үздіксіз жүзеге асырылуы үшін қажетті барлық жаңарту, алмастыру, жақсарту мен жетілдіру істерін қамтамасыз етуге міндетті.

(ж) Сақтандыру

Облигацияларға қатысты кез-келген сома өтелмеген уақыт ішінде, Эмитент пен оның әрбір еншілес кәсіпорны, сақтандырылатын мүлік орналасқан жердегі тиісті құқық органының белгілі бір заңнамасына сәйкес сақтандыруға міндетті.

(з) Салық және басқа да талаптарды төлеу

Эмитент пен оның ешбір еншілес кәсіпорны осы 4 (з) Шартын бұзбаған жағдайда, Эмитент пен оның кез-келген еншілес мекемесі кез-келген салық, баж салығын төлей алмаған, осыған байланысты міндеттемелерін орындай алмаған немесе бұған ықпал ете алмаған жағдайда, осы соманың қолданылуы мен заңдылығы адал ниетпен тиісті түрде дауға түскен және тиісті талаптарға сай оларға парапар резерв құрылған болса, осындай салық төлемеу және міндеттемелерін орындамау оқиғаларының қолайсыз әсері елеусіз болатын болса, Эмитент пен оның еншілес мекемелері, өздерінің мүліктеріне және кіріс, пайдаларына тиесілі барлық салық, баж салығын уақтылы төлеуге немесе төленуіне ықпал етуге міндетті.

(и) Лауазымды тұлғалардың куәгерлігі

(i) Шартына сәйкес, Эмитенттің тексерілген жылдық қаржылық есебінің тапсырылуымен бір мезгілде, сонымен қатар, Сенімгер басқарушыдан кез-келген сұраным келгеннен кейінгі 14 күн ішінде, Эмитент Сенімгер басқарушыға, міндеттемелердің орындалуына кедергі келтіретін оқиғаның болғаны не болуы мүмкін екендігін білдіретін немесе статусының өзгергені туралы Лауазымды тұлғалардың куәгерлігі түрінде жазбаша мәлімдеме беруге тиісті; ал аталмыш оқиғалар орын алған және әлі жалғасқан жағдайда, өзі қолданып жатқан немесе қолдануды ұсынатын шараларды, сонымен қатар, Сенімгерлік басқару туралы келісім-шартқа сәйкес өз міндеттемелерін орындағанын атап көрсетуге тиісті.

(ii) Шартына сәйкес, Эмитенттің тексерілген жылдық қаржылық есебінің тапсырылуымен бір мезгілде, сонымен қатар, Сенімгер басқарушыдан сұраным келгеннен кейінгі 30 күн ішінде, Эмитент Сенімгер басқарушыға, Лауазымды тұлғалардың куәгерлік белгісінің әзірленген күнінен ең көп 20 күн бұрын еншілес мекемелер болған компаниялардың аттары да көрсетілген Лауазымды тұлғалардың куәгерлігін табыстауы тиіс.

(к) Қызметтің өзгеруі

Эмитент не өзінің, не ешбір еншілес кәсіпорнының рұқсат етілген қызметтен басқа ешбір қызметке қатыспайтынына кепілдік беруге міндетті.

5. Пайыз

Облигацияларға 20 мамыр 2010 жылдан бастап, әр жылдың 20 қараша және 20 мамыр күндерінде (осы күндердің әрбіреуі – **Пайыз төлем күні**) жылдық мөлшері

6,25 пайыз болатын, есептеу бағасы бойынша (төменде көрсетілгендей) 31.25 АҚШ доллары мөлшерінде жарты жылда бір рет төленуге тиіс, пайыз қосылады. Әр Облигация бойынша пайызды төлеген күннен бастап, егер Облигация тиісті түрде көрсетілгеннен кейін жөнсіз кешіктіру немесе негізгі соманы төлеуден бас тарту болмаған жағдайда, пайыз қосылмайды. Бұл жағдайда Облигация бойынша пайыз қосылу аталмыш мөлшерде (сот үкіміне дейінгі және кейінгі) мына мерзімдерден бұрын жүзеге асырыла береді: (а) аталмыш Облигация бойынша осы күні төленуге тиіс барлық сома тиісті Облигация иесінен немесе оның атынан алынған болса, немесе (б) Сенімгер басқарушы немесе Негізгі төлеуші агент Облигация иелеріне барлық Облигациялар бойынша төленуге тиіс соманы түгелдей алғаны туралы хабарлағаннан кейінгі жетінші күн (тиісті Облигация иелері аталмыш Шарттарға сәйкес кейінгі төлемді алмаған жағдайды қоспағанда). Тиісті ең аз уақытты қамтитын кезеңнің пайызын есептеу керек болғанда, 360 күндік, әрқайсысы 30 күннен тұратын 12 айлық мерзім және толық емес ай болса, өткен күндер негізінде есептеледі.

Осы Шарттарда 20 мамыр 2010 жылдан басталып, алғашқы Пайыз төлем күні бітетін, бірақ бұл күнді қамтымайтын кезең, сонымен қатар, әрбір Пайыз төлем күнінен басталып, сол күнді де қамтитын және келесі Пайыз төлем күні бітетін, алайда сол күнді қамтымайтын кезең **«Пайыздық кезең»** деп аталады.

Кез-келген Облигация бойынша пайыз, Облигацияның негізгі құнының 1000 АҚШ долларына (бұдан әрі – **«Есептеу сомасы»**) есептелуі тиіс. Жоғарыда айтылған жағдайларды қоспағанда, Пайыздық кезеңге қатысты, Есептеу сомасына сәйкес, кез-келген кезеңдегі төленуі тиіс пайыз мөлшері 6,25 пайызға және тиісті кезеңнің күндеріне, шыққан санның центке ықшамдалған түріне тең (жарты цент үлкен көрсеткішке ықшамдалады).

6. Төлем және сатып алу

(а) **Біржола төлем:** Облигациялар алдын-ала төленбеген немесе сатып алынып, күші жойылмаған болса, 20 мамыр 2015 күні негізгі сомасы көлемінде төленуі тиіс. Облигациялар Эмитенттің шешімімен тек осы Шарттарға сәйкес төленуі қажет.

(б) **Салық салу мақсатымен төлем:** Облигациялар, төменде көрсетілген талаптар орындалған жағдайда, Эмитенттің шешімімен, Облигация иелеріне ең кеш 30 күн, ең ерте 60 күн бұрын хабарланғаннан соң, кез-келген уақытта, жартылай емес, негізгі сомасы көлемінде (белгіленген төлем күні қосылған пайыздарымен бірге) түгелдей төленуі мүмкін: егер Эмитент Сенімгер басқарушының ауызекі талаптарын, 8-Шартта көрсетілгендей, Қазақстан Республикасының немесе кез-келген әкімшілік-аумақтық бірліктің, не болмаса салық салу саласында өкілетті кез-келген басқару органының заңдары мен қаулыларына енгізілген кез-келген өзгертулер мен түзетулердің нәтижесінде, немесе 20 мамыр 2010 жылдан бастап не содан кейін күшіне енетін аталмыш заңдар мен қаулылардың (соның ішінде тиісті Сот шешімінің) қолданылуы мен ресми түсіндірмесіндегі кез-келген өзгертулер нәтижесінде қосымша сома төлеуге міндетті екенін немесе міндетті

болатынын хабарлайтын ескертпе хаттан бұрын орындайтын болса, Эмитент аталмыш міндеттемелерді өзгерте алмаса және өзіне қол жетімді, ақылға қонымды шаралар қолданса, егер төлемге қатысты ескертпе хат Эмитенттің қосымша сома төлеуге тиіс күнінен кем дегенде 90 күн бұрын берілсе. Осы 6 (а) Шартына сәйкес, төлемге байланысты кез-келген ескертпе хат жарияланғанға дейін, Эмитент Сенімгер басқарушыға, өзінің екі Директоры қол қойған және Эмитенттің жоғарыдағы (i) бабында белгіленген міндеттемесінен жалтарып кетпейтінін көрсететін куәлік белгі беруге міндетті; аталмыш міндеттеме, қол жетімді, ақылға қонымды шаралар қолданатын Эмитент тарапынан өзгертілмейді, ал Сенімгер басқарушы осы куәлік белгіні жоғарыдағы (ii) бабында көрсетілген кейінге шегерілген талаптың орындалуына жеткілікті дәлел ретінде қабылдау хұқына ие және бұл жағдайда аталмыш міндеттеме Облигация иелеріне ақырғы және міндетті болып табылады.

- (в) **Статустың өзгеруі жағдайында Облигация иелерінің шешімімен төлем жасалу:** Облигация төленбеген кез-келген уақытта статус өзгерсе, Эмитент кез-келген осындай Облигация иесінің шешімімен, осы Облигацияны төлеуге немесе (төменде көрсетілгендей) сатылым опционы болатын күнге негізгі сомасынан 101 пайызға опцион болатын күні қосылған пайызымен қоса (немесе сатып алу жағдайында, көрсетілген пайызға парапар сомамен бірге) сатып алуға міндетті.

Аталмыш опцион (бұдан әрі – **Статустың өзгеруі жағдайында сатылым опционы**) төмендегідей іске асады:

Статус өзгергеннен кейінгі 14 күн ішінде Эмитент, сол уақытта төленбеген Облигациялардың негізгі сомасының кем дегенде төртте біріне ие Облигация иелерінің талап етулеріне байланысты, Статустың өзгеру сипаты және Статус өзгергендегі Сатылым опционының жүзеге асырылу процедурасы көрсетілген 6-Шарқа сәйкес, Облигация иелеріне ескертпе хат (бұдан әрі – **Статустың өзгеруіне байланысты ескертпе хат**) жіберуге міндетті, немесе Сенімгер басқарушы, егер бұдан хабардар болса (ал Эмитентке хабарланбаған болса), осы хұққа ие болып табылады.

Статус өзгергендегі Сатылым опционын жүзеге асыру үшін, Облигация иесі, Шартына сәйкес, Статустың өзгергені туралы ескертпе хат Облигация иелеріне берілген күні басталып, 90 күннен кейін бітетін кезеңдегі (бұдан әрі – **Статус өзгергендегі Сатылым опционын жүзеге асыру кезеңі**) кез-келген жұмыс күні (Төлеуші агенттің кеңселері орналасқан қаладағы коммерциялық банктардың жұмыс күні), кез-келген Төлеуші агенттің аталмыш кеңсесіне, тиісті түрде қол қойылып, рәсімделген сатылым опционының жүзеге асырылуы туралы ескертпе хат (қолда бар формада немесе Облигация сертификаты клирингілік жүйеде сақталатын болса, клирингілік жүйеге қолайлы кез-келген формада әзірленуі және клирингілік жүйеге қолайлы кез-келген түрде жіберілуі мүмкін) жолдауға міндетті (бұдан әрі – **Статус өзгергендегі опцион сатылымы туралы ескертпе**

хат). Бұл ескертпе хатты кез-келген Төлеуші агенттің аталмыш кеңсесінен алуға болады және ескертпе хатта Облигация иесі тарапынан көрсетілген банк есеп-шотына (немесе төлем чек арқылы жасалатын болса, мекен-жай), осы бапқа сәйкес, ақша аударылуы қажет, сонымен қатар, осы ескертпе хатпен бірге, тиісті Төлеуші агенттің билігінде немесе бақылауында болуы үшін Облигация сертификатының қосымшасы немесе қажетті басқа да дәлелдемелер жіберіледі.

Эмитент өз шешімі бойынша, Статус өзгергендегі сатылым опционын жүзеге асыру кезеңі аяқталып, 7 күн өткеннен кейінгі күні (бұдан әрі - **Статус өзгергендегі сатылым опционын жүзеге асыру күні**) Статус өзгергендегі опцион сатылымы туралы ескертпе хатқа қатысы бар Облигацияларды, егер аталмыш Облигациялар бұдан бұрын төленбеген, сатып алынбаған және күшін жоймаған болса, төлейді немесе сатып алады (немесе сатылып алынуын қамтамасыз етеді). Кез-келген Облигацияның иесі тарапынан жіберілген Статус өзгергендегі опцион сатылымы туралы ескертпе хат, белгіленген төлем күніне дейін орын алған міндеттемелердің орындалуына кедергі келтіретін оқиғаны есептемегенде, кері қайтарылмайды. Ал бұндай оқиға болған жағдайда Облигация иесі Эмитенттің тиісті хабарламасына сәйкес, Статус өзгергендегі опцион сатылымы туралы ескертпе хаттың күшінің жойылуы үшін шешім қабылдайды.

Осы Шартының жүзеге асырылуы мақсатында:

«Статустың өзгеруі» төмендегі жайттардан кез-келген біреуі орын алғанда орындалады:

- (i) Кез-келген келісімнің (шектеусіз, бірігу немесе қосылу) нәтижесінде, Қазақстан Республикасы және/немесе тиісті түрде Эмитенттің акцияларын басқаруға өкілетті кез-келген орталық не мемлекеттік ведомство, Эмитенттің 100 пайыз капиталын (тікелей немесе жанама түрде) басқару мен бақылауды тоқтатады; немесе
 - (ii) Эмитенттің (тікелей немесе жанама түрде) не кез-келген еншілес мекеменің қатысуымен болған қайта ұйымдастыру нәтижесінде, алты айдың ішінде келеңсіз рейтинг оқиғасының орын алуы.
- (d) Төлем туралы ескертпе хат:** Төленуі керек екендігі ескертілген барлық Облигациялар, осы Шартқа сәйкес, қолданыстағы заңнамаға, қор биржасының немесе өзге де тиісті органдардың талаптарына сай, аталмыш ескертпе хатта көрсетілген күні төленуі тиіс.
- (e) Сатып алу:** Эмитент пен оның еншілес мекемелері кез-келген уақытта Облигацияларды сатып алуына немесе өз атына басқа тұлғалар тарапынан, ашық нарықта не басқалай әдіспен кез-келген бағаға сатып алынуын қамтамасыз етуіне болады. Эмитент осылайша сатып алған Облигацияларды қолда ұстауына, қайта сатуына немесе күшін жою үшін өткізуіне болады. Осылай сатып алынған Облигациялар, Эмитенттің не оның атына кез-келген

еншілес мекемесінің қолында болған уақыт ішінде, иесіне Облигация иелерінің кез-келген отырысында дауыс беру хұқын бермейді және 9, 12 (а) мен 13-Шарттардың орындалуы немесе Облигация иелерінің отырыстарында кворумды есептеу мақсатында айналымда болып саналмайды.

- (f) **Күшін жою:** Осылайша төленген не сатып алынған және күшін жою үшін өткізілген барлық Облигациялардың күші жойылып, қайтадан шығарылмайды, және сатылмайды.

7. Төлем

- (a) **Төлем әдісі:** Облигациялар бойынша негізгі сома мен пайыздарын төлеу, Нью-Йорк қаласының банкында жазылған және Облигация иесінің Реестрде көрсетілген мекен-жайына, тіркеу күніне сәйкес келетін жұмыс күні басында сақтандырылмаған бірінші сынып поштамен (шетелге жіберу керек болса әуе поштасымен) жолданған АҚШ доллары негізіндегі чек арқылы немесе Облигация иесі Төлеуші агенттің тиісті кеңсесіне хабарлаған жағдайда, белгіленген төлем күнінен кем дегенде 15 күн бұрын, төлемақыны алушының Нью-Йорк қаласының банкындағы есеп-шотына АҚШ доллары ретінде аудару арқылы жүзеге асырылады.
- (b) **Салық салынуға тиесілі төлемдер:** 7-Шартқа нұқсан келтірместен, барлық жағдайда барлық төлемдер қолданыстағы кез-келген заңнама мен қаулы аясында жүзеге асырылады. Аталмыш төлемдер бойынша Облигация иелерінен ешқандай комиссия не басқа да шығын алынбайды.
- (c) **Жұмыс күндеріндегі төлемдер:** Нью-Йорк қаласының банкындағы есеп-шотқа АҚШ доллары ретінде ақша аударымы жағдайында, (белгіленген төлем мерзіміндегі валюттендіру күні немесе төлем мерзімі жұмыс күніне сәйкес келмесе, келесі жұмыс күніне сәйкестендірілетін валюттендіру күні көрсетілген) төлем тапсырысы беріледі, ал Нью-Йорк қаласының банкында жазылған АҚШ доллары негізіндегі чекпен төлем жасау жағдайында, чек белгіленген төлем мерзімінде пошта арқылы жіберілуі тиіс. Облигация иесінің, төменде көрсетілген жағдайларға байланысты төлемнің кешіктірілуіне орай ешбір пайыз не төлемақы алуға хұқы жоқ: (А) төлем мерзімінің жұмыс күніне дәл келмеуі, немесе (В) 7-Шартқа сәйкес пошта арқылы жіберілген чектің төлем мерзімінен кейін алынуы не болмаса жолда жоғалып кетуі. Осы 7-Шарттағы «жұмыс күні» атауы, Лондон, Алматы және Нью-Йорк банктарының жұмыс істейтін (соның ішінде шетел валютасымен жасалатын келісімдер де бар) кез-келген күнін білдіреді
- (d) **Тіркеу күні:** Облигациялар бойынша төлемдер, белгіленген төлем мерзімінен 15 күн бұрын (бұдан әрі – «Тіркеу күні»), жұмыс күнінің басында, Тіркеушінің аталмыш кеңсесінде, Реестрде Облигация иесі ретінде көрсетілген тұлғаның пайдасына жасалады.
- (e) **Агенттер:** Бастапқы Төлеуші агенттер, Трансферттік агенттер мен Тіркеуші, сонымен қатар, олардың бастапқыда белгіленген кеңселері төменде

көрсетілген. Эмитент Сенімгер басқарушының жазбаша рұқсатымен кез-келген уақытта кез-келген Төлеуші агент, Трансферттік агент пен Тіркеушінің қызметін өзгерту немесе күшін жою, сонымен қатар, төмендегі жағдайларда, қосымша немесе басқа Төлеуші агенттер, Трансферттік агенттер не Тіркеуші тағайындау хұқын сақтап қалады: егер Эмитенттің, Еуропаның кем дегенде 2 ірі қаласында Сенімгер басқарушы мақұлдаған кеңселері бар (i) Негізгі Төлеуші агент, (ii) Төлеуші агенттері және Трансферттік агенттері болса; Еуроодаққа мүше, 2003/48/ЕО Еуропалық Кеңестің Директивасын не Еуроодақтың экономика және қаржы мәселелері бойынша Кеңесінің (*ECOFIN*) 2000 жылдың қараша айының 26-27 күндеріндегі шешімдерін орындау үшін кез-келген басқа да директиваны атқару мақсатымен, кез-келген заңға сәйкес салық алуға не ұстауға міндетті емес елде кеңсесі бар (iii) Төлеуші агенті болса. Сонымен қатар, жоғарыдағы 7 (b) Шартында көрсетілген жағдайларда (егер сол уақытта осындай Төлеуші агент жоқ болса), Эмитент дереу Нью-Йорк қаласында Төлеуші агент тағайындай алады және аталмыш жағдайлар орын алғанда, осындай Төлеуші агентті сақтап қалуға міндетті. Облигация иелері Төлеуші агенттер, Трансферттік агенттер мен Тіркеуші және олардың кеңселеріне қатысты кез-келген өзгерістер туралы кешікпей хабардар етіледі

Осы Шарттағы «Еуропа экономикалық аймағының ұйымдасқан нарығы (ЕЭА)» атауы, *Еуропа парламентінің* Директивасындағы 4.1 (14) бабында және қаржы құралдары нарығы туралы 2004/39/ЕО Кеңесінің Директивасында сипатталған нарықты білдіреді.

а. Салық салу

Эмитент немесе оның атынан жүзеге асырылып жатқан, Облигациялар бойынша негізгі сома мен пайыздардың барлық төлемдері, заң бойынша талап етілетін жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы немесе Қазақстан Республикасындағы салық салу саласында тиісті өкілдікке ие кез-келген орган тарапынан міндеттелетін, алынатын, ұсталатын не бағаланатын кез-келген салық, баж, мемлекеттік шығындардан босатылады. Заң бойынша салық талап етілген жағдайда, төленуге тиіс Облигация бойынша ешқандай қосымша сома өтелуге міндетті болмағанда, сома Облигация иелерінің алуға тиіс аталмыш салықтар ұсталмаған көлемде болуы үшін, Эмитент қосымша сома төлейді.

- (a) **Қазақстан Республикасымен қосымша байланыстар:** Облигация иесі болудың сыртында, Қазақстан Республикасымен кез-келген қосымша байланысы болғаны үшін, салық, баж және мемлекеттік алымдар төлеуге тиісті Облигация иесінен не оның атынан; немесе
- (b) **Облигацияларды тиісті мерзімнен кейінгі 30 күннен де кеш уақытта тапсыру:** Облигация иесінің 30 күндік кезеңнің соңғы күні Облигацияны төлеуге бергенде, қосымша сома алуға хұқы болатын жағдайды қоспағанда, тиісті мерзімнен кейінгі 30 күннен де кеш уақытта; немесе
- (c) **Жеке тұлғаларға төлем:** аталмыш салықтар жеке тұлғаға төленуге міндеттелген болса, 2003/48/ЕО Еуропалық Кеңестің Директивасына және

басқа да Еуроодақтың (*ECOFIN*) Кеңесінің 2000 жылдың қараша айының 26-27 күндеріндегі шешімдерін орындайтын Директивасына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс; немесе

- (d) **Басқа Төлеуші агенттен алым:** Еуроодаққа мүше елдегі басқа Төлеуші агентке тиісті Облигацияны тапсыру арқылы аталмыш салықтардан босатылатын Облигация иесінен не оның атынан.

«**Тиісті мерзім**» атауы келесі мерзімдерден де кеш күнді білдіреді: (i) төлем мерзімі басталатын бірінші күн, және (ii) егер төленуге тиісті толық сома, Негізгі Төлеуші агент немесе Сенімгер басқарушы тарапынан Нью-Йорк қаласында белгіленген төлем мерзімінен бұрын алынбаған болса, Облигация иелеріне төленген сома толық алынған күн. Осы Шарттарда негізгі сома және/немесе пайыздарға жасалған кез-келген сілтеме, осы Шартқа не болмаса Сенімгерлік басқару туралы келісім-шартқа сәйкес қабылданған міндеттемелерге сай төленуге тиісті болуы мүмкін кез-келген қосымша соманы қамтитын сома ретінде қарастырылады.

b. Міндеттемелердің орындалуына кедергі келтіретін оқиғалар

Келесі жайттардың біреуі (әрбірі жеке-жеке - **Міндеттемелердің орындалуына кедергі келтіретін оқиға**) орын алған жағдайда, Сенімгер басқарушы өз шешімімен және сол уақыттағы төленбеген Облигациялардың негізгі құнының кем дегенде төртте біріне ие Облигация иелерінің жазбаша сұранымы болса, соған орай, немесе Ерекше шешімде қамтылған тиісті үкім болса, соған орай (оның талаптарына сәйкес, әр жағдайда орнын толтыру не қамтамасыз ету немесе алдын-ала қаржыландыру кепілдігі беру шартымен) Эмитентке Облигациялардың негізгі құны және қосылған пайыздары (егер қолданылатын болса) көлемінде дереу төленуі керектігі туралы ескертпе хат жіберуге міндетті.

- (a) **Төлемеу:** Эмитент Облигациялар бойынша негізгі соманы төлем мерзімінде уақытылы төлемегенде немесе Эмитент кез-келген Облигациялар бойынша пайыздарды не қосымша соманы төлеуге қатысты өз міндеттемелерін орындамағанда және осындай өз міндеттемелерін орындамау жағдайы 7 жұмыс күнінен артық созылса; немесе
- (b) **Басқа міндеттемелердің орындалмауы:** Эмитент Облигацияларға не Сенімгерлік басқару туралы келісім-шартқа не болмаса Төлеуші агентпен жасалған келісімге байланысты ережелер мен келісімдер, өзіне жүктелген кез-келген міндеттемені орындамаған жағдайда (9-Шартта жекеше көрсетілген міндеттемелерді орындамау немесе бұзу жағдайын қоспағанда), және Сенімгер басқарушының пікірінше, аталмыш өз міндеттемелерін орындамау не бұзу, Сенімгер басқарушының Эмитентке ескертпе хатты бергеннен кейінгі 30 күн ішінде жойылмаған болса; немесе
- (c) **Міндеттемелерді айқыш орындамау:** Эмитент не еншілес мекеме өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда немесе (b) жеңілдікті кезеңмен бірге төлем мерзімі келгенде төленбесе, не болмаса (ii) кез-келген басқа тұлғаның несиелік мүлкі бойынша қарызына қатысты, Эмитент не еншілес мекеме

- тарапынан берілген қарызды өтеу кепілдігі төлем мерзімінің келгеніне қарамастан орындалмаса, (i) Эмитенттің немесе еншілес мекемесінің несиелік мүлік бойынша қарызы, (a) төлем мерзіміне дейін төленуі тиіс; осындай несиелік мүлік бойынша қарыздың жалпы негізгі сомасы 30 000 000 АҚШ долларынан асатын болса (немесе Сенімгер басқарушының шешімі бойынша, тиісті валютаның қолданыстағы осы 9-Шарт кезіндегі кез-келген жетекші банк белгілеген АҚШ долларына қатысты орташа курсы негізге алына отырып, айқындалатын басқа валютадағы баламалы құнынан асатын болса); немесе
- (d) **Банкрот болу:** (i) кез-келген бір тұлға соттық іс қозғаса, немесе төлем қабілетсіздігі, қарыздың реструктуризациясы мен реабилитациясы, активтердің құрылымы мен міндеттемелерді бірыңғайлау, алым мораторийлері не осы іспеттес шараларға байланысты, Эмитент пен кез-келген еншілес мекеменің не (Сенімгер басқарушының пікірінше) олардың барлық тиісті мүліктерінің қатысуымен дауды шешу процесінде конкурстық негізде басқарушы, сот жарлықшысын, ликвидатор тағайындау туралы бұйрыққа не болмаса үкімге қол қойса; егер 50 күн ішінде аталмыш сот ісінің, бұйрық не үкімнің күші жойылмай, жүзеге асырылмаған қалпы қалса не тоқтатылмаса; немесе (ii) Эмитент не еншілес мекеме, қолданыстағы банкротқа ұшырау, төлем қабілетсіздігі туралы кез-келген заңға немесе осы іспеттес төлем қабілетсіздігін мойындау туралы заңға сәйкес, дау ашады немесе банкрот болу, төлем қабілетсіздігіне қатысты процедураны бастауға келісім береді және аталмыш кез-келген заңның талаптарына сәйкес, қайта ұйымдастыру ісі үшін өтініш береді не келіседі немесе жағдайға не өзінің мүлкіне байланысты, конкурстық негіздегі несие беруші, сот жарлықшысы, ликвидатор немесе Сенімгербасқарушы немесе Эмитент не еншілес мекеменің басқарушысының тағайындалуымен келіседі немесе өзінің несие берушілерінің пайдасына кеңшілік жасайды немесе төлем мерзімі келгенде қарыздарын төлей алмайтынын мойындайды, не болмаса, Эмитент не еншілес серіктестік, қарызды жалпы реттеу мақсатында іске араласады; немесе
- (e) **Сот шешімдері:** Эмитенттің не кез-келген еншілес мекеменің төлем қабілетсіздігі жағдайында, атқарушы 10 000 000 АҚШ долларынан асатын (немесе Сенімгер басқарушының шешімі бойынша, тиісті валютаның қолданыстағы осы 9 (c) Шарты кезіндегі кез-келген жетекші банк белгілеген АҚШ долларына қатысты орташа курсы негізге алына отырып, айқындалатын басқа валютадағы баламалы құнынан асатын) соманың төленуі туралы үзілді-кесілді үкім шығарады; алайда аталмыш үкім орындалмаған болса, оны орындаудан бас тарту мәлімделмесе, үзілді-кесілді үкім шыққаннан кейін 30 күннен астам уақыт ішінде тоқтатылмаса, егер аталмыш үкімге сақтандырудың қатысы болса және дереу тоқтатылмаған үкімге байланысты несие беруші орындалу ісін бастатса; немесе
- (f) **Қолданыстағы заңнаманың талаптарының орындалуы:** Эмитент заңды түрде өз құқық пен өкілеттігін жүзеге асыру немесе Облигациялар, не

Сенімгерлік басқару туралы келісім-шарт немесе Төлеуші агентпен жасалған келісім бойынша өз міндеттемелерін орындау, не болмаса, осы міндеттемелердің орындалуының шарт екенін не барлық керекті келісім-шарттар мен құжаттардың әзірленуін, барлық керекті ұйғарым, рұқсат, тіркеу мен рәсімдеулердің алынуын, бұлардың күшінің толығымен сақталуын, қамтамасыз ету жолында, кез-келген мемлекеттік не басқа да реттеуші органның қолданыстағы заңдары мен нормативтік-құқықтық актілерінің (соның ішінде валюталық бақылау мәселелері бойынша ережелер мен нормативтік-құқықтық актілердің) талаптарын орындамаған жағдайда; және бұл жағдай, Сенімгер басқарушының пікірінше, Облигация иелерінің мүддесіне елеулі түрде шек қойса; немесе

- (g) **Заң бойынша жарамсыздық:** (i) Облигациялардың, Сенімгерлік басқару туралы келісім-шартының не Төлеуші агентпен жасалған келісімнің жарамдылығы, Эмитент тарапынан дауға түсуі мүмкін немесе Эмитент Облигациялар, Сенімгерлік басқару туралы келісім-шарт, не болмаса, Төлеуші агентпен жасалған келісім бойынша кез-келген бір өз міндеттемесін мойындамай, (төлемдерді жалпы тоқтату, не қарызды өтеуге мораторий арқылы немесе басқаша жолмен) бас тартса, немесе (ii) Эмитент үшін Облигациялар, Сенімгерлік басқару туралы келісім-шарт, не болмаса, Төлеуші агентпен жасалған келісім бойынша өз міндеттемелерінің барлығының не бір бөлігінің орындалуы заңсыз болса, немесе (iii) Облигациялар, Сенімгерлік басқару туралы келісім-шарт, не болмаса, Төлеуші агентпен жасалған келісімде көрсетілген, Эмитенттің барлық міндеттемелері не бір бөлігі жарамсыз болып табылса.

10. Мерзімнің ескіруі

Негізгі сома мен пайыздарға қатысты даулар, 7-Шарттың талаптарына сәйкес, тиісті мерзімде, негізгі сома бойынша 10 жыл, пайыздар бойынша 5 жыл ішінде құжаттары берілмеген болса, жарамсыз болып табылады.

11. Түбегейлі сертификаттардың ауыстырылуы

Түбегейлі сертификат жоғалған, ұрланған, бүлінген не жойылған жағдайда, Эмитенттің талап етуімен (сол уақыттағы нарықтық тәжірибе тұрғысынан ақылға қонымды болса), арыз иесінің сертификатты алмастыруға байланысты шығындарды төлеуі, айғақтар мен шығындарға кепілдік көрсетуі және өзге де шарттарды орындауы арқылы, Тіркеушінің не Төлеуші агенттің белгіленген кеңсесінде, қолданыстағы барлық заңдардың және қор биржасының не басқа да тиісті органдардың талаптарына сәйкес, алмастырылады. Жыртылған не бүлінген Түбегейлі сертификаттар, жаңасы берілгенге дейін өткізілуі тиіс.

12. Облигация иелерінің жиналыстары, өзгерту, бас тарту, ауыстыру

- (a) **Облигация иелерінің жиналыстары:** Сенімгерлік басқару туралы келісім-шартта, Облигация иелерінің мүдделеріне байланысты мәселелерді, соның ішінде, Ерекше шешім негізінде, осы Шарттарға не Сенімгерлік басқару туралы келісім-шарттың талаптарына өзгертулер енгізу мәселесін де

қарастыру мақсатында, олардың бас қосу ережелері қамтылған. Жиналыс, сол уақыттағы төленбеген Облигациялардың жалпы сомасының кем дегенде 10 пайызына ие Облигация иелері тарапынан ұйымдастырылады. Төмендегі жағдайларды ескермегенде, Ерекше шешімді талқылау үшін жиналысқа қатысушы саны, сол уақыттағы төленбеген Облигациялардың негізгі құнының 50 пайызынан астамына ие тұлға не тұлғалардан тұрады, немесе жиналыс басқа уақытқа қалдырылған болса, өзінің/өздерінің меншігіндегі немесе өкілдік етіп отырған Облигациялардың негізгі сомасының көлеміне қарамастан - тұлға не тұлғалар: егер аталмыш жиналыстың күн тәртібінде келесі ұсыныстардың талқылануы болмаса: (i) Облигация төлем мерзімінің не Облигациялар бойынша пайыз төлем мерзімінің өзгертілуі (соның ішінде Статус өзгергендегі сатылым опционына қатысты талаптардағы кез-келген өзгертулер), (ii) Облигациялардың жалпы құнын не пайыздарын азайту не күшін жою, (iii) Облигациялар бойынша төлем валютасын өзгерту, немесе (iv) Облигация иелерінің жиналысы үшін қажет кворумға немесе Ерекше шешімді қабылдауға қажет дауысқа қатысты талапты өзгерту; бұндай жағдайда, керекті кворум, сол уақыттағы төленбеген Облигациялардың негізгі құнының 75 пайызына ие немесе соған өкілеттік ететін, ал басқа уақытқа шегерілген жиналыс жағдайында, 25 пайызына ие немесе соған өкілеттік ететін 2 не одан көп адамнан тұрады. Тиісті түрде қабылданған Ерекше шешім, (осы шешім қабылданған жиналысқа қатысып, қатыспағандарына қарамастан) Облигация иелері үшін міндетті болып табылады.

Сенімгерлік басқару туралы келісім-шартта, сол уақыттағы төленбеген Облигациялардың жалпы құнының кем дегенде 75 пайызына ие Облигация иелерінің қолы қойылған не олардың атынан әзірленген жазбаша қаулы, тиісті түрде өткізілген Облигация иелерінің жиналысында қабылданған Ерекше шешім секілді, барлық жағдайда заңды күшке ие болып саналады. Бұндай жазбаша қаулы, бір не бірнеше құжатта бірдей формада және әрқайсысы бір не бірнеше Облигация иесі тарапынан немесе оның/олардың атынан қол қойылған күйде болуы мүмкін.

- (b) **Хұқтардың өзгертілуі және олардан бас тарту:** Сенімгер басқарушы, Облигация иелерінің келісімінсіз, төмендегі жайттармен келіседі: өз пікірінше, формалды, мардымсыз не техникалық сипатқа ие немесе анық қатені түзету үшін енгізілген деп тапқан (i) Сенімгерлік басқару туралы келісім-шарттың не Төлеуші агентпен жасалған келісімнің талаптарына өзгертулер енгізу, немесе (ii) кез-келген басқа өзгерту (Сенімгерлік басқару туралы келісім-шартта көрсетілгендерден басқа), немесе Сенімгерлік басқару туралы келісім-шарттың, Шарттардың және Төлеуші агентпен жасалған келісімнің талаптарының бұзылуына не бұзуға ұсыныс жасалуға байланысты, хұқтарынан бас тарту не бекіту және бұл жағдай, Сенімгер басқарушының пікірінше, Облигация иелерінің мүддесіне елеулі түрде зиян келтірмесе. Бұндай өзгерту енгізу, бекіту не бас тарту, Облигация иелері үшін пәрменді болып табылады, сонымен қатар, Сенімгер басқарушының

тиісті талабына сай, Облигация иелері ең қысқа мерзімде аталмыш өзгертулердің енгізілгенінен хабардар етілуі тиіс.

- (с) **Алмастыру:** Сенімгерлік басқару туралы келісім-шартта, осы келісім-шарттағы тиісті түзету мен Сенімгер басқарушының талап етуі мүмкін өзге де шарттарға сәйкес, Сенімгер басқарушыға, Облигация иелерінің келісімінсіз, Сенімгерлік басқару туралы келісім-шарт мен Облигациялар бойынша негізгі қарызгер ретінде, Эмитенттің алмастырылуы не бұрынғы ауысқан серіктестіктің басқа заңды тұлғалармен алмастырылуына келісуге рұқсат беретін ережелер қамтылған. Бұндай алмастыру жағдайында, Сенімгер басқарушы, Облигация иелерінің келісімінсіз, Облигациялар мен Сенімгерлік басқару туралы келісім-шартқа қатысты қолданылатын заңнаманың өзгертілуімен, егер Сенімгер басқарушының пікірінше бұндай өзгерту, Облигация иелерінің мүддесін елеулі түрде бұзбаса, келісе алады.
- (d) **Сенімгер басқарушының хұқы:** Өз қызметін атқару барысында (соның ішінде осы Шартта белгіленген қызметтер), Сенімгер басқарушы Облигация иелерінің мүддесімен Облигация иелері тобының мүддесі ретінде санаса отырып, оның орындалу салдарын жеке Облигация иелері үшін ескермейді, сонымен қатар, Сенімгер басқарушы Эмитенттен, жеке Облигация иелеріне кез-келген осындай қызмет көрсетуге қатысты жасалған шығынның орнын толтыруды талап етуге хұқы жоқ.

13. Атқару

Облигациялардың төлем мерзімі келгеннен кейінгі кез-келген уақытта, Сенімгер басқарушы өз шешімімен, қосымша ескертпе хатсыз, Облигациялар мен Сенімгерлік басқару туралы келісім-шарттың талаптарын атқару үшін керекті деп тапқан, Эмитентке байланысты шара, іс-әрекет бастай алады; сонымен қатар, (а) Ерекше шешім немесе төленбеген Облигациялардың негізгі құнының кем дегенде төртте біріне ие Облигация иелерінің жазбаша сұранымы негізінде қажет болмаса, (b) оның талаптарына сәйкес, шығындарды өтеу не қамтамасыз ету немесе алдын-ала қаржыландыру кепілдігі берілмесе, шара қолдануға міндетті емес. Дау ашу керек болғанда, Сенімгер басқарушы ақылға қонымды мерзімде дауды ашпаған жағдайда, ешбір Облигация иесі тікелей Эмитентке байланысты дау ашу хұқына ие болмайды.

14. Сенімгер басқарушының өтемақысы

Сенімгерлік басқару туралы келісім-шартта Сенімгер басқарушы келтірген залалдың орнын толтыруды және оның жауапкершіліктен босатылуын көздейтін қағидалар бар. Сенімгер басқарушы Эмитентпен және Эмитентпен байланысты кез келген заңды тұлғамен, алынатын пайда туралы есеп берудің қажеттілігінсіз, іскерлік мәміле жасасуға құқылы.

Сенімгер басқарушы Облигация иелерінің алдында міндеттемесіз, тағайындалған немесе тағайындалмаған бухгалтерлердің, қаржылық кеңесшілердің немесе кез келген басқа сарапшының есебіне, растауына немесе куәлігіне немесе кеңесіне, ақшалай шектеуді, әдістемені немесе өзге талаптарды есепке ала отырып, мұндай

есепке, растауға немесе куәлікке немесе кеңеске қатысты олардың жауапкершілігінің шектелуіне тәуелсіз (олардың шарттарына сәйкес немесе Сенімгер басқарушымен жасасқан тиісті келісім-хаттың күшіне орай немесе қандай да бір басқа негіздерде) арқа сүйеуі мүмкін. Сенімгер басқарушы мұндай есепті, растауды немесе куәлікті немесе кеңесті қабылдауы мүмкін және арқа сүйеуге құқылы., мұндай есеп, растау немесе куәлік немесе кеңес Эмитент, Сенімгер басқарушы және Облигация иелері үшін міндетті болып табылады.

15. Келесі шығарылымдар

Эмитент Облигациялар сияқты барлық қатынастардағы шарттарда (немесе олардың пайыздарының алғашқы төлемінсіз, барлық қатынастарда) және мұндай келесі шығарылым шоғырландырылатындай және кез келген басқа серияда айналымға шығарылған бағалы қағаздармен (Облигацияларды қоса алғанда) (мұндай бағалы қағаздар бастапқы дисконттан шамалы ауытқумен ғана айналымға шығарылуы немесе бағалы қағаздар АҚШ федералдық қосымша құн салығы мақсатындағы шарттарға сай келетін, қайта бастаудың бір бөлігі болып табылуы шартында) бірге ортақ серияның бөлігі болып табылатындай және оларды шығару кезінде Эмитент анықтайтын шарттарда мезгіл сайын Облигация иелірінің келісімінсіз қосымша бағалы қағаздарды жасауға және айналымға енгізуге құқылы. Осы шарттардағы Облигацияларға сілтемелер (егер түпмәтін өзгені талап етпесе) осы тармаққа сәйкес айналымға енгізілген және Облигациялармен бірге ортақ серияны құрайтын, кез келген басқа бағалы қағаздардан тұрады. Сенімгерлік басқару туралы келісім-шартпен немесе оған қосымша болып табылатын кез келген заңды құжатпен белгіленген, айналымға енгізілген бағалы қағаздармен бірге ортақ серияны құрайтын келесі бағалы қағаздар жасалады және кез келген басқа бағалы қағаздар (Сенімгер басқарушының келісімімен) Сенімгерлік басқару туралы келісім-шартқа қосымша болып табылатын заңды құжаттың негізінде жасаулы мүмкін. Сенімгерлік басқару туралы келісім-шартта Сенімгер басқарушының қарауы бойынша Облигацияларды ұстаушылардың және басқа сериялардағы бағалы қағаздарды ұстаушылардың ортақ жиналысын шақыру туралы ережелер бар.

16. Ескертпе хат

Облигация иелеріне арналған ескертпе хаттар бірінші кластағы пошта жөнелтілімдерімен немесе (шетелге жіберу керек болса) әуе поштасымен (немесе бірлескен ұстаушылар жағдайында – Реестрде бірінші болып көрсетілген тұлғаға) олардың Реестрдегі сәйкес мекен-жайларына жіберіледі және жіберу күнінен бастап төртінші жұмыс күнінде (яғни сенбі мен жексенбіден басқа күні) тапсырылған деп есептеледі. Сонымен қатар, Облигациялар қор биржасының листингіне енген жағдайда және мұндай қор биржасының ережелерінде сәйкес талап болған жағдайда, мұндай хабарлама мұндай қор биржасының ережелері талап ететін орында немесе орындарда күнделікті көп тиражды газетте жарияланатын болады. Мұндай ескертпе хат жарияланған күні немесе бірнеше рет жарияланған немесе әртүрлі күндерде жарияланған жағдайда – жоғарыда аталған шарттарға сәйкес жариялаудың алғашқы күні тапсырылды деп есептеледі.

17. 1999 жылғы келісім-шарттар (Үшінші тараптардың құқықтары) туралы Заң

1999 жылғы келісім-шарттар (Үшінші тараптардың құқықтары) туралы Заңға сәйкес, ешбір тұлға Облигациялардың қандай да бір қағидасын немесе шартын орындауға құқылы емес.

18. Қолданылатын заңнама, хүкім және арбитраж

- (a) **Қолданылатын заңнама:** Сенімгерлік басқару туралы келісім-шарт, Облигациялар және Төлеуші агентпен жасалған келісім, сонымен қатар, олар бойынша немесе олармен байланысты туындайтын кез келген шарттан тыс міндеттемелер ағылшын құқығына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі.
- (b) **Соттылық; Арбитраж:** Сенімгерлік басқару туралы келісім-шартта Эмитент (i) талап арыз, айыптау немесе талқылау немесе Сенімгерлік басқару туралы келісім-шарт немесе Облигациялар бойынша немесе оған/оларға байланысты туындайтын дауларды реттеу бойынша қарау және шешім шығару мақсатында Англия соттарының хүкіміне сөзсіз бағынады; (ii) талап арыз, айыптау немесе дауларды реттеу бойынша қараудың немесе шешім шығарудың тиісті орнына олардың тағайындалуына байланысты, мұндай соттарға қарсылықтарынан бас тартады және мұндай сот талап арызды қарауға қолайлы немесе тиісті орын емес деп мәлімдемеуге келіседі; (iii) Law Debenture Corporate Services Limited компаниясын оның атынан Англия территориясында іс жүргізу құжаттарын алуға арналған агент ретінде тағайындайды; (iv) кез келген сот шешімін атқаруға келіседі; (v) өзі үшін және өзінің активтері үшін сотқа тартудан, атқару өндірісінен, тыйым салудан (ақы өндіріп алу мақсатында, сот шешімі шыққанға дейін немесе өзге негіздер бойынша) немесе басқа сот іс жүргізуден кез келген төрелікте иммунитет талап етуге құқылы мөлшерінде және мұндай (сұралатын немесе сұралмайтын) иммунитет ол үшін немесе оның активтері немесе оның пайдасы үшін мұндай төрелікте болу мүмкіндігінің мөлшерінде, талап етпеуге келіседі және мұндай төреліктің заңнамасы бойынша мүмкін толық көлемде мұндай иммунитеттен сөзсіз бас тартады; және (vi) қазіргі уақытта Сенімгерлік басқару туралы келісім-шартпен енгізілген өзгерістерді есепке алып, әрекет ететін Лондон халықаралық арбитраж сотының ережелеріне сәйкес кез келген дау (соның ішінде Облигациялардың әрекет етуінің немесе заңды күшінің болуына, тоқтауына қатысты кінә қою, дау немесе келіспеушілік) түбегейлі реттелетінін, Эмитентке жазбаша ескертпе хат жолдап, Сенімгер басқарушының шешуге құқылы екендігімен келіседі.

19. Анықтамалар

Егер түпмәтін өзгені талап етпесе, келесі анықталатын атаулар төменде көрсетілген мағынаға ие:

«**Жағымсыз рейтинг құбылысы**», егер қандай да бір Рейтинг агенттігі берген, Эмитенттің немесе қандай да бір маңызды еншілес ұйымның рейтингілік бағасы немесе корпоративтік несиелік рейтингі бар қандай да бір бағалы қағаз жағымсыз

бағамен немесе жағымсыз болжаммен «несиелік бақылау» (Credit Watch) тізіміне немесе ресми есепке немесе оның баламасына орналастырылса (i) немесе жағдаяттарға қарай, Эмитенттің рейтингілік бағасы немесе корпоративтік несиелік рейтингі бар мұндай бағалы қағаздың рейтингін орналастырған, төмендеткен немесе қайтарып алған күні рейтингтің төмендеуі немесе қайтарып алынуы жүзеге асса, орнады деп есептеледі;

Кез келген аталған тұлғалардың **«Үлестес тұлғалары»** мұндай аталған тұлғаны тікелей немесе жанама басқаратын немесе оның тікелей немесе жанама бақылауында болатын, кез келген басқа тұлғаларды білдіреді. Осыны анықтау мақсатында, «бақылау» термині кез келген тұлғаға қатысты қолданғанда шартқа сәйкес немесе өзге негіздер бойынша, дауыс беру құқығы бар бағалы қағаздарды иелену арқылы, тікелей немесе жанама түрде, мұндай тұлғаның басшылығын және саясатын анықтау өкілеттігін білдіреді; ал «басқарушы» және «басқарылатын» атаулары жоғарыда айтылғанға сәйкес мағынаға ие;

«Шарттар» Төлеуші агентпен жасалған Келісімді және Сенімгерлік басқару туралы келісім-шартты білдіреді;

«Активтерге билік ету»

- (i) Маңызды еншілес ұйымның негізгі капиталындағы акцияларды; немесе
- (ii) Эмитенттің немесе маңызды еншілес ұйымның өзге активтерін;

Эмитент немесе маңызды еншілес ұйым тарапынан, соның ішінде қосылу, топтастыру немесе осыған ұқсас өзге мәміле арқылы сатуды, жалға беруді, табыстауды немесе билік етудің басқа формасын (сату, жалға беру, табыстау немесе билік ету бойынша өзара байланысты мәмілелердің сериясын) білдіреді;

«Бөлісетін берешек» кері жалы бар Сату мәмілесіне қатысты анықтау сәтінде кері жалы бар (мұндай жалға берілген кезеңді қоса алғанда) мұндай Сату мәмілесіне енгізілген, жалгерліктің қалған мерзіміндегі жал төлемдері үшін жалға алушының жалпы міндеттемелерінің ағымдағы (алты айда бір рет анықталатыны, Облигациялардың пайыздық мөлшерлемесі бойынша дисконттелген) құнын білдіреді;

«Аудиторлар» Делойт LLP білдіреді немесе, егер бұл фирма Шарттарға сәйкес орындауға міндетті қандай да бір әрекеттерді орындай алмаса немесе орындауды қаламаса, Эмитент тағайындайтын, атауы Сенімгербасқарушыға жазбаша түрде хабарланатын, басқа халықаралық көпшілікке белгілі аудиторлық фирма;

«Қол қою құқығы бар тұлға» қажетті көлемде өкілеттігі бар және Сенімгер басқарушы оған қатысты мұндай тұлғаның аты мен қолы көрсетілген және мұндай тұлғаның сәйкес өкілеттіктері расталған, Эмитенттің қол қою құқығы бар басқа тұлғаның немесе директордың қолы қойылған куәлік немесе куәліктер алған, кез келген тұлғаны білдіреді;

Кез келген тұлғаның **«акционерлік капиталы»** мұндай акционерлік капиталға аударылатын борыштылық міндеттемелерден басқа, барлық акцияларды, үлестерді (соның ішінде қатысу үлестерін), сатып алу құқықтарын, кепілдіктерді, опцион-

дарды, қатысуларды немесе өзге баламаларды немесе мұндай тұлғаның акционерлік капиталына (кез келген атаудағы) қатысуды, соның ішінде кез келген ерекше акцияларды білдіреді;

«Жал бойынша капиталға айналатын міндеттемелер» ҚЕХС сәйкес қаржылық есептілік мақсатында капиталға айналатын жал ретінде саралануы және есепке алынуы тиіс міндеттемені білдіреді, онда мұндай міндеттеме көрсеткен берешектің сомасы ҚЕХС сәйкес оны анықтау сәтіндегі мұндай міндеттеменің капиталға айналған сомасы болады, ал оның белгіленген өтеу мерзімі соңғы жал төлемінің күні немесе айыппұл мөлшерлемелерін қолданусыз мұндай жал бұзыла алатын алғашқы күнге дейін мұндай жал бойынша төлеуге тиісті кез келген өзге соманың күні болады;

«Тауарлық хеджирлеу шарттары» кез келген тұлғаға қатысты форвардтық, фьючерлік, споттық немесе опциондық келісім-шартты білдіреді немесе рұқсат етілген әрекетке сәйкес Эмитент немесе оның маңызды еншілес ұйымдары өндіретін немесе пайдаланатын тауарларының бағасындағы өзгерістерден қорғану немесе пайда алу үшін жасасқан тұлға оның тарапы не бенефициары болып табылатын, кез келген басқа ұқсас шартты немесе келісімді білдіреді;

«Пайыздар төлемі бойынша консолидацияланған шығындар» Эмитенттің немесе оның еншілес ұйымдарының пайыздарын төлеу бойынша консолидацияланған негізде төленген немесе есептелген шығындардың кез келген кезеңдегі жалпы сомасын, соған қоса, егер олар пайыздарды төлеу бойынша мұндай шығындарға енгізілмесе:

- (i) мұндай жал ҚЕХС сәйкес капиталға айналатыны және кез келген кейінге қалдырылған төлемдік міндеттемелер бойынша құрамдас бөлік болып табылатындай анықталатын болып туындауына байланысты, сәйкес жалға қатысты бөлісетін берешекпен байланысты жал шығындарының пайыздық үлестерімен және жал бойынша капиталға айналатын ұзақ мерзімді міндеттемелермен байланысты пайыздарды төлеу бойынша шығындарды;
- (ii) сенімсіз борыштар бойынша резервтердің және Облигацияларды шығаруға байланысты шығындардың амортизациясын;
- (iii) пайыздарды төлеу бойынша ақшалай емес шығындарды;
- (iv) аккредитивтерді және банк акцепттерін қаржыландырумен байланысты тиесілі комиссияларды, дисконттарды және өзге төлемдер мен алымдарды;
- (v) кез келген өзге тұлғаның берешегін өтеудің кез келген кепілдемесі немесе өзге міндеттемесі бойынша Эмитент немесе мұндай маңызды еншілес ұйым нақты төлейтін пайыздарды;
- (vi) Хеджирлеу міндеттемелерімен байланысты шығындардың таза сомасын;

- (vii) мұндай тұлғаның және осы кезеңнің ішінде капиталға айналдырылған, оның маңызды еншілес ұйымдарының пайыздарын төлеу бойынша консолидацияланған шығындарды;
- (viii) төленген немесе қолма-қол төлеуге жататын барлық дивидендтерді, уақытша ақшалай инвестицияларды немесе Берешекті немесе осы кезеңнің ішінде мұндай тұлғаның біліктілігінен айырылған капиталының сериясына немесе Эмитент немесе маңызды еншілес компания болып табылмайтын тараптың пайдасына төленуі тиіс, оның еншілес ұйымдарының ерекше акцияларына есептемелерді; және
- (ix) осындай бағдарламаға байланысты немесе сенімгерлік қор тартқан берешекке байланысты (Эмитенттен басқа) қандай да бір тұлғаға пайыздарды немесе сыйақылар төлеуге арналған мұндай бағдарламада немесе сенімгерлік қорда мұндай жарналар қолданылатын мөлшерде компанияның немесе ұқсас сенім қорының пайдасына қызметкерлердің қатысу бағдарламасындағы ақшалай жарналарды білдіреді.

Жоғарыда айтылғандар мақсатымен пайыздар төлемі бойынша шығындардың жалпы сомасы пайыздық мөлшерлемелер туралы Келісімдерге байланысты Эмитентпен және оның еншілес ұйымдарымен шоғырландырылған негізде орындалған немесе алынған таза сомаларды төлеуден кейін анықталады;

«Консолидацияланған таза пайда» ҚЕХС сәйкес консолидацияланған негізде анықталатын, кез келген кезеңнің ішіндегі Эмитенттің және оның еншілес ұйымдарының таза пайдасын (залалдарын) білдерді; *алайда* мұндай Біріккен таза пайдаға мыналар енгізілмеуі тиіс:

- (i) дағдылы әрекетте өзге тәсілмен сатылмаған немесе орналастырылмаған, Эмитенттің немесе оның еншілес ұйымдарының кез келген меншігін, машиналарын немесе жабдықтарын өткізуден (кері жалы бар сату бойынша кез келген мәмілеге сәйкес қоса алғанда) алынған кез келген пайда (залал), сонымен қатар кез келген тұлғаның кез келген Акционерлік капиталын өткізуден немесе өзге билік етуден кейін алынған кез келген пайда (залал);
- (ii) кез келген төтенше кірістер немесе залалдар;
- (iii) бағамдық айырманың кез келген пайдасы немесе залалы; және
- (iv) бухгалтерлік есеп принциптері өзгеруінің бірлескен нәтижесі;

«Активтердің консолидацияланған жалпы құны» анықтаудың кез келген күніндегі 4 Шартқа (d) сәйкес тапсырылған, ең соңғы қаржылық есептілікке сәйкес есептелген, Эмитент немесе оның еншілес ұйымдары активтерінің консолидацияланған жалпы құнының сомасын білдіреді;

«Валюталық келісім» тұлғаға қатысты кез келген валюталық келісім-шартты, валюталық своп туралы шартты немесе оның тарабы немесе бенефициары мұндай тұлға болып табылатын, басқа ұқсас келісімді білдіреді;

«Даму ұйымы» Азия даму банкі, Ислам даму банкі, Еуропа қайта құру және даму банкі, Халықаралық қаржы корпорациясын, Nederlandse Financierings-Maatschappij

Voor Ontwikkelingslanden N.V. немесе Deutsche Investitions und Entwicklungsgesellschaft mbH немесе бір немесе бірнеше мемлекеттің бақылауында құрылған немесе бақылауында болатын, кез келген өзге қаржылық даму институтын, сонымен қатар мемлекеттік орган болып табылатын немесе жоғары аталған қаржылық даму институттарының бірінің немесе бірнешеуінің атынан әрекет ететін, Қазақстан Республикасының бақылауындағы кез келген өзге тұлғаны білдіреді;

«**Біліктілігінен айырылған капитал**» кез келген тұлғаға қатысты, өз шарттарына (немесе ұстаушының таңдауы бойынша ол аударылатын немесе айырбасталатын, бағалы қағаздардың шарттарына) сәйкес немесе келесі жағдаяттардың бірі орын алғандағы акционерлік капиталды білдіреді:

- (i) өтеу мерзімі басталған кезде төленуі тиіс немесе міндеттеме берешегін өтеу қорының міндеттемесіне сәйкес немесе өзге жолмен міндетті түрде сатып алынуы тиіс (біліктілігінен айырылған капитал болып табылмайтын, мұндай тұлғаның акционерлік капиталына аударып қана сатып алынатыннан басқасы);
- (ii) ұстаушының таңдауы бойынша берешекке немесе біліктілігінен айырылған капиталға аударылады немесе айырбасталады; немесе
- (iii) міндетті түрде сатып алынуы тиіс немесе белгілі бір жағдаяттар орын алғанда немесе өзге жағдайларда толық немесе ішінара сатып алынуы тиіс;

«**Міндеттемелерді орындамау оқиғасы**» осы құжаттың 9 Шартында белгіленген мағынаға ие;

«**Төтенше шешім**» Сенімгерлік басқару туралы келісім-шартта белгіленген мағынаға ие;

«**Объективтік нарықтық құн**» ерікті түрде әрекет ететін сатушы мен еріктік түрде әрекет ететін, төлеуге қабілетті сатып алушының арасында қолма-қол есептесуге байланыспаған тараптардың арасындағы нарықтық мәміле шектеріндегі келіссөздер барысында анықталуы мүмкін, кез келген активке немесе мүлікке қатысты бағаны білдіреді, онда олардың ешбіріне мәміле жасасуға заңсыз қысым немесе мәжбүрлеу жасалмайды. Объективтік нарықтық құн шешімі түпкілікті болып табылатын, Эмитенттің директорлар кеңесінің басқармасымен немесе 200 млн. АҚШ долл. (немесе балама сома) мөлшерінде маңызды еншілес ұйымның акционерлік капиталы сатылған жағдайда жазбаша түрде тәуелсіз бағалаушымен адал анықталады;

«**Топ**» бірге қарастырылатын Эмитент пен оның еншілес ұйымдарын білдіреді;

«**кепілдік**» қандай да бір тұлғаның кез келген қарызын өтеуді тікелей немесе жанама кепілдендіретін кез келген тұлғаның шартты немесе кез келген өзге қаржылық міндеттемесін және мұндай тұлғаның кез келген тікелей немесе жанама, шартты немесе өзге міндеттемесін білдіреді:

- (i) мұндай тұлғаның (кепілгерлік, активтерді, тауарларды, бағалы қағаздарды немесе қызметтерді сатып алу туралы, сатып алудан бас тартқан жағдайда қабылдау туралы, толық төлеу туралы немесе қаржылық жағдайды қолдау туралы серіктестік уағдаластықтар немесе келісімдер негізінде немесе өзге

негіздерде туындайтын) мұндай берешекті сатып алу немесе өтеу (немесе алдын ала төлемді жүзеге асыру немесе оны сатып алуға немесе өтеуге қаржы беру); немесе

- (ii) мұндай берешек бойынша өзіне міндеттемені қабылдаған, тұлғаға қандай да бір өзге формада қарызды өтеуді қамтамасыз ету мақсатында қабылданған, немесе міндеттемені қабылдаған мұндай тұлғаны мұндай берешекке қатысты (толық немесе ішінара) залалдардан қорғау,

алайда, «кепілдік» термині дағдылы шаруашылық әрекеттің барысында депозиттен немесе «тек инкассо» тапсыратын жазбадан тұрмаған жағдайда. «Кепілдендіру» термині сәйкес мағынаға ие. «кепілгер» атауы қандай да бір міндеттемені кепілдендіретін кез келген тұлғаны білдіреді;

Қандай да бір тұлғаның «**хеджирлеу бойынша міндеттемелері**» пайыздық мөлшерлеме туралы шартқа, валюталық келісімге немесе тауарлық хеджирлеу шартына сәйкес мұндай тұлғаның міндеттемелерін білдіреді;

Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары бойынша комитет басқармасы («**ҚЕХСБ**») жариялаған, еаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын (бұдан бұрын бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттары) және ҚЕХСБ қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын түсіндіру бойынша Комитет жариялаған, бірізді қолданылатын (мерзімді түзетулер, толықтырулар енгізілетін және қайта басылып шығарылатын) түсіндермелерін және бухгалтерлік есептіліктің мұндай принциптері мен әдістерінің кез келген болмашы өзгерістерін білдіреді;

Мұндай тұлға (қосылу, шоғырлану, сатып алу арқылы немесе өзге жолмен) еншілес ұйымға айналған кезде болатын, қандай да бір тұлғаның кез келген берешегі ол маңызды еншілес ұйым болған кезде мұндай тұлға шеккен деп танылған жағдайда, «**Жауапты болу**» жауапкершілікті шығаруды, қабылдауды, кепілдендіруді, жауапты болуды немесе өзге жолмен жауапкершілікті қабылдауды білдерді. «Берешектің туындауы» термині, оны зат есім ретінде қолданған жағдайда, сәйкес мағынаға ие болады. 4 Шартымен (с) сәйкестікті анықтау мақсатында ерекше жағдайда:

- (i) берешек бойынша дисконттың амортизациясы немесе пайызсыз немесе өзге дисконтты бағалы қағаздарға қатысты негізгі соманың артуы;
- (ii) сол құрал бойынша қосымша қарыз формасындағы графикке сәйкес пайыздардың жүйелі төленуі немесе сол кластағы және сондай шарттардағы қосымша Акционерлік капитал формасында Акционерлік капиталға дивидендтердің жүйелі төленуі; және
- (iii) сатып алу туралы хабарламаны шығаруға немесе мұндай қарызды сатып алу туралы міндетті ұсыныстың туындауымен байланысты пайда болатын, қарызға қатысты сыйақы төлеу міндеттемесі

берешектің туындауы деп есептелмейді;

«**Берешек**» кез келген тұлғаға қатысты анықтаудың кез келген күнінде (қосарланушылықсыз) білдіреді:

- (i) заем қаржылары бойынша мұндай тұлғаның берешегі бойынша негізгі соманы және сыйақыны (егер болса);
- (ii) облигациялармен, борышқорлық бағалы қағаздармен, ноталармен немесе өзге ұқсас құралдармен куәләндырылған, мұндай тұлғаның міндеттемелері бойынша негізгі сома мен сыйақы (егер болса);
- (iii) аккредитивтер, банк акцепттері немесе өзге ұқсас құралдар бойынша мұндай тұлғаның барлық міндеттемелерінің негізгі құрамдас бөлігі (өтеу бойынша мұндай міндеттеме жеткізушілермен есептемелерге жатқызылған және оның туындауынан кейін 30 күннің ішінде орындалған жағдайдан басқа, оларды өтеу бойынша міндеттемелерді қоса алғанда);
- (iv) мұндай мүлікті пайдалануға енгізуден, оны жеткізуден немесе оны иелену құқығын алғаннан кейін алты айдан кейін сатып алымның бағасын төлеу мерзімі басталған жағдайда, мүлікті сатып алудың кейінге қалдырылған және төленбеген бағасын өтеу бойынша (жеткізушілермен есептесуден басқа) мұндай тұлғаның барлық міндеттемелерінің негізгі құрамдас бөлігі;
- (v) Жалгерлік бойынша капиталға айналған міндеттемелер мен мұндай тұлғаның бүкіл бөлісетін берешегі;
- (vi) кез келген біліктілігінен айырылған капиталды сатып алуға, өтеуге немесе өзге кері сатып алуға қатысты немесе кез келген еншілес ұйымға қатысты мұндай тұлғаның барлық міндеттемелерінің негізгі құрамдас бөлігі немесе жою құны, кез келген ерекше акциялар (бірақ әрбір жағдайда кез келген есептелген дивидендтерді қоспағанда);
- (vii) мұндай берешектің сомасы келесі сомалардың ішінде ең азы болып табылатын жағдайда; мұндай берешекті мұндай тұлға қабылдауына немесе қабылдамауына тәуелсіз, мұндай тұлғаның кез келген активіне қатысты кепілмен қамтамасыз етілген, өзге тұлғалардың барлық берешегінің негізгі құрамдас бөлігі: (a) анықтаудың мұндай күніндегі мұндай активтің объективтік нарықтық құны, және (b) мұндай өзге тұлғалардың мұндай берешегінің сомасы;
- (viii) мұндай тұлғамен кепілдендірілген дәрежедегі өзге тұлғалардың негізгі құрамдас бөлігі; және
- (ix) осы анықтамаға өзге жолмен енгізілмеген дәрежеде, хеджирлеу бойынша міндеттемелер шегіндегі мұндай тұлғаның таза міндеттемелері (мұндай уақытта мұндай тұлға өтеуі тиіс болатын, мұндай міндеттеме туындаған, келісімнің немесе уағдаластықтың тоқтау күніндегі бағаға мұндай кез келген міндеттемелердің сомасы кез келген уақытта тең болуы тиіс).

Қандай да бір күндегі кез келген тұлғаның берешек сомасы міндеттеменің туындауына әкелетін кездейсоқ жағдаяттар пайда болғанда, жоғарыда айтылған барлық шартсыз міндеттемелер бойынша және кез келген шартты міндеттемелердің максималды жауапкершілігі бойынша мұндай күндегі берешектің қалдығы болып табылады.

Сонымен қатар, кел келген тұлғаның «берешегі» төмендегі жағдайлар орын алғанда, міндеттеме ретінде мұндай тұлғаның бухгалтерлік балансында көрсетілмейтін, алдыңғы тармақта сипатталған, берешектен тұрады:

- (i) мұндай берешек еншілес ұйым болып табылмайтын, серіктестіктің немесе бірлескен кәсіпорынның міндеттемесі болып табылады;
- (ii) мұндай тұлға немесе мұндай тұлғаның еншілес ұйымы бірлескен кәсіпорынның бас серіктесі (бұдан ары – **Бас серіктес**) болып табылады; және
- (iii) мұндай тұлғаның немесе мұндай тұлғаның еншілес ұйымының меншігіне немесе активтеріне қатысты, заң әрекетінің күшіне орай немесе шартқа сәйкес, мұндай берешекті өтеуге байланысты кері талап тәртібімен талап ету құқығы бар; мұндай жағдайда мұндай берешек төмендегіден аспайтын мөлшерде сомаға қосылуы тиіс:
 - (a) келесі екі соманың ең азы: (i) бас серіктестің таза активтері және (ii) мұндай тұлғаның немесе мұндай тұлғаның еншілес ұйымының меншігіне немесе активтеріне қатысты, заңның әрекет күшіне орай немесе шартқа сәйкес кері талап тәртібімен талап ету құқығы болатын дәрежедегі мұндай міндеттемелердің сомасы; немесе
 - (b) егер берешек жазбаша формада және белгілі бір сомаға куәләндырылса және Эмитентпен немесе оның маңызды еншілес ұйымдарымен нақтылы төленген дәрежеде, оған байланысты пайыздық шығындар шоғырландырылған пайыздық шығындарға енгізілсе, егер мұндай сома жоғарыдағы (А) тармағына сәйкес анықталған сомадан аз болса, мұндай тұлғаға немесе мұндай тұлғаның маңызды еншілес ұйымына қатысты кері талап тәртібімен талап болып табылатын, берешектің нақты сомасы;

«Заемдық қаражаттар бойынша берешек» мыналар бойынша немесе мыналарға қатысты кез келген тұлғаның кез келген Берешегін білдіреді: (i) заемдық ақша қаражаттарын, (ii) кез келген акцептілік несиенің шектерінде акцепт жолымен тартылған сомаларды, (iii) еврооблигацияларды сатып алудың кез келген бағдарламасымен немесе облигацияларды, ноталарды, борышқорлық бағалы қағаздарды, ұзақ мерзімді пайыздық бағалы қағаздарды немесе ұқсас құралдарды шығарумен байланысты тартылған сомаларды, (iv) жалға алушыны мемлекеттік тіркеу жүзеге асырылған, қаржылық немесе капиталдық лизинг ретінде қарастырылатын, хүкімде бухгалтерлік есептің жалпыға ортақ қабылданған стандарттарына сәйкес, бөлшектеп төлеу арқылы сатып алу туралы келісім-шарттар немесе жалгерлік шарттар бойынша кез келген міндеттеменің сомасы, (v) төлемі негізінен қаржыландыруды тарту немесе сәйкес активті немесе қызметті сатып алуды қаржыландыру құралы ретінде кейінге қалдырылған, қандай да бір активтерді немесе қызметтерді сатып алу бағасына қатысты кез келген міндеттеменің сомасы, және (vi), қарызға алудың коммерциялық әсеріне ие, кез келген өзге мәміленің шектерінде (форвардтық сатып алу немесе сату туралы кез келген шартты және дебиторлық берешекті немесе өзге активтерді «кері талап құқығы» негізінде сатып алуды қоса алғанда) тартылған сомалар;

«Берешекті өтеу кепілдігі» мыналарды қоса алғанда (шектеусіз), қандай да бір тұлғаның кез келген берешегіне қатысты өзге тұлғаның мұндай берешекті өтеу міндеттемесін білдіреді: (i) мұндай берешекті сатып алу бойынша кез келген міндеттеме, (ii) ақшалай қаражаттарды қарызға беру бойынша, акцияларды немесе өзге бағалы қағаздарды сатып алу немесе оларға жазылу бойынша немесе мұндай берешекті өтеу үшін қаражаттар беру мақсатында активтерді немесе өзге қызметтерді сатып алу бойынша кез келген міндеттеме, (iii) мұндай берешекті өтеу бойынша міндеттемелерді орындамау салдарының нәтижесінде залалдардың орын толтыру кепілдігі, және (iv) мұндай Берешекті өтеу жауапкершілігін көздейтін, кез келген өзге келісім;

«Тәуелсіз бағалаушы» келесі компаниялардың кез келгенін білдіреді: PricewaterhouseCoopers LLC, KPMG LLC, Делойт LLP, Ernst & Young LLP, немесе ол Эмитенттің немесе қандай да бір маңызды еншілес ұйымның Үлестес тұлғасы болып табылмаған жағдайда, Эмитенттің немесе сәйкес еншіліс ұйымның басқару органымен оның есебінен тағайындалған, жақсы атағы бар халықаралық деңгейдегі ұқсас қаржылық ұйымды, бухгалтерлік немесе бағалау компаниясын білдіреді;

«Пайыздық мөлшерлеме туралы келісімдер» кез келген тұлғаға қатысты, пайыздық мөлшерлемені қорғау туралы келісімді, болашақ пайыздық мөлшерлеме туралы келісімді, пайыздық опцион туралы келісімді, пайыздық своп туралы келісімді, пайыздық мөлшерлеменің белгіленген максимумы туралы келісімді, пайыздық мөлшерлеменің белгіленген коридоры туралы келісімді, пайыздық мөлшерлемені хеджирлеу туралы келісімді немесе оған сәйкес мұндай тұлға тарап немесе бенефициар болып табылатын, өзге ұқсас келісімді білдіреді;

«Кепіл» кез келген ипотеканы, кепілді, пайдалану құқығын, шектеуді, шарттық міндеттемені, жүріс құқығын, сервитутты, кепілдік ұстап қалуды, кепіл құқығын немесе несие берушінің меншікті иеленуінің өзге құқығын (шектеусіз, кез келген хүкімнің заңдарына және кез келген шартты сатылымға немесе меншік құқығын сақтау туралы өзге келісімге, немесе ұқсас түрдегі жалға алу шартына сәйкес жоғарыда айтылғандардың кез келгеніне ұқсас кез келген әрекетті қоса алғанда) білдерді;

«Маңызды жағымсыз ықпал» мыналарға маңызды жағымсыз ықпалды білдерді: (a) Эмитенттің немесе оның аңызды еншілес ұйымдарының, немесе Топтың (тұтас қарастырылатын) әрекетіне, мүлігіне, (қаржылық немесе өзге) жағдайына, операцияларына немесе келешегіне, (b) Облигациялар немесе Сенімгерлік басқару туралы келісім-шарт бойынша Эмитенттің өз міндеттемелерін орындау қабілетіне; немесе (c) Облигациялардың немесе кез келген Келісімнің ақиқаттылығына, заңдылығына немесе құқықтық қамтамасыз етілуіне; Облигацияларды ұстаушылардың Төтенше қарары бойынша немесе кемінде өтелмеген Облигациялардың негізгі сомасының төрттен бір бөлігіне ие, Облигацияларды ұстаушылардың жазбаша талабы бойынша кез келген әрекетті жүзеге асыруда Сенімгер басқарушы үшін ұйғарылған шектерде болған жағдайда және кез келген мұндай әрекет маңызды жағымсыз ықпалдың орын алуын анықтауды талап етеді, Сенімгерлік басқарушы маңызды жағымсыз ықпалдың болуына немесе туындауына

қатысты ақпаратты сұратуға міндетті емес және мұндай төтенше қарарға немесе Облигация иелерінің талабына түпкілікті арқа сүйеуге құқылы, мұндай төтенше қарарға немесе Облигацияларды ұстаушылардың талабына сәйкес өз әрекеттері үшін Эмитенттің, қандай да бір Облигация иесінің немесе кез келген өзге тұлғаның алдында жауапты емес;

«Маңызды еншілес ұйым» кез келген уақытта Эмитенттің еншілес ұйымын білдерді:

- (i) оның кірістері мұндай еншілес ұйымның соңғы аудиттелген қаржылық есептері (жағдаяттарға орай консолидацияланған немесе консолидацияланбаған) және Эмитенттің соңғы жылдық қаржылық есептерінің негізінде есептелген, Эмитенттің консолидацияланған кірістерінің 5% кем емесін құрайды; немесе
- (ii) жалпы активтері (егер еншілес компанияның өзінде еншілес компаниялар болған жағдайда консолидацияланған) мұндай еншілес ұйымның соңғы аудиттелген қаржылық есептері (жағдаяттарға орай консолидацияланған немесе консолидацияланбаған) және Эмитенттің соңғы жылдық қаржылық есептерінің негізінде есептелген, Эмитенттің консолидацияланған кірістерінің 5% кем емесін құрайды;

«Қолма-қол ақшаның таза түсімдері» акционерлік капиталдың немесе берешектің кез келген шығарылымына немесе сатылымына қатысты, адвокаттардың, бухгалтерлердің, андеррайтерлердің немесе орналастыру бойынша агенттердің қаламақыларын, дисконттарды немесе комиссияларды, брокерлердің, кеңесшілердің қаламақыларын және осындай шығарылымға немесе сатылымға байланысты нақты кеткен өзге шығындарды шегергенде, осындай шығарылымға немесе сатылымға байланысты төленген немесе төлеуге жататын салықтарды шегергенде, осындай шығарылымнан немесе сатылымнан түсетін түсімдерді білдіреді;

«Лауазымды адам» кез келген тұлғаға қатысты, кез келген басқарушы директорды, директорды, бас директорды, басқарма төрағасын, президентті, кез келген вице-президентті, негізгі әкімшілік лауазымды адамды, бас директордың орынбасарын, қаржы директорын, негізгі қаржылық лауазымды адамды, бас бухгалтерді, бас бақылаушы-бухгалтерді, қазынашыны немесе мұндай тұлғаның хатшысын немесе кез келген бас серіктесті, немесе жауапкершілік дәрежесі бойынша сәйкес немесе ұқсас лауазымды иеленетін өзге Тұлғаны білдіреді;

«Лауазымды адамның куәлігі» кемінде біреуі Эмитенттің негізгі әкімшілік лауазымды адамы, бас бухгалтері немесе негізгі қаржылық лауазымды адамы болып табылатын, Эмитенттің атынан Эмитенттің екі лауазымды адамы қол қойған куәлікті білдіреді;

«Бастапқы қаржылық есептер» 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы Эмитенттің аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептерін білдіреді;

«Рұқсат етілген әрекет» білдіреді: (a) уранды, танталды, бериллийді барлау, өндіру, тасымалдау, байыту және өңдеу, (b) электр энергиясы мен жылу өндірісі, (c) ядролық

отын циклының кез келген сатысындағы өндіріс пен қызметтер, (d) сирек және жерде сирек кездесетін металдарды барлау, өндіру, тасымалдау, байыту және өңдеу, (e) фторсутек қышқылының өндірісі, (f) жоғарыда аталғанның қайсыбіріне қатысты, кез келген көтерме немесе бөлшек сауда, (g) ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер, әлеуметтік жобалар, кадрларды дайындау және инфрақұрылымды дамыту, және (h) жоғарыда айтылғанға негізді түрде байланысты немесе оған қосымша болып табылатын, кез келген әрекет;

«Рұқсат етілген кепілдер» қосарланушылықсыз, мынаны білдіреді:

- (i) мұндай кепілмен қамтамасыз етілген негізгі сома Шығару күнінен кейін ұлғайтылмаған жағдайда, осы Облигацияларды Шығару күніндегі кепілдер;
- (ii) Эмитенттің немесе кез келген еншілес ұйымның пайдасына берілген кепілдер;
- (iii) кез келген мұндай кепіл мұндай лизинг шектерінде ғана берешекті қамтамасыз ету болып қызмет ететін жағдайда; қаржылық лизинг шектерінде сатып алынған (немесе сатып алынған деп есептелетін) мүліктің кепілі немесе мұндай мүлікті пайдаланудың, жоғалтудың немесе залалдың нәтижесінде туындайтын талаптар;
- (iv) мұндай кепілдер мұндай қосылуға, бірлесуге немесе оқиғаға қарамастан құрылмаған және Эмитенттің қандай да бар активтеріне немесе меншігіне, немесе сақталған тұлғадан және оның еншілес компанияларынан басқа, қандай да бір маңызды еншілес компанияға, немесе сатып алынған тұлғаға және оның еншілес компанияларына таралмайтын жағдайда және мұндай кепілмен қамтамасыз етілген негізгі сома мұндай қосылу, бірлесу немесе оқиға сәтінде немесе сәтінен бастап ұлғайтылмаған жағдайда; мұндай тұлға Эмитентпен немесе еншілес ұйыммен қосылуды жүзеге асырған немесе маңызды еншілес ұйымға айналған уақытта болатын, тұлғаның берешегін қамтамасыз ететін кепіл;
- (v) мұндай кепілдер мұндай сатып алуға қарамастан жасалмаған және қандай да бір өзге активтерге немесе мүлікке (мұндай сатып алынған активтерден немесе мүліктен түсетін қолма-қол ақшадан басқа) таралмаған жағдайда; Эмитент немесе кез келген еншілес ұйым сатып алған немесе сатып алатын, активтер мен мүліктің бар кепілдері;
- (vi) кейіннен мұндай кепілмен қамтамасыз етілген, берешектің максималды сомасы мұндай мүлікті сатып алу бағасынан (мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда) немесе мұндай мүлікті сатып алуды және мәміле бойынша сәйкес шығындарды қаржыландыру мақсатында ғана шеккен берешектен аспаған жағдайда; мұндай мүлікті сатып алу бағасын қамтамасыз ету мақсатында немесе мұндай мүлікті сатып алуды және мұндай мүлікті сатып алуға және оның жөндеуіне байланысты мәміле бойынша шығындарды қаржыландыру мақсатында шеккен берешекті қамтамасыз ету үшін, Топтың кез келген мүшесінің дағдылы әрекетінің барысында сатып алынатын

- немесе тұрғызылатын, кез келген мүлікке немесе оған қатысты берілген кепілдер;
- (vii) заңның әрекет күшіне орай немесе дағдылы әрекеттің барысында туындайтын кез келген кепілдер;
 - (viii) құнға, кіріске салынатын салықтар бойынша кепілдер және салық салу мақсатындағы немесе мерзімі өтпеген болып табылатын немесе еріктері сәйкес талқылауларда адал дауланатын және олар үшін Эмитент немесе қандай да бір маңызды еншілес компания өздерінің бухгалтерлік кітаптарында сәйкес резервтер бөлген, ұқсас жарналар мақсатындағы мүлік немесе кіріс бағалары бойынша кепілдер;
 - (ix) пайдалану құқықтары, жүріс құқықтары, шектеулер (аймақтық шектеулерді қоса алғанда), резервтеу, рұқсаттар, сервитуттар, оң титулдағы және ұқсас ұстап қалулардағы немесе ауыртпалықтардағы болмашы ақаулар немесе сәйкессіздіктер, және өзге тұлғаларға берілген лизинг немесе сублизинг шектерінде туындайтын, әр жағдайда ешбір маңызды тұрғыда Топтың әрекетіне кедергі келтірмейтін және дағдылы әрекеттің барысында болатын, туындайтын немесе сатып алынатын кепілдер;
 - (x) (a) заңмен белгіленген иеленушілердің кепілдері (заемдық қаражаттар бойынша берешек болып табылатын, міндеттемелерді қамтамасыз ету қызметін мұндай кепілдер атқаратын дәрежеде және мұндай кепілдер дағдылы әрекеттің барысында туындаған дәрежеде), және (b) 9 Шартқа (e) сәйкес міндеттемелерді орындамау оқиғасы болып табылмайтын, қандай да бір сот шешімінің, жарлықтың немесе өзге бұйрықтың нәтижесі болып табылатын Кепілдер;
 - (xi) өзара есепке алу құқығы, шоттарды біріктіру құқығы немесе Топтың қандай да бір мүшесінің несиелік қалдығына қатысты қандай да бір банкте немесе өзге қаржылық мекемеде болуы мүмкін, ұқсас құқық;
 - (xii) (i) мұндай кепіл 4 Шартына (c) сәйкес Эмитент немесе Эмитенттің маңызды еншілес ұйымы шеккен берешекті қамтамасыз ету мақсатында ғана құрылған, және (ii) мұндай кепіл Эмитенттің немесе қандай да бір маңызды еншілес ұйымның немесе олардың сәйкес еншілес ұйымдарының қандай да бір өзге мүлігіне, активтеріне, кірістеріне немесе түсімдеріне таралмаған жағдайда; егер қаржыландыру бөлінген мүлікке, кірістерге, активтерге немесе жобаның түсімдеріне ғана қатысты кепіл бар болса, жобалық қаржыландыруды ұсынатын тұлғаның пайдасына берілетін кез келген кепіл;
 - (xiii) заем туралы қандай да бір келісімге сәйкес немесе Эмитент немесе кез келген маңызды еншілес ұйым және мұндай Даму ұйымы арасында жасасқан, өзге несиелік шартқа сәйкес, мұндай Даму ұйымының алдында Эмитенттің немесе мұндай маңызды еншілес ұйымның берешегін қамтамасыз ету мақсатында Даму ұйымының пайдасына Эмитент немесе маңызды еншілес ұйым берген кепілдер;

(xvi) хеджирлеу бойынша операциялар тәуекелдерді басқару мақсатында жүргізілген және алыпсатарлық сипатта болмаған жағдайда, хеджирлеу бойынша операциялардың пайыздық мөлшерлемесіне және шетел валютасына байланысты сәйкес нарықта (өтімділікті басқару бойынша Эмитеттің немесе мұндай маңызды еншілес ұйымның әрекеттерінің бөлігі ретінде тартылатын, қысқа мерзімді несиелерден басқа, Эмитенттің немесе кез келген маңызды еншілес компанияның әрекетін жүзеге асыру үшін несиені немесе қаражаттарды алу мақсатынсыз) жалпы қабылданған немесе стандартты болып табылатын, қандай да бір келісімге (немесе өзге қолданылатын мерзімдерге және шарттарға) сәйкес туындайтын кепілдер.

(xiv) кейіннен мұндай кепілмен қамтамасыз етілетін, берешек бастапқы берешектің сомасынан аспаған және мұндай кепілге бұрын жатпаған қандай да бір мүлікті өтеу үшін мұндай кепіл ұлғайтылмаған жағдайда; жоғарыда аталған ерекше жағдайлардың кез келгеніне сәйкес рұқсат етілген кепілмен қамтамасыз етілген, қандай да бір берешекті қайта қаржыландырумен, кеңейтумен, қайта жаңғыртумен немесе өтеумен байланысты туындайтын, кез келген кепілдер;

«Тұлға» кез келген жеке тұлғаны, корпорацияны, серіктестікті, жауапкершілігі шектеулі компанияны, бірлескен кәсіпорынды, ассоциацияны, акционерлік қоғамды, трастты, заңды тұлғаның құқықтары жоқ компанияны, үкіметті, немесе кез келген агенттікті немесе мұндай немесе кез келген өзге заңды тұлғаның әкімшілік-территориалды түзілімін білдіреді;

«Міндеттемелерді орындамаудың әлеуеттік жағдайы» жеңілдікті кезең аяқталған соң, уақыт өткен соң, хабарлама ұсынған соң және/немесе кез келген өзге талаптарды орындаған соң міндеттемелерді орындамау жағдайына айналатын, кез келген оқиғаны немесе жағдаятты білдіреді;

«Артықшылықты акциялар» кез келген тұлғаның акционерлік капиталына қатысты, мұндай тұлғаның кез келген өзге класының акционерлік капиталының өзге акцияларына қатысты мұндай тұлғаны кез келген ерікті немесе мәжбүрлі жоюдан немесе таратудан кейін дивидендтерді төлеуге немесе пайданы бөлісуге қатысты немесе активтерді бөлісуге қатысты артықшылықты болып табылатын, кез келген кластың немесе кластардың (кез келген жолмен анықталған) акцияларын білдіреді;

«Жобалық қаржыландыру» (i) мұндай активтен немесе жобадан алынған кірістер аванспен берілген қаражаттарды өтеудің негізгі көзі болып табылса, ұлғайса, және (ii) мұндай қаржыландыруды ұсынған тұлғаға немесе тұлғаларға құзыретті тәуелсіз сарапшылар дайындаған, техникалық-экономикалық дәйектеме тапсырылса, оның негізінде мұндай жобаға байланысты шеккен, берешекке қызмет көрсету үшін жеткілікті операциялық кіріс әкелетін жоба екенін негізді түрде тұжырымдауға болса; кез келген активті немесе жобаны сатып алуға, тұрғызуға немесе дамытуға кететін барлық шығындарды немесе олардың бір бөлігін кез келген қаржыландыруды білдіреді;

«Рейтингілік бағасы бар бағалы қағаз» бастапқы төлем мерзімі бір жыл және одан артық, Рейтингілік агенттіктің бағасын алған, Эмитенттің немесе кез келген маңызды еншілес ұйымның Облигациялары мен кез келген борышқорлық міндеттемесін білдіреді;

«Рейтингілік агенттік» Standard & Poors Rating Services, McGraw Hill Companies, Inc. (“**S&P**”), Moody’s Investors Service Limited (“**Moody’s**”), Fitch Ratings бөлімшесін немесе олардың мирасқорының кез келгенін немесе Сенімгер басқарушының жазбаша келісімі жағдайында Эмитентпен жүйелі түрде таңдалатын, олардың ішінен кез келгенінің орнын басатын (немесе кез келген рұқсат етілген орын басушы агенттік), кез келген рейтингілік агенттікті білдіреді;

«Шектеулі бөлім» - (а) Шығарылым күнінде немесе егер кеш болса, мұндай тұлға маңызды еншілес ұйым болған күні акционерлік капиталдың 100 пайызына және мұндай маңызды еншілес ұйымның дауыс беру құқығы бар акционерлік капиталдың 75 пайызына Эмитент тікелей немесе жанама түрде ие болатын, кез келген маңызды еншілес компанияға қатысты, (б) Шығарылым күнінде немесе егер кеш болса, мұндай тұлға маңызды еншілес ұйым болған күні Эмитент акционерлік капиталдың 100 пайызынан кем, бірақ акционерлік капиталдың 75 пайызынан артық бөлігіне және мұндай маңызды еншілес ұйымның дауыс беру құқығы бар акционерлік капиталдың 75 пайызына тікелей немесе жанама түрде ие болатын, кез келген маңызды еншілес ұйымға қатысты, және (с) Шығарылым күнінде немесе егер кеш болса, мұндай тұлға маңызды еншілес ұйым болған күні Эмитент акционерлік капиталдың 75 пайызынан кем, бірақ 50 пайызынан артық бөлігіне және мұндай маңызды еншілес ұйымның дауыс беру құқығы бар акционерлік капиталдың 50 пайызына плюс бір акцияға тікелей немесе жанама түрде ие болатын, кез келген маңызды еншілес ұйымға қатысты;

«Кайтадан жалға беруге болатын сатылым» Эмитент немесе маңызды еншілес ұйым мұндай мүлікті тұлғаға беретін және Эмитент немесе маңызды еншілес ұйым мұндай тұлғадан бұл мүлікті жалға алатын, осы уақытта иелікте болатын немесе кейіннен сатып алынған, мүлікке қатысты уағдаластықты білдіреді;

«Еншілес ұйым» қандай да бір тұлғаға қатысты (Эмитентті қоса алғанда), кез келген корпорацияны, серіктестікті, бірлескен кәсіпорынды, ассоциацияны немесе осы уақытта бар немесе кейіннен ұйымдастырылған не сатып алынған, өзге шаруашылық субъектісін білдіреді; (а) егер бұл корпорация болса, оның дауыс беретін акцияларының 50 пайызынан артығы Эмитентке және/немесе оның қандай да бір еншілес компаниясына тиісті болу керек, Эмитент және/немесе оның қандай да бір еншілес компаниясы мұндай корпорацияны басқаруды, саясатын және істерін жүргізуді анықтау құқығына ие; немесе (б) егер бұл серіктестік, бірлескен кәсіпорын, ассоциация немесе өзге шаруашылық субъектісі / заңды тұлға болса, оған қатысты Эмитент немесе оның еншілес компанияларының кез келгені, қаржылық есептілікті жасау мақсатында мұндай заңды тұлға ҚЕХС сәйкес Эмитентпен шоғырлануы қажет болса (жоғарыдағы (а) және (б) тармақтарының әрбіреуінің жағдайында), келісім-шартқа сәйкес мұндай заңды тұлғаны басқаруды және саясатын бағыттау немесе анықтау құқығына ие;

«салықтар» осы немесе алдағы уақытта кез келген құзыретті салық органы салатын, өндіріп алатын, ұстап қалатын немесе есептейтін, кез келген салықтарды (салықтарды төлеудегі кез келген төлемеуге немесе кешіктіруге байланысты төлеуге жататын, кез келген айыппұлдар немесе өсімақыларды қоса алғанда) білдіреді;

«Қысқа мерзімді ақша инвестициялары» мыналардың кез келгенін білдіреді:

- (i) Еуропа одағына мүше елдің, Америка Құрама Штаттарының немесе олардың кез келген агенттігінің тікелей міндеттемелеріне, немесе өтеу мерзімі оларды сатып алған күннен бастап бір жылдың ішінде басталатын, Еуропа одағына мүше елмен немесе Америка Құрама Штаттарымен немесе олардың кез келген агенттігімен кепілдендірілетін, міндеттемелерге кез келген инвестициялар;
- (ii) талап еткенге дейінгі депозиттер және жедел салымдар түріндегі кез келген инвестициялар, Еуропа одағына мүше елдің немесе Америка Құрама Штаттарының, немесе АҚШ кез келген штатының заңдарына сәйкес ұйымдастырылған банк немесе сенімгерлік эмитент шығарған, оларды сатып алу күнінен бастап, бір жылға дейінгі мерзімдегі депозиттік сертификаттар және қаржылық нарықтағы депозиттер, және мұндай банк немесе сенімгерлік эмитент жиынтықта 500 миллион АҚШ долларынан (немесе шетел валютасындағы оның баламасынан) асатын, артық және бөлінбеген пайдаға, капиталға ие және Рейтингілік агенттіктердің бірі берген, «А» деңгейіндегі (немесе ұқсас балама рейтингі) немесе одан жоғары рейтингі бар, өтелмеген берешекке ие;
- (iii) жоғарыда (ii) тармағында сипатталған біліктілік талаптарға сәйкес банкпен жасасқан, жоғарыда (i) тармағында сипатталған түрлердегі бағалы қағаздар үшін, 30 күннен артық емес мерзімдегі кері сатып алу міндеттемесіне кез келген инвестициялар;
- (iv) Moody's сәйкес «P 1» деңгейде (немесе одан жоғары) немесе S&P берген «A 1» (немесе одан жоғары) деңгейде инвестицияларды жүзеге асыру сәтінде рейтингке ие, Еуропа одағына мүше елдердің немесе Америка Құрама Штаттарының заңнамасына сәйкес ұйымдастырылған және бар корпорация (Эмитенттің Үлестес тұлғасынан басқа) шығарған, өтеу мерзімі сатып алу күнінен бастап, алты ай немесе одан аз, коммерциялық қағаздарға кез келген инвестициялар;
- (v) S&P «A» немесе Moody's «A» деңгейдегі рейтингке ие, кез келген мемлекетпен, достастықпен немесе Еуропа одағына мүше елдің немесе Америка Құрама Штаттарының территориясымен немесе кез келген олардың әкімшілік-территориалды бөлімшесімен шығарылған немесе толық кепілдендірілген, өтеу мерзімі шығарған күннен бастап алты ай немесе одан кем, бағалы қағаздарға кез келген инвестициялар; және
- (vi) жоғарыда (i) бастап (v) дейінгі тармақтарда көрсетілген түрлердегі бағалы қағаздарға өз активтерінің үлкен бөлігін инвестициялайтын, ақша нарығының пайлық қорларына кез келген инвестициялар;

«АҚШ долларлары», «АҚШ долл.» және «U.S.\$» Америка Құрама Штаттарының заңды валютасын білдіреді; және

Қандай да бір тұлғаның «**Дауыс беретін акциялары**» директорлар, менеджерлер немесе сенімгерлік басқарушылар (немесе ұқсас қызметтер атқаратын тұлғалар) кеңесін сайлауда дауыс беру құқығын қамтамасыз ететін және шығарылған (кез келген кездейсоқ жағдаят туындауына тәуелсіз), мұндай тұлғаның акционерлік капиталының барлық кластарын білдіреді.

ЖАҒАНДЫҚ ФОРМАДАҒЫ ОБЛИГАЦИЯЛАР БОЙЫНША ЕРЕЖЕЛЕРДІҢ ЖИНАҚ МАЗМҰНДАМАСЫ

Жаһандық Облигациялар

Облигация шығарылымында (i) S Ережесі бойынша, Облигациялардың Euroclear және Clearstream (Люксембург) жүйелерінің жалпы депозитарийіне депозиттелген және мұндай депозитарийді номиналды ұстаушының атына тіркелген Жаһандық Облигация ретінде шығарылуы барысындағы Облигациялар және (ii) 144А Ережесі бойынша Облигацияларды шығарған жағдайда 144А Ережесіне сәйкес, DTC кастодианына депозиттелген және DTC номиналды ұстаушы ретінде, Cede & Co. атына тіркелген, бір немесе бірнеше Жаһандық Облигациялар болып табылады.

Жаһандық Облигацияға бенефициарлық құқықтар S Ережесі бойынша кез келген уақытта тек Euroclear немесе Clearstream (Люксембург) арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. « –*Жаһандық Облигациялар бойынша тіркеу рәсімдері*» тарауын қараңыз. S Ережесі бойынша Жаһандық Облигацияға бенефициарлық құқықты сатып алу арқылы оны сатып алушы, сонымен бірге, келесі растауларды ұсынған деп есептеледі: ол АҚШ тұлғасы болып табылмайтындығы, егер ол мұндай бенефициарлық құқықты табыстау туралы шешім қабылдаса, ол мұндай құқықты (a) S Ережесінің 903 немесе 904 талаптарына сәйкес халықаралық мәміле аясында немесе (b) 144А Ережесі бойынша Жаһандық Облигацияға құқық формасында жеткізілімді қабылдайтын тұлғаға табыстайды (қолдану мүмкін болса). « –*Табыстауға қойылатын шектеулер*» тарауын қараңыз. 144А Ережесі бойынша Жаһандық Облигацияға бенефициарлық құқықтар кез келген сәтте DTC арқылы ғана жүзеге асырылуы мүмкін. « –*Жаһандық Облигациялар бойынша тіркеу рәсімдері*» тарауын қараңыз. 144А Ережесі бойынша Жаһандық Облигацияға бенефициарлық құқықты сатып алу арқылы оны сатып алушы сонымен бірге келесі растамаларды ұсынған деп есептеледі: ол БИСА болып табылатындығы және егер келешекте ол мұндай бенефициарлық құқықты тапсыру туралы шешім қабылдаса, мұндай құқықты Агенттік келісімде қаралған үрдістер мен шектеулерге сәйкес тапсырады. « –*Тапсыруға қойылатын шектеулер*» бөлімін қараңыз.

Әрбір Жаһандық Облигацияға бенефициарлық құқықтарда тапсыруға Облигациялардың өздері және Агенттік келісім белгілеген белгілі бір шектеулер қойылады, ал 144А Ережесі бойынша Жаһандық Облигацияларға қатысты 144А Ережесімен белгіленгендей, «*Тапсыруға қойылатын шектеулер*» тарауына сәйкес, мұндай шектеулерге қатысты Облигацияларда жазба орналастырылатын болады. Цедент цессионарийдің БИСА болып табылатынын және мұндай мәміле АҚШ-тың кез келген штатының немесе кез келген оның юрисдикциясының қолданыстағы құнды қағаздар туралы заңнамасына сәйкес келетіндігі (Агенттік келісіммен көзделген форма бойынша) жайлы тиісті Тіркеушінің жазбаша растамасы алынғаннан соң ғана, S Ережесі бойынша Жаһандық Облигацияға бенефициарлық құқық 144А Ережесі бойынша Жаһандық Облигацияға құқық формасында жеткізілімді қабылдайтын тұлғаға тапсырылуы мүмкін. Тапсыру S Ережесіне сәйкес жүзеге асырылып жатқандығы туралы (Агенттік келісіммен көзделген форма бойынша) цеденттен тиісті Тіркеушінің жазбаша растамасы алынғаннан кейін, 144А Ережесі бойынша Жаһандық Облигацияға

бенефициарлық құқықтар S Ережесі бойынша Жаһандық Облигацияға құқық формасында жеткізілімді қабылдайтын тұлғаға тапсырылуы мүмкін.

144А Ережесі бойынша Жаһандық Облигацияға құқық формасында жеткізілімді қабылдайтын тұлғаға берілетін, S Ережесі бойынша Жаһандық Облигацияға кез келген бенефициарлық құқық тапсыру сәтінде, S Ережесі бойынша Жаһандық Облигацияны иелену құқығын тоқтатады және 144А Ережесі бойынша Жаһандық Облигацияны иелену құқығына айналады, осылайша, бұдан кейін S Ережесі бойынша Жаһандық Облигацияға бенефициарлық құқыққа қолданылатын, тапсыруға қойылатын барлық шектеулер мен өзге рәсімдерге мұндай құқық болып қалған бүкіл мерзімнің ішінде ілігеді. S Ережесі бойынша Жаһандық Облигацияға құқық формасында жеткізілімді қабылдайтын тұлғаға берілетін, 144А Ережесі бойынша Жаһандық Облигацияға кез келген бенефициарлық құқық тапсыру сәтінде, 144А Ережесі бойынша Жаһандық Облигацияны иелену құқығы болуын тоқтатады және S Ережесі бойынша Жаһандық Облигация иелену құқығына айналады, осылайша, бұдан кейін 144А Ережесі бойынша Жаһандық Облигацияға бенефициарлық құқыққа қолданылатын, тапсыруға қойылатын барлық шектеулер мен өзге рәсімдерге мұндай құқық болып қалған бүкіл мерзімнің ішінде ілігеді. Әрқашан мұндай тапсыру Агенттік келісімнің қағидаларына және Облигацияларды шығару Шартына сәйкес болған жағдайда, мұндай бенефициарлық құқықтарды тапсыру 100 000 АҚШ долларынан кем емес негізгі сомаға DTC, Euroclear және Clearstream (Люксембург) ережелеріне және операциялық рәсімдеріне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Облигацияларды тапсыруды немесе Облигацияларды айырбастауды тіркеуге қатысты қызмет көрсету үшін ешқандай алымдар алынбайды, алайда осыған қатысты қолданылатын кез келген салықты немесе өзге мемлекеттік алымды төлеу үшін жеткілікті соманы Тіркеуші талап етуге құқылы. Төменде сипатталған шектелген жағдайларды есепке алмағанда, Жаһандық Облигацияларға бенефициарлық құқықтардың иеленушілері түбегейлі формада сертификатталған Облигациялардың (бұдан әрі – **Түбегейлі Облигациялардың**) жеткізілімін алуға құқылы емес. Облигациялар ұсынушыға шығарылмайды.

Шығарылым Шарттарын өзгерту

Әрбір Жаһандық Облигацияда ол ұсынатын Облигацияларға қолданылатын қағидалар бар, олардың кейбіреулері жоғарыда айтылған Облигацияларды Шығару шарттарын өзгертеді. Төменде осы қағидалардың түйіндемесі келтіріледі:

Төлемдер

Жаһандық Облигациямен расталған, Облигациялар бойынша негізгі соманың және пайыздардың төлемі, Негізгі төлеуші агент индоссаментті ұсынған кезде Облигация иелерінің тізімінде сәйкес сәтте тіркелген тұлғаға және егер тиісті Облигацияларға қатысты алдағы төлемдер болмаса, мұндай Жаһандық Облигацияларды Негізгі төлеуші агентке қайтарған кезде не оның пайдасына, не осы мақсаттарға сәйкес Облигация иелері үшін көрсетілген өзге Төлеуші агентке жүзеге асырылатын болады.

Индоссаменттелуіне сәйкес Облигацияларға қатысты төлем фактінің жеткілікті дәлелі ретінде қарастырылатын, тиісті Жаһандық Облигация бойынша сәйкес графикке әрбір төлемнің жазбасы енгізіледі.

Хабарламалар

Облигациялар Жаһандық Облигациямен расталса және мұндай Жаһандық Облигацияны ұстау клиринг жүйесімен немесе оның атынан жүзеге асырылса, Облигация иелеріне хабарламалар, Облигацияларды Шығару шарттарына сәйкес жеткізілімнің орнына, жеке шоттарды құқылы ұстаушыларға оны соңғы тапсыратындай, сондай клирингтік жүйеге сәйкес ескертпе хат ұсыну арқылы тапсырылуы мүмкін.

Жиналыстар

Әрбір Жаһандық Облигация иесі кворум бойынша немесе Облигация иелерінің жиналысында дауысқа салу бойынша кез келген талаптардың мақсаттары үшін екі тұлға ретінде және сәйкес Жаһандық Облигациялармен айырбасталуы мүмкін Облигацияларға қатысты кез келген осындай жиналыста бір дауыс ретінде қарастырылады.

Сенімгер басқарушының өкілеттіктері

Облигация иелерінің мүдделерін есепке ала отырып, сәйкес Жаһандық Облигацияны ұстау клирингтік жүйе атынан жүзеге асырылып жатқан кезде, Сенімгер басқарушы, берілген жағдаяттарда мақсатқа сай деп танитын мөлшерде, мұндай Жаһандық Облигацияға құқығы бар жеке шоттарды ұстаушыларды (жеке немесе санат бойынша) сәйкестендіруге қатысты мұндай клирингтік жүйе немесе оның операторы ұсынған, кез келген ақпаратты қабылдауға құқылы және бұл жеке шоттарды ұстаушылар берілген Жаһандық Облигацияны ұстаушылар болатындай құқықтарды есепке алуға құқылы.

Бекіту күні

Облигацияға қатысты төлем төлемнің сәйкес күні басталғанға дейін, Тіркеушінің кеңсесі орналасқан жерде клирингтік жүйенің жұмыс күнінің басында Тізімде Облигация иесі ретінде тіркелген тұлғаға жүзеге асырылады, сонымен қатар, «Клирингтік жүйенің жұмыс күні» атауы (i) ұсталуы Euroclear немесе Clearstream (Люксембург) атынан жүзеге асырылатын, Жаһандық Облигацияға қатысты - Euroclear немесе Clearstream (Люксембург) операциялар жүргізу үшін ашылған күнді және (ii) ұсталуы DTC атынан жүзеге асырылатын, Жаһандық Облигацияға қатысты - DTC операциялар жүргізу үшін ашылған күнді білдіреді.

Сатылым опционы кезінде мәртебенің өзгеруі

Облигация иелерінің опционын жүзеге асыру, 6-Шартта (с) көзделгендей, DTC және Euroclear мен Clearstream (Люксембург) дағдылы ережелері мен операциялық үрдістеріне сәйкес болады.

Түбегейлі Облигацияларға айырбас

Айырбас

Әрбір Жаһандық Облигация келесі жағдайларда Облигация иесінен қандай да бір төлемді өндіріп алусыз, түбегейлі атаулы формадағы Облигацияға толық немесе ішінара айырбасталуы мүмкін: (i) Жаһандық Облигацияны ұстау (A) DTC немесе депозитарий-мирасқордың немесе оларды сәйкес номиналды ұстаушылардың бірінің атынан жүзеге асырылады, мұндай депозитарий Компанияға Жаһандық Облигацияға қатысты өзінің депозитарий міндеттерін тиісті түрде орындауға қабілетсіз екенін не бас тартатынын хабарлайды немесе қор биржалары туралы АҚШ Заңына сәйкес тіркелген, «клирингтік агенттік» болуын тоқтатқаны немесе егер кез келген сәтте мұндай сапада әрекет етуге құқылы емес, ескертпе хат алған немесе депозитарийді біліктілігінен айыру туралы белгілі болған кезден соң, 90 күннің ішінде Компания білікті мирасқорды анықтауға қабілетсіз болғанда және Жаһандық Облигациялардың белгілі бір санын Түбегейлі Облигацияларға айырбастауды сұрайтын, тіркелген Жаһандық Облигация иесінен Тіркеуші ескертпе хат алғанда немесе (B) Euroclear немесе Clearstream (Люксембург) және Euroclear немесе Clearstream (Люксембург) (жағдаяттарға қарай) (мерекелік және демалыс күндерінен және ұқсас жағдайлардан басқа) 14 күндік мерзімге операцияларға жабылғанда немесе әрекетін түпкілікті тоқтату ниетін жариялағанда не Тіркеушіге немесе тапсыру бойынша кез келген агентке ұстаушының ескертпе хатын тапсыру арқылы әрекетін нақты түпкілікті аяқтағанда немесе (ii) кез келген Облигациялар бойынша негізгі сома төлеу мерзімі басталып төленбеген жағдайда және Тіркеуші Жаһандық Облигациялардың белгілі бір санын Түбегейлі Облигацияларға айырбастауды сұрайтын, тіркелген Жаһандық Облигация иесінен ескертпе хат алған жағдайда.

Айырбастау күнінен бастап, Жаһандық Облигацияны ұстаушы мұндай Жаһандық Облигацияны Тіркеушіге немесе тапсыру бойынша кез келген агентке не болмаса олар көрсеткен өзге тұлғаға тапсыруға құқылы. Агенттік келісімде көрсетілгендей, Жаһандық Облигацияның орнына Тіркеуші түбегейлі атаулы формадағы тең жиынтық сомаға тиісті түрде рәсімделген және расталған Облигацияларды ұсынады немесе ұсынуды қамтамасыз етеді.

«**Айырбас күні**» ең кеш 90 күннен кейін болатын және айырбастауды талап ететін ескертпе хат ұсынылатын, сонымен қатар, Тіркеушінің немесе тапсыру бойынша агенттің кеңсесі орналасқан қаладағы банктер операциялар үшін ашық болатын күнді білдерді.

Жеткізілім

Көрсетілген жағдаяттарға тиісті Жаһандық Облигация Түбегейлі Облигацияларға толық айырбасталуы тиіс; Компания өз есебінен (бірақ мұндай

айырбасқа байланысты қолданылуы мүмкін, кез келген сипаттағы кез келген салыққа немесе өзге алымға қатысты Тіркеуші немесе тапсыру бойынша кез келген агент талап етуі мүмкін мұндай кепілдікті есепке ала отырып) бұдан ары толтыру, растау және тиісті Облигация иелеріне тапсыру үшін Түбегейлі Облигациялардың жеткілікті санын рәсімдеуді және Тіркеушіге тапсыруды жүзеге асырады. Жаһандық Облигацияға құқылы тұлға Тіркеушіге (а) мұндай Облигацияларды толтыру, растау және тапсыру үшін Компания және Тіркеуші талап етуі мүмкін, нұсқаулардан және өзге ақпараттан тұратын, жазбаша өкімді және (b) тек Жаһандық Облигацияға қатысты жағдайда 144А Ережесі бойынша – мұндай айырбас сәтінде айырбастайтын ұстаушы өз құқығын тапсырмайтындығының толық толтырылған және қол қойылған растауын немесе бір мезгілде сатқан жағдайда 144А Ережесі бойынша – тапсыру БИСА пайдасына 144А Ережесінің талаптарын сақтап жүзеге асырылғандығының растауын ұсыну керек. 144А Ережесі бойынша Жаһандық Облигацияға бенефициарлық құқыққа айырбасталып шығарылған Түбегейлі Облигациялар, «Тапсыруға қойылатын шектеулер» тарауында көрсетілгендей, 144А Ережесіне сәйкес тапсыруға қолданылатын түсініктемеден тұру керек.

Түсініктемелер

Түбегейлі Облигация иесі тапсыру бойынша толтырылған формамен бірге, Тіркеушінің немесе тапсыру бойынша кез келген агенттің көрсетілген кеңсесіне тапсыру арқылы қолданылатын минималды деноминацияда расталған Облигацияларды толық немесе бөлшектеп тапсыруға құқылы. «Тапсыруға қойылатын шектеулер» бөлімінде көзделген, осындай түсініктемеден тұратын, 144А Ережесі бойынша Түбегейлі Облигацияны тапсыру, айырбастау немесе ауыстыру кезінде немесе 144А Ережесі бойынша Түбегейлі Облигациядағы түсініктемелерді жою туралы ерекше талап кезінде, Компания 144А Ережесі бойынша тек осындай түсініктемелері бар Түбегейлі Облигацияларды тапсырады немесе жағдаяттарға қарай, егер оларда көзделген, тапсыруға қатысты түсініктемелер де, шектеулер де бағалы қағаздар туралы АҚШ Заңының және инвестициялық компаниялар туралы АҚШ Заңының қағидаларын сақтауды қамтамасыз ету үшін талап етілмейтіндігі туралы, Компания негізді түрде талап етуі және заңды қорытындыдан тұруы мүмкін, қанағаттанарлық дәлел Компанияға және Тіркеушіге ұсынылмаған жағдайда, мұндай түсініктемені жоюға рұқсат бермейді.

Жаһандық Облигациялар бойынша тіркеу рәсімдері

S Ережесі бойынша Жаһандық Облигациямен және 144А Ережесі бойынша Жаһандық Облигациямен расталған Облигациялар үшін, Облигациялардың бастапқы шығарылымын және қосалқы нарықтарда саудалаумен байланысты, Облигацияларды екі жақты нарықтық тапсыруларды жеңілдету мақсатында DTC, Euroclear және Clearstream (Люксембург) арасында кастодиандық және депозитарлық байланысты орнату қажет. « – *Есептеулер мен Облигацияларды тапсыру*» тарауын қараңыз.

Euroclear және Clearstream (Люксембург)

S Ережесі бойынша Облигацияны ұсынатын, S Ережесі бойынша Жаһандық Облигацияда бағалы қағаздың халықаралық сәйкестендіру коды (ISIN) және Жалпы коды болады ; Euroclear және Clearstream (Люксембург) номиналды ұстаушының атына тіркелетін, олардың атынан жалпы депозитарийға депозиттелетін болады.

Euroclear және Clearstream өз табыскерлері үшін бағалы қағаздарды ұстайды және жеке шоттарды сәйкес ұстаушылардың арасында мәмілелерді тіркеудің электронды жүйесі арқылы бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша клирингті және есептеулерді жеңілдетеді. Осы жүйелердің кез келгенінің жеке шоттарын ұстаушылармен кастодиандық қатынастарды қолдайтын немесе клирингті қамтамасыз ететін өзге ұйымдардың Euroclear және Clearstream-ге (Люксембург) жанама кіруіне рұқсат етіледі.

Euroclear және Clearstream (Люксембург) бағалы қағаздары жауапты сақтауды, әкімшілік жүргізуді, клирингті және халықаралық деңгейде саудаланатын бағалы қағаздар бойынша есептеулерді және бағалы қағаздарды несиелеу мен қарызға алуды қосып алғанда, түрлі қызметтер көрсетеді. Euroclear және Clearstream (Люксембург), сонымен қатар, орнатылған кастодиандық және депозиттік қатынастар арқылы бірнеше елдердегі жергілікті бағалы қағаз нарықтарымен жұмыс жасайды. Euroclear және Clearstream (Люксембург) олардың жүйелерінің арасында элеткронды көпір орнатты, олар арқылы тиісті табыскерлер бір-бірімен саудаласа алады. Бағалы қағаздар бойынша андеррайтерлерді, брокерлерді және диллерлерді, банктерді, трастылық компанияларды және клирингтік корпорацияларды қоса алғанда, дүниежүзілік қаржы институттары олардың табыскерлері болып табылады. Егер инвесторлар жеке шоттарды ұстаушылар («Тікелей қатысушылар») болып табылса, олар Жаһандық Облигациялар бойынша өздерінің құқықтарын тікелей Euroclear немесе Clearstream (Люксембург) арқылы немесе жанама түрде («Жанама қатысушылар»; Тікелей қатысушылармен бірлесіп «Қатысушылар»), көрсетілген жүйелердегі жеке шоттарды ұстаушылар болып табылатын ұйымдар арқылы жүзеге асыра алады.

DTC

144A Ережесі бойынша Облигацияларды ұсынатын, 144A Ережесі бойынша Жаһандық Облигацияда стандартты нөмірлер мен кодтарды иелікке беру бойынша АҚШ Комитетінің бағалы қағазға берген нөмірі (CUSIP) және ISIN коды болады, Cede & Co. кастодианында депозиттеледі және DTC номиналды ұстаушы ретінде Cede & Co. атына тіркеледі. Ұсталуы DTC жүйесінде жүзеге асырылатын, Облигациялар бойынша негізгі соманы электронды тәсілмен кастодиан және DTC тіркейді.

DTC Компанияға келесі ақпаратты ұсынды. DTC Нью-Йорк штатының заңнамасы бойынша құрылған, қызметінің мақсаты шектеулі трастылық компания, Нью-Йорк штатының заңдары бойынша «банктік ұйым», АҚШ Федералдық резервтік жүйесіне қатысушы, Нью-Йорк штатының Бірыңғай коммерциялық кодексы мәніндегі «клирингтік корпорация» және «Қор биржалары туралы» АҚШ Заңының 17А-тарауының қағидаларына сәйкес тіркелген «клирингтік агенттік» болып табылады. DTC оған Қатысушылардың бағалы қағаздарын ұстау үшін және оған Қатысушылардың жеке шоттарындағы өзгерістерді тіркеудің компьютерлендірілген жүйесі арқылы

Қатысушылардың арасындағы бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша есептеулерді жеңілдету үшін құрылды. Мұндай жүйе сертификаттардың физикалық қозғалысының қажеттілігін жояды. Қатысушылар шеңбері бағалы қағаздар бойынша брокерлер мен диллерлерді, банктерді, трастылық компанияларды, клирингтік корпорацияларды және кейбір өзге ұйымдарды құрайды. DTC-ге кіруге жанама рұқсат, клирингтен өтетін немесе DTC-нің Тікелей қатысушыларымен кастодиандық қатынастарды тікелей немесе жанама түрде қолдайтын банктер, бағалы қағаздар бойынша брокерлер мен диллерлер, трастылық компаниялар сияқты өзге ұйымдарға қол жетімді.

Егер инвесторлар DTC-нің Тікелей қатысушылары болып табылса, Жаһандық Облигацияларға өз құқықтарын 144А Ережесі бойынша DTC арқылы тікелей немесе берілген жүйенің Тікелей қатысушылары болып табылатын ұйымдар арқылы Жанама қатысушылар ретінде жүзеге асыруы мүмкін.

Бір немесе бірнеше Тікелей қатысушылардың нұсқауы бойынша және Қатысушы немесе Қатысушылар нұсқау берген, 144А Ережесі бойынша тиісті Жаһандық Облигациялардың жиынтық негізгі сомасының бөлігіне қатысты ғана, Облигация иесі орындауы тиіс, кез келген әрекет қолданатыны туралы DTC Компанияға хабарлады. Алайда, «Түбегейлі Облигацияларға айырбас» бөлімінде сипатталған жағдаяттарда DTC 144А Ережесі бойынша жеке 144А Ережесіне сәйкес тапсыруға қолданылатын түсініктемеден тұратын) Түбегейлі Облигацияларға айырбастау үшін сәйкес Жаһандық Облигацияларды тапсырады.

Қатысушылардың клирингтік жүйелерге қатынастары

Жаһандық Облигациямен расталған, Облигация иесі ретінде Euroclear және Clearstream (Люксембург) немесе DTC жазбаларында көрсетілетін тұлғалардың әрбіреуі, (жағдайға байланысты) Euroclear, Clearstream (Люксембург) немесе DTC-нің тиісті ережелері мен үрдістеріне сәйкес және оларды есепке алып, Жаһандық Облигация бойынша туындайтын барлық өзге құқықтарға қатысты және мұндай Жаһандық Облигация иесіне Компания жүзеге асыратын, Жаһандық Облигация бойынша төлемдерден өз үлесін алу үшін, (жағдаяттарға қарай) тек Euroclear, Clearstream (Люксембург) немесе DTC-не жүгіну керек. Жаһандық Облигациялармен расталған Облигациялар бойынша кез келген төлемді алған кезде, мұндай Облигацияны ұстауды жүзеге асыратын жалпы депозитарий немесе атына тіркелген, номиналды ұстаушы, сәйкес клирингтік жүйенің немесе оның номиналды ұстаушысының жазбаларында көрсетілгендей, тиісті Жаһандық Облигацияның негізгі сомасына сәйкес бенефициарлық құқыққа пропорционал сомаларды төлеп, тиісті клирингтік жүйеде жеке шоттарды ұстаушылардың немесе тиісті қатысушылардың шоттарын дереу несиелейтінін Компания үміт етеді. Ұсталуы кез келген клирингтік жүйенің мұндай Тікелей қатысушылары арқылы жүзеге асырылатын, кез келген Жаһандық Облигацияға бенефициарлық құқықтарды иеленушілердің пайдасына кез келген клирингтік жүйенің Тікелей қатысушыларының төлемдері тұрақты әрекет ететін нұсқаулармен және жалпы қабылданған тәжірибемен реттелетінін Компания үміт етеді. Жоғарыда айтылғанды есепке алмағанда, Облигациялар мұндай Жаһандық Облигациямен расталғанша, ал Компанияның міндеттемелері әрбір төленген сомаға қатысты мұндай Жаһандық

Облигацияны тіркелген Ұстаушының пайдасына (жағдаяттарға қарай) төлем арқылы орындалғанша, мұндай тұлғалардың Облигациялар бойынша тиісті төлемдерге қатысты Компанияға тікелей шағымдары болмау керек. Кез келген Жаһандық Облигацияға байланысты жазбалардың кез келген аспектілері үшін немесе кез келген Жаһандық Облигацияға меншік құқығының есебінен төлемдер үшін немесе мұндай меншік құқықтарымен байланысты кез келген жазбаларды жүргізу, бақылау немесе қадағалау үшін Компания да, Сенімгер басқарушы да немесе Агенттердің ешбірі жауапты емес.

Есептеулер және Облигацияларды тапсыру

Әрбір қолданылатын клирингтік жүйенің ережелері мен үрдістерін есепке ала отырып, ұсталуы клирингтік жүйеде қолданылатын Облигацияларды сатып алу, Тікелей қатысушылардың өздерімен немесе клирингтік жүйенің жазбаларында осы Облигациялар тіркелетін, Тікелей қатысушылар арқылы жүзеге асырылуы керек. Мұндай әрбір Облигацияны әрбір нақты сатып алушының меншік құқығы («**Бенефициарлық меншік иесі**»), өз кезегінде, Тікелей және Жанама қатысушылардың жазбаларында көрсетілетін болады, Бенефициарлық меншік иелері клирингтік жүйеден оларды сатып алудың жазбаша растамасын алмайтын болады, алайда Бенефициарлық меншік иелері мәміленің тиянақты сипаттамасы бар жазбаша растаманы, сонымен қатар, мұндай Бенефициарлық меншік иесімен мәміле жасасқан, Тікелей және Жанама қатысушысы олардың бағалы қағаздарына қатысты мерзімді көшірмелерін алады деп күтіледі.

Ұсталуы клирингтік жүйеде жүзеге асырылатын Облигацияларға меншік құқығын тапсыруға Бенефициарлық меншік иелерінің атынан әрекет ететін, Қатысушылардың құжаттарындағы жазбалар ықпал етеді. Клирингтік жүйедегі кез келген Жаһандық Облигацияларға құқықтар Түбегейлі Облигацияларға айырбасталғанша, Бенефициарлық меншік иелері сертификаттар алмайды.

Ешбір клирингтік жүйенің, ұсталуы аталмыш жүйеде жүзеге асырылатын Облигациялардың Бенефициарлық меншік иелері туралы мәліметтері жоқ, ал жазбаларда шоттарына осындай Облигациялар енгізілетін және Бенефициарлық меншік иелері бола алатын немесе бола алмайтын Тікелей қатысушылар ғана көрсетіледі. Қатысушылар өз табыскерлерінің атынан өз бағалы қағаздарының есебін жүргізу үшін жауапкершілікті сақтайды. Клирингтік жүйелердің Тікелей қатысушыларға, Тікелей қатысушылардың Жанама қатысушыларға және Жанама қатысушылардың Бенефициарлық меншік иелеріне ескертпе хаттарды немесе өзге жаңалықтарды жеткізу, қандай да бір сәтте әрекет ететін, нормативтік-құқықтық талаптарды есепке алып, олардың арасындағы келісімдермен реттеледі.

Кейбір юрисдикцияның заңнамасы, кейбір тұлғалардың бағалы қағаздарды физикалық жеткізілімін соңғы формада қабылдау керектігін белгілеуі мүмкін. Сәйкесінше, Жаһандық Облигацияға байланысты құқықтарды мұндай тұлғаларға тапсыру мүмкіндігі шектелуі мүмкін. Өз кезегінде Жанама қатысушылардың атынан әрекет ететін, DTC Тікелей қатысушылардың атынан ғана, 144А Ережесі бойынша Жаһандық Облигацияға құқылы тұлғаның қабілетіне ықпал етуі, DTC-нің

қатысушылары болып табылмайтын, жеке немесе заңды тұлғаларға мұндай құқықты кепілге беруі немесе мұндай құқыққа қатысты өзге әрекеттер қолдануы мүмкін болғандықтан, мұндай құқыққа қатысты физикалық сертификаттың болмауы ықпал етуі мүмкін.

Euroclear және/немесе Clearstream (Люксембург) Қатысушыларының арасындағы сауда операциялары

Ұстауды Euroclear немесе Clearstream (Люксембург) жүзеге асыратын, Облигацияларға құжатсыз құқықтардың сатып алушыларына қосалқы нарықта сату Euroclear және Clearstream (Люксембург) қалыптасқан ережелеріне және операциялық үрдістеріне сәйкес жүзеге асырылатын болады және дағдылы Еврооблигацияларға қолданылатын үрдістерді пайдалану арқылы төленетін болады.

DTC Қатысушыларының арасындағы сауда операциялары

DTC қатысушыларының арасында Облигацияларға құжатсыз құқықтарды қосалқы нарықта сату DTC ережелеріне сәйкес дағдылы тәсілмен жүзеге асырылатын болады, олар бойынша есептеулер, егер төлеу АҚШ долларымен жүзеге асырылса, DTC «бір күннің ішінде төлеу» жүйесі арқылы немесе егер төлеу АҚШ долларымен жүзеге асырылмаса, төлеусіз, АҚШ корпоративтік борыштылық міндеттемелеріне қолданылатын үрдістерді пайдаланып жүргізіледі. Егер төлеу АҚШ долларымен жүзеге асырылмаса, DTC қатысушыларының арасында DTC-дан тыс төлеу туралы жеке келісімдер талап етіледі.

DTC сатушысы мен Euroclear/Clearstream (Люксембург) сатып алушысы арасындағы сауда операциялары

Облигацияларға құжатсыз құқықтар, 144А Ережесі бойынша Жаһандық Облигацияға бенефициарлық құқығы бар DTC қатысушыларының шотынан S Ережесі бойынша (Агенттік келісімде белгіленген сертификациялық үрдістерді есепке алып) Жаһандық Облигацияға бенефициарлық құқықты сатып алуды қалайтын, Euroclear немесе Clearstream-дегі (Люксембург) тиісті ұстаушының шотына аударылуы қажет болғанда, DTC қатысушысы төлеу күнінде Нью-Йорк уақытымен 12:00-ге дейін Euroclear немесе Clearstream-дегі (Люксембург) сәйкес шот ұстаушысына жеткізілім үшін нұсқаулар ұсынады. DTC қатысушысы мен Euroclear немесе Clearstream (Люксембург) тиісті қатысушысы арасында төлеу туралы жеке келісімдердің болуы талап етіледі. Төлеу күні, 144А Ережесі бойынша тиісті Жаһандық Облигацияның кастодианы (i) 144А Ережесі бойынша Жаһандық Облигациямен расталған және Cede & Co. атына тіркелген Облигациялардың санын азайтуға және (ii) S Ережесі бойынша Жаһандық Облигациямен расталған және Euroclear және Clearstream (Люксембург) жалпы депозитарийін номиналды ұстаушының атына тіркелген Облигациялардың санын арттыру үшін Тіркеушіге нұсқаулар береді. Жағдаяттарға қарай, төлеуден кейінгі бірінші жұмыс күні тиісті ұстаушының шотына есептеу үшін, құжатсыз құқықтар Euroclear немесе Clearstream-ге (Люксембург) өтеусіз жеткізілетін болады.

Euroclear/Clearstream (Люксембург) сатушысы мен DTC сатып алушысы арасындағы сауда операциялары

Облигацияларға құжатсыз құқықтар Euroclear немесе Clearstream (Люксембург) ұстаушысының шотынан, 144А Ережесі бойынша (Агенттік келісімде белгіленген сертификациялық рәсімдерді есепке алып) Жаһандық Облигацияға бенефициарлық құқықты сатып алуды қалайтын, DTC қатысушысының шотына аударылу керек болған кезде, Euroclear немесе Clearstream (Люксембург) қатысушысы төлеу күніне дейінгі бір жұмыс күнінің ішінде Брюссель немесе Люксембург уақыты бойынша 19:45-ке дейін Euroclear немесе Clearstream-ге (Люксембург) өтеусіз жолдауы керек. Euroclear немесе Clearstream (Люксембург), жағдаяттарға қарай, өз кезегінде, төлеу күнінде DTC қатысушысына тапсыруды ұйымдастыру үшін, Euroclear және Clearstream (Люксембург) жалпы депозитарийіне және Тіркеушіге тиісті нұсқауларды тапсырады. Жағдайға байланысты, DTC қатысушысы және Euroclear немесе Clearstream (Люксембург) шотын тиісті ұстаушы арасында төлеу туралы жеке келісімдердің болуы талап етіледі. Төлеу күні Euroclear және Clearstream (Люксембург) жалпы депозитарийі (а) 144А Ережесі бойынша тиісті Жаһандық Облигацияның кастодианына тиісті нұсқаулар береді, ол, өз кезегінде, Облигацияға құжатсыз құқықтарды DTC қатысушысының шотына өтеусіз аударды және (b) Тіркеушіге (i) S Ережесі бойынша тиісті Жаһандық Облигациямен расталған және Euroclear және Clearstream (Люксембург) жалпы депозитарийін номиналды ұстаушының атына тіркелген Облигациялардың санын азайту үшін және (ii) 144А Ережесі бойынша тиісті Жаһандық Облигациямен расталған және Cede & Co. атына тіркелген Облигациялардың санын арттыру үшін нұсқау береді.

Euroclear, Clearstream (Люксембург) және DTC жеке шоттарын ұстаушылар мен қатысушылардың арасында Жаһандық Облигацияларға бенефициарлық құқықтарды тапсыруды жеңілдету үшін, Euroclear, Clearstream (Люксембург) және DTC жоғарыда сипатталған үрдістерге өз келісімін бергеніне қарамастан, олар мұнда үрдістерді қолдануға міндетті емес, мұндай үрдістер кез келген уақытта тоқтатылуы мүмкін. Euroclear, Clearstream (Люксембург) немесе DTC және олардың тиісті Тікелей немесе Жанама қатысушыларының қызметтерін реттейтін ережелер мен үрдістерге сәйкес, оларға жүктелген міндеттердің орындалуына Компания да, Сенімгер басқарушы да немесе Агенттердің ешбірі жауапты емес.

Шығаруға дейінгі сауда операциялары бойынша есептеулер

Облигациялардың жеткізілімі 2010 жылдың 20 мамырына белгіленген шығарылым күніндегі төлемге байланысты жүзеге асырылады. Бұл мерзім бағаны белгілеу күнінен кейін үш жұмыс күнінен асуы мүмкін. Қор биржалары туралы АҚШ Заңының 15с6-1 Ережесі бойынша, егер тараптар мұндай операциялар бойынша өзге туралы келіспесе, АҚШ-тың қосалқы бағалы қағаздар нарығындағы сауда операциялары, әдетте, үш жұмыс күнінің ішінде (Т+3) аяқталуы тиіс. Сәйкесінше, талап етілетін үш күндік мерзімге жеткізбей, бағаны белгілеу күні немесе келесі жұмыс күні АҚШ-та Облигациялармен сауда операцияларын жүргізуді қалайтын сатып алушылар, Т+3-ті асыра қолдану себебінен, төлемнің орындалмауын болдырмау

мақсатында төлемнің баламалы циклын көрсетуі керек болады. Өзге елдердегі төлемнің үрдістері өзгеруі мүмкін. Облигацияларды сатып алушылар жергілікті есептеу тәжірибесінің ықпалына түсуі мүмкін және осы Анықтамалықтың шығу күніне дейінгі кезеңде өздерінің заңды кеңесшілерінен кеңес алуға тиісті.

САЛЫҚ САЛУ

Бұдан әрі Облигациялармен байланысты, Америка Құрама Штаттарындағы және Қазақстандағы салық салуға қатысты белгілі бір пікірлердің жалпы сипаттамасы берілген. Олар осы елдердегі немесе басқа жердегі Облигациялармен байланысты барлық салық түсініктерін толық талдауды білдірмейді. Облигацияларды ықтимал сатып алушылар, Облигацияларды сатудан немесе сатып алудан түсетін пайыздарды алу салдарымен шектелмей, Облигацияларды сатып алу салдарына қатысты салық салудың барлық мәселелері бойынша өздерінің кеңесшілерімен кеңеслеріу керек. Бұл жиынтық ақпарат осы Анықтамалықты жариялау сәтінде әрекет ететін заңнамаға негізделеді және жариялаудан кейін орын алуы мүмкін заңдағы өзгерістерге сәйкес өзгеруі мүмкін.

Америка Құрама Штаттары

ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ 230 АНЫҚТАМАЛЫҒЫНА СӘЙКЕСТІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ҰСТАУШЫЛАР: (А) ФЕДЕРАЛДЫҚ САЛЫҚТАРҒА ҚАТЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ОСЫ АНЫҚТАМАЛЫҚТА КЕЗ КЕЛГЕН СИПАТТАУ, САЛЫҚ САЛУ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР КОДЕКСІНЕ СӘЙКЕС ҚОЛДАНЫЛУЫ МҮМКІН ЖАЗАНЫ БОЛДЫРМАУ МАҚСАТЫНДА ИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ СЕНІМ АРТУЫНА БОЛАТЫНЫН НЕМЕСЕ БОЛМАЙТЫНЫН КӨЗДЕМЕЙТІНДІГІ ЖӘНЕ БЕКІТПЕЙТІНДІГІ ТУРАЛЫ; (Б) ОСЫ АНЫҚТАМАЛЫҚТА ҚАРАСТЫРЫЛАТЫН ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ НЕМЕСЕ МӘСЕЛЕЛЕРДІ КОМПАНИЯНЫҢ (230 АНЫҚТАМАЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ АЯСЫНДА) ЖЫЛЖЫТУМЕН НЕМЕСЕ МАРКЕТИНГПЕН БАЙЛАНЫСТЫ МҮНДАЙ СИПАТТАУ ОСЫ АНЫҚТАМАЛЫҚҚА ЕНГІЗІЛГЕНДІГІ ТУРАЛЫ, ЖӘНЕ (В) ӨЗІНІҢ БЕЛГІЛІ БІР ЖАҒДАЯТТАРЫНА НЕГІЗДЕЛІП, САЛЫҚ САЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҰСТАУШЫ ТӘУЕЛСІЗ КЕҢЕСШІГЕ КЕҢЕС АЛУ ҮШІН ЖҮГІНУІ КЕРЕКТІГІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРЫЛАДЫ.

* * * * *

Бұдан әрі АҚШ салық салу туралы федералдық заңы тұрғысынан, Облигация иелерінің – АҚШ резиденттерінің (төменде көрсетілгендей) Облигацияларды сатып алудың, иеленудің және билік етудің белгілі бір материалдық салдарына қатысты жиынтық ақпарат келтірілген. Бұл шолу 1986 жылғы Америка Құрама Штаттарының салық салу туралы заңдарының Кодексының 1221-тарауына және оған түзетулерге («Кодекс») сәйкес капиталды активтер ретінде Облигацияларды пайдаланатын, Облигация иесі-АҚШ резиденті шығарған баға бойынша Облигацияларды бастапқы сатып алуды ғана қарастырады. Осы сипаттау, байланысты болуы мүмкін АҚШ табыс салығын федералдық салудың барлық аспектілерін немесе белгілі бір инвесторлардың Облигацияларды сатып алуға, иеленуге немесе билік етуге осы Анықтамалықта сипатталған мәселелердің кез келгені тигізетін нақты салық әсерін қозғамайды, сонымен қатар, АҚШ-тың салық заңдарын, жергілікті, шетел немесе өзге салық заңдарын қарастырмайды. Осы сипаттау федералдық табыс салықтары туралы АҚШ заңдарына сәйкес арнайы режимге жатпайтын, инвесторлардың белгілі бір түрлерімен

байланысты болуы мүмкін емес (балама минималды салық салынатын қаржылық мекемелер, сақтандыру компаниялары, инвесторлар, салық салу кейінге қалдырылған жеке зейнетақы шоттары және өзге шоттар, салықтан босатылған ұйымдар, бағалы қағаздармен немесе валютамен операциялар бойынша дилерлер, АҚШ федералдық табыс салығы мақсатында валюталық конвертациялар бойынша операциялардың немесе хеджирлеу операцияларының, жедел арбитражды келісімдер бөлігі ретінде Облигация иесі инвесторлар немесе функционалдық валютасы АҚШ доллары болып табылмайтын инвесторлар сияқты) салық аспектілерін сипаттамайды.

Осы Анықтамалықтағы «Облигация иесі-АҚШ резиденті» атауы АҚШ федералдық табыс салығын салу мақсатында (i) Америка Құрама Штаттарының жеке тұлғасы-азаматы немесе резиденті, (ii) Америка Құрама Штаттарының немесе оның кез келген бір штатының заңнамасына сәйкес құрылған немесе ұйымдастырылған корпорация, (iii) алыну көзіне тәуелсіз, кірісіне АҚШ федералдық табыс салығы салынуы тиіс мекеме немесе (iv) егер Америка Құрама Штаттарының аумағында сот мұндай сенімгерлік қорды басқаруды тікелей қадағалауды жүзеге асыра алса, АҚШ бір немесе бірнеше азаматының сенімгерлік қордың барлық маңызды шешімдерін бақылау бойынша өкілеттіктері бар болса немесе сенімгерлік қор федералдық табыс салығын салуға қатысты ішкі сенімгерлік қор ретінде оған жүгінуді таңдаса, сенімгерлік қор болып табылатын Облигацияның негізгі меншік иесін білдіреді.

Облигацияларды иеленетін серіктестіктегі серіктеске қатысты АҚШ федералдық табыс салығының режимі серіктестің мәртебесіне және серіктестіктің әрекетіне тәуелді болады. Серіктестіктер болып табылатын ықтимал сатып алушылар, серіктестіктің Облигацияларды сатып алуы иеленуі немесе билік етуі кезінде олардың серіктестері үшін АҚШ федералдық табыс салығымен көзделген салдарға қатысты салық салу мәселелері бойынша өз кеңесшілерімен кеңесулері керек.

Сипаттау Кодексты қоса алғанда, Америка Құрама Штаттарының салық заңнамасына, оны қабылдау тарихына, Кодекс аясындағы бар және ұсынылатын қағидаларға, жарияланған шешімдерге және сот шешімдеріне негізделген және кез келген уақытта, кері әрекетпен де өзгертілуі мүмкін.

АҚШ ФЕДЕРАЛДЫҚ ТАБЫС САЛЫҒЫН САЛУДЫҢ САЛДАРЫН СИПАТТАУ ЖАЛПЫ ТАНЫСУ МАҚСАТЫНДА ҒАНА ТӨМЕНДЕ КЕЛТІРІЛЕДІ, ШТАТТЫҢ САЛЫҚ ЗАҢДАРЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ МЕН ЫҚПАЛЫН, ЖЕРГІЛІКТІ, ШЕТЕЛ ЖӘНЕ ӨЗГЕ САЛЫҚ ЗАҢДАРЫН ЖӘНЕ САЛЫҚ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ ЫҚТИМАЛ ӨЗГЕРІСТЕРДІ ҚОСА АЛҒАНДА, ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ ИЕЛЕНУ КЕЗІНДЕ ОЛАР ҮШІН БЕЛГІЛІ БІР САЛЫҚ САЛДАРЫНА ҚАТЫСТЫ САЛЫҚ САЛУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША, БАРЛЫҚ ЫҚТИМАЛ САТЫП АЛУШЫЛАР ӨЗ КЕҢЕСШІЛЕРІМЕН КЕҢЕСУ ЛЕРІ КЕРЕК.

Ескертулер

Пайыздарды төлеу

АҚШ федералдық табыс салығына қатысты Облигация иесі қолданатын бухгалтерлік есептің дағдылы әдісіне сәйкес, Облигациялар бойынша көрсетілген

пайыздар дағдылы пайыз бойынша кіріс ретінде Облигация иесінің-АҚШ резидентінің жалпы кірісіне енгізілуі тиіс.

Компания (i) Облигацияларды өтеу кезінде табыстылықты анықтауға ықпал ететін немесе (ii) мұндай мүмкіндіктер күмәнді болып табылатындықтан, АҚШ федералдық табыс салығын салу мақсатындағы Облигацияларды сатудан, айырбастаудан немесе сатып алудан түсетін дағдылы кірісті қабылдау немесе бастапқы сатып алу кезінде дисконттың туындау себебінің қызметін атқарушы ретінде, егер талап етілсе, «Облигациялардың айналым шарттары – салық себептері бойынша сатып алуда» немесе «Облигациялардың айналым шарттары – Статус өзгергендегі Облигация иесінің опционында» сипатталған қосымша сомаларды төлеу мүмкіндігін қарастырмайды. Кодекске сәйкес жарияланған қолданылатын қаулылар талап ететін тәсілдермен өзінің қарсы позициясын ұстаушы білдірген жағдайлардан өзге, мұндай мүмкіндіктердің күмәнді екендігі туралы Компанияның шешімі Облигация иелері-АҚШ резиденттері үшін міндетті. Нәтижесінде, кез келген қосымша алынған сомалар Облигация иесінің-АҚШ резидентінің есептеу әдісіне сәйкес жинақталған немесе алынған уақытта, мұндай сомалар дағдылы кіріс ретінде қарастырылуы тиіс. Алайда Америка Құрама Штаттарының Салық басқармасы («СБ») өзге позицияны ұстануы мүмкін, мұндай жағдайда Облигация иесінің-АҚШ резидентінің қосылатын кірістерінің уақыты мен сомасы өзгеруі мүмкін.

Облигацияларды сату және өтеу

Облигация иесі-АҚШ резиденті әдетте Облигацияны сатудан немесе шығып қалуынан пайданы немесе залалды, сатудан немесе шығып қалудан түскен соманың және Облигацияның салық салу базасының арасындағы айырмашылыққа тең деп қабылдайды. Облигация иесі-АҚШ резиденті үшін Облигацияның салық салу базасы әдетте оның АҚШ долларындағы құны болып табылады. Бұрын кіріске енгізілмеген дәрежеге дейін пайыздық кіріс ретінде салық салынатын, жинақталған, бірақ төленбеген пайызға қатысты сома жүзеге асырылған сомаға кірмейді. Облигация иесі-АҚШ резиденті қабылдаған, Облигацияны сатудан немесе шығып қалудан пайда немесе залал капиталдың өсімі немесе капиталдық шығын болып табылады және егер Облигация иесіне-АҚШ резидентіне бір жылдан артық тиісті болса, капиталдың ұзақ мерзімді өсімі немесе капиталдық шығын болып табылады.

Облигацияны сату немесе шығарып тастау кезінде Облигация иесі-АҚШ резиденті жүзеге асыратын пайда немесе залал әдетте АҚШ көздерінен алынған деп есептеледі. Ықтимал сатып алушылар, Облигацияларды сатуға немесе шығарып тастауға қолданылатын, шетел салығы бойынша жеңілдіктерге қатысты салық салу мәселелері бойынша өз кеңесшілерімен кеңесулері керек.

Қосымша ұстап қалулар және ақпаратты хабарлау

Қолданылатын қағидаларға сәйкес талап етілуі мүмкін болғанда, Облигацияларды сатудан немесе өзге тапсырудан түсетін негізгі сома мен пайыздарды, түсімді төлеу АҚШ-тың төлеуші агентіне немесе АҚШ-тың өзге делдалдарына СБ және Облигация

иесі-АҚШ резидентіне хабарланатын болады. Егер Облигация иесі-АҚШ резиденті нақты салық төлеушінің сәйкестендіруші нөмірін немесе салықтан босатылған мәртебенің растамасын ұсына алмаса, АҚШ-тың кірістер туралы салық декларациясында көрсетілуі тиіс барлық пайыздар туралы хабарлай алмаса, мұндай төлемдерге қосымша ұстап қалулар қолданылуы тиіс. Белгілі бір Облигация иелері-АҚШ резиденттері (сонымен қатар корпорацияларды қоса алғанда) қосымша ұстап қалуға жатпайды. Облигация иелері-АҚШ резиденттері қосымша ұстап қалудан босатуға өзінің сәйкестігі және босауды алу үрдісі туралы салық салу мәселелері бойынша өз кеңесшілерімен кеңесулері керек.

Қазақстан

Қолданыстағы Қазақстан заңнамасына сәйкес, Облигацияның номиналды құнының төлемдері: (i) салық мақсаттарында Қазақстанның резиденті болып табылмайтын жеке тұлғаға немесе Қазақстан заңнамасына сай емес құрылған және өзінің басқарушы органы (нақты басқару орны) жоқ, салық салуға жататын, Қазақстанда тұрақты өкілдігі жоқ немесе Қазақстандағы өзге қатысуы жоқ (бірлескен түрде «**Қазақстандық емес ұстаушылар**») заңды тұлғаға; (ii) Қазақстанның салық резиденттері болып табылатын жеке тұлғаларға, Қазақстанның салық резиденті болып табылатын заңды тұлғаларға және резидент болып табылмайтын, бірақ Қазақстанда тұрақты өкілдігі бар (бірлескен түрде «**Қазақстандық ұстаушылар**») заңды тұлғаларға Қазақстанда салық салынбайды және қандай да бір Қазақстандық салықтарды ұстап қалу мұндай кез келген төлемдер бойынша талап етілмейді.

Пайыздарды есептеу күнінде Облигациялардың Қазақстан территориясында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізіміне енгізілуі жағдайында, Компания Қазақстандық ұстаушыларға және Қазақстандық емес ұстаушыларға төлейтін Облигациялар бойынша пайыздар, төлем көзінен ұстап қалынатын дивидендтерге салық салынбайды.

Қазақстан территориясында жұмыс істейтін, қор биржасының ресми тізіміне, пайыздарды есептеу күнінде енгізілмеген, Қазақстандық ұстаушыларға және Қазақстандық емес ұстаушыларға төленетін, Облигациялар бойынша пайыздарға Қазақстан заңнамасында бегіленген мөлшерлемелер бойынша салық салынады. Қазақстандық емес ұстаушыларға пайыздар төлеуге қатысты Қазақстанның заңнамасымен белгіленген, төлем көзінен ұсталатын, дивидендтерге салынатын салықтың мөлшерлемесі қосарлы салық салуды болдырмау туралы қолданылатын келісім арқылы төмендетілуі мүмкін немесе егер мұндай Қазақстандық емес ұстаушылар Қазақстан Үкіметі жариялайтын тізімдегі, салық режимі қолайлы елдерде тіркелген жағдайда арттырылуы мүмкін. Компания пайыздар төлеміне қолданылатын, төлем көзінен ұстап қалатын дивидендтерге мұндай кез келген салыққа қатысты қосымша сомаларды төлейді. «Облигациялардың айналым шарттары – Салық салу – ұстап қалусыз төлемдер» бөлімін қараңыз.

Осыған қоса, Қазақстан территориясында жұмыс істейтін, сату кезінде қор биржасының ресми тізіміне енгізілген және мұндай қор биржасында ашық саудалау арқылы сатылған Облигацияларға қатысты Қазақстандық ұстаушылар алған пайдаға

Қазақстанда табыс салығы салынбайды. Қазақстан территориясында немесе одан тыс жерде жұмыс істейтін, сату кезінде қор биржасының тізіміне енбеген және мұндай қор биржасында ашық саудалау арқылы сатылған Облигацияларға қатысты Қазақстандық емес ұстаушылар алған пайдаға Қазақстандағы төлем көзінен ұсталатын салықтар салынбайды.

Облигацияларды кез келген өзге өткізудің нәтижесінде Қазақстандық ұстаушылар немесе Қазақстандық емес ұстаушылар алған пайдаға, мұндай өткізу күніндегі Қазақстан заңнамасымен белгіленген мөлшерлемелер бойынша Қазақстанда салық салынады. Қазақстандық емес ұстаушылар алған пайдаға қатысты Қазақстан заңнамасымен белгіленген төлем көзінен ұсталатын салықтың мөлшерлемесі қосарлы салық салуды болдырмау туралы қолданылатын келісім арқылы төмендетілуі мүмкін немесе егер Қазақстандық емес ұстаушылар Қазақстан Үкіметі мерзімді түрде жариялайтын тізімдегі салық режимі қолайлы елдерде тіркелген жағдайда арттырылуы мүмкін.

Жинақтар туралы ЕО Директивасы

Жинақталған кірістерге салық салу туралы 2003/48/ЕО Еуроодақ Кеңесінің Директивасына сәйкес, 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап, Бельгияны қоса алғанда, Еуроодаққа мүше мемлекеттер, юрисдикциялары аясында жеке тұлғаға-резидентке немесе мұндай мүше-мемлекеттегі белгілі бір өзге тұлғаларға төленген пайыздарды (немесе ұқсас кірістерді) төлеудің егжей-тегжейін өзге мүше-мемлекеттің салық басқармасына ұсынуы керек. Алайда, мұның орнына Люксембург және Австрия өтпелі кезеңнің ішінде (үрдіске сәйкес белгілі бір шарттарды сақтап, оны орындаған жағдайда, пайыздарды немесе өзге кірістерді негізгі алушы салықтардың ұсталмауын талап етуі мүмкін) (егер осы кезеңнің ішінде олар басқаша шешпесе) мұндай төлемдерге қатысты ұстап қалу жүйесінің жұмысына әкімшілік ету керек (мұндай өтпелі кезеңнің аяқталуы, кейбір өзге елдермен ақпарат алмасуға қатысы бар, белгілі бір өзге шарттарды жасасуға тәуелді). Швейцарияны қоса алғанда, ЕО құрамына кірмейтін кейбір елдер мен территориялар, жинақтау туралы ЕО Директивасы күнімен бірдей мезгілде күшіне енген шаралар (Швейцария жағдайындағы ұстап қалу жүйесі) қабылдауға келісті.

Егер төлемдер ұстап қалу жүйесін таңдаған мүше-мемлекетте жасалуы немес жиналуы тиіс болса және салықтар сомасы осы төлемнен ұстап қалуы тиіс болса, Компания да, кез келген Төлеуші агент де, кез келген өзге тұлға да төлем көзіне мұндай салықты салу нәтижесінде кез келген Облигацияға қатысты қосымша сомалар төлеуге міндетті емес (Облигациялар Шарттарының 8 Шартын қараңыз). Кез келген Облигация өтелмеген кезеңнің ішінде Компания, мұндай директиваға сәйкес салықтарды ұстап қалуға немесе шегеруге міндеттемелер жүктемейтін, Еуроодаққа мүше-мемлекетте Төлеуші агентін ұстауға міндеттенеді (Облигациялар Шарттарының 7 Шартын қараңыз).

ТАПСЫРУДЫ ШЕКТЕУ

144А Ережесі бойынша шығарылған Облигациялар

144А Ережесі бойынша шығарылған Облигацияны әр сатып алушы мұндай Облигацияларды сатып алған кезде, инвестициялық шешімді қабылдауға қажетті деп есептейтін ақпаратпен танысқан, келіскен және қабылдаған болып есептеледі. Сонымен қатар:

(a) Ол (i) БИСА (білікті институционалды сатып алушы) болып табылады, (ii) өз есебінен немесе бір не одан да көп БИСА есебінен Облигацияларды сатып алады, (iii) мұндай Облигацияларды бұдан әрі орналастыру ниетімен Облигацияларды сатып алмайды және (iv) мұндай Облигацияларды сату 144А Ережесіне сәйкес жүргізілетіні жайлы әрбір негізгі Облигация иесінің хабарландырылғанын біледі.

(b) Ол мұндай Облигациялардың АҚШ-тың бағалы қағаздар туралы Заңына сәйкес тіркелмегенін және тіркелмейтінін, сонымен қатар, мыналардан басқа жайттарда ұсынылмайтынын, сатылмайтынын, кепілдікке берілмейтінін және басқа да кез келген әдіспен тапсырылмайтынын біледі: (i) АҚШ-тың Бағалы қағаздарды тіркеу туралы Заңына сәйкес шынайы деп танылған, бағалы қағаздарды тіркеу туралы өтінішке сәйкес; (ii) 144А Ережесінің негізінде, Облигация иесімен және оның атынан әрекет ететін тұлғамен негізделген болжам бойынша БИСА болып табылатын тұлғаға; (iii) S Ережесіне сәйкес оффшорлық операцияларда; (iv) 144А Ережесіне сай АҚШ-тың Бағалы қағаздар туралы Заңына сәйкес (егер бұл қоданылса); немесе (v) тіркеу туралы АҚШ-тың Бағалы қағаздары туралы Заңының талаптарынан кез келген өзге ерекшелікке сәйкес, әр жағдайда Америка Құрама Штаттарының аумағында кез келген штаттың бағалы қағаздары туралы кез келген қолданыстағы заңына сәйкес екендігін түсінеді.

(c) Ол осылай ұсынылған және (a) тармағында көрсетілген тәсілмен сатылған Облигациялар АҚШ-тың Бағалы қағаздар туралы Заңына сәйкес 144(a)(3) Ережесінің маңыздылық шеңберінде «айналымы шектеулі бағалы қағаздар» болып табылатынын, АҚШ-тың Бағалы қағаздар туралы Заңына сәйкес, Америка Құрама Штаттарында жариялап орналастырусыз операциялардың барысында ұсынылатынын, сатылатынын және Облигацияларды қайта сату кезінде 144 Ережесі ұсынатын ерекшеліктердің қол жетімділігіне қатысты ешбір мәлімдемелер жасалмайтынын қабылдайды.

(d) Ол жоғарыда көрсетілген шектеулерге сәйкес емес жүргізілген Облигацияларды кез келген ұсыну, сату, кепілдікке беру немесе өзге тапсыру Компаниямен қабылданбауы мүмкін екендігін түсінеді.

(e) Ол қолданылатын заңға сәйкес Компания мен Сенімгер басқарушының арасында өзге келісілмеген жағдайлардан басқа, мұндай Облигациялар келесі мазмұндағы дисклеймерге ие болатынын түсінеді:

БҰЛ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗ 1993 ЖЫЛҒЫ АҚШ-ТЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ЗАҢЫНА («БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ЗАҢ») СӘЙКЕС НЕМЕСЕ КЕЗ КЕЛГЕН ШТАТТЫҢ НЕМЕСЕ АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНЫҢ КЕЗ КЕЛГЕН ЮРИСДИКЦИЯСЫНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫН БАҚЫЛАЙТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ОРГАНЫМЕН ТІРКЕЛМЕГЕН ЖӘНЕ ТІРКЕЛМЕЙДІ ЖӘНЕ (1) БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ЗАҢНЫҢ 144А ЕРЕЖЕСІНЕ САЙ («144А ЕРЕЖЕСІ») ОБЛИГАЦИЯ ИЕСІ НЕМЕСЕ ОНЫҢ АТЫНАН ӘРЕКЕТ ЕТЕТІН КЕЗ КЕЛГЕН ТҰЛҒАНЫҢ НЕГІЗДЕЛГЕН БОЛЖАМЫ БОЙЫНША, ӨЗ ЕСЕБІНЕН НЕМЕСЕ ӘР ЖАҒДАЙДА МҰНДАЙ ҰСЫНЫС, САТУ, КЕПІЛДІККЕ БЕРУ НЕМЕСЕ ӨЗГЕ ТАПСЫРУ 144А ЕРЕЖЕСІНІҢ НЕГІЗІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІНІ ЖАЙЛЫ ОБЛИГАЦИЯ ИЕСІ ХАБАРДАР ЕТКЕН БИСА ЕСЕБІНЕН САТЫП АЛАТЫН, 144А ЕРЕЖЕСІ АЯСЫНДА БІЛІКТІ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ САТЫП АЛУШЫ («БИСА») БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ТҰЛҒАҒА, (2) БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ЗАҢНЫҢ S ЕРЕЖЕСІНІҢ («S ЕРЕЖЕСІ») 903 ТАЛАБЫНА НЕМЕСЕ 904 ТАЛАБЫНА СӘЙКЕС ОФФШОРЛЫҚ ОПЕРАЦИЯДА НЕМЕСЕ (3) ЕГЕР ҚОЛДАНЫЛСА, АТАЛМЫШ ЗАҢНЫҢ 144 ЕРЕЖЕСІМЕН КӨЗДЕЛГЕН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ЗАҢНЫҢ ТІРКЕУШІ ТАЛАПТАРЫНАН ЕРЕКШЕЛІККЕ СӘЙКЕС ЖӘНЕ ӘРБІР ЖАҒДАЙДА АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНЫҢ АУМАҒЫНДА КЕЗ КЕЛГЕН ШТАТТЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ КЕЗ КЕЛГЕН ЗАҢДАРЫНА СӘЙКЕС БОЛҒАННАН БАСҚА ЖАҒДАЙДА ҰСЫНЫЛУЫ, САТЫЛУЫ, КЕПІЛДІККЕ БЕРІЛУІ НЕМЕСЕ КЕЗ КЕЛГЕН ӨЗГЕ ТӘСІЛМЕН ТАПСЫРЫЛУЫ МҰМКІН ЕМЕС, АЛ ОБЛИГАЦИЯ ИЕСІ МІНДЕТТЕНЕДІ ЖӘНЕ ӘРБІР КЕЛЕСІ ОБЛИГАЦИЯ ИЕСІ, ОДАН ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУШЫ КЕЗ КЕЛГЕН ТҰЛҒАНЫ ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАН ҚАЙТА САТУДЫ ШЕКТЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТУГЕ МІНДЕТТІ. БЕРІЛГЕН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДЫ ҚАЙТА САТУ КЕЗІНДЕ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ЗАҢ БОЙЫНША 144 ЕРЕЖЕМЕН КӨЗДЕЛГЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІҢ ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІГІНЕ ҚАТЫСТЫ ЕШБІР ӨТІНІШ ЖАСАЛУЫ МҰМКІН ЕМЕС.

ЖОҒАРЫДА КЕЛТІРІЛГЕН ДИСКЛЕЙМЕРІ БАР, ОСЫ ОБЛИГАЦИЯНЫ ҚАБЫЛДАУ АРҚЫЛЫ БАСТАПҚЫ ЭМИССИЯСЫ КЕЗІНДЕ НЕМЕСЕ АЛДАҒЫ ТАПСЫРУ КЕЗІНДЕ ӘРБІР ОБЛИГАЦИЯ ИЕСІ ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАН ОБЛИГАЦИЯНЫ ТАПСЫРУҒА ШЕКТЕУЛЕРДІ ҚАБЫЛДАЙДЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫДА КӨРСЕТІЛГЕН ЕРЕЖЕЛЕРГЕ ЖӘНЕ ТРАСТЫЛЫҚ ШАРТҚА СӘЙКЕС ҚАНА ОСЫ ОБЛИГАЦИЯНЫ ТАПСЫРУҒА МІНДЕТТЕНЕТІНІМЕН КЕЛІСЕДІ.

(a) Егер ол бір немесе одан да көп БИСА есебінен кез келген Облигацияларды сатып алса, мұндай әрбір шотқа қатысты инвестициялау туралы шешім қабылдаудың жеке-дара құқығына ие екендігін және мұндай әрбір шоттың атынан жоғарыда келтірілген дәлелдерді, растамаларды және келісімдерді білдіруге толық құқылы (және білдіретінін) екендігін растайды. Компания, Тіркеуші, Менеджерлер және олардың тиісті үлестес тұлғалары және өзгелер жоғарыда келтірілген дәлелдердің, растамалардың және келісімдердің сенімділігі мен дәлдігіне жүгінеді.

(b) Ол 144А Ережесінің негізінде ұсынылатын Облигациялардың 144А Ережесі бойынша шығарылған Жаһандық Облигация екенін түсінеді. 144 А Ережесі бойынша

шығарылған Жаһандық Облигацияға қатысудың кез келген үлесі ұсынылғанға, сатылғанға, кепілдікке берілгенге немесе кез келген өзге тәсілмен, S Ережесі бойынша шығарылған Жаһандық Облигацияға қатысу арқылы тапсырысты қабылдайтын тұлғаға тапсырылғанға дейін, ол бағалы қағаздар туралы қолданыстағы заңдарға сәйкестікті жазбаша түрде растайтын (Төлеуші агентпен жасалған келісімде көрсетілген формадағы) хатты Трансферттік Агентке ұсынуы керек болады.

Ықтимал сатып алушылар осы арқылы, 144А Ережесімен көзделген АҚШ Бағалы қағаздар туралы Заңының 5-тарауының талаптарынан ерекшелікке Облигацияларды сатушылардың жүгінулері мүмкін екені жайлы хабарландырылады.

S Ережесі бойынша шығарылған Облигациялар

S Ережесі бойынша шығарылған Облигацияларды әрбір сатып алушы мұндай Облигацияларды сатып алу кезінде, инвестициялық шешім қабылдау үшін қажетті деп есептейтін ақпаратпен танысқан, келіскен және қабылдаған болып есептеледі және:

(c) Ол АҚШ Бағалы қағаздар туралы Заңына сәйкес мұндай Облигациялар тіркелмегенін және тіркелмейтінін, сондай-ақ, бұл Облигациялардың S Ережесіне сәйкес ұсынылатынын және сатылатынын түсінеді.

(d) Ол немесе оның атынан әрекет ететін кез келген тұлға мұндай Облигациялардың негізгі меншік иесі екенін немесе Облигацияларды сатып алу кезінде болатынын және (i) ол (S Ережесінде анықталғандай) Облигацияларды оффшорлық операцияның аясында сатып алатынын және (ii) ол Компанияның үлестес тұлғасы немесе мұндай үлестес тұлғаның атынан әрекет ететін тұлға болып табылмайтынын білдіреді.

(e) Ол АҚШ Бағалы қағаздар туралы Заңына және Америка Құрама Штаттарының аумағында кез келген бағалы қағаздар туралы қолданыстағы заңдарға сәйкес жағдайлардан басқа, Облигацияларды ұсынбайды, сатпайды, кепілдікке бермейді немесе кез келген басқа тәсілмен тапсырмайды.

(f) Компания, Тіркеуші, Менеджерлер және олардың үлестес тұлғалары мен өзгелер де жоғарыда келтірілген дәлелдердің, растамалардың және келісімдердің сенімділігі мен дәлдігіне жүгінеді деп есептеледі.

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ САТУ

BNP Paribas, J.P. Morgan Securities Ltd. («Бірлескен Жетекші Менеджерлер») және АҚ "Halyk Finance" (Бірлескен Жетекші Менеджерлермен бірге «Менеджерлер» деп аталады») 2010 жылдың 17 мамырындағы Жазылу туралы келісімге сәйкес («Жазылу туралы келісім»), ерекше шарттар сақталған жағдайда біріге отырып және әрбірі жеке-жеке Компаниямен Облигацияларға олардың номиналды құнының 98,947%-ын құрайтын жазылу туралы келісті.

Компания Бірлескен Жетекші Менеджерлерге Облигацияны ұйымдастыруға, жазылуға және сатуға керекті жалпы комиссияны төлеуге келіседі және де «Halyk Finance» АҚ-ға Облигация жөнінде Қазақстанда қаржы тақырыбында кеңес беруі үшін бөлек комиссия төлеуге келіседі. Жазылу туралы келісім бойынша Бірлескен Жетекші Менеджерлерге Менеджерлер атынан Компания қаржыны аудармас бұрын белгілі бір жағдайларда келісімді бұзуға құқылы. Жазылу туралы келісім бойынша Компания Менеджерлерге Облигацияны шығару кезінде кеткен шығындарды қайтаруға келісімін берді.

Менеджерлер және олардың тиісті аффилирленген тұлғалары қаржы мәселесіне байланысты әртүрлі кеңес берген, инвестициялық және саудалық банк қызметін ұсынған, заемдар ұйымдастырған және нарықтық қаржыландырудың көпшіліктік емес түрін ұйымдастырған, сонымен қатар, Компания және оның аффилирленген тұлғаларымен өндірістік құнды қағаздар туралы шарттар жасасуға қатысты қызметтер ұсынған, осындай қызметтер көрсеткені үшін қалыпты комиссиялық сыйақы алып тұрған және алдағы уақытта да осы қызметермен айналыспақшы.

Менеджерлердің әрбіреуі және олардың тиісті аффилирленген тұлғалары алдағы уақытта Компаниямен шарттар жасасып тұруға, Компанияға іскерлік операция жүргізудің қалыпты дағдысы бойынша түрлі қызметтер көрсетіп тұруына болады. 2010 жылдың 31 наурызындағы жағдай бойынша, Компанияның жалғыз акционері болып табылатын Самрұқ-Қазына, "Halyk Finance" АҚ-ның жалғыз акционері «Қазақстан Халық Банкінің» жай акциясының 19,8% -ын иелік етеді.

АҚШ биржалары мен бағалы қағаздары бойынша комиссияның мақұлдауының болмауы

Облигациялар АҚШ биржа және бағалы қағаздар бойынша комиссиясы немесе АҚШ-тағы басқа да бағалы қағаздар бойынша мемлекеттік комиссиямен, АҚШ-тың басқа реттеуші органымен мақұлданбаған немесе қабылданбаған жағдай болмады. Сонымен қатар, жоғарыда аталған органдардың бірі де осыған қатысты шешім шығармады немесе берілген Облигациялардың шынайылығын, осы Анықтамалықтың дұрыстығын растамады. Керісінше мағынадағы кез келген мәлімдеме Америка Құрама Штаттарында қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Жалпы ақпарат

Менеджерлер немесе Компания бұл мақсат үшін шара қолдану керек болатын кез келген юрисдикция немесе елде Облигацияны көпшілікке жариялауға, осы Анықтамалыққа қатысты иемдену не таратуға (бастапқы, тексерілген және ақырғы

формада) немесе Анықтамалыққа кез келген түзету мен толықтыру енгізуге, сонымен қатар, Облигацияға қатысты кез келген ұсыныс пен материалдарды жариялауға қатыспады және бұдан кейін де қатыспайды.

Америка Құрама Штаттары

Облигациялар АҚШ-тың Бағалы қағаздар туралы Заңына сәйкес тіркелмеген және тіркелмейді, сонымен қатар, АҚШ Бағалы қағаздар туралы Заңының тіркеуге қатысты талаптарына жатпайтын немесе одан босатылған кейбір операцияларды қоспағанда, АҚШ аумағында сатылу үшін ұсынылмайды және сатылмайды. S Ережесіне сәйкес, Облигациялар Менеджерлер тарапынан АҚШ аумағынан тыс жерлерде сатылуға ұсынылады және сатылады.

Жазылу туралы келісімге сай, Менеджерлер 144А Ережесін негізге ала отырып, АҚШ аумағында Облигацияларды сатуға ұсынады және сата алады. Менеджерлердің АҚШ аумағында кез келген сатуға ұсынысы және сатуы АҚШ биржа және бағалы қағаздар комиссиясы тіркеген брокер-диллерлер арқылы жүргізіледі.

Бұған қоса, Облигацияларды АҚШ аумағында диллер арқылы (оның жариялауға қатысу-қатыспауына қарамастан) сатуға ұсыну және сату жарияланғаннан бастап 40 күн ішінде, егер 144А Ережесіне немесе АҚШ Бағалы қағаздар туралы Заңының тіркеуден босату туралы өзге де ережелеріне сай болмаса, АҚШ Бағалы қағаздар туралы Заң талаптарын бұзған болып есептеледі.

Біріккен Корольдік

Әрбір Менеджер төмендегі жайттарды растап келіседі:

(а) ол тек қана тапсырысты берді және ескертті және алда шақыруды тапсырысып, ескертеді немесе FSMA 21 (1)-тарау Компанияға қолданылмаған жағдайда Облигацияның шығарылуы мен сатылуы есебінен алынған инвестициялық қызметке қатысуға (FSMA 21-тарауында) ықпал етеді;

(б) Біріккен Корольдікте Облигацияларға байланысты қолданатын барлық іс-әрекеттері FSMA ережелеріне сай және бұдан кейін де сай болады.

Гонконг

Әрбір Менеджер төмендегі жайттарды растап келіседі:

(а) Төменде көрсетілген жайттарды есептемегенде, ол Гонконгта ешқандай құжат арқылы Облигациялардың бір де бірін сатуға ұсынған не сатқан емес және ұсынбайды және сатпайды: а) Гонконгтың Бағалы қағаздар және фьючерстер туралы Заңында (Сар. 571) немесе осы заңға сәйкес қабылданған ережелерде көрсетілген «кәсіби инвесторлар»; б) Гонконгтың Компаниялар туралы Заңында (Сар. 32) анықталғандай, тиісті құжат «Анықтамалық» болып табылмаған басқа жағдайлар немесе мұндай іс-әрекеттер аталмыш заңға сәйкес жұртшылыққа ашық ұсыныс болып табылмайтын жағдайлар;

(б) Облигациялар Гонконгтың шекарасынан тыс жердегі тұлғаларға немесе Бағалы қағаздар және фьючерстер туралы Заңда не осы заңға сәйкес қабылданған ережелерде анықталғандай «кәсіби инвесторларға» берілуінен басқа, ол Гонконгтағы

белгілі бір тұлғаларға арналған не мазмұны көбіні соларға түсінікті (Гонконг Бағалы қағаздар туралы заңнамасы рұқсат еткен жағдайларды қоспағанда) Облигацияларға қатысты хабарландыру, шақыру немесе құжаттарды жариялаған емес немесе осы мақсатпен бақылауында болған және болашақта жарияламайды немесе осы мақсатпен бақылауында ұстайды.

Сингапур

Осы Анықтамалық Сингапурдың Қаржы Басқармасы тарапынан анықтамалық ретінде тіркелмеген. Соған сәйкес, осы Анықтамалықты және кез келген Облигацияны ұсыну, сату немесе жазылуға не сатып алуға шақырумен байланысты кез келген басқа құжат немесе материалды көпшілікке жаюға болмайды. Сонымен қоса, төменде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Облигациялар Сингапур азаматтарына тікелей не делдал арқылы ұсынылмайды, сатылмайды, жазылуға немесе сатып алуға шақыру құралы ретінде пайдаланылмайды: (i) Сингапурдың Бағалы қағаздар және фьючерстер туралы Заңының ("SFA") 289-тарауының 274-бөліміне сай институционалдық инвесторлар, (ii) 275(1)-бөліміне сәйкес тиісті тұлғалар немесе 275(1)(A) бөлімінде көрсетілген тұлғалар және 275 SFA бөліміндегі шарттарға сай тұлғалар немесе (iii) SFA-ның кез келген ережесінің шартына сай келетін тұлғалар.

Облигациялар жазылым бойынша шығарылған немесе төменде көрсетілгендей тиісті тұлға тарапынан SFA 275-бөліміне сәйкес сатып алынған жағдайда:

(а) инвестицияны ұстаумен айналысатын және барлық акционерлік капиталы әр бірі аккредитивтенген инвестор болып табылатын бір немесе одан көп жеке тұлғаның иелігінде болған корпорация (SFA 4A-бөлімінде көрсетілгендей аккредитивтенген инвестор болып табылмайтын);

(б) әр бенефициары жеке тұлға және аккредитивтенген инвестор болып табылатын, инвестицияны ұстаушы трастық компания (сенімгер басқарушысы аккредитивтенген инвестор болып табылмайтын); мұндай корпорацияның бағалы қағаздары (SFA 239(1)-бөлімде көрсетілгендей) немесе мұндай трастық компанияның бенефициарларының (қалай белгіленсе де) құқықтары мен үлестері осындай корпорация немесе трастық компания SFA 275-бөлімге сәйкес жасалған ұсыныс бойынша Облигацияларды сатып алғаннан кейінгі алты ай бойы төменде көрсетілгендерден басқа жағдайларда тапсырылмайды:

(1) институционалдық инвестор немесе SFA 275(2)-бөлімде көрсетілген тиісті тұлға не ұсынысқа сай, SFA 275(1)(A) немесе 276(4)(i)(B) бөлімдерінде көрсетілген кез келген тұлға;

(2) тапсырыс үшін сыйақы төленбейтін кезде;

(3) тапсырыс заң жүзінде іске асқан кезде;

(4) SFA 276(7)-бөлімінде көрсетілген жағдайларда.

Қазақстан

Әрбір Менеджер Қазақстанда ағымдағы заңдарға сәйкес сату үшін
Облигацияларды ұсынуға келіседі.

ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Компания

Компания – бұл шектеусіз мерзімге ие қазақстандық акционерлік қоғам. 2009 жылдың 29 желтоқсанында Самрұқ-Қазына мақұлдаған Компанияның Жарлығына сәйкес, Компания қызметінің мақсаты - басқаларын да қосқанда, уран барлауға, өндіруге және өндеуге қатысу болып табылады.

Компанияның тіркелген кеңсесі мына мекен-жайда орналасқан: 050012, Қазақстан, Алматы қаласы, Бөгенбай Батыр көшесі, 168, (ол сонымен қатар, Компанияның директорлар кеңесінің мүшелері үшін қызметтік мекен-жай болып табылады), Компанияның телефон: +7 (727) 261 54 25. Компания 2010 жылдың 20 қаңтарында Алматы қаласының Әділет департаментімен тіркелген, оның тіркеу нөмірі 18975-1910-АҚ.

Авторизация және рұқсат беру

Компания Облигация шығарылымы және сол бойынша міндеттемелерін орындауға байланысты барлық қажетті келісімдер, мақұлдаулар мен рұқсаттарды алды. Облигация шығарылымы 2010 жылдың 9 сәуіріндегі Компанияның директорлар кеңесінің шешімімен авторизацияланды.

Листинг

Анықтамалық эмиссия анықтамалығы жөніндегі ЕО Директивасына сәйкес құзыретті орган болып табылатын, листинг бойынша Ұлыбритания басқармасымен мақұлданды. Облигацияларды регламенттелген нарықта сатуға жібері мақсатында Ресми тізімге және Қор биржасына енгізілуі үшін листинг бойынша Ұлыбритания басқармасына өтініш берілді. Ресми тізімдегі Облигация листингі және сатылу үшін Облигациялардың регламенттелген нарыққа қабылдануы 2010 жылдың 21 мамырында немесе Жаһандық Облигациялардың шығуына байланысты жақын арада орын алады деп күтілуде. Сонымен қатар, Облигациялар 2010 жылдың 14 мамырынан бастап KASE-Қазақстанның Қор биржасына енгізілген.

Табыстылық және жалпы шығындар

Жыл сайынғы негізде Облигацияның табыстылығы 6.50%-ды құрайды. Облигацияларды сатуға жіберуге кеткен жалпы шығындар 7,275 фунт стерлингті құрады.

Клиринг жүйесі

Клиринг үшін Облигациялар DTC, Euroclear және Clearstream (Люксембург) арқылы қабылданды. S Ережесі бойынша шығарылған Облигациялар үшін Бағалы Қағаздардың Халықаралық сәйкестендіру Коды - XS0510820011, Жалпы Код - 051082001. 144A Ережесі бойынша шығарылған Облигациялар үшін Бағалы Қағаздардың Халықаралық Сәйкестендіру Коды - US63253RAA05, ал CUSIP нөмірі -

63253RAA0. DTC мына мекен-жайда орналасқан: 55 Water Street, Нью-Йорк, 10041-10099, АҚШ. Euroclear мына адрес бойынша орналасқан: Euroclear Bank S.A./N.V., 1 Boulevard du Roi Albert II, B-1210, Брюссель, ал Clearstream (Люксембург) мекен-жайы мынадай: Clearstream Banking, 42 Avenue JF Kennedy, L-1855, Люксембург.

S Ережесі бойынша шығарылған бағалы қағаздың Халықаралық Сәйкестендіру Коды:	XS0510820011
S Ережесі бойынша шығарылған бағалы қағаздың Жалпы коды:	051082001
144А Ережесі бойынша шығарылған бағалы қағаздың Халықаралық Сәйкестендіру Коды:	US63253RAA05
144А Ережесі бойынша шығарылған бағалы қағаздың CUSIP нөмірі:	63253RAA0
144А Ережесі бойынша шығарылған бағалы қағаздың Жалпы коды:	051127641
KASE сауда коды:	KZAPe1

Маңызды немесе материалдық өзгерістердің болмауы

2009 жылдың 31 желтоқсанынан бастап, Компанияның немесе біртұтас ретінде алынған топтың қаржылық немесе сауда жағдайында маңызды өзгерістер, сонымен қатар, Компанияның перспективасында материалдық жағымсыз өзгерістер болған жоқ.

Сот ісін жүргізу

Анықтамалықтың қабылданған мерзіміне дейінгі 12 айдың ішінде, Компания мен оның еншілес ұйымдарының ешбірі, Компанияның, оның еншілес ұйымдарының немесе консолидацияланған тобының қаржылық жағдайы мен табыстылығына елеулі әсер етуі мүмкін қандай да болмасын құқықтық, үкіметтік немесе арбитраждық сотқа (Компанияға белгілі ықтимал сотты да қосқанда) тартылған емес.

Тексеріс үшін құжаттардың бар болуы

Төмендегі құжаттардың көшірмелері аптаның кез келген күніндегі жұмыс уақытында (сенбі, жексенбі және қоғамдық мерекелерді есептемегенде) Негізгі Төлеуші агенттің кеңсесінде ақысыз тексерілуі мүмкін:

- (а) Компания Жарғысы;
- (ә) Осы Анықтамалық;
- (б) Компанияның соңғы аудиттік қаржылық есептілігі;
- (в) Сенімгерлік басқару туралы келісім-шарт;
- (г) Төлеуші агентпен жасалған келісім

Аудиторлар

Компанияның тәуелсіз аудитору, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2006 жылдың 13 қыркүйегінде берген №0000015 лицензиясы бойынша аудитор ретінде әрекет ететін «Делойт» ЖШС болып табылады.

«Делойт» ЖШС аудиторлары 2007, 2008 және 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын кезеңдер бойынша консолидацияланған қаржылық есепке аудит жүргізіп, нәтижесінде, осыған қатысты аудиторлық қорытындыларды ескертусіз жасады.

Осы құжатта баяндалған Компанияның қаржылық мәліметін, Анықтамалықтың F-1 бетінен басталатын Қаржылық Есептілік және оған ескертулермен бірге оқу ұсынылады.

I ҚОСЫМША – ГЕОЛОГИЯ, ОРНАЛАСУ ЖӘНЕ ӨЗГЕ АҚПАРАТ

Бұл Қосымшада төмендегі кен орындарына қатысты геологиясы, орналасуы және өзге де ақпарат берілген:

Ақдала кен орны;

Буденовское кен орны;

Инкай кен орны;

Іркөл кен орны;

Қанжуған кен орны;

Мойынқұм кен орны;

Мыңқұдық кен орны;

Солтүстік Харасан кен орны;

Семізбай кен орны;

Оңтүстік Қарамұрын және Солтүстік Қарамұрын кен орындары;

Уванас кен орны;

Заречное мен Оңтүстік Заречное кен орындары.

Ақдала кен орны

Ақдала кен орнында уран өндіру құқығына «Бетпақ Дала» ЖШС ие.

Геологиясы мен орналасуы

Ақдала кен орны Оңтүстік Қазақстан облысы, шамамен, Шымкенттен солтүстікке қарай 470 шақырымда, Созақ ауданының Шу-Сарысу уран өндірісі аймағында орналасқан. *«Өндірістік қызмет – Уран қорлары мен резервтері – Қазақстанның уран кен орындары – Шу-Сарысу уран өндірісі аймағы»* бөлімін қараңыз. Ақдала кен орны Инкай кен орнына ұқсас геологиялық құрылымға ие. *«- Инкай кен орны»* бөлімін қараңыз.

Қол жетімділік, климат, жергілікті ресурстар, инфрақұрылым және физиография

Ақдала кен орны рельефтің 150-200 метрде ең жоғарғы амплитудамен көлбеу жазықтығымен сипатталатын Бетпақ Дала шөлінде орналасқан. Өсімдіктері шөптермен ғана шектелетін және сирек кездесетін аласа бұталарымен сипатталатын, топырағы созылған құмдақ қабаттан құралған. Климаты – континентальді, көп бөлігі қыста және көктемде жауатын және оның 22-40% қар үлесіне кететін, жылына қалыңдығы 120-190

мм-ге дейін жететін жауын-шашын болады. Қар жамылғысының қалыңдығы желтоқсан айынан наурыз айына дейін 100 мм-ге дейін жетеді, ал мұз қату тереңдігі 500-600 мм-ге дейін жетеді. Қантарда -35°C -тан шілдеде $+40^{\circ}\text{C}$ -қа дейін тәуліктік және жылдық температураның кенеттен ауытқуы байқалады. Аймақ сондай-ақ күшті және үздіксіз желдің соғуымен ерекшеленеді. Желдің басым бағыты – солтүстік-шығыс, орташа жылдамдығы 3,8-ден 4,6 м/сек.-қа дейін жетеді. Сондай-ақ бұл өңірге шаңды дауылдар да тән. Аймақтың негізгі гидрографиялық торабы Шу, Сарысу және Бөктықарын өзендерін қамтиды. Климаттық жағдайлар жыл бойы геологиялық барлау, өндіру және өңдеу бойынша жұмыстарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Ақдала кен орнына Инкай кен орнының көптеген ерекшелектері тән. «*Инкай кен орны*» бөлімін қараңыз.

Ақдала кен орнында Қыземшек пен Шығыс Мыңқұдықтан өтетін, асфальтталған жол торабына кезігуге болады.

Буденовское кен орны

Буденовское кен орнының №2 учаскесінде уран өндіру құқығына «Қаратау» ЖШС ие, ал Буденовское кен орнының №1, №3, және №4 учаскелерінде Ақбастау ие.

Геология және орналасу орны

Буденовское кен орны Шу-Сарысу аймағында орналасқан. «*Өндірістік қызмет – Уран қорлары мен резервтері – Қазақстанның уран кен орындары – Шу-Сарысу уран өндірісі аймағы*» тарауын қараңыз. Түпкі тау жынысы құрамында ураны бар, бор қыртысынан тұрады. Олар көлді-аллювиальді ұсақ құм мен қиыршық тастардан, сондай-ақ балшықтың 10% және 20%-дық жұқа қабатынан құралады. Кеш бор жыныстары үш қабатқа бөлінеді:

- Төменгі Мыңқұдық қабаты үстіңгі қабаттан шамамен 620-800м тереңдікте орналасқан және негізінен ірі сұр аллювиальді қыртыстан, құрамында ураны бар бірте-бірте ұсақ топыраққа айналатын қыртыстардан құралады. Мыңқұдық қабатының жалпы қалыңдығы 40 метрден 90 метрге дейін жетеді.
- Инқұдық қабаты ірі құмнан бірте-бірте ұсақ және орташа құмымен көбейіп отырады, балшық қабатының аралық қалыңдығы 105-тен 130 метрге дейінгіні құрайды, үстіңгі қабаттан 530 және 670 метр аралығындағы тереңдікте.
- Әдетте үстіңгі қабаттан 470 және 615м аралығында Инқұдық қабатының жоғарысында орын алған, Жалпақ қабаты орташа сұр және жасыл құмдардың қалыңдығы 20-дан 80 метрге дейін баратын қызыл және қоңыр балшыққа дейін жоғарылауынан құралады.

Жоғарыда көрсетілген үш қабаттың ұзындығы 27-ден 67-ге дейінгі шақырымды, ені 50-ден 1500-ге дейін метрді және қалыңдығы 0,5-тен 20 метрге дейінгі аралықты құрайды. Минералды қабаттарының қалыңдығы 4-тен 6 метрге дейінгі аралықты құрайды.

Інқұдық қабаты Буденовское кен орнының №2 телімінің басым уранды бөлігін құрайды. Бұл қабат төмен редукциялық және жоғары фильрлік қасиеттермен салыстырмалы түрде, күшті су өткізгіш қыртыстарымен сипатталады.

Буденовское кен орны өзінің тереңдігімен айрықшалаанады. Ол жерасты ұңғымалық шаймалау әдісі пайдаланылатын, әлемдегі ең терең кен орнының бірі болып табылады. Су тұтқыш қабаттың минералды суының температурасы 32°C.

Қазақстандағы көптеген басқа уран кен орындары секілді, Буденовское кен орны да роллдық типтегі кен орын, бірақ ерекше өлшемге ие. Роллдық типтегі уран кен орындардың геологиясы мен пайда болуы 1960 жылдардан бастап зерттеліп келеді. Мұндай кен орындар әдетте таулардың арасындағы кайнозой ойпаттарында орналасады. Эпигенетикалық кен орындары ерітінді фронты бойынша пайда болатын, уранды кенге айналдырушы қоспамен, ерітіндіні тотықтандыратын қыртыстың бұзылуы бойынша көшуден тұрады. Форттың анағұрлым жоғары концентрациясы «С» формасының негізгі бөлігінде сақталады, анағұрлым төмен концентрация – жоғары және төменгі қанатта. Форттың артындағы құмдауыт өзгергіш, бірақ негізінен өнімсіз.

Қол жетімділік, климат, жергілікті ресурстар, инфрақұрылым және физиография

Буденовское кен орны Қаратау-Тайқоңыр қиыршық тасты жолынан шығысқа шамамен 10 шақырым, Ақсүмбеден солтүстікке шамамен 40 шақырымда орналасқан. 7 Волковгеология бригадасының штаб-пәтері орналасқан, жақын елді мекен Тайқоңырдан солтүстікке шамамен 50 шақырымда орналасқан. Жергілікті жоспарлы рейстерге қызмет етуші, жақын әуежайлар шамамен 400 және 500 шақырымға сәйкес Шымкент пен Қызылордада орналасқан.

Буденовское кен орнында жақсы қиыршық тасты жолдар бар. Қолданылып отырған инфрақұрылым қызметкерлер құрамы үшін тұрғын үй қалашығын (тұрғын үй блогы, асхана, демалатын орындар және дүкендер) және қайта өңдеу бойынша нысанды (сорапты қоса алғанда, қайта өңдеуші құрылғылар, жүк автокөліктері үшін жуу орындары, зертханалар) қамтиды.

Электр қуаты 2006 және 2008 жылдары салынған ұлттық электр тарату желілерінен алынады. Материалдардың басым бөлігі 120 шақырымда орналасқан Созақ теміржол станциясынан көлік жолымен учаскеге жеткізіледі.

Су артезиан ұңғымаларынан келеді (жерасты суының аз мөлшері бар), судағы тұз құрамы 1-2 г/л құрайды. Тұрғын үй қалашығы нысанға жақын орналасқан және жатын орындары, асхана, ас үй және дүкендерді қамтиды. Қызметкерлер құрамының басым бөлігі 15 күндік ауысыммен жұмыс жасайды. Өндірістік нысан мен тұрғын үй

қалашығы жақында тұрғызылған, тұрғын үй қалашығы ауысым негізінде жұмыс жасау үшін қолайлы етіп салынған.

Буденовское кен орны Бетпақ Дала шөлінде орналасқан. *«Ақдала кен орны - Қол жетімділік, климат, жергілікті ресурстар, инфрақұрылым және физиография»* тарауын қараңыз.

Инкай кен орны

Инкай кен орнының №1, №2 және №3 учаскелеріндегі уран өндіру құқығына «Инкай» ЖШС, ал Инкай кен орнының №4 учаскесінде Бетпақ Дала ие.

Геология және орналасу орны

Инкай кен орны Инқұдық және Мыңқұдықтың маңында орналасқан. Аталған кен орнының екі өнімді қабаты мен үш астыңғы қабаты құмның әр түрлі түйіршікті балшық қабаттарынан құралады. Балшық құрамы 5 пайыздан 10 пайызға дейін ауытқиды. Қалыпқа келтіретін барьерді түпкі қыртысында сұр анық түстен сары дақтарға дейін баратын айқын түс өзгерісінен, нәтижесінде пириттің лимонитке дейін тотығатынынан оңай тануға болады. Осы тұрғыда қалыпқа келтіретін барьер ролдық типтегі классикалық кен орнын қалыптастыра отырып, «С» әрпі формасына жиі ие болады. Құмдар жоғары көлденең өткізгіштікке ие. *«Өндірістік қызмет – Уран қорлары мен резервтері – Қазақстанның уран кен орындары – Шу-Сарысу ура өндірісі аймағы»* тарауын қараңыз.

Қол жетімділік, климат, жергілікті ресурстар, инфрақұрылым және физиография

Инкай нысандары Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданында, Шымкенттен солтүстікке қарай шамамен 370 шақырымдағы кішігірім Тайқоңыр ауылына жақын және Қызылордадан шығысқа қарай шамамен 125 шақырымда орналасқан. Қазіргі уақытта Тайқоңырға жолы Инкай нысандарына материалдар, уран өнімін және адам тасымалданатын негізгі жол болып табылады. Жол қиыршық тастан төселген және Қаратау тауын кесіп өтеді. Алматыдан Шымкентке, содан кейін солтүстік шығыста Шиелі, Қызылорда және әрі қарай темір жол қатынасы бар. Сондай-ақ Жамбылдан Компанияның Тайқоңырдың оңтүстігінде орналасқан орталық нысанына дейін темір жол желісі тартылған.

Инкай кен орны Бетпақ Дала шөлінде орналасқан. *«Ақдала кен орны - Қол жетімділік, климат, жергілікті ресурстар, инфрақұрылым және физиография»* тарауын қараңыз. Кен орнында жұмыс қыстың суығына (мин. -35°C) және жаздың ыстығына (макс. $+40^{\circ}\text{C}$) карамастан, жыл бойы жүзеге асырылады.

Кен орны теңіз деңгейінен орташа 140-тан 300 метрге дейінгі биіктікте орналасқан. Инкай кен орны морфологиялық тұрғыдан бір-бірінен айрықшаланатын 2

аймаққа: Шу және Сарысу өзендерінің континентаралық құмды-сортаңды атырабы мен Бетпақ Дала үстіртіне бөлінеді.

Қазіргі кезде Тайқоңыр халқы, негізінен, барлау және уран игеру саласында қызмет ететін, шамамен 450 тұрғынды құрайды. «Инкай» ЖШС мүмкіндігінше, Тайқоңырдан және жақын елді мекендерден адамдарды жалдайды. Ауылда мектеп, поликлиника және кішігірім дүкендер бар. Азық-түліктің басым бөлігі Шымкенттен немесе Шиеліден сатып алынады.

Инкай кен орнын электр қуатымен қазақстандық ұлттық электр желісі компаниясы қамтамасыз етеді. Кен орны өзінің барлық қызметін қамтамасыз ету үшін жер асты ұңғымалардағы айтарлықтай су ресурстарын пайдалана алады. Тұрғын үй қалашығында пайдаланылатын ауыз су кен орнында орналасқан кішігірім ұңғымалардан келеді. Төмен радиоактивтік және тұрмыстық қалдықтар үшін алаңдар бар.

Іркөл кен орны

Іркөл кен орнындағы уран өндіру құқығына «Семізбай-У» ЖШС ие.

Геология және орналасу орны

Іркөл кен орны Қызылорда облысында орналасқан. *«Өндірістік қызмет – Уран қорлары мен резервтері – Қазақстанның уран кен орындары – Сырдария уран өндірісі аймағы»* тарауын қараңыз.

Әр түрлі және ұсақ түйіршікті қиғаш және көлденеңді қатпарлы құмдар мен қиыршық тастардан, балшық қабаттарынан құралған, жоғарғы бордың жоғарытұрандық және коньяктік қабатты қыртысы кен орнындағы кен бассейні болып табылады. Уранның негізгі қорлары (94%) коньяктік қабатта әсіресе қиыршық тастарда шоғырланған. Кенді қабаттар түгелге дерлік қалыңдығы 10 метрдей болатын бастапқы жасыл түсті алевролиттермен бөлінген және қалыңдығы 10-25 метрде бастапқы қызыл түсті алевролиттермен қайта жабылады.

Қол жетімділік, климат, жергілікті ресурстар, инфрақұрылым және физиография

Іркөл кен орны ірі темір жол станциясы бар және соған дейін грейдерлік жол салынған, қала типтес Шиелі поселкесінен 20 шақырым қашықтықта орналасқан.

Аудан климаты ыстық құрғақ жазымен (шілдеде +45°С-ке дейін) және суық желді қысымен (ақпанда -20°С-ға дейін) қатты континентальді болып келеді. Желдің басым бағыты – оңтүстік-батыстық және солтүстік-шығыстық. Жауын-шашын көбіне көктемде және күзде болады, жылына 200 мм-ден аспайды. Жауын-шашынның анағұрлым көп көлемі желтоқсан мен сәуірде, ал анағұрлым азы маусымнан қыркүйекке дейін болады.

Қанжуған кен орны

Қанжуған кен орнындағы уран өндіру құқығына өзінің еншілес ұйымдары арқылы Компания ие.

Геология және орналасқан орны

Бұл кен орны Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы аумағында, Б.Қаратау тау жотасы мен Мойынкұм құм сілемі арасында орналасқан. «*Өндірістік қызмет – Уран қорлары мен резервтері – Қазақстанның уран кен орындары – Шу-Сарысу уран өндірісі аймағы*» тарауын қараңыз. Қанжуған кен орны оңтүстігінде Мойынкұм құм сілемі мен Б.Қаратау тау жотасы арасында жуысатын, ені 35-40 шақырым болатын тауға жақын аккумулятивті жазықта орналасқан. Солтүстікте құмдар Шу өзені алабының аллювиальді жазықтығымен шектеседі.

Қанжуған кен орны қыртыстық тотықтандырудың аймақтық зонасымен байланысты, гидрогенді кен орындар тобы қатарына жатады. Ала, қанжуғандық, қызылдық, ұйықтық және иканды болып бөлінетін 5 белдеу бар. Негізгі кенділері қанжуғандық және ұйықтық болып табылады.

Қанжуғандық қабат кен орны аумағында арналы және қыртыстардың алқапты сұр түсімен көрсетіледі, соның ішінде ұсақ-орташа түйіршікті құм 45 пайызды, алевр-балшықты қабаттар 55 пайызды құрайды. Құмды қыртыстар көбіне қабаттың орта және үстіңгі бөлігінде жақсы дамыған. Қабаттың тереңдігі $128 \div 390$ м, қуаттылығы 30-45 м.

Ұйықтық қабат екі байламға: төменгі құмды (өнімді) және осы қабаттың кені үшін жоғары суға төзімді болып табылатын, жоғары балшықты-алевролиттік байлам болып бөлінеді. Өнімді байлам жабынының тереңдігі $112 \div 298$ метр. Жалпы қуаттылығы $30 \div 50$ метр, құмды байламдікі $13 \div 35$ метр. Өнімді байлам құмдарында балшық әйнектері және қуаттылығы 1-ден 10 метрге дейінгі алевролиттер кездеседі.

Қол жетімділік, климат, жергілікті ресурстар, инфрақұрылым және физиография

Ауданның ең ірі елді мекендері Шолақ-Қорған ауылы (Созақ ауданының әкімшілік орталығы) және Созақ ауылы болып табылады.

Қанжуған кен орны мына қалалардың: Шымкент – 230 шақырым, Тараз – 260 шақырым, Бішкек – 620 шақырым, Алматы – 840 шақырым асфальтталған автокөлік жолдарымен байланысады. Кен орнының негізгі базасы 110 шақырымдық Жаңатас станциясының темір жолыменен байланысады.

Аудан климаты қары аз суық қысымен (-30°C дейін) және ыстық қуаң жазымен ($+40^{\circ}\text{C}$ дейін) қатты континентальді. Жауын-шашын көлемі жылына 120-дан 350 мм-ге дейін ауытқиды. Ауданға жиі шаңды дауылымен соғатын желдер тән (қазан-наурыз айларында). Желдің басым бағыты – оңтүстік-батыстық және солтүстік-шығыстық.

Өсімдігі тапшы, жусанды және сортаңды кешенмен ерекшеленеді. Үздіксіз ағатын өзені жоқ. Сумен жабдықтау жерасты сулары есебінен, жинақталған бастаулар мен бөгендер арқылы жүзеге асырылады.

Кен орны учаскесін электр энергиясымен жабдықтау, кен кешенінен 11 шақырым жерде орналасқан басты аралық станция және Шолақ-Қорған ауылындағы 35

шақырымда орналасқан аралық станциядан 110 кВ екітізбекті желі арқылы жүзеге асырылады.

Мойынқұм кен орны

Мойынқұм кен орнының №1 учаскесіндегі (оңтүстік) уран өндірісі құқығын Компания өзінің еншілес кәсіпорындары арқылы иеленеді, ал Төртқұдық және Мойынқұм кен орнының №1 учаскесінде (солтүстік) – КАТКО ие.

Геология және орналасу орны

Мойынқұм кен орны Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданының Шу-Сарысу уран өндірісі аймағында, Мойынқұм құмды сілемінен құралған шөлде орналасқан. *«Өндірістік қызмет – Уран қорлары мен резервтері – Қазақстанның уран кен орындары – Шу-Сарысу уран өндірісі аймағы»* тарауын қараңыз.

Тереңдігі 220 – 520 м болатын қанжуғандық, ұйықтық және икандық үш палеогендік қабат кенді болып келеді.

Қанжуғандық қабат кен орны алқабында арналы және алқапты қыртыстармен сипатталады. Жоғары бөлігі өзен тармағы мен саласымен байланысатын жағалы атыраппен ерекшеленеді, соның ішінде ұсақ-орташа түйіршікті құмдар 45%, алевр-балшықтық қабаттар 55% құрайды. Созақ ойпаты аумағындағы қыртыс қуаттылығы 60 метрден 80 метрге дейін жетеді.

Ұйықтық қабат екі байламға: төменгі – құмды (өнімді бөлігі) және жоғарғы – балшықты алевролитті (жоғары суға төзімді) болып бөлінеді. Қабаттың өнімді бөлігінің қалыңдығы 13 метрден 50 метрге дейін ауытқиды. Бөліктің жоғарғы балшықты қуаттылығы 10-20 м.

Икандық қабат ұйықтық қабат қыртыстарының шайылысында орын алған. Икандық қабат қыртысы екі байламға бөлінеді. Икан қабатының төменгі бөлігі ұсақ және орташа түйіршікті құмдармен ерекшеленеді. Қабаттың жоғары бөлігі әр түрлі түйіршікті іріктелген кварцтық құмдармен сипатталады. Қабаттың жалпы қуаттылығы 10-20м.

Қол жетімділік, климат, жергілікті ресурстар, инфрақұрылым және физиография

Мойынқұм кен орны Шымкенттен 250 шақырымда Бетпақ Дала шөлінде орналасқан. *« - Ақдала кен орны - Қол жетімділік, климат, жергілікті ресурстар, инфрақұрылым және физиография»* бөлімін қараныз.

Климаты қары аз суық қысымен (төменгі температура – 30⁰С дейін) және қуаң ыстық жазымен (+40-46⁰С дейін) қатты континентальді болып келеді. Құмды массив аумағында жауын-шашын көлемі жылына 120-190 мм аспайды. Желдің басым бағыты – солтүстік-шығыстық. Өсімдіктер мен жануарлар дүниесі шөл және жартылай шөлдерге тән.

Ауданның ең ірі елді мекендері Шолақ-Қорған ауылы (Созақ ауданының аудан орталығы) және Созақ ауылы.

Мойынкүм кен орнына «Таукент тау-химия комбинаты» ЖШС-ға тиесілі, Шолақ-Қорған және Созақ көлік жолдары қиылыстарынан №1 учаскеге (Оңтүстік Мойынкүм) дейін жететін, содан кейін КАТКО-ға тиесілі өндірістік асфальтталған автокөлік жолымен өтіп барып, №1 учаскені (Оңтүстік Мойынкүм) №2 учаскемен (Төрткүдық) қосатын, ұзындығы 34 шақырым болатын асфальтталған автокөлік жолымен жетуге болады.

Сумен қамтамасыз ету көбіне артезиан ұңғымаларынан, ал жерасты суларынан болса өте сирек жүзеге асырылады. Су минералдығы 0,5-1,0 г/л аспайды.

Мыңқұдық кен орны

Мыңқұдық кен орнының шығыс бөлігінде уран өндіру құқығы өзінің еншілес кәсіпорындары арқылы Компанияға, ал Мыңқұдық кен орнының батыс бөлігінде «Әппақ» ЖШС-ға тиесілі.

Геология және орналасқан орны

Мыңқұдық кен орны Уванас кен орнынан солтүстік-батысқа қарай 80 шақырымда Шу-Сарысу уран өндірісі аймағының Бетпақ Дала үстіртінде орналасқан. *«Өндірістік қызмет – Уран қорлары мен резервтері –Қазақстанның уран кен орындары – Шу Сарысу уран өндірісі аймағы»* тарауын қараныз.

Өнімді қабат құмдар мен қиыршық тастардан құралған және палеозойлық су өткізбейтін алевролиттермен қоршалған. Түпкілікті тау жынысында құрамында уранды кенге айналдырушы борлы қыртыстар орналасқан. Бордан кейінгі қыртыстар дербес үш қабатқа бөлінеді:

Төменгі, Мыңқұдық қабаты. Мыңқұдық кен орнындағы негізгі кенді қабат болып табылады. Қабатын өнімділік қалыңдығы солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа дейін 20-40 метрден 70-100 метрге шейін ұлғаяды.

Інқұдық қабаты шайынды жылғасымен Мыңқұдық қабатының қыртыстарында әдетте беткі қабаттан 250 және 450 метр тереңдігінде орналасады. Ірі түйіршікті құраммен және материалдарды іріктеудің төменгі деңгейімен ерекшеленеді. Қабатын өнімді қуаттылығы 100-120 метрді құрайды, тереңдігі 175-тен 240 метрге дейін өзгеріп отырады.

Жалпақ-бөртүскен қабаты Інқұдық қабатында 470-тен 615 метр тереңдігінде үзіліспен орын тепкен, қабат қуаттылығы 15-тен 40 метрге дейін жетеді.

Жалпы алғанда, Мыңқұдық кен орны қарапайым морфологиясымен басқа белсенді жаңа орогендік құрылымдар аймағында орналасқан кен орындарынан (Шу-Сарысу уран өндірісі аймағындағы Қанжуған және Мойынкүм, Сырдария уран өндірісі аймағындағы Солтүстік және Оңтүстік Қарамұрын) ерекшеленеді.

Қолжетімділік, климат, жергілікті ресурстар, инфрақұрылым және физиография

Мыңқұдық кен орны Шолақ-Қорған ауылының аудан орталығынан шығысқа шамамен 220 шақырымда және Шымкент қаласының оңтүстік-шығыс аймағының 380 шақырымында орналасқан. Мыңқұдық кен орнына Қыземшек пен Шығыс Мыңқұдықпен өтетін асфальтталған жолмен жетуге болады. Жақын темір жол станциялары: солтүстікте Жезқазған (270 шақырым), оңтүстікте Жаңатас (370 шақырым) және Созақ (250 шақырым). Жергілікті жоспарлы рейстерге қызмет ететін, жақын әуежайлар Шымкентте (шамамен 400 шақырым) және Қызылордада (шамамен 200 шақырым) орналасқан. Электр қуаты ұлттық энергия желісіне қосылған, электр беруі 110 кВ болатын жоғары вольтті желіден келеді.

Мыңқұдық кен орнындағы климат температураның айтарлықтай жылдық және тәуліктік ауытқуымен, қысының қаттылығымен, жазының ыстықтығымен, болмашы ғана жауын-шашын көлемімен ерекшеленетін, қатты континентальді. Ауаның орташа жылдық температурасы жазда 50⁰-ге, қыста -37⁰С-ке дейін өзгереді. Жауын-шашынның орташа жылдық көрсеткіші 130-160 мм мөлшерінде өзгеріп отырады. Орташа жылдық салыстырмалы ылғалдылық 54-59% шамасында болады. Бұл жерге үздіксіз соғып тұратын жел тән. Желдің басым бағыты - шығыстық және солтүстік-шығыстық, желдің орташа жылдамдығы 4,0-4,5 м/сек. Ауданда қоңыр шөлді-далалы топырақ көп, балшықты және сазды, өте тұздылары да жиі кездеседі. Өсімдігі тапшы және көбінесе сексеуіл, сор шөбі, жусанмен, сирек бетегесімен ерекшеленеді.

Солтүстік Харасан кен орны

Солтүстік Харасан кен орнының №1 учаскесіндегі уран өндіру құқығына Қызылқұм, ал Солтүстік Харасан кен орнының №2 учаскесінде «Байкен-У» ЖШС ие.

Геология және орналасу орны

Солтүстік Харасан кен орны Сырдария уран өндірісі аймағында орналасқан. *«Өндірістік қызмет – Уран қорлары мен резервтері –Қазақстанның уран кен орындары – Сырдария уран өндірісі аймағы»* тарауын қараңыз. Солтүстік Харасан кен орнының негізгі өнімді қабаттары маастрихтық, кампандық және сантондық құмды құрылымдардан тұрады.

Кенді маастрихтық қабаттың қуаттылығы 150м, ал орташа қуаттылығы шамамен 3 м. Кампандық қабат Солтүстік Харасан кен орнының 18 пайыз көлеміндегі уран қорын құрайды, оның орташа қуаттылығы 100 м, жалпы қуаттылығы 15-25 м. Ол аллювиалдық - пролювиалдық кешеннің құмды және сазды вариациясынан тұрады. Қуаттылығы 18-25 м аралығында өзгеріп отыратын, сантон қабаты аллювиалдық-пролювиалдық құмды және сазды түрлерден құралған.

Қол жетімділік, климат, жергілікті ресурстар, инфрақұрылым мен физиография

Солтүстік Харасан кен орны Самара-Шымкент асфальтталған автотрассасымен қосылған. Аймақтағы климат жағдайы қары аз суық қысымен (-35°C дейін) және ыстық қуаң жазымен (46°C дейін) ерекшеленетін қатты континентальді болып келеді. Жауын-шашынның жылдық деңгейі 150-170 мм. Көктемде, жазда және күзде аймақтарда шаңды дауылды жел жиі боп тұрады. Желдің басым бағыты 3 м/сек жылдамдықпен солтүстіктік және солтүстік-шығыстық.

Өсімдігі мардымсыз, жусанды және сорлы кешендерімен сипатталады. Үздіксіз ағып тұратын өзендері жоқ. Сумен қамтамасыз ету жерасты сулары есебінен жүзеге асырылады. Электр қуаты ЛЭП 35 кВ және дизельді электр станцияларынан келеді.

Сырдария өзенінің оң жағалауымен өтетін, темір жол торабы Солтүстік Харасан кен орнын кен орнынан 50 және 40 шақырым қашықтықта орналасқан, Шиелі және Жаңақорған станцияларымен қосады. Солтүстік Харасан кен орнының №1 учаскесі Жаңақорған ауылының асфальтталған автотрассамен байланысты. Солтүстік Харасан кен орнында кен өндіру мақсатында Сырдария өзені арқылы жүк таситын база және кен орнын темір жол магистральді желісімен қосатын темір жол торабы салынды.

Семізбай кен орны

Семізбай кен орнында уран өндіру құқығы «Семизбай-U» ЖШС-ға тиесілі.

Геология және орналасқан орны

Семізбай кен орны Солтүстік Қазақстанның уран өндірісі аймағында орналасқан. *«Өндірістік қызмет – Уран қорлары мен резервтері –Қазақстанның уран кен орындары – Солтүстік уран өндірісі аймағы»* бөлімін қараңыз.

Қол жетімділік, климат, жергілікті ресурстар, инфрақұрылымдар және физиография.

Ландшафт солтүстік Қазақстанға тән – далалық бетегелі-бозды өсімдіктер және құрғақ далалы әртүрлі шөптер, сондай-ақ сирек кездесетін кішігірім тікенді бұталар мен ағаштар.

Аудан климаты қатты континентальді. Қысы қатты, қары аз, жалғаспалы; жазы құрғақ, ыстық. Ең суық айлар – қаңтар мен ақпанда орташа айлық температура -17°C, -20°C және ең төменгісі -35,4°C дейін. Анағұрлым жоғары орташа айлық температура (+18°, +22°C) маусым-шілде айларында болып, ең жоғарысы +35,3°C-қа дейін жетеді.

Жауын-шашынның орташа жылдық көлемі 300мм шамасында. Олардың айтарлықтай бөлігі көбінесе нөсерлі жаңбыр ретінде жазда жауады.

Климатты ерекшелігі - үнемі соғып тұратын жел. Желді күндердің саны жылына 70% құрайды. Желдің басым бағыттылығы оңтүстік-батыстық және солтүстік-батыстық. Желдің орташа жылдық жылдамдығы 3,0-7,4 м/сек, ең жоғарысы 18-20м/сек-

қа дейін жетеді. Көктем мен жазда жел көбінесе құрғақшылықты, шаңды дауылдарды, ал қыста қатты борандарды алып келеді.

Кен орны арқылы өтетін, жыл бойы пайдалануға жарамды жалғыз көліктік магистраль ретінде Кирово және Қойтас ауылдарын байланыстыратын, грейдерлік жол бар. Кен орнына 1979 жылы Бестөбе ауылынан қуаттылығы 110 кВт ЛЭП тартылған.

Оңтүстік Қарамұрын және Солтүстік Қарамұрын кен орындары

Компания өзінің еншілес кәсіпорындары арқылы Оңтүстік және Солтүстік Қарамұрын кен орындарында уран өндіру құқығына ие.

Геология және орналасу

Бұл кен орындары Қызылорда облысының Шиелі ауданында орналасқан. *«Өндірістік қызмет – Уран қорлары мен резервтері – Қазақстанның уран кен орындары – Сырдария уран өндірісі аймағы»* тарауын қараңыз.

Барлық уранды аймақ үшін кенді құрылым болып жоғарғы бор ретінде қарастырылатын аллювиальді, аллювиальды-пролювиальді генезис шөгінділерінің қабаты табылады. Жоғарғы әктас кезеңінің өнімдік горизонты сазды және алевролитті қабаттары бар ұсақ құмнан тұрады.

Солтүстік және Оңтүстік Қарамұрын уран кен орындары маастрихт және кампан шағын горизонттарында жиылған. Негізгі кенді масстрихт шағын горизонты 6-37 метрге дейінгі қуаттылығы бар түрлі формалы болып келетін құмнан құралған. Кампан шағын горизонты негізінен орташа өлшемді құмнан құралған. Оның қуаттылығы шамамен 2-34 метр аралығында.

Қолжетімділік, климат, жергілікті ресурстар, инфрақұрылым және физиография

Ерітінділерді қайта өңдеу цехтары мен алаңдары орталық базадан 12-25 шақырым қашықтықта орналасқан. Олармен асфальтталған магистраль мен гравийлік жабынды жолдар арқылы автокөлікпен ғана хабарласу мүмкін.

Аудан күрт континентальді климатымен ерекшеленеді. Жазда ең жоғары температура +45⁰С болса, қыста -33⁰С жетеді. Көп бөлігі қысқы, күзгі және көктемгі кезеңдерге келетін жауын шашынның жылдық көлемі 130-150 мм аспайды. Жыл ішінде жел көбіне солтүстік және солтүстік шығыс аймақтарда байқалады. Жылдамдығы шамамен 8-12 м/сек.

Өндірістік нысандарды электр қуатымен қамтамасыз ету Оңтүстік Қазақстан жоғары вольтті энергия жүйесімен байланысты 35 кВ желі бойымен жүзеге асырылады.

Уванас кен орны

Уванас кен орнында өндіру құқығын еншілес кәсіпорындары арқылы Компания иеленеді.

Геология және орналасуы

Кен орны Бетпақ Даланың орталық бөлігінде, Мыңқұдық (шығыс учаске) кен орнынан шығысқа қарай 80 шақырым қашықтықта орналасқан. *«Өндірістік қызмет – Уран қорлары мен резервтері – Қазақстанның уран кен орындары – Шу-Сарысу уран өндірісі аймағы»* тарауын қараңыз.

Негізгі (палеоцендік) горизонттар сазды және түрлі өлшемді құм қабаттары бар орта өлшемді құмнан құралған. Жоғары және төменгі жақтарынан суға төзімді сазбен шектелген. Уванас кен орнындағы негізгі горизонт уванас горизонты болып табылады, оның қуаттылығы батыстан шығысқа, солтүстіктен оңтүстікке қарай өсе түседі. Уванас горизонты төменгі және жоғарғы бөліктерге бөлініп қарастырылады. Қуаттылығы 15 метрге жететін төменгі бөлігі дұрыс сарапталмаған түрлі өлшемдегі құмның болуымен ерекшеленеді. Уванас горизонтының жоғарғы бөлігінің қуаттылығы 15-20 метрге жетеді. Жоғарғы қабат арасында ұсақ әрі кішкентай өлшемді құмы бар орташа өлшемді құммен, сонымен қатар саздың және сазды алевриттердің болуымен ерекшеленеді. Су горизонты 80-100 метрлік тереңдікте көрінеді.

Қолжетімділік, климат, жергілікті ресурстар, инфрақұрылым және физиография

Уванас кен орны Бетпақ Дала шөлейтінде орналасқан. *«Ақдала кен орны – Қолжетімділік, климат, жергілікті ресурстар, инфрақұрылым және физиография»* тарауын қараңыз.

Заречное және Оңтүстік Заречное кен орындары

Заречное және Оңтүстік Заречное кен орындарында кен өндіру құқығына «Заречное» БК ие.

Геология және орналасуы

Заречное және Оңтүстік Заречное кен орындары Сырдария уран өндірісі аймағында орналасқан. *«Өндірістік қызмет – Уран қорлары мен резервтері – Қазақстанның уран кен орындары – Сырдария уран өндірісі аймағы»* тарауын қараңыз.

Заречное кен орны Оңтүстік Қазақстан облысының Отырар ауданының территориясында, Сырдария өзенінің сол жақ жағалауында, Қаратау тауларының солтүстік жағында орналасқан. Кен орны аумағының беткі қабаты солтүстік бағытта аз ғана иілген жазық аллювиальді жазықтық болып келеді. Биіктігі 2-10 метрге жетеді. Үстінен бархандық құмдармен жабылған. Биіктігінің абсолютті өлшемі теңіз деңгейінен +200 ÷ +100 метр интервалында өзгеріп тұрады. Аймақтағы климат жедел континентальды, жазда ең жоғарғы температура +45⁰С құраса, қыста -40⁰С жетеді. Орташа жылдық жауын-шашын көлемі 200 мм аспайды. Жел мен құмды борандар жиі болып тұрады. Жылдамдығы 30 м/сек немесе тіпті одан да асып кетеді.

Оңтүстік Заречное кен орны Оңтүстік Қазақстан облысында Сырдария өзенінің сол жақ жағалауында Шымкент қаласынан 160 шақырымға батысырақ орналасқан. Бұл кен орны бұрын қарастырылған Заречное кен орнының оңтүстік жалғасы болып табылады.

Қолжетімділік, климат, жергілікті ресурстар, инфрақұрылым және физиография

Заречное және Оңтүстік Заречное кен орындары Темір және Шәуілдір теміржол станцияларымен, Табақбұлақ және Божбанқұдық фермаларымен асфальтті жабынды жолмен байланысып жатыр.

Заречное кен орны Сырдария аймағының Қаратау уран өндірісі аймағының құрамына кіреді. Ылғалды мезозой-кайнозой шөгінділеріндегі қабаттық қышқылдану аймағының геохимиялық барьерінде қалыптасқан экзогендік эпигенетикалық түрге жатады. Заречное кен орны аумағындағы геологиялық формациялар әктастық, палеогендік, неогендік жүйелердің жыныстарымен көрсетілген. Урандық кенге айналу жоғарғы бор кезеңінің сантондық, кампандық және маастрихтік қабаттарының өткізгіштік шөгінділерінде көрсетілген.

Кенді шөгінділердің тереңдігі шығыс бөлігіндегі 250 метрден батыс және солтүстік батыс бөлігінде 600 және одан да көп метрге созылады. Разрездің кенүсті және кенасты бөліктері негізінен суөткізбейтін жыныстардан құралған. Олар: саз, құм аралас алевролит, т.б. кенді горизонттар ұсақ және орташа өлшемді құмнан құралған. Кенді горизонттардың қуаттылығы 20-40 метр аралығында.

Оңтүстік Заречное кен орны Заречное кен орнына түгелімен ұқсас. Жоғарғы бор кезеңінің жоғарғы сантон және кампан қабаттарының бес түрлі өлшемді құм горизонттары Оңтүстік Заречное кен орнының кенді шөгінділері болып табылады. Жоғарғы сантан қабатының ірі өлшемді құмды горизонттардың қуаттылығы 8-12 метр аралығында өзгеріп тұрады, ал одан кішірек өлшемді құмды горизонттың қуаттылығы 30 метрге жуық.

II ҚОСЫМША – КЕЙБІР АНЫҚТАЛҒАН АТАУЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

Бұл атаулар осы Анықтамалықта қолданылып, «Облигацияларды шығару шарттардында» анықталмаған.

«Қосымша Протокол» - 2004 жылдың қаңтар айында Қазақстан мен АЭХА арасында қол қойылып, 2007 жылдың қаңтар айында Қазақстанмен ратификацияланған протокол;

«Рұқсат» - Облигацияларды Ұлыбританияның құнды қағаздар листингі бойынша басқармасының ресми тізіміне қосу және Облигациялардың Лондон Қор Биржасының регламенттелген нарығында сатылуын білдіреді;

«Ақбастау» - 2006 жылы РосАтоммен бірлесіп құрылған «Ақбастау» АҚ бірлескен кәсіпорны;

«Арбитраж туралы Заңнама» - Парламентпен қабылданған Халықаралық Сауда Арбитражы туралы Заң;

«АЭК» - Қазақстан Республикасының атом энергетикасы жөніндегі комитеті;

«АЭХК» - Ангарск электролиздік химиялық кешен;

«Бенефициарлық иелену» - Тікелей немесе Жанана қатысушы ретінде есептелетін Облигацияларды сатып алушы әрбір тұлғаның қатысу үлесі;

«Бетпақ Дала» - 2004 жылдың наурыз айында Компания және Uranium One-ның 100% еншілес кәсіпорны ретінде «Астана» қазақстандық инвестициялық тобымен» бірлесіп құрылған «Бетпақ Дала БК» ЖШС;

«VN-350 реакторы» - Қазақстанның Ақтау қаласында қолданыстан шығарылған жылдам нейтронды VN-350 ядролық реакторы;

«Самесо» - канадалық Самесо Корпорациясы;

«Самесо MOU» - 2007 жылдың 29 мамырында Компания мен Самесо арасында қол қойылған заңдық міндеттемелерді жүктемейтін меморандум;

«Азаматтық Кодекс» - 1994 қабылданып, өзгертулер енгізілген ҚР Азаматтық Кодексі;

«CGNPC» - Қытай Гуандун ядролық-энергетикалық корпорациясы;

«Клирингтік жүйенің жұмыс күні» - Clearstream, Люксембург атынан ұсталып отырған Жаһандық Облигацияларға қатысты (i), Euroclear және Clearstream, Люксембург іскер жұмыстарын жүргізу үшін ашық күн және DTC атынан ұсталып отырған Жаһандық Облигацияларға қатысты (ii) DTC іскер жұмыстарын жүргізу үшін ашық күн;

«Clearstream, Люксембург» - Clearstream Banking société anonyme;

«CNNC» - Ядролық Энергетика жөніндегі Қытай Корпорациясы;

«Кодекс» - 1986 жылы қабылданып, өзгерістер енгізілген АҚШ Ішкі салық төлеу туралы Заңы;

«Компания» - «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық Атом Компаниясы» АҚ;

«Құзырлы Орган» - Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрлігі, Жаңа технологиялар мен индустрия министрлігі;

«Конвенция» - шетелдік арбитраждық шешімдерді қабылдау және іске асыру жөніндегі 1958 жылғы Нью-Йорк Конвенциясы;

«Ұсынушы Облигациялары» - S Ережесіне сәйкес шығарылған ұсынушы Облигациялары мен 144А Ережеге сәйкес шығарылған ұсынушы Облигациялары;

«Тікелей қатысушылар» - шот ұстаушылар болып табылатын, Euroclear немесе Clearstream, Люксембург арқылы Жаһандық Облигацияларда жеке қатысу үлестерін ұстай алатын инвесторлар;

«ЕМ» - АҚШ Еңбек министрлігі;

«DTC» - АҚШ бағалы қағаздарының орталық депозитарийі;

«Energy Asia Limited» - Energy Asia Limited (B.V.I.);

«Экологиялық Кодекс» - 2007 жылдың 9 қаңтарындағы №212 Экологиялық Кодекс және «Жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану туралы» Заң;

«ERISA» - 1974 қабылданған және өзгерістер енгізілген АҚШ «Жалға алынатын жұмысшыларды зейнетақылық қамсыздандыру туралы» Заңы;

«ERISA жоспарлары» - ERISA-ның фидуциарлық стандарттары мен өзге талаптарын орындауға тәуелді жұмысшыларға арналған жеңілдіктердің жоспарлары;

«Euroclear» - Euroclear Bank S.A./N.V.;

«Айырбас күні» - айырбас туралы мәлімдеме ұсынылғаннан кейінгі ең кеш 90-күнге сәйкес келеді, Тіркеуші немесе Трансферттік агенттің көрсетілген кеңселері орналасқан қалалардағы банктердің жұмыс күні;

«Қаржылық есептілік» - қаржылық жағдайдың консолидацияланған аудиттелген қаржылық есептері, 2009, 2008 және 2007 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардағы Компанияның табыс, шығын және ақша ағымдары туралы есептері және оларға қатысты қолданылатын ескертулер;

«Фронтальді сегмент» - ядролық энергияны өндіру, U_3O_8 өндірісі, конверсия, ядролық жанармайды байыту және өндіруді қоса алғанда, ядролық жанармай циклінің кезеңдерін білдіреді;

- «**FSMA**» - 2000 жылғы «Қаржылық нарықтар мен қызметтер туралы» Заң;
- «**Отындық жиынтықтар**» - жанармай таблеткаларының жиынтықтары;
- «**Отындық таблеткалар**» - UO_2 ұнтағынан өндірілген цилиндр таблеткалар;
- «**Отындық өзектер**» - жанармай таблеткалары қапталатын цирконий қорытпасынан жасалатын түтікшелер;
- «**Жанама қатысушылар**» - Жаһандық Облигацияларда есеп-шоттары бар ұйымдар арқылы Жаһандық Облигацияларда қатысу үлестеріне ие инвесторлар;
- «**Геологиялық Комитет**» - Өндіріс және жаңа технологиялар министрлігінің Геология комитеті;
- «**Жаһандық Облигациялар**» - 144А Ережесі бойынша шығарылған Жаһандық Облигация және S Ережесіне сәйкес шығарылған Жаһандық Облигация;
- «**Үкімет**» - Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- «**АЭХА**» - Атом энергетикасы жөніндегі халықаралық агенттік;
- «**УБХО**» - 2007 жылдың мамыр айында Компания мен «Техснабэкспорт» АҚ бірлесіп құрған уран байыту жөніндегі халықаралық орталық;
- «**IFASTAR**» - 2009 жылдың қазан айында Компания мен Areva компаниясының еншілес кәсіпорны NP SAS тарапынан құрылған Integrated Fuel Asia Star бірлескен кәсіпорны;
- «**Инкай БК**» ЖШС - 1998 жылдың қараша айында Компания мен Camoco бірлесіп құрған Инкай ЖШС бірлескен кәсіпорны;
- «**ІСҚ**» - АҚШ ішкі салық қызметі;
- «**Бірлескен Орналастыру Ұйымдастырушылары**» - BNP Paribas және J.P Morgan Securites Ltd. бірлестігі;
- «**Заречное БК**» - Ресей Атоммен бірлесіп құрылған «Заречное БК» АҚ;
- «**KASE**» - Қазақстандық Қор Биржасы
- «**Катко БК**» ЖШС - 2004 жылы Компания мен AREVA бірлесіп құрған «Катко» БК ЖШС;
- «**Қазақстан**» - Қазақстан Республикасы;
- «**Қазақстандық ұстаушылар**» - салық төлеу мақсатында резидент болып саналатын жеке тұлғалар, Қазақстан резиденттері – заңды тұлғалар, Қазақстанда тұрақты өкілдіктері бар резидент емес – заңды тұлғалар;

«Қазақстандық Жетекші Менеджер» - Halyk Finance АҚ ;

«Қазақстандық Әдістеме» - 1960 жылы ашылып, 1981 жылы қайта қарастырылған бұрынғы Кеңес Одағы заманында ашылған қорлар мен ресурстарды жіктеу бойынша есеп жүргізу нормаларына сәйкес келетін осы Анықтамалықта қолданылған атаулар;

«Қазатомөнеркәсіп-Демеу ЖШС» - Компанияның еншілес кәсіпорны саналатын «Қазатомөнеркәсіп-Демеу» ЖШС;

«Қызылқұм ЖШС» - 2005 жылдың мамыр айында Uranium One компаниясының еншілес кәсіпорны UrAsia London Limited пен Компания бірлесіп құрған «Қылықұм БК» ЖШС;

«Қазақстандық мағына талабы» - мемлекеттік органдар, ұлттық компаниялар мен кен орындарын игерушілердің жергілікті өндірушілермен Қазақстан нарығында ұсыныла алатын тауарлар, жұмыстар мен қызмет көрсетудің импортын реттеу мақсатында Үкіметпен бекітілген талаптар;

«МАЭК» - Ақтау қаласында орналасқан коммуналдық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын өндірістік кешен;

«Менеджерлер» - Бірлескен Жетекші Менеджерлермен қоса, қазақстандық жетекші менеджерді білдіреді;

«ҚОҚМ» - Қазақстанның қоршаған ортаны қорғау министрлігі;

«Тау-кен компаниясы» - Компанияның 100% еншілес кәсіпорны «Тау-кен компаниясы» ЖШС;

«ҚҰБ» - Қазақстанның Ұлттық Банкі;

«ЯЭА» - Ядролық энергетика агенттігі;

«Қазақстандық емес ұстаушылар» - салық салу мақсатында Қазақстанның резиденті болып табылатын жеке тұлға, Қазақстанның заңнамасына сәйкес тіркелмеген заңды тұлға, Қазақстан аумағында басқару органы жоқ, Қазақстанда тұрақты өкілдігі жоқ және өзге жолдармен Қазақстанда салық салуға қатысы жоқ мұндай тұлғалар Қазақстан аумағында салық салуға жатпайды, тиісті төлемдерге қатысты Қазақстан аумағында қандай да бір салық салуды қажет етпейді;

«Облигациялар» - осы Анықтамалықта сипатталған Облигациялар;

«NPCIL» - Үнділік ядролық энергия корпорациясы;

«Таратпау туралы келісім» - 1968 жылғы ядролық қаруды таратпау жөніндегі келісім;

«СНП-ПВ-99» - Радиациялық қауіпсіздік жөніндегі қазақстандық нормалар;

«ҰСК» - Қазақстанның ұлттық статистика комитеті;

«**Жанармай ядролық циклі**» - жер астынан уран өндіруден бастап (немесе жер үсті қорлары пайдаланылатын жағдайда), АЭС-те электр энергиясын өндіру мен ядролық қалдықтардан босатуға дейінгі қызмет;

«**Ұсыныс**» - Компания Облигацияларын ұсыну;

«**Ресми тізім**» - Ұлыбританияның бағалы қағаздарының листингі жөніндегі басқарманың ресми тізімі;

«**Парламент**» - Қазақстан Парламенті;

«**Қатысушы**» - Тікелей және Жанама қатысушылар;

«**Жоспарлар**» - 4975 бөлімдегі Заңдар жиынтығы категориясына жататын, алайда «Жалдамалы жұмысшыларды зейнеткерлік қамсыздандыру» туралы Заңға сәйкес келмейтін жұмысшылардың жеңілдіктер бойынша жоспарларымен бірге ERISA жоспарлары;

«**Активтерді реттеуді қолдау Бағдарламасы**» - 2510.3-101 тарауының 29 "федералдық нормативтік актілерінің жиыны";

«**Өнімді ертінді**» - рудаларды жерасты шаймалау әдісімен тотықтыру үрдісінің негізінде құрамында ерітілген уран бар ертінді;

«**Анықтамалық**» - Ұлыбританияның бағалы қағаздар листингі бойыншы Басқарманың Ресми тізімі мен Биржаның реттелуші нарығына Облигацияларды шығаруға қатысты Анықтамалық;

«**Анықтамалықтың директивасы**» - 2003/71/ЕО Директивасы;

«**Анықтамалықтың ережелері**» - 2005 жылғы Анықтамалық (2003/71/ЕО директивасы) үшін Анықтамалық пен ереже директивалары;

«**МИС**» - мамандандырылған институционалдық сатып алушы;

«**Қызыл Кітап**» - Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ), Ядролық энергия агенттігі (ЯЭА), Атом энергетикасы жөніндегі халықаралық агенттік (АЭХА), Уран 2007: Ресурстар, Өндіріс және Сұраныс, 22 басылым (2008);

«**Реттелетін нарық**» - 2004/39/ЕО Қаржылық Директивасындағы нарық туралы сипаттамаға сәйкес, реттеуші нарық болып табылатын регламенттелген нарық;

«**S Ережесі**» - «Бағалы қағаздар туралы» Заңның S Ережесі;

«**S Ережесі бойынша шығарылған ұсынушы Облигациялары**» - S Ережесіне сәйкес шығарылған Жаһандық Облигацияларға қатысу үлесіне байланысты ұсынушы Облигациялары;

«S Ережесіне сәйкес шығарылған Жаһандық Облигациялар» - S Ережесіне сәйкес сатылымға ұсынылып, сатылатын Жаһандық Облигациялар;

«S Ережесіне сәйкес шығарылған Облигациялар» - S Ережесіне сәйкес сатылымға шығарылып, сатылатын Облигациялар;

«РосАтом» - РФ ұлттық атом корпорациясы, Ресей мемлекеттік ядролық корпорациясы;

«Қайта қарастырылған заңдар жиыны» - Нью-Гэмпширдің қайта қарастырылған заңдарының жиыны;

«144А Ережесі» - «Бағалы қағаздар туралы» Заң аясындағы 144А Ережесі;

«144А Ережесіне сәйкес шығарылған ұсынушы Облигациялары» - 144А Ережесіне сәйкес Жаһандық Облигацияға қатысу үлесіне байланысты ұсынушы Облигациялары;

«144А Ережесіне сәйкес шығарылған Жаһандық Облигациялар» 144А Ережесіне сәйкес сатылымға ұсынылып, сатылатын Жаһандық Облигациялар;

«Қауіпсіздік жөніндегі келісім» - 1994 жылы Қазақстан мен АЭХА арасында қол қойылған, 1995 жылдың шілде айында ратификацияланған Ядролық қаруды таратпау жөніндегі келісімге сәйкес алдын алу шараларын қабылдауға қатысты келісім;

«Самрұқ-Қазына» - «Самрұқ-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ;

«Самрұқ-Қазына туралы» Заң - Ұлттық әл-ауқат қоры туралы Қазақстанның Заңы;

«КЦБ» - АҚШ бағалы қағаздар жөніндегі комиссиясы;

«SFA» - «Бағалы қағаздар мен фьючерстер туралы» Сингапур Заңы;

«СХК» - «Сібір Химия Комбинаты» АҚ;

«Тұрақтандырушы Менеджер» - J.P. Morgan Securities Ltd.;

«Жер қойнауын пайдалану туралы Заң» 1996 жылы қабылданған ҚР № 2828 «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Заңының 71 бабы;

«2009 Салық Кодексі» - 2009 жылдың 1 қаңтарында қабылданған Салық Кодексі;

«Техснабэкспорт» - РосАтом кәсіпорнының «Техснабэкспорт» АҚ;

«Үлбі Конверсиясы» ЖШС - Компания мен Камеко бірлесіп құрған «Үлбі конверсиясы» ЖШС;

«Үлбі зауыты» - Өскемен қаласында (Шығыс Қазақстан) орналасқан Үлбі металлургия зауыты;

«Үлбі металлургия зауыты» АҚ - Үлбі металлургия зауыты АҚ;

«**Бірлескен ережелер**» - «Самрұқ –Қазына» қабылдаған ережелер;

«**Уранэнерго**» - 2008 жылы негізі қаланған «Кен Дала.KZ» АҚ, «Қызылқұм» АҚ, «Қаратау» ЖШС, Бетпақ Дала ЖШС, Тау-кен компаниясы, «Инкай БК» ЖШС, Әппак БК ЖШС, «Байкен – U» ЖШС және «Ақбастау» бірлескен кәсіпорны;

«**Ұлыбританияның бағалы қағаздар листингі бойынша басқармасы**»- Қаржы нарықтарын бақылау жөніндегі агенттігіне қарасты құзырлы орган ретінде лицензиясы бар қаржылық қызмет көрсету басқармасы;

«**Uranium One**» - канадалық Uranium One Inc. компаниясы;

«**АҚШ Бағалы қағаздарды сату туралы Заңы**» - 1934 қабылданған, өзгерістер енгізілген АҚШ Бағалы қағаздарды сату туралы Заңы;

«**Ux Consulting**» - уран өндірісі бойынша The Ux Consulting Company консалтинг компаниясы;

«**Волковгеология**» - Компанияның еншілес кәсіпорны «Волковгеология» АҚ;

«**Westinghouse**» - Westinghouse Electric Company және Westinghouse Electric UK Ltd ЖШС;

«**БЯА**» - Бүкіләлемдік ядролық ассоциация.

III ҚОСЫМША – ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ АТАУЛАР МЕН ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІНІҢ СӨЗДІГІ

Аббревиатуралар мен сәйкес атаулар

°C	Цельсий температуралық шкаласы бойынша градус
%	Пайыз
кгУ	Уранның килограммы
г/л	1 литрдегі грамм
км	Километр
кВ	Киловатт
кВс	Киловатт сағат
м	Метр
м/сек	Секундтағы метр
мм.....	Миллиметр
мЗв	Миллизиверт
МВт.....	Мегаватт, электр энергиясының қуат бірлігі, 1,000 киловаттқа тең
тУ	Уранның тоннасы

Кейбір атаулар

Конверсия	Байытуға дайындық кезінде UF6-де U3O8 конверсиялайтын химиялық үрдіс
Тиімді килограмм	Ядролық материалдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде қолданылатын және оның стратегиялық құндылығын білдіретін, арнайы өлшем бірлігі. «Тиімді килограммдағы» өлшенетін көлем мынадай жолмен алынады: 1% (0,01) және одан жоғары байытылған уранның килограммдық салмағы оның байытылу шаршысына көбейтіледі, ал 1% (0,01) –ден төмен және 5% (0,005)-тен жоғары байытылған уранның килограммдық салмағы 0,0001-ге көбейтіледі, сонымен қатар, 5% (0,005) және одан төмен дәрежеде байытылған уранның

Байытылған Уран.....	және торийдің килограммдық салмағы 0,00005-ке көбейтіледі. Құрамындағы уран-235 изотобының мөлшері әдеттегі мөлшерден 0,7% арттырылған уран. Саудалық энергетикалық реакторларға арналған төмен деңгейде байытылған уран 235 уранымен небәрі 3%-5% байытылған. Жоғары байытылған урандағы уран-235 көлемі 20% және одан көбірек мөлшерде болады
Десорбция	Соңында зат бетіне қалқып шығатын үрдіс
Шамаланған ресурстар	Шектелген жерлерден, көбінесе жекелеген ұңғымалардан экстраполяцияланған қорлар.
ЖҰШ	Жерасты Ұңғымалық Шаймалау – соңында кен жерде қалатын, ал кеннен минерал шығару минералды еріту арқылы және минералды ерітіндінің үстіңгі бетке қалқып шығарылуымен жүзеге асатын уран өндірудің әдісі
Пайдалы Қазбалардың Қорлары	Кемінде алдын ала Техникалық-экономикалық негіздеме бойынша көрсетілген өлшенген немесе белгіленген минералды ресурстың игеруге жарамды бөлігі.
Материалдардың баланс аймағы	Ядролық кәсіпорындардан тыс орналасқан және ядролық материалдың көлемі анықтала алатын аймақ.
Пайдалы Қазбалардың Қорлары	Ең болмаса алдын ала Техникалық-экономикалық негіздемеде көрсетілген, өлшенген немесе белгіленген минералды ресурстың игеруге жарамды бөлігі.
Минералды-Шикізат Ресурстары....	Түсті және бағалы металдарды, өнеркәсіптік минералдарды қоса алғанда табиғи жердің немесе тас болып қалған органикалық заттың тиімді қазып алынуына мүмкіндік

	беретіндей сапа мен көлемде минералдық шоғырлану немесе жабдықталу.
Радиация	Түсті және бағалы металдарды, өнеркәсіптік минералдарды қоса алғанда табиғи жердің немесе тас болып қалған органикалық заттың тиімді қазып алынуына мүмкіндік беретіндей сапа мен көлемде минералдық шоғырлану немесе жабдықталу.
Барланған қорлар	(I) түпкілікті зерттелген баланстық геологиялық қорлар; немесе (II) барланған, бірақ түпкілікті зерттелмеген баланстық геологиялық қорлар; немесе (III) сирек оймалармен, шпурлармен немесе жерасты қазбалармен бағаланған баланстық геологиялық қорлар.
Десорбцияланған ерітінді.....	Иондық шайырдан уран алу арқылы алынатын химиялық ерітінді
Бөлуші жұмыстардың өлшемдері.....	Уранның екі изотобын бөлу үшін жұмсалатын күш-жігерді белгілеуге арналған өлшем
Сорбциялаушы зат.....	Сұйықтық немесе газды абсорбциялау үшін пайдаланылатын материал
Сорбция.....	Иондар сұйықтық, газ немесе қатты зат секілді көлемдік кезеңге өтетін химиялық үрдіс
Жаңқаланатын арнайы материалдың қайнар көзі.....	Плутоний -239, уран -233 пен 235 және жоғарыда келтірілген кез келген материалды қоса есептегенде, ядролық қару өндірісіндегі ең қажетті және ең маңызды материал.
Торий.....	Табиғатта кездесетін, әлсіз радиоактивті және атомдық нөмірі 90, периодты элементтер кестесіндегі символы Th болатын химиялық элемент

UO₂
U₃O₈.....
UF₆.....
Уран.....

Уран диоксиді

Уранның шала тотығы-тотығы

Уранның гексафториді

U-234, U-235 және U-238 табиғи изотоптан тұратын реттік нөмірі 92 және “U” белгісі бар химиялық элемент. Сапасы энергия ретінде пайдаланылатын U-235 – жалғыз ажыратылатын нуклид. Табиғи уранның құрамында осы изотоптың 0,7% бар.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ИНДЕКСІ

жағдай бойынша және 2009, 2008 және 2007 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардағы консолидацияланған қаржылық есептілік

жағдай бойынша және 2009, 2008 және 2007-нің 31 желтоқсанында аяқталған жылдардағы консолидацияланған қаржылық есептілікті дайындаудың және бекітудің жауапкершілігі туралы басшылықтың растауы	F-4
Тәуелсіз Аудиторлардың Есебі	F-5
жағдай бойынша және 2009, 2008 және 2007-нің 31 желтоқсанында аяқталған жылдардағы бірлескен кіріс туралы консолидацияланған қаржылық есеп.....	F-7
жағдай бойынша және 2009, 2008 және 2007-нің 31 желтоқсанында аяқталған жылдардағы қаржылық жағдай туралы консолидацияланған қаржылық есеп.....	F-8
жағдай бойынша және 2009, 2008 және 2007-нің 31 желтоқсанында аяқталған жылдардағы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы консолидацияланған қаржылық есеп	F-10
жағдай бойынша және 2009, 2008 және 2007-нің 31 желтоқсанында аяқталған жылдардағы капиталдағы өзгерістер туралы консолидацияланған қаржылық есеп	F-11
жағдай бойынша және 2009, 2008 және 2007-нің 31 желтоқсанында аяқталған жылдардағы консолидацияланған қаржылық есептілікке қосымшалар	F-14

КОМПАНИЯНЫҢ ТІРКЕЛГЕН МЕКЕН-ЖАЙЫ

Қазақстан
050012, Алматы қаласы
Бөгенбай батыр көшесі, 168

КОМПАНИЯНЫҢ АУДИТОРЛАРЫ

Делойт ЖШС
Қазақстан Республикасы
050000, Алматы қаласы
Алматы Қаржы Орталығы, Б ғимараты
Әл Фараби даңғылы, 36

СЕНІМГЕР БАСҚАРУШЫ BNY Corporate Trustee Services Limited

Ұлыбритания
Лондон E14 5AL
One Canada Square

ТІРКЕУШІ ЖӘНЕ ТРАНСФЕРТТІК АГЕНТ

**The Bank of New York Mellon
(Luxembourg) S.A.**
Aerogolf Centre, 1A
Hoehenhof
L-1736 Senningerberg
Люксембург Герцогтігі

НЕГІЗГІ ТӨЛЕУШІ АГЕНТ ЖӘНЕ ТРАНСФЕРТТІК АГЕНТ

**The Bank of New York Mellon
London Branch** One Canada Square
Лондон E14 5AL
Ұлыбритания

АМЕРИКАНДЫҚ ТӨЛЕУШІ АГЕНТ ЖӘНЕ ТРАНСФЕРТТІК АГЕНТ

The Bank of New York Mellon, New York Branch
АҚШ
Нью-Йорк
One Wall Street
NY 10286

ЗАҢДЫ КЕНЕСШІЛЕР

*Ағылшын құқығы, АҚШ
заңы және*

*АҚШ заңы және
ағылшын құқығына*

*Қазақстан заңы
бойынша*

*Қазақстандық заң
бойынша
компаниялардың*

*бойынша Сенімгер
Басқарушының және
Менеджерлердің*

Менеджерлердің

**Bracewell & Giuliani
LLP**

Қазақстан, 050012
Алматы қаласы
Амангелді көшесі, 57

Linklaters LLP

Ұлыбритания
One Silk Street
Лондон EC2Y 8HQ

**Baker & McKenzie –
CIS, Limited**

Қазақстан, 050051
Алматы қаласы
Самал Тауэрз 8 қабат,
"Самал-2", Жолдасбеков
көшесі, 97